

**ҚАЗЫБЕК БИ
КЕЛДІБЕКҰЛЫ**

Алматы, 2017

ББК 84 (5Қаз)

Б

Қазыбек Би Келдібекұлы

Көне жазба-шежірелерден, әдеби және ғылыми басылымдардан, аңыз-әңгімелерден жинап, құрастырған – Бақриденқызы Бәтима. Мәшһүр Жүсіп, Нұрғожа молда, Мәненұлы Иманғали жазбаларын бүгінгі қазақ жазуына аударған – Алдабергенұлы Төлепберген.

Пікір жазғандар:

Рақымов Б. – ф.ғ.д., профессор
Жақышов Ж. – ф.ғ.д., профессор

Бақриденқызы Бәтима

Қазыбек Би Келдібекұлы: – *аңыз-әңгіме/жинақ.* – Алматы, 2017. – ЖК «Балауса». – 432 бет.


ISBN

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды өмірге әкелген кемеңгер бабамыз, көсеміміз ұлағатты әз Тәуке хан өзіне ақылшы қылып – Өнет Бабаны, Тайгелтір және Келдібек биді, айналасына жиырмаға толмаған жас Айтықты (Әйтеке, кейін әз Әйтеке би), 18-ден жаңа асқан Қазыбекті, 17-ге жаңа толған Бұқарды, кейін Төлеуі көрегендікпен жинап алып, бір орталыққа бағындырылған демократиялық мемлекет құрудың ерен үлгісін көрсетті. Тәуке ханның өз айналасына жинаған жастар – Айтық, Қазыбек, Төлелер өсіп, кемелдене келе «Қазақтың үш пайғамбары» деген құрметті атаққа ие болды. Өздері кемеңгер болып, еліне ерен еңбек етін, халқының құрметіне лайық, тарих төрінен өшпес орын алды.

Біз бүгінгі және болашақ жастарымызды ұлттық рухта, отаншыл болмыста тәрбиелеу мақсатында назарларыңызға Қарқаралылық көпке танымал ақын, әнші әрі өлкетанушы Бақриденқызы Бәтима құрастырған «Қаздауысты Қазыбек– Би Бабамыз» деп аталынған тарихи-әлеуметтік еңбекті ұсынып отырмыз.

ISBN

© Бақриденқызы Б., 2017



Бақриденқызы Бәтима

КІРІСПЕ

Халықты Жер жүзінің басқа ұлттарымен қатар тұрғызатын, елдігін көрсететін – өнері мен білімі, ұлттың бейнесі әрі сыйпаты. Өнер мен білімде үздіксіз ұрпақтар сабақтастығы болуы – шарт. Ал, өнер-білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие туралы айтқанда: жастарымыздың білікті маман болуымен бірге, азаматтық жауапкершілігі, отаншылдық рухы жоғары, мәдениетті әрі ұлтжанды азамат болып қалыптасуы – өмірдегі басты мақсатымыз. Озінің туған ұлтының ана тілін және төл тарихын білмеген жастарымыз отаншыл азамат болып қалыптасады деген ой – болашағы жоқ қиял. Ал, қазақ секілді дарқан да жомарт, ақпейіл де ақкөңіл, ал қонақжайлылығы әлемге танылған халыққа жаны ашитын адам өз ұлтының тілін, салты мен мәдениетін сақтап, келешек ұрпақтың бойына еіңіріп отыруы – оның ұлт алдындағы перзенттік парызы.

Осы орайда ойымызға ұлы әл Фараби айтқан: «Адамға әуелі тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адам өміріне қасірет әкеледі», – деген сөзі түседі. Оны мәнғұрт замандастарымыздың ұлттық рухсыз өмірі толық дәлелдеп отыр. Бұл орайда отбасына да, мектепке де, оқушыға да кінә қою қиын. Заман заңдылығы солай болды. Ал, бүгінгі мәнғұрт жастарымыздың ұлттық рухсыз өміріне отбасы мен мектеп толық кінәліміз. 20 жылдан аса уақыт «Тәуелсіз елміз», – деп бөркімізді аспанға лақтырып жүріп, кезінде қасиетті бабаларымыз арман еткен рухани азат өмірге сай ұрпақ тәрбиесінен тым алшақ кеткенімізді білмей де қалдық.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – үнемі ойда болатын мәселе. Дүниетанымы кең, қоз-қарасы толық дамыған жастарымызды тәрбиелеуіміз керек. Бұл орайда қоршаған орта мен ата-ананың бірлігіне негізделген ұлттық тәрбиенің берері мол. Біз ұлттық тәрбие туралы айтқанда ұлттық сана, ұлттық дүниетаным, ұлттық менталитет және жалпы ұлттық руханият туралы ойлаймыз. Осы аталған ұлттық ұғымдардың түп негізі – ұлттық тіл, ұлттық тарих. Сана – адамның ана тілі мен ұлт тарихының негізінде қалыптасады,

ана тілінің негізінде қызмет атқарады. Ал, дүниетаным ұлттық санаға негізделген, демек, ол да ана тілі арқылы қалыптасады. Жалпы, адамзаттың руханияты ана тілінің және ұлттық тарихтың негізінде қалыптасады. Сондықтан жас балаға беретін алғашқы және шынайы ұлттық тәрбие ана тілі мен ұлттық тарихтың бірінші әрі басты тарауы – шежіре үйретуден басталуы – шарт.

Елдегі жақсылық-жамандық өзімізден басталатыны және оның жақсы-жаман нәтижесін өзіміз көретініміз анық. Ісіміздің жақсы-жаман нәтижесін өзіміз көріп қана қоймаймыз, болашақ ұрпаққа теріс тәрбие беретініміз де анық. Жоғарыда айтылған тіл және ұлттық шежіре мәселесі сөзіміздің дәлелі. Тілді шұбарлап бұзуда, шежіремізді керексіз қылып тастауда кінәнің бәрін бірдей орыстың ұлт саясатына итере беру орынсыз. Кеңестік заманда өзінің дара тілін ерекше бұзған тек қазақ қана.

Жеріңе, еліңе қызмет ету – кіндік қаның тамған туған жеріңнің, еліңнің алдындағы перзенттік парызың. Ұлық болсаң да, ғалым болсаң да туған халқыңның алдында бұлдана алмайсың. Еліңнің алдында бұлдану – надандықтың белгісі. Өз ұлтыңның, өз еліңнің азаматы болу деген қасиетті сөздің мағынасы – еліңе ерінбей еңбек ету. Туған жерінің сұлулығын, қасиетін, туған елінің қадірін терең түсінген әрі құрметтеген адам ғана өзінің перзенттік борышын толық ақтай алады.

Сүрген өмірі, еліне атқарған қызметімен болашақ ұрпаққа үлгі болардай азаматтың бірі, қазақ халқының ардақты перзенті – Қаз дауысты Қазыбек би. Ол – «Жеті Жарғы» атанған Өз Тәуке заманында жүйеленген жаңа билік дәстүріне ең бір жауапты адам және шешуші қызмет атқарған. Олардың ішіндегі би еңбегінің басты нәтижесі деп зұлмат заманның сынына тозін, өзінің ұлттық озегінен, тәуелсіз рухынан айрылмаған, айнымаған қазақ халқын айтамыз. «Жеті жарғыда» бас қосқан қазақ елінің кемеңгерлері өз тағлымымен, үлгісімен жасампаз, мәңгілік рухтың ірге тасын қалап, халқының болашақ тағдырын шешіп кетті. XVIII ғ. ойрат-қалмақ жауғершілігінде, XIX ғасырдың отаршылдығында, XX ғасырдың аштығы мен қанды-қасабында қазақ елінің жойылып кетпей, аман қалуы 1710-шы жылдары котерілген рухани қамал-қорғанның, намыс пен ұлттық сананың арқасы.

Қаз дауысты Қазыбек елін, жерін, халқын құрметтеп, оны жеке әрекетімен де, келер ұрпаққа қалдырған даналық өсиетімен де дәлелдеп өткен. Жауғершілік заманда Қазыбек би Жоңғарға елшілікке барған сапарларында алғыр ойын, ақылдылығын, білгірлігін халқының мүддесі жолында жұмсады. Халық жадында сақталған елшілік өзі: – «Біз, қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз...», – деп басталатын атақты елшілік сөзін айтатын сапары екі елдің дау-жанжалын бейбіт жолмен шешіп, бітімге келтірін, екі елдің жер шебін белгілеуге жетелеген. Мұндай тарихи факторлар ел данышпанының әлеуметтік философиясындағы Отанына деген берілгендік пен терең ойшылдығын куәландырады. Оның іе-әрекеті, шешендік қасиеті мен тапқырлығы – ұлт рухының көрсеткіші.

Рухы жоқ ел – бейшара ел. Іші бос, сырты қорғансыз ел. Бір рет рухынан айрылған соң, оны қалпына келтіру де оңай емес, елдің еңсесін жаңа, жас ұрпақ көтереді. Бірақ соған дейін қан жұтып, сорлы болып, өзгенің тепкісін көреді. Кеудесіне кек сақтап, барып қана езгіден құтылады. Осындай кезде ерліктің туын көтеріп шығатын азаматтар туады. Олар өз мүддесінен гөрі ел намысын жоғары қояды. Осындай ұлдардың саны артқан сайын, халық рухы сауыға береді. Ал, ту көтерген азаматы аз ел қойша ұйлығып, өзгеге жем болмақ.

Әуелі өткен тарихты білмей тұрып, халықты тану, бүгінді білем, деу мүмкін емес. Бұл – ақиқат. Тарихи таным, тарихи білім бір жағынан рухани тірек болса, енді бір жағынан, билік жүргізу, саясат пен идеологияның негізі. Адам мен мемлекет арасындағы қатынас – адамның бас еркіндігі мен билік арасындағы қатынас, аталған қоғамы құбылыс халық еркіндігі, ұлт азаттығы, оның елдік, мемлекеттік негізіне тікелей байланысы нәрсе.

Сондықтан сапалы тарихи білім тарихи сана қалыптастыру арқылы ұлттық сананы оятады, езілген халықты азаттық үшін күреске шақырады, адамды құлдық санадан арылуға тартады, азаматқа айналдырады. Бұл жөнінде кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының өмірі нендей табиғат заңымен өзгертетінің білу». Ал, Мәшһүр Жүсіп қазақты орыс импе-

риясының уысынан тек білім ғана құтқарады, әеіреее тарихи білім кажет деп ұқты:

*Өнерге ғылым-білім, болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн, басың ерік.*

Надан халыққа жаны ашыды. Халықтың мұңы мен тағдыры жайлы толғанып, оның өткені туралы тарих шындығын айтты. Мәшһүр бабалардан сақталған қазақ жерінің тұтастығын сөйледі, қазақтың өз жері үшін тарихи құқығын дәлелдеді.

*Бисмиллаһи ир-рахмани ир-рахим!
Зер салсын, осы сөзге, менің халқым.
Жетпіс жыл, жауып тастап, құдай жоқ деп,
Көтерген енді қазір, бабам даңқын.*

*Туған жер бүгін бабам, атын алған,
Шартарапқа үлгі боп, даңқың қалған.
Зиратыңыз Әзіретсұлтан Түркістанда,
Мен де бір перзентіңіз, іздеп барған.*

*Қаз дауысты Қазыбек би тойына
Жиналыпты қалың ел, Қу тауының бауырына,
Қарар емес еш адам, нөсерлеткен жауынына.
Өлгеніміз тіріліп, өшкен жанып,
Қызық бүгін «Қаракесек» ауылында.*

*Қасиетті ертеде, Қазыбек бабам болған,
Арқада Қарқаралы-Далба мекен қонған.
Сыйынған пенде, қатты қысылғанда,
Соғыста да, жауға мылтық ұсынғанда.*

*Тарихтан белгілі зой, көсемдігі,
Дара туған тілі өткір, шешендігі.
Жетпіс жыл жер астында жатқандай зыт,
Жариялап жатыр бүгін, кешегіні.*

*Хан да бар, би де бар, батыр да бар,
Орақ тілді ақындар, ойшылдар бар.
Азасына атышы болып, ерген сәтте,
Сөйлегенде қолдаған, арыстандар.*

*Қоңтәжі хан болса да, қалмағына,
Он сегізде түсті бабам, қармағына.
Аталы сөзге арсыз да, таласпас деп,
«Қаз дауысты» атағын алмады ма.*

*«Бесігіңді түзе», – деп жол салғанда,
Тәржімалап тарихты, қолға алғанда.
Аруағын бабамның, жаңғыртсақ деп,
Қозғау салды, ауылым, Алла қолда!*

*Білсін деп, кейінгі ұрпақ, жаңа жеткен,
Тараймыз, біз көбіміз, Келдібектен.
Алсақ деп, бабам атын Балқантауға,
Ақылдасып, сол кезде, елім-көптен.*

*Орындалды, бұл күнде, асыл арман,
Мүсіні де, ортадан, орын алған.
Ат шаптырып, ас беріп, дұға жасап,
Азаматтар, жан ашыр, сауап алған.*

*Келсе де, қиыншылық, заман-нарық,
Қанатымен, су септі, барша халық.
Бабам үшін, не берсек те, көп емес деп,
Жетіп келді, ағайын, – ел қуанып.*

*Бабамыз Қаз дауысты, елге әйгілі,
Тарихтан белгілі зой, көсемдігі.
(Баба ескерткішінің ашылуына)
Қарағандыда Бабам тұр, көкте биік,
Қуаныштан төбеміз, көкке тиіп.*

*Пенделер өмір бойы, тағзым еткен,
Бабамыз қолдай берсін, көңілі иіп.
Тараймыз ұрпақтары, Келдібектен,
Жеті атасын біле бермес, кері кеткен.*

*Қазақтың данышпаны, дара туған,
Айналдым аруақты бабам, Қазыбектен.
Ол біздің атамыз, ол біздің – бабамыз,
Шешендік сөздерін ұран ғып, аламыз.
Аруағын көтеріп барлығымыз, ескермесек,
Күндердің күнінде кеселге кезігіп қалармыз.*

*Армысыздар, жиылған, бариша халқым,
Көтердік біз, қазір міне, ата салтын.
Туған жер, құтты болсын, армандаған,
Алдыңыздар, бір ауданға, бабам атын.*

Бүгін қазақ елі егемендік алғалы жиырма жылдан асты. Елді-гіміз жаңа сапаға көтеріліп, мемлекетіміз жұрт қатарлы әлем таныған дербес ел санатына қосылды. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізін, егемендік алғаннан бері бұрмаланған жер-су мен елді мекендердің аты дұрысталып, тарихи топонимия тұрғысынан атаулар бір қалыпқа түсе бастады. Қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, кемеңгер Қаз дауысты Қазыбектің саналы ғұмыры осы Сарыарқада өткендіктен, оның есімі қалада бір ауданға берілді.

*Бабамыз Би Қазыбек, Қаз дауысты,
Он сегізде қалмақ ханын, сөзбен қысты.
Шығармай оқ түгілі, қасық қанын,
Құтқарды жауларынан, ұл мен қызды*

*Біз түгіл, түгел қазақ сыйынады,
Көрдің бе, қазір заман қиындады.
Білді де, осы заман болатынын,
Бабамыз бірлік деп қыйылады.*

*Бабамыз заманында, зерек екен,
Оқ өтпес құрсау киім, керек екен.
Орыста керегіңе, жарайды деп,
Айтқаны бұл заманға, келеді екен.*

*Халқым-ау, туған соң, тірлік керек,
Мәнісін тіршіліктің, білу керек.
Күндемей қасиетті, адамдарды,
Күнәға батпай таза, жүру керек.*

*Түркістан, Арыстанбаб, араладым,
Риза бол, Бәтимаңа бабаларым.
Сонда да, әлі менің арманым көп,
Орынын, жан әкемнің, таба алмадым.*

*Үш биім, үш жүзінде, қыран болған,
Әр сөзі, зер салғанға, ұран болған.
Бет қаратпай, дұшпанды, «әруақ», – деп,
Сыйынып, бір алладан, көмек алған.*

Ел қылып, қазақтың басын қосқан эз Тәуке мен Абылай хан, эз Әйтеке би, Қазыбек би, Бұқар жырау, Бекболат, Алшынбай билер және Мәшһүр Жүсіп бабамыз осы жердің суын кешіп, Сарыарқадай киелі топырақта ат тұяғын дүбірлетін өткені белгілі. Олар туралы, олардың өмір жолы мен елі үшін атқарған ұлағатты еңбегі туралы осы кітапқа енген барлық құнды тарихи дерек пен ел аузында кең тараған аңыз-әңгімелер құрметті аталарымыз Баймағамбетов Жәкеш пен Алдаберғенов Төлепберген кезінде жиған-терген шежіре, профессорлар Ж. Артықбаев, М. Алпысбес, Қ. Есімов жазған мағынасы мол материалдар, баға жетпес мол дерек ертеде елім, деп өткен асыл да кемеңгер бабаларымыздың өнегелі өмірі мен ұлағатты істерін, рухани мұрасын бүгінгі және келешек ұрпақ жастарымыз игілігіне пайдалануға жазсын.

*Тегіміз бәріміздің, Мейрам сопы,
Көңілдерің болмасын, олты-солты.
Қолдасын Қаз дауысты бабаларым,
Гүл жайнап өсе берсін, балалары.*

*Армысыңдар, мұсылман, қауымдарым,
Үлкен-кіші, жиналған, бауырларым.
Егеменді ел болып, құрылдық та,
Салт-дәстүр қайта келді, бұрып мойын.*

*Өткенді, жақсы еді деп, айта алмадық,
Тайлақтай, мұрнын тескен, байпаңдадық.
Қимасың кетсе дағы, мәңгілікке,
Қол жайып, бір сүрені, айта алмадық.*

*Өткенге, өкінгенмен, келмес қайтып,
Не керек, уақыт алып, бәрін айтып.
Алайық ақыл-кеңес, бір Алладан,
Жол сілтеп, адалдыққа, тұрса айтып.*

*Ассалаумағаләйкүм, рахым Алла,
Адасқан пенделерді, өзің қолда.
Тазалап жүректерін, мәңгүрттердің,
Қолдай көрші қалмасын, орта жолда.*

Бұл кітапқа енген Қаз дауысты Қазыбек би туралы көп әңгімені Баянауыл тұрғыны Алдабергенұлы Төлепберген аға беріп отырды. Мәшһүр Жүсіп, Мәненұлы Иманғали және Нұрғожа Молда жазуының ішінен шығыпты, бірақ «Ел аузынан» делінген. Ешқандай өзгеріссіз, қаз-қалпында беріп отырмыз. Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіптің орны ерекше. Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындап, кейіп орыс тілін меңгеру арқылы Батыс оркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысқан тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған, әдебиет (ақындық), тіл тарихы, этнография (қазақ халқы-

ның салт-дәстүрі туралы шығармалар), философия, медицина (емшілік, дәрілік өсімдік туралы), әлем-космология ғылымы салаларына арналған ұлан-ғайыр еңбек жазып қалдырды.

Қазыбек Орта жүзге Төбе би болып сайланғанда (1685 ж.) «Жай қолыңды», – деп Әнет Бабаң (Мәшһүр Жүсін діни жазуынан):

*– Атасызға ата бол,
Батасызға бата бол,
Арып-ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол,
Панасызға пана бол,
Кек сақтамас бала бол,
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол, –*

деп батасын беріп, маңдайынан иіскепті.

Ұлағатты Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал терең ойлы, ескіше оқыған адам. Ол Мәшһүр Жүсінтің діни дастандарын Мәненұлы Иманғали жазбасынан аударып, ел игілігіне ұсынды. Намаз, Күнә, Имандылық, Қабірге орналастыру, Дін, Мұхаммед Пайғамбар туралы әңгімелерді тамсандыра суреттей отырып, өмір құбылысының сан-қырлы болмысын, мәнін түйіндеуге тырысады. Демек, мәшһүртану саласының қай тұсынан болсын, Төлепберген ағамыздың ізін байқаймыз.

Елде Баймағамбетұлы Жәкеш ақсақал ескіше оқығаны бар, тоқығаны мол адам болды. Ол Қаз дауысты Қазыбек бидің туып өскен ортасын, елі мен жерін жақсы білді. Бабаның өмір тарихын, билік жолын жатқа айтып, ел игілігіне ұсынды.

Құрметті Жәкеш атамыздың қазақ халқының XVII–XVIII ғасырдағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, ел тарихында өшпес із қалдырған, халқымыздың ұлы перзенті кеменгер Қазыбек Келдібекұлының билік жүргізген сәттерінен саханаландырылған қойылымнан кем емес баян айтқанын талай естіп, көріп өстік.

Қазақ жерінде ел бірлігін ту еткен Тәуке хан, Абылай хан, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлар сияқты көсемдер болды. Елдің елдігін сақтап, абыройын асқақтатқан – ұлы тұлғалар. Солардың бірі әрі бірегейі – атағы алты алашқа бірдей құрметті Қазыбек би. Ол – қара қылды қақ жарған әділ би, кемеңгер көсем.

Оның алғашқы елшілік сапары 1684 жылы жоңғарлардың қонтайшысы Қалдан Бешоқту уақытында Жетісу бойына салған ойранынан соң, Арғын ішінде Сүйіндік руының Айдабол ұлы Тәйкелтір би басқарған Елшілікпен болған. Кейбір авторлардың пікірінше сол кезде Қазыбектің жасы 13-14-те еді деп жазып жүр. Бұл – жаңсақ пікір. Ойткені, Маңқан әкесіне арнаған жоқтауда:

*Белгілі шығар Алашқа
Қоңтажыға барғаның.
Он сегізде сол күнде,
Қалмақты сынга алғаның.
Қазақты жоқтап қалмақтан,
Араға сөзді салғаның:
Қалмақтың ханы Қоңтажы
Жауаптан ұстап алғаның.
Босатып едің, жан әкем,
Тұтқында қазақ қалғанын.
Талап алған шабынды,
Қайтарып алдың бар малын.
Олқысыз тоқсан жесірді,
Сол жерде анық алғаның.
Қалмақ пен қазақ бас қосып,
Екі ұдай болған тобында
Алдыңа бір жан салмадың,» –*

деп жырлаған.

(Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 151 б.).

Қазыбектің Жеті жарғыны дайындаудағы ерекше қызметін қызы Манқан әкесіне арнаған жоқтауында:

*«Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жол,
Артында мирас қалғаны.
Шаригат айтқан жол емес,
Законың тағы жол емес,
Соларменен бірдей зып,
Қазаққа бір жол салғаны».* –

деп жырлаған.

(Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 152 б.).

Қамқаның (Манқан) осы күнге дейін бізге келіп жеткен осы жоқтау жыры Қаз дауысты Қазыбек бидің өмір тарихының баға жетпес құнды тарихи дерегі екендігін мойындауымыз керек. Бұл жоқтаудағы уақыт дерегі, жас дерегі – тарихи шындық.

Кітап редактордың алғы сөзінен, кіріспеден, 10 бөлімнен және қорытынды сөзден тұрады. Қазыбек бидің туып өскен ортасы, деп аталатын бірінші бөлімде оның елі, тегі және үш жұрты берілді. Екінші бөлім Қазыбек бидің өмір мектебі, деп аталады. Мұнда ол алған тәлім-тәрбие және сол кездегі елдің абыз қариялары туралы айтылады. Үшінші бөлімде Қазыбек би құрған әділ биліктен ел аузында кең тараған әңгімелер берілді. Бұл бөлім Қаз дауысты Қазыбек би, деп аталады. Қазыбек би – Елші, Қазыбек би – Қолбасшы, Қазыбек би – Косем, және Қазыбек би – Әулие деп аталған төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөлімде кемеңгер бабаның ел басқарған ұлағатты өмір жолынан мәлімет берілді. Қазыбек би және Жеті Жарғы, деп аталатын сегізінші бөлімде оның ел басқарған, заң шығарған және әділ билік құрған өнегелі өмірінен көп әңгіме берілді. Тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөлімде ұлағатты бабаның елдің сыртқы саясатын басқарған мәмлегерлік өмір жолынан, оның бүгінгі қазақ өміріндегі орны және одан тараған ұрпақ туралы дерек берілді. Қорытынды Қазыбек бидің ұлағатты өміріне және сан-салалы

қызметіне қысқаша шолу мен Баба өмірінің бүгінгі және келешек ұрпаққа тәрбиелік мәніне арналды. Аңыз тарихи шындықтан ауылын тым алыс салмайды, кейде асырып, кейде жасырып болған оқиғыны баяндайды. Жас ұрпақ үлгі алсын, өткені мен кеткенін білсін, деп Ұлы даланың ұлы перзенттерінің өмір жолын баяндап отырмыз.

1. Кітап жоғарғы сынып оқушылары мен студент жастарға ұлттық танымдық қолданбалы оқу құралы ретінде жазылды.

Бұл еңбекті жиып, құрастыруға қамқор болған жолдасым Мағдат пен кенже ұл балам Жанғұттыға, кітаптың қолжазбасын тексерін реттеген балаларым Рауан мен Қатираға және осы қиын әрі рухани жауапты жұмыстың басы-қасында болып, басқарған Мақсат пен Рысбекке шынайы алғысымды білдіремін. Ал, өткен аталарымыз Баймағамбетов Жәкеш, Алдабергенұлы Төлепберген ақсақалдардың жатқан жерлері жарық болсын. Осы аты аталған азаматтың бәріне ағайындық жасағаны үшін Алла разы болсын, кемеңгер бабамыз Қазыбек бидің аруағы қолдап жүрсін.

Сіздерді қашанда қасиетті Бабам аруағы қолдап жүрсін!

1-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ТУЫП ӨСКЕН ОРТАСЫ

Қаз дауысты Қазыбек бидің өз халқына атқарған қызметі зор, «Дүлдүл десең – дүлдүл», «Бұлбұл десең – бұлбұл» атағына лайық, ал өнегелі өмірі жастарымызға мәңгі үлгі болары анық. Десек те, «Ер – елдің перзенті», ал «Ел – жердің перзенті» болады. Дара тұлғаны түсіну үшін алдымен адамды өмірге әкелген елді, сол елі мекен еткен туған жерді білу керек. Сол елдің кәсібін, тұрмыс-тіршілігін, ал жердің табиғатын білу керек.

Бабаларымыздың көне заманнан ата-баба, ана-әжелеріміздің аруағын сыйлап және оны құрметтегені белгілі. Мұсылмандықты қабылдаған халқымыз әлі сол танымынан қайта алмай отырғаны тағы белгілі. Бұл – сүйекпен кететін наным. Ал, бұл нанымның бастысы – ата-баба, ана-әжелеріміздің қазақтың ұлан-байтақ жерін сақтауда, ұрпақ сабақтастығында өз ұрпағына қалдырған қайталанбас асыл мұрасын сақтауда. Сондықтан, қазақ ата-баба шежіресін көзінің қарашығындай сақтауға ұмтылған. Екіншіден, бабаларымыз шежірені қазақтың төл тарихы, деп түсініп, өзінің ата-баба шежіресін ауызша жатқа айтып қалдырған.

Қазыбек би орта жүз арғынның Бес Мейрам әулетінен. Бидің шыққан руы Қаракесек – Мейрамның бір үлкен бұтағы. Кезінде Абылай хан екі сөзінің бірінде айтып отырады екен: – «Осы, «Бес Мейрамның баласы» деген ел, пайғамбар мен шадияр тумады демесеңдер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Батыры көп, жаудан қорықпайды, шетінен шешен туады да, даудан қорықпайды», – деп жазады ұлағатты Мәшһүр Жүсіп бабамыз.

Қазақ шежіресі Орта жүз аталарын Жанарыстан таратады. Бәйбішеден төртеу – Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа және Дарақожа, ал тоқалдан екі ұл – Есімқұлқожа, Қасымқожа туған. Арғын бабамыз алты ағайынды болған екен: Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамбердіқожадан – Қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырат, Есімқұлқожадан – Керей, Қасым-қожадан – Уақ тараған.

Сонда Орта жүз елінің тарауы былай болып шығады:
Жанарыстан → ||Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа,
Дарақожа||. Бұлар бәйбішеден.

Жанарыстан → ||Есімқұлқожа, Қасымқожа||. Бұлар тоқалдан туған.

Қарақожадан → ||Арғын||.

Аққожадан → ||Найман||.

Ақтамбердіқожадан → ||Қыпшақ||.

Дарақожадан → ||Қоңырат||.

Есімқұлқожадан → ||Керей||.

Қасымқожадан → ||Уақ||.

Бұған қыздан туған Тарақтыны қоссақ, Орта жүз жеті арыс ел аталған, – деп жазады Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Арғынның бәйбішесі – Әркүл бәйбіше. Одан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан жас күнінде ерте өлін, ұрпақ қалмаған. Қотанның ұрпағы Ақжол, Ақжолдың ұрпағы Мейрамсопы жалғыз туған. Қотан заманында әрі ақын, әрі батыр адам болған деседі. Оған дәлел Арғын Жанақ ақынның уақ Жарқын биге айтқан сөзі:

*Қазақта Арғын аға болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз ақын Қотан,
Өзгеден өлеңге ұста болса керек.*

Осы бір шумақ өлеңнен Қазыбек бидің Қотан деген бабасы болғанын білеміз. Бұны Бұқар жырауда растайды:

*Бәрімізді сұрасаң,
Қотанбайдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл болған дұғасы.*

Арғын бабамыздың тоқалының аты Момын. Бұл анамыздан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы туады.

Ақсопыдан толыбай ұранды Қанжығалы, маябоз ұранды Тобықты, Қарасопыдан қарақбай ұранды Қарауыл, барлыбай ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан ошбай ұранды Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Арықсопы мен Нәдірсопыдан ұрпақ жоқ.

Арғыннан → Құтан → Ақжол → ||Мейрамсопы||. Бұлар Әрқұл бәйбішеден тараған ұрпақ.

Арғыннан → ||Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы||. Бұлар Момын тоқалдан туған.

Ақсопыдан → ||Қанжығалы, Тобықты||.

Қарасопыдан → ||Қарауыл, Бәсентиін||.

Сарысопыдан → ||Атығай, Дәуіт||.

Осы ұрпақты қазақ Жеті Момын деп атайды.

Арғын бабамыз жүзден асып тағы бір тоқал алған көрінеді, – аты Айнакөз. Одан туған ұлдың аты Таңбысопы. Таңбысопыдан Үсенбай, Елемес. Егер Арғын бабамыздың жүз алты жастан асып, 1272 (1273 болуы да мүмкін) қайтыс болғанын еске алсақ, онда оның Жошы заманында өмір сүргені және оны білгені даусыз. Сонымен, Арғынның нәсілінен тараған беделді әрі батыр Қотан, оның нәсілінен тараған беделді би Дайырқожа, лақап аты Ақжол. Оның бәйбішесінен Қарақожа, ал тоқалынан – Сомдық, оның екі баласы – Сарыжетім, Шақшақ. Олардан тараған ұрпақ Кіші жүз ішінде, тоқал Арғын аталады.

Арғынның аты белгісіз төртінші әйелінен туған – Ақташы, Бақташы, Бұғышы, Тағышы. Бұлардың тұқымы Жиделі Байсында. Бұл жақтағы арғыннан көп болмаса аз емес, асылы арғын 12 атаға тарайды. «Арғын болдың, әркім болдың» деген сөз, солардың көптігінен айтылған. Түрлі себеппен Жиделі Байсында қалып қойған немесе ағайын арасындағы жер дауы, жесір дауын себеп қылып кейін көшін барған аталар да аз емес. Мәшһүр Жүсіптің жазуынша, арғынның негізгі бөлігі Жиделі Байсында қалып қойғанға ұқсайды.

Мәшһүр Жүсін шежірені өлең етіп жазған:

1. Мейрам – атам, Арғын – бабам,
2. Келеді Қара Қожа, етсең баян.
3. Ақжол батыр, білең тамам,
4. Құтан бай, аты шыққан.
5. Қаракелімбет, дәулет қонған.
6. Жанарыс орта жүздің,
7. Қазақ бай, еркін ұққан.

Арғынға дейінгі кісілердің аты әр жерде, әр шежіреде әр түрлі. Арғыннан әрі аттап баспай, бері жағымен қанағаттанамыз, бұл туралы Мәшһүр Жүсін бабамыздың тағы бір шумақ өлеңіне назар аударайық:

*Арғыннан әрі барсаң, адасасың,
Мый жетпес көп дүниеге, шатасасың.
Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,
Несіне шежіреге, таласасың.*

Мәшһүр Жүсін шежіресі бойынша, Арғын әулеті былай тарайды:

1. Ақ сопыдан екі ұл → || Қанжығалы, Тобықты ||
 2. Қара сопыдан екі ұл → || Бәсентин, Қараул ||
 3. Сары сопыдан бір ұл → || Атығай ||
 4. Тәнбіс сопыдан екі ұл → || Сары жетім, Шақшақ ||
- Осылар Момыннан тараған. Бұл ұрпақ Жеті момын аталады.
Арғын → || Құтан || → || Ақжол || → || Мейрам сопы ||

Десек те, қанжығалы Зейнолла Құрманәліұлы ақсақалдың бізге жеткен шежіресі арғын тарауын толықтыра анықтай түседі, деп үміттеміз. Бұрын көпшілік оқырманға белгісіз болып келген осы шежіреден шамалы үзінді ұсынамыз.

Арғыннан алты ұл → Қаратай, Қаражан, Қараменде, Қарамек, Қарабек, Қараша. Қаражан, Қараменде, Қарамек, Қарабек, Қараша – бесеуінен бүгінде ұрпақ жоқ.

Қаратайдан екі ұл → Арал, Марал.

Маралдан екі ұл → Қазы, Жазы.

Қазыдан бір ұл → Шора.

Шорадан екі ұл → Қотан, Жұман.

Қотаннан төрт → Қаратабай, Тенбай, Коңілбай, Атабай.

Қаратабайдан үш ұл → Дайрабай, Дайырқожа, Әділхан.

Дайырқожа би әділдігіне байланысты – Ақжол би атанған. Ақжол биді қапысын тауып, Қарақалпақ Қолдауын батыр тау ішінде атып өлтіреді. Қолдауынды қазақ жігіттері өлтірін, Ақжолдың кегіи алғаны туралы ертеде жыр-дастан болған. Онда атасы Қотан тайшы айтқан деген толғау бар.

*Қарақалпақ Қолдауында нең бар еді, құлыным?!,
Сексеннен асып, таянғанымда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме, жұлының!
Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы, ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде, құрыдың,
Қарақалпақ Қолдауында нең бар еді, құлыным?!*

Кейбір дерекке сай, Ақжолды өлтірген қара Қарақыпшақ Қобланды батыр делініп, оған жала жабылып, ал өздері күнәға батып жүр. Мүмкін, ол дұрыс та шығар?

Шежіре одан әрі төмендегідей жалғасады.

Ақжолдан үш ұл → Таңжарық, Сауыт, Өткір би.

Өткір биден – кіші арғындар, – Қостанай, Тоғай өңірінде тұратын арғындар тарайды.

Таңжарық батырдан үш → Бектібай, Бетжан, Момын би.

Бектібайдан бір ұл → Мейрамсопы.

Бетжаннан бір ұл → Бәсентиін.

Момын биден сегіз ұл → Ақсопы, Арықсопы, Қарасопы, Күренсопы, Тамбысопы, Нәдірсопы, Кенжесопы, Теміресопы.

Ақсопыдан екі ұл → Жалықбас, Қамбар.

Бұл екеуінің ұрпағы Арғын-Қаракесектің құрамына еніп, қаракесек болып кеткен.

Тамбысопының ұрпағы Арғын-Қуандық елінің құрамына еніп, Қуандық болып кеткен.

Қарасопыдан екі ұл → Атығай, Қарауыл.

Олардың Атығай-Қарауыл болып бірге аталатыны осыдан делінеді. Момын биден тараған жеті атаны қазақ Жеті Момын дейді. Шежіре одан бері тараған атаға сай, өзіндік құрылымы бар дүние ғой, жазыла беретіні белгілі. Оншалықты өзгелік жоқ. Бұл шежіреде Арғын әулеті жақсы таратылса да, бір айып бар. Ол – Ақжолға дейін арғынның ұраны болған Қарақожа батыр жоқ. Қарақожа батыр туралы шынайы дерек белгілі ғалымдарымыз Сыздықова Р., Қойғелдиев М. жазды: //Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: 1991. – 252 б.

Арғынның ұраны болған Қарақожа туралы дерек

Қазақ елінің тарихы өзінің тайпалық-рулық құрылымымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Қалаймыз ба, қаламаймыз ба, бұл біздің ұлттық тарихымыздың басты сипаты. Тайпалық-рулық қауымдастық жаңа заманға дейінгі мыңжылдықтардан бастау алып, кешегі ХХ ғасырдың 30-шы жылындағы кеңестік дәуірдің берік орнығу кезеңіне дейін ата-бабаларымыздың әдеуметтік, саяси-шаруашылық өмірімен тығыз, біте қайнасып, өрбіп келді. Бұл – тарихта дәлелдеуді қажет етпейтін қағида!

Кеңестік тоталитарлық жүйе жалғыз рулық қауымдастықты ғана емес, оның негізінде қалыптасқан қазақ халқының өзіндік рухани болмысын, дәстүрлі шаруашылыққа негізделген тұтас өмірін күйретін жіберді.

Бүгінгі күні шүкіршілік, біз адамзат қоғамының жаңа даму сатысы – өркениетті демократиялық қоғамға ұмтылудамыз. Бұл планетаның басым көпшілігі қабылдаған, басты мақсатқа бағытталған, біркелкі дамудың негізгі ұстанымы екендігі күмәнсіз. Тәуелсіздік алған еліміздің осындай айқын жолдағы аршынды қадамдары халқымызды рухани рухтандырып, саяси сергітіп қана қоймай, өзіміздің өткенімізді танып білуге деген ғаламат құштарлықты, ынтаны жоғары деңгейге көтеріп жіберді. Бұл оң қолы мен сол қолын танып, еңсесін көтеріп тәуелсіз ойлай бастаған кез-келген халыққа тән жаңа қасиет пен сипат емеспе! Сондықтан болар, біздің зиялы қауым төл тарихымызды жазуға, жариялауға

белсенді бет бұрыс жасап үлгерді. Мұның өзі елімізде ең жоғарғы мемлекеттік деңгейде қолдау да тапты. Арнайы «тарих жылы» да жарияланды.

Қарақожа ұраны – Арғын тайпасының Ақжолға дейінгі ұраны болған. Мұндай тұжырымға шежірелік материалды талдау арқылы көзіміз жетіп отыр.

Енді тарихи жырлар мен жазба деректердегі Қарақожа есімді тарихи тұлғаға назар аударып көрейік. 1358-1419 жылдары өмір сүріп, өмірінің соңғы 40 жылдық кезеңінде Алтын Орданың саяси тарихында терең із қалдырған, алып империяның уақытша билеушісі болған және Ноғай Ордасының қалыптасуында маңызды рол атқарған маңғыт биі – Едіге жөіінде жазба деректерде де, ауызша әдебиеттерде де материал өте көп. Сондай материалдардың біріне – «Едіге» туралы жыр, дастан, эпостар жатады. Қазіргі күнде бұл жырдың 20-ға жуық нұсқасы белгілі.

Едіге туралы жырдың Ш.Уәлиханов нұсқасы мен Қ.Сәтбаев нұсқасында Алтын Орда ханы Тоқтамыстың (1380-1395 ж.) тоғыз батырының әрі кеңесшісінің бірі, Арғын тайпасының бегі – Қарақожа батырдың есімі ұшырасады. Жырдың басты кейіпкерлері – Едіге мен Тоқтамыс. Бұл екі тұлғаның тарихтағы орны мен рөлі анықталып, айқындалған. Алтын Орда тарихында Тоқтамыс ханның билік құрған жылдары Едіге би оның қарсыластарының бірі болып, Ақсақ Темір жағына шығады. Ал 1395-1419 жылдары аралығында Едіге алғашында Тоқтамыспен, одан кейін оның ұлдарымен күрес жүргізгендігі жазба дерек мәліметтерінде жақсы сақталған.

Жырдағы басты тарихи тұлғалар мен олардың арасындағы күреске қарап, жыр оқиғасының XIV ғасырдың соңғы және XV ғасырдың алғашқы ширегінде болғандығын анықтау еш қиындық туғызбайды. Олай болса, арғынның басшысы әрі батыры Қарақожа Едіге мен Тоқтамыстың замандасы болған. Ол жырда:

*«Көшкенде көшіп айланған,
Өткір семсер байланған.
Жау қарасын көргенде,
Жауар күндей торланған.»*

*Кетер құстай сайланған,
Бір Алладан қашан да,
Тілек тілеп зарланған.
Арғындардың басы едің,
Қарақожа батырым!»* –

деп суреттеледі.

Тоқтамыс ханның тоғыз кеңесшісі, әрі бпі мен батыры кім болған десек, олар – Құдайберді батыр, Мүйтен тайпасының өкілдері қос Дәулет батырлар, Қара қыпшақ Қобыланды батыр, Уақ батыр, Шуақ батыр, Кеңес ұлы Кеңжанбай, атақты Сыпыра жырау және біз әңгіме етіп отырған Қарақожа батыр.

Жоғарыда келтірілген суреттеуден Қарақожаның тек батыр ғана емес, сонымен бірге әулие немесе пір-ишан сияқты дінбасы болғандығын білуге болады. Оған:

– «Бір Алладан қашан да, тілек тілеп зарланған Арғындардың басы едің», – деген жолдар дәлел болады. Жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, «Едіге» жырының нұсқаларындағы Қарақожа батыр туралы деректер оның есімінің бүкіл Арғын тайпасына ұран болуға лайықты екендігін көрсетеді.

Қарақожа батырдың есімі, сондай-ақ ортағасырлық жазба дерек мәліметінде де кездеседі. Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» (1602 жылы жазылған) атты еңбегінің «Тоқтамыш хан» деген дастанында: «Бұл Тоқтамыш хан Еділ бойында өтті. Тайқожа ұланның ұлы еді. Оның хикаялары әртүрлі (сипатта) мәлім және белгілі. Құтлу Қия ұлы Едіге Кучук оның кеңесшісі (серігі) еді. Бір уақытта оның көңілі қалып, Едіге Кучукке қаһарын тогіп, өлтірейін деді. Одан құтылып, неше жылдар откен соң Темір бектің әскерін бастап келіп Тоқтамыш ханды қашырды. Темір бек күшінен (сипатынан) Тоқтамыш хан солтүстік тарапқа қашты, аштықта, сусыздықта болып жүрді. Содан соң қарауылға Ятым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды. Оздері бірнеше нокерлерімен (дем алуға) жатып еді. Едіге-Кучук ұлы Нураддин әскер қолбасшысы еді. Ол қарауылды, әуелі

Ятым батырды, содан соң бәрін қапысын тауып өлтірді. Хан нөкерлерімен бейқам еді, олар да опат болды...», – деп баяндалады.

Бұл жазба дерек мәліметі бұған дейін, біз айтып отырған Қарақожа батыр жөііндегі шежірелік материалдар мен тарихи жыр деректерін одан әрі толықтыра түседі. Сонымен бірге кейбір тарихи оқиғаны нақтылап та береді. Тоқтамыстың Алтын Орда тағынан айырылып Сібір жақта қашып, тығылып жүруі 1396-1405 жылдар аралығына сай келеді. Осы деректе біріншіден, Қарақожа Тоқтамыстың қарауылы болды делінсе, екіншіден, олардың бәрі бір мезгілде қаза тапқандығы хабарланады.

Олай болса, Тоқтамыстың сеіімді серігі, кеңесшісі әрі батыры болған Қарақожа батыр Тоқтамыспен бірге 1405 жылы қаза табады. Ал, олардың жерленген жері белгісіз.

Арғын тайпасының ұранына айналған Қарақожа батыр туралы ой-нікірімізді қорыта келе мынадай тұжырым жасаймыз:

Біріншіден, Қарақожа – әрі батыр, әрі ірі дін басы, әрі хан кеңесшісі және бек ретінде белгілі болған XIV-XV ғасырлардағы қазақ тарихындағы ірі тарихи тұлға.

Екіншіден, оның беделі мен даңқының зор болуы – жазба деректе де тарихи жырларда да және шежірелік материалдарда да оның есіміне ойып орын береді.

Үшіншіден, атақ-даңқымен бірге «Арғындардың басы болған» Қарақожа батырдың есімін тайпаластары ол қаза тапқаннан кейін ұранға айналдырған.

Төртіншіден, уақыт өте келе, арғындар «Ақжол» ұранын жалпы ұранға айналдырады. Бірақ ел есінен Қарақожа есімі ұмытылмай, сақталып қалады.

Есімі арғынның ұранына айналып, аты тарихта ұмытылмай қалған Шора батырдың ұлы, Қотан тайшының әкесі Қарақожа батырдың тұлғасы, міне осындай!

Ал енді, «Қарақожадан» кейін арғындардың жалпы ұранына айналған Ақжол деген кім екен, соған тоқтала кетейік.

Дерек мәліметтеріне жүгінсек, Ақжол туралы шежірелік материалдар мен ел аузынан алынып, XX ғасыр басында ғылыми айналымға енгізілген тарихи әңгімеде баяндалады. Шәкәрім

Құдайбердіұлы 1911 жылы жарық көрген көпшілікке танымал еңбегінде Арғыннан Қотанды, одан Дайырқожаны таратады да, Дайырқожаның лақап аты – Ақжол деп түсіндіреді. Одан әрі Ақжолдың бәйбішесінен – Қарақожа, тоқалынан – Сомдық деп, Қарақожаның бәйбішесінен – Мейрам, ал Момын атты тоқалынан – Қара сопы, Кенже сопы, Бәсентин туған, – деп жазады.

Мәшһүр Жүсін Көпейұлының шежіресіне құлақ салсақ, онда Жанарыстан Қарақожа, одан Арғын, одан Қотан, одан Мейрам таралып, оның ұрпақтары одан әрі жалғаса береді. Байқап отырғанымыздай, Шәкәрімнің мәліметінде Ақжол (Дайырқожа) Қотанның ұлы да, Қарақожаның әкесі деп көрсетілсе, Мәшһүр Жүсінте Қотаннан кейін бірден Мейрам айтылады.

Кейінгі жылдары ғазет-журнал бетінде Арғын тайпасының жеке руының шежіре-кітаптарында Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсін Көбейұлының нұсқалары негізге алынып жүр. Біз, бұл жерде бірден мына нұсқа дұрыс, мына нұсқа бұрыс деп пікір айтпай, келесі бір тарихи дерекке назар аударып көрсек дейміз. Ол – Шәкәрім қажының Ақжол би мен Қобыланды батыр жөніндегі тарихи әңгімесі. Оқырмандарға түсінікті болуы үшін біз осы бір тарихи деректің мазмұнын қысқартпай, сол күйінде беріп отырмыз.

«Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай оз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға қарап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқайтемір нәсілінен Барақ хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шаһғерей ханмен тамам қазақты алып, Әбілқайырға окпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Тоқлұқ Темірханға қарады. Әбілқайырға окпелеген себебін біздің қазақ былай айтады. Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны олтірін кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша

қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүрін жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, Тайшы деген өлеңші, ақын дегені».

Бұл тарихи деректен ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты көптеген мағлұматтар табуға болады. Біз олардың бәрін талдамай-ақ, тек өзімізге қажеттілеріне көңіл қояйық. Мұндағы бірінші мағлұматқа Ақжол би Қотан тайшының ұлы, оның шын есімі – Дайырқожа екендігі жатады. Екінші мағлұматқа – Ақжол би – Қара қыпшақ Қобыланды батырмен замандас және екеуі де Әбілқайыр ханның қазысы мен батыры болғандығы жатса керек. Үшінші мағлұмат, – ол – Ақжол бидің өмір сүрген дәуірі болса керек. Тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғаларды салыстыра қарау арқылы біз, Ақжол бидің XV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүргендігін білеміз.

Алдыңғы беттерде айтылып кеткен Қарақожа батыр туралы тұжырыммен Ақжол би туралы мағлұматтарды байланыстырсақ, төмендегідей нікірдің қисыны келін тұрған сияқты.

Бірінші, XIV ғасырдың соңғы ширегі мен XV ғасырдың басында арғындардың басы болған Қарақожа батыр Тоқтамыс ханмен бірге 1405 жылы қаза табады да, орнына арғындардың басы, жетекшісі болып ұлы – Қотан отырады. Шәкәрім қажы Қотанды тайшы деп атап, бұл сөзді – өлеңші, ақын деп түсіндіреді. Ал тайшы (тайджи, тайдзи, тайчжи) – монғолдар мен қалмақтарда тайпа көсемі, рулық топтардың бұрынғы ру басы екендігін ескерсек, онда Қотан тайшы – рулық бірлестіктің немесе тайпаның көсемі, яғни арғындардың көсемі, басшысы дегенді білдіреді. Ал Қотан тайшының арғындардың көсемі болып тұрып, өлең шығара білуі, жыр айта білуі – таңданарлық жағдай емес. Біздің ойымызша, Қотанның арғындар көсемі болғандығы – тайшы лауазымымен ел есінде сақталса, уақыт өте, ұрпақтар ауыса келе, оның ақындығы осы тайшы лауазымымен астасып кетеді де, Шәкәрім қажыға «Қотан (Қыдан) тайшы – ақын, өлеңші болған» деп жетеді.

Екінші, Қарақожа батыр 1405 жылы қаза тапқанда, оның тайпа көсемі, әрі батыр екендігін ескеріп, жасы 50-дің үстінде; болған деп есептесек, ол шамамен 1340-1350 жылдар аралығында туған болады. Ал оның туған жылына 25-30 жылды қоссақ, онда Қотан тайшының дүниеге келген жылын шамалаймыз. Шамамен, 1370-жылдары туған Қотан тайшы, 1450 жылдардың ортасында Ақжол би қаза тапқанда сексеннің үстінде болады.

*«Қара Қыпшақ Қобыландыда,
Нең бар еді, құлыным?!
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме, жұлпыным?!»* –

деген жоқтауына қарап, біз осы иікірлеріміздің растығына қоз жеткіземіз.

Үшінші, атасы Қарақожа – әрі батыр, әрі тайпа көсемі болса, әкесі – Қотан да ел тізгінін ұстаған ру басы, ел ағасы болса, баласы Ақжол да (Дайырқожа) осындай жолды ұстанса керек. 1428-1468 жылдары бнлік құрған «көшпелі өзбектер» елінің ханы Әбілхайырдың ең жақсы көретін әділ биі, қазысы болуы – Ақжол бидің атағын тек арғын арасы шектеп қоймай, Дешті Қыпшақ аумағына жайып жібереді. Ал оның қаза табуы – «көшпелі өзбектер» халқының екіге бөлінуіне алып келеді. Қарақожа батыр мен Қотан тайшы тек арғындарға ғана қатысты, тайпалық деңгейдегі тұлғалар болса, Ақжол би олардан бір саты биіктеу тұрған тұлға ретінде көрініс береді. Сондықтан оның есімі, ол қаза тапқаннан кейін ұранға айналып, алғашында «Қарақожа» атауымен қатар айтылса, бертін келе, ел есінде «Ақжол» атауы сақталып қалады да, «Қарақожа» екінші қатарға ығысады.

XV ғасырдың екінші жартысында бүкілтайпалық ұранға айналған Ақжол бидің есімі бірнеше ғасыр бойы өзгермей, бүкіл арғынның жауға шапқанда рухын асқақтатып, қанын қоздыратын қаснетті сөз ретінде қолданыста болады. Қазіргі күннің өзінде де тарих пен шежіреден хабары бар арғындардың қай-қайсысы болмасын өздерінің ұрандарын ешбір қатесіз айтып бере алады.

XV-XVIII ғасыр аралығында шамамен 13-14 буын ауысып, азғантай ру іргелі тайпаға айналары анық. Арғын тайпасы да әртүрлі аумалы-төкпелі оқиғаларға қарамастан өсін-өнін, өз ішінде тарам-тарам руларға бөлінеді. Әрбір тарихи кезеңде арғынның әр руынан атса оғы тиетін, айтса сөзі тиетін, қараса көзі тиетін небір батырлар мен билер, әулие-әмбиелер шығады. Сол рудың өкілдеріне алыстағы «Ақжол» ұранынан гөрі өз руынан шыққан тарихи тұлғаның есімі жақынырақ бола түседі. Сөйтіп, арғын тайпасының құрамындағы әр рудың рулық ұраны қалыптасады. Мысалы: Қанжығалы руының ұраны – «Толыбай», Тобықты руынікі – «Маябоз», «Қарауылдікі – «Қарақай», Бәсентіндікі – «Барлыбай», Атығайдікі – «Ошбай», Сүйіндіктікі – «Жолбике», Қаракесектікі – «Қарқабат» және т.б.

Осылайша біз, «Қарақожа», «Ақжол» ұрандары жөніндегі жоғарыда айтқан ойымызды түйіндей келе, есімдері ұранға айналған адамдарды нақты тарихи тұлғалар болған дейміз. Алғашқысы – Тоқтамыс ханның тоғыз батыры мен кеңесшісінің бірі, әрі арғындардың басшысы болып, Едіге би мен Тоқтамыс хан арасындағы күресте Алтын Орда ханымен бірге 1405 жылы қаза тапса, екіншісі, Ақжол би – 1450 жылдардың ортасында Әбілхайыр ханның қазысы болып, Қобыланды батырдың қолынан қаза табады. Сондықтан, Зейнолла шежіресінде бір жол: **Шорадан** Қарақожа, ал Қарақожадан екі ұл → **Қотан, Жұман**, қоссақ шежіредегі Арғын тарауы дұрысталады.

Уақыт өте келе, Арғын құрамындағы рулар өсін-өнін, өздерінің нақты рулық жерін, көш-қон бағытын, жайлауы мен қыстауын, қорымын меншіктенгені секілді, рулық ұрандарын да қолданады. Ал, бірақ «Ақжол» ұраны мен ОО «көз» таңбасы бүкіл Арғындық ұран мен таңба ретінде сақталып қалады.

Мейрам тарауы. Мейрам сопының қайын жұрты Алшын, атасының аты Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрпая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрпаяның өз шешесі өліп қалған екен. Бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін, – деп Нұрпаяның ағасының қатыны – жеңгесі еріпті. Түйенің басын жетектеуге бір жетім қыз еріпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып,

коштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Жолшыбай түзге отырған кім, – деп қараса, біреуінің зәрі тоңды бір қарыс айырып жіберген екен. Түнде қойнында жатқанда қалыңдығы Нұрпаядан сұраса, – ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып күрілдеткенде қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді, – депті.

Елге келін орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайынсіңілісін ертін келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Сонан соң Нұрпая, «ағамның төсі тиген жеңгем еді басқаға қимаймын, озың ал», – деп Мейрамның озыне алғызыпты. «Мына күнді де озың ал, жатыры асыл өсін-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы олсек те, тірілсек те бір жерде болайық», – деп оны да алғызыпты. Нұрпаяның өзінен Қуандық, Сүйіндік туады. Жеңгесінен Бегендік, Шегендік, Қарқабаттан Болатқожа туады.

Аргыннан → || Қотан || → → || Ақжол || → → || Мейрамсопы || .

Мейрамсопы → || Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа ||. Бұларды қазақ – Бес Мейрам, – деп атайды.

Күңнің аты Қарқабат екен. Омірінде Мейрам бабамыздың етіне суық су, табанының астына сыз тигізген жоқ екен. Отын тергенде қу кодені коп қылып қоса алып келін, табанының астына тосейді екен. Құманды түнде қойнына алып жатады екен. Суга түскен сайын Мейрам:

– Ой, көсегең көгерсін, – деп алғысты коп айтады екен. Бұрынғының алғыс түбі ақ май, қарғыс түбі қара қан дейтіні сондайды көргендіктен айтқан.

Болатқожа-Қаракесек. Ол осе-келе Қаракесек атанады. Ел аузында жүрген түрлі әңгімеге сай, Болатқожа қалай Қаракесек аталғанының үш әңгімесін бермекніз.

1. Бірінші себеп.

Бұл әңгіме Қарқаралы оңіріне жаппай танымал, Қазыбек би өнегесін бүгінгі қазаққа жеткізген марқұм Баймағамбетов Жәкеш ақсақалдан алынған. Әңгімені ешқандай өзгеріссіз, қаз-қалпында беріп отырмыз.

Қуандық марқа туыпты, Сүйіндік ұмытыңқырап кетіп, екі арасы тым алыс, кенже болып туыпты. Қуандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа жарағанда Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны Ұлы жүз – үйсін Өгіз бидің қызы екен дейді. Сонда бұл қызды да жеңгесі ертіп келін, еліпе қайта алмай қалған екен. Нұрпая бәйбіше ертерек өліп, Мейрам сопы бәйбішеден көрген кенже келіні Сүйіндіктің бәйбішесінің қолында болыпты. Ол көп заман бес берекенің басы болып, халқына ұйтқы, құт бәйбіше атанған екен.

Қара-уақ мал еншісі бөлек болып, басқа екен де, жылқы үлеске түспеген екен. Сонда Қуандық жылқыны үлеске салып, енші бөлуге келгенде өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға, қара шаңырақта қалғандарына бір сыбаға депті. Сондықтан Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік күшін көрсетеді. Сен маған жақтасып, жасаққа шығуға жайың бар ма? Сен маған болыссаң, менің өліспей мал бергім келмейді, – дейді. Сонда Болатқожа:

– Жарайды, мен саған болысайын, мына жеңгенді маған қи, содан кейін, оның баласы алтау болмақ түгілі, Жақып пайғамбардың баласындай он екі болса да маған қоя бер, – дейді. Сонымен, Сүйіндік жеңгесін Болатқожаға тигізбекші болып келіседі. Қуандыққа кісі салды:

– Тұрысатын жеріп айтсын, – деп.

Ертең ертемен Қуандық та шығыпты. Болатқожа аттан түсе қалып, жерден жеті шым ойып тастады да атқа мінін алып, Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жығады да, бір шымды алып Қуандыққа жетіп барады:

– Жасы үлкен аға едің, саған қол сермемеймін, – деп, жерге тастай беріпті. Қуандықтың үрейі ұшып, түсі қашып, қорқып тұр екен. «Мына қолындағы шыммен періп қалса, мені жайратады ғой» деп ойлап, қуарып кетіпті дейді. «Қой асығы деменіз, қолыңызға жақса сақа қой, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой», – деп еді. «Біз саған тоқтадық, еншіні өзің бөліп бере ғой», – депті.

Сонда Болатқожа:

– Маған тоқтасаң, ана жайылып жатқан жылқының бір жағын өзің тандап ала ғой. Мен қақ ортасынан жүремін, менің, соңымнан озған жүріндер, – дегенде, Қуандық:

– Мен ана жағын алдым, – дейді.

– Алған жағы Қуандықтікі, қалған жағы Сүйіндіктікі, – деп Болатқожа қақ ортасынан жүрін отеді.

Сонда Сүйіндік Болатқожаға өкпелепті:

– «Мен әдейі сеіі «Аттай қалап, атандай тандап» алып шыққанымда, бұл не қылғаның, көп жағын оған аударып байлап кеттің», – деп.

Сонда Болатқожа айтыпты:

– Сүйек-саяқ сықылды шашылып жатқан жағын ол алды да, ұйытқан қатықтай ұйып жатқан жағы сенде қалды. Бір-ақ айғырдың үйірі артық шығар, ондық ағалығы жоқ па депті. Санай келе, Болатқожаның айтқаны болыпты. Болатқожаның қаракесек атанған жері сол, – деп жазады Мәшһүр Жүсіп бабамыз.

Сүйіндіктен қолқалап алған қатынынан Шұбыртпалы, Шекті туады. Алшын Зортұмақтың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген күннен Қамбар туады. Бір шабыншылықта өз өнерін асырып алған олжа баласы Жалықбас болады. Қыздай алған қатынынан – Ақша, Түйте. Түйтеден – Майқы, Танас. Майқыдан Әлтеке, Танастан Тымырсық, Бөтей. Бұл Бөтейден – Қарашор. Ақшадан Бошан жалғыз туады.

Сарыарқаның тосін мекендеген Қаракесек жұрты – шығыс жағы ұзын аққан Ертіс пен оңтүстік жағы Балқаш, одан әрі Шу бойы, одан әрі Шаш (қазіргі Ташкент) маңы, батысы Есіл атырабына дейін Орта жүздің Қаракесегі орналасқан.

2. Екінші себеп.

Бұл әңгімені Баянауыл тұрғыны Алдабергенұлы Топалберген ақсақал берді. Мәшһүр Жүсіп жазуынан шыққан, бірақ «Ел аузынан» деп жазылған. Ешқандай өзгеріссіз, қаз-қалпында беріп отырмыз.

БОЛАТҚОЖАНЫҢ ҚАРАКЕСЕК АТАЛУЫ

*Жазуға үлкен тарих бастамадым,
Сонда да босқа қарап жата алмадым.
Айтайын Болатқожа атамыздың,
Қалайша Қаракесек аталғанын.
Бай қызын Мейрам сопы алған екен,
Жеңгесі ертіп келіп салған екен.
Аламан жауынгерлік ел алыста,
Қайта алмай жездесінде қалған екен.*

*Емшекте жеңгесінің бар баласы,
Үш адам ертіп келген айналасы.
Біреуі тағзы сондай жас келіншек,
Бірге өскен бай қызының жан жолдасы.
Жете алмай екі әйел де қалып қойды,
Мейрам сопы ойлайды әрбір ойды.
Біз үшін ел-жұртынан айрылды деп,
Жеңгесін ақылдасып алып қойды.*

*Ел енді үш әйелден туған бала,
Аттарын мен айтайын сендер сана.
Ел болды біразырақ Қамбар деген,
Манағы емшектегі келген бала.
Әйелден қыздай алған туды торт ұл,
Қуандық, Сүйіндікпен екі деп біл.
Бегендік, Шегендікпен бұл төртеуі,
Өсіпті ағайынға боп зорлықшыл.*

*Жеңге болған әйелден – Шұбыртпалы,
Туғаннан жалғыздықты ұмытпады.
Төртеуі бәйбішеден бірыңғай зой,
Жалғызды тайша теуіп жуытпады.*

*Сонымен өтіп жатты күндер талай,
Мейрамның екі әйелі қоңілі жай.*

*Екеуі оңашада ақылдасты,
Болады Қарқабаттың жайы қалай?*

*Жігітке ози теңдес берсек не екен,
Болмаса, бірге алысып жүрсек не екен
Сопыға тоқалдыққа мұны алғызып,
Жазғанын не де болса корсек не екен?*

*Екеуі келе жатса Қарқабат та,
Қайтыпты суға барып сол сағатта.
Отырған Қарқабаттың орнын коріп,
Екі әйел қалды сонда бір зажапқа.*

*Дәреті жерді тесіп кеткен екен,
Тереңдік бір қарысқа жеткен екен.
Екі әйел ішін тартып таң қалысты,
Қарқабат шын асыл жан неткен екен!
Екеуі бұдан кейін үйге қайтты,
Сопыға коргендерін келіп айтты.
Осыдан бір асыл зат туады деп,
Мақтады қайта-қайта Қарқабатты.*

*Қор қылма бұл асылды жатқа деді,
Жақсылап тәрбиеле, сақта деді.
Екеуіміз қызғанбалық, тоқалдыққа ал,
Қол жетпес мұндай асыл затқа деді.
Мейрам да қарсылықсыз коне қалды,
Уәдені жарайды деп бере қалды.
Қидырып ақ некесін молдаларға,
Үшінші тоқалдыққа мұны да алды.*

*Рас боп аналардың бұл айтқаны,
Ықылас жүрегімен бір айтқаны.
Жетінші ұрпағынан Қазыбектей,
Данышпан туатынын дәл айтқаны.*

*Күн өтті, жұма өтті, айлар өтті,
Қарқабат буаз болып, бала бітті.
Тоғыз ай, тоғыз күні жеткеннен соң,
Баланың туатұғын күні жетті.*

*Ұл туды күні жетіп Қарқабаттан,
Қарқабат қуанышқа сондай батқан.
«Тоқалды жарылқаса, ұл береді»,
Деген сөз бар емес пе ақиқаттан.*

*Тоқалдың қалжасына құлын сойды,
Қуанып Мейрам сопы қылды тойды.
Ат қойып, азан айтып жұрт жиналып,
Баланың Болатқожа атын қойды.*

*Жасынан ожет болды Болат бала.
Ержетіп, ақыл-есі, кірді сана.
Досқа дос, қасқа қастық істейтұғын,
Адамда бір қасиет келсе шама.
Өзгеше ожет болды Болат бала,
Қамбар мен Шұбыртпалы болса да аға.
Ығысып бәйбішенің тортеуінен
Жүргенде оған болды Болат пана.*

*Болған соң Қуандықтың қоңілі қатал,
Тоқалдың балалары қалай батар.
Бірікті Шұбыртпалы, Қамбар, Болат,
«Аздардың атасы бір» деген мақал.
Торт ұлы бәйбішенің ерте ержеткен,
Тортеуін бәйбіше де еркелеткен.
Тоқалдың екі ұлына зорлық қылып,
Ботенсіп Қамбарды да тентіреткен.*

*Атамыз Мейрам сопы жуас кісі,
Тоқалдан туғандарға бұрады іші.*

*Төртеуі бәйбішеге ырық бермей,
Әкенің ыңғайымен болады ісі.*

*Сонымен күндер өтті, айлар өтті,
Мейрамға олетұғын уақыт жетті,
Тараған алты арыс ел бір озінен,
Атамыз ұзақ жолға сапар шекті.*

*Өсірген кемерінен бір талайдың,
Атамыз жатқан жерің болсын жайлы.
Көрмеген кошесінен жарылқа деп,
Ұрпағы бірнеше мың қолын жайды.*

*Өлген соң Мейрам сопы, балалары,
Ұлғайды бұрынғыдан алалары.
Сыйыспай артындағы мал-мүлікке,
Ашылды араз болып аралары.*

*Қайғыдан қалды қамқор аналары,
Бәрінің Мейрам еді паналары.
Ұстауға балалардың басын қосып,
Келмеді аналардың шамалары.
Бір күні ауыл жетті жайлау жаққа,
Қуандық осы кезде деген шақта.
Азырақ қатты сөзге келіп қалды,
Таласып Болатпенен мінер атқа.*

*Үлкен деп Болат оны сыйламады,
Айылын одан қорқып жинамады.
Болатты сабаймыз деп ашуменен
Баласы бәйбішенің жиналады.
Болат та ашуланды көзі жайнап,
Жиналды мұны көріп ауыл-аймақ.
Қамбар мен Шұбыртпалы жанжал болса,
Болатқа болысуға тұр ыңғайлап.*

*Баласы бәйбішенің өңкей қасқа,
Ержетіп ие болды мал мен басқа.
Аз беріп сыбағалы ениілерін,
Қиянат қылды сонда екі жаққа.*

*Шыдамай бұл қорлыққа Болатқожа,
Қамбар мен Шұбыртпалыны қасына ала.
Бір түнде бар жылқыны айдады да,
Жөнелді қайдасың деп Бетпақдала.*

*Елсізде бір қораға кездеседі,
Азырақ сол қорада коз іледі.
Жылқының қалған сүрлеу ізіменен,
Қуғыншы ертең түсте ілігеді.*

*Қораны соққан екен қара шымнан,
Болат та қорқар емес қуғыншыдан.
Жалма-жан қара шымнан қолына алып,
Қуғыншы ағаларын шыммен ұрған.*

*Қораға қуғандар да жуықтайды,
Болат та шыммен ұрып жуытпайды.
Жылқыға ие болып Қамбар тұрды,
Көрсетті көп қайратты Шұбыртпалы.
Сонымен кешке дейін болды жаңжал,
Қылады кімге опа дүние-мал.
Дәл тиіп лақтырған кесегінен,
Бет-аузы Қуандықтың болды дал-дал.
Бола ма тобелесте жаумен есеп,
Тұра ма ұра бер деп арқа тосеп.
Қолында жау жайрайтын қару болды.
Қораны қалаған шым қаракесек.
...Сол Болат Қарқабаттан бата алыпты,
Ениісін барын талап ат алыпты.
Ағасын қара шыммен ұрып жығып,
Сондықтан Қаракесек атаныпты.*

Би Қазыбек Келдібекұлы арғынды Сарыарқаға шақырыпты. Алдымен өз айналасы келген еді. Кейіннен Қаракесектің басқа аталары бұлардың соңынан ереді. Сонымен, 1728 жылы Қаракесек елі Жиделі-Байсын, Ташкент-Түркістан жақтан көшіп келіп, Далба, Қарқаралы, Қу өңіріне келін қоныстанады. Бұлар келгенде кездескен бұл жақта отырған қалмақпен соғысып, оларды күнгей жаққа қуады. 1748 жылы Қарқаралыға көшіп Бөкей сұлтан келінті. Ол Қаракесек еліне хан болған.

Заманында жыл құсындай ұлан даланы емін-еркін жайлап жүрген қазақ елінің қысқы қонысы осы аталған жайма шуақ өлке болса, жазғы жайлауы – Сарыарқа. Орта жүз баласының Сарыарқаға біржола қысы-жазы орнығуы, Қаз дауысты Қазыбек заманында болған оқиға екеіне және ұлы бидің бұл шешімге келуіне не себеп болғаны жөнінде кейін баяндаймыз. Тек бидің қызы Маңқаннның әкесін жоқтап:

*Сырдың бойын жаратпай,
Мал өсірер орын деп, –
Қазақтың ұлын өрдіріп,
Қоныс әпердің Арқадан, –*
деуінде әңгіме Жиделі Байсынға қатысты екенін білдіреді.

3. Үшінші себеп.

Енді айта кететін ерекше мәселе, Кіші жүз шежіресінде Алшыннан тараған Қадырқожа байдың лақаб аты Қаракесек болып, оның мұрагері Сасықбай да Қаракесек атанған. Сонымен Кіші жүз Алшынның да тармағы шежіреде Қаракесек деп көрсетіледі. Шежіреде: «Алшын ішіндегі Қаракесектің Орта жүз Арғын тайпасының Қаракесек руына қатысы, тарихи байланысы белгісіз. Бұлардың ұрандары мен рулық тайпаларының арасында ұқсастық байқалмайды», делінін келді.

Десек те, Алдабергенұлы Төлепберген айтуы бойынша, осы арада үлкен табиғи байланыс бар көрінеді. Ол былай болыпты: – «Алып анадан туады, Ана үйдің берскесі, Бала үйдің мерекесі», – дегендей, осы қасиетті қызды Мейрам бабамыз өзі алып, артында

қасиетті ұрпақ қалды емес пе? Өз билігі өзінде болды, Қаракесек еліне ұран болды, құт-береке қонды. Міне, осы Қарқабат анамыз Кіші жүз Қаракесек руының қызы болыпты. Одан тараған ұрпақ Қаракесек атаныпты. Ал, бүгінгі күнді алсақ, барша қазақ ішінде анасының атымен аталатын ру-ата жеткілікті емес пе?».

Сүйіндіктен қолқалап алған қатынынан Шұбыртпалы, Шекті туады. Алшын Зортұмақтың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген күннен Қамбар туады. Бір шабыншылықта өз өнерін асырып алған олжа баласы Жалықбас болады. Қыздай алған қатынынан – Ақша, Түйте. Түйтеден – Майқы, Танас. Майқыдан Өлтеке, Танастан Тымырсық, Бөтей. Бұл Бөтейден – Қарашор. Ақшадан Бошан жалғыз туады.

Сарыарқаның төсін мекендеген Қаракесек жұрты – шығыс жағы ұзын аққан Ертіс пен оңтүстік жағы Балқаш, одан әрі Шу бойы, одан әрі Шаш (қазіргі Ташкент) маңы, батысы Есіл атырабына дейін Орта жүздің Қаракесегі орналасқан.

Бес Бошан. Шежіре Қаракесектен Ақша, Түйте деген екі ұл туады дейді. Оларды тарата берсек дүйім ел. Қаз дауысты Қазыбек Ақшаның тұқымы. Тарихтың бізге беймәлім сырлары көп болады, қазақ шежіресінде, әйтеуір, Ақшадан бері одан туған Бошан аты белгілі. Қарқаралы-Қазылықты мекен еткен қалың қаракесектің елін көбінесе Бауыр Бошан деп атайды. Бошаннан бес ұл туады – Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат. Осылардың басын қосып «Бес Бошан» деседі:

*Бошаннан бес ұл туды арыстандай,
Егессе арыстанмен алысқандай.
Жанту, Таз, Байбөрі, Машай мен Манат,
Бәрі де қошқар туған қарыс маңдай.*

(Сағымбек Жұматайұлы шежіресі).

Бошаннан Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат туған дедік. Осы бесеуі өсіп-өніп Бес Бошан атанған. Жантуды Тоқтауыл деп атап кеткен.

Екі ғасыр астасқан, алапат уақытта ел тағдырының тізгінін қолында ұстаған, елі үшін өмір сүрген сайыпқыран кемеңгер бидің тек шежіресін талдап көрейік.

Таздан – Наманай, Бұлбұл. Бұлбұлдың екі қатыны болыпты. Бірінің аты Қаракемиір, екіншісінің аты Құбакемиір екен. Құбакемиірден Алдияр, Күшік, Құдайберді, Шаншар, Үеен туды. Машайдан – Бәйімбет, Бораншы. Бәйімбеттен – Қояныш, Тағай, Дәулет, Керей. Манаттан – Ыдықбай. Одан – Қоянкөз, Торым. Бораншыдан – Қарсұн, Керней. Қаракесек болған соң, өсіп-өнуге келгенде бұған ешкім таласпайды.

Қазақтың Жиделі-Байсын дейтін жері, «кой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын», уайым-қайғысыз өсетін өлке дейтіні осы жоғарыда аталған қоныс, Сыр бойынан арғы жер. Олай болса Дулат ақынның:

*Әуелгі қазақ деген жұрт,
Миығыңды көрсетпей,
Ұстарасыз өскен мұрт.
Емін-еркін ен жайлап,
Өсіп едің Бұқарда.
Сен Бұқарда кезіңде,
Бәтуа бар сөзіңде,
Келелі биің сенімді,
Қара бір халқың кенімді,
Тыныш еді еліміз.
Шаңына малың аунаған,
Дәулетің асып қаулаған,
Тел емес малды соймаған,
Бұқар-ай шәрі дей тұғын
Өскен, өнген жеріміз, –*

деп жырлауы, тегіннен тегін емес екендігі белгілі.

Сөзімізді қазақ шежіресімен бекітейік: «Бұл Ауған жұрты әр рудан құралып жұрт болған ел. Біз білгенде Жиделі Байсын атына қызығып Асан қайғы барған, оның соңынан Қарға бойлы Қазтуған

барған, Орақ-Мамай барған, Телағыс, тама Шора батыр, Кіші жүзден шыққан Өз Едіге барған. Жиделі өзен аты, Байсын тау аты. Тау болғанда тамаша тау: ел қай жерде, мал қай жерде жүргенін жан білмейді. Ел-жұртының көбі қазақ. Байсын-қоңырат атанады. Шаһарлары Балық, Бадақшан. Құндыз-Талқан атанған жерлері болады.

Заманында жыл құсындай ұлан даланы емін-еркін жайлап жүрген қазақ елінің қысқы қонысы осы аталған жайма шуақ өлке болса, жазғы жайлауы – Сарыарқа. Орта жүз баласының Сарыарқаға біржола қысы-жазы орнығуы, Қаз дауысты Қазыбек заманында болған оқиға екеніне және ұлы бидің бұл шешімге келуіне не себеп болғаны жөнінде кейін баяндаймыз. Тек бидің қызы Маңқанның әкесін жоқтап:

*Сырдың бойын жаратпай,
Мал өсірер орын деп, –
Қазақтың ұлын өрдіріп,
Қоныс әпердің Арқадан, –*

деуінде әңгіме Жиделі Байсынға қатысты екенін ескеру керек.

Шаншар абыз. Бабамыз Таздан Наманай батыр мен Бұлбұл туады. Қазыбек бабамыздың:

*Наманай-Бұлбұл атым бар,
Көкарай шалғын жерім бар.
Өріс толы малым бар,
Қонақжайлы елім бар,
Тыныштық сүйген халқым бар, –*

деп таныстыратын ата тегі осы айтулы тұлғалар.

Анығын, әрине, алла біледі, Бұлбұлдың екі әйелі болыпты делінеді шежіреде: Қаракемпір, Құбакемпір. Қаракемпірден Тәңірберді, Қожамжар, Ағым, Кенже, Кетік деген ұлдар туады. Олардан тараған ұрпақтың біразы (Ағым, Кенже, Кетік тұқымдары) Орта жүз баласы Сырдан бері қарай көшкенде Жиделі Байсынды

қимай қалып қойыпты дейді. Кейіннен оларды іздеп барғандар да болған корінеді. Қаракесек ішінде Батшор деген бір үлкен ата бар, Батшордан екі бала туады: Дүйсенбай, Шекшек, екеуі де өсіп-өнген тұқым. Дүйсенбайдан – Ер, Доғалақ, Қожан, Жайнақ туса, Шекшектен – Нұралы, Бикелді, Жанкелді деген аталар тарайды.

Бір заманда Дүйсенбайұлы Жайнақ пен Шекшекұлы Жәнібек ат жалын тартып мінген соң, қисынсыз жерден дау жасап, буынсыз жерден пышақ ұрып, ертеректе ағайын арасында болінін, үлеске тиіп қойған жерді сұраса керек. Ер мен Нұралы би інілеріне «бұл істерің болмайды» деп, келісімін бермеппі. Осыны көңіліне дық алған екі жас жігіт ағаларына окпелеп, ағайынмен ат құйрығын шорт кесісіп Жиделі Байсын қайдасың деп көшіп кеткен. (Шекшек Нұралы би шежіресі).

Бұлбұлдың Құбакемпір деген екінші әйелінен бес ұл: Алдияр, Күшік, Шаншар, Құдайберді, Үсен туады.

Бұлбұлдың екі әйелінен туған балалар бір-бірімен қырғи қабақ болса керек. Бұл жағдайда таяқтың ауыр басы қашанда тоқал балаларына тнетіні заңды ғой. Сол кездерде Бұлбұл бабамыз балаларын шақырып алып, осие т айтып «Бір-біріңе тиіспендер, тату болыңдар, әсіресе мына Шаншардың арты жақсы болайын деп тұр, осы Шаншарды ренжітпендер» деп бәйбіше балаларына қатты тапсырады екен. Ата деген балаға сыншы ғой, ақылмен ойға салып Шаншардың болашағын меңзейді. Қаз дауысты Қазыбек осы аталған Шаншардан тарайды.

Отағасының ретішін корғеннен кейін Қаракемпір бәйбіше озінен туған балаларына:

– «Сендерден бір тілек сұрайын бересіндер ме?» – дейді екен.

Балалары:

– «Ол не дегеніңіз апа, тілегеніңізді береміз», – депті.

Сонда бәйбіше:

– «Сұрағаным сол, сендер мына Құбакемпірдің балаларына тимендер» дейді.

Бәйбіше балалары сыртынан соз берсе де, ішінен оның несі бар, тоқалдан туған балалардың бізден артық қандай қасиеті бар, деп одан сайын ұра береді.

Балалары тілін алмағанын көрген Қаракемпір тағы бір күні «осы Құбакемпірдің ең болмағанда Шаншарына тимендерші, осы баланың басындағы бағы жанып тұр» деп өтініш айтады. Сонда бәйбішенің балалары «тоқалдан туған Шаншарды бізден артық болады деп айтты» деп Шаншарды оңаша алып шығып ұрыпты. Өз сөзіне балалары тоқтамаған соң бәйбіше бір күні ақсақалға «осылай да осылай, мына балалардың арасы жаман, Шаншар үшін қорқамын, бақ жұлдызы басында жанып тұр, балалар бір күні білместік қылып бір зиян келтіреді ау» деп көңілдегі күдігін айтады. Сонда Бұлбұл бабамыз «бұлар бір біріне күн көрсетпеді-ау, мен қарғасам осы шіркіндердің тұқымы құрып кетер, атқан оқ қайтып келмейді, мен үлестерін бөлейін» дейді. Бұлбұл бабамыз бәйбіше-тоқалдың балаларының еншілерін бөліп жатқанда Қаракемпір бәйбіше өз балаларын ренішпен алдына шақырып алып «қолдарынды көтеріңдерші» депті. Ұлдары үлес алатындай қолдарын көтере бергенде сендердің тұқымдарың құрымасын, тұқымың Шаншардың жамауында кетсін, аллауакпер» десе керек. Ертеде қазақ «бидің айтқанын құл да айтады, бірақ ол шіркіннің аузы дуалы емес» дейді екен. Бәйбішенің дұғасы балаларына қона қалыпты. Міне, «Шаншардың өз туыстарынан озатын себебі осыдан екен», деп шежіре баян етеді.

Шаншардың өмір сүрген заманы Еңсеғей бойлы ер Есіммен қатар. XVII ғасырдың бірінші ширегі қазақ елі үшін айтулы уақиғаларға бай уақыт. Оңтүстігінде Бұқар хандығымен бірде бітгісіп, бірде кетісіп тұрса, шығысында қалмақ-ойратпен соғысып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүргенге ұқсайды. Кейде оңтүстігінде ұлы көршісі Бұқармен де, шығыстағы көкжал Жоңғармен де итжығыс түсіп жүрсе керек.

Осының алдында Тәуекел хан Самарқанды алып, Бұқарға ауыз салған. Сол жорықтың дүмпуі Есім заманында әлі басылмаған. Бұқардың Абылайға: Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, Кешегі Еңсеғей бойлы ер Есімді де білемін, Сен оның бір түстігіне де татымайсың, – деп сын айтуында көп мағына бар. Есім заманындағы қазақ рухы, қабілет-күші, өзге ел алдындағы абыройы, XVIII ғасырдың ортасында Ресей мен Қытай арасында айдаһардың

аузындағы қара масадай амалдап жүрген Абылай тұсындағы қазақ тағдырынан жеті есе жоғары болғаны меңзеледі.

Есім заманында қазақ рулары қысқа қоныс қарастырып, Бұқардан оңтүстік-шығысқа (Вахш, Кафирпінған, Сурхандария) қарай малға майлы, адамға жайлы деп барып қонады екен. Одан бері Ташкент, Ферғана өлкесіне де иелік жасап жүріпті. Есім хан билік құрған жылдары Ташкентте – Келді Мұхамед, Әндіжанда – Абылай сұлтан, Қалмақ-торғауытта – Шаһ Мұхамед, Қырғызға қараған Шығыс Түркістанда – Көшек сұлтан, Түркістанда отырған Есім ханды аға танып, бағынышты болса керек.

Ташкенттің билігі 1610 жылдан бері Әз Жәнібектің тұқымы Тұрсын ханның дәрегейінде болды. 1620-шы жылдардағы жылнамалардан аңғаратынымыз, ханның билігі нығайып, әлденген сияқты. Ташкент ірі сауда-саясат орталығы ретінде, Қазақ хандығынан оқшаулана бастағанға ұқсайды. Оның бір белгісі Тұрсын ханмен Бұқар хандығы (Имамқұл хан) арасындағы қарым-қатынастан сезіледі. Тұрсын хан маңындағы елді Қатаған деуші еді (қаңлы), Есім хан қарамағындағы елді көбінесе «Алаш мыңы» деп атайды (үш алаш). Қазақ жеріндегі қос билік тарихы көпке созылған жоқ. 1625 жылы Хиуаның (Хорезм) атақты ханы, әрі тарихшы Әбілғазы Баһадүр өз ағайындарымен жанжалдасып, таққа таласып қазақ жеріне келеді. Бұл әңгіме «Шежіре-түрікте» толық баяндалғандықтан, Ер Есім мен Тұрсын хан арасындағы қарым-қатынасқа қатысты аз ғана үзіндісіне тоқталып өтейік.

«Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым, – деп жазады Әбілғазы Баһадүр хан, – ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын еді, ол Ташкентте тұратын, бір күні Түркістанға келді. Есім хан онымен көрісуге барып, мені қасына ертті. Өзі Тұрсын ханға көрініс қылған соң, қайтып келін, мені қолымнан жетелеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл Жәдігер хан ұлы Әбілғазы, еш уақытта бізге бұл жамағаттан кісі келін, қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл сіздің қызметіңізде болғаны жақсы» деді. Тұрсын хан «жарайды, сенің айтқаның болсын» деп, өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді.

Есім ханға «сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, сіздің ісіңіз мынадай болды, енді рұқсат болса Имамқұлы хан қасына барайын» дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл» деді. Келіп Имамқұлы ханды көрдім. Менің Бұқарға келгенімді естіп, түрікмен кісі жіберді «Әбілғазы келсіп, жат жұртта жүрмесің» депті. Тұрсын хан Имамқұлы ханның дұшпаны еді, ол олған соң Имамқұлы ханның қасында жүрмекке бетім бармады. Имамқұлы хан екі рет Тұрсын ханның қасында жүріп келгенімді есіме салды. Өзбек халқына «мен бұл жұртта тұра алмаспын. Сіздер не айтасыздар?» деп кісі салдым...». Бұл оқиғаны баяндап отырған себебіміз, 1628 жылы Есім хан Ташкентті шапқанда батыр Шаншар бабамыз сол шабуылшылардың жуан ортасында болған. Есім жанында болған Марғасқа жыраудың:

*Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретін,
Жер тәңірісің жатырсың.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Алтын тақта жатсаңда,
Ажалы жеткен пақырсың.
Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есігіңе келіп тұр.
Алғалы тұр жаныңды,
Шашиқалы тұр қаныңды,
Түбінде содан тартарсың! –*

деген жырын алғаш естіген адамның бірі Шаншар абыз екені хақ. Шәкерім қажы жазады: «Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі, Әлі деген, бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріпті, Ташкентті қайта алыпты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң Әлі сарттың жемге байлаған екі атын мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, әкесінің олғенінен

бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсын ханның сарай қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай, елге келіп, елден кісі алып барып, Қызданбике, Әйбике, Нұрбике, Қоңырбике деген, т.б. Тұрсын хан сарайының қыздарын, қанша нөкер қыз һәм жасау, жолдастарымен алып келген соң Әліге бастап барған жүлдесіне кнім, шатыр, сайманымен берген соң, жасау-киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің 8-ші атамыз Кішік пен Мәмбет сопы туыпты», – дейді.

Тұрсын ханның сарайындағы қыздардан Қызданбикені екі сіңілісі Әйбике мен Нұрбикені қосақтап Шаншар алған екен. Бұлар бір әкенің, екі шешенің балалары болыпты. Ә. Бөкейханов өзінің «Родовые схемы казахов Каркаралинского уезда» деген жазуында былай дейді «Қатаған еліне жасалған бір ұлы жорықтан кейін арғынның батырлары қолға түскен қырық қызды оз-ара бөліседі. Оның ішінде Шаншар Әйбике мен Нұрбикені, Қарпық Дәулетбикені, Байбөрі Оразбикені, ал Тобықты руы Қоңырбикені алады. Бұлар Қатаған елінің бек-көсемдерінің қыздары еді».

Орта жүздің кей шежіресінде Дәулетбикені Қанжығалы, Жолбике деген қызды Қаржас алды деген мағлұматтар да бар, Шаншардың бірінші әйелі Қызданбике де Тұрсын хан сарайында болған қыздардың тобынан делінеді. Бірақ, осының бәрін анықтап, нақтылайтын дерек аз.

Қазақ шежіресі Есім-Тұрсын арасындағы оқиғаны жан-жақты және толық сипаттайды. Оның барлығын баяндай беру мүмкін де емес, қажеті де шамалы сияқты. Әңгіменің мазмұнына қарағанда Есім мен Тұрсын арасында серт болған. Тұрсын Күнбатыс Бұқар, Қоқан, Самарқанмен жауласуға мен қарсы тұрайын. Сен Күн шығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертістің суының басынан кір, аяғынан шық деген. Осы уәдеге алданып қалып, қолды соңынан ертіп Есім хан қалмаққа қарсы аттанып кеткен, қырғын соғыстарды басынан кешірген, міпіп жүрген аттарынан айырылып та қалған, бірақ түбі елге аман-есен жеткен. Міне осы кезде Тұрсын хан Есімнің елін шауып олжалап алған екен. Қатаған елінің қырылып кетуіне осы себеп болды. Қазақ ішінде Ер Есімге байланысты:

*Мінгені Есім ханның ала белді,
Бойында Шідертінің қара көрді.
Көрінген сол қараны кер тағы деп,
Аттарын шідер салып қоя берді, –*

деп басталатын дастан-жырлар бар.

Қазақ шежіресі Шаншар бабамызды бірнеше қырынан танытады. Алдымен ол Орта жүздің басты бні. «Қожамберді Ұлы жүзге би еді. Ол олған соң орнына Құдайберді деген баласы би болды. Одан кейін оның баласы Әлібек би болды. Ол кезде қазақтың ханы Есім ханның баласы Салқам Жәңгір еді. Орта жүзде Арғын Шаншар би, Кіші жүзде Алшын Жидебай би болатын» деп баяндайды Ұлы жүз шежіресі.

Екіншіден, Шаншар қол бастаған батыр адам. Есім хан мен Тұрсын соғысында олжалы болуының өзі де тек билігімен емес, батырлығымен де абыройы артқанының айғағы. Шаншар баба – оз заманында жорықта қол бастаған, қиыннан жол тапқан, қас дұшпанның бетін қайтарған абзал азамат, кеменгер абыз. Оның жалпы тұлғалық қызметін ашатын мысал көп.

Үшіншіден, Шаншар бабамыз – Шаншар абыз деген атақпен елге танымал болған адам. «Абыз» деген атақ тек қазақ арасында емес, жалпы мұсылман ішінде білімді адамға беріледі. «Абыз» сөзінің мағынасы «ғұлама», түпкі нұсқасы «хафиз». Ол заманда мұндай атақты Бұқар мен Самарқандтың діни оқу орындарын бітірген, ғалым адамдар ғана иеленген.

Шаншардың бірінші әйелі Қызданбикеден – Алысай (Алсай деп те аталады) туады. Одан Жиенәлі, Таңатар, Қарақұл, Аتكелтір тарайды, ол озінше бір ел.

Шаншардың екінші әйелі Әйбикеден – Келдібек, Жәнібек, Тінібек, Әсірбек туады.

Шаншардың үшінші әйелі Нұрбикеден – Тұрлыбек, Тілеубек (Тілеуке), Бердібек (Бертіс), Ақылбек тарайды. Шаншардың Нұрбике мен Әйбикеден тарайтын тұқымы шешелерінің атымен Әйбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар болып аталады. Бұл да қазақ халқының қоғамдық өмірінен бір ерекше маңызды хабар беретін

дерек: аталарымыздың ана сыйлағанын, қадіріп білгенін көрсетеді. Дәстүрлі тәртіп бойынша әр шешенің баласы бөлек ауыл болып қонады, қазақтың көп әйел алуының өзі шаруашылық жүргізу дәстүрімен сабақтас болып келеді.

Әйбпкенің ең үлкені Келдібек көпке дейін үйленбей жүріпті. Бұл 30-ға тақаған уақытта басқа інілері қатын алып, бала сүйін, өз бетімен үй болып шығып кеткен екен. Олай болған себебін шежіре былай түсіндіреді: Келдібек бозбала шағында түс көреді екен. Түсінде Бұлбұл бабасы аян береді: «Сен әйел алма, әйел баласына назар салма. Күндердің күнінде бір қызға жолығарсың, оның бойы ұзын, оң жағын аяғының аздаған ақсағы бар, оң жақ бетінің құлағының түбінде меңі бар, екі емшегінің арасында алақандай қалы бар қыз. Ә-деп кездескенде, көзіне көзің түскенде самал жел соққандай көзің мен көңілің үйіріле түседі», – деп. Міне, осы себепті Келдібек жүріп қалады.

Қазақтың көшпелі заманы, қаракесек көшеді. Жөнекей Шаншардың көшіне 7-8 түйесі бар, шағын көш келін қосылып, араласып кетіпті. Келдібек бұл не болды деп, көштің алдына қарай шығып, келе жатыр екен, жаңа қосылғандардың ішінен түйе жетелеген бір қызды көреді, көреді де көңілі бұзылады. Қыз да бұған көзін тастап, тесірейе қалса керек. Келдібек сөйлей алмай, сөз бастауға себеп таба алмай әрі өтіп кетеді. Көш келін бір өзеннен өтпек болғанда әлгі қызбен қайта кездесіпті. Қыздың жетелеген түйесінің жүгі ауып кетіп, соның михнатына бола қыз атынан түсіп жүкті басқан екен. Бақылап тұрған Келдібек қыздың сылти басқан аяғына көзі түсіп қалады да қызға келін: «Бұл кімнің көші, кім боласыздар» деп жөн сұрайды. «Біз Кіші жүз елі боламыз» деп жауап алыпты. Осы айтылған әңгіменің кезінде Келдібек қыздың бетіндегі танадай меңді көріп қалса керек. Содан көңілі алабұртып, желдей жүйткіп қуана түседі. Ерулікті себеп қылып Келдібек бір нән қойды сойып, жаңағы елді қонаққа шақырады, сол қонған жерлерінде бір қызды жаңа көршілеріне жіберің, осылай да осылай, Кіші жүздің ақсақ қызының екі емшегінің арасында айнадай қалы болуы тиіс, деп тапсырма беріпті. Ертеңінде белгісі бар екенін естіп, көңілін орнына түсіріп, әкесіне хабар беріпті – «құдалықты сөйлессін, Кіші жүздің

осы қызын аламын», – деп. «Атам Бұлбұл түсімде берген аяны дәл келін тұр, арнаулы белгілері табылды, – дейді. Ол қыздың аты Тоқмейіл екен. Айттырысып алмақ боп жүргенде әке-шешесі: – «Балам-ау, басқа сұлу қыздар тұрғанда, өзі түсі келмеген қыз екен, уәделесіп қойған құда, жегжаттарды қайтеміз?» – дегенде Келдібек:

*Қаймағын тіскен сүттің алдым қалқып,
Аяғы ақсақ болғанмен, ақылы артық.
Көзі қыли болғанмен, сөзі мен ісі түзу,
Сөйлескеннен он бойым кетті балқып», –*

депті.

Шаншар абыз да ерулікке шақырып, еруін бере бастапты. Жөн сұрасып, шаруасын біліпті. Сонда жолаушылар:

– «Біз Кіші жүз деген елденбіз, өз елімізден зорлық көрген соң, Шаншар абызды іздеп келеміз. Бауырын қаппас – деп, Орал тауындай орамы мол жері бар деп келдік, қабылдасаңыз біржола қойныңызға кірдік» дейді. «Біздің іздейтін еліміз, мал жаятын жеріміз жоқ», – деп және айтады.

– Сонда Шаншар абыз айтқан екен:

*«Ер болып туған жігіттің,
Өз кәсібі өзінен,
Малдың өз нәсібі және өзінен.
Елден ел кетсе жұт,
Елге ел қосылса құт.
Дарияны ешкім жалап арам қылмас,
Өтты ешкім үрлеп өшіре алмас.
Бұл айтқан сөздерің дұрыс,
Қарсы отырып қабыл алдық.
Тоскейде малымыз қосылсын,
Тосекте басымыз қосылсын», –*

деп құдалыққа ишара қылып сөз аяқтапты. Сонда қыз әкесі «төрелігін өзің айта бер, аударылмайтын жерден кесе бер, өзің ұнатып шеше бер», – деп таңдауды Шашшардың өзіне салыпты.

Міне Келдібек бабамыз киелі Тоқмейіл анамызға осылай үйленген екен. Кейін бой үйреткен соң «сеің атың неге Тоқмейіл қойылған» деп сұрайды ғой, сонда анамыз айтады екен: «Мен соғым сойған шақта туыппын, сол күні қорада ерте қашқан 12 қой егіз тауыпты, сонда шешеміз ырым көріп, «қой егіз болды, арты сегіз болар» деп Тоқмейіл қойыпты» дейді екен. «Ал енді өзіңіздің атыңызды неге Келдібек қойды – деп келіншегі сұраса, «ол жақ, бұ жақтан келгендер болса ала берсін деп Келдібек қойған» деп атамыз күледі екен.

Тағы бірде құрбы-құрдастары Келдібектің үйінде отырып, оны келемежге айналдыра беріпті. Сонда жаңа түскен жас келіншек әдеппен сыпайы ғана:

*Көзім қыли, жасырмаймын, ақсақпын.
Келдекеңмен сондай тату, жақсы-ақпын.
Татулықтың белгісіндей тамаша,
Бес Бошанды билейтін ұл таппақпын, – депті.*

Сонда әлгілер: – «Бұл теңін адам емес екен, қалжыңды қояйық», – десінті.

Айтқанындай, Тоқмейіл алты ұл тапқан: Қазыбек, Сәдібек, Асан, Үсен, Балапан, Бодене. Ел оларды «Ақсақтың алтауы», деп атап кетінті.

Тоқмейілді халық:

– «Осы шіркін нәсіпті болар, баласын емізгенде екі емшегін артына қайырып тастайды, балалары артынан келін емеді екен», – дейді екен.

Қазыбекті алдына алып уатқанда шешесі былай дейді екен:

*«Айналып, толғанып өсірсем,
Ақсүтімді кешірсем,
Адалдан болар нәсібің,
Тіліңнен болар кәсібің.*

Екінші ұлы Сәдібек туғанда:

– «Осы шіркін ызақор болар, бір емшегімді емгенде, екінші емшегімді тырнап тастайды», – дейді екен. Осы айтқаны айнымай

келіпті. Кейінен Қаракесек пен Қуандық баласы Нұра өзеніне, жайлауға таласып, Қуандық Қаракесекті Нұраға жақындатпаймын деп, Нұра бойындағы ескі бейітті шекара қылып, осы белгі десе, бір түнде Сәдібек бейітті бұзып, бір сайға тасып апарып, орнын тегістеп қой түнетін жіберіпті. Ертеңінде Қуандық жағы дауды жалғастырайын деп келсе бейіт жоқ, сол заманнан бастап Нұра екі елге де ортақ болыпты. Бірақ Сәдібек тұқымында «мола бұзған» деген атақ қалды.

Үшінші ұлы Асан туғанда: – «Осы шіркін данғой болады» – дейді екен. «Олай-бұлай жүгіріп отқа да, суға да түседі», – депті. Асан ержеткен уақытта ауыл болып қымыз ішіп отырғанда құйын соғып, “Асан батыр” бүкіл ауылды дүрліктіріп аттан салып, құйынға қарсы шауыпты. Ол осыдан кейін «Құйын қуған Асан» атанған екен.

Төртінші ұлы Үсен туғанда: – «Осы шіркін кербез болар, үстіпе күйе жұқса кешке дейін жылайды, кейінгі ұрпақтары да кербез болар, сәнқой болар», – дейді екен. Бұған қатысты айтқаны да дәл келеді, күіі бүгіпге дейін Үсен тұқымынан туған жас бала саусағының басы күйе болса, соны жуғанша жылайды дейді.

Бесінші ұлы Балапан туғанда анасы: – «Осы шіркін шешен болады, жылағанда таңдайынан мөр көрінеді», – дейді екен. Айтқандай, 18 жасынан би болып, ауыздыға сөз бермеген жүйрік болыпты. Бұл мөр таңдайлы Балапанның Абылайдың шұбарынан Қаракесектің барымта қууына қатысы бар.

Алтыншы ұлы Бөдене. Бұған анасы: – «Осы балам батыр болар ма екен, емшегімді емгенде сай-сүйегімді сырқыратады, тепкілеп жылағанда бұзау терісінен жасалған қайыс жіпті үзіп жібереді», – дейді екен. Кейін өсе келе, бұл қаһарына жан шақ келмейтін батыр болыпты.

Мәшһүр Жүсіп осы шежіреге қосымша: «Шешелері баласын емізгенде бір емшегін баланың ауызына салғанда, бір емшегін иығының үстіне асып отырады екен. Олай қылмаса, сүті жерге саулап кетеді екен. Асан мен Үсен егіз туған, екі емшегінің сүтін егіз бала тауыса алмаған екен. Қазыбек жалғыз өзі-ақ сүйретпелерін керегінің басына іліп қоятұғын қылады екен», – деп емшекте бала күнінен ырысты екеіне назар аударады.

Сонымен, болашақ қазақ кемеңгер биі Қаз дауысты Қазыбек Келдібек бидің отбасында 1667 жылы қыста, жыл басында туған, деп айтамыз. Бүгінгі Еуропалық күнтізбеге сай осылай болады. Ал, қазақ күнтізбесіне сай есептесек, онда 1666 жылқы жылы, жылдың аяғында туған болып шығады. Біреулер Қазыбек баба қыс басында туды десе, ал енді біреулер – ол ақпанның аяғында (қыстың да аяғында) туған дейді. Қазақта жыл басы наурыз десек, бәрібір қазақша 1666 жылқы жылы туған болып шығады.

Құран Кәрімде: «Адамның туған жылы, айы мен күні оның арғы тағдырына би болады», – деп жазылған. Қазақ құранмен таныс болмаған ерте күннің, ертегі заманның өзінде-ақ сәт пен баққа сенген халықпыз. Бұл туралы Мәшһүр Жүсін былай жазады: «Аспан көкте тұрған Ай, Күн, Жұлдыздардың адам баласына қайтым-қарыз араластығы болады. Қыз алып, қыз берін құдандалығы болмаса да, озға үйір-шүйірлігі мидай аралас. Ұл болсын, қыз болсын, бізден бір бала туған күні – көктегі жұлдыздардан да бір бала туады. Пері деген бір мақұлық бар, онан да бір бала туады. Шайтан деген бір мақұлық бар, одан да бір бала туады. Құдай деген жұрт аузындағы біреу бар ғой, бір періштейі жұмсайды деседі. Осы алтауы жалған дүниенің жүзіне бір сағатта келеді. Осы бала тірі жүрсе, осылардың бәрі бұл баламен маңайлас, бастас жолдастары болады. Осы адамзат сықылды жұлдыздардың да жаманы, жақсысы бар. Жаманын нас жұлдыз дейді, жақсысын сәтті жұлдыз деседі. Бұл туған күндегі туған сәтті жұлдыз болса бақыты талайлы, жұлдызы жоғары болып, басқадан үстем, бөлекше болатындығы сол».

Қаз дауысты Қазыбек би сәтті күнде, сәтті жұлдызда туған жан емес пе?! Ел басына қасырет төнген шақта еліне қорған болған Қазақтың дана билері, еліне пана билері, төрт тірегі, сегіз санаты туралы Балқы Базар жыраудың айтқаны:

*Тәңірі артық жаратқан,
Аузына халқын қаратқан.
Қара қылды қақ жарған,
Алдынан топты таратқан.
Баласын жақсы көрмеген,
Төресін бұра бермеген.*

*Олардың айтқан сөзіне,
Тұла бойың шымырлап,
Сай-сүйегің тебіренген.
Көкірегінде білімнің,
Көзі қайнап бұлақтай,
Қынаға сыймай кернеген.
Әруағыңа болайын,
Ертеңгі атқан орыстың,
Зеңбірегіндей еңіреген.
Тәуке, Төле, Қазыбек,
Әз Әйтеке, би Кебек!*

Балқы Базардың бала Қазыбекті «Тәңірісі артық жаратқан», деуі кейін шындық болып шықты.

Қаз дауысты Қазыбек бидің туған жері Сыр бойындағы қазақтың жайма шуақ өлкесі, ерте замандарда Қорқыт бабаң қобызын аңыратқан, Асан қайғы жел маясымен сан рет кезіп өткен жер. Еңсеғей бойлы ер Есімнің заманы отін, кезек оның ұлы Салқам Жәңгірге тиді. Жан-жақтан анталап жау қысты, «жау жоқ деме жар астында» деген әңгіме шықты. Қазаққа төнген қауіптің көбі қалмақтан келді. Қалмақ пен қазақ ертеден етене араласқан ел, тоскейде малы, тосекте басы қосылған уақыты да, аттандап бірін-бірі шапқан уақыты да бар. Қалмақтың ірі-ірі рулары –торғауыт, хошауыт, дүрбет, чорос деп аталады. Дүрбеттің шыққан тегі ертедегі Уан (Тоғырыл) ханның қарамағындағы керейіт елімен байланысты дегенді мұнғыл шежіресі жыр қылып айтады. Ал, чоросқа келсек, осының алдында ғана Жетісудағы үйсін-дулатпен одақтасып жүрген ел. Елдің санының артуы, мыңғырған мал, Қытайдың салмағы қалмақты тықсырып қоныс іздеуге мәжбүр қылғаны XVII ғасырдың басында.

1625 жылы Тобольскі қаласында Ресей мен Жоңғар елшілерінің кездесуінде мынадай хабарлар бар: «а весною Талай тайша с детьми прикочевали на урочище на Козлык», «наехали они Ирке-Илденю-тайшу по сю сторону Козлыка». Қазылық деген жер өзіміздің Арқа, оның ішінде Қарқаралы өлкесі.

Талай тайшының руы дүрбет болып келеді. Кей деректерде Талай-Баһадүр атымен де жүр. Бұл тайшы Салқам Жәңгірдің қайын атасы, Өз Тәуке ханның нағашы елі. 1635 жылы торғауыт пен дүрбет арасында үлкен соғыс болғанда Жәңгірді біз дүрбет жағында, соның одақтасы есепті көреміз. Қазақтар мен дүрбеттер қосылып Хо-Орлік бастаған торғауыт руын Жемнен асырып, Жайықтан откізіп жібергені XVII ғасырдың 30-шы жылдары.

Салқам Жәңгірдің 1640-шы жылдардағы Батур Қоңтәжіге қарсы соғыстарына дүрбеттер қатысқан жоқ. Чорос пен қазақтар арасында ара ағайындық жасап жүрді, тіпті кейде Батурдың өзіне де қарсылық жасады.

Дегенмен қазақ-қалмақ арасындағы қарым-қатынасты бейбіт деп айта алмайсыз. Батур қоңтәжі іргесін қалаған Жоңғар мемлекеті күннен күнге қанатын жайып, маңайындағы әлсіз коршілерін жыландай арбап, қаршығадай теуін, күшейіп келе жатты. Мемлекеттің күшеюіне, сөз жоқ 1640 жылы өткізілген қалмақтың ұлы жиыны, онда қабылданған заң ережелері (Ихцааз – Ұлы ереже) әсер етті. Күштінің аты күшті, «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» деген, алдыменен Ібір-Сібірдің түркі халықтары, одан кейін Қашғар қалаларының бәрі, одан кейін Жетісу жері Қалмақ қолына кошті. Қазақтың Арқаны тастап онтүстікте біраз уақыт отырып қалатыны осы уақыт:

*Ата қоныс Арқадан,
Басында қазақ ауғанда.
Күзді күнгі нөсердей,
Көздің жасы жауғанда.
Ақтабан болып шұбырып,
Асып асқар таудан да.
Алқа көлді айналып,
Ақ қайыңды сауғанда.
Арысын белден омырып,
Қалмақ тартып барды алды.*

(Дулат Бабатайұлы)

Бұқар жырау бұл оқиғаны «бастапқы ақтабан болғанда», деп толғайды.

1652 жылы қалмақ-қазақ арасындағы кезекті бір соғыстың кезінде Салқам Жәңгір хан қайтыс болды. Бұдан кейінгі жағдайды Шәкәрім қажы: «1652-ші жылдары қазақ көп тұра алмай, ауып, Әмудариясының жағасына Парсының бергі шетіне барды», деп суреттейді. Қазақтың басындағы бақ құсының бір ұшқаны осы заман еді. – «Ендеше Қаз дауысты Қазыбектің туған жері, оскен жері Жиделі Байсын болды деуге себеп бар», – деп тұжырымдайды профессор Ж. Артықбаев.

*Мен айтпаймын, көп ақынның, бірмін деп,
Елден артық, оқығанмын, білімім деп.
Сезінің оңды-солды жүргеннен соң,
Ойлаймын мен, көп пенденің, бірмін деп.*

*Ел қатарлы, оқуды оқымадым,
Шіреніп бастық болып, отырмадым.
Болған соң азды-көпті, төқығаным,
Сыйға тарттым сіздерге, оқырманым.*

*Қоңтәжіні он сегізде созбен қысқан,
Қаз дауысты Қазыбек бабам шыққан.
Қазағымның тарихы қайта түлеп,
Бабаларды бұл дәуір үлгі тұтқан.*

*Қазыбек бабамыз,
Ол біздің данамыз.
Шешендік создерін
Үлгі етіп аламыз.*

*Қу тауындай жер барма далаңызда,
Толге толған сайы мен саламыз да.
Мақтаньшы онердің әуел бастан,
Жүсіпбек пен Айтбайдан кім бар асқан.*

*Өнерпаз елденбіз,
Ән салып бергенбіз.
Туған жер жидегін,
Бәріміз тергенбіз.*

2-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ӨМІР МЕКТЕБІ

Қаз дауысты Қазыбек бидің шыққан арғы тегі – Арғын тайпасының Қаракесек аталып кеткен Болатқожа елі, бергісі – тұтас қазақ халқына аты мәлім Шаншар абыз. Шаншар абыздан Қазыбектің әкесі Келдібек туады.

Шежіре деректеріне жүгінсек, Шаншар абыздың Есім ханның (1598-1645) алдында еңбегі мен беделі ерекше болған, Қелдібектің өзі болса, Қаракесек ғана емес, бүкіл Арғын еліне билік айтар қазы болыпты...

Келдібекұлы Қазыбек бидің өзі туралы ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер мен бидің өзінен жеткен шешендік создер оның оз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр рәсімдерін, ата жолы заңдарын мейлінше меңгерген, озық ойлы, әділ де кореген, батыл да батыр адам болғандығын айқын көрсетеді (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. 5. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 2003. – 457 б.).

Тәуке ханның (1680-1718) Қазыбекті Орта жүздің төбе биі етіп тағайындауына оның осы қасиеттері иегіз болса керек. Қазыбек би әз Тәуке тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел басқарған кезеңдерде хандықты басқару ісіне жиі араласқан, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңестер беріп отырған терең ойлы би болды.

Айтылған тұжырым Сібір губернаторы міндетін атқарушы генерал-майор Фрауендорфтың Ресейдің сыртқы істер алқасына (коллегиясына) 1753ж. 11 наурызда жазған мәлімдеме-хатындағы пікірі толықтыра түседі. Осы деректе: – «Қазыбек би бүкіл Орта жүздегі ең басты биі. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары әрқашанда келін, әртүрлі кеңестер алады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен», – деп жазылған (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках Сб. документов и материалов. Алма-Ата, 1961. С. 648).

Қаз дауысты Қазыбек өмір сүрген талас-тартыс пен дауға толы күрделі заманда оның Қазақ хандығының ішкі саясатында атқарған

қызметінің басты мақсаты – қазақ елінің бірлігі мен ынтымағын сақтап, бір орталыққа біріккен мемлекеттілігін барлық жағынан нығайта түсу болған.

Дүниені түсіне білу қатынасы қашан да уақыт пен дәуір тынысы арқылы айқындалады. Демек, тарихи ірі тұлғаны дәуір туындатады, ал олуақыттан озып, жана дәуірге жол тартады. Сондай тұлғалардың бірқатары XVII-XVIII ғғ. қазақ қоғамында өмірге келіп, елі үшін, жері үшін өмір сүрді. Өз Тәуке хан мен Абылай сұлтанның ел басқарған кезінде жоңғар-қалмақтың шапқыншыларымен күресте қолбасшылығымен аты шығып, Орта Жүздің көсемі болды, ал, кейін келе Қаз дауысты Қазыбек би жалпы халықтық патриоттық күрестің нақты ақылды жаршысы, кемеңгер басшысы болды.

Беделді би атағына талпынған талапкер талай сынақтан сүрінбей өтін, белгілі би-шешендердің батасын алуға міндетті. Демек оның түр-тұрпаты, тұлғасы, қозқарасы, өз-өзін ұстау мәнері жіті бақыланып, билік-әділдік саласынан қойылған сауалдарға берген жауаптары сынға алынатын. Әдетте, талапкерден мәнді де мазмұнды, ұтымды да ұтқыржәне қисынды жауап күтеді. Болашақ бидің өмірлік ұстанымдары мен ар-ождан жайлы түсінігі де қатаң сыналатын. Осы орайда болашақ ел көсемінің жас кезінде алған сабағынан бірнеше мысал келтірейік.

Қазыбектің алған сабағы, өткен өмір мектебі – өз әкесі және сол секілді көненің көздері арқылы алған білімі, өмір тәжірибесі. Шешендік қабілеті ерте байқалған Қазыбек бала, билікке жеті жасынан араласыпты. Өзі әкесін, ұлағатты Тәйгелтір, Әнет бабан секілді ұлағатты билерді үлгі тұтып, солардан тәлім алған.

Қазыбектің би болып қалыптасуына ата-анасы көп ықпал еткен: әкесі Келдібек – белгілі би, ал анасы Тоқмейіл – қазақ ауыз әдебиеті мен дала заңын жете меңгерген ақылды адам, ардақты ана болғаны туралы аңыз да, әңгіме де жеткілікті. Тоқмейіл баласының бойындағы ерекшелікті ерте байқап, ақ батасын берген екен. Би болуды мақсат тұтқан басқа да талапты тұлғалардай Қазыбек те белгілі сынақ сатылармен жүрін өткен.

Ел арасына кең тараған аңыз-әңгімеге сай, Қазыбек бала жеті жасынынан-ақ алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түсе бастап-

ты дейді. Осы жасынан бастап оған ерекше шешендік те біткен делінеді. Десек те, бала Қазыбектің көзге түсе бастауы, әсіресе қалмақ қоңтәжісіне бару мерзімі туралы жазба бірізді емес. Бұл арада шындықты әсірелеу жеңіп тұр. Сондықтан, осы оқиғалар туралы дерек бермекпіз.

Қазыбек бидің жас кезіндегі атаулы төрт оқиғасының мерзімі туралы

1. Бірінші сынақ. Ертеде ас беріліп, бәйге жарыс болып жатқанда, бір құла қасқа жүздеген аттан озып келеді. Қаймана жүрген бір жігіт:

– Мынау менің тай күнінде жоғалтқан бәсірем, – деп, оның шылауына орала кетеді.

Бәйгеге қосып тұрған адам:

– Озімнің құла биемнен туған атым, – деп, оған жеңістік бермейді. Осы арада дау-жанжал туады.

Көпшілік ол екеуін:

– Келдібек биге жүріңдер, – деп ертіп барады.

Келдібек екі жағын сұрастыра келін, не істерін білмей отырып қалады. Сонда әкесінің жанында отырған жеті жасар Қазыбек екі дауғерге қарап:

– Қандай дәлелдеріңіз бар, айтып көріңіздерші? – дейді.

Құла қасқаны бәйгеге қосқан кісі:

– Енесін бір көрсем, одан туған төлді дәл айта аламын, – десе, ал «тай күнінде жоғалтқан бәсірем», – деген жігіт:

– Мал бағып оскен қазақпыз ғой. Енесін көрін толін, толін көріп енесін айнытпай табамын, – депті.

– Олай болса, – дейді Қазыбек бала, – анау көгендеулі тұрған қозы-лақтан, екеуің екі қозы ағытып әкеліңіздер?!

– Екі жігіт, жарайды деп, көгеннен екі қозы жетектеп келеді.

– Енді, – дейді Қазыбек, – екеуіңіз өріске барып, екі қозының енесін танып әкеліңіздер. Екеуі өріске барып, екі саулықты әкеледі.

– Қозыны енесіне салыңыздар – дейді бала.

Ат қосқан жігіт қозысын енесіне салса, әлгі әкелген саулығы жеріп алмайды, қозы да қашады. Ал, «тайында жоғалтқан бәсірем»

деген жігіт қозысын саулыққа салса, енесі ніскелеп, қозыны емізіп тұра қалады.

Сонда Қазыбек атқа иелік етіп жүрген кісіге:

– Ал, аға, мына жігіттің мал танығыштық қасиетіне күмәніңіз бар ма? – деп сұраған екен. Ол томен қарап үндемей қалады.

Сонда Қазыбек көпшілікке қарап:

– Қане, жұртшылық, бұған сіздер қалай қарайсыздар? – дегенде айнала төңіректен тұрғандар:

– Бала дәл шешім айтты, атасына рақмет, бәйге құланы тай күнінде жоғалтқан жігіттікі, – десін тарапты.

Қазыбек атына «Бала би» деген мәртебелі атақты осы айтқан билігінен кейін қосты деп, кәрі құлақ қариялар әңгімелейді. Көшпелі қазақ тұрмысы адамды ерте есейтеді, әлеумет өміріне ерте араластырады. Билік ел алдында айтылады, халық мақұлдаса іске асады, би қанша жерден шешен болса да пәтуасыз сылдыр созға, не қоғам мүддесіне келмейтін шешімге ел құламайды. Ел басшылары мәжіліс құратын, қызмет атқаратын ғимарат-сарайы жоқ жерде халықтан оқшаулану да болмайды. Ауызы дуалы болса сен жассың, сен баласың деп үлкендер де өзінен кішінің ауызынан қақпайды. «Қой асығы деменіз, Қолайыңа жақса сақа қой, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой» дейді, сыртқа теппейді.

Әкесі Келдібектің Телқоңыр деген тайы бар екен, Қазыбекті соған мінгізін, батасын беріп, Тәйгелтір бидің аулына жібереді. «Телқоңырды мін» деуінде бір себеп бар еді. Бір күні Келдібек жылқысын қаптатып келе жатып, қара жал, құла құлықтың іші жер сызып, жылқыға ере алмай, ептеп басып келе жатқанын байқайды: «Мына жануардың ішінде тас бар ма, тұлпар бар ма? Бір құлынды мұнша неге ауырлайды», – дейді.

Күндердің күнінде бие құлындап, құлын биенің мойнына артылып ойнап жүреді. Соны көріп, есіне мына мақал түседі:

Ат болатын жылқы құлынынан белгілі,

Адам болатын бала қылығынан белгілі.

Содан Келдібек жылқышыға:

– Бұған бір құлықтың сүті не болады дейсің, екі биенің сүтін емсін, қызыл тарлан бас сүтті мама бие еді, оның құлынын өздерің сойып жеңдер де, соған теліп жібер, – дейді.

Тумай жатып Келдібектің көзі түскен құлын екі биенің сүтін емгендіктен «Телқоңыр» атаныпты. Тәуке ханның көзі түскенде жеті жасар Телқоңыр, ауыздығын қарш-қарш шайнап, бусанып, еледеп тұр екен, – делінеді. Қазыбектің өзі айтып тұрғандай, ол Телқоңырмен тай жарысына, құнан жарысына қатысқан, енді ат жарысына қатысуға келін тұр, деп тұжырым жасау дұрыс секілді.

2. Екінші сынақ. Бес Мейрам баласы ауылы аралас, бір-бірімен қоныстас, сондықтан Қазыбек баланың да алғашқы танып-білгені, осы елдің игі жақсылары еді. Ол кезде әрбір әке ұлым ел танысын, жер білсін деп, амалын тауып белгілі бір жерге баласын жұмсайды. Немесе бір игі жақсыға «жаныңызда атқосшыңыз болсын», – деп баланы ертін жібереді. Келдібек те осы тәжірибені пайдаланады. 13 жасқа келін, мүшелі жасқа толған Қазыбектің сөзден тәжірибе жинағаны, шебер баулынған қаршығадай откірлігі, білімпаздығы, сұңғыла мінезі Тәйғелтір би мен екі арадағы болған әңгімеден көрінеді. Тәйғелтір Сүйіндіктің ішіндегі атақты әрі ақылды бидің бірі, үлкен атаның баласы, “Айыр тілді” аталған кемеңгер адам.

Жас кезінен сөзге зерек, тілге шешен болып қалыптасып қалған Қазыбек бір күні әкесіне:

– «Осы Тәйғелтір биге барып сәлем берсем қайтеді, сөзін тыңдайын, батасын алайын», – десе керек.

Сонда Келдібек би:

– Балам-ау, ол жасы үлкен, кемеңгер кісі ғой, не деп барасың? Оның алдында сөз таба алмай ұятқа қаларсың, – депті.

Баласы қоярда қоймай жүрін, бірде Телқоңырмен тайға мінін, оншақты жолдасымен Тәйғелтір биге барыпты. Сәлемдесіп отырғанда оның әкесі Келдібекті жақсы білетін сақа би оған:

– «Шырағым, бір бала әкесінен отиі туады, бір бала әкесіне жетін туады, енді бір бала кері кетіп туады. Сен соның қайсысын? – деп, сынап сөз бастайды.

Сонда Қазыбек бала саспай жауап беріпті:

– Әкеме жете туған баласы болармын.

Жарайсың балам, озім де солай шамалап отырмын депті.

Одан әрі Қазыбек бала:

– Ата алысыңыз қандай?

– Алысым жақын болды.

– Тәттіңіз қандай?

– Тәттім шырын болды.

– Несиеніз өне ме?

– Шүкір, несием өніп жатыр.

Осылайша Қазыбек жұмбақтап сұрақ қоя беріпті. Тәйғелтір оған жұмбақтап жауап қайтарып отырыпты. Қазыбек ауылына қайтып келген соң, әкесі оның қасына еріп барған жолдастарынан сұрапты:

– Балам Тәйғелтірмен не деп сөйлесті?

– Екеуі жұмбақтасып сөйлесті, біз түсіне алмадық, – дейді әлгілер.

Келдібек баласынан:

– Кәне, балам, не деп сөйлестіндер? – деп сұрапты.

– Ой, әке-ай, ол шынында терең кісі екен. Шу дегеннен сөзді жұмбақтай сөйледі.

Мен де жұмбақпен жауаптастым: «Жете туған баласысың ба, кете туған баласысың ба?» – деді.

Мен: «Жете туған баласымын», – дедім.

Мен: «Алысың қандай?» – деп қос жанар көзін сұрадым. Ол: «Алысым жақын» – деп, жақыннан көретінін жанарының тая бастағанын айтты.

Мен: «Тәттіңіз қандай? – деп, ұйқысын білмек боп едім, ол кісі: «Тәттім сиреп барады» – деп, ұйқысының қашқанын білдірді.

Мен: «Несиеніз өне ме?» – деп балаларының қалай күтін қарайтынын сұрап едім, ол кісі: – «Шүкір, несием өніп жатыр», – деп, балаларының жақсы күтіп қарайтынын білдірді.

Келдібек баласының терең ойлы әрі тапқыр Тәйғелтір бидің алдынан сүрінбей өткеніне ырза болыпты», – дейді жас кезімізде Баймағамбеттің Жәкеші айтқан аңыз-әңгімеде.

3. Үшінші сынақ. Қазыбек баланың ер жетіп, он төрт жасында өзіне пір тұтқан ұстазы ұлағатты тобықты Әнет бабан болса керек. Бұл туралы ел аузында сақталған тамаша аңыз бар.

Әнет баба мен Қазыбек бидің кездесуі былай болған екен деседі. «Баяғыда Тобықтының бні һәм ғұламасы Әнет бабаң деген кісі Бұқардан оқып, он екі фән ғылымын бітіріп, білім алыпты. Келе-келе бар қазаққа ақылшы болыпты. Ер жеткен Қазыбек бала осыны естіп, әкесі Келдібектің ұйғарымымен Әнет бабаңнан қазақтың ескі жолын әрі шариғат жолын үйренемін деп Телқоңыр құнанына мінін келінті. Бір жаз жанында болып, ескі жол мен шариғат үйренін, күз еліне қайтарда Әнет Бабамен қош айтыса келін, мына сөзді сұрапты:

– Баба! Дүниені не бұзады? Күнә неден шығады?

Сонда Әнет Бабаң ойланып отырып айтыпты:

– Шырағым, «әкім» деген сөз арабша үш әріп, соны екі рет айтса – алты әріп, (акм, акм) болады. Сол 6 әріп 6 ауыз сөздің бас әріптері. Олар мыналар: әйел мен алтын, кек пен кежір (жалқау), мақтан мен мансап, сенің сұраған үш сөзіңнің түбі «акм» деген бір сөз. Осы «акм» дегенді жаттап ал, балам! Адам осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамдықтан да айырылады, күнәға да ұшырайды, – депті.

– Айғақсыз «қасан» дауға бұрынғылар неге бір түйін шешім айтпаған? – деп Қазыбек бала сұрағанда, Әнет Бабаң:

*«Қазақ жолы – қанағат,
Олда жолдан адаспас.
Қасаң дау емі – шариғат,
Бұған ешкім таласпас», –*

деген екен.

Әнет бабаң мен бала Қазыбек арасындағы сұрақ-жауаптан біз оны терең ойлы сөз шебері екенін көреміз. Би мен баланың негізгі толғанған мәселесі қазақтың әдеп-ғұрып заңдарының ережесі мен шариғат тәртібінің арасындағы қарама-қайшылықтың алдын алу, екеуін үйлестірін жіберу еді. Бұл – болашақ ел көсемінің он төрт жастағы алған сабағы еді.

4. Төртінші сынақ. 1681-1683 жж. Жоңғардан аттанған Қоңтәжінің немере інісі Сыбан Рабтан басқарған қалмақтың көп әскері қазақтың оңтүстігін шауыпты, Ташкент-Түркістан маңындағы көрнекті қалалардың көбі қалмақ қолына өтті. Бұл оқиға қазақ шежіресінде «Сауран айналған» деген атпен белгілі. Қазақ қаласының ішінде ең көп қарсылық көрсеткені де, қирағаны да Сайрам қаласы болыпты. Өсы жолғы шабуылдың кезінде тек қала ғана емес, оның маңындағы көшпелі елдің көбі де жау қолына түсті. Сыбан Рабтан қазақ елінің мыңдаған адамын Жетісуға қарай кері қуып, оның ішінен мың үйді арнайы таңдап, Қаратал өзені, Іле бойында отырған Қоңтәжіге сыйға тартты.

Қазақ шежіресі бұл оқиғаны былай түсіндіреді. Бір жылда-ры қалмақ ханы Қоңтәжі қазақтың малын, малымен қоса ұлы мен қызын әкетеді.

Сонда ел азаматтары жиналып:

– «Қызымызды күң, ұлымызды құл қылып отыра алмаймыз»,
– деп соғысқа дайындалады.

Сонда Тәуке хан:

– «Алдымен елші жіберейік, жүз кісіні бастап қаракесек Келдібек қалмақтың ордасына барсын», – дейді.

1684 жыл Келдібектің егде тартпаған кезі (1636 жылы туған), үміт күткен ұлының болашағын ойлады ма, әлде тарихтың қалауы осылай болды ма:

– «Өзімнің орныма балаларымның бірін жіберейін», – деп рұқсат сұрапты.

Содан ауылына келген соң Қазыбекті шақырып алып:

– «Балам, осы сен кімнің баласысың», депті сынамаққа.

Сонда Қазыбек:

– «Өкемнің аты Келдібек, Шаншардың немересімін», – деген екен.

Келдібек тағы да:

– «Балам, ат мінін, атақ алу», – деген немене десе,

Қазыбек тұрып:

– «Ағаларымның атын ерттесем, атым шықпайды ма», – деп әкесіне қарсы сұрақ беріпті.

Әкесі:

– «Сенің ат мініп, тай үйретін жүргенің жақсы ма, әлде ел танып, жер көріп ағаларының соңынан жүргенін жақсы ма?» – деп сұрапты.

Қазыбек сонда:

– «Балалық шіркінді де тастағым келмейді, бірақ үлкендерге еріп ел танып, жер танығаным іс болар», – деп далада бозбалалармен ойнап, ат жарыстырып жүрген жерінен қайтыпты.

Бұл Қазбектің он жетіден он сегізге шыққан жасы кезі еді. Қызы Маңқанның жоқтауында:

*Белгілі шығар Алашқа,
Қоңтәжіге барғаның.
Он сегізде сол күнде,
Қалмақты сынға алғаның, –*

деп жырлауы тарихи дұрыс дерек.

Әкесінің Телқоңыр деген аты бар екен, Қазыбекті соған мінгізіп, бағасын беріп, Кеңгірде Тәукенің ордасына жібереді.

Тағы Келдібектің тауға-тасқа салса қайтпайтын бір жарамды жігіті бар екен. Ат-тонын сайлап, кісісін онға толтырып, сол жігітті Қазыбекке қосып беріпті.

Жүретін кезде:

– Қанша айтқанмен мынау бала ғой, бақылап жүрерсің, – деп баласын бұл жігітке тапсырыпты.

Тәуке ханның көзі ең алдымен кермеде байлаулы тұрған жеті жасар Телқоңыр атқа түсіпті дейді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап, елендеп тұр екен. Содан кейін барып, жанына келін сәлем берген Қазыбектен:

– Сен басшы болғың келе ме, жоқ, қосшы болғың келе ме? – деп сұрапты. Хан сұрағына Қазыбек:

– «Мен ағаларыма атшы болсам да жарар», – депті. – Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын, – деп келдім. Телқоңырға мінін тай бәйгесі мен құннан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім, – дегенде Тәуке қарқ-қарқ күлін:

– Жарайды балам, жарайды, барсаң бар. Атың да жақсы екен, өзің де жақсы екенсің! – дейді.

Сонымен хан:

– «Жүріңдер, мен сендерді біраз жерге шығарып салып қайтайын», – дейді.

*Қоштасарда Тәуке хан:
Ал, азамат жолдарың болсын,
Алдарың олжаға толсын.
Басшыларың Тәйгелтір болсын,
Хандарың Қарқаралы хан Бертіс.
Батырларың Жәнібек болсын,
Атшыларың Қазыбек болсын.
Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар,
Қоп ортасында Қазыбек сияқты,
Кішілердің де сөзін тыңдаңдар, –*

деп батасын беріп, елшілікті жолға аттандырып салыпты.

Тәуке ханның жап-жас жігіт Қазыбекке үміт артуында, елшіліктің басшыларына осыны қайта-қайта тапсыруында үлкен мән бар еді. Оның бірінші себебі – Қазыбектің бірнеше ата бойы тектіліктің қорындай болып келе жатқан шыққан тегі – ұлы Бабасы Мейрам сопыдан бастап, Бошан, Таз, Бұлбұл, Шаншар, Келдібек. Екінші себебі – Қазыбектің өзінің білімі, жас та болса көреген көсемдігі, сөз тапқыш шешендігі. Бұл – Қазыбектің он жетіден асып, он сегіз жасқа тақап қалған кезі, 1684 жылдың жазының ортасы (түрлі дерекке сай, шілденің 25 шамасы). Сол жылы жас Қазыбекті аруақ қолдап, елі құрметтеп, Тәуке хан назарына іліккен кезі еді.

Тәуке хан елшілікті шығарып салып тұрып төбеінің басында иірілген жұртқа тағы да айтты дейді:

– «Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрындар, қалмақтың Қоңтәжі тасып жүрген хан! Қол бастайтын – батыр, жол бастайтын – көсем! Қол бастайтын батыр болу қымбат, жол

бастайтын көсем болу қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің дәрменсіздіктеріңнен болады. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз, атылған оқпен бірдей, кері қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек», – депті.

Сонда Бертіс тұрып:

– Хандық дәуірді басынан өткізген, біз осы жолы суын сүт қылып қайнатпасақ бізден қатын артық, қасықтай қанымызды шыбындай жанымызды салып қорерміз, – деп елшілікті міндетіне алғандай болады.

Сонымен Тәуке хош айтысып қайтып кетіпті, елшілер ілгері жүрін кеткен. Елшілер ұзақ жолдың біраз қиындығын бастан кешіп, суыт жүріп отырып, Тарбағатай тауының таң жағында, Алтай тауының оң жағында отырған хан ордасына барып жетеді. Кешке жақын Қазыбек ордаға барып:

– «Қазақ елінің елшісі келдік, қайда орналасайық?» – деп ханға хабар айтады.

Қонтәжі ордада уәзірлерімен бас қосып отыр екен. Сойыс қылып шығынданбай-ақ боліп-боліп қонақ қылындар, – деп оннан-бестен отырған уәзірлеріне табыс қылады. Сонда Қазыбек: «Менің жүз атым бар, жүз кісі атшым жоқ, атты тарата алмаймын, бір жерден орын берсін», – дейді. Басқасының албарына барлық ат симай, хан өз албарына байлатқан екен. Қазыбек аттарды оннан топтап байлатып, ат үстінде тұрып реттеткен екен. Соны көрген ханның әйелі: – Атқа міпіп жап-жас жігіт те келген бе? – депті. Сол күні кешке хан ордасында уәзірлерін, билерін жиып, ханымын қасына алып кеңесіпті. Сөзді өзі бастап:

– Қазақ халқы бізді қамап келіп жатыр, атқа мінгізіп бір жас баланы да жіберіпті: Тәукенің бізді келеке қылғаны ғой! Менің ойым мынау: келекеге келген қылып, осылардың кісілерін қырып тастап, аттарын жылқыға қоса салсақ қайтеді? – депті.

Сонда ханым тұрып, аты Қарабас екен:

– Хан, ол дұрыс болмас. Қазақ деген қабырғалы қалың ел ғой. «Елшіге өлім жоқ» деген. Жат елдің елшісі келгенде, хандық қасиетінді сақтап, сөзін тыңдау керек. Сен жүз кісіні өлтіріп жайлана алмассың, жүз атты жылқыға қосып бай бола алмассың. Жас ат дегенің тұлпар болып жүрмесін, жас бала дегенің сұңқар болып жүрмесін, байқау керек, – деген екен.

Сонда хан тұрып:

– Олай болса аттарын жылқыға қосыңдар, елшілерді ертең ордаға жинаңдар, өзіме өзі, сөзіме сөзі сай келетін адамы болса оны көрейін, сай келмейтін болса жазасын сол арада берейін, – деп уәзірлерін таратыпты.

Ертеңіне қоңтәжі өзінің бір данышпан сыншы қариясын шақыртып алып:

– Мынау қазақ елшілері келін жатыр, олардың сөзіне есе берсек, сүбемізді суырып кететіні бар ма екен, сен барып осыларды сынап келші, – дейді.

Қария:

– «Жарайды», – деп қолына таяғын алып, көпшілікке келіп әрқайсысымен екі-үш ауыз сөзге келіп, бұлардың ішінен ештеңе таба алмағандай болады.

– «Алыстан келген ел ғой, ат-тоны қандай, сайлы ма екен», – деп аттың ішін аралайды. Аттың ішіне барса, Қазыбек аттың ішінде шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр екен. Екі қолы екі жақта, екі аяғы екі жақта, аузынан жалын атқылап жатыр. Қария баланы ары-бері айналып тұрып қалады.

Осыны ханға айтып барады:

– Мен мынау көпшіліктің ішінен сен шошптындай адам таба алмадым, бірақ мен басқа бір нәрседен шошып келдім, – депті.

– Хан «неден шошыдың?» – дейді.

Сонда Қария:

– Жылқының ішінде бір жас жігіт жатыр, екі аяғы екі жақта, екі қолы екі жақта, құлаш ұрып жатыр екен. Аузынан жалыны атқылап тұр. «Аузым жеткенше сөйлеймін, қолым жеткенше сермеймін, аяғым жеткенше жүремін, төңіректің төрт бұрышына

болса да сөйлесуге жараймын, халықты қара шыбындай аузыма үймелетемін», – дейді.

Сонда хан тұрып:

– Сен де аузыңды басып, ақылыңнан шатасып жүр екенсің. Ол өзі жас болса, өзі аттың ішінде жатса, бұл жолы атына не болып қайтар. Ол ер жетіп сүбемізді суырганша талай өмір отер. Олай болса, бұларды қамап, қаңтармайық, – дейді.

Содан соң олардың ыңғайлы атқа мінгендей, ықшам киім кигендей жігіттері келіп:

– «Сөзге дәмелің қалмаңдар», – деп шақырып келеді.

Жас Қазыбек те аттың ішінде қалмай, үлкен жігіттермен бірге хан ордасына кіріп келеді. Сонда хан ашулы жүзбен, түсін суытып, мұртын тіктейтіп:

– Иә, қазақ неге келдіңдер, айтатындарың болса, айтыңдар, – депті.

Бұлардың басшысы Тәйгелтір би жаратылысында асып айтпайтын кісі екен, «о» дегеннен шарқылдасып, шаңқылдасып қайтеміз деген кісіше:

*– Өгізді өлеңге байладық,
Өрлікті төменге байладық.
Алдияр тақсыр, алдыңа келдік.
Берсең алдық, бермесең қалдық,
Сөзді өзіңе салдық! –*

деп, үш-төрт ауыз тақпақпен сөзіп сыпайы қайырган екен.

Сонда асып тұрған тәкаппар Қоңтәжі хан Тәйгелтір бидің төмендеп сойлеген сөзіне мерейі үстем болып:

– Олай болса, кешке дейін бір жауап қайтарармын, жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да теріс болмас, – депті.

Сойтіп, Тәйгелтір үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді бастап беріп еді, оны хан екі ауыз сөзбен үзіп тастады. Үзілген сөзді жалғап қазақ жағынан ешкім ештеңе дей алмайды. Қазақ-қалмақ таразыға түскендей болды. Қазақ елшілері тығырыққа тығылды. Сонда Қазыбек есік жақта өзінің жігітінің жанында сүйеніп отыр еді, ай-

нала бір қарап, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан атып тұрып, хан Бертіске жетіп барып:

*Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық,
Малдан – малдың несі артық,
Бір-ақ асым еті артық,
Жерден – жердің несі артық,
Бір-ақ уыс шөбі артық,
Міндетіне алған сөзден,
Шегінген жігіттен,
Өлген аюдың өті артық, – дейді.*

Содан кейін, Қоңтәжіге жетіп келіп, қарсы тұра қалып:

– Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат тақсыр! – деді.

Сонда хан:

– «Ой, өзің жөніңді айтшы, атың кім?» – депті.

– Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым Қаракесек, – депті.

– Ал датыңды айтшы! – депті хан.

Сонда Қазыбек:

*– «Біз қазақ деген, мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жасау, баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәмі тұзын ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын, деп тумамайды,
Анадан қыз туса, күң боламын, деп тумамайды,*

Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен қалмақ та, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір де, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз.
Екі еліктің лағын,
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
Қазақ-қалмақ баласы,
Табысқалы келгенбіз.
Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан да, біз арыстан,
Алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желімбіз,
Жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітіміңді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт.
Не тұрысатын жеріңді айт! – депті.

Күтпеген жерден найзағай оғындай жарқ еткен асқақ үннен Қоңтәжі не дерін білмей сасып қалыпты:

– Давууст! Давууст! Өзің жөн білетін бала екенсің, отырған орның қандай томен, былай жоғары шықшы, жоғары! – деп жанына шақырыпты.

Сонда тұрып Қазыбек:

– «Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғаныммен бірдей», – деп жалт бұрылып, орнына барып отырады.

Сол заманда Қазыбектің сөзі ханның басынан асып, хан не дерін білмей қалады:

– Осылардың өздері келгелі әр үйде қонақтап жүр, алыстан келген елші ғой, ашулары бойында тұр екен, қонақ үйге алып барып, бір жерден күтімге алындар, – депті.

Сонда хан нөкерлері.

– «Ал, қазақтар, қонақ үйіне жүріңдер, бір жерден күтім көріңдер, – деп ертін кетіпті.

Қазақ жағы шығып кетеді, қалмақ бірыңғай қалып қояды. Барлық қалмақ жиылып, ханның қасына келін:

– «Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не? – деді.

Сонда хан тұрып:

– Сендер білген жоқсындар. Сөзін оңменімнен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып «тыпыр етші көрейін» деп тұрды. Міпекп, мен содан қатты сескендім. Сендерге корінбегенмен маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, Давууст, Давууст! Сендер олардың малы мен жанын есептеп, алдарына салып беріңдер, – дейді.

«Давууст» сөзінің қазақша мағынасы – Керемет кемеңгер! (қалмақша сөздікте: Давууст! Давууст! – Превосходно! Превосходно! Қараңыз: Русско-калмыцкий словарь. Москва, Интернет арқылы алынды). «Давууст» сөзінің қазақша мағынасын – Керемет кемеңгер! екенін алғаш аңғарған қалмақ тілін білетін ғалым Зарқын Тайшыбай, ал талдап жазған Р. Бейсетаев.

Ал, Қазыбек бала бидің он сегіз жасынан «Қаз дауысты» атауы сол Елшілікті бастап барған Тәйғелтір бимен байланысты әңгіме. Ол – былай.

Сонда, мал-жанын түп-түгел қайырып алып, Тәйғелтір би бастаған, Қазыбек жігіт қостаған елшілер кошкен елдей гулеп жүріп кеткенде, қасында бір топ кісісі бар Қоңтәжі тоналғандай мең-зең болып, тобенің басында қала беріпті.

Қоңтәжіден қайтқан ел қарашаның аяғы – желтоқсанның басында Созақтан Қаратау асып, Түркстанға бет алғанда, олардың алдынан шығып Тәуке хан бастаған елі қарсы алыпты. Аруақ қонған Бала би Қазыбекті «Тәңірім, тіл-қозден сақтай ғор», – деп елі аттан көтеріп алыпты. Бұл туралы профессор Ж. Артықбаев: «Ол

Қазыбек інісінің мақтауын келістірді. Әсіресе Қоңтәжінің алдына барғанда Қазыбектің мысы басып, қалмақтың аузынан ұйқасты сөз шықпай қалғанын қайта-қайта айтып, Қазыбектің аузынан шыққан, шегелеп айтқан нақылдарын тиянақтап ханға жеткізген де, осы Тәйғелтір шешен болды», –деп жазады.

Дегенмен, тарихтың қалауы осылай болған шығар, Тәйғелтір би қалмақтың аузынан шыққан «давууст» сөзінің мағынасын қазақша ұғып, Тәуке ханға, елге «Дауысы қаздың дауысындай қаңқылдап тұрды», деп «Қаз дауысты» қылып айтса керек. Демек, Қоңтәжінің бала Қазыбекке айтқан сөзі: «Керемет», «Керемет кемеңгер» ал, жас Қазыбекті тарих төріне «Қаз дауысты Қазыбек» қылып шығарған өзінің жақын ағасы Айдабол ұлы Тәйғелтір би. Сондай-ақ, қалмаққа барған Елшіліктің нәтижесі туралы Тәуке хан өткізген Хан кеңесінде де осы Тәйғелтір би Бала би Қазыбектің ерен еңбегін толық талдап баяндапты. Сонымен, Қазыбек Бала би он сегіз жасқа толмай Тәйғелтір бидің айтуымен «Қаз дауысты Қазыбек би» болып атанып, қазақ тарихының төрінен лайықты орын алды.

Жас Қазыбектің Тәуке ханға: – «Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім», – деген сөзінен, оның бала кезіндегі кемелденуінің төрт кезеңінің бәрі анық аңғарылып тұр. Кемелденудің төрт сатысынан кейін шын Кемеңгер әрі Көсем болды.

Мал, жанды есептеп, адамын қайтарған хан:

– Мен хан болғалы, басыма бақыт қонғалы ешбір адамға тізе беріп көрген жоқ едім, жығылғанымды білдіріп, сіздерге біраз сый қылайын, – деп бұлардың басшы адамының әр қайсысына бір тоғыздан сый беріпті.

Қазыбекке қарап:

– Жаным, Қазыбек, сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің кемеңгерлігің, сен бұдан былай еліңе «Қазыбек көсем» боласың. Екіншісі – «қос тоғыз жүлдені» саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол! – депті.

Сөйтіп есеп-қисап бітіп, қазақ қайтпақшы болады. Мал мен жанды алдына өрістетіп салып, хан олармен қоштаспақ болды. Содан қош айтысамыз деп бір төбенің басына ніріліп тұра қалды. Сонда қазақтың бір жас жігіті ортаға шығып айқай салыпты:

– «Уа, жиылған халайық, менің айтпағым мынау, – депті, – мен басында қазақтың жылқышысы едім. Жылқы бағып жүріп жылқыммен қоса қалмақтың қолына түстім. Мұнда келгеннен кейін бір уәзір ұрып, тонымды тартып алды, өз ықтиярыммен бермеп едім, сабап тісімді сындырды. Атымды алып жаяу қалдым, тісім сынып, сөзім бұзылды, осыған жиылған көпшілік не дейді екен?» – депті.

Сонда Қоңтәжі тұрып:

– Бұл немене, басында бір бітім болғаннан кейін аяғында еселеп даулай беру дұрыс бола ма? Тон дегенің бір тоқтышақтың терісі шығар, ат дегенің сыртқы түкті, іші боқты бір тай шығар, ал тіс сынса ауыз ішінде, қол сынса жең ішінде емес пе? – депті.

Қазақ, қалмақ таразыға тағы түскендей болып қалады. Ешкім ештеңе дей қоймайды. Сонда Қазыбек бала кейінірек тұр екен, атты борбайға тартып жіберіп, Қоңтәжі ханның қасына жетін келіп:

– «Тісі сынса ауыз ішінде, қолы сынса жең ішінде жүре беру керек деген не сөз! Оның үстіндегі жалғыз тоны жанат емей немене? Аузындағы отыз тіс, болат емей немене? Астындағы жалғыз ат, канат емей немене? Ханның бізбен қарыспай бітіскендігі рас болатын болса, жанатынан айырмай, болатынан майырмай, қанатынан қайырмай алғанын қайыру керек, қазақ қалмақтың сатып алған құлы емес. Бұл да біреудің ардақтап асыраған ұлы. Ерікті ұл көрікті болып қайтуы керек», – депті.

Қазыбек сөйлесе, аруағы асып кетіп, Қоңтәжінің аузына сөз түспейді екен:

– «Мә жанатыңа жанатым», – деп жанат ішігін шешіп береді,

– «Мә, болатыңа болатым», – деп болат семсеріп береді,

– «Мә, қанатыңа қанатым», – деп астындағы қарақасқа тұлпарын түсіп береді.

Өзі ашынып тұрған жігіт осы жолы теңдікке қолы тиетініне көзі жеткеннен кейін, жанат ішікті киіп, болат семсерді асынып, қара қасқа тұлпарға қарғып мініп алып:

– «Ал, менің де дауым бітті, енді хош айтысуларыңызға болады», – депті.

Сонда, мал-жанын түп-түгел қайырып алып, Тәйгелтір би бастаған, Қазыбек жігіт қостаған елшілер көшкен елдей гулеп жүріп кеткенде, қасында бір топ кісісі бар Қоңтәжі тоналғандай мең-зең болып, сол төбенің басында қала беріпті.

Бұл – Қазыбектің он сегіз жасқа тақап қалған кезі, 1684 жылдың жазының аяғы еді. Сол жолы жас Қазыбекті аруақ қолдап, абыройы асып, елі құрметтеп, Тәуке хан назарына іліккен кезі еді. Жалғыз қызы Маңқан бұны былай жырлайды:

*– Батыр жинап, ел шаптай,
Қылыш шауып, оқ атпай,
Ақылыңменен жол тауып,
Қазақтың кегін алғаның!*

Жас Қазыбектің Тәуке ханға: – «Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім», – деген сөзінен оның бала кезіндегі кемелденуінің төрт оқиғасы – төрт сынағы анық аңғарылып тұр.

Бірінші – 1674-ші жылы, 7 жасында әке сынынан өтуі.

Екінші – 1680-ші жылы, 13 жасында Тай бәйгесіне қатысуы – Телқоңыр тайға мінін барып, кемеңгер Тәйгелтір би сынынан өтін, бата алуы.

Үшінші – 1681-ші жылы, 14 жасында Құнан бәйгесіне қатысуы – Телқоңыр құнанға мінін барып, кемеңгер Әнет бабаң сынынан өтін, бата алуы.

Төртінші – 1684-ші жылы, 18 жасында Ат бәйгесіне қатысуы – жеті жасар Телқоңыр атқа мінін барып, асып-тасып жүрген тәкаппар Қоңтәжіні, алдында Тәуке хан айтқандай, өткір сөзбен көндіріп, өткір сөзбен дәлдеп айтып жыққан оқиғасы.

Бұл төрт оқиға – Қазыбек бала өткен қазақтың дәстүрлі сынақ кезеңі әрі ол өткен өмір мектебі еді. Ал, келер 1685 жылы он сегіз жастан жаңа асқан алғыр да тапқыр, кемеңгер де әулие Қазыбек сынды Бала бннің Тәуке хан ұйғарымымен ел билігіне араласқан ұлағатты өмірі басталады.

Қазыбек бала атына «Би» деген мәртебелі атақты осы айтқан билігінен кейін қосты деп кәрі құлақ қариялар әңгімелейді. Көшпелі қазақ тұрмысы адамды ерте есейтеді, әлеумет өміріне ерте араластырады. Билік ел алдында айтылады, халық мақұлдаса іске асады, би қанша жерден шешен болса да патуасыз сылдыр сөзге, не қоғам мүддесіне келмейтін шешімге ел құламайды. Ел басшылары мәжіліс құратын, қызмет атқаратын ғимарат-сарайы жоқ жерде халықтан оқшаулану да болмайды. Ауызы дуалы болса сен жассың, сен баласың деп үлкендер де өзінен кішінің аузынан қақпайды. «Қой асығы деменіз, Қолайына жақса сақа қой, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой» дейді, сыртқа теппейді.

Қазыбектің ең үлкен мектебі өз ауылы, отбасы, әкесінің, бабасының, ел үлкендері-ақсақалдарының үлгісі болуға тиісті. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді, Қазыбекті әулие қылған алдымен сол ұядан алған тәрбие болса керек.

*Жебелей жебе жүзгірген,
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма ?!
Жағаласса жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма ?!
Дулығалы бас кескен,
Ерлердің алдаспанның игі қолы болар ма?!
Өкпесі барда кегі жоқ,
Ер жігіттің ағайыннан игі досы болар ма?!
(Шалкиіз жырау)*

Ауыл ақсақалынан, әкеден-атадан көрген тәрбиемен шектелін қалмай, Қазыбек үлкен өмір мектебіне асықты. Топқа түсін сыналмай, жауға түсін шыңдалмай ел басы болу, билік жолын игеру мүмкін емес:

*Арғымақ ару аттар сескенсе,
Ақ тігердің қарсы алдында жусай ма?!
Өйда көп қазақ жатса,
Белін күміспенен құрсар ма ?!*

*Тәңірі жанын алмаса,
Тау аралап жол салмай,
Тас аралап құс салмай,
Арқаның бауырын қыдырмай,
Арғымақ ару атты арытпай,
Жат елге барып өзін танытпай,
Өзден болмай би болсын.
Атаның батыр туған ұлына,
Өйда жатпақ ұқсар ма?!*

(Шалкиіз жырау)

Сол бір көшпелі заманда Бес Мейрамның баласы және Тобықты мен Қанжығалы елі қысы-жызы бір-бірімен қоныстас болған. Қаз дауысты Қазыбектің алғашқы танысып-біліскені, араласқаны осы Мейрам елінің, корші Тобықты мен Қанжығалы елінің жақсылары еді. Сол кезде ұлым ел танысын, жер танысын деген әке амалын тауып белгілі бір жерге баласын жұмсайды. Немесе бір жақсының соңына «жаныңызда атқосшыңыз болсын», – деп баланы ертін жібереді. Келдібек те осы ерен тәжірибені пайдаланды. Сайып келгенде, жас Қазыбектің өмір мектебі – ел ішіндегі кеменгерлердің үлгі-өиесі. Олардың онегелі өмірі мен ерен еңбегі жастарға өмір мектебі болды, ал бүгінгі ұрпаққа тәрбиелік мәні ерекше. Сондықтан, Тәйгелтір би мен Өнет Баба туралы бірлі-екілі әңгіменің реті келін тұр.

Бота дауы. Айдабол бидің бір баласының коп түйесіне бір кедей жігіттің жалғыз буаз інгені қосылып жүрінті. Бір күні жігіт коруге келсе, түйесі боталаған екен, бірақ соңында ботасы жоқ. Айдаболдың баласының бір інгені мен жігіттің інгенін бір бота емін тұрыпты. Өлген бота кімдікі екені мәлімсіз.

Ақыры Айдаболдың баласы мен әлгі жігіт екеуі ботаға дауласып, жүгініске Айдаболдың озіне барыпты.

Сонда Айдабол жігіттен:

– Шырағым, түйеңе бұрын бота еріп жүр ме еді? – деп сұрапты.

– Ермей жүр еді, ботасы өле беруші еді, – деп жігіт расын айтты.

Сонда Айдабол:

– Е, шырағым, онда өлген бота сенікі, ал тірі бота менің баламдікі екен, дауды қойып, жөніңе бар, – депті.

Жігіт орнынан тұра бергенде, он жеті жасар Тәйгелтір әкесіне былай депті:

*Қара шашың ағында,
Өлеріңнің шағында,
Әділ төре етсеңіз,
Халқың сіздің жағыңда.
Әділдіктен кетсеңіз,
Басқа билер қағынды,
Би қағынса көпшілік,
Қағады бастан бағыңды.
Бастан кетсе бақытың,
Қуарсың елес сағымды,
Сағымды қуып жүргенде,
Қуартарсың жағыңды.
Дәулет құсы ұшқанда,
Соғарсың сонда саныңды.
Өлмей тұрып ертерек,
Ойлашы, әке, қамыңды.
Көріне бұлай бұрылсаң,
Төгер біреу арыңды.
Ар төгіп те, құр тұрмас,
Кетірет қалған, сәніңді.
Жау санасып, ұрыспас,
Алар бір күн, жаныңды.
Көтерілсе көпшілік,
Отқа жағар, тағыңды.
Құмырсқаға жем, қылып,
Илеуге тастар, тәніңді.*

*Ол дүниеге, барғанда,
Сонда халың, мәлім-ді.
Тыңдап тұрып, бір адам,
Айтса жұртқа, жайыңды.
Қисық берген, төреңе,
Шыдамай дәтім, тарылды.
Төрелік бердің, балаңа,
Жігіт саған, не қылды? –*

деп әкесін сөгіпті.

Сонда Айдабол ашуланып елін, елдің билерін жинап алып, баласы Тәйгелтірге шарт қойып:

– Мен қисық төрелік етсем, сен түзеу бер, егер түзеу бере алмасаң, ат құйрығына салып өлтірем, – деп ант етіпті.

Тәйгелтір әкесіне «жарайды» деп, ойланбастан екі інгенді, жалғыз ботаны алдыртып, көпшіліктің көзінше ботаның санына қыл бұрау салдыртыпты. Бота шыңғырып боздағанда, жігіттің түйесі козіен жасын ағызып, боздап келін ботаның үстіне түсіп жатып алыпты. Ал, бидің баласының түйесі күйсеген күйінде, тұрған жерінен де қозғалмапты, бұрылып та қарамапты.

Сонда Тәйгелтір тұрып:

– Міне, әке, көрдіңіз бе, бота кімдікі болды? Тағдыр ылғи ажалды ботаны жігітке жазбаған шығар, – депті.

Би сөзден тосылып, өзінің билігінен ұялып, әрі халықтан именіп, амалсыздан ботаны жігітке беріпті.

Қаз дауысты Қазыбек пен Ақсуат би екеуі бас қосып ақылдасатын бір мәселе болып, бір орынды уағда қып, ел ағасы деп, Әнет бабаң алдына бармаққа сөз байлапты. Аталған күнде Әнет баба аулына келін түсіпті. Қазақтың ел аузына ілігіп жүрген жас билері сәлемдесін, амандасып далада отырғанда Әнет бабаң сөз бастайды.

– Уа, әлеумет, құс ұшса қанаты талатын, ат жүрсе тұяғы күйетін ит арқасы қиян қашық жерден келін отырсыңдар, осы аттың күші қай жерінде? – дейді.

Сонда біреу «аттың күші алдында» дейді, біреу «аттың күші артында», еиді біреу «аттың күші ортасында» дейді.

Әнет бабаң күші ортасында дегенде қалада бір қарады да:

– Аттың күші алдында да болмай, артында да болмай, ортасында болатын себебі қалай? – дейді.

– Бас – басшы, арт қосшы, астында төрт тіреуі бар – ортасы арқалық емес пе? Күш ортасында болатын себебі сол, – дейді соңғы айтушы.

Тағы да Әнет бабаң:

– Бұрынғылар айтқан екен, «би екеу болса, дау төртеу болады», – деп, үш ел үш жаққа тартып, дау бітімі бытырамасқа Төбе би атап қойса қалай болар еді? – дейді.

Оған қауым «дұрыс» дейді. Бірақ, төбе билікке талас туады.

Ұлы жүз: – «Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен ағамыз», – дегенде,

Кіші жүз: – «Біз боламыз, өйткені қара шаңырақтағы кенжелік жолымыз бар», – дейді.

Сонда манағы аттың күші ортасында деген жігіт отырып:

– Аға төреші болмайды, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды, артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да сүйеуі бар, билікті айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық! – дейді.

Сонда Әнет бабаң жігіттерден жөн сұрайды. «Аттың күші ба-сында» деген Ұлы жүз жігіті Төле, «Аттың күші артында» деген Ақсуат, ал «аттың күші ортасында» деген жігіт Қазыбек болып шығады.

– «Қой асығы демендер,

Қолыңа жақса сақа қой.

Жасы кіші демендер,

Ақылы асса аға ғой», –

деген бұрынғылардың айтуы бар еді, уа, жаным, Қазыбек, төбе билікті саған бердік, айтқан сөзіңнің бәрі жоба болсын, – деп Әнет бабаң оң жағына отырғызып, батасын берінті.

Әнет Бабаның қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді. Төсекте жатқан Әнет Баба:

– Бірден онға дейін санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек, сен айтып берші? – деген.

Сонда Қазыбектің берген жауабы:

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз – үш бунақты шідерден шошыған ат жаман.

Төрт дегеніңіз – білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған кісі жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатқа жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толғанғаныңыз.

Он дегеніңіз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Әнет Бабадан тағы бірде Күлтөбеге жиналған ел:

– Баба дүниеде не арсыз, не ғайып, не даусыз, не қадірсіз, не тәтті, не күшті, не жаман? – деп жеті сұрақ қойыпты.

Сонда Баба жеті сауалға үш-үштен қосақтап былай деп, жауап беріпті:

– Үш арсыз бар.

Олар мыналар: ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз.

– Үш ғайып бар.

Олар мыналар: ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып.

– Үш даусыз бар.

Олар мыналар: мінез даусыз, кәрілік даусыз, ажал даусыз.

– Үш қадірсіз бар.

Мыналар: жігіттік қадірсіз, денсаулық қадірсіз, әйел қадірсіз.

«Қадірсіз» дегенде, бұл жерде, Әнет Баба, адам баласы уағында осы үш асыл нәрсенің қадірін білмейді, ес тоқтата келе опынады дегенді айтып отыр.

– Үш тәтті бар.

Олар мыналар: жан тәтті, мал тәтті, жар тәтті.

– Үш күшті бар.

Олар мыналар: ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті.

– Үш жаман бар.

Олар мыналар: нақақ қан тегу, кісі малын нақақ алу, ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Міне, бұдан сақ болындар, – депті.

Жалпы «Жеті жарғымен» қатар, «жеті қазына», «жеті ата», «жеті жұрт», «жеті ғылым», «жеті хақ» деген секілді ұғымның көбі сол Өнет Бабаның есімімен тығыз байланысты.

– «Дүниеде неше түрлі жетім бар», – деп сұрағанда Өнет Баба айтыпты:

– Дүниеде жеті жетім бар. Олар мыналар:

Сөз жетім, ынтаменен, тыңдалмаса,

Бөз жетім, киілместен, тозған болса.

Жер жетім, песі жоқ, қалған болса,

Ел жетім, жақсы басшы, арман болса.

Көл жетім қаз қонбаса, құстар ұшып,

Ер жетім жеке қалса, тізе құшып.

Болмаса замандасым, тойға барма,

Басыңа жалғыздықтың, торы түсіп.

Қазақ «жеті жоқ» деп Өнет Бабаның тұсынан мынаны айтады:

Аспанда тіреуіш жоқ,

Жерде сүйеуіш жоқ.

Таста тамыр жоқ,

Тасбақада тамақ жоқ.

Аққуда сүт жоқ

Жылқыда өт жоқ.

Халқымызда «жеті қазына» деген ұғым бар. Өнет Бабадан «жеті қазынаға нелер жатады» деп сұрағанда, ол кісі мүдірмей жауап беріпті: әйел, ер жігіт, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, алғыр ит.

Соны айтқанда біреу тұрып: – «Баба, қазақта тағы бір мақал бар «Бала белде, қатын жолда», дейді. Ер жігіт әйелді жаудан барып олжалап алады, айттырса қалың малына қырық жылқы айдап апарып береді. Бұл – шығын, қазақта тағы бір мәтел бар: – «Қойнындағы қатынына сенбе, астындағы атыңа сенбе», – дейді. Тағы айтады: – «Атың жаман болса, сатып құтыларсың, қатының жаман болса, қайтып құтыласың». Соған қарағанда, әйелді «жеті қазынаның бірі» деу, дұрыс бола қояр ма екен?

– Әйел жеті қазынаның бірі ғана емес, біріншісі болуға тиіс, – депті Әнет Баба сонда. Дүниедегі барлық тіршілік атаулының анасы – әйел. Сондықтан, оған тіл тигізуге де, қол тигізуге де болмайды. Пайғамбарымыздың өзі әйелдерді қатты құрмет тұтқан. Ал, бірді-екілі ауылдың бейнілауыздары әйел туралы жаман сөз айтар болса, ондайларға тыйым салу керек.

Тобықты Әнет Баба қартайып, жасы 90-ға келгенде ел дауы, жер дауы, жесір дауына көп араласпай, «Кәләм-Шәриф», Қожа Ахмет Иассауи, Сопы Аллаяр, «Нұрна-ма» секілді кітапты оқып, оңаша жатады екен. Қоржын-қоржын кітапты ақтарып, кейде көзінің жасы сақалын жуып жылап алады екен, кейде балаша мәз болып күледі екен. Кейде тұңғыық ойға батып, орнынан тұрып ешкімге ештеңе айтпай, қыр асып қыдырып кетеді екен.

– Әнет Баба, не іздеп жүрсіз, кімді іздеп жүрсіз? – деп сұрапты бірде ауыл сыртында жолығып қалған Қазыбек би.

– Өзімді іздеп жүрмін, шырағым, – деп жауап беріпті Әнет Баба.

Жас Қазыбек ештеңені ұға алмай, аңтарылып тұрып қалыпты.

– Түсінбеңеніңді біліп тұрмын. Өзімді іздеп жүрмін дегенімнің мәнісі мынау, шырағым. Адам баласы Алланың әмірімен жарық дүниеге келгенде пәк, адал, таза күйінде келеді. Әсе келе әрнені көреді, әрнені естиді, жақсыға да, жаманға да бой ұрады. Баяғы пәктігін жоғалтады. Жас ұлғайып қым-қуыт, қызыл-жасыл дүниенің қызығы басылған соң, баяғы адал күйіне қайта оралады. Мен қазір қартайдым. Су жорғаны мнін көрдік, сұлу әйелді

құшып кердік, өзен судай тасып та көрдік, өткел бермес дариядан асып та көрдік – бәрі жалған екен. Еиді маған ештеңенің керегі жоқ. Баяғы күнәдан пәк адал жүрегім керек. Өзімді іздеп жүрмін дегенім осы.

Кейін Қаз дауысты Қазыбек би Әнет Бабадан сөз үйренін, кеңес сұрап, ақыл алу үшін көшіп келін қатар қонып, екі-үш жыл іргелес жүріпті. Бірде Әнет Баба Қазыбек биден:

- Би, сен бұл дүниеде кімге қарыздарсың, – деп сұрапты.
- Аллаға қарыздармын, – деп жауап беріпті Қазыбек би.
- Сосын кімге қарыздарсың?
- Сосын анама. Ол мені жарық дүниеге әкелді.
- Сосын кімге қарыздарсың?
- Атама. Ол мені тәрбиеледі, өсірді, оқытты.
- Тағы кімге қарыздарсың?
- Халқыма. Ол мені қадырыма жетіп котере білді.
- Тағы кімге қарыздарсың?
- Әнет-Баба, Сізге қарсыдармын. Сіз менің көп нәрсеге көзімді аштыңыз, – деп жауап беріпті Қазыбек би.

Өз Әйтеке айтқан сертінен жер дүние қозғалып кетсе де айнымайтын адал, ауыздыға сөз бермейтін шешен, екі иығына екі кісі мінгендей ірі, нар тұлғалы адам екен. Түркістанға, Күлтөбеге билер кеңесіне бара жатып та, кеңестен келе жатып та Әнет бабаға келіпп, сәлем беріп амандасып өтеді екен. Әрі батыр, әрі шешен, әрі көсем, әрі әулие Әйтеке биді Әнет Баба осы қасиеті үшін қатты сыйлайды екен. Сондай сапарының бірінде Әнет Баба өз Әйтеке биге былай депті:

– Әйтекежан, бүгін бір түс көріп ояндым. Сол түсімді саған жорытайын деп отырмын.

– Түсіңізді Жүсіп пайғамбар жорысын. Алла аузымызға сала, біз де білгенімізді айтамыз, құлағым сізде, Баба, – депті.

– Айтсам, мен түсімде мынадай нәрселер көріппін:

Он лақ,

Жиырма қасқыр,

Отыз жолбарыс,
Қырық түлкі,
Елу нокта,
Алпыс ақта,
Жетніс желкілдек,
Сексен селкілдек,
Тоқсан домалақ, –
Бұл не нәрсе болғаны, би інім?
Әйтеке күліпті де былай депті:

– Әй, қасиетіңнен айналайын, Әнет Баба-ай, бәрі дұрыс қой, бірақ, алпыс ақта емес, арқа еді гой, жетпіс желкілдек емес, желкен еді гой, сексен – көркем еді гой, тоқсан – торқа еді гой.

– Әйтекежан-ай, құдай көңіліңді котерсін, – деп Әнет Баба кемсендеп жылап жіберіпті.

Сойтсе, бұл сөздің шешуі былай екен. Әнет бабаның «Он лақ» дегені – «он жаста жарға ойнаған лақтай болдым» дегені, «Жиырма қасқыр» дегені – «жиырмада пышақ тісті, қасқырдай болдым» дегені, «Отыз жолбарыс» дегені – «отызда жолбарыстай қайратты», «Қырық түлкі» дегені – «қырқымда түлкідей айлакер болдым» дегені, «Елу нокта» дегені – «елуде нокталаған аттай болдым» дегені, «Алпыс ақта» дегені – «алпыста ақталған аттай болдым» дегені, «Жетніс желкілдек» дегені – «жетністе күшім кетін, түндіктей желнілдек болдым» дегені, «Сексенде селкілдек» дегені – «сексенде буын-буынымнан әл кетіп, селк-селк етіп, қалтылдақ шал болдым» дегені, «Тоқсанда домалақ» дегені – «тоқсанда оз аяғыммен жүре алмай, домаланып мешел болып қалдым» дегені екен.

Соны әз Әйтеке былай түзеткен көрінеді:

«Әнет баба, Сіз қазақ үшін алпыста – арқа болдыңыз, жетністе – желкенін котерген кемедей болдыңыз, сексенде-ақ сақал-шашыңызбен, асқар таудай басыңызбен коз тартар көркем болдыңыз, тоқсанда – алдың да, артың да жәйлі, жаның да, жүрісің де кең – торқа болып отырсыз» дегені екен.

Әнет бабаның:

– Әйтекежан, көп жаса, – деп рақмет айту себебі осындай құрмет, марапаты үшін екен.

Қазыбек бидің замандасы әрі тағдыры бір әз Әйтеке бидің Хан кеңесінде айтқан бір билігін беріп отырмыз.

Ел ішінде дербес билік құра бастаған, Кіші жүздің басқа руларының мұқтажын елемеген алшын Қаражігіт би мен тама Есет батыр арасындағы жесір дауы, аз рулардың басын қосып, ірілендіру мәселесін қараған, Тәуке хан бастаған Хан кеңесінде айтқан Әз Әйтеке бидің сөзі:

*«Уа, ағайын-туыс халайық,
Өткенге қоз салайық.
Атаның жолы дағды бар,
Содан зибрат алайық.
Жақынды жатқа санайды,
Өз туыстарын білмеген.
Қадірі болмас елінде,
Әділдікті білмеген.
Адасқанның алды жөн,
Қияға соғып қиналар,
Жөнін тауып жүрмеген.
Тату сөзді – дау десе,
Туысқанды – жау десе,
Ел қалмайды бүлінбеген.
Халықтан қол үзбесе,
Халықтың қамын іздесе,
Адаспайды әрқашан.
Бірге болса елімен,
Деген екен бабалар...
Рамадан, Телеуің, Кіші жүздің үлкені,
Арғы тегі белгілі, Арғымақтан тараған.
Кердері, Табын, Таманы қорғап келді Кіші жүз,
Алшыннан боліп оларды, жауып жүрген жаладан.
Жағалбайлы, Керейтің, Құдуармен туысқан,
Қиыншылық заманда олар да күңге жараған.
Құдуардан қос қожа өсіп-өніп қобейген,*

*Байсары, Адай, ұрпағы қосылып оң мен солынан,
Өсы айтылған жеті ру, қай рудан аз еді,
Аталары туысқан, бөлінбей жүрсе тобынан.
Барлығы да бауырлар, қашып келгендер емес,
Өз отанын ойрандап, босып келгендер емес.
Кіші жүздің бәрі алшын, атағы бар жауынгер,
Қызылбастан өңгеріп, алып келген құл емес.*

*Қаражігіт болсаң қайтейін, мініңді көзіңе айтайын,
Еліңе жауды көбейттің, жалғыз ғана бұл емес.
Тама менен Төртқара тату ел еді өз-ара,
Дауластырған оларды, Қаражігіт биге не шара?»*

Әйтеке би бұдан кейін Кіші жүздің ертеден бұзылмай келе жатқан мықты ауызбірлігіне, батырлық дағдысына тоқтапты. «Алшынның қара шаңырағын он екі ата байұлы, алты ата әлім, төрт арыс шөмекеймен бірге көтерісіп келе жатқан тама мен табынды, кердері мен керейтті, рамадан мен телеуді, жағалбайлыны кім бөтен дей алады?» «Жылқыны үркіткен атынан айырылып қалады» деген, бүгін Қаражігіт би таманы танымаса, Есетті елемесе, ертең бұның арты не болады? – деп сөзіп аяқтайды. Бұл жерде «Құдуардан қос қожа» дегені Қыдыр қожа мен Қадыр қожа, бұл екеуі Құдуардың немересі, Алшынның ұлдары.

Хан кеңесі тамаға төртқарадан жесір орнына жесір бергізіп, 40 жылқы айып салып, Есет батырды Жетіруға ру басы етіп сайлапты.

Қазыбек бала жасынан шешендік өнерге бейім өседі. Ол ел арасындағы айтылып жүрген мақал-мәтел, даналық, нақыл сөзді, өткендегі ақын-жыраулардан қалған тақпақ, терме, толғауларды, шешен-билердің ұтымды сөзін есіне сақтап өседі. Қазыбекке, әсіресе, әке тәрбиесі мол әсер етті. Сондықтан, Қазыбек жасынан ел билігіне араласыпты. Ел арасындағы әңгімеде Қазыбек бала жеті жасынынан-ақ алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түсе бастапты, оған ерекше шешендік өнер дарыпты, делінеді.

Қазыбек Әнет Баба бидің алдында әлде неше рет болады. Ол бірде барғанда тоқсан жасқа келін отырған Әнет Баба он түрлі жұмбақ айтады. Әзге билер ол жұмбақты шеше алмағанда, Қазыбек бәрін шешіп береді.

Қазыбек Төле бидің алдында әлде неше рет болады. Ол бірде барғанда тоқсан жасқа келін отырған Төле би он түрлі жұмбақ айтады. Әзге билер ол жұмбақты шеше алмағанда, Қазыбек бәрін шешіп береді.

Осы аңызды тарихи деректермен салыстыра қарасаң, біраз алшақтық, сәйкессіздік кездеседі. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер заманы бір, жастары қатарлас, талай бнлікті бірге өткізген үш рудың бас билері. Олардың бірін жасы үлкен дана би, енді бірін жасы кіші бала би, деп аңыздау шындыққа жанаса бермейді. «Қазақ совет энциклопедиясында» «Төле би 1663 жылы, Қазыбек 1665 жылы туған боп жазылған. Екеуі қатар-құрбы боп шығады. Төле би 93 жасында 1756 жылы, ал Қазыбек 100 жасқа қарағанда 1765 жылы қайтыс болады. Егер осы деректер рас болып, оған сенсек, онда жоғарыда айтылып келген аңыздың бәрі бекер болып шығады. Шындығында, осы дерек те дұрыс емес.

Ел арасындағы аңызға сенсек, Төле би ажал аузында жатқанда ұлдарының біріне: – «Мен өлген соң асаяғымды Әйтеке биге табыс ет» деп аманат қылады. Баласы нөкерлерін ертіп, Әйтеке бидің аулына бет түзейді. Оның әкесінен кіші екенін ескеріп, көңіл сұрар деген ниетпен ауылға кірмей, шетіне уақытша шатыр тігіп аялдайды. Алайда арада бірнеше күн өткенімен, Әйтеке би келе қоймайды. Ақырында олар Әйтекенің ауылына кіріп, арнайы құрылған кніз үйге түседі. Ал Әйтеке бимен кездескен кезде: – «Әкем өлді. Ол сізден жасымен де, атымен де үлкен еді. Сізді соңына ерген інісіндей көрді. Бірақ ғасырлар бойғы қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай маған көңіл айтуға да жарамдысыз», – деп өз өкпе-назын білдіреді. Қаралы қазаға налып отырған Әйтеке би де ойын ортаға салады: – «Әрине, сенің осылай деуге хақың бар. Төле би сенің, сенің ғана емес қалың бұқараның да әкесі болды. Және мен әкенді ерекше қастерлегендіктей қасыңа келіп, қайғыңа ортақтасуым керек те шығар. Бірақ сен бір маңызды жайтты естен шығардың:

– «Сен жетім қалған жоқсың, себебі қасыңда қайғыдан қабырғасы қайысып отырған мен сияқты ағаң бар, ал мен нағыз жетімге айналдым, себебі Төле би қазасына қайғырысып, жұбату айтар ағам жоқ. Осыны ескерсек, салтқа сай көңіл айтып алдымен сен келуің керек еді». Жиналғандар Әйтеке бидің сөзін қолдап, жөн санаған екен.

Әсиет сұраған жастарға Әйтеке би: – «Менің өмірім – өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды», – деп саналы да, саликалы ғұмырын қорытындылап, соңғы сөзін айтыпты, делінеді.

Жазба деректерге сай, Әйтеке би 1722 өліп, ал Төле би 1757 жылы өмірден өткен. Екеуі де кісі қолынан қаза тапты.

Көне жазба деректерге сенсек, 1756 жылы туып, 1763 жылы қайтыс болған үйсін Төле би емес, арғын Төлебай би. Төле бидің Әйтеке мен Қазыбек биден жасы кіші екендігі, ал жолы үлкендігі ескі жазбаларда жиі кездеседі. Мәшһүр Жүсін әулие өлеңін, әңгімесін, жыр дастандарын «бисмилләһир-рахман-рахим», деп бастайды. Ал, насихатында құранды – бұйрық, сүрені – насихат, аятты – ақыл-кеңес, иман – көркем мінез, деп түсіндіреді екен. Сондықтан, Мәшһүр Жүсіптің сөзіне сенуге болады. Ол өзінің «Даналар» өлеңінде былай жазып қалдырған:

*Қазыбек, әз Әйтекедей көсем өткен,
Әлдибек, Айтпай, Майлы, шешен өткен.
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің,
Әз Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен.*

*Оларды бек сыйлаған, үш жүз жалты,
Дана деп, бағалаған, қазақ халқы.
Жақсыны құрметпенен, қадірлеген,
Ежелден, ел-жұртымның, ата салты.*

Енді бір жазуда Төле би Бұқар жыраудан тура үш жас кіші. Төле би жазда Шу бойында жайлауда туған, ал Бұқар жырау жайлауда Есіл-Нұра бойында туған делінген. Елдің әз Тәуке хан айналасындағы жас ұпыларды айтқанда, оларды: әз Әйтеке би,

Қаз дауысты Қазыбек би, көмекей әулие Бұқар жырау, Төле би деп реттеуінде, олардың жасы шамасы туралы дерек жатқандығы. Зерттеушілердің ертеде өткен адамның туған жылын кейде жаңылып, кейде арнайы, тіпті сол адамның өмірі мен қызметін танып білмей жатып, өзінің көңілі ұнаған басқа біреуге апарып атастыруы жалғыз бұл ғана емес, қазақ өмірінің XX-шы ғасырына тән екені бәрімізге белгілі. «Өзім» деудің салдары, ешкімнің жазғаны үшін жауап бермеуінің салдары.

«Өзім» деу, Баба ұрпағынан да шығып жатыр. Мысалы, біздің елдің қолына қалам алған азаматтары Қазыбек биді өздері бүгін тұрып жатқан жерде тұрғызып қойып жүр. Ал, өлген жері, арулап аманат қойылған жері белгілі болғандықтан, «амалсыздан» Далбада қыстап қалған деп жүр. Шындықты жазған профессор Жамбыл Артықбаевты жазғырады.

Оған шағын мысал келтірейік, Шағатай ағамызға қара жер хабар бермесін. Сонымен, баба ұрпағы Шағатай ҚАШЫҚҰЛЫ – экономика ғылымының докторы, профессор, халықаралық Еуразия экономикалық Академиясының академигінің жазбасы.

«Биылғы жылдың Президентіміздің Жарлығы бойынша Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялануына байланысты «Орталық Қазақстан» газетінде «Туған жердің тасы да тіл қатады» («О.Қ.» 21.02.98 ж.) деген мақала да дер кезінде жарық көрген. «Мен сол мақаланың мазмұнына байланысты өз ойларымды ортаға салуды жөн көрдім.

Біріншіден, Жамбыл Омарұлы інімізге қазақтың шоқтығы бнік бні, тек Әз Тәуке тұсында емес, Сәмеке хан мен Абылайдың заманында ата жауы қалмақпен қоса Ресей, Қытай, Бұқар, Хиуа араларында шиеленіскен дипломатиялық қатынастарға белсене кіріскен, өз заманында халықаралық деңгейдегі дипломат, билігімен қоса ер Қазыбек атанған бабамызға байланысты тарихи құжаттар ашып, ел арасында уағыздап жүргеніне рахмет айтамыз.

Екіншіден, фотосуреттің тарихы жарияланған мақаладан көп терең және тарихи шындықтың анық куәсі. Айтарым – сурет қолайсыз нүктеден түсірілген. Сөйтін, сөретастың тұрған жерінің табиғаты назардан тыс қалған. Мақаланы оқып шыққан соң, оның

кей жеріне күдіктеніп, Жамбыл інімізге телефон шалғанда ол: «Ермекбаевқа осы әңгімені қолжазбам жанымда болмай, ойымда қалған жерлерін ғана айтқанмын», – деді.

Үшіншіден, төрт діншек тастың болғаны анық, оның екеуі тік тұрып, үшіншісі уақытқа байланысты құлап, суреттегі екі діншектің түбінде жатыр. Ал, бесіншісі, төрт діншектің үстіне қойылған жалпақ сөретас та (автор айтқандай кереге емес) сол жерде. Төртіншісін 1947 жылы Қаныш Имантайұлының көмекшісі, өзі сол жердің азаматы Жаңалин Нүркен Алматыға Ғылым академиясына машинамен алып кеткен. Қазір ол тас этнографиялық көрмеде экспонаттардың бірі болып тұр.

Осы аталған төрт діншек пен жалпақ сөретасты мақаладағы суреттен құбылаға қарай 50-60 метр жердегі ну орман ішінде сылдырап ағып жатқан бұлаққа төніп тұрған жартастан Қаракемпір руынан шыққан атақты Қарабас палуан кетерін әкеліп орнатқан. Қаракесек ішіндегі Қаракемпір руы бұрынғы Қазыбек би ауданындағы Арқалық тауын мекендеген. Ол жерде қазір Тәттімбет ауылы орналасқан. Ол маңда мақаладағы «Қара бие шоқысы» деген жер атымен жоқ. Жердің шын аты – «Қара шоқы». Мақала авторының жазуы бойынша би атамиздың аманатын қойған жер «Қара бие шоқысының етегінде екен», жаңсақ жазылған. Дәлдеп айтсақ, Қара шоқының етегіне Қаз дауысты Қазыбек сияқты ордалы ауыл сыймақ түгілі қазақтың екі қосын қатар қоятын орын жоқ. Оның үстіне, қол созым жерде жартастас тұрғанда діншек тастарды бес-алты шақырым жерден ешкім тасымас болар.

Реті келгенде айта кеткен жөн. Дәл осындай сурет 1992 жылы «Орталық Қазақстанда» жарияланған болатын. Онда үш діншек тас тігінен тұрған, ал жалпақ сөретас солардың жанында жатқан. Бұл жерде автордың бұл сурет бірінші шыққандай елден сүйінші сұрағаны түсініксіз.

Төртіншіден, Төлеубай ініміздің осы мақалада жазған Далба тауын қаншалықты көргенін білмеймін. Мақалада шындықтан алшақтық көп. Далба таулары Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданынан Павлодар облысының Баянауыл ауданы (Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоздың бұрынғы жер аты) оңтүстіктен

солтүстікке 30 шақырымға, шығыстан батысқа қарай, сөретастың тұрған жерінен шығысқа қарай төрт-бес шақырым жердегі Жаяудың Ақшоқысынан басталып, қазіргі Бұқар жыраудың ескерткішіне дейін 25 шақырым алқапты алып жатыр. Осы аталған 750 шаршы шақырым жерде «Талды бұлақ» та, «Қара бие шоқысы» деген де жерлер жоқ.

Сөретастың тұрған жерін «Сеңкібай қыстауы», «Екі бұлақ құйған» дейді. Бұл бір ауыл ғана сыятын алаң. Батысында ымырасып келіп қосылатын екі бұлақ болса, солтүстігіндегі қалың орманды «Мыңтай тоғайы» дейді.

Төлеубай шырағым, жер атауларын тәтиіштеп отырған себебім: осы қаланың өзінде сол аталған ауылдан шыққан 20-дан астам зиялы азаматтар бар. Одардың ішінде сол сөретастың түбінде бала күнінде асық ойнап, арғы төрт шақырым жердегі Мұрынталға жаяу оқуға барған ғалым Алтын Шәкірұлы Жаңағұловты айтсам да болады. Реті келгенде жер аттарын анықтап кетпесем солардан ұят қой.

Бесіншіден, кім жазса сол жазсын, Қаз дауысты Қазыбек бидің қыстауы Едірей мен Үшқара тауларының ортасындағы кең жазық. Оған дәлел көп. Солардың бір-екеуін айтса да болады. Біріншісі – атамыз Ахмет Байтұрсыновтың «Ақжол» атты кітабының 154-ші бетіндегі мәлімет: «Қазыбек Едірей келсе, онда қанжығалы Абыз Шомақ отыр екен... «Жерің жақсы екен. Маған лайық», – деп, Абыз Шомақты мүйіздеп қуып жіберген. Абыз Шомақ тұқымы осы күі Ертістің батысында Қасқыр қала тұсында». Сонда қалай, Аханның қазақ тарихынан мағлұматы сіз бен Н.Төрехұловтікінен көп төмен болғаны ма? Бидің қыстауының Ахаң айтқандай Едірей тауы екендігі сол маңды осы уақытқа дейін жайлап келе жатқан ұрпақтары және қазақтың тарихшылары мен әдебиетшілеріне айқын.

Солай бола тұрса да сіз шындықты бұрмалап, мақалаңызда «Қазақтың Қаз дауысты Қазыбек бпі қоныс қылған қасиетті қыстауы Теректібұлақ (тағы да Теректібұлақ, Қарағайлы бұлақ емес) осы екен» деп таң қаласыз.

– «Т.Ермекбаев пен Ш.Қашықұлы орынды мәселе көтеріп отыр. Мақалалары бірін-бірі толықтырып, ақиқатын аша түсуге

үлкен септігін тигізді дей аламыз. Шынында да ғазет 1992 жылғы 25 қыркүйектегі санында осы сәретастың фотосуретін Шәкеннің материалдарымен бірге жариялаған екен. Бірақ, ол суреттің сапасы нашар болғандықтан суреттің тағы бір нұсқасын жариялағанмыз артық болмас, ал бұдан алты жыл бұрын көтерілген мәселе ендігі оқырман жадынан шығып та кетті. Сондықтан, мәселені қайыра қозғап, биылғы Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылында бабаларымыздың аруақтарын сыйласақ, сол өңірді қорыққа айналдыру жөніндегі ұсыныс көңілге қонады. Бұл туралы басқалардың да пікірін білгіміз келеді», – деп жазды сол кезде облыстық «Орталық Қазақстан» ғазеті.

Журналист Т. Ермекбаев өз мақаласында келтірілген жер атауы Теректібұлақ, оның Қаз дауысты Қазыбек бидің қыстауы екендігін Қазақтың би-шешендері (Алматы, 1993) деген кітаптан (құрастырушылары Н.Терекұлов пен М. Қазбеков) алғандығын айтып өткен. Онда былай деп жазылған екен: «Қазыбек бабамыз 1764 жылдың желтоқсан айында өзінің қыстауы Теректібұлақ басында 97 жасында дүниедеи қайтқан. Ел-жұрт бірнеше күн аза тұтқан. Әсіресе, қызы Маңқанның жоқтауы ел жадында сақталып қалған» (192 бет) делінін, жоқтау жарияланады.

3-бөлім. ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК – БИ

Ұлы Далада «Би» – қазақ елінің саяси-әлеуметтік тірегі. Би атағы көшпелі қоғамда кеңінен тараған, бұл атау қазаққа дейінгі Дешті Қыпшақ қоғамында да қолданылған. Одан бұрын Алтын Орданың құрамына енген бірқатар түркі халықтарында кездеседі. Бұл атақ мұрагерлік арқылы, қауымның қалауымен бидің бір дарыны мен ақылы сай, тілі мен сөзі сай баласына қалып отырған, немесе ханның беделді адамға айрықша құрмет корсетін, сыйға тартуы нәтижесінде ие болған.

Би – кошпелі қазақ қоғамындағы маңызды әрі мәнді тұлға. Билер қауымы бұқараның көреген көсемі, білгір, білікті басшысы еді. Ел дәріптеген жан қуаттары мен материалдық қасиеттердің барлығы осы билерге, олардың қызметтеріне негізделген. Ал, қоғамдағы дәстүрлі тұрмыс пен күнделікті тірлік шеңберіне сыймайтын жат қылықтар мен жағымсыз әрекеттер белең ала бастаса, билердің бей-берекетсіздігі мен берекесіз қызметі деп есептелетін. Би-қазылардың орны мен ролін, мәртебесін айқындайтын және олардың табиғи заңдылықтай болып кеткен тәртіп нормативтерін реттейтін нормалар жүйесі белгіленген. Әдетте, бұл заңдылықтар тілге жеңіл, еске оңай сақталатын ұйқас түрінде кездеседі. Мысалы:

- *«Елге бай құт емес, би – құт».*
- *«Туғанына бұрганы – биді құдай ұрганы».*
- *«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».*
- *«Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би».*
- *«Ханда қырық кісінің ақылы болса,
биде қырық кісінің ары бар».*

Би-шешенің қазақ қоғамындағы құдіретін дәл бейнелейтін сөзді Әз Тәуке хан (1680-1718 жж. аралығында хандық құрған) айтыпты. Тәйғелтір би бастаған елшілер малы мен жаны үшін Жоңғар хандығына барарда (1684 ж.): – «Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрындар, қалмақтың ханы Қоңтәжі тасып жүрген

хан! Қол бастайтын – батыр, жол бастайтын – көсем! Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдістірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің дәрменсіздіктеріңнен болады. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтарып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек», – деп тілеуін айтыпты.

Ортағасырлық көшпелі қазақтың қоғамдық өмірінде рухани құндылықтардың даму процесі басқа салалармен салыстырғанда біршама ілгері әрі қастерлі еді. Орталық Азияда қазақ халқының саяси-әлеуметтік дамуы барысында дала демократиясының өзіне ғана топ ерекшеліктері мен «адамтану» мәдениеті және тұрмыс қамында осындай салт-сана қалыптасты. Әсіресе Сөз құдіреті мен Әділет күші аса жоғары бағаланатын. Осы құндылықтардың арқасында, мейлі қара халық, ру-тайпа немесе хан-сұлтанның бас қосуы болсын, әйтеуір барлық жерде бар ойын ашық айтуға құқық беретін сөз бостандығы бар болатын. Мұны әлі күнге дейін өз өктемдігін жоймаған «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген киелі сөз дәлелдейді. Қазақтар үшін «өнер алды – қызыл тіл». Сондықтан аталы сөзді аттамай, аталы сөзге тоқтаған адамдарды ел сыйлаған. Ар-намыс пен сөз бостандығы бақ-дәулетпен өлшенбейтін рухани қасиеттер еді. Бұл түсініктер қазақ бойына ана сүтімен берілетін. Мұны «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп айшықтаған. Ал ел ішіндегі елеулі тұлға боп танылатын би-шешендер осы қағиданы мықтап ұстаса, беделдері бнiктей түсетін.

Қазақ халқының өзіндік тарихы, әлеуметтік жүйесі мен құрылымы ұрпақ сана-сезіміне ұлттық құндылықтарды бекіткен. Оның жалпы қасиеттері Отанды сүю, халқын қадірлеу, ізеттілік, дүниеге көзқарас, даналық өсиет пен мәміле, әлеуметтік тәртіп пен тапқырлық, сөздің мәнін ұғу сияқты адамгершілік бейнесіне тоғысқан дәстүрлі ұлттық тәрбиенің қазығын бекітті. Саралап

айтқанда, халқымыздың даналық мектебі, рух философиясының өрісін кеңейтіп байытып отырды. Көшпелі елдің қайталанбас рух болмысы ел басқару, көпшілікті ынтымақта ұстау, бірлікке шақыру, күнделікті тіршілікті реттеуде өнегелі шешім танытты. Бұған би-шешендеріміз ерекше үлес қосқан. Олардың өмірбаяны, дау-дамай мен талас-тартысты шешуде айтқан аталы сөздері жинастырылып ұрпақ игілігіне ұсынылуда. Осы мұраның тарихи, философиялық, психологиялық, тәрбиелік мәні жоғары.

Талай айтыс-тартысты талқылап, тиянақты тұжырым жасау, күрделі дау-дамайдың шырмауын ширататын парасат-пайым таныту немесе қорғаушы, әлде айыптаушы ретінде айғақтар келтірін, асқан шешендігімен өз тарапына жеңіс әкелу немесе би-төреші дәрежесінде даулы жақтарды татуластырып, әділ, әрі бейбіт келісімге көндіру адамға асқан абырой-атақ әкелетін ең мәртебелі іс болды. Бірақ билік айтуды армандау оңай болғанмен, би болу қиынның қияметі еді. Көшпелі қазақтың билік салтының ерекшелігінің сыры осында болатын.

Көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінде, салт-дәстүрі мен жадында «адал би – әділ би» деген қағида берік орын алған. Бұл – сот қызметіндегі кез келген би-қазыға қарасты айтылған сөз. Әлеуметтік-тұрмыстық сала қарабайыр, яғни күнделікті күйбең тіршіліктің шеңберінен шыға алмайтын күйде болғандықтан, би-төрелердің бейбіт уақыттағы қызметі жеке тұлғалар арасындағы шатыс-шатпақтан ғөрі қауым мен топтар арасындағы дау-дамай, пікірталасты тарқатуға негізделетін.

«Адал би – әділ би» – бұл ұран қоғамды басқару ісіндегі басты қағида. Және бұл сөзде сот билігінің серкелері – би-қазылардың бітім-болмысы бейнеленген. Жалпы, адам табиғатының тереңінде жеңіс, атақ-даңқты аңсау құпиясы жатыр. Кезіндегі қазақ қоғамында өздеріне сенген өр мінезді, өжет жастар би болуды місе тұтып, атақты қазының қасынан қалмауға тырысқан, ал баласының болашағын ойлаған ата-ана оның бойынан ерекше қабілет байқаса, би-шешендердің кәсібіне баулитын. Жас баланың бойынан биге қатысты ерекше қасиеттер байқалса, оны дамыту ата-ананың ғана емес, бүкіл әулет пен қоршаған қауымның да міндеті болатын. Дәл

осындай пророчесті қазір де көруге болады, болашағының берекелі болғанын көздеген жастар жаппай білім алуға.

Жас баланың бойына біткен қасиет-қабілетті шамалап, би атына лайық болмысын бағамдайтын басты фактор – ата-ана мен қоғамдық пікір. Би лауазымды мұрагерлікке берілмейтін, бірақ ата-бабасы белгілі би-қазылар болса, баланың да бабасының «өкшесін баса» ел аралап, өсиет-өнегесімен ерте есейетіні және жұртқа танылып, белді биге айналатыны қисынды құбылыс еді.

Би болу қаншалықты мәртебелі болса, соншалықты қиын. Оның данқы туыс-туған, ру-тегінің ғана емес, өзі туған өңірдің де атағын асыратын болған. Сондықтан баланы би-төрелікке тәрбиелеу ісіне ата-анасы ғана емес, барлық ауылдастары ат салысқан. Бұл орайда ел ішінде бәсекелестік те пайда болатын, себебі «би тәрбиелеп шығарды» деген абыройдан кім кенде қалғанды ұнатсын. Ал, бидің дәреже-дәрмені жеке қасиеттері мен қабілеттеріне байланыстытын. Би болу үшін елді қастерлеу, еркін ойлап, шешендік тілде еркін сойлеу және айтыс-тартыста парасат-пайым танытып, ұтымды да, ұтқыр сөз табу қажет. Сонда ғана, ол адамға қазақ жерінің тұтастығын сақтап, үш жүздің бірлігін нығайту сияқты халық мұң-мұқтажын аманат етіп, би сайлаған. Және әулеттік, рулық, қауымдық, қоғамдық мәселелердің бәрін аталмыш мұң-мұқтаж аясында қарастырған. Бұған қатысты, «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген даналық бар. Қалыптасқан дәстүрге сай, ол адамның би болу-болмау мәселесін халық шешетін немесе халық атынан ақсақалдар шешетін болған.

Қазақ баланың болашақтағы адами тұлғасы ана құрсағында қалыптасып, табиғи қасиеттері бесіктегі жәрмеңінен-ақ байқалады деп түсінген. Осы жайында «Болар бала боғынан» деген мақал бар. Және бұл сөз ата-ананың жадында жүретін. Сондықтан бойынан асыл қасиеттер қылтаны байқалатып балаға әке-шешесі мен туыс-туғаны ерекше көңіл бөліп, үлкен үміт артатын. Көшпелілер қоғамы көбі не екі кәсіпті қадір тұтатын: би болу және батыр болу. Хан мәртебесіне Шыңғысхан ұрпағынан тағайындалса, күшті қолбасшы және жекпе-жекте ерекше ерлік көрсетін, ержүрек жауынгер ретінде көзге түскен батырлар жауғершілік заманында

бағаланған. Ал ел арасында тыныштық орнап, азаматтық қоғам құрыла бастағанда және Орта Азия халықтарының сыртқы қарым-қатынастары тұрақталып, бейбіт заман орнағанда қазақ хандығындағы сот билігінің өзектілігі өсіп, би-төрешілердің беделі биіктей түсті.

Баланың тұлғасынан биге қатысты қасиеттер байқалса, оны дамыту ата-ананың ғана емес, бүкіл әулет пен қоршаған қауымның да міндеті болатын.

Дау-дамай мен айтыс-жанжалды жан-жақты талқылап, түйінді тұжырым жасау – қоғамды басқарудың басты белгісі. Бұл қызмет биге жүктелген. Адам тағдыры талқыға түсетіндіктен, аталмыш қызмет әлеуметтік-саяси жағдайларға негізделін, арнайы қабылданған нормалар жүйесімен реттелген. Ал сот билігінің мән-мазмұнын сот-төрешілердің жеке қабілет-қасиеттері межелейтін. Бұл орайда халық «әділет, ар, бірлік» сынды құндылықтарды қастерлеп, қадір тұтқан. Көшпелі тұрмыс кешкендіктен, кейбіреулер, әсіресе еуропалық ғалымдар қазақты кенде қалған деп есептегендіктен, көшпелілердің аталмыш құндылықтарды ұстануы мүмкін еместей көрінер. Алайда, сол замандағы Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақ жайлы осылай ойлау – нағыз надандық пен қараңғылық.

Қаз дауысты Қазыбек кезінде атақты беделді билердің бірі болды. Билер тарихында қазақтың Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, өз Әйтеке бидің орны ерекше. Бұл үшеуін өз дәуірінде ел бірлігін, халық ынтымағын сақтауда, адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтауда зор еңбек сіңірген ханға, ақыл-кеңес берген билердің бий, ұлыстың ұлы бий, бас би, ата би, баба би, көсем би, деп қадір тұтамыз.

Қазақ халқының бұл үш бий ел басына күн туған қиын кезде де, билер кеңесі кезінде де, ел жиналған айт, ас, той тұсында да, жер дауы, жесір дауы, құн дауы, көтерілген жерде де, бірге бас қосып ел тағдырын бірге шешісіп келген. Кейде екі би бір шешімге келе алмай қалғанда, үшіншісі ортадан билік айтып, дауды шешіп отырған. Оған осылардың ішінде жасы ең үлкені әрі әулиесі өз Әйтеке бидің екі шумақ өлеңі дәлел.

Ұлы жүз Төле би мен Орта жүз Қаз дауысты Қазыбектің бір әділ билігіне ырза болған, олардан жасы үлкен эз Әйтеке би көп адам отырған бір жиында:

*– Бүркіт бол, заманыңыз түлкі болса,
Бай болар, кедей жігіт мүлкі болса.
Жақсылардың белгісі сол емес пе,
Қара қылды қақ жарған әділ болса, – депті.*

Ал, өзін ауру меңзеп, өлер шағына жеткенде эз Әйтеке би былай деген екен:

*Қыйын екен жігітке, жұртқа жақпақ,
Жақсы, жаман қоңлін, бірдей таппақ.
Қара қылды қақ жарып, жүрсең-дағы,
Біреу даттап кетеді, біреу мақтап.*

Еңбектің осы бөлімі Қаракесек Қаз дауысты Қазыбектің билік жолына арналған. Ел мен ел арасындағы талас-тартысты шешуде Төле би, Әйтеке бимен бірігіп, Қазыбек би де өз алдына ерекше еңбек атқарды. Ел мен ел арасында туған дау-жанжал туралы халықта біраз аңыз сақталып келеді.

Тарихи деректе, ел шежіресінде келтірілгендей, 1710 жылы эз Тәуке хан «Жеті жарғыны» қабылдаған соң, қайсысы қандай жауап берер екен деп, атақты үш биді сынамақшы болып:

– Дауға билік айтқанда алдымен жасы үлкеннің бастауы, жасы кішінің қоштауы жөн бе, әлде, жасы кіші бастап, жасы үлкеннің қоштауы жөн бе? – дейді.

Сонда Ұлы жүз биі Төле:

– Төбеде тұрған кісі төрт жағын түгел көргенде, төменде тұрған екі жағын, беткейде тұрған бір жағын әрең көреді. Сондықтан жасы үлкенің, оны мен солын, алды-артын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны дұрыс қой, – депті.

Орта жүз биі Қазыбек тұрып:

– Жасы үлкен аға әділ төреші бола алмайды. Себебі, алдында қаймығары жоқ. Жасы кіші інің де төреші бола алмайды. Себебі,

артында қайырылары жоқ. Сондықтан алдында айбынды ағасы бар, артында пменерлік інісі бар, алды-артына қарайлап, билігін абайлап жүргізетін ортаншы бидің төрелік айтуы орынды ғой, – депті.

Ең соңында Кіші жүз бни, әрі жасы кіші Ақсуат:

– Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай, қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай тындырымды інісі болса, қанат-құйрығы сай болып, көңілі жай болып, ағаның алар тынысы болса, інінің міндеті басқару, ағаның реті бас бағу емес пе? – деген екен.

Осы мәжілісті басқарып отырған эз Тәуке хан бнлердің, әсіресе, Кіші жүздің Төбе бни болып жаңа сайланған Ақсуаттың берген жауабына ырза болып, шын ықыласын білдіріпті деседі.

Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек, Әлібек үшеуі ел аралап келе жатқанда жол бойында бір қария жолығады. Қарияға сәлем беріп, Жәнібек мынадай сауал қояды:

– Уа, ақсақал, ауыл берекесі қайтсе кетеді?

Ақсақал сәл ойланып, былай дейді:

– Ауыл ақсақалы шала болса,

Жігіттері алты ауыз ала болса,

Ә десе, мә дейтін.

Жасы үлкеніне жасы кішісі сен десе,

Сол ауылдың берекесі кетеді.

Қаз дауысты Қазыбек тұрып:

– Уа, қария үй берекесі қайтсе кетеді? – дейді.

Ақсақал ойланып, былай дейді:

– Әйелің қабағын түйіп керілсе,

Шай құйып беруге ерінсе,

Ұлың ұрысқа сай болса,

Келінің керіске сай болса,

Қызың сумақай болса,

Сол үйдің берекесі түгел кетеді, –

деген екен қария саспастан.

Әлібек мынадай сұрақ қояды:

– Ия, ақсақал, не жақсы?

Ақсақал мүдірмей жауап беріпті:

*– Атың жақсы болса,
Тіршілікте мінген пырағың.
Балаң жақсы болса,
Жанып тұрған шырағың.
Әйелің жақсы болса,
Досың жаныңа жиналып,
Рахаттанар қоңілің.*

– Ал, не жаман?

*– Атың шабан болса,
Тіршілікте корген азабың.
Балаң жаман болса,
Ғұмырлық корген азабың.
Әйелің жаман болса,
Досың сенен безініп,
Үйіңнен кетер қонағың, – депті.*

Үш би ақсақалдың мағыналы жауабына, тапқырлығына ырза болып, оны ауылдарына ертіп барып, құрметтеп қонақ етін, тон кигізін, ат мінгізін жіберіпті.

Ертеде бір байдың Ақбалық деген жалғыз қызы толықсып бой жеткен шағында, елдегі мырза-серілердің бірін де қаламай, кедейліктен басқа міні жоқ, өз үйінің қойшысы Қозыбаққа ғашық болыпты. Қыз әкесі момындау, бірақ ағалары «бесқасқа» атанған «сен тұр, мен атайындар» екен. Ата-анасы мен жақын туыстары Ақбалықты жылатпай өзінің сүйгеніне қосыпты.

Ақбалық төркінінен түк жасау алмай, қотан шетіне отау тіктіріпті. Бұған намыстанған ру басшылары Қаз дауысты Қазыбекті шақыртады. Қазыбек қызды сынау үшін әдеі бір топ кісімен Ақбалықтікіне келіп, түсе қалады.

Қозыбақ қойын жусатып тастап, үйіне жаңа келген екен. Қазыбек би амандық үстінде Ақбалық сұлуды қағытып:

– Е, қарындас, мәнді сөзден мән шығады, бимәнді сөзден не шығады? Жапалақ аққуды іліпті, одан не мән шығады?! – дейді.

Ақбалық сұлу осы арада мүдірместен:

– Рас, мәнді сөзден мән шығады, мәнсіз сөзден не шығады? Жапалақтың аққуды ілгеніне таңырқайсыз, оның тағы да бір сары-ала қаздан дәмесі бар, – депті.

Қазыбек қыздың қойшыны шын ықыласымен сүйгеніне ырза болып:

*Байлық мұрат емес,
Жоқтық ұят емес,
Теңін тапқанды тегін бер,
Қосағымен қоса ағарсын, –*

деп, намыс қуған ағайын-жұртына тоқтам салып кетіпті.

Қаз дауысты Қазыбек би ел аралап жүріп бір үйге түсіпті. Ерінің үйде жоқтығына қарамастан, әйелі қонақты жақсы күтіпті. Сонда Қазыбек, «Әйелі мұндай, мұның ері қандай екен?» – деп, отырғанда үйіне ері келеді. Қараса, ері ұя бөріктеу ғана адам екен, Қазыбек әзілдеп, жанындағыларына қарап былай депті:

*Жарандар, бұл сөзімнің мәнісі бар,
Мәнсіздің мәндіменен не ісі бар?
Құданың құдіретіне қарап тұрсам,
Жапалақ үйрек алған бір ісі бар.*

*Сонда әйел Қазыбектің сөзіне түсініп қалып:
– Биеке, ол сөзіңнің мәнісі бар,
Мәнсіздің мәндіменен көп ісі бар.
Жапалақ ілген құсын місе тұтпай,
Әлі де қоңыр қаздан дәмесі бар, – депті.*

Сонда Қазыбек әйелге ырза болып:

*Балаң жаман болса,
Корінгеннің мазағы емес пе!
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы емес пе!
Қатын жаман болса,
Бұл жалғанның тозағы емес пе!
Туған балаң жақсы болса,
Тән мен жанның шырағы емес пе!
Мінген атың жақсы болса,
Бұл дүниенің пырағы емес пе!
Алған жарың жақсы болса,
Ағайын мен мейманыңның тұрағы емес пе!* – депті.

Жантай деген бай малшысымен тобелесін, сол төбелесте байдың бір күрек тісі сынады.

Жалшы:

– «Сенен шығамын», – деп ақысын сұрайды.

Бай:

– «Тісімді сындырдың, соның толеуі үшін алдым» – деп ақысын бермейді.

Екеуі Қазыбекке келеді.

Жантай тұрып:

– Мынау менің жалшым еді, озіммен тобелесін, бір күрек тісімді сындырды. Бұның құнын сұрасам бермейді. Жалға жүрген ақымды бер деп жүр, – дейді.

Сонда жалшы тұрып:

– Мен бір тай алмақ болып, Жантайға алты айға жалға жүрдім. Бұл асына жарытпады, мен күшіме жарытпадым. Содан барып тобелес туды, жазым болып күрек тісі сынды, – дейді.

– Байдың аты бай емес пе, ақымды бермейді, үйінен қуады. Би ата, әділдігіңізге жүгінгелі келдім, – деп сөзін аяқтапты.

Бұл дауға Қазыбек мынадай билік айтыпты:

– «Ас адамның арқауы. Жантай асқа жарытпаған соң, жалшыға күш қайдан дарысын. Аш кісі ұрысқақ, деген қазақ, осы төбелестің шығуына өзің себепкер болғансың. Сондықтан мынаның ақысын бер, күрек тісің құнсыз. Еркектің қалған тісі аман болса, бір күрек тістен келер кемшілік жоқ. Ал, әйелдің күрек тісі әрі коркі, әрі жіп қиятын қаруы».

Қазыбек беріде елге белгілі болған кезде екі әйел балаға дауласып, алдына келін жүгінеді.

Әйелдің біреуі:

– Мынау баламды есін білмейтін жас күнінде жоғалттым. Соны мына әйел тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып, сұрасам «өз балам», – деп бермейді.

Екінші әйел тұрып:

– Бала өзімдікі, өзім таптым, мынау босқа жармасып тұр, – депті.

Қазыбек екі әйелдің сөзін тыңдап болып, біраз ойланып отырып қалады. Содан кейін:

– Бірің балаңды жоғалтқаныңды, енді бірің тапқаныңды растап шығарлық мұнда басқа куә жоқ. Сондықтан мұнда мынадай билік еткім келеді, – дейді де, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып қойып, қара балтаны жоғары көтеріп:

– «Екеуіңе қақ боліп беремін, осыған ырзасындар ма?» – дейді.

Сонда балаға не болып жүрген әйел:

– Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да өзімде қалсын, болсең бөл, – деп безеріп тұрып алады.

Ал, баланы таныған әйел:

– Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын, шаба көрмеңіз! – деп безек қағады.

Содан барып Қазыбек:

– Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер, – деп билік айтыпты.

Ойрат пен қазақ бітіміпен кейін тұтқын алмастыру болыпты. Сол кезеңнің тағы бір үлгілі аңызын келтірейік.

Сол жолғы сапарынан туған жерге оралып келе жатқан Қазыбек шағын тобымен жол-жөнекей Қоңырат руының бір жігітінің үйіне қонып қалыпты.

Қонақжай қазақ дәстүрімен қолын қусырып қарсы алып, қойын сойып, құрақ ұшып қымызын ұсынған үй иесінің жүзі сынық, қоңілі күпті коріпінті. Қонақтар әліптің артын бағып, суырыла сөйлеп, сұғына сұрақ қоймапты. Ет пісіп, табакқа түсіп қонақтар алдына келіп те қалады. Сыйлы меймандардың мүшелі сыбағасын турап берген жігіт, енді бір табак етті майдалап кесіп, құрулы тұрған шымылдықты түріп қалып, ағаш төсекте жатқан иттің алдына апарып қойыпты. Қонақтар аң-таң боп, үнсіз отыра берген ғой. Жігіт сыртқа шығып кетіп, үй қасындағы үйшіктен үсті-басы алба-жұлба, мойнына дорба салған, шашы ұйысқан, бет-аузы тырысқан, көзі кіртіген, өні оңған бір әйелді ертіп кіріп, итаяқтағы сүйек-саяқты алдына итере салыпты.

Қазыбек би тіксініп қалып, қолын майлыққа сүртін, кейін шегініп арқасын жүкаяққа сүйеп, қасын қиғаштай кере үй иесіне шаншылып қарапты. Жігіт те түйсіксіз болмаса керек, қолын кеудесіне тосеп, бас иіп, хикаясын бастап кетіпті.

Сойтсе, келіншек жігіттің қыздай айттырып алған әйелі екен. Содан бірер жыл бұрынғы ойрат шабуылында қолды боп кетінті. Қазақ-ойрат бітімінен кейін келіншегіп іздеп барған жігітті некелі жары кеудеден нтеріп, жолатпайды. Тұтқында жүріп тұрмыс құрған ойрат күйеуіне әбден бауыр басып, бәтшағар шіркін бұрынғы қазақ отағасына пысқырып та қарамай қойыпты. «Қолға түскендері тегіс қайтару керек» дейтін Қонтайшы әміріне бас иген ойраттың жігіті:

– «Көнсе, алып кете бер!» – деп мәрттік танытыпты.

Әйелді иликтіре алмай әбден мысы құрыған жігіт:

– «Алыстан әдейі іздеп келіп едім, ең болмаса әудем жер шығарып сал», – деп келіпшекке жалынады.

Амалсыз ілескен әйелді ұзап шыға беріп, мойнына қыл шылыбырды тастап жіберіп, артына қағып салып, іліп ала жонеледі. Ер

жігіттің аты – қанаты. Түнімен құйғытып, таң ата қазақтың жер шебіне жеттім деген мезетте артынан шаң көрінеді. Жарамды атпен қуып жеткен кең жаурынды ойрат күйеу екен. Анадайдан айқайлап, дабылды қағып қалады.

– «Енді бұл әйелді жеңген алар. Кел, бауырым, сенімен аянбай бір ойнайын!» – деп қылышын ала ұмтылады.

Жігіт те аттан қарғып түсін, қарсысына шыға беріпті. Дәл сол кезде әйел жігіттің аяғынан шап беріп, екеулеп жерге алып ұрады. Ойраттың астына түсіп, енді өлгелі қалғанда күшігінен асыраған нті жауын жарып тастапты. Содан бері өмірін сақтап қалған итті қадірлеп, иттік жасаған әйелге итаяқтан ас беріп жүрген екен.

Қаз дауысты Қазыбек ұзақ ойланып отырып, бір кезде қоңыр қаздай қаңқылдаған дауысын төгіпті деседі.

– Жүрекке әмір жүрмейтінін білмей, сен жүректі білекпен жеңбек болыпсың. Құшағына өктемдікпен енбек болыпсың. Сенің өктемдігіне көнбеген бұл айыпты емес, жүрекке ерік бермеген сен айыптысың. Одан соң, бұл әйел басқаны ұнатқаны үшін емес, жауыңа болысып, сені құлатқаны үшін айыпты. Сонымен айыпты айып жусын да, ашуды ақыл қусын. Бұл әйел төркінін тапсын. Сен өзің өштіктен босап, еркіндік тап, – деп кесік кесіпті, би бабамыз.

Ілгеріде жоғарғы ел мен төменгі елді құрғақшылық жайлап, ұлы жүз жылысып төменге, кіші жүз жылысып жоғарыға көшіп, үш жүздің баласы орта жүздің жерін жайлаған екен. Келер жылы жұт біткен соң, ұлы жүз көшіп өз жеріне кетеді. Бірақ кіші жүздің бір жігіті ұлы жүздің бір келіншегін жолсыз алып қалады. Ұлы жүз көшіп қонысына барған соң, Төле би ауылдастарынан:

– Мал-бастарың аман ба? – деп сұрайды.

Сонда ұлы жүздің игі жақсылары:

– Кәрия, мал-бас аман, ел түгел қонысына келді. Жалғыз-ақ бір келініңізді кіші жүз жігіттері тартып алып қалды, – дейді.

Сол үшін олар Кіші жүзден 200 жылқы барымта алады. Кіші жүз де қарап қалмайды. Күзге қарай үш жүз жігіт аттандырып, Ұлы жүзден 500 жылқы қудырып алады.

Сөйтіп, бір әйелдің дауынан ел бірліктен айырылып, екі ел арасы бүлініп тынады. Осы жанжал келер жылы үш жүздің бас қосқан үлкен сарабына түседі. Дауды Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Кіші жүзден Мәлсе би басқарыпты.

Сонда Төле би тұрып:

– Мен аға баласымын, билікті мен айтамын, – дейді.

Мәлсе тұрып:

– Жоқ, мен атаның қара шаңырағында қалғанмын, жасым кіші болғаныммен жолым үлкен. Билік жөні менікі, – дейді.

Қаз дауысты Қазыбек отырып оларға күледі.

– Жылағаннан сұрама, күлгеннен сұра деген, Қазыбек, неге күлдіңіз? – дейді, Төле би.

– Сендер атадан туысыңды білесіздер де, оның өсиеті білмейді екенсіңдер, – дейді Қазыбек.

Аталарың:

– «Ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой» – дегені қайда?

– Жығылсам, сүріпсем сүйер алдымда ағам, артымда інім бар, билік жөні менікі емес пе?» – дейді.

Бұл сөзге екі жағы да тоқтап, билікті Қазыбекке береді.

Сонда Қаз дауысты Қазыбек:

– Уа, Төле би, сен атадан бұрын туғансың, ініңнің бір еркелігін көтермей, жылқысын неге қуасың? Уа, жарқыным Мәлсе, сен атанның қара шаңырағында қалған еркесің, ағанның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің? Сен, Мәлсе, жесірді қайтар, сен Төле би, жылқыны қайтар! – деп төрелік айтыпты.

Қыпшақ пен Қаракесек елі жайлауға таласыпты. Осы дауды шешуге ел Қаз дауысты Қазыбекті алдырыпты. Аман-саулықтан кейін қыпшақтың бпі:

– Арғынның арық бні сөйле? – денті.

Сонда Қазыбек би:

*– Арық емес қатумын,
Бала кезден татумын.
Көшкен кезде түйе азады,
Көктемде бие азады,
Жетімдік көрсе қыз азады,
Жаугершілік кезде ер азады,
Ермен бірге ел азады,
Тағындағы хан азады,
Табындағы би азады.
Сендей бейқам би,
Арғынның түбін қазады!
Кәне, кекеткенді қой,
Жөн сөзге қош! –*

депті де, ен жайлауды екі елге қақ бөліп беріп, елдің бәрін ырза етіпті.

Бағаналы Борбас дейтін байдың «Шаппай бер» атанған, талай сайғүлікке дес бермеген қара қасқа жорғасы болыпты.

Бір ұлан-асыр тойда жорғаға көзі түсіп, қызыққан Ахмет хан қара қасқаны қалап алуға көңілі кеткен екен. Қарамағындағы Әменке, Құлтас, Жантас дейтін билерге «жорғаны сұрап келсеңдерші» депті. Сонда олар кезекпен: – «Тамырын басып керейін», – «Мә, деп бере қойса, сұрайын», – «Баруын барайын, бірақ саран бай ұстаға бермейді ғой», – деп салғұртсыпты.

Олардың сынайын сезген хан:

– Қауқары тышқан аулауға ғана келетін баршын тартқан бүркіттей кәрі қулар не тындырар дейсің, – деп бала жасынан сөз сайысына түсіп, талай шешенді мүдірткен, Қаз дауысты Қазыбек бидің жолын қуған, әулие дарыған, Бес Мейрамнан дара шыққан жалынды жас – Шорман бала биді жұмсапты.

Бала би Борбастыкіне барса, жоғарыда аты аталған үш би байдікінде қонақ болып отыр екен. Он жеті жасар бала жігітті көрген бай:

– Қандай бұйымтайың бар еді, сөйлей отыр? – дегенде, Шорман бала:

*– Ханнан сәлем әкелдім,
Бағаналы Борбасым.
Қасым жомарт сияқты,
Даңқың аян болғасын.
Қалауын айтты қармаулы,
Салмағы зіл-қорғасын.
Берсін деді ренжімей,
Қара қасқа жорғасын.
Хан да жомарт оziңдей,
Жанар таудың көзiндей.
Айтқаны гибрат халыққа,
Осы үш бидiң сөзiндей.
Жорғаңыз да дүлдүл гой,
Коздiң жауын арбайтын.
Жауға мiнiп барсаң да,
Ешқандай мiн таппайтын.
Шыныдай мұзға салсаң да,
Тас тұяғы таймайтын.
Құбылып басып ойнайтын,
Қылығына құлындай,
Қарасаң көзiң тоймайтын.
Тұғырдан ұшқан тұйғындай,
Кок аспанда ойнайтын.
Қашқан болсаң, құтылып,
Қусаң, жетпей қоймайтын.
Қарқынынан танбайтын,
Жыл мiнсең арып-талмайтын.
Қара қасқа жорғаны,
Сыйладым деп ханыма,
Жоңiң бар жанға байлайтын, – дептi.*

– Мына билерге рай бермей отыр едiм, «Сұрауы келiссе бермейтiн дүние болмайды», – деген рас екен гой. Жарайды, ханның

қалауын алып қайт. «Береген қолым, алаған» деген бар. Оның да бір қымбат-қимасы бар шығар... Үш биді күз қылғандай, «Ханым да жомарт» дедің ғой», – депті Борбас бай.

Қаз дауысты Қазыбек уақ руының және соған жапсарлас мекен-деген Арғынның басты адамдарының зорлығы мен зомбылығын естіп, іштей ыза болып отырғанда, сол жақтан бір жолаушы келіп, үйіне түсіпті.

– Ел мықтыларының сонысы рас па? – деп сұраса, жолаушы мінгірлеп ештеңе айта алмапты.

Сонда Қазыбек:

*– Ауруын жасырған ажалсыз өледі,
Зорлықтан қорыққан амалсыз көнеді.
Айтайын десе, бұған сор,
Айтпайын десе, елге сор.
Отыз тістен шыққанды,
Отыз рулы ел білер.
Қазақтың қайғысы – қалмақ еді,
Елтеп жасауын алмақ еді.
Мынау берекені бұзатын құрт ауру,
Не қылған ауыр салмақ еді.
Қазақтың түбіне жететін сұмдық дерт,
Зығыр майындай жайылмаса игі еді? –*

деп жантая кетіпті.

Жас талапкер алшын Қаражігіт би Қаз дауысты Қазыбекке сәлем бере келгенде, аға би:

*– Атадан жақсы ұл туса,
Елінің оңы болады.
Атадан жаман ұл туса,
Кошінің соңы болады, –
деген, сен осының қайсысы боласың? – депті.*

Сонда жүгініп отыра кеткен Қаражігіт:

– Ораздының кәрісі,
Қартайғанда қазына болады.

Шиырылының кәрісі,
Қартайғанда қазымыр болады, –

деген. Сіз өзіңіз осының қайсысы боласыз? – депті.

Қазыбек жүректі жастың жүзіне зер сала қарап:

– Е, халқым, сөзімді тыңдаса, қазынасы болармын, – депті.

– Мен де, халқым құп алса, елімің туы болармын! – деп Қаражігіт орнынан ұшып тұрып, Қазыбекке қайта барып сәлем беріпті, – делінеді ел аузында.

Қазақ ішінде Қаз дауысты Қазыбектің соңғы өсиеті мен қоғамдық істері жөнінде әр қилы аңыз бар.

1760-жылғы бір үлкен оқиғаға көңіл бөлейік.

«Қазыбекті 94-жасында Кіші жүздегі үлкен асқа, сауын айтып шақырыпты. Ол жақтағы игі жақсылар:

– Қазыбек осы асқа қатыссын, егерде қатыспаса, халқымыз түгел өкпелейді, – деп хабар айтыпты.

Сонда Қазыбек осы асқа не барарын, не бармасын білмей, сол түні дөңбекшіп, кейіп шығыпты.

Қазыбек би Сырымбет деген баласының қолында екен. Ол мұны біліп ақылдасуға өзінің би тумасы Бекболатты шақырыпты. Бекболат Жаман Далба тауында отау отырады екен, қасына 25 кісі ертіп келінті. Келгеннен кейін Сырымбет Бекболатқа:

– Әкең түнімен кейіп шықты, кісі деп маған сырын айтпады, неге өйтіп ренжігенін сен сұрашы, – дейді.

Сонда Бекболат:

– Әке түнімен неге кейідіңіз, неге кейігеіңізді айтыңызшы? – дейді.

– Саған біреу айтты ма, кейігеімді қайдан білдің? – дейді Қазыбек.

– Сіздің тынышыңыз кеткен соң, менінде тынышым кетіп келдім, – депті Бекболат.

– Жарайды, менің тынышым кеткенін білсең менен туған екенсің. Кіші жүз сауын айтып, ат қойып асқа шақырып отыр. Соған бармасам халық ренжейтіпін айтады, барсам кешегі өзім тұстас Төле, Мәлсе, Қаражігіт би жоқ, мені кім таниды, кіммен сөйлесіп отырамын. Соны ойлап тынышым кетіп шықты, – дейді.

Бекболат тұрып:

– Бізді де кісі деп ел билетіп жүр ғой, олардың да біз сияқты өз ішіпде билетіп қойған кісілері бар болар. Солармен сөйлесерміз, – дейді.

– Сонда, сен менің асқа барғанымды ұнатып тұрсың ба, – дейді Қазыбек баба.

– Мен барғаныңызды ұнатамын, – дейді Бекболат.

– Сен ұнатсаң жабдығымды жасап, ендеше мені жүргіз, – деп Қазыбек Бекболатқа тапсырмасын беріпті.

Сонымен Бекболат Қазыбектің ат-тонын сайлап, арбасын дайындап алып жүрін кетіпті. Орта жүздің шекарасынан шығып, Қазыбек адамдардың басын қосып, асқа бара жатқан кісілердің шамасын сұрапты.

– Бес жүз шамасында кісі келе жатыр, – деп жауап беріпті.

– Аса көп емес екен. Олай болса менен туған бес бала былай шықшы деп, оңаша шығарып алып, менің қосымды халық көп көтеруға тніс. Әркімнің әртүрлі тілегі бар ғой. Менен туған балалар осыдан сендер дүние, мал үміт қылмаңдар. Менің өлер алдымдағы кебінім ғой, халық ырымдап бөліп алсын, – дейді.

Сонымен бұлар Кіші жүзге барып асқа қатысыпты. Келерде айтқанындай, Қазыбектің батасын алып, жұрттан 5-6 жүз жылқы, 150-дей түйе түсіпті. Халық шекараға қайтып келіп, тарқайтын кезде Қазыбек баба Бекболатқа: – Осы малды халыққа түгел үлестір, біреуі наразы болып кетпесің, – дейді. Бекболат малды піріп тұрып халыққа бөліп береді.

Бір 30-40 қара қалған уақытта баласы Сырымбет тұрып:

– Елдің бәрі алып жатыр, бізге дүниенің керегі жоқ па? – депті.

Сонда Қазыбек Бекболатты шақырып алып:

– Мына көпшіліктің ішінде құр қалған наразысы бар ма? Тағы да бір рет айқайлап, құр қалғаны болса берші, – дейді.

Бекболат жар салып айқайлап, тағы да он бес мал үлестіреді.

Сонда қалған жиырма шақты қарасын Сырымбетке бергізіп тұрып Қазыбек би:

– «Сырымбет, олар алдындағы көбінімнен сен де алдың ғой, ошпессің де, ошпессің де, атағың да өзгесіндей болмас», – депті.

Әз Тәуке хан қанша отінгенмен, 1684 жылғы елшілікке Келдібек би бармапты. Жасы келгені, әрі ұлын сынағаны болар, өзінің орнына жасөспірім болып қалған үлкен ұлы Қазыбекті жұмсапты. Билік өз қолыма тиді ме, деген Бертістің мәмлөгерлік еңбегі Қазыбектен әлсіз болып шықты. Бесіктен белі жаңа шыққан баланың рухы артық екен, екі иығынан екі аю аузын ашып ақырып, Қонтәжінің өзінің мысын басып тастапты. Ел Қазыбекке ұйып қалды. Елшілікке бас болып барған «айыр тілді, темір жақ» Тәйгелтір бидің өзі Қазыбекке табынып, дақпыртын күшейтін жіберді. Елшілікте болған әңгіме аңыз болып, ел ішіне тарап кетіпті. Осының бәрі Нұрбике балаларының реніші, оның ішінде Бертістің ренішін туғызды. Қаракесек ішінде бұрын хан Бертістің алдына келетін ел, енді Қазыбектің алдынан тарайтын болады.

Хан Бертіс пен Тілеуке би Қазыбектің ел ішіндегі абыройын көре алмай, жастарының үлкендігін малданып, оны бір күні шақырып алады. Әуелі Бертіс хан тұрып:

– Ақылы елден артылған,

Ақылың болса мақтан.

Ынтымағы жұрттан асқан,

Жақының болса мақтан.

Сенің жасың кіші ғой,

Ағаңның алдынан шығудан сақтан! –

деп ескертеді.

Қазыбек оларға:

*– Бір-бала-бар,
Атаға-әйте-туады.
Бір-бала-бар-бар,
Атадан-өте-туады.
Бір-бала-бар,–
Атадан-кері-кете-туады, – –*

деп жауап береді.

Бергіс хан ел ішіндегі дау-шардың бәрі Қазыбектің алдынан тарайтын болғанына, оның үстіне Қонтәжінің алдында, қазақ-қалмақтың ығайы мен сығайы жиналған ұлы кеңесте Қазыбектің:

*–Уай,-ерден-ердің-несі-артық,
Ептестірген-сөзі-артық,
Малдан-малдың-несі-артық,
Бір-ақ-асым-еті-артық.
Жерден-жердің-несі-артық,
Бір-ақ-уыс-шөбі-артық.
Міндетіне-алған-өзден-шегінген-жігіттен,
Аштан-өлген-аюдың-өті-артық, – –*

деген сөзін де көңіліне кек алып жүр екен. Еиді бұл сөзден кейін інісіне біржолата көңілі қалып, «Қазыбектің көзін тайдырайық» деп ойлайды да, маңайындағы адамдарды, жақын ағайынды Қазыбекке қарсы қайрайды. Ағайын арасындағы бұл қырғи қабақтық қатынас ұзаққа созылады.

Бергісті жақтаушылардың басында ағасы Тілеукенің баласы Жарылғап батыр бар екен. Жарылғап бастаған топ алдын ала сөз байласып, Қазыбекті қонаққа шақырады. Сол күні Қазыбектің батыр інісі Бөдене мал қарап кеткен екен. Қазыбектің ақылды қызы Маңқан мен Бөдененің қызы Нәуетек Қазыбекке:

– Сіз осыған бармай-ақ қойыңыз, осылар сізге өшігіп жүр еді, үйде Бөдене жоқта жазым қылып жүрер, – дейді.

– Ағайынның араздығынан қорқып үйден шықпай отырамын ба? – деп Қазыбек қыздарының айтқанына көнбей, шақырған жерге бармақшы болады.

Сонда қыздары:

– Ол тілегімізді алмасаңыз, мына тілегімізді алыңыз, – деп ішінен сауыт кигізін жібереді.

Шақырған үйге келген соң Қазыбек әдетінше елді аузына қаратып, үйіріп әкетеді. Қазыбекке қарсы сөз байласқан адамның өздері де Қазыбектің әңгімесіне ұйып тыңдап, өлімге қимай, ірік-жарма болады, арада көп уақыт өтеді. Сол кезде Қаракемпір Қосымжорға дейтін кісі:

– Оны айттық, мұны айттық бағанағыны қайттік? – деп қыбыжықтай беріпті.

Сол уақытта Жарылғап бастаған топ беймарал, бейқам отырған Қазыбекті бас салып ұра бастайды, бірақ ішінен қалың сауыт кн-ген Қазыбектің денесіне таяқ дари қоймайды.

Бұл кезде мал қарап кеткен Бөдене батыр үйіне келеді. Келісімен екі қызы алдынан жүгірін шығып:

– Ағаңды дұшпандары қонаққа шақырып кетті, «бармаңыз» деп едік, көнбеді, жазым қылып жүрмесін тезірек жете ғөр, – дейді. Қылышы қолында, айғыры астында Бөдене батыр аттан түспестен жұрт жиналған жерге жетін келеді. Жарылғап бастаған қас топ Қазыбекке жабылып жатыр екен. Біреуі есіктен, біреуі тесіктен, тым-тырақай қаша жөнеледі.

Солардың ішінде Жарылғап батыр да сыртта тұрған ақ боз атына міне қашады.

Сонда Қазыбек:

– Үстім жеңілдеп кетті, япырмай жалғзым келген болар ма? – деп, тысқа шығып қашқындардың артына қараса, Бөдене Жарылғапқа садағын кезеп атуға таяп қалған екен.

– Жалғзым, сол шіркінді атпай-ақ қойсаңшы. Атын атып ашуынды бассан да жетер, тұқымы құрып кетер, оның арты жақсы болады, өсін-өнеді, – дейді.

Бөдене садақты тартып қалғанда, Жарылғаптың астындағы аты қалпақтай ұшады, өзі жаяу қашып құтылады. Қашып келе жатып,

түйе қайырып келе жатқан Қазыбектің әкесі Келдібекке кездесіп, шалдың астындағы атты аударып мініп және атқа таласқан шалдың бір аяғын сындырып кетеді-мыс.

Сонда Бодене ашуланып:

– Бәлем Жарылғап, тұра тұр, осыны сенен басқаға суырма-спын, – деп қылышын қынабына салады.

Ол сертті естіп, Жарылғап қашып, елден безіп кетеді. Соның алдында Қазыбектің қызы Маңқанды Қара Керей Қабанбай аулына ұзатқан екен. Бұлардың арасы араз болғанмен, туыстары жақын болғандықтан, Жарылғап батыр Маңқанды іздеп барады.

– Мен осылай, аң болып, тау арасында отеміп бе, болмаса елді корер күн бола ма? – дейді.

Сонда Маңқан:

– Меиң үйге баратын мезгілім болған жоқ еді. Бұрын келіп болып түскеннен 9 жылдан кейін, ал бұл уақытта 3 жылдан кейін-ақ торкіндеп бара береді екен, төркіндеп қайтайын. Ел арасынан көп ұзамай, құлағыңды сала жүр», – деп айтыпты.

Сойтін Маңқан еліне торкіндеп, әкесі Қазыбектің үйіне түседі:

– Мезгілім болмай келіп едім, сұрағанымды алар ма екенмін? – дейді қыз.

– Меиң саған бермейтіім болар деймісің? Менен сұрағанша Боденеден сұрасаңшы, – депті Қазыбек.

Содан Маңқан Боденейің үйіне келеді: Бодене ұйықтап жатыр екен, басына келін жылап отырады. Бір уақытта Бодене оянып кетіп:

– Япырмай, қарағым, неге жылап отырсың? – депті.

Сонда Маңқан:

– Мезгілім болмай келін қалып едім, сұрайтынымды алсам жер үстімен жарқырап қайтармын, егерде ала алмасам, жердің астымен кетемін бе, үстімен кетемін бе, деп жол таба алмай отырмын? – депті ағасына.

– Жарылғаптан басқаның бәрін ал, – депті Бодене.

Сонда Маңқан аяғын көсіліп жіберіп жылапты (сол кездегі «аяғын көсіліп жіберіп жылау» «бұдан кейін көрмеймін» деген ауыр мазалану болады екен).

– Берсең, атын атамай берсең етті, атын атап бергенің неғылғаның? – депті қыз.

Сонда Бөдене батыр қыздың бетіне қарап отырып:

– Пай-пай, «Қыз жау» деген осы-ау! Дұшпанымды сұрадың. Сені «ренжітпеспін» деуші едім, сен жылаған соң жатырым аяғымның басына түсті ғой, еркектің де жатыры болады екен-ау. Жарайды алшы-алшы, – депті.

Маңқан қуанып, көзінің жасын тиып, Жарылғапқа адам жіберіпті. Жарылғап қасына бес-алты кісісін ертіп, Қазыбектің кешіретінін біліп, Қазыбектікіпе келінті. Оны ертіп Бөдененікіне келінті. Аттан түсе қалып, Бөдененің аяғына бас кнімін тастап, жүресінен отыра қалып, қолын алады.

Сонда Бөдене көзін алартып, Жарылғаптың қолын қысып қалады. Жарылғаптың түсі бұзылып кетеді, қолын босатқан соң, орнынан зорға тұрып, барып бір бұрышқа отырады. Бөдене батыр қылышын қынабынан бір алып, бір салып оған қарай беріпті.

Жұрт шуылдасып:

– «Мынау бірдеңе бүлдірейін» деп отыр ма, – деп Қазыбекке жалтақ-жалтақ қарайды.

Қазыбек сонда тұрып:

– Не істер дейсіңдер, қауіптенбеңдер, сертін орындап отырған шығар. Шырағым, бір қолың ұрыс бастаса, екінші қолың араша болсын. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жауға сілтер қаруынды жақыныңа сілтеме! – депті.

Сонымен немере ағайынды батырлар табысып тарапты.

Қаз дауысты Қазыбек пен Бертіс-Жарылғап арасындағы баяндалған бұл оқиға 1700-ші жылдары болғанға ұқсайды. Қалың елдің, бұқара халықтың, көрші қалмақ-өзбектің бәрі мойындап, табаны тиген жерге тәуіп етіп отырған адамын, жақын ағайынының қабылдамай қоюы тек қазаққа ғана тән емес шығар?! Десек те, ағайын арасындағы бақталастық, күншілдік, бір атым насыбайға бола қылт ете қалып, үлкен істі, ұлы мұратты болмашы нәрсеге құрбандыққа шалып жіберу қазақ баласында жиі кездеседі.

Ақ сұңқар құстың баласы,
Ұяда алтау болмас па.
Ұяда алтау болғанмен,
Оның ішінде біреуі-ақ,
Алғыр болмас па.
Алғырының белгісі,
Ұзақтан жемді ілмес пе.
Бірге туған ұялас,
Бізге сауға демес пе.
Өзі аштан өлсе де,
Айырып жемін бермес пе.
Сойтіп жүрген кезінде,
Алғырынан айрылса,
Қанаты түптен қайрылса,
Құс жаманы жапалақ,
Оған да қор болмас па.
Адамзаттың баласы,
Атадан алтау тумас па.
Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па!
Арыстанының барында,
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толағай да толағай дәурен сүрмес пе!
Сойтіп жүрген кездерде,
Арыстаннан айрылса,
Қанатты түптен қайрылса,
Ел ішіне жау келсе,
Өтініп оны ала алмай,
Алдына келген жақсының,
Қадірін оның біле алмай,
Қадір-құрмет қыла алмай,
Артында қалған жамандар,
Бас-басына тозбас па?

Бұқар жыраудың бұл толғауы Қазыбек пен жақын ағайыны арасындағы, жалпы қазаққа тән:

– «Сенің атың тұрсын, менің атым жүрсін», – делінген кермі-незге арнап шығарылған.

Жәңгірдің баласы Тәуке хан 1680 жылы таққа отырғанда қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы мәз емес еді. Феодал-шонжардың арасында бақталастық пен алауыздық күшейе түсіп, әрбір сұлтан өз иелігіндегі ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге ұмтылды. Қазақ жүздерінің арасындағы бұрыннан келе жатқан байланыстар нашарлап, олар бір-бірінен оқшаулана түсті. Үш жүз үшке бөлініп, сөз жүзінде қазақтың ұлы ханына тәуелді болғанымен, іс жүзінде өз алдына билік жүргізді. Бұл жағдай қазақ халқын біріктіріп, сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғануға кесірін тигізді. Алауыздық пен өзара қақтығысқа батқан қазаққа шығыстан, Арқадан төпеп берген жоңғар қалмағының шабуылы күшейе түскен еді.

Осындай қиындық кезеңде хандық құрған Тәуке алдымен хандық билігін күшейтуге бағытталған ірі-ірі өзгерістер жасады. Тәуке өзінің саясатын билер мен шонжарларға, батырларға сүйеніп жүргізді. «Хан кеңесі» мен «Халық кеңесі», «Билер кеңесі» тұрақты қалыптасып, олардың рөлін арттырды. Жыл сайын белгілі бір мерзімде Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан жиын өткізіп тұрды.

Тәуке ел бірлігі бұзылуының ұйытқысы болған ақсүйек пен сұлтандарды әлсіретуге, феодалдық құрылысты күшейтуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы күрделі тартыстар билер кеңесінде, абыройлы да әділетті Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. билер алдында шешілді.

Тәуке билікті өз қолына алды. Озінің алысты болжағыш саясаткер екендігін елге таныта білді. Оның қолына ең маңызды хан қаракеті – көш-қонысты белгілеп бөліп беру, алым-салық салу, сот ісі, қарулы күш, т.б. қызмет түрлері жинақталды. Сыртқы жағдайды назарда ұстап, кәмелетке толғандарға бес қарумен жүруді міндеттеген.

Сөйтін «қара қазаққа» сүйенген Тәуке хан көп нәрсе ұтты. Ойткені билер кеңесі барлық румен тығыз байланыс орнатып, ел бірлігін нығайтты. Өз кеңесінде халық көкейіндегі көкейтесті мәселелер: көш-қоныс, ел тыныштығы, сыртқы жаудан қорғану, т.б. талқылаған. Ақыры, билер кеңесі ханның кеңесу қызмет орына айналып, зор саяси маңызға ие болды.

Қазақ: «Бірлік болмай, тірлік болмайды» дегендей, әрбір рудың мал-жан үшін, қоныс-қыстау үшін қырқыспай, өзара тату-тәтті тұруын насихаттайды. Мұндай дау-жанжалды қоймаса, руаралық тартысты бітірмесе, елдің елдіктен айырылатынын, басқаларға құл болатынын айтады. Мысалы, Бұқар жырау:

*Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін
Қылмаңдар жанжал, ерегес...
... Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай – ат өлсін,
Айыра алмай – жат олсін!
Жат бойынан түңілсін!
Бәріңіз бір енеден тугандай болыңыз, – дейді.*

Тәуке хан өз сыртқы саясатын бейбіт дипломатиялық жолмен жүргізді. Ол Бұқар ханымен де, Ресей мемлекетімен де тату, достық қарым-қатынас жасауға тырысты.

Қазақ қауымының үш жүзге – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге жіктелуі бір не бірнеше ғасырда пайда болмағанын Тәуке хан жақсы білді. Бұндай алып жерде біртұтас этникалық, аумақтық әрі тайпалық бірлестіктің қалыптасуы алыс заманнан басталса керек. Жүз құрамына кірген тайпалардың шығу тегі, айналысқан кәсібі, тілі және мәдениеті жағынан бір-біріне өте жақын. Олардың ұзақ жылдар бойы бір аймақта аралас-құралас өмір сүріп, тұтас халық болып қалыптасқанында дау жоқ. XV ғасырдың ортасында қазақ хандығы құрылған кезде міне, осы өзара жақын қазақ тайпалары этникалық бір аумаққа бірікті.

Хандық билік кезінде қазақ жүздері өздерінің тарихи қалыптасқан көшіп-қону рәсімін толық сақтады, бұл уақытта әр жүздің қажет десеңіз, әрбір рудың өріс-қонысы белгілі еді.

Қазақтың үш жүзге бөлінуі территориялық тұрғыдан іске асырылып, ал жүздердің құрылуына негіз болған туыстас жеке рулар мен тайпалардың бір одаққа бірігуі болды. Нәтижесінде, үш ірі этногенездік ұйытқы құралып, ол қазақ атаулы халықты тарих сахнасына шығарды.

Қазақ елінің ынтымағын үш жүздің арасындағы ауыз бірлік деп түсінген ел ағалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің айтқандары делінетін қанатты сөздер көп. Оның кейбірі қисынға келін, ал қайсысы келмей жатса да, ар жағында бір шындық бары күмәнсіз. Сол сөздердің мазмұнына қарап отырып, билердің кемел жастарында айтқан сөздері ме деп пайымдайсың. Олай болса XVIII ғасырдың 40-50 ші жылдары қазақтың үш бнінің арасында туғанмыс делінетін бір-екі үлгісін келтірейік:

«Үш жүздің баласы түгел бас қосып, бір үлкен асқа жиналады. Ел адамдары – «Бұл асқа әр ел қызықты тарту-таралғы, жақсы саймандар, түрлі аспаптар әкелсін» деп жар салады. Кіші жүз бір жақсы ер қосып әкеледі. Бұл ердің әдемілігіне қызығып Ұлы жүздің бір батыры зорлық қылып, тартып алып кетеді. Кіші жүз елі болып ерді даулайды. Бір ер үшін үш жүздің баласы тағы бас қосады.

Төле би:

– Ердің билігін айтсын, төресін берсін, – деп Қазыбекке кісі жібереді.

Қазыбек:

– Мен бармастан бұрын даулы ерді жайған сөренің үстіне қойсын, бітімді сонда ғана айтамын, – деп ерді сөренің үстіне қойғызады. Екі ел қақ жарылып, сөренің екі жағында тұрады. Қазыбек ешкімге бұрылмастан сөренің қасына келін, ат үстінде тұрып айтқан төрелігі:

– Оне бойың қайыңнан қара қосқан бір ерсің, екі ру елдің баласы бір ерге қайтып мінерсің, түзу бермесем төремді, Төле би үш

арыс елдің баласын үш жерге алып бөлерсің, Тәңір алдына барғанда жауабын өзін берерсің, – деген екен.

Сонда Төле би:

– Бұдан былай үш жүздің билігі сенде болсын, – деген екен.

Осы әңгіменің тағы бір нұсқасы:

– «Төле би мен Әйтеке би екеуі Қазыбек биді сынамақ болып, бір ерге өтірік таласып, оның алдында жүгініпті. Ер несі – Әйтеке, даулаушы – Төле би болыпты. «Қапталың қалың, қасың тал, Қазыбек қосқан ермісің?» – деп Әйтеке би, уәжіи айтады. Төле би іліп әкетін ердің өзінікі екенін дәлелдеп, ерден айырылмайтынын, керек болса, жан беруге баратындығын айтып қасарысып бағады.

Сонда Қазыбек Төле биге қарап:

– «Сен қараның ұлы Төлесің, адам болайын деп жүрген немесің, қу ағаш үшін жан берме, жан берсең күніңнен бұрын өлерсің. Сен екі шіркін қартайғанда мені сынамай-ақ қойсандар қайтеді? Орта жүзде бір кісінің жауырыны жерге тимей-ақ қойса қайтеді?» – деген екен.

Қазақ ішінде сақталған ұлы билер туралы әр түрлі аңызды салыстыра келе, біз Қазыбектің билікке араласа бастаған уақыты 15-16 жас шамасы деуге болады. Ұлт шежіресінің ұзын-ырғасына қарағанда осы жасында Қазыбек өзіне дейінгі билік жолымен толық танысып, сонау Ғұн дәуірінен, тіпті Сақ заманынан бастау алатын көшпелілер ортасындағы құқық дәстүрін игеріп, сонымен қатар әдет-ғұрып заңдары мен ислам шарифаты арасындағы күрделі қайшылықтарды да шешу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен түйін, – ел билігін таразыға салуда Қазыбек би тек әділдікті әрі көрегендікті нысаға алған.

Сонымен, жоғарыда билер туралы жазылғандарды былайша тұжырымдауға болады:

1. Ортағасырлық көшпелі қазақтар қоғамының тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін идеологиялық құндылық ретінде қалыптасқан «Адал би – әділ би» деген даналықта ұлы дала мәдениетінің мәні мен мазмұны, болмысы мен бедері бейнеленген. Және қазақ билері осы сөзге сай сот қызметкері, өнеге-өнердің әжет несі және жан-дүниесі адалдық пен әділдіктен жаралғай тұлға болуды мақсат тұтқан.

2. Сотта келелді көрегендік пен көсемдік, кемеңгерлік пен парасат-пайым таныту – билер сотының басты ұстанымы. Іс жүргізудің барлық тетігі осы бағытта өрбуі тиіс. Азан-қазан боп дауласып жатқандарды жөнге салу үшін айтылатын «дау сұрай келдіңдер ме, ақыл сұрай келдіңдер ме?» деген алғашқы салмақты сөзінен-ақ сот процесінің қаталдығы мен қадірі сезіледі. Осылайша, соттың басты мақсаты¹ – салиқалы санаға сүйенін, ақылға келу, яғни ақылға сыйымды шешім қабылдап, жалпыға ортақ әділ кесім айту екендігі ескертіледі.

3. Дау-дамай мен айтыс-жанжалды жан-жақты талқылап, түйінді тұжырым жасау – қоғамды басқарудың бір басты белгісі. Бұл қызмет, би-шешенге жүктелген. Жеке адамның тағдыры талқыға түсетін болғандықтан, бұл қызмет саяси-әлеуметтік әрі ұлттық рухани жағдайларға негізделін, «Жеті жарғы»-да арнайы қабылданған нормалар жүйесімен реттелетін.

Би-қазылардың қызметіндегі «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қатаң қағиданың өркениетті көздеген әрбір мемлекет пен халық үшін маңызы зор.

Қаз дауысты Қазыбек кезінде атақты билердің бірі болды. Билер тарихында Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, әз Әйтеке бидің орны ерекше. Үшеуі ел бірлігін, халық ынтымағын сақтауда, адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын, дәстүр-салтын сақтауда зор еңбек сіңірген, деп қадір тұтамыз. Еңбектің келесі бөлімі Қаз дауысты Қазыбектің елшілік жолына арналған. Ел мен елдің арасындағы талас-тартысты шешуде Әйтеке бимен бірігіп, Қазыбек би де ерекше еңбек атқарды. Оның бұл еңбегі ел ішінде туған дау-жанжалды шешуден әлдеқайда жоғары әрі ауқымды. Бұл туралы халықта біраз аңыз сақталып келеді.

4-бөлім. ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК – ЕЛШІ

«Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан», – дейді қазақтың дана мақалы. Елшілік бастау, оның құрамында болу, ел арасындағы дауға, аманатқа түсу екі адамның бірінің маңдайына жазылмаған. Елшілік – ердің ері, егеудің сынығы түсетін сын. Егер, ол елшілік елдің, жердің тағдырын шешетін болса, онда бастаушыға да, құрамында болатындарға да талап қатты болған.

Аты алты Алаштың баласына мәлім кемеңгер Қазыбек бидің есімі қазақ пен қалмақ арасындағы жауғершілік, шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші, бүтінші болған батыл да байсалды елші, парасатты мәмілегер ретінде де мәлім. Ел аузындағы аңызда Қазыбек он жетіден асқан жасында (кейбір әсірелеу аңызда, тіпті, он үштен енді асқан шағында делінеді) Тәйғелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында қалмақ ханы Қоңтәжіге барғанда батылдығымен әрі созға шешендігімен козға түскен. Қоңтәжінің өз ұсынысымен «Қаз дауысты Қазыбек» атаныпты. Қазыбектің тапқырлығы мен шешендігінің арқасында сол сапарда қазақ елшілерінің мысы басып, қалмақ шапқыншылары байлап әкеткен ұл-қызын, айдап әкеткен малын толық түгендеп алып, елге үлкен олжамен оралыпты.

Жоғарыда жазылған Қазыбек бидің бірінші елшілігі туралы шежірені Мәшһүр Жүсін әулие өте мағыналы мынадай мысалмен толықтырады. Қаз дауысты Қазыбек бабаның бірінші елшілігіне қатысты қанша мәлімет болса да артық болмас.

«Қазақтан көп елші келді, деп естіген соң Қоңтәжі ханымы Қарабасты атқа мінгізді дейді.

Қазақтан келген жолаушыларды аралап, жансыз байқап, бітім алып қайтуға жарарлық кісісі болса, сынап, маған алып кел. Бітім алып қайтуға жарарлық кісісі жоқ болса, мені көрсетпей қайтарып жіберіңдер, жөні түзу сөз айтарлық біреу жіберсін» деп айтқан соң Қарабас ханым аралап көрін төрт кісіні таңдап Қоңтәжіге алып барды, дейді. Бірі – Қаз дауысты Қазыбек, бірі – Айдабол бидің

баласы Тәйғелтір би, бірі Балта керей Тұрсынбай, бірі Шақшак Жәнібек.

Сонда Қоңтәжі ханымнан сұрапты:

– Бұларды сынмен алып келдің бе? – деп.

Қарабас ханым айтқан дейді:

– Мынау Қазыбек ұйықтағанда екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберін, керген төстіктей жатыр екен. Оның мәнісі: – «Дүниенің төрт бұрышын тірей туған ұлмын», – дегені. Қара бақайына дейін құт екен. Олғенде арулаған жерін басып өткен ел бай болар, – дейді. Мына отырған Тәйғелтір, кішкене тілінің ұшы екі айыр біткен екен. Өнері қара саннан келеді екен. Айыр көмей, темір жақтың барып тұрған өзі екен. Екі жақты, бір тілдіге өмірінде сөз бермес, дейді. Мынау отырған балта керей Тұрсынбай құлағы жоқ шұнақ, құйрығы жоқ шалақ екен. Ерлігінде де, еңбекшілдігінде де мін жоқ. Жалғыз айыбы жауы желкесінде екен. Одан басқа қорқар нәрссесі болмаса керек, – дейді. Мына отырған Жәнібек, екі аяқты, бір бастының сыртаны екен. Озінің оққағары бар екен. Күнінде ыңыршығыңды отқа жағар, бақайшағыңның майын алатұғын осы екен, – дейді.

Сонда Қоңтәжі:

– Мұны осы жерде өлтіріп тастасақ болмай ма? – дейді.

Сонда ханым айтты:

– Ханның ақылы баланың шүметейімен бір бәс деген осы екен-ау. Қазақ-қалмақтың тыныштығы болсын деп, елші жіберді дейсің, келген елшіні өлтірсек қайтеді дейсің. Осы отырған төртеуі дүниенің төрт тіреуі сықылды кісі емес пе? Атса мылтық өтпейтұғын, шапса қылыш кеспейтұғын, салса суға батпайтұғын, деп осындай жандарды айтады, – депті.

Қоңтәжі сонда бұл төртеуіне әр басына тоқсан жесірден берген екен. Бұрын қазақ-қалмақ арасында шапқыншылыққа түскендерді мал беріп, сатып алады екен. Бұл жолы бұлар үстеусіз қайтып алады», – дейді.

Сонда бір келіншек Қазыбекке:

– Ағалар-ау, мен қалып барамын, – деген соң, Қалдан Сереннен сұрап алған екен».

Мәшһүр Жүсін шежіреде Қаз дауысты Қазыбектің бірінші елшілігінің әңгімесіне екіншісін аздап қосып жіберген, дегенмен әңгіменің негізгі мағынасы сақталған. Осы қалыпта айтылатын жырды қазақ жерінің қай түкпіріне барсаңыз да кездестіресіз.

Жоңғардың қолбасшысы Сары Манжы бастаған отыз мыңдай ойрат Сарыарқаны отарлап, одан Қаратау атырабын, Түркістан төңірегін түгелдей жаулап алыпты. Сол шайқас кезінде Қалдан Цереннің батыр баласы Шарышпен Абылай жекпе-жек айқасып, Шарышты мерт қылады. Қалың ойрат жабылып Абылай мен оның біраз жігітін қолға түсіріп әкетеді. Оларды арашалап қалуға қазақтың шамасы келмей қалады. Сонымен бір жылдай уақыт өтеді. Абылай батыр аяқ-қолы кісендеулі жата береді. Оның артынан іздеп барған қазақтың белді адамдарын жоңғар Қонтайшысы маңайлатпапты. Енді ел-жұрт боп ақылдасып:

– «Кәне, Абылайды кім құтқарып әкеледі?» – дегенде, халық бір ауыздан:

– «Қазыбек би барсын, одан басқа адамның реті жоқ», – десіпті игі жақсылар.

Көпшіліктің осы өтінішімен Қазыбек би Жоңғарға елшілікке аттаныпты.

Қазыбектің асқан алғырлық, батылдық, шешендік қабілетін бұрыннан білетін Қонтайшы бұл жолы онымен көп тіресе алмапты. Барынша күтін сыйлапты да, мынадай шарт қойыпты: Біріншіден, Әбілхайыр, Әбілмәмбет хандар, Барақ сұлтан, Жәнібек батыр тағы сол сияқты он атақты кісілерің бір-бір жігіттен кепілдік берсін. Екіншіден, орыс патшалығынан қол үзін, Жоңғарға қосылсаңдар, сонда ғана Абылай батырларың қайтарылады. Оған қоса, Түркістан және оның төңірегіндегі отыз екі қала өздеріңе беріледі, – дейді.

Қаз дауысты Қазыбек елге қайтып келеді. Ел басшыларымен ақылдасыпты. Халық қамы үшін, ел қорғаны болған Абылайдай батыр үшін Қонтайшы талабын жартылай орындауға бекінеді. Сөйтеді де, Әбілмәмбет пен Барақ Сұлтанға бір-бір жігіт аманатқа бергізеді. Ресей патшалығына да, Жоңғарға да әзірше беріле

қоймайтындығын білдіреді. Егер бұған көнбеген күнде орыспен бірлесіп шабуылға шығатынын ескертеді. Қазыбек бидің мұнысы айла-тәсіл, Қонтайшыны үрейлендіру еді. Қонтайшы Қазыбек бидің бұл шартын ары-бері ойластырып, «қазақ пен орыс бірігіп кетсе, халім мүшкілге айланар», – деп қауіптенеді де, амалсыз Қазыбекпен келісімге келеді.

Абылай батырды тұтқыннан босатады. Түркістанды және оның атырабындағы отыз екі шаһарды қайтып береді. Әбілмәмбет Түркістанға хан сайланады. Абылай батыр Арқа жағына сұлтан болып белгіленеді. Бұл кезде Қаз дауысты Қазыбек би ауылы Ұлытауды жайлапты. Мінеки, ақылғөй абыз, бітімгер Қаз дауысты Қазыбек баба Абылай ханды жоңғар тұтқынынан осылай құтқарған екен.

Қазыбек би қазақ елінің сыртқы саясатында, әсіресе қазақ-жоңғар қатынастарында елші ретінде ерекше белсенділік танытып мәмілегер, дипломат болғаны қазақ халқына белгілі. Ел ішінде сақталып, аңызға айналған әңгімелер мен шежіре мағлұматтарында қалмақ пен қазақ арасындағы болған шапқыншылықты бітістіру мақсатында Қаз дауысты Қазыбектің қонтайшыға елші ретінде 3 рет барғаны баяндалады.

Қаз дауысты Қазыбектің жоңғар хандығына барған барлық елшілік ерлігіне Шоқан Уәлиханов өзінің «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген мақаласында жоғары баға берген еді (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т.1. –Алма-Ата, 1961. – С. 222.).

Қанды қырғыи ұрыстан кейін бейбіт жолмен бітімге келу үшін қазақ пен ойрат бір-біріне мәмлегер елшілік жібермек болып келіседі.

Жоңғар Қонтайшысы (сірә, Цеван Рабтан болса керек) «Қазақтың атақты үш биінің бірі келсін. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған біреуі келсе, бітім болмайды» деп қолқа салады. Осы хабарды естіген үш би қырандай дүр сілкініп, әрқайсысы өзі бармаққа ниет қылған екен.

Төрде отырған Төле би екі биге кезек қарап, екі етегін қымта-
нып, екі иығын қомданып қойып, тамағын қырнапты:

– Уай, қос інім, қос шырағым! Аға боп алдарына түсейін деп
тұрмын. Ағаң – алдындағы әуелеп өскен дарағың. Інің – қанатың
мен құйрығың, қайрап салар жарағың. Артымда сендер барда
қанат жайып самғармын, алдаспанды сермермін. Дауласқанды
жайғармын, жауласқанды жерлермін. Мен барайын бұл жолға! –
депті.

Сонда Ақсуат жай оғындай жарқ етіп, жайраң қағып, шапшаң-
дық танытыпты.

– Уай, Төкем, «Аға – бордан, іні – зордан», – демей ме. «Іні
– найза, аға – қорған» демей ме. Арқамды қорғанға тірмеймін бе,
найзамды ерсілі-қарсылы ірмеймін бе. Жағаласқанды жапырып,
дауымды аршып, күрмеймін бе. Менің баруым жөн емес пе? –
дейді.

Сол кезде қоңыр қаздың даусындай даусын бір жотадан екінші
жотаға асыра саңқылдап Қазыбек есіліп кетіпті:

– Уай, асыл ағам! Уай, асқақ інім! Ағасы бардың жағасы бар
емес пе? Жағасы бардың тоқсан пәледен сақтар панасы бар емес
пе? Інісі бардың тынысы бар емес пе? Тынысы бардың елде – ыры-
сы, жауда – ұрысы, дауда – жұмысы бар емес пе?

Екі би үнсіз бас шұлғып, бірақ тіл қатып, ләм дей қоймапты.
Қаз дауысты Қазыбек енді Төле биге еңсеріле бұрылыпты.

– Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен.
Қазақта хандыққа жолсыз таласқандар болғанмен, билікке жөнсіз
таласқандар болған емес. Ендеше, әділ би, әділетін өзің айт. Аттың
басы күшті ме, белі күшті ме, құйрығы күшті ме?

– Шырағым Қазыбек:

Жол бастайды аманда омырауы жүйріктің,

Бүгелікті қуарда пайдасы мол құйрықтың.

Аттың белі қызыметті көп қылар,

Саған кепті кезегі осы жолғы бұйрықтың.

– Жай онда қолыңды, – депті:

*Атасызға ата бол,
Батасызға бата бол,
Арып-ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол,
Панасызға пана бол,
Кек сақтамас бала бол,
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол, –*

деп батасын беріп, аттандырып салыпты.

Қазақтан келген елшіні сынау үшін Қоңтәжі қарапайым киініп, белін жіппен буынып, түсіне кәрілік өң беріп, жотасына бөстек-өркеш өңірін Қазыбектер түскен үйге келеді. Өңгімеден әңгіме туып, бара-бара сұрақ-жауап додасына айналып кетеді.

– Әуелінде не бар? Ортасында не бар? Ақырында не бар? – деп, бүкір кейіндегі Қоңтәжі Қазыбекке шаншыла қарайды.

– Арға мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па, – деп Қазыбек бір түйіп қойыпты.

– Аспан мен жердің арасы қаншалық жол? – деп «бүкір» Қоңтәжі тағы қадалыпты.

– Бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім, ешкім аспан мен жердің арасын құлаштап өлшеген жоқ, қадамдап басқан жоқ. Күн күркіреп жауғанда, ел дүрлігіп сасатын, құлақтарын басытын. Сонда күн күркірі шақырым жерден жететін. Кемпірқосақ құрылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Доғаланған піпі шақырымдай-ақ күншілік жер ғана. Олай дейтінім, аздаң шығыстан атқан күн ымыртта батысқа шаршап батады. Күншілік жер жүріп өтіп, ұясында қалжырап жатады. Ал, кереметті көзбен көрген, шығыс пен батыстың арасында зымыраған күнге ерген адамзатты естіген емесің, – деп соңғы рет кееін түскенде, Қоңтәжі үн-түнсіз шығып жүре беріпті.

Содан көп кешікпей келіссөз басталыпты, дейді ел.

Қаз дауысты Қазыбектің қалмаққа тағы да бір елшілікке барғанын шежіре былай деп әңгімелейді.

«Құба қалмақ» Қоңтәжі айтады екен:

– Сен Қазыбек би, қаршадай күнінде айтқан сөзіңді естіп «Шіркін-ай, мынадан бір тұқым алып қалсам еді», – деп едім. Содан барып Қазымбеттей ұлыңды алдырттым. Бірақ, сен келін – «Ерімнің өзі қайтпай тұрып, бітім етпеймін», – дедің. Содан кейін бір келтіру үшін мен артта қалған еліңді шаптырып алдым. Ендігі сөздің турасы – сенімен достасуға құмармын. «Даудың артын қыз бітейді, судың артын шым бітейді» деген сөз бар. Сондықтан не қыз ал, не қыз бер, – депті.

Қазыбек ханға:

– Саған беретін қызым жоқ, қыз берсең алайын, – дейді.

Хан Қазыбектен:

– Ұлың нешеу еді? – деп сұрайды.

Қазыбек:

– Бір жарым ұлым бар, – деп жауап береді.

Хан бұған таңданып:

– Бір жарымы қалай? Сенің бес ұлың бар деп естін едім, – дейді екен.

Қазыбек оған:

– Менің елге ие болатын ұлым біреу, аты Бекболат, соны бүтінге есептедім. Ал мал мен қатын бағатын қалғанын есепке алғаным жоқ депті.

Осы сапарда Қоңтәжі өз қызын беріп, оны Қазыбек Бекболатқа қосыпты. Сонымен қазақ-қалмақ шапқыншылығы тоқталған еді, деседі.

Қазыбек бидің қазақ-орыс арақатынасындағы еңбегі

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында озара және басқа жұртпен хат арқылы пікір алысу, түрлі байланыс жасау мәдениеті сол заманға лайық деңгейде дамыған. Қазақ елінің қоғамдық тіршілігін ұйымдастырушы, басқарушы міндетін атқарған хандар, билер,

батырлар Ресей губернаторларымен, Орта Азия ханы, бектері, Жоңғар қонтайшыларымен жер және түрлі саяси мәселелерге байланысты ылғи хат алысып тұрған. Осы мақсатта олар арнайы хатшы ұстаған. Хатшы міндетін татар, Бұқар, Хиуа, сондай-ақ қазақ қоғамының өзінен шыққан, араб жазуынан сауаты бар адамдар атқарған. Жазылған хатты белгілі бір кісіге жеткізу міндеті негізінен батырларға жүктелген. Бұл арада батыр жай хат тасушы ғана емес, хатта айтылмаған көптеген жәйтті түсіндірін жеткізуші, басқаша айтқанда, елші де болған. Мысалы, орыс әкімшілігі мен қазақ билеушілері арасындағы байланыста осындай міндетті Ханғелді, Сатай, Боғенбай, Жәнібек сынды белгілі саяси қайраткер-батырлар атқарған. XVIII ғасырға тән мұрағат құжаттарымен таныса отырып, бұл пікірдің дұрыстығына көз жеткізу қиын емес.

Қаз дауысты Қазыбек Анна Иоанқызының (1730-1740) патшалық құрған кезінде қазақ елінің Ресейдің қол астына кіруіне Арғын руының атынан патшаға сенім білдірген (Казахско-русские отношения..., 647, 648 бб.; Абылай Хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы. Петропавл, 2005, 352, 353 бб.).

Осы пейілінен қайтпаған кореген би 1741ж. Елизавета Петрқызының патша тағына отыруына байланысты Ор (Орск) бекінісіндегі құпия кеңесші, сенатор Неплюевке ант беруге барған Орта Жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға өзіне қарайтын ел ағаларын қосып, жазған хатында Арғын руының атынан ант беруге дайын екендігін білдірген (Казахско-русские отношения..., 648б.; «Абылай хан...» Корсет. жинақ. 352-353 б.).

Ресей императоры тағына Екатерина Алексейқызының отыруына байланысты Қазыбек би қыс айының қатты болуымен және өзінің жасының (96) ұлғайғандығына байланысты ант беруге бара алмаған. Омбы бекінісіне жіберген өзінің баласы Сырымбет би мен немере інісі Отарбай бастаған Қаракесек елінің қорнекті он адамы Қазыбек би үшін, басқа да ел ағалары үшін 1762 ж. желтоқсанның 15-22 күндері Сібірдің генерал-губернаторы міндетін атқарушы Фрауендорфқа ант берген.

Осы жолы Фрауендорф Қазыбек биға: «Қазыбек бидің Ресей мемлекетіне адалдық көрсетін, ықыласпен ант бергені патшамыз-

дың назарынан тыс қалмайды...» – деп хат жазған (...«Абылай хан...» 351-353 б.).

Бар өмірін өз халқының еркіндігі мен тәуелсіздігіне арнаған Қаз дауысты Қазыбек Ресей әкімшілігімен қатынаста белсенділік танытып, тұрақты байланыста болуға қызмет етті. Оны 1744-1745 жылдары Орынбор олкесінің сол кездегі билеушісі И.И. Неплюевке жазған екі хаты дәлелдейді (Мәмбет Қойғелдиев. Қаз дауысты Қазыбектің екі хаты Қазақ әдебиеті, 1 қаңтар 1989 жыл; Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 1-т. Алматы: Жеті Жарғы, 2004; //Мәмбет Қойғелдиев. Қаз дауысты Қазыбектың генерал-губернатор И.И. Неплюевке жазған хаттары. 419-424 б.).

Бұл екі хаттың екеуі де қазақ елінің саяси өміріне тікелей қатысты келесі мәселелерге байланысты жазылған.

Бірінші хатта елдегі ел билеушілерінің бас қосып, ішкі және сыртқы саяси жағдайларға байланысты қажетті шешім қабылдау үшін шақырылған кеңес туралы хабар берілген.

«Біздің түсінігімізше, – дейді осы хаттарды алғашқы зерттеуші профессор Мәмбет Қойғелдиев, – бидің бұл оқиға туралы Орынборға хабар берудегі түпкі мақсаты орыс әкімшілігіне елде болып жатқан іргелі жаңалықтарды, кеңестің негізгі шешімдері туралы баяндап қана қоймай, сол арқылы, мүмкіндік болса, Жоңғар агрессиясымен күреске Ресейдің қолдауын алу болған» (Қазақтың ата Заңдары..., 422 б.).

1745 жылғы екінші хат қазақ-жоңғар қатынастарының тағы да шиеленісе түсуіне байланысты елдің қобалжуынан хабар бергендей сипатта жазылған. Онда Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай, соған байланысты қазақ қоғамы мен Ресейдің ара қатынасы айтылған. Хаттың мазмұнын өзінің ой елегінен өткізген зерттеуші М.Қойғелдиев екі құнды пікірге тоқталған.

Оның біріншісінде: «... Ірі саяси қайраткердің (Қазыбек би) екі елдің ара қатынасына байланысты ұсынған позициясында екі жақтылық жоқ, қайта ол озара қатынастың маңызын және болашағын терең түсінген мемлекетаралық дипломатиялық байланыстың сырларынан хабардар тәжірибелі адамның сынайын танытады», – десе, екінші пікірінде: «Қазыбек бидің қоғамдық қызметін

тереңірек түсінуге көмектесетін бұл өте сирек кездесетін құжаттың халық арасында сақталып келген деректік материалдардан алшақ емес, қайта олардың бірін-бірі өте орынды толықтыра түсіретіндігі. Мәселен, халық арасында ауызекі және жазба түрінде сақталып келген деректер Қазыбек бидің қазақ – жоңғар қатынасында да белсенді рөл атқарып, жоңғар хандығына елшілік сапармен барып қайтқандығын айтады», – деп қорытынды жасайды (Сонда, 423 б.).

XVIII ғасырдың 40-шы жылдарының басында жоңғарлардың Орта Жүз бен Кіші жүз жерлеріне басып кіруіне байланысты Ресей империясы сенаты алқасының 1742 ж. 20-мамырында қабылданған «Жоңғар шапқыншылығынан қазақ халқын қорғау шаралары туралы» деген жарлығының негізінде Орынбор комиссиясының басшысы И.Неплюев майор Карл Миллердің басқаруында 10 адамнан тұратын елшілік тобын құрған. Осы елшілік арқылы 1742 ж. 2-ші қыркүйекте осы шапқыншылыққа байланысты Қалдан Серенге наразылық хат жолдап («Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв...»), 228-229 б.), оны Қалдан Сереннің өзіне табыс ету тапсырылған.

Хатта Кіші Жүз бен Орта Жүз қазақтарының Ресей мемлекеті құрамына ресми түрде қосылғандығы баяндалып, Қалдан Серенге тұтқындалған Орта Жүздің сұлтаны Абылайды жанындағы адамдарымен бірге босатылуын және қазақтарға алым-салық салу мен аманатқа адамдар алу саясатының тоқтатылуы талап етілген.

Сол жылы қараша айының 16-күні ойрат қалмақ шекарасына келіп жеткен бұл елшілік патша өкіметінің тапсырмасын орындай алмай, кері қайтуға мәжбүр болған. Қалдан Серен елшілікті К.Миллерді де қабылдамаған. Атап айтқанда, К. Миллер басқарған елшіліктің өзіне тапсырылған міндетті орындай алмай келгендігі туралы дерек Ресейдің сыртқы істер ведомствосы мұрағатында сақталған (Ресей сыртқы саясаты мұрағаты (РССМ) 113 қор, 1т., 3-іс, 1742-1744 жж., 17-17 п.с.).

Сөйтіп, нәтижесінде К.Миллер бастаған елшіліктің міндеті орындалмады, Абылай сұлтанды тұтқыннан босату оның қолынан келмеді. Алайда, бұл тарихи шындық туралы Ресей тарихнамасында нақты ештеңе жазылмаған.

Солай бола тұрса да, К.Миллердің елшілік міндеттерінің

қорытындысы мен Абылай сұлтанды тұтқыннан құтқару мәселесі орыс және кеңес тарихнамасында ұзақ жылдар бойы шындық тұрғысынан көрсетілмей жаңсақ баяндалып келді.

Мәселен, өмір бойы Қазақстан тарихын зерттеумен шұғылданған А.И.Левшин өзінің іргелі еңбегінде «жоңғар тұтқынында қамыққан Абылай сұлтанды Қалданға жіберілген майор Миллер өзінің ыждаһаттығымен 1743 ж. көктемінде босатып алды», – деп жазған болатын (Левшин А.И. «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» – Алматы: Санат, 1996, 206 б.).

Бұл нікірден Қазақстан тарихшылары да алыс кеткен жоқ. Олардың көп жылғы ізденістерінің қорытындысы болып табылатын еңбегінде (Қазақ КССР тарихы. 1-том. Алматы, 1957, 257 б.) А.И.Левшиннің көзқарасы мойындалған болатын.

Сол сияқты, бұл пікірді өз еңбектерінде Қазақстан тарихшылары Т.Шойынбаев және В.Я.Басин де қолдаған еді. Басиннің осы пікірін жақтаған Ресейдің белгілі тарихшысы Н.Г.Аполлованың: «Орта жүздің сұлтаны Абылайды жоңғар тұтқынынан босату тек К.Миллердің ғана қолынан келді» (Қ.Е.) – деген қолдауына Қазақстан тарихшысы профессор В.А. Моисеев: «бізге белгілі фактілер оның шындыққа жанаспайтындығын дәлелдейді», – деп сыни пікір айтқан болатын (Моисеев В.А. «Джунғарское ханство и казахи XVII-XVIII вв.» Алма-Ата: Ғылым, 1991. С. 156.).

Сөйтін, К.Миллер басқарған елшіліктің миссиясы кеңестік дәуірдің тарихшыларының еңбектерінде патша өкіметінің мәртебесін көтеру мақсатында орынсыз бұрмаланып, негізсіз мадақталып келді.

Бұл еңбектердің басты кемшілігі – тарих ғылымының бастау көздері болып саналатын тарихи деректерді пайдалануға методологиялық принциптерінің сақталмағандығында.

Тарихи деректану ғылымы методологиясының негізгі принциптерінің бірі-тарихшылардың зерттеу жұмысына қатысы бар деректердің бірде-бірін тыс қалдырмауды талап етеді. Оларды кешенді түрде бірімен-бірін салыстырып, толықтырып, сыни тұрғыдан қарап пайдаланудың негізінде ғана қаралатын мәселе мағынасының шындық тұрғысынан толық ашылатындығын тарихшылар жақсы білуге тиісті.

Кенес дәуірі авторларының еңбектері, негізінен, XVI-XVIII ғғ. Ресейдің сыртқы саясаты мұрағатының «Киргиз-кайсаңкие дела» қоры материалдары негізінде баспадан шыққан «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб. документов и материалов» (Алма-Ата, 1961.) деген жинақтың кейбір материалдары негізінде ғана жазылған. XVI-XVIII ғғ. Қазақтың сауаттылығы озінің даму дәрежесінен алыс кезеңде елдің қоғамдық өмірі халықтың тұрмые-тіршілігі мен басынан кешкен тарихи оқиғалары, оның ішінде жоңғар шапқыншыларына қарсы күресі т.б. ауыз әдебиеті шығармаларында (аңызға айналған әңгімелер, шежірелер мен толғауларда т.б.) бейнеленгені белгілі.

Мысалы, қазақ-жоңғар қатынастарына байланысты Қаз дауысты Қазыбектің Жоңғар еліне қазақ елшілігін 3 рет басқарып баруы туралы деректік мағлұматтар оның ұрпағында, осы күнге дейінгі шежірелерде және ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталған. Осы материалдар XX ғ. 80-90-шы жылдарында қазақ баспасында жарық көрді.

Олар «Бес ғасыр жырлайды». Бес томдық. Бірінші Т. (Алматы: Жазушы, 1984); «Ел аузынан». (Құрастырушылар Б. Адамбаев, Т.Жарқынбекова. Алматы: Жазушы, 1985); «Билер сөзі». (Құрастырушы Т.Кәкішев. Алматы: Қазақ университеті, 1992), т.б. жинақтардан белгілі.

Сонымен бірге, Абылай сұлтанның тұтқында болған уақытында Қазыбек бидің қандай рол атқарғаны туралы ауыз әдебиеті мен ресми деректердің негізінде жазылған Төрекұлов Н., Қазбеков М. «Қазақтың би-шешендері. 1-2 кітап. Алматы: Жалын, 1993; Көпеев М.Ж. Абылай хан». Алматы, 1993; Адамбаев Б. «Казакское народное ораторское искусство». Алматы: Ана тілі, 1994; Омари Ж. «Қаз дауысты Қазыбек би». (Астана: Фолиант, 2000.) зерттеу еңбектерінен де белгілі.

Окінішке орай, осы шығармаларға негіз болған дерек мағлұматтарынан орыс тарихшылары мен кеңестік кезеңнің зерттеушілері бейхабар болған, оларға көңіл аудармаған. Кенес дәуірінде өктемшіл коммунистік идеологияның қатаң саясаты салдарынан қазақ тарихшыларының тарихи зерттеулерге фольклор материалдарын дерек ретінде пайдалануына батылы бармаған және оған үзілді-кесілді жол берілмеген.

Ш.Уәлиханов ауыз әдебиеті шығармаларының мазмұнын өмірде болған шындыққа балап, жазуы дамымаған көшпелі халықтар тарихының негізгі дерегі деп білген. Оларға халық тарихын түсінудің сенімді құралы деп қараған. (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч..., Т.1. С. 346.). Кезінде еліміздің көрнекті тарихшысы Е.Бекмаханов өз зерттеулерінде осы мәселеге көңіл аударып, жыр-аңыздарды тарихи деректермен салыстыра отырып, тиімді пайдаланған болатын.

Қазақ елінің тарихи жадынан құрметті орын алып, кезінде үлкен елшілік, билік қызметімен танылған Келдібекұлы Қазыбек би негізінен шешендік өнерінің аса көрнекті өкілі ретінде белгілі. «Өнер алды – қызыл тіл» деп түсінген ортада Қазыбек бидің сөз өнерін ғажап меңгерген ұлы шешен болғандығы даусыз. Бірақ, мәселенің түп-төркініне келер болсақ, шешендік өнер бидің негізгі үздік қыры емес-тін. Қиын-қыстау заманда бар өмірін өз халқының еркіндігі мен теңдігіне арнаған қайраткердің өмір жолын тек шешендік өнерімен шектеу ғылыми әділеттілік болмас еді. Шешендік өнер оның үлкен қоғамдық-саяси қызметіндегі қуатты құралы болатын. Тура осы ойды Қазыбектің Төле би, Әйтеке би сияқты басқа да замандастарының өмір жолына байланысты айтуға болады. Олардың күресте өткен өмірінен хабар беретін тарихи деректер мәселеге осы тұрғыдан қарауға итермелейді. Орынбор облыстық архивіндегі губерниялық канцелярия қорында сақталып, біздің заманымызға жеткен Қазыбек бидің Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюевке жолдаған екі хаты бұл нікірді растай түседі.

Сарғыш тартқан жай қағазға араб қарнімен жазылған хаттар сол кездегі Орынбор канцеляриясында қалыптасқан тәртін бойынша орысшаға аударылған. Екі хаттың алғашқысын орыс тіліне аударған Емағұл (мүмкін, Смағұл. – М.К.) Гуляев. Ал, екіншісінің соңында аудармашының аты-жөні жоқ, тек «перевел переводчик» деп қана қойылған. Жазу мәнеріне қарағанда, екеуін де бір адам аударғаны байқалады. Орысша мәтіндердің сапасы аудармашының қазақ тілін жетік білгендігін көрсетеді.

Реті бойынша папкаға бірінші тігілін, бетінің жоғарғы шетіне «112», «112 об» деген нөмірлер қойылған бірінші хаттың орысша

аудармасы «От него же Казбек бия» деген сөйлемнен басталады. Хаттың Орынбор канцеляриясына жеткен уақыты туралы ешқандай белгі жоқ. Тек екінші хаттың мәтіні арқылы оның соңғысынан шамамен бір жыл бұрын жазылғандығын ажыратуға болады.

Екінші хаттың бетіне «113 об» деген рет нөмірі қойылып, одан томен хатқа мынадай қысқаша түсінік берілген: «Перевод с татарского письма, которое прислано от Казыбек бия, полученного от Тюкена Балтачева июня 13 дня 1745-году в Оренбурге. В нем же по мере сюду значит ниже сего».

1745 жылы қазақ қоғамы «Ақтабан шұбырынды» (1723) зардабынан біржола арыла қойған жоқ еді. Жау әлі де қуатты, ал елде саяси тұтастық жоқ, оның үстіне Жетісудан Ташкентке дейінгі аралық Жоңғар хандығына қарайтын. Міне, осындай ауыр ішкі және сыртқы жағдайда Ресей өкімет орындарымен саяси байланыстың мәні үлкен болды. Қазақ хандары мен сұлтандарының, Төле, Қазыбек билердің, Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары батырлардың орыс әкімшілігіне жолдаған екі хатының екеуі де елдің сол кездегі саяси өміріне тікелей қатысты келелі мәселелерге байланысты жазылған. Бірінші хатта Қазыбек би Орынборға елде өткелі жатқан жиын туралы хабар береді. Сондай-ақ бұл қатардағы жиын емес, жеті хан, сұлтан, төре және басқа ел билеушілер бас қосып, толғағы жеткен ішкі және сыртқы саяси жағдайларды талдауға, солар бойынша тиісті шешім қабылдауға шақырылған үлкен кеңес. Біздің түсінігімізше, бидің бұл оқиға туралы Орынборға хабар берудегі түпкі мақсаты орыс әкімшілігіне елдегі болып жатқан іргелі жаңалықтарды, соңынан кеңестің негізгі шешімдері туралы баяндап қана қоймай, сол арқылы, мүмкін болса, жоңғар шапқыншылығына қарсы Ресейдің қолдауын алу. Хатта «Төкен батырға елші қосып қайтарыңыз» деуі соны аңғартады.

Сонымен бірге Қазыбек би Орынбормен екі арадағы жылы қатынасты жаратпайтындардың бар екенін ескертіп, генералдан қызметте жүрген Төкен (Дукен болуы да мүмкін, хаттың түпнұсқасында «Дукан» деп жазылған. – М.Қ.) батырдың қауінеіздігін қамтамасыз етерлік шара қолдануын өтінеді. Хаттың тілі сол тарихи кезеңге дейін қолжазба еңбектерде, іе қағаздарында

қолданылып келген ортағасырлық түркі жазба тіліне жақын. Бұл жағдай XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында ортағасырлық жазба мәдениетінің одан ары өз жалғасын тапқандығының көрінісі. Бидің Орынбор канцеляриясынан жиырма табақ қағаз сұрауы да соны айғақтай түседі.

1745 жылы жазылған екінші хат жоңғар қатынасының тағы да ширыға түсуіне байланысты елдің күпті көңілінен хабар бергендей. Қысқаша айтқанда, жағдай мынадай еді. 1744 жылдың күзінде Ташкент Қалдан Серен билігінен ортазиялық Абдулкарим бектің қолына өтеді. Оның үстіне 1744 және 1745 жылдардың аралығында Ұлы жүздің Қойғелді, Токсанбай, Мәлік, Кетен сияқты батыр-билері бастаған көтерілісшілер Қалдан Сереннің Шымкент жанында орда тіккен өкілі Баршаханды, оның көмекшісі Саңғалды өлтіреді. Қазақстандағы іргесі шайқала бастаған билігін қалпына келтіру мақсатында Қалдан Серен жорыққа дайындалуға кіріседі. Бұл жағдай қазақ қоғамында үлкен қобалжу туғызып, белгілі дәрежеде билеуші топтарды Ресеймен арадағы достық қатынасты нығайта түсуге итермелейді және солай істетті.

Сонымен бірге бұл кезең өз кезегінде Ресей мен Жоңғар хандығы арасындағы территориялық даудың жалғаса түскен, оған қосымша ойрат қолдарының Батыс Сібірдегі орыс бекіністеріне ауық-ауық жасап отырған шабуылдарынан екі мемлекеттің арасында қырғи қабақ қатынастың орын алған кезі еді. Қазыбек бидің хатында осы айтылған саяси жағдай қысқа болғанымен, анық айтылғандығын аңғару қнын емес.

Хаттың негізгі тақырыбы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай, соған байланысты қазақ қоғамы мен Ресейдің арақатынасы. Хатта ірі саяси қайраткердің екі елдің арақатынасына байланысты ұстаған позициясында екі жақтылық жоқ, қайта ол өзара қатынастың маңызын және болашағын терең түсінген, мемлекетаралық дипломатиялық байланыстан хабардар тәжірибелі адам екендігін танытады.

Бұл арада арнайы сөз етуге лайық бір жай бар. Ол Қазыбек бидің қоғамдық қызметін тереңірек түсінуге көмектесетін, өте сирек кездесетін бұл құжаттың халық арасында сақталып келген

деректік материалдардан алшақ емес, қайта олардың бірін-бірі өте орынды толықтыра түсетіндігі.

Біз қарастырып отырған және одан бұрынғы тарихи кезеңдерде қазақ қоғамында елшілік қызмет негізінен билердің үлесіне тиген. Қазаиғани ақынның «Төле бидің тарихы» атты жырында аса маңызды дерек бар. Онда бір қақтығыстаи кейін тұтқын дауымен қалмаққа елші жіберу қажеттілігі туады. Бұл сапарға кім аттанады дегенде хан тағы жанында Билер кеңесіи құрған үш бидің үшеуі де ыңғай білдіреді. Сонда біреу Қазыбек биге: «Айтыңызшы, арғымақтың басы күшті ме, жоқ белі күшті ме, жоқ құйрығы күшті ме?» – деп сұраумен қайырылғанда, жол жағынан үлкен Төле би: «Шырағым Қазыбек, жол бастауға аттың омырауы күшті, бірақ белі қызметті көп істейді, рұхсат сізге», – деп жол береді. Қасына Қожабақтың ұлдары Қылыш пен Балта батырларды ертіп барған бұл сапарында ол тұтқын, жер дауына байланысты көп іс тындырып қайтады. Ол туралы жырда: «Қазыбек енді еліне жөнеледі, жиып ап жетім-жесір, не ерлерді. Сіздерді жоғыңды ал деп, ертіп келін, қалмақтың жоғын тауып бұл да берді», – делінеді. Қазыбектің шешендік өнері қалмақ ханына үлкен әсер еткен.

Қас батырды көргенде жау көңіліне қызғаныш ұялаған. Осы сапарда қалмақтар бидің жанындағы сірғелінің батырлары Қылыш пен Балтаның үзеңгісіне у жағып жіберін, елге келген соң Қылыш өліп, Балта аман қалады. Қазанғап ақын арқылы бізге жеткен Әбдірейім шежіресі бойынша, Тәшкенге таяу маңда Қылыштың қыры, Балтаның көлі деген жер аттары болған. Қазыбектің өзі де жырда аракідік Ер Қазыбек аталады. Бидің ер атануы осындай қауіпті сапарға байланысты екендігі анық.

Бірінші хат

«Иана биз Казубек биден инаралға суз будур: иети хан, куп туре, иурут бару бизларнин уштумизға килалар. Сузлашамиз, кинғаш қиламиз тиб айталар. Имрн бу Дукан батурға илчи кошуб илдам кайтаруб ибарғайсыз. Ол ханларның, тураларның, иурутның... кинға-шин, сузларин сиз иналарға Дукан колуна хат беруп

хизматунизға биз ибарурмыз. Бу Дукан батур падишаһ хизматун қиламиз тиб ики чуға чипкан бирмак болуп, ики аталыб минди. Иана игрми табақ қағаз бирғайсиз.

Иана биз қаракисек Қазубек биден салам. Орунбор башлығы инаралға сузумиз будур: бизға бир кара тулки ибарғайсиз. Дукан батур колуна беруп ибарғайсиз. Иана бу Дукан батурнын, саклардай ғакл табғайсиз Анин учун подишаһның сузларин. Дукан батур яғшы айтадур. Кашлар сузин бу Дукан батур яғшы айтадур. Аниң учун бу Дукан батурның башын душманлардин сакдағұдай бир яғшы ғакл табғайсиз».

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

«Және біз, Қазыбек биден, генералға сөз бұл: жеті хан, көп төре, жұрт болып біздің үстімізге келмек. Пікір алысып, кеңес құрмақ. Енді мына Төкен батырға елші қосып, тезірек қайтарып жібергейсіз. Хан, төре, жұрттың айтқан пікірін, жасаған шешімін сізге, генералға Төкен батырдан хат арқылы жеткізерміз.

Бұл Төкен батыр патшаға қызмет етемін деп екі шұға шекпен бермек болып екі ат алып мінді. Одан жиырма табақ қағаз беріп жібергейсіз.

Және біз, қаракесек Қазыбек биден, сәлем. Орынбор бастығы генералға сөзіміз бұл: бізге бір кара түлкі жібергейсіз. Төкен батырдың қолына беріп жібергейсіз. Және бұл Төкен батырға дұшпандардың жамандық көңілі бар-дүр. Ойткені Төкен батыр патша сөзін бізге, біздің сөзімізді сіздерге жақсы жеткізін жүр. Сондықтан да, генерал, бұл Төкен батырдың басын аман сақтардай бір жақсы амал тапқайсыз».

Екінші хат

«Биз қара кесек Қазубек би улұғ падишаһға баш... Иана Орунбор башлығы инаралға салам сузумиз будур:

Бизлар падишаһның хизматиндамыз. Падишаһның душманина душманмыз, дустина дустимиз. Бизларниң бурунғи антимиз ант-дур, сузумиз бирдур.

Иана сиз инаралыиң билтур Дукан батурға берип ибарған хатуиңиз бирла сиуның қолумизға килуб тиди. Бизлар яғшы куш курдук.

Бизлар бу заманда ишутаимиз, жонгар қалмақ Қалдан Чирин хан падишап иуртупа иаманлик қиладур тиб. Узумиз куз бирла курганмиз иукдур.

Иана... лау Ғабдулкарим бек игрми сан к... Ташкент қала устуна килди. Қалдан хан қалмақ иурту бирла уруш қилди тиб иатадур. Андан башқа узгариш ишутмаймиз. һар иурутлардан ишутсақ сизларга хабар қилармыз. Хатни Дукан батурга бирдук».

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

«Біз, қаракесек Қазыбек би, ұлы патшаға бас (идік). Және Орынбор бастығы генералға сәлем сөзіміз бұл;

Біз патшаның қызметіндеміз. Патшаның дұшпанына дұшпан, досына доспыз. Біздің бұрынғы антымыз – ант, сөзіміз – бір.

Және сіз (дін), генералдың, былтыр Төкен батырдан беріп жіберген хатыңыз бен сыйлығыңыз қолымызға келіп тиді. Біз жақсы, хош көрдік.

Біз бұл заманда жонгар қалмақ Қалдан Серен хан патша жұртына жамандық жасап жүр деп есітеміз. Өзіміз көзімізбен көргеніміз жоқ.

Және... лау Ғабдулкарим бек жиырма сан к... Ташкент қаласының үстіне келді. Қалдан ханның қалмақ жұртымен ұрысты деп айтады. Одан басқа жаңалық есіткеніміз жоқ. Әртүрлі жұрттан жаңалық есітсек, сіздерге хабар қылармыз. Хатты Төкен батырға бердік».

Бұл екі хат белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелді еңбегінен алынды. Қазыбек атқарған істен үлкен көрегендікті, мемлекет мүддесін ойлаған ақыл мен жүректі көреміз. Ол ешқашан да албырттық, асығыстық жетегінде кетпей, барлық шешімін ақылға салып, он рет өлшеп, бір рет пішіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып кеткен кемеңгер.

Ресей мен Қазақ ордасы арасындағы Әбілқайыр бастап берген келісімдерден Қазыбек атын кездестірмейміз. Бірақ елшілікті бастап келген Тевкелев мырзаның Орта жүзден екі адамды ұдайы назарда ұстағаны белгілі. Оның бірі – Сәмеке хан, екіншісі – Қазыбек би. 1740-1742 жж. келісімдердің сыртынан Қазыбекті көргенімізбен, ішінде жоқ. Оның есесіне құжаттардан Әбілмәмбет ханды И.Неплюевпен кездесуге жібермей, оның ұлы Әбілпейізді

Қалдан Серенге аманатқа беріп, Абылайды жаудың тұтқыннан босатушы Қазыбек екені анықталды.

1731 жылы Ресейден Әбілқайырдың шақыруы бойынша елші болып К.Тевкелевтің келгені белгілі. Хан мен елші Ырғыз жағасында қазан айының 3-ші күні кездесті. Мәмлөгерлік келісімдер аса қиындықпен жүрді, елші тағдырының қыл үстінде тұрған уақыты коп.

Желтоқсанның 15-ші жұлдызында Әбілқайыр хан мен табын Бөкенбай батыр Орта жүздің ханы Сәмекеге Кіші жүздің жағдайын баяндап, елші аттандырды. Бодандыққа мойын ұсынғандарын, алым-шығын төлеуге келісімін бергендерін, Ресейдің сыртқы-ішкі жауларынан қорғаймын дегенін жеткізбек. Осы елшілікке Тевкелев өзінің ең сенімді көмекшісі башқұрт Таймас Шаймиев батырды қосты: «с которым послал Шемяка хану сукон кармазиновых-красного, зеленого, вишневого-каждого по 4 аршина ценою по 2 рубля по 50 коп. аршин, косяк камки семиланного красной, да кафтан суконной красной шитой, 8 коннов китайки, 6 кож красных, 5 выдр, 2 бобра, 2 чернобурые лисицы, да знатному старшине Қазбек бию кармазинового 4 аршина по 2 руб. 50 коп аршин, 1 бобра, 1 выдра, юфть одна красной кожи».

Тевкелевтің күнделігіне сүйенсек Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың қыстаған жерлері таяу, атты адамға торт-бес күндік жер. Желтоқсанның 15-і аттанған елшілік 19-ы күні Сәмеке мен Қазыбекке кездесті. Кіші жүз Арал жағасында, Орта жүз Сырдың орта ағысында қыстап отырғаны анық.

1740 жылы Ресей патшасы Анна Иоанновна қайтыс болып, оның Қазақстанды Ресейге қарату саясатын аяқсытпау үшін Орынборда генерал В.Урусов үлкен мәжіліс откізді. Бұл ант беру салтанатына Орта жүздің атынан Әбілмәмбет пен Абылай бастаған би-батырдың біразы барды. Бірақ қалмақпен қанаттас, іргелее отырған Орта жүздің ірі руларының көсемдері Қаз дауысты Қазыбек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы қарт Боғенбай ел ішінде қалды. Осыған қарап-ақ, қазақ ішіндегі саяси ақуалдың екі жарылғанын, оның бір бөлігі не нәтиже шықса да қазақтың өзінен шығатынын терең сезінген ел басшылары да, екінші бөлігі өзіне

сенімі аздау, өзгеге алаңы көптеу басшылар. Қазыбек бидің Ор камалына бармау себебі осыған байланысты болса керек.

В. Урусовпен болған кездесулерде көп талқыланған мәселе Қарасақал жайлы. Қарасақал – 1739-1740 жылдары орысқа қарсы көтерілген башқұрт елін бастаған ірі тұлғаның бірі. Башқұрт наразылығының басы Орынбордың салынуына қарсылық, оған Орта жүз де риза еместін. Сол себепті көтеріліс жеңіліп, ел кәр қылыштар қолына түсіп, оңды-солды қыра бастағанда Қарасақал-Сұлтан Керейдің бас сауғалағаны қазақ жері болды.

1742 жылы Қарасақалды Арқа жерінен, енді Қазыбек бидің маңынан көреміз. Қашқын Қарасақалдың Сына батыр атанғаны да осы уақыт. Сына батыр деген кім, енді соған келейік.

1723 жылы Түркістанға аттанған қалмақ қолының бір басшысы Шұна Дабо (Лаузан) болатын. Ол Сыбан Рабтанның Сетержеп деген әйелі, торғауыт қалмағының ханы Аюкенің қызынан туған. Бұл мейлінше жауынгер, бір бет, ашық-жарқын жігіт болатын. 1727 жылы Сыбан Рабтан өлгенде, оның тағына отырған Қалдан Сереннің бірден бір күндеген, мүйіздеген адамы осы әкесі бір, шешесі бөлек інісі Шұна Дабо. Қалмақтың өз ішінде де, сыртқы қазақ, қырғыз, телеуітке де танымал сайыпқыран ердің бірі Сына батыр осы Шұна Дабо еді. Қалдан Серен інісінің көзін жоюдың амалын тапты. Сыбан Рабтан өз өлімінен өлген жоқ, оған Сетержеп у берін өлтірді, Шұна Дабо осы қастандыққа тікелей қатысты дегенді шығарды. Міне, ерен жауынгер, бір беткей, ашық-жарқын батыр жігіт хан тағынан секем алған өз ағасының кәріне ілігеді. Ағасының қаһарынан қорыққан Шұна Дабо (Сына батыр) Еділ бойына қашып кетін, сол жақта 1732 жылы қайтыс болды.

Бидің қызметінде жүретін жігіт Қарасақалды бастап ордаға енгізгенде, Қазыбек би ауыр ой үстінде еді. Азияның көшпелі түркі-қалмағы да, отырықшы ұйғыр-сарты да бір ауыр апаттан екіншісіне түсіп, дағдарыстан шықпай қойды. Баяғыдай аршынды еркін заман жоқ, бір-бірінің ізін бағып, шиырлап жүрген ел. Шығысында қытай, батысында орыс, оңтүстігінде парсы көшпелі халықтың аяғындағы үш бұтты шідер сияқты, аттатпайды.

Қалмақ-қазақтың күресі де амалсыздықтан туған жанталас, есте болса Ресей қолына түспеймін деп ол қырылып-жойылып жүргені. Міне, XVIII ғасырдың 30-40 жылында башқұрт Ресейге қарсы үш көтерілді, үшеуінде де қаны судай болып ақты. Оздеріне бейімді деген башқұртты Ресей қазаққа айдап салып, Кіші жүздің қазағын башқұртқа қарсы қайрап қояды. Сонымен бір бітпей кеткен ұрыс-жанжал. Қалмақ Қытаймен үш рет соғысты, үш рет Қытай аждаһасының бетін қайтарды. Осы екі көрші, өзі туыс ел құрбандыққа бірінші ұшырайды, заманның днірменіне бірінші болып түседі. Осы екі халық өздерін құрбандыққа шалып отырып, қазақты аман сақтайды. Иә, кесімді күні жақындады. Бұлардан қалған бала-шағаны бауырына басып, Орталық Азия кеңістігінде бір-ақ ұлы көшпелі халық қалуы керек. Ол – қазақ халқы.

Қаз дауысты Қазыбек алдына келін тізе бүккен башқұрттың түріне зерттей қарады. Түрі – қалмақы түр: кең иықты, төртпақ, көзі қысыңқы, сақал-мұрттың нышаны ғана бар. Қазыбек би:

– «Сен енді Қарасақал емессің, сенің атың бүгіннен бастап Сына батыр, сен Сыбан Рабтанның ұлысың. Осы қазақ ішіндегі қалмақтың бәрін қасыңа жина, лақабыңды тарата бер. Бетіңнен ешкім қақпайды, – деді би.

Аз уақыттың ішінде оның қарамағындағы ауылдар қаракерей-қаракесек ішінде бір ұлыс ел болды. Оның екі әйелі де найман қызы – бірі мағай, бірі – қаракерейден. 1740 жылдан бастап Қарасақал Сына атымен қырда қалмақ, ойда озбек пен қарақалпаққа бітпейтін үрей болып кетті.

Сына батыр қазақ ішінде, аман екен дегенді еетіп қалмақ бүлінді. Шұна Дабоның інісі Барғай бастаған, бірнеше ірі нояндар қостаған қалмақ тобы осы кезде келін қазақ арасына біржолата сіңді. Қарасақал енді Жоңғарияның да қауіпті жауына айналды.

Ресейдің негізгі мақсаты қазақ пен қалмақты қырқыстырып, қызығына қарап отыру керек екенін ерте түсінген Қазыбек көсем 1742 жылы Орынбор комиссиясының басшысы И.Неплюевтің шақырғанына Әбілмәмбет ханды жібермеді. Бұдан әрі орысқа далбасалауды қойып, қалмақпен тіл табысу керек. Ұлы бидің пікірі

Орта жүздің ірі көсемдерінің тарапынан қолдау тауып отырды: «чрез доношение обретающегося у вышеупомянутого хана порутчика князя Уракова, получено известие, что Барак салтан и Казбек бий, а более некоторой киргизец, называемой Алтык, возмущает акибы здесь взять намерение, ежели оной хан и другие владельцы в Орск придут, что им тамо удержатъ будет».

Абылай сұлтанның қонтайшы тұтқынынан босатылуына Қаздауысты Қазыбектің атқарған қызметінің қорытындысы Ресейдің XVI–XVIII ғғ. сыртқы саясаты мұрағатының (РССМ) деректерінен белгілі.

Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің Ресей үкіметінің Сенатына 1743 жылғы 8-ші шілдеде жазған мәлімдеме хатында: «Орта Жүздің ханы Әбілмәмбеттен 7 маусымда қысқаша хат алдым. Оның хабарлауынша: Жоңғар билеушісінде тұтқында болған Абылай сұлтан мен ел ағасы Жапақ екеуі қайтып келінті. Қалмақтар енді олармен татуласуда», – деп жазылған (Казахско-русские отношения..., 284 б.).

Бұл деректі Иван Лапин мен Мансур Аксаковтың 1743 ж. 30-шы тамызда Орынбор комиссиясының кеңсесіне берген мәлімдемесі толықтыра түседі. Онда: «Абылай жоңғарлардан үлкен құрметпен босаған. Оған алтын оқамен зерленген отау үй, оқалы шапан, жинамалы темір шатыр, темір сауыт т.б. берін аттандырған. Мұндай сый-сияпат Абылайға қазақ пен жоңғардың келешекте тату тұруы үшін көрсетілген. Жоңғарлар өз тарапынан бұдан былай қазақтарға тиіспейді», – деп жазылған. («Казахско-русские ...», 289 б.; «Абылай хан» ..., 136 б.).

Келесі дерек – Абылайдың тұтқыннан босап келгеннен кейін Орта Жүзге барып, Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанның және ел ағаларының Жоңғар қалмақтарымен, Қалдан Серенмен арасындағы байланыстары жөнінде барлау жүргізіп қайтқан башқұрт Төкен Балтасевтың (мүмкін Балташев болар – 1743 ж. 22-ші қыркүйектегі мәліметтерінде: «Жоңғар билеушісі Қалдан Серен өз атынан Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанға елші жіберін, өзінде аманатта қалып отырған Әбілмәмбет ұлының орнына Барақ сұлтанның ұлын жіберуді талап еткен. Бұл жөнінде Әбілмәмбет

хан мен Барақ сұлтан Қазыбек бимен және басқа да ел ағаларымен ақылдасқан.

Бұл мәмілегер Қаз дауысты Қазыбектің Қалдан Серенге барып, Абылай сұлтанды тұтқыннан босату туралы жүргізген келіс-сөздерінен кейін Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанға берген ақылы болғанына.

Бұдан бір ай өткен соң Абылай, қасындағы басқа адамдармен бірге Жоңғар тұтқынын босап келген. Онымен бірге қалмақ елшілері де (30 адам) келген...

Біраз жыл өткеннен кейін Қазыбек атын Жоңғария мен Қытай соғысы жүріп жатқанда кездестіреміз. Орта жүздің ең жауынгер, ең ақылды сұлтаны Абылайды тұтқынға түсірген Қалдан Сереннің мақсаты оны өлтіру емес. Егер өлтіргісі келсе екі жыл ұстап, соңынан сый-сияпатпен аттандырып, қалыңсыз қыз беріп, «күндебау» деп бала ертін жібермес еді. Қалдан Сереннің ойында қазақпен қалмақтың күшін қосу, көшпелілерді бір тудың астында ұстап, Шығыста – Қытай, Батыста – Ресей тарапынан төнген қауіпке қарсы тұру еді. Оқиғаның барысының мазмұны мен мәнін қазақ шежіресінен артық жеткізе алатын дерек жоқ.

Қазақ-қалмақ арасындағы қанқұйлы соғыстың тынышталып, екі ортада бейбіт қарым-қатынастың орнауы және 1756-1757 жж. қазақ-қытай соғысының қазақтың пайдасына шешілуі, кеменгер Ер Қазыбек көсемнің қолбасшылығы және ақылман саясатымен іске асқан ел басқару еңбегінің бір көрінісі болды.

Одан кейінгі заманда Қытай үкіметі Қазыбек биге хат жазып, елші жіберіп, қалмақтан босаған жерге шақырып, үлес ұсынады. Ал, Ресейдің сонау Тевкелев заманынан бері (1731 ж.), қашанда Қазақ ордасындағы ең ықпалды би деп танып, Орынбор мен Сібір губернаторының Қазыбек биді үнемі назарда ұстауы, оның Қазақ Ордасының ең беделді әрі ықпалды саяси қайраткері болғанын және көсем екендігін көрсетеді.

Бүгін біреулер: – «Осы Қаз дауысты Қазыбек “Би” болды ма?», – деген сұрақ қояды. Шынында, Қазыбек би өмір сүрген қилы-қилы заманында, оның халқына атқарған сан-салалы басқа қызметіне қарағанда, билік қызметі жоққа тән емес пе?

5-бөлім. ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК – КӨСЕМ

Кез-келген ұлттың жадында қанша ғасырлық уақыт өтсе де, «халқы оның өткен өмір жолын пір тұтатын, артындағыларға жүзімен нұр шашып тұратын әрі келешекке жол көрсетін тұратын бір әулие адамның бейнесі сақталып қалады». Қазақ үшін сондай адамның бірі әрі бірегейі Қаз дауысты Қазыбек би деп түсінеміз.

Қазыбек би сөзден гөрі істің адамы болған. Қазақ тарихында “Қазыбек би айтты” деген сөзден, “Ер Қазыбек атқарды” деген іс көп. Атқарған істің бір саласы – Қазақ хандығының ішкі саясаты: қазақ руларының өзара қарым-қатынасы, үш жүздің арасындағы қам-қарекет, одан қалды хан мен қара халық арасындағы үйлесім, екінші саласы – Қазақ хандығының сыртқы саясаты: көршілес қалмақ, қырғыз, естек, өзбек, қарақалпақ елдерімен және айбарлы Қытай, Ресей сынды алпауыт империялармен саяси келісім – одақ. Одан кейін, жауғершілік заманда – көсем-қолбасшылық мәселесі. Сондықтан, қазақ елі үшін ерекше қасыретті XVIII-ші ғасырда Қазыбек бидің ел ішіндегі билік қызметінен, оның қоғамдағы көсемдік-қолбасшылық орны әлдеқайда жоғары тұр. Оны бұл дәрежеге 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасында атқарған ерен еңбегі әрі осы еңбектің арқасында шыңдалған көсем-қолбасшылығы жеткізді. Кезінде бұл туралы оның замандасы Бұқар жырау жазды. Оқырманның назарына сол қасіретті оқиғадан нақтылы дерек беруді жөн санадық.

Бұқар жырау жазып қалдырған «Әйтеке би» дастаны туралы дерек сақталды. Әулие әрі көреген эз Әйтеке би қазақтың басына бір апаттың келерін болжап, одан сақтануды ескерткен. Бұл қасырет “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” оқиғасы болды. «Әйтеке би» дастаны “Ақтабан шұбырынды” туралы жалғыз шынайы дерек, ал оны жазған Бұқар жырау болса сол апаттың басына қасында болған адам.

Қазақ ішінде “Ақтабан шұбырынды” туралы ақиқаттан гөрі аңыз көп. Қолына қалам алғанның бәрі бұл оқиғаны өз жерінде болған қылып, өз елінде болған қылып, өз атасының басынан кешкен қылып көрсетуге тырысып жүр. Ал, сол оқиғаның куәсі Бұқар

жырау жазған “Әйтеке би” дастаны туралы білмейміз. Кезінде Ақселеу Сейдімбек, Мұхтар Мағауиннің айтқанын елеп жүрген ешкім жоқ. Олар айтқандай, Марғасқа жырау жазған «Еңсегей бойлы Ер Есім», Бұқар жырау жазған «Әйтеке би» дастандары туралы зерттеу жоқтығы түгілі, оларды ауызға да алмаймыз. Аталмыш дастандарды жазған Мағасқа жырау Есім ханмен бірге болып, ал Бұқар жырау “Ақтабан шұбырынды” оқиғасы кезінде Қазыбек би мен Боғембай батырдың жанында, осы қасіретті оқиғаға қатысқан адам. Ерте көктемде Қаратаудан бастап аш-жалаңаш босқан елді, қара күзде Мұғаджар тауына тақағанда Кіші жүздің Ер азаматтары қол жинап, аман алып қалғанын өз көзімен көрген адам. Олай болмағанда арғынның осы үш атасы толық жойылып кетуші еді. Сонда, кімге сенеміз?

Баянауылдық Нұрғожа молда қалдырған жазба-шежіренің ішінен Бұқар жыраудың “Әйтеке би” дастаны шықты. Заманында Бұхар жырау Әз Әйтеке биге арнап үлкен дастан жазған, кейін оны халыққа насихаттап жырлаған Толыбайұлы Қожаберген жырау болыпты. Бұл дастанды ел аузынан жинап, ақ қағазға түсірген Нұрғожа молда. Дастанды ХХ ғасырдың аяғында бүгінгі жазба әріпке аударған баянауылдық Алдабергенұлы Төлепберген. Дастанды маған өз қолымен көшіріп берді.

Ауырып өлер алдында әз Әйтеке би қазақтың басына бір апаттың келерін болжап, одан сақтануды ескерткен. Бұл – қасіретті «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасы еді. Сондықтан, көзі ашық, қазақ тарихын білсем екен деген азаматқа «Әйтеке би» дастаны «Ақтабан шұбырынды» туралы шынайы дерек, ал Бұқар жырау сол апаттың басы-қасында болған күә.

ХХ ғасырда қазақ ішінде Кеңес үкіметінің ішкі саясатына сай келетін ойдан шығарылған тарихи оқиға, қолдан жасалған тарихи тұлға жеткілікті екені бәрімізге белгілі. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы туралы да ел арасында түрлі аңыз, тіпті қарама-қайшы әңгіме жеткілікті. «Ақтабан шұбырынды» туралы ойлағанда, алдымен Мәшһүр Жүсіптің: «Ақтабан шұбырынды» Орта жүздің басынан кешкен оқиға болса керек, – деген сөзі есімізге түседі. Сонымен қоса, Қожаберген жырау жазыпты-мыс делінетін «Елім-ай»

дастаны келеді. Бұл әңгіменің басында ғалым Қ. Биғожин тұрғаны ешбір дау тудырмайды. Нәбиден Әбуталиев те Қожаберген жырау жазыпты-мыс делінген «Елім-ай» дастанын уағыздауға «ерен еңбек етті». Ол – ол ма, Қожаберген жырауды «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына тікелей қатысқан, қол бастап соғысқан сардар деңгейіне дейін көтерді. XX-шы ғасырдағы бір жазуда – ««Әйтеке би» дастаны болған, бірақ кім жазғаны белгісіз», – делінін, Қожаберген жырау жазыпты-мыс делінетін «Елім-ай» дастанына «арнайы» енгізілген.

Әйтеке би дастаны. Заманында Бұхар жырау Әз Әйтеке биғе арнап үлкен дастан жазған, кейін оны халыққа насихаттап жырлаған Толыбайұлы Қожаберген жырау болыпты. Бұл дастанды ел аузынан жинап, жазып ақ қағазға түсірген Нұрғожа молда. Дастанды XX ғасырдың аяғында бүгінгі жазба әріпке аударған баянауылдық Алдабергенұлы Толепберген ағамыз. Томеңде келтірілген өлең жолдары осы дастаннан үзінді.

*Өткен жылы, Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті.
Бағыну бір көсемге дұрыс қой деп,
Боларын бір апаттың болжап кетті.*

*Төреден Әз Әйтеке би, безін деді,
Келді зой көсем сайлар, кезің деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.*

*Хан, сұлтан, торе күні, кетті деді,
Оларда ақыл, айла бітті деді.
Қазағым өзіңді өзің тұтас ел зып,
Басқарар енді уақыт, жетті деді.*

*Ақылды болсын батыр, көсем деді,
Басқарса қазақ болар, есен деді.
Көрші елмен татуласып, тіл табысар,
Тағы да болсын өзі созге, шешен деді.*

*Осындай көптен көсем, ізде деді,
Хандарды шеттетуді, көзде деді.
Қазақты төре, орыс бастап көгертеді деп,
Малтаңды би мен бектер, езбе деді.*

*Үш жүзден үш ақылшы, болсын деді,
Қазаққа бақ пен дәулет, қонсын деді.
Сайлаған көсемдерің кемеңгер боп,
Халқының болашағын, шолсын деді.*

.....

*Өткен күн ойлағанмен қайта келмес,
Бақыт құс ұшып кеткен, қайта қонбас.
Өсиетін Әз Әйтекенің есіне алып,
Толе, Қазыбек, Ақсуат би шайқады бас.*

*Қазыбек, Толе, Ақсуат шешен жорға,
Қиналды ақыл таппай осы жөлда.
Сайланды Әбілқайыр әскер басы,
Өзінше ел билігін алып қолға.*

*Жас биі Кіші жүздің Малайсары,
Ол-дағы ақыл-айла таба алмады.
Бас қосып, Күлтөбеде кеңес құрып,
Жон көрді қоршау бұзып құтылғанды.*

Сонымен, «Елім-ай»-ды жазушы Қожаберген деп, жазылып жүр. Шындығында, бұл дастанды Әйтекеге арнап Бұқар жырау шығарған. «Оған дәлел жеткілікті. Бұл орайда, Бұқар жырау жазуы Қожаберген жазуынан, Қ. Биғожин қоспасынан оңай ажыратылып алынады», – дейді «Әйтеке би» дастанын зерттеушілер ғалым АЛПЫСБЕС Мақсат пен Бейсетаев Рысбек. Мысалы, Бұқар толғауында Әз Әйтеке би Алладан халқына әділ көсем тіледі:

*Торелер Әз Тәукедей, бола алмады,
Оларға қазақ қоңілі, тола алмады.*

*Сәмеке, Қайып, Болат бәрі сатқын,
Кездейсоқ ел жағдайы, оңа алмады.*

*Қазақ елді басқарса, есен болады,
Басқа ұлт басқарса, опат болады.
Қазағым өзіңді өзің тұтас ел қыл,
Өзіңнен ұл тумап, күн тумапды, –*
дегені осы Әулие Әйтеке бабамыздың. Ал, Қожаберген жырау
жазыпты-мыс деп, Қ. Биғожиннің жазғаны:

*Баласы Халдан-Бешоқтың Сыбан Раптан,
Көріп елді жауламақ боп қоз алартқан.
Бұратты халқименен қосып алып,
Барабы татарларын келіп шапқан.*

*Барабы татарларын қалмақ шапты,
Татардың бірталайы қырғын тапты.
Қалғаны ұбап-шұбап, бас сауғалап,
Жалма-жан қазақ жаққа қоше қапты.*

*Бұлар кеп Керейлерді паналады,
Ел көріп Орта жүзді сағалады.
Орта жүз қамқорына алғаннан соң,
Жарымы Барабы елі аман қалды.*

*Бұл қырғын көп ұзамай қазаққа ауды,
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.
Жалайыр, Найман, Қоңырат, Қарақалпақ,
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.*

*Бұларды қуып қалмақ Қобданы алды,
Қаңырап Тарбағатай, Жайсаң қалды.
Ел босып, жер иесіз қалғаннан соң,
Ол жерге қалмақтар кеп қоныстады.*

*Теріскей Алатауды қалмақ алды,
Найман мен Қоңыратты қуып салды.
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,
Жоңғардың Алатауы деп аталды.*

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасы. Ақтан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасы туралы Баянауыл тумасы, қазіргі күні Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Ұлттық университеттің профессоры, кафедра меңгерушісі ғалым М. Алпысбес тұжырым жасап: «... 1723 жылдың Ақтабан шұбырындысы тікелей екі алпауыт көршінің құйтырқы саясатының қолдауымен іске асты. Қытайға қаратылған жоңғардан Цеван Рабтанның сексен мың қолы сол жылғы мешінің қатты қысынан қажып шыққан, көктемгі жуанның жіңішкерін, жіңішкенің үзілер шағы, мінерге қоңы бар ат-көлік те тапшы сәтінде қазақ еліне тұтқиылдан лап қойды», – деп жазады.

Осы апат туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев: – «Ақтабан шұбырынды» Орта жүздің басынан кешкен оқиға болса керек, – деген. Сонымен, 1723 жылдың басында (22 наурыздан кейін, сәуірдің басы) Шу, Талас өңірін қыстап шыққан Цеван Рабтан бастаған жоңғардың жетиіс мыңдық қолы Қаратау-Түркістан аймағында (қазіргі Созақ ауданы жері) қоныстанған Арғынның Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы әулеттеріне бас салады. Оған М. Тынышпаев, т.б. дерегі дәлел: «XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында арғындар Қаратау тау жоталарынан солтүстікке қарай орналасып, Сарысудың орта ағысы бойы мен Ұлытауға дейін көшіп-қонып жүрсе керек». Арғынның бұл бөлігі, кезінде Әз Тәуке ханның ұйғарымымен осында орналастырған, Әнет Баба, Айыр тілді Тәйғелтір би, Шаншар елі, демек оның айналасындағы ақылшы-кеңесші ел еді.

Қазақ тарихында қасіретті аса ауыр жыл есебінде қалған бұл оқиға туралы орыс зерттеушілері де конекоз қариялардан естіген әңгімелерін жазып алды. Солардың ішінде сөзінің шындығымен ерекше дараланатын Левшин А.И. болды. Шамасы Левшин жөн білетін кісіні таныса керек. Сонымен, Левшин А.И. өзінің атақты шығармасында: – «... үш тараптан қуғын мен қысымшылыққа

ұшыраған олар оңтүстікке ауып келгенде мүлде жойылып кетер еді. Үлкен Орданың (Ұлы жүз) қалдығы мен Орта Орданың (орта жүз) аз бөлігімен Ходжент жаққа, Орта Орданың көп бөлігі Самарқан, Кіші Орда (Кіші жүз) Хиуа мен мен Бұхара жаққа көшіп кетті», – деп жазады.

Орыс елінің тағы бір зерттеушісі П.И. Рычков те «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына ерекше назар аударған. Оның жазуында: – ««Ақтабан шұбырынды» зардабын, әсіресе Орта жүз көп көрді. Жұт малын, жау жерін алған қарақұрым халық даламен жаяу босты. Мұндай ұзақ жүріске аяқкиім шыдамай, жалаңаяқ босқандардың табаны ақ қайысқа айналды. Ұлы жүз Жоңғария билігінде қалды, ал Орта жүз бәрінен бұрын жұт болып, малдың жаппай қырылуынан, толассыз жау шабудан қатты зардап шекті. Орта жүздің азын-аулақ тірі қалғандары Сарыарқаға келін, сонда ірге тепті», – делінген.

«Ақтабан шұбырындыға» қатысты тағы бір мәліметті К.Тевкелевтің «Күнделігінен» кездестіреміз: «1748 жылы 20 маусымда Ор бекінісіне (Жаманқала) Шақшақ қара балуан Бөгенбай батыр келін А.Тевкелевпен кездесті. Бұлар бірін-бірі ертеден танптын сыралғы болатын. Бөгенбайдың жанында Жәнібек тарханның ержеткен ұлы Жауқайтар, қосшы-атшылары бар, А.Тевкелевпен әңгіме дүкен құрып бірнеше күн бірге болды. Басты мәселе Ресейге бодандықты қабылдаған бұл елдің тағдыры, болашағы не болмақ!? Осы әңгіменің үстінде К.Тевкелев Қазақ ордасының бодан болу тарихының және Ресейдің оң саясатының бір көрінісі есебінде 1730-шы жылдардағы оқиғаларды баяндады. Оның бір шеті Қаз дауысты Қазыбекке де қатысты:

«И те оне, кирғпзны (қазақ, получали от выше показанных себе крайния разорении не по их хотению, но их беспокойством кирғизны сами всегда их задирали и неволю и с принуждения себя заставляли разорять. И от своего беспокойного жития и за непостоянства кирғиз-кайсанких худых людей принуждены были и добрые, как то есть и прочие от сей степи откочевать вдаль, а имянно: Большая Орда – за Ташкент к Ходжанту, Средняя Орда – к Самарканду (Уже по принятии их брегадиром Тевкелевым в

подданство Российской империи в 1732 г.). Средней Орды знатная старшина Қазбек-бий своим родом, называемой Арғын Каракисьяк с четырьмя тысячами кибитками уже при бытности его, бреғадира Тевкелева, прикочевал в здешнюю степь, и в каком состоянии Қазбек-бий своим родом пришел, едва ли не все пешие, он Букенбай батыр (қара балуан-шақшақ), сам о том знает. А Меньшая Орда отдалелася от них ото всех к Хиве и к Бухарин».

А.Тевкелев – білімді де, сұңғыла адам болғаны белгілі. Балуан Бөгенбайды 30-шы жылдардың нақты деректерімен мойындата сөйлеп, құптатып отырып қазақтың енді ерлікке, жауғершілікке әеуестене беруінің қажет еместігін дәлелдеп-ақ бағады. Елшінің сөзінен осынау жауынгер халықтың орыстың кигіземін деген қамытына қонбей, бұлғақ жүргейін анық сеземіз.

Сонымен қатар, 30-шы жылдардың ақтабанының ызғары да білінеді. Мәшһүр Жүсін шежіресін ақтарып осыған дәлел де тапқандаймыз: – «Ақтабан шұбырынды» Орта жүздің басынан кешкен уақиға болса керек, – дейді Мәшекең, – молшермен есептеушілердің айтуына қарағанда 1727-ші жылдар ма қалай (?). Ұлы жүз қалмаққа қарап қалды да, Орта жүз жұттан, жаудан қашып, көшіп, босып, әрі жұтқа, әрі жауға ұшыраған екен. Тамтығы Сарыарқаға келін қалған деседі. Бұлардан бұрын Арқада «Он екі Қазылық ой Түндікте» наймандар бар екен деседі. Қанжығалы, Бәсентиін бар екен деседі. Ауып жүдеп келген ел наймандардың қырық биесін бір түнде сойып алыпты. Наймандар: «қырық бие еруліктерің болсын, өзімізге рұқсат қылындар», – деп орға қарай кешіп кетіпті. Бұл арада Жеті момын отырып қалыпты. Бұларды шет пұшпақтап азық етіпті. Зорлық жасамапты (Бес мейрам). Қанжығалы Абыз-Шомақтың қызын қолынан емес, жолынан алып, Қаз дауысты Қазыбектің тұңғыш немересі Қонайға қосыпты (негізінде Қонай емес, Қанай – Қазыбектің үлкен ұлы Қазымбеттің үлкен баласы), Қонай жастайынан өліп, Шідертіні өзенінің жағасына қойыпты. Шідерті бойындағы «Қонай» суының аты да содан «Қонай» атаныпты. Қанжығалы, Бәсентиін Баянаулаға келін орнығыпты. Бұдан кейін Сүйіндік келін, қоныстана бастаған соң, одан да әрі сырғып Аққол-Жайылмаға түсіп кетінті».

«Ақтабан шұбырынды» Орта жүздің басынан кешкен уақиға екендігін тарихшы ғалым М. Тынышпаевтың жазуы да растайды: – «... Арғындар Самарқан, Хиуа жаққа емес, Бетпақдалаға қарай жылжыған». Одан әрі: – «... Осылайша, сусыз Бетпақдаланың шөлі арғындардың көп бөлігін жау тырнағынан құтқарып қалды. Бірақ, “жұт жеті ағайынды” демекші, жау тырнағынан аман қалған жұрт көп ұзамай шөлден, аштықтан зардап шекті. Олар Сырдарияны кешіп өтпей, керісінше Қаратау тауларының солтүстік-батысынан бұрынғы Торғай уезінің аумағы арқылы Бетпақдалаға кеткен», – деп жазады. Бұл арада, М. Тынышпаев Арғынның осы бөлігі Әнет Баба, Қазыбек би мен Бұқар жырау және Бөкембай батыр бастаған әз Тәуке ханның айналасындағы ел екеіні ескермеген. Сонымен қоса, – “Олар Сырдарияны кешіп өтпей, керісінше Қаратау тауларының солтүстік-батысынан Бетпақдала арқылы бұрынғы Торғай уезінің аумағына кеткен”, – деп жазылуы керек еді. Ал, Жиделі-Байсынды мекен еткен Арғынның қалған бөлігінің Самарқан, Хиуа асқандығы сол кездегі жазба деректерден белгілі.

Халық асулы қазанын қалдырып, жөрғектегі баласын алуға ғана шамасы келіп, тұтқиылдан келген қасіреттен есін жиып та үлгермеді. Ел малдың, жанның біраз бөлігінен айырылып, Қырға Ұлытауға бармақ болып, Бетпақдаланы бетке ұстап үдере көше жөнеледі. Ерте көктемде, шөптің пісіп жетілмеген кезінде қалың елдің жаяу жүрген жері аппақ сүрлеу болып қалады екен. Бара-бара ұзақ жүрістен аяқ киімі тозып, жаяу жалаңаяқ жүргендіктен табандары жалтырап қалады екен. “Табандары таз кісінің басындай жылтырап қалған соң, – деп жазады ғалым М. Алпысбес, – бұл көшке «Ақтабан шұбырынды» деп ат қойылған”.

Қаратаудың етегінен басталатын осы шұбырған жаяу көштің ішінде болған Бұқар жырау төрт шумак “Қаратау” деп атаған өлең шығарыпты.

*Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бөс келеді.
Қарындастан айырылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.*

*Қай заман, мынау заман, қысқан заман,
Дәулет құсы басыңнан ұшқан заман.
Аспаннан топырақ пен шаң борайды,
Қаңтардағы күн суық қыстан жаман.*

*Қай заман, мынау заман, бағы заман,
Баяғыдай бола ма тағы заман?!
Атадан ұл, анадан қыз айырылды,
Көздің жасын көл-дария ағызамын.*

*Мұнша қысым қылдың зой, қатты құдай,
Қабырғама қара жер батты құдай.
Жаяу жүрсем табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің, атты құдай.*

Олең бар-жоғы төрт-ақ шумақтан немесе он алты жолдан тұрады. Тарихи деректер бойынша, бұл өлеңді алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, орыс тіліне аударған орыстың географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің мүшелері Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөрин және П.Н. Распоповтар болды. Ғалым Тұрсынова Ғүлшаш өзінің «Қаратаудың басынан көш келеді әні туралы» мақала еңбегінде: – «Олар бұл өлеңді (қазақ, орыс тілінде) сол қоғамның Орынбор бөлімінің жазбаларындағы «Қырғыз поэзиясының үлгілері» деген тарауға қосып, «Қаратау» деген атпен 1835 жылы жариялаған болатын», – деп жазады.

Аш-жалаңаш шұбырған көш одан әрі қарай тағы жылжып, Бетпақдаланы кесіп өтіп, Саумалкөлге жетеді. Бұл – Саумалкөл көлі қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында, Қазалы мен Жезқазғанның арасында. Кеңестік дәуірде Сәтпаев совхозының жеріндегі көл, оны қазір «Шошқа көл» деп те атайды. Міне, осы Саумалкөлге шұбырған ел жеткенде, қалмақ жағы: – «Қазақты әрі қуамыз ба, ал өзіміз Бетпақтың шөлінде қырылып қалмаймыз ба?», – деп, біраз тоқырап қалыпты.

Осы сәтті пайдаланған қазақ жағы Саумалкөлге жетісімен көлді айнала алқа қотан сұлап жатып, сәл болса да есін жинапты. Баян өңіріндегі көнекөз қариялардың айтуына сай, ғалым Мақсат

Алпысбес былай жазады: – «Басқа бөтен, жат ұрылар ұрлап алып сойып жеп қояды деп, қалған малдың семіздерін ортасына алып, күзетін жатады екен». «Ақтабан шұбырынды» деген атқа қосымша – «Алқакөл сұлама» деген атау осы кезде қосылған, дейді Баянауыл, Қарқаралы өңіріндегі көнекөз қарияларымыз.

Қалмақ жағы Саумалкөлде есін жинап жатқан елді тағы қуады. Жауды өкшелеп қуып келе жатқанын біліп, Қазыбек би бастаған, Бөғембай батыр қостаған ел Ұлытаудың батыс бөлігіндегі Қарақұм атты адырлы-бұлақты жер арқылы Мұғаджарды бетке ұстап, тағы да босып береді. Бар сенгендері – Кіші жүздің жігіттері. Ұлы жүзден қайран жоқ: Іле, Шу, Талас бойы қалмақтың қолында, ал Төле би бастаған жаныстар осы уақытта Самарқан асып, Зерапшанға жетіп үлгерген еді. Бұл туралы Бұқар жырау өзінің Әйтеке би дастанында былай жазады:

*Зерапшанға ел кетті,
Естілерден ес кетті.*

Дастандағы Бұқар жыраудың «Естілерден ес кетті» дегені, Төле бие бізге көмекке келмей, Самарқан асып, Зерапшан кетті деп, кейігені еді.

1723 жылғы алғашқы апат кезінде Ұлы жүздің қазағы Ходженттен асты. «Сонда Төле би қалмаққа бағынамын деп кісі жіберін алдап, өзі батырлармен кеңесін, Шыршықтың тасып жатқан өзенінен Қожакенттің (Ходжент) көнірімен өтін, Жиделі Байсынға көшіп кетеді. Бұл көшті Қаранай батыр (Сіргелі) басқарады. Үш жүздің қазағының қалғаны қалмаққа бағынып қалды. Арада алты жыл өткен соң қалмақтарға шешек ауруы тарап, олар Тәшкенттен кетеді. Оны естіп Төле би ауған елімен қайта келеді», – делінеді Ұлы жүз шежіресінде. Жалпы алғанда, 1723-1725 жылдар аралығындағы апат кезінде Ұлы жүздің қазағы Жиделі Байсын мен Зерапшанға «алты рет ауыпты».

Бұқар жырау Қазыбек бидің ұйғарымымен Еділ-Жайық, Сыр, Арал, Ор мен Жем бойындағы елдің азаматтарын шақырған. Ақыры аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босқан елді, өздерінен әлдеқайда

көп жаумен соғыса-соғыса қажыған жігіттерді мүлдем құрып кетуден Сырдың төменгі ағысы, Арал, Еділ мен Жайық, Ор мен Жем бойындағы елден келген Кіші жүздің Ер азаматтары Мұғаджар тауына жеткізбей аман алып қалыпты. Ерте көктемде Қаратау етегінен басталған бұл тарихи шұбырынды көш қара күзде Мұғаджар тауына тақап тоқтаған. Бүгінгі есеп бойынша, «Ақтабан шұбырынды» шұбырған көш жолының ұзын-ырғасы 1500 шақырымға тақау болады. Бұл – бір қырғын соғыс болыпты. Бұл – 100 жылдан аса созылған қазақ-қалмақ арасындағы ғасырлық соғыстағы алғашқы жеңіс, түбегейлі бетбұрыс болды.

Сол заманда Орта жүзде батыр көп екендігі, ал Кіші жүз жігіттерінің екісінің бірі батыр болғандығы, кез-келгені қалың жауға именбей кіретіні бәрімізге мәлім. Қалың қалмақты Мұғаджар тауына тақағанда аты аңызға айналған «Қасиетті ағашқа» жеткізбей тоқтатыпты. Бұл соғыс, сонымен қоса, «Ақтабан шұбырынды» қырғынын тоқтатқан алғашқы жеңіс болып, ортағасырлық қазақ тарихына енді.

Сонымен, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп, аталған бұл қасіретті көш қазақ жадында мәңгілік сақталды. – «Әнет бабаның көшке еріп жүре алмай төбе басында қалғандығы, он алты ұлды Тілеуімбеттің (Арғын Күліктің бір атасы) қырылып, жойылғандығы секілді, сол күндерді қалай ұмытып, естен шығарарсың», – дейді тарихшы Мақсат Алпысбес. Басы өзі болып, он алты баласы қалмақтан қырғын тапқандығы (Бұл арада Мәшһүр Жүсіп өзінің жетінші атасы Тілеуімбетті айтып отыр) жұрт аузында әңгіме болып қалды.

Сондықтан, Арғынның Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы әулет-аталары қазақ пен жоңғар арасында жүз жылдан аса уақытқа созылған ұзақ әрі ауыр соғыстың бар ауыртпалығын басынан өткерді, ел көсемі – Ер Қазыбек би сол соғыстың Қолбасшысы болды. Ал, Қазыбек бидің жанында қанжығалы Бөгембай ғана болған. Басқадай «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген болған жоқ, дейді Баянауыл, Қарқаралы өңірінің көнекөз қариялары.

Бүгінгі жазушының бәрі бұл оқиғаны өз жерінде болған қылып, өз елінде болған қылып, өз атасының басынан кешкен қылып көр-

сетуге тырысып жүр. «Қаратаудың басынан көш келеді»-нің көп нұсқалы болуы осыдан.

1718 ж. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы бұрынғыдан да үдей түсті. Сонымен қатар, ел ішінде төре ұрпақтарынан шыққан хандар мен сұлтандардың хан тағына таласу озбырлығы Қазақ хандығының бірлігі мен саяси-қоғамдық жағдайын әлсіретті. Соның негізінде бір орталықтанған хандық ыдырап, әр қайсысы жекелеген Ұлы Жүз, Орта Жүз және Кіші Жүз хандықтары пайда болды.

Сөйтіп, Қазақ елі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетінен үлкен күйзеліске ұшырады. Алайда, мұнымен жоңғар шапқыншылығы тиылмады.

1731ж. Кіші Жүз Ресейдің бодандығын қабылдады, Ұлы Жүз жерін 1735 ж. Жоңғария хандығы басып алып, өзінің саяси билігін орнатты.

Нәтижесінде, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестің бар ауыртпалығы Орта Жүзге түсті. Осы кезеңде асқан батырлық қабілетімен Абылай сұлтанның аты шықты, ал Қазыбек би қолбасшылық және халықтың жалпы патриоттық күресінің нақты көсемі болды. Сол кездегі тарихи оқиғалар қарапайым халық ортасынан шыққан Келдібекұлы Қазыбекті өз дәрежесіне көтерді. Сонымен бірге Қазыбек би бейбіт өмір үшін күрескер дипломат та болды. Ол Ресеймен екі арада тұрақты қарым-қатынас орнату ниетін қолдады. Әкесінің бұл ниетін оның өсиеті ретінде қызы Қамқа жоқтауында:

*«Өсиет қылдың қазаққа:
Сарыарқа болсын қонысың,
Қалмақ, сартпен жауықпа,
Болмасын, – дедің, жұмысың.
Өнерсіз өскен ел едің,
Біреу саған жау болса,
Паналауға жсрайды,
Мынау көріі орысың,
Орыспенен жауласпа.
Есіңде болсын бұл ісім!» –*

деп бекер жырламаған

(А.Байтұрсынов. Көрсетілген еңбек..., 153 б.).

Қаз дауысты Қазыбек кезінде атақты беделді билердің бірі болды. Ол Тәуке хан, Әбілмәмбет, Сәмеке, Абылай хандардың тұсында ел қамы үшін, ел қорғау ісіне белсене араласты. Әйтеке, Төле бимен тізе қоса отырып жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырды. Қазақ хандығының Россияға қосылуын жақтады. Ал, Қытай императоры бірігу мәселесін қойып, елшісін жібергенде, онын ұсынысын қабылдамай тастады. Жоңғар шабуылы кезінде қазақтың біраз беделді кісілері және Абылайханның өзі қолға түсіп қалғанда босатып алуда көп күш жұмсап, оларды азат етті.

XVII-ші ғасырдың соңғы мен XVIII-ші ғасырдың басында қазақ елінің ақыл іздегенде табатын нысанасы – Қаз дауысты Қазыбек еді. Ол – Салқам Жәңгір өлген соң (1652 жыл), ыдырап кеткен қазақ мемлекетін қайта құрып, оның саяси құндылықтары мен құрылымдық қасиетін қайта жаңғыртушы ел басшысы. Екі ғасырдың жапсарында (XVII-XVIII ғ.ғ.) тағдыры тәлкекке түсіп тұрған қазақ елінің жаңа заң жобасын жасап, оны Тәуке хан билеген қазақ мемлекетінің құқықтық тұғыры есебінде өмірге кіргізген жан. Қаз дауысты Қазыбек қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-орыс арасындағы қарым-қатынастардың XVIII ғасырда ел пайдасына шешіліп, бейбітшіліктің кепілі болуын қамтамасыз еткен даңқты мәмлекер.

XVIII ғасыр тарихындағы бізге белгілі атаулы оқиғалардың қай-қайсысы болса да Қазыбектің қатысуынсыз өтпеген. Қазақ елінің, оның өзге мемлекетпен қарым-қатынас идеологиясының өзегі – Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай тәрізді хандардың ақыл-кеңеспен, ынтымақпен қабылдаған пәтуа-бітімі.

Қазақ елінің арыстан азаматтары қашанда ұлы мақсатты жоғары қоя білгенін Қаз дауысты Қазыбек би айтқан мына бір толғаудан да көреміз. Адам арасындағы дау-жанжал, ашу-реніш көбінесе қызғаныштан, өсек пен өтірік, ғайбат сөздерден болатыны мәлім. Қазыбектің өзіне қастық ойлап, оның беделінің асып бара жатқанын қызғанғандар өз ағайындарының арасындада болыпты. Бірде Қазыбекке күш көрсетпек болған ағайындарының ісіне ыза

болып, өзінің кенже інісі Бодене батыр бауырларына қылыш ала ұмтылыпты. Қазыбек інісін тоқтатып:

– Шырағым, бір қолың ұрыс бастаса, екінші қолың арашашы болсын. Ашу-дұшпан, ақыл-дос, ақылыңа ақыл қос. Жауға сілтер қаруынды жақыныңа сілтеме! – депті. Осы оқиғаны көзімен көріп тұрған ағайындары мен жиналған халыққа қарап, Қазыбек бабамыз былай депті:

*Өркенім өссін десең,
Кекиіл бөлме, –
Кесепаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өриіл болма, –
Өскеніңді өшірсең.
Басына іс түскен пақырға,
Қастық қылма, –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлығы,
Жәрдемші бол асыға.
Қиын қыстау күндерде,
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп, –
Жақыныңды басынба!*

Елдің елдігін айтып, ынтымағын ұстап қалу осындай бабаларымыздың қолынан келіп, батырлығы онынан туып отырған. Бұл сөзден Қазыбектің қарақан басының қамын ойлаушы емес, елдің тыныштығын сақтаушы екендігін танпмыз.

Қазыбек биге бір адам: – «Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген үш сұраққа жауап беріңізші», – депті.

Сонда Қазыбек былай деп жауап қайтарған екен:

*1. – Тату болса, ағайын жақын,
Ақылымы болса, ағайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,*

- Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шоберең жақын.
Жан серігің, жас кезіңнен,
Бәрінен де, әйелің жақын.*
2. – *Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын, анаң қымбат,
Мейірімді, атаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып оскен, елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген, жар қымбат.*
3. – *Арадан шыққан, жау қиын,
Таусылмайтын, дау қиын.
Шанышқылаған, сөз қиын.
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас, оз үйің.
Жазылмаса, дерт қиын,
Іске аспаған, серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен, орт қиын.
Тентек болса, ұл қиын,
Не істеріңді, біле алмай,
Ашиды сонда, бас миың.*

Қаз дауысты Қазыбек халқының қысқы қонысын, жазғы жайылымын, жалпы шаруасының түзулігін жіті қадағалаған, қамқор көш басы. Саясат мәселесінде бүгінгі шаруасын ертеңге қалдырмайтын алғыр қыран болса, ел қарекетін де түбеғейлеп тиянақтайтын ақылшы.

Дегенмен, қалмақ әлі күшті болатын, қазақты кемі екі орап алатындай қайраты болды. Сарыарқаны босатқанмен, Жетісу мен Түркістан жау қолында қалды, әрі-бері Жиделі-Байсынға ауып жүрін Төле би 1734 жылы ақыр болмаған соң баласы Жоланды аманатқа беріп, Жоңғар билігін мойындады. Жоқ, жоңғарға бас иемейміз деген Ұлы жүздің руларының біразы Қожакент асып оңтүстікке, біразы Шуды асып, Сарыарқаға келді.

Осы жылдары болуы керек Ұлы жүз Ташкент жаққа барған Қабанбай батыр бастаған бір топ азамат Орта жүздің ұлы биіне сәлем беріп, батасын алайық, деп Қаз дауысты Қазыбектің ордасына түсіпті. Ел батырларды сый-сияпат беріп күтеді.

Сонда Қазыбек би отырып:

– «Ақсақалдың халі қалай екен, ширақ кісі еді», – депті.

– Сонда Қабанбай батыр жанжағына қарап, Төле бидің Қазыбекке жолдаған бір екі ауыз сәлемі бар еді, кім соны айта алар депті. Ел сасқалақтаған кезде бір кезде бір жігіт суырылып шығып, «мен жаттап алып едім, мен айтайын» дейді.

Сол сәлемі былай екен:

*Қақ жарған қара қылды Қазыбегім,
Бір өзің бар қазаққа азық едің.
Төлені жанған отқа тастап кетіп,
Самалдап Сары арқада қазы жедің.*

*Туған жерге мен де бір қазық едім,
Сен аспанда қаңқылдаған қазым едің
Ағаңның халін білмей сен жатырсың,
Ағайынға мен неден жазып едім, –*

деген екен.

Бұл екі ауыз өлең тек туыс-жар адамның арасындағы базына ғана емес, Төле мен Қазыбек арасындағы жарасым мен өз-ара сый құрметтің белгісі. Мәселе одан әлдеқайда күрделі. Төле мен Қазыбек қазақтың екі үлкен бөлігінің көш басшылары, олай болса әңгіме ұлы жүздің тағдыры, жалпы қазақ тағдырына тікелей қа-

тысты. Бұл оқиға қазақ азаттығы үшін болған күрестің жаңа бір белесінің символы. Ол қазақ жерін жаудан толық ажыратып, мемлекеттілігін, тұтастығын жаңғыртудың белсесі.

Мәшһүр Жүсін қазақ тілі мен дін мәселесін және ұлттық тарихты бірге қарастырды. Мақсатты түрде жүргізілген отарлық саясаттың нәтижесінде ұлттық құндылық, халықтың әдет-ғұрпы, мәдениеті, ұлттық әдеби тәлкек етілді, содан бүгін ана тілінен безген ұрпақ арнайы қалыптастырылды. Езілген ұлттың бір көрінісі осы. Осылай болатынын Мәшһүр болжап білген. Әулие аз Әйтеке өлеңін ұсынады:

*Ата тілін алмаған арам ұлды,
Аузы түкті кәпірден кем деменіз.
Ата тілін сыйлаған адал ұлды,
Қат ұстаған молдадан кем деменіз.*

Қазақтың орныққан дәстүрлі шаруашылығының күйреуіне, экономикалық негізінің әлсіреуіне бағытталған отаршыл билік жүргізген жүйелі әрекеті көшпелі елді бейшара, мүшкіл жағдайға душар ету мақсатынан шықты. Қазақтың дәстүрлі ұлттық қоғамы ғасырлар бойы табиғи талаптардан қалыптасқан, одақтың табиғи құралуынан шыққан ру-тайпалық қауым негізінде туған, көшпелі тұрмыс талабынан шыққан, ескі түркі жұрты заманына сай, көшпелілік көз-қарастарынан орныққан қоғамдық қатынас жүйесі енді құлдырады. Би-шешендер институты, ескіден келе жатқан әдетпен торе сайлап, хан көтеру, беделдісін, әділін косем тұту, секілді асыл дәстүр жойылды. Осындай қоғамдық қатынастардан туған ел басқару жүйесінде бұрынғы уақытта билікке ақыл-зейіні дара, әділдік, адалдыққа берік, ер мінезді, батыл әрі асқан батыр, халықшыл мінезімен танылған текті тұлғалардың дәуірі болса, енді отарлау дәуірі еңген уақыттан-ақ барлығы да керіеінше болды. Бұл – қазақты орысқа, жат жұртқа кірінтар ету үшін керек болды. Бұрын қазақтың шұрайлы жерлері, құнарлы мал жайылымдары негізінен тұрақты, қыс пен қонысына айналып, белгілі бір қазақ руларының меншігі болса, өткен ғасыр басында сол меншіктен де айырыла бастады.

Біздің санамызда қазақтың басынан бір-ақ рет Ақтабан шұбырынды кешкен боп көрінеді. Бірақ тарих шындығы басқаша. Қалмақ жағы қонтәжі сайлап, 1635 жылы Жоңғар хандығын құрғаннан бастап, өзі үлкен бүлікке түсіп 1757 жылы шүршіттен толық қырғындауға ұшыраған уақытына дейін қазақ жерін алу мақсатында он үш рет соғыс ашқан. «Бейбіт елде береке бар» дейді қазақ даналығы. Беймазалығы мен соғысқұмарлығын корсеткен қалмақ бұдан өзі де опа таппады, озгеге де тыныштық бермеді. Ақыры Абылайды басшылыққа алған қазақ жасақтары, Әздембай сал айтқандай:

*Қалмақты Сарыарқадан қуып шықты,
Қазақтың батырлары болды мықты.
Неше ер шәйіт болып ел шығындап,
Қалмақты қара дөңге қуып шықты.
Қалмақты қуып шықты Сарыарқадан,
Қалмақтар айырылыпты бас қалқадан.
Қалмақты Сарыарқадан қуып шығып,
Қазақтың ішкі шері бір тарқаған.*

Бұдан әдемі, бұдан артық көркем әрі шынайы айту қиын. Құрбанғали Халид жазады екен:

– «Есім хан ұлы Жәңгір хан, оның ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Болат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілпейіз хан қызыл тулы төрелердің бабасы. Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болып, Ауладан Абылай хан туған. Жас кезінде жау қолына түсіп, тағы бір шапқыншылықта қазақ қолына түсіп, үйсін Төле бидің түйешісі болып жүрген. Содан соң туысы Болат хан өз қолына алған да, соңынан Болат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға басшы қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен Орта жүздің бәріне, Ұлы жүздің көбіне, Кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті, үш жүздің ханы атанған. Білетіндер осы үш тудың бәрі (Оңдан тұқымы ақ тулы Орыс ханнан дейді) (XIV ғ. «Мағынасына қарай орданы есеп-

ке ала отырып Сарай хандары қызыл ту (Жошы тұқымы), Шағатай әулеті ақ ту, Үгедей әулеті көк түмен дараланады. Кейіннен бұл жағдай ұмытылған».

Қазақ жағы, қосын алып, жасақ құрып Сарыарқаны жаудан босатты. Қалмақ Сарыарқадан ауғанда жерді өлеңмен жоқтап айтқан зары бар дейді. Тамақ сұрап жылаған баласына айтқаны мынау дейді:

*Сорқара, Сұртың бар ма,
Сөлелеп жайған етің бар ма?
Көнек, Толағайың бар ма,
Көнекте тұрған қымызың бар ма?*

Сорқара, Сұрты дегені Сарысу мен Нұраның аралығындағы Құлаңөтпес пен Үшкөл өзені бар. Сол маңдағы жер аты. Көнек, Толағай дегені Сарысу бойындағы төбенің аты. Өзге жерден малдың сүті мен еті күшті, қуаты болады, алтай, қарпық қазағы Тінәлі, Тоқтамбет деген халықтың жайлауы мен қыстауы екен.

Қазақ жерін босатып кеткен қалмақ:

*Есіл, Нұра – екі су,
Еңкейіп онан бетің жу.
Бірің – шекер, бірің – бал,
Қайбіріңді айтайын, –*

деп айтады екен жерді жоқтау зарында. Міне Сарыарқаны да бір кезде қалмақ иелік етпек болып, бұл жер жау қоластында болған. Қазақ шежіресіндегі рулардың қонысы туралы, ел жайы мен жер жайы, шаруашылық туралы айтылған шығарма мәліметіне ғана сүйеніп, ел, жер тарихын анықтап жазуға болады, – дейді Мақсат Алпысбес. Мысалы, Есіл-Нұра төңірегі бұрынғыдан негізінен Орта жүз арғын, қыпшақ, керей руларының отырған қоныс орыны. Сол аталардан шыққан қариялардың айтқан тарихи үлгі сөздері арқылы осы жердің қазаққа байланысты откенін айта аламыз. Ал ресми құжаттар, орыс отаршыл билік орындарының жасап қалдырған жазба ресми хат-қағаздары сол шежірелік мәліметтерді дәйектеп отыруға пайдалы.

«ӘКІМ» – Қазыбек биден қалған ұлағатты сөз

Қазыбек баланың ер жетін, он төрт жасында өзіне пір тұтқан ұстазы ұлағатты тобықты Әнет бабаң болса керек. Бұл туралы ел аузында сақталған тамаша аңыз бар. Әнет баба мен Қазыбек бидің кездесуі былай болған екен деседі.

«Баяғыда, 1680 жылы Тобықтының бні һәм ғұламасы Әнет бабаң деген кісі Бұқардан оқып, он екі фән ғылымын бітіріп, білім алыпты. Ел көсемі болар Қазыбек бала осыны естіп, әкесі Келдібектің ұйғарымымен Әнет бабаңнан қазақтың ескі жолын әрі шарифат жолын үйренемін деп келіп, бір жаз жанында болып, ескі жол мен шарифат үйренін, күз еліне кетерде Әнет Бабамен қош айтса келіп, мына сөзді сұрапты:

– Баба! Дүниені не бұзады? Күнә неден шығады?

Сонда Бабаң ойланып отырып айтыпты:

– Шырағым, «акм» деген сөз арапша үш әріп, соны екі рет айтса – алты әріп, (акм, акм) болады. Сол алты әріп «алты» сөздің бас әріпі. Олар мыналар: әйел мен алтын, кек пен кежір (жалқау), мақтан мен мансап, сенің сұраған үш сөзіңнің түбі «акм» деген бір сөз. Балам, осы «акм» дегенді жаттап ал, балам! Адам осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамдықтан да айырылады, күнәға да батады, – депті.

Әнет бабаң мен бала Қазыбек арасындағы сұрақ-жауаптан біз оны терең ойлы сөз шебері екенін көреміз. Би мен баланың негізгі толғанған мәселесі қазақтың әдеп-ғұрып заңдарының ережесі мен шарифат тәртібінің арасындағы қарама-қайшылықтың алдын алу, екеуін үйлестіріп жіберу еді. Бұл – болашақ ел көсемінің он төрт жасында алған сабағы еді.

XVII ғасырдың аяғында өз Тәуке хан заманында Қаз дауысты Қазыбек Орта жүзге Төбе би болып жүрген кезінде қазақ жұрты басшысын «Әмір» немесе «Бек» деген екен. Бұл екі сөздің біріншісі – бұйрық, ал екіншісі – атақ-дәрежені білдіретін сөз, екеуіде сыпайы емес. Хан кеңесінде ел жиналып, өз Тәуке хан: – «Ел басшысын не деп атауымыз керек?» – дегенде, Қазыбек би «Әкім» деп аталсын дейді.

– Мұның мағынасы не болады? – дегенде,
Қаз дауысты би тұрып:

*«Ә» – әділ болсын, деген болады,
«К» – кекиіл болмасын, деген болады,
«І» – ілтипатты болсын, деген болады,
«М» – мен-мен болмасын, деген болады, –*

деп түсіндіріпті. Және, бұл төрт әрін сөз құрамында өздерінің атқаратын міндетіне сай тұр депті. Осыған бәрі келісіп, Тәуке хан бастап бұл сөзді бір ауыздан қабылдап, содан бері «әкім» сөзі қазақтың ел басқару тілінде берік сақталып қалыпты.

«Асылдың аты өшпейді, Ғалымның хаты өшпейді», деген нақыл сөздің мәні осы шығар, дейді маған осы жазуды берген баянауылдық Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал!

Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп былай жазады:

<i>Ойдың қозғап, тасының,</i>	<i>Айналайын, үш биім,</i>
<i>Қайта туған, гасырым.</i>	<i>Пана болған, жеріме.</i>
<i>Толе би мен Қазыбек би,</i>	<i>Елдің туын ұстаған,</i>
<i>Әз Әйтеке би, асылым.</i>	<i>Ел намысын ұштаған.</i>

*Қалың қазақ, тір тұтқан,
Қасиетті үш бабам,
Әз Әйтеке би, асылым [3].*

Көсемдік туралы Мәшһүр Жүсіп тағы былай жазады:

*Қазыбек, әз Әйтекедей көсем өткен,
Әлдібек, Айтбай, Майлы шешен өткен.
Жолы үлкен, жасы кіші Толе бидің,
Әз Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен.*

(Даналар өлеңінен)

Жұрттың санасына сәуле түсіру, қолда барынды бағалай білу жөніндегі ірі дарындардың бұл емеуіріні Мәшһүр Жүсіпті толық тексеруге, өз заманындағы өзгелерден бнік тұрған парасат пай-

ымын айқындауға алып келгендігін бүгін анық танып отырмыз. Мәселенің мән жайын тәуелсіздіктен кейінгі Мәшһүр Жүсіптің том-том болып жарық көріп жатқан мұрасы айғақтайды. Қазақ халқының қыруар асыл мұрасын қажымай-талмай жпнау, жариялау ісімен айналысудағы тарихи тұлғаның іргелі істері аз айтылмағандығын жоғарыда айттық.

Төл тарихына аса ден қойған Мәшһүр бұл іске бару себебін «... анық қазақтың өз ортасында сөйленіп жүрген танымал сөзден шежіре алып жазған біреуі де жоқ» деп, ұлттың негізгі арқауы қайда жатқандығын аңғартып, шежіре айтушылардың асыға айтқаны мен асыра айтқанын саралап түсіндіруді де ұмытпаған. Өз дәуірінің өлшемімен қарасақ, тарихтың керегі мен берерін түсіндіру Мәшһүр-Жүсіп мұрасының кез-келгенінен табылатыны хақ. Кейде нікірлерін байыпты байсалды, кәнігі тарихшылардай түйіндейтінін қарым-қабілеттің күштілігінен деп түйсінгеніміз ләзім. Мәселен, «Бұрынғы заман мен қазіргі заманның арасында айырма: бұрынғы заманда жол аз, жүру тіпті қиын, қауіпті болған іс-ті. Сол себепті бір жердегі халық екіншісімен танысуы, һәм араласуы азайды. Жазушылар да дүниеден бек сирек азайды. Кітап та көп емес еді. Сол себепті не туралы болсын халықтың білім аданы кем еді. Біреудің айтқаны болсын, кітапта жазылған нәрселер болсын, сынап, ойлап, сол күйінде нана берейін. Тәжірибе қылып, сынап қарауға – ойлау да жолы болмаған себепті сол күйінде қала бертін дінде, тауызда тек көп бос сөздер араласып жүре беретін. Кітаптан – кітапқа, ауыздан-ауызға соны көшіре беретін тарих ғылымында әр қауым өз руын Адам пайғамбарға апарып жалғап қоюды борыш деп. Ондағы мақсаты абыройлы атаның баласы болу, яки нашар атадан безу, дін кітаптарында бұрынғы халық дұрыстығын көрсететін еш нәрсе жоқ еді. Оның үшін дін кітабы (төрт), тарих кітабы емес еді. Адам балаларының дін дүниелерін түзетуге пайда берердей уағыз, XV кіш, ғибрат болсын – деп, кейбір хабарларды үйрететін кітап еді. Сол себептен жазушылардың кітаптары анық бам, танық бам қала беруші еді. Бұл заман өнер, ғылым заманы болғандықтан, жол ашылды. Һәм жең ішінде бару, келу, араласу көп еді. Қай халық болса да, өнерге тіс-тырнағымен жабысты. Жасы-кәрісі білу һәм

тану жолына түседі. Әр істің дұрыстығын тануға әсіресе тарих ғылымында әр түрлі қауымдар әуелі өздерін, ата-бабаларын дұрыс тануға әуес қылды». Осы тұжырымның өміршеңдігін бүгінгі өмірімізде дәлелдеп жатқандай. Данышпандықтың болмысын өз өмірімен дәлелдеген Л.Н.Толстой: – «Даналық көп білуде емес. Біз қайткенде де бәрін біле алмаймыз. Даналық мүмкін болғанша көп білуде емес, қандай білім өте керек, қандайлары аздап керек және қандайлары одан да аз керек екенін білуде», – депті. Анығына келсек Мәшһүр Жүсіптің ұстаған бағыт-бағдары осы тұжырымнан шығатындай. Себебі, оның жинағаны, ой-пікірі, өлеңі туған елдің өткені мен келешегі туралы тарихты баяндауға құрылған.

Халық ортасынан шыққан билер әкімшілікке қатысты істерді толығымен өз қолдарына алды. Қазыбек биге қатысты сол заманның тарихынан бір мысал берейік. 1748 жылы күллі қазақ даласын дүр сілкіндірген ауыр оқиға болды. Ол Барақ сұлтанның Батыс аймақта хандық құрған Әбілқайырды өлтіруі. Осы оқиғаға араласқан Қазыбек би өз билігін айқын әрі ашық көрсеткен. Ол Бараққа арнап: – Уай, Барақ! Ойланбай жасаған қылмысыңмен Орта жүзді ойсыратып бетер салмақ түсірдің сен. Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қыраарсың. Жауыздық қақпасын ашсаң, қаның судай шашарсың. Ал егер елдіңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Олған тірілмейді, өшкен жанбайды. Бірақ өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды. Жайлауымды өрт, жұртымды дерт шалмасын десең, Әбілқайырдың Орынбордағы ұлы Айшуақ сұлтанды ауыстырып, орнына аманатқа өз ұлыңды бер де, қаның мен құлыңды кешірсін десең, бола алсаң – Әбілқайырдың орнына хан бол. Әйтпесе ұлдарының алдына барып, кісілігіңді тастап, кісенді мойныңа сал! Кірінтарланып қол қусыр! Қаныңды шаша ма, құныңды кесе ме, қылмысыңды кеше ме – солар, құныкерлер шешеді. Сен үшін жақыннан жат табар, ағайыннан алашы іздер Орта жүз жоқ! Кісәпірге кешірім етер де Орта жүз жоқ! Кесіміме көнбесең, бүкіл

Орта жүз тұрмақ, бүтін Найманға да сыймассың. Сыйғызбасын! Ауып кетем деп дәмеленбе, жоңғарға да өткізбеспін!» – (Қаз дауысты Қазыбек би. Түркістан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2011.) деген. Байқап отырсыздар, билік Қазыбек бидің қолында берік. Кезінде хан шешеті істі өз қолына алған. Үш би заманында хан билігі деген ойландыратын мәселе.

Хандар көбінесе конституциялық монархтар деңгейінде болды десек те болғандай, бұл жерде тек табиғатынан ерекше екі тұлғаны атамасқа болмайды, олар: Орталық өлкедегі сұлтан, содан кейін хан атанған – Абылай мен Батыс өңіріндегі – Әбілқайыр хан. Бұлар талантты ел басшылары еді, бірақ олар билермен билікті бөліскен. Олар билер кеңесінсіз тарихи шешім мен кесімге бара алмаған. Осындай ерекше саяси континуумды әлі толық зерттеуіміз жоқ. Егер оқиға осылай өрби бергенде Қазақ елінде биліктің тармақтары табиғи түрде сұрыпталып, анықталушы еді. Амал нешік, бұл үрдісті омыртқасынан үзіп, өз тәртібімен Ресей әкімшілігі өз үстемдігін орнатты. Жаңа әкімшілік қазақтарға мүлдем жат еді. Кеменгер Абайдың «ұрысса орыс, елге болыс, үйден үрген итке ұқсап», – дейтіні сондықтан.

Үш бидің заманы елді саяси басқарудың ізденіс заманы болғаны анық. Билер мұрасы сонысымен құнды. «Қазақ елі» көшінен сөзсіз орын алатын тұлға Ер Едіге және оның дәстүрін жалғастырған Әйтеке, Төле, Қазыбек билер болмақ.

Орта жүз жерінің кіндігі – қасиетті Қарқаралы. Ал, бұл аймақ – кезінде Бұқар жырау айтқан жер – Бес Қазылық еді:

*Жайлауы салқын, қысы жылы,
Бес Қазылық Сары-Арқа.
Шыңғыс, Машан тұтасқан,
Едірей, Мыржық нуды ойла!
Малға шүйгін ой Түндік,
Маңырап жатқан қой түндік.
Жер кіндігі Үшқара,
Біңыранған тол, Шуды ойла!*

*Берекеге әрекет,
Жетім жесір басына,
Қара күн туды оны ойла!
Боқты, Кент, Талдыозен,
Қарақуыс, Жарлы озен.
Мал кіндігі жерлерді,
Одан да құтты Қуды ойла!*

Кез-келген халықтың төл тарихы елінің санасында өшпес із қалдырған аса көрнекті кемеңгер, батыр ұлдарының еңбегімен жасалады. Ал, кемеңгер ұлдарды сол халықтың өзі туғызады.

Қазақ халқының сондай тұлғаларының бірі XVII ғ. екінші жартысы мен XVIII ғ. бірінші жартысында өмір сүрген Қазақ хандығының ұлы үш биінің бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, шешен, азаттық күрестің көсемінің бірі, кемеңгер ойшыл Келдібекұлы Қаз дауысты Қазыбек.

Қаз дауысты Қазыбек мемлекет істерімен қатар, ру ішінде немесе ру аралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Мәселен, 1748 жылы тамыз айында болған Әбілқайырдың өлімінен кейін кек алмақ болған оның балаларынан сескейіп Орта жүз Арғынына арқа сүйемек болған Барақ сұлтанға, оның жақын кеңесшісі бола тұра Қазыбек би: «Біз сен үшін Кіші жүзбен айтыспаймыз» – деп кесіп айтқан екен (Орынбар ОММ. 3-қ. 1-т., 2-іс, 248-249 pp.).

Ел ішінде қара қылды қақ жарған, алты алаштың ардағы аталған Қаз дауысты Қазыбек бидің бұл Орта жүзбен Кіші жүз арасын ушықтырмай, мәмілеге келтіру арқылы, олардың бірлігін сақтауды мақсат еткен даналығын көрсетеді. Сондықтан болар, Барақ сұлтанның ісі мен кінәсін қарау мәселесі билер сотына тапсырылыпты.

Сарыарқаны жайлағанымен Түркістан мәселесі Қазыбек би назарынан ешқашан қалған жоқ. Қаншалықты көшпелі тіршілік құрып сахараның халқы болғанымен, қазақтың Түркістансыз күні жоқ. Ертерек уақытта қазақтың барлық шаруасы оңтүстікте шешілетін: қысқы қонысы, саудасы, қолөнері және діні, барлығы да сол өңірге қатысты еді. Ресеймен жақындасқалы қазақтың саудасы солтүстікке ыңғайланды, шекара алқабының әр жерінен айырбас орындары, жәрмеңкелер ашылды.

Орта жүздің халқы әуелде Орынборға барушы еді, кейіннен саудасы Троицкіге ауысты, одан кейін Семей қазақтың шығыс жағын шет жайлаған еліне напақа болды. Ресейліктердің осы жерлерде сауда орындарын ашуына елдің тілегімен араласқан Абылай мен Әбілпейіздер еді. Бірақ Түркістан қалың қазақтың ой-санасынан өшкен жоқ. Елге еңбегі сіңген көсемдерін әлі де айлап жүрін,

арулап Түркістанға, үлкен қорымға жерлейтін, бірсыпыра рулар қысқы қонысқа Бетпақтан әрі асатын.

Осыған байланысты Түркістан-Ташкент өлкесіне кім билік жүргізеді, үлесті кім көп алады деген мәселелерде төрелер Орда билерінің алдына жиі келетін.

Далба тауы бауырындағы қаракесектің Қаз дауысты Қазыбек қоныс еткен алқабы үш жүз баласының ішіндегі атқамінері мен пігі жақсылары бас қосатын мәжіліс орны сияқты болды.

1762 жылы көктем айында болған бас қосу Түркістанның жағдайына арналды. Бұл жиынға себеп болған Әбілмәмбеттің арызы. Қаз дауысты Қазыбекке жазған хатында Орта жүздің ханы төмендегі мәселелерді: өзінің Түркістанды астана еткен тарихын, қазақтың ескі хандарынан келе жатқан үлгіні баян етеді. Сонымен бірге соңғы жылдары Сәмеке ханның баласы Есімнің Түркістанға ауыз салғанын баяндайды. Есім сұлтан әуелде Түркістанның маңында көшіп жүреді екен, кейін қаладағы сарттармен сөйлесіп, мен қалаға иелік қылсам алым-салықты азайтып, саудаларыңа көмек берем деп уәделескен көрінеді. Содан бері қаланың халқы екі ұдай – бірі Әбілмәмбетті, бірі Есімді жақтайды.

Далбада болған жиынға Әбілмәмбет пен Абылай, Есім мен Әбілпейіз сұлтандар, және қазақтың іргелі руларының өкілдері де тұтас қатысты. Қаз дауысты Қазыбек екі дауғерді де бір-біріне арандатпай «қазақ жолы қанағат» деп, Түркістан уәлайатын қылдай қылып, тең бөліп беруді жөн көрді. Есім болса кезінде қазаққа хан болған Сәмекенің бел баласы, Әбілмәмбеттің де жолы осал емес, екеуін де риза қылды. Осы шешімге бас шұлығын хан мен сұлтан Түркістанға оралды. Бірнеше жыл бойы Әз Тәуке немерелері арасында бықсып жанып, ел тіршілігінің берекесін алып келе жатқан дау осылай аяқталды. Сол жылы жасы шау тартып қалған Әбілмәмбет еліміздің қасиетті Орда қаласы Түркістанда алаңсыз қыстаған болуы керек.

Иә, Қазыбек би сынды қазақ кеменгерінің өмірінің соңында жасап кеткен бір бітім шаруасы осы болды.

Десек те, 96-ға қараған жасында Қаз дауысты Қазыбек көсем орысқа бодандықты мойындады:

«Казбек бий, ведая довольно российского государства силу и помня еще то время, как во времена Шемяки хана (Сәмеке хан) со всею Среднею Ордою о бытии в вечном российском подданстве е.и.в. присягал, в котором намерении и ныне непоколебимо стоят желает», – делінеді құжатта. Сонымен қатар Қаз дауысты Қазыбек би орыс қаруының қазақтың шығыс шекарасын қорғап тұруына мүдделі екенін де баса тапсырды: «но только потом просит, дабы всегда вперёд от китайской стороны какие на них нападения и обиды причиняемы быть могут, от здешней, российской стороны, всегда защищены были».

Қартайған шағында Қаз дауысты Қазыбек бұдан былай Орта жүздің билігін балалары Бекболат би мен Сырымбет батырға тапсыратынын хабарлайды: «за старостью лет вместо себя ведомства его в Каракисецком улусе правление препоручил детям своим: большому Бекболату да среднему Серембетю биям, он же, Казбек бий, с Каракисецким улусом состоит кочевьем в камню, в называемых урочищах Долбах (Далба тауы), в самых вершинах Ишима реки».

Қазақ аңызы Қазыбек бабамыздың өмірінің соңындағы бір саяси ісін осылайша суреттейді. Ұлы бидің өмірі мен қызметі өзінің замандастарына да, ұрпағына да үлгі. Бір ғасырлық өмірінде кемеңгерлік пен көсемдікті, даналық пен әділдікті паш етіп, бір бағытынан таймай өтетін адам сирек болады. Қаз дауысты Қазыбек қазақ тарихындағы осындай сирек тұлғаның, жалпы адамзаттық асыл қасиеттердің жиынтығының қайталанбас үлгісі еді. Соның бір дәлелі ретінде профессор Б. Рахымов жазғанын береміз.

«Хан сайлауы – феодалдық дәуірдегі ел билеушіні, басқарушыны хан көтеру. Ел-жұрт үшін маңызы бар бұл іске бұқара халық туыстай жұмылдырылады. Ұлысқа кіретін ру-тайпалардың ішінен жұрт сенім артқан адамдар билер кеңесіне ұсынылып, хан сайлауына қатысады. Жаппай қостау, мақұлдау арқылы хандыққа ұсынылған адам сайланады. Қазақ қоғамында ханүнемі торе тұқымынан ұсынылып, ұсынылған екі адамның бірі хан тағына отырған. Билер кеңесінің жұмысы қызатын, бір-бірімен елдің тағдыр-талайына қатысты жүз ойланып, мың толғанып ортақ шешімге тоқтайтын да осы кез. Хан сайлауына қазақтың XV-XVIII ғасырлар аралығында әділдігімен елді сүйсіндіріп, халықтың

арман-тілегіне айтарлықтай үлес қосқан әйгілі би-шешендердің бәрі де қатысқан. Мұндай маңызды істе Қаз дауысты Қазыбек би Төбе билікке Кеңес қолдауымен өткен».

1722-ші жылы әз Әйтеке би өлгеннен кейін хан сайлауында Хан Кеңесін басқаратын Қаз дауысты Қазыбек би болыпты. Олай дейтініміз, дәстүрлі қазақ қоғамында хан сайлауы кезінде Хан Кеңесін сайланатын адамның өзі емес, сол кезеңде ел ішіндегі ең беделді би басқаратын дәстүр болса керек. Бұл ортағасырлық қазақ қоғамындағы Билер кеңесінің үлкен маңызы барлығының көрсеткіші. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек би әз Әйтеке бимен бірге әз Тәуке хан тұсында 1685-ші жылдан бастап Хан Кеңесінің әрі Билер Кеңесінің беделді мүшесі болып, қоғамдық және мемлекеттік істерге белсене араласқаны тарихтан белгілі.

Десек те, профессор М. Хамзин: – «Қаз дауысты Қазыбектей ұлы тұлғаның барша болмысын ашу үшін зерттеуші міндетті түрде «уақыт», «кеңістік» ұғымдарын басты назарда ұстауы қажет», – деп баса айтуы орынды нікір. Шындығында, Қазыбек би сынды кемеңгердің болмысын ашу – логиканың міндеті. Тарихта «Қазыбек би» бар, «Ер Қазыбек» бар. Екеуі бір кісі, ал атқарған қызметі екі бөлек. Қазыбек би – бейбіт уақытта Орта жүз бні, ал Ер Қазыбек – Ақтабан шұбырынды кезіндегі және одан кейінгі кезеңдегі қазақ-қалмақ соғысында әскери қолбасшы. Бұл туралы келелі ойды профессор Нәби Елікбаев былай айтады.

«Тарих белесінің әрбір қатпары ұлт өмірінің сыры мен қырына, сана-сезімдік дәстүрлерінің болмысын жинақтап ұсынып отырады. Мұнда ұлтқа шарапатты қасиет, әдеп-ғұрып, салт пен дағды қалыптасып келесі ұрпаққа қажеттілікке айналады. Оның өзінде кең тынысты ұлттық ішкі жан-дүние жан-жақты бейнеленіп корінеді, ақиқат түріндегі, іс-қимылға жол беріледі. Яғни тарихи құбылыс санатында өмір сүреді.

Қазақ халқының өзіндік тарихы, әлеуметтік жүйесі мен құрылымы ұрпақ сезімі мен әрекетіне тністі құндылықтарды бекіткен. Оның жалпы қасиеттері Отанды сую, халқын қадірлеу, ізеттілік, дүниеге көзқарас, даналық өсиет пен мәміле, әлеуметтік тәртіп пен тапқырлық, сөздің мәнін ұғыну сияқты адамгершілік бейнесіне тоғысқан дәстүрлік ұлт тәрбиесінің қазығын бекітті. Саралап

айтқанда, халқымыздың даналық мектебі, рух философиясының өрісін кеңейтіп, байытып отырды. Көшпелі елдің қайталанбас рух болмысы ел басқару, көпшілікті ынтымақта ұстау, бірлікке шақыру, күнделікті тіршілікті реттеуде өнегелі шешімдер мен үлгілі мінез-құлық танытты. Бұл мәселеге қазақ халқының би-шешендері ерекше үлес қосқан. Қазіргі кезеңде олардың өмірбаяны, дау-дамайлар мен талас-тартыстарды шешу кезінде айтқан билік, торелік, аталы сөздері жинастырылып ұрпақ игілігіне ұсынылуда. Осы мұраның тарихи, философиялық, психологиялық, тәрбиелік мәндері ғылыми талданысқа ие.

Халқымызға дәстүрлік үлгі болған ерекше даналық мектебінің өкілі Қаз дауысты Қазыбектің мұрасы аса қадірлі. Данышпан бабамыз – XVII-XVIII ғғ халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, әділетті би әрі даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырған шешен. Оның қалдырған философиялық мектебінің сана-сезім, тапқырлық, ұшқыр ой, ұлттық көзқарас, әділеттілік, таным және т.б. ел ынтымағы мен бірлігіне арқау. Мұнда қазақ рухының тарихи көрсеткіші, өзінің дұрыстығы мен ақиқатын дәлелдете білген әдет-ғұрып заңы «Жеті жарғыны» жасаудағы рөлі ерекше. Осы орайда мынаны айта кетуге болады. Мүмкін қалыптасқан саяси идеология немесе пендешілік болар, біз өзге елдің Демосфендері мен Цицерондарын бағалап келдік. Ол да дұрыс шығар. Дегенмен Үш жүздің басын қосып, өз Тәуке ханның тұсында хан Ордасы Түркістанда жасалған «Жеті жарғы» заңы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билердің азаматтық ой өрістері, адамгершілік және моралдық бейнелерінің терең әлеуметтік-философиялық өрнегін көрсеткендігі – ұлтымыздың шынайы мақтанышы әрі үлгісі».

1760-шы жылдары Кіші жүз қазағының бір жағы Әбілқайыр баласы Нұралының, бір жағы Қайыптың баласы Батырдың қарамағында болды. Олардың өз ішіндегі дау жанжалы және жетерлік. Ұлы жүз баласы 1739 жылы Жолбарыс хан өлген соң, төресіз біраз жыл өмір сүріп, кейін Абылайдан ер жеткен балаларын сұрап алып хан көтереді. Ал Орта жүз тұтастай Әбілмәмбет пен Абылай билігінде деп есептелгенмен әр жерде өзін зор тұтқан сұлтандар аз емес еді. Барақтың баласы Дайыр, Сұлтанмәмедтің ба-

ласы Ұрыс, Әбілмәмбет баласы Әбілпейіз, Сәмеке баласы Есім, Құдайменді сияқты ірі-ірі сұлтандар өз ұлыстарының билігін ұсынған шығармады. Ерте уақытта бұлардың бәрінің басын қосып ақылын айтып, жөнге салып, жол нұсқап отыратын Қазыбек би қайтыс болғаннан кейін-ақ бастары қосылмады.

Мына толғау кемеңгер Қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың өшпес көсемдік даңқына арналды:

*Тараймыз ұрпақтары, Келдібектен,
Жеті атасын біле бермес, кері кеткен.
Қазақтың қайраттысы, дара туған,
Айналдым аруақты бабам, Қазыбектен.
Ол біздің атамыз, ол біздің – бабамыз,
Шешендік сөздерін ұран ғып, аламыз.
Аруағын көтеріп барлығымыз, ескермесек,
Күндердің күнінде кеселге кезігіп қалармыз.
Қазыбек би Қаз дауысты Бабамыз,
Он сегізде қалмақ ханын, сөзбен қысты.
Шығармай оқ түгілі, қасық қанын,
Құтқарды жауларынан, ұл мен қызды.
Біз түгіл, түгел қазақ сыйынады,
Кордің бе, қазір заман қиындады.
Білді де, осы заман болатынын,
Бабамыз бірлік деп қыйылады.
Бабамыз заманында, зерек екен,
Оқ өтпес құрсау киім, керек екен.
Орыста керегіңе, жарайды деп,
Айтқаны бұл заманға, келеді екен.
Халқым-ау, туған соң, тірлік керек,
Мәнісін, тіршіліктің, білу керек.
Күндемей, қасиетті, адамдарды,
Күнәға батпай таза, жүру керек.
Түркістан, Арыстанбаб, араладым,
Риза бол, Бәтимаңа бабаларым.
Сонда да, әлі менің арманым көп,
Орынын, жан әкемнің, таба алмадым.*

6-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИ – ҚОЛБАСШЫ

Қай халық болмасын ел санатына, қатарына батыр, кемеңгер ұлдарының арқасында енеді. Бұл шындыққа әр елдің тарихын зерделей отырып, көз жеткізуге болады. Елім деп еңіреп туған ерлер күнделікті пендешілік тіршіліктің тұсауын үзін елінің қамын жейді, қан кешеді, аждаһамен арпалысады. Шындығында біле-білсек, тарихты осындай бір шоғыр асылзада ұлдар жасайды. Ел тағдыры таразыға түсіп тұрған сәтте халық қашанда өз азаматтарына қарайды. Нағыз көсем мен ер осындай сын сағатта өздерін топ бастаған серкедей сезінеді.

Әз Тәуке ханның көзі тірісінде 1716-1718 жылдары Қайып билік басында болды. Әз Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін де, билік біраз уақыт Қайыптың қолына көшті. Бірақ, 1717-1718 жылдар кезіндегі жеңілісі, сәтсіздіктері, оны қазақ арасындағы беделінен айырып, ақыры өлімге душар етті. Қайып ханның Орта жүз батырларының қолынан өлуі әлі де анықтауды керек ететін жұмбақ оқиғаның бірі. Әбілқайыр болса, Қайыптың кезінде-ақ оқшауланып, Ырғыз, Торғайға жақын көшіп, одан әрі Қазан, Уфа шаһарымен қарым-қатынасын күшейтті. Қайып хан Түркістанда жалғыз қалып, пұшайман жүргенде, Әбілқайыр соңынан ерген жауынгерлерімен Еділ бойында жорықта еді.

Осы қате пікір. Әз Тәуке хан 1718 жылы қайтыс болған. Ал, Қайыпқа келетін болсақ, ол Тәуке ханның көзі тірісінде 1716-1718 жылдары ел басқарған.

1722-1723 жылғы қыстың қаһары қатты болып, ел жұтқа ұшырап, әлдері құрып, қайың сауып күн көріп жүргенде 1723 жылғы ерте көктемде Шұна Дабо бастаған қалың қалмақ шауып әбден тоз-тозын шығарды.

Қаз дауысты Қазыбек би XVIII-ші ғасырдағы аласапыран уақытта, жан-жақтан анталаған жау ортасынан халқын аман алып шыққан қолбасшы – Ер Қазыбек атанды.

Бұқар жырау Қазыбек бидің ұйғарымымен Еділ-Жайық, Сыр, Арал, Ор мен Жем бойындағы елдің азаматтарын шақырған. Ақыры аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босқан елді, өздерінен әлдеқайда

көп жаумен соғыса-соғыса қажыған жігіттерді мүлдем құрып кетуден Сырдың төменгі ағысы, Арал, Еділ мен Жайық, Ор мен Жем бойындағы елден келген Кіші жүздің Ер азаматтары Мұғаджар тауына жеткізбей аман алып қалыпты. Ерте көктемде Қаратау етегінен басталған бұл тарихи шұбырынды көш қара күзде Мұғаджар тауына тақап тоқтаған. Бүгінгі есеп бойынша, «Ақтабан шұбырынды» шұбырған көш жолының ұзын-ырғасы 1500 шақырымға тақау болады. Бұл – бір қырғын соғыс болыпты. Бұл – 100 жылдан аса созылған қазақ-қалмақ арасындағы ғасырлық соғыстағы алғашқы жеңіс, түбегейлі бетбұрыс болды.

Бұқар жырау бұл дастанында Қазыбек биге бірнеше шумақ арнапты. Оны «Қазыбек би» демей, «Ер Қазыбек», – деп атайды. Бұл турасында Нұрғожа молда: – «Кіші жүз жерінде Орта жүз бен Кіші жүздің басын біріктіріп, қалмақтың бетін қайтарған қаракесек Ер Қазыбек би болды», – деген көлемі аз, ал мағынасы мол дерек жазыпты. 1718 жылы эз Тәуке хан қайтыс болғанда және 1723 жылы Орта жүздің бір бөлігі «Ақтабан шұбырынды» нәубетіне ұшырағанда Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, кейін Абылай сұлтандардың арасын жарастырып, ел болашағы үшін оларды өз-ара ынтымаққа шақырды. Бұдан шығатын қорытынды: – «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында ұлағатты Қазыбек би қазақ әскерінің Қолбасшысы әрі ел көсемі болған». Біз бұны қазақ халқына тәуелсіздік жолын нұсқаған кеменгер Қаз дауысты Қазыбек бидің өнегелі өмірі, қасқа жолы деп білеміз. Бұл туралы «Ақтабан шұбырындыдан» ел есін жиған кезде Бұқар былай жырлайды:

*Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Орманнан көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.*

Ақтамберді жыраудың толғауы:

*– Уай, Қазыбек, Қазыбек,
Ел сыйлаған ағасың.
Қызыл тілмен келтірдің,
Ойрат-қалмақ тәубәсін.
Басын қостың қазақтың,
Болсын деп әр-кез азат күн!*

Сол заманда Орта жүзде батыр көп екендігі, ал Кіші жүз жігіттерінің екісінің бірі батыр болғандығы, кез-келгені қалың жауға именбей кіретіні бәрімізге мәлім. Қалың қалмақты Мұғаджар тауына тақағанда аты аңызға айналған «Қасиетті ағашқа» жеткізбей тоқтатыпты. Бұл соғыс, сонымен қоса, «Ақтабан шұбырынды» қырғынын тоқтатқан алғашқы жеңіс болып, ортағасырлық қазақ тарихына енді.

Сонымен, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп, аталған бұл қасіретті көш қазақ жадында мәнгілік сақталды. – «Әнет бабаның көшке еріп жүре алмай төбе басында қалғандығы, он алты ұлды Тілеуімбеттің (Арғын Күліктің бір атасы) қырылып, жойылғандығы секілді, сол күндерді қалай ұмытып, естен шығарарсын», – дейді тарихшы Мақсат Алпысбес. Сондықтан, Арғынның Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы әулет-аталары қазақ пен жоңғар арасында жүз жылдан аса уақытқа созылған ұзақ әрі ауыр соғыстың бар ауыртпалығын басынан өткерді, ел көсемі – Ер Қазыбек би сол соғыстың Қолбасшысы болды. Ал, Қазыбек бидің жанында қанжығалы Бөғембай ғана болған. Басқадай «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген болған жоқ, дейді Баянауыл, Қарқаралы өңірінің көнекөз қариялары. Бүгінгі жазушының бәрі бұл оқиғаны өз жерінде болған қылып, өз елінде болған қылып, өз атасының басынан кешкен қылып көрсетуге тырысып жүр. «Қаратаудың басынан көш келеді»-нің көп нұсқалы болуы осыдан.

Ұлағатты Мәшһүр Жүсін өзінің «Сарыарқа . . .» деген кітабында былай деп жазыпты: – «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келін ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кеше өткен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек,

Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбазы жау қолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді».

1635 жылы Жоңғар хандығы құрылған соң, қалмақтың дұшпандық әрекеті өрші бастады. Ақыры 1723 жылы қазаққа қырғын әкелген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болды. Шығыстағы қазақ рулары ығыса келе Есіл, Тобыл, Орал өзендеріне дейін тірелді. Сарыарқада жүрген қазақ рулары Есіл, Нұра, Сарысу бойында көшіп-қонып жүре берді. 1739 жылы қалмақтар неше дүркін жалғасқан шабуылына көшіп тағы бір мәрте итеріп салуға тырысқанымен, Абылай бастаған қазақ қолы жауға жеңіс бермеді. Ақыры 1756-1757 жылдары орындалған арман, қалмақ жойқын апатқа душар болғаннан кейін, қазақты мазалауды қойды. Қазақ жасақтары әбден титықтатқан Жоңғар хандығы шүршіттің қырғынына түсін жойылды. Бірақ қалмақты жеңгенімен, қазаққа қоқан-лоқы көрсетемін, деген корші қоқан сарттары, қазақты қол астыма қаратамын, бодан қыламын деген орыс пен қытай мазалай бастады.

Қазақтың осы тұстағы ауыр халіп көп соғысты көзімен көрген Бұқар жырау былай сыйпаттапты:

*Шүршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбаттас.
Ортасында ұйлығып,
Кетпейін десе жері тар.
Кетейін десе алды-артын,
Қоршап алған кәтір бар.
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаншу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла!*

Бұқар жырау өмірінің ел тарихында Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, аталған қатерлі заман жалғасында халық көсемі Абылайдың қасында өтін, қиын сәтте оның ақыл-кеңес беретін қабырғалы кеңесшісі болып әрі бпі аталған. Осындай қазақ елінің

тағдыры шешілер ауыр күндерде жырау ханға дұрыс бағыт беріп, азаттық пен тәуелсіздіктің бнік қорғаны болып отырған.

Абылайдай қазаққа еңбегі сіңген патша болған жоқ. Оның тарихи кемеңгерлік бейнесі Әз Жәнібек, Ақназар, Қасым, Салқам Жәңгірлер, Тәуке хан қатарында. Абылай хан сол қиын уақытта айлакер шүршіт пен орыстың арасында екі жаққа тең саясат ұстап, қазақ басынан бақ тайдырмады, ел тәуелсіздігін сақтады.

Торе алдына бармасын, – дейді. Торе алдына бармасын дейтіні Сарыарқадағы төрелердің өскені Абылай балаларынан өрбігендер. Солардың ішінен Қасым торе және оның балалары ғана қазаққа берік, Абылай атасының жолын қуған, елім деген ермінезді болған екен. Ал, қалғандары, ел аузында айтылатындай, ас ішіп, аяқ босататын босбелбеу әрі алдамшы, дүниеқоңыз, сатылғыш, берекесіз болған екен.

Мұны Мәшһүр Жүсіп Кенесары мен Наурызбайлардың ерлігін баяндап жазған тарихи еңбектерінде жақсы айтып өткен. Орыс жазушылары «его проповедь особенного успеха не имела» деп қояды Кенесары туралы. Саржан 1830 жылдары қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау үшін саяси күрес жолына түсті. Ол үшін Саржан қокандықтармен одақтас болуға тырысқан. Алайда Саржан сарт қолынан қазақ табады. Саржаннан кейін бұл қазақ тәуелсіздігі үшін күресті оның інісі Кенесары жалғастырып, 1837 жылдан бастап қазақты орыс бодандығынан шығуға шақырып, қазақтың егемендігін жария ету үшін соғысты. Шындығында он жылға жалғасқан Кенесары соғысы, оның он жыл бойы қазақтың хандық дәрежесін сақтап тұруға, ұлттық рухтың он жыл бойы шындалуына үлкен ықпал етті. Он жыл бойына Кене хан және оның сенімді жақтас ееріктері орыстың басқыншыл саясатына қарсы тұрып, елді аман сақтады.

Орыс империясының негізін салушы Бірінші Петр болса, Швеция Еуропаға терезе, қазақ даласы Азияға қақпа, деп білді. 1730-ші жылдары Кіші жүз қазақтарын бодандыққа қаратқан орыс жағы, Орта жүз қазақтарын да өгірік болса да, қолға бодан болдық деген бір ант қағаз алу үшін күресті. Бодандықтың мәнін қаймана қазақ түгілі, сағымға садағын ілген торе тұқымы деген Әбілқайыр сияқты

Кіші жүз ханы да толық мәнін білмей жатса керек, қайтсе де өзінің қара басының қамын ғана ойлап, орыстан сұрайтыны сый, әскери жасақ, қамал, қала болған. Сұрағанын алып, Ор бойынан орысқа жер берін қала салғызды, ақыры ол жерден де қазақ айырылды.

Абылайды Абылай қылған от жалын болып жанып тұрған қазақ рухы, сол рухтың иелері қазақтың батыры мен билері екені анық. Ертеде Абылайдан сұраған екен, үш жүздің батырларының ішінен қайсысын артық сыйлайсыз деп.

Сонда Абылай хан:

– «Өзіме дейінгі ерлердің ішінен екі адам таңғажайып данққа ие болды: бірі қаракесек Қазыбек, өзінің 90 туысын тұтқыннан босатып алған, екіншісі уақ Дерінсалы, ол да қолға түскен адамын тұтқыннан босатты. Біріншісі, өзі барып Қалданды сөзбен жығып, ал, екіншісі ауылында отырып-ақ жауын қорқытып алды. Менің батырларымның ішінен бәсентіін Малайсарының байлығы, көзсіз ерлігі мен мінезі, уақ Баянның ақылы мен ерлігі өзгеден биік тұрады», – депті.

Қаз дауысты Қазыбек би аласапыран уақытта, жан-жақтан анталаған жаудан халқын аман алып шыққан қолбасшы-ер.

Шәді төренің, көпке танымал Жәңгірұлының «Абылай хан» дастанында қолбасшы Қазыбек би есімі жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерен ерлік көрсеткен, аттары азаттық жолындағы айқас тарихында алтын әріптермен жазылған Орта жүз бен Кіші жүздің сайыпқыран батырлар шоғырының басында тұр.

Ондағы мына:

*«Қазыбек Қаз дауысты, ер Жәнібек,
Бөгенбай Қанжығалы, Қоңырат Мәмбек,
Уақтан – Сары Баян, Қыпшақ Шорман,
Арғыннан Жолай палуан, Найман Төлек», –*

*деген шумақтан және одан әрі қарай:
«Бар еді неше қилы батырлары,
Майданға жөн-жөнімен кірді бәрі.
Әлеке – алтынсадақ деп айтылған,*

*Жәнібек, Найман Төлек ерлік қылған.
Бөгенбай Қанжығалы, Қантай және
Тарақты Көбек, Уақ Сары Баян,
Шапырашты Наурызбай, Табын Серке,
Қаракерей Қабанбай – өңкей қыран.
Жаппастан Өтетілеу, Есет Тама,
Қоңыраттан Байтелі мен Жаманқара...» –*

деген жолдардан Қазыбек би есімін жоңғарға қарсы соғысқан «өңкей қырандардың» басында көреміз, – деп, Шәді шайыр оның қолбасшылығын өлеңмен өрнектеп, жырлап өткен.

Сондай-ақ есімдері иеі қазаққа мәлім Қанжығалы Бөгенбай батыр, Балпан би, Саққұлақ шешен секілді үлкен тұлғалардың ұрпағы, қонан тарих білгірі Олжабай Нұралыұлының (1881-1935) «Сабалақ» атты дастанында Қаз дауысты Қазыбекке қатысты:

*«Ат қаратып болғанда жегіт сайлап,
Қару-жарақ Ұлытауда жұрт даярлап.
Балқашқа үш жүз болып жосылмаққа,
Әр жүздің адамдары уағда байлап.
Орта жүзден Бөгенбай, Жәнібегі,
Қошқарбай, Жантай менен Қазыбегі,
Толыбай, Малайсары, Баян батыр,
Төлек, Тулақ, Қабанбай – Найман тегі.
Кіші жүздің басшысы Арал батыр,
Тама Есет қол бастап келе жатыр.» –*

деген жолдар бар. Бұл Қаз дауысты Қазыбек бидің ұзаққа созылған қазақ-жоңғар соғысында даңққа бөленген қолбасшы тұлғасын тұғырландыра түсетін мағлұмат.

Қарақұмдағы шайқаста (Бұланты-Білеуті шайқасы, 1727 жыл) Қаз дауысты Қазыбек – қазақ әскерін бастаған қолбасшы-көсем.

*Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке,
Асқар тау – Қазықұрттай биік еді.
Бірі күн, бірі туған айдай болып,
Заманға, сәйкесімен келіп еді.*

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуіріндегі бір оқиға осылайша ел басындағы жағдайдан хабар береді. Сол заманындағы қазақ басына түскен ауыртпалық «Шақшақұлы Ер Жәнібек» жырында көркем де, дәл суреттелгені төмендегі шумақтардан көрінеді.

«Әлқисса, Тәуке хан олған соң ел басшылары алауыз болды:

*Аз елді билемекші екі кісі,
Баланың біреуі үлкен, бірі кіші.
Хан болса мұратына жететіндей,
Ескермей, кетер-ау деп ел берекесі.*

Қайып, Әбілқайыр, Сәмеке хандар арасындағы жанжал елдің арасының жігін ашып, қарияға ренжу түсіп, біразы Сарыарқаға тұра көшін жүргенде жалмауыз жұтқа ұрынды:

*Он бес күн мұз жаңбыры жауды тынбай,
Сіресіп мықты тіреу тұрған сынбай.
Алдымен емен болып күшті азашың,
Жер болып құлап қалды болып жымдай.*

«Қайың сауған» жұты қазақтың барлық шұрайлы даласын жайлады. Қысы жұмсақ, жазы ыстық оңтүстік өңірінің өзі бұл сұмдықты бұрын-соңды көрмеген:

*Жып-жылтыр дүние жүзі болды айнадай,
Құз бен тау, қалың орман жал жадағай.
Мешіті Түркістанның – көк күмбезі,
Көрінеді мұз қапталып таяладай.*

1723 жылғы қалмақ шабуылының сәтті болатыны да осы себептен, бас аяғы бірнеше жыл ішінде қазақтың бауырына басқан қонысы қалмаққа қарап қалды.

*Ие боп қазақ жұртын қалмақ басты,
Күн суық, жол жүруге және адасты.*

*Аман бол, қайран қоныс Сыр мен тауым,
Жерімен қазақ шулап амандасты.
Қазақтан тартып алды барлық малды,
Түк қоймай тартып алды Түркістанды,
Ие боп қалмақ қалды бәріне де,
Қоймады жер үстіне мұсылманды.
Қыдырып құба жонды тарап еткен,
Ауқат жоқ жеткен жерде демі біткен.
Иіріліп алқақотан өліп жатыр,
«Алқакөл сұлама» осы ел есіткен.*

Таластан бастап Сырдың орта ағысына дейін қыстайтын Орта жүз ауылдарының Самарқан пен Бұқарды сағалап батысқа ығысатын уақыты осы заман. Самарқан аймағының ол кездегі қожасы Жиделі Байсын арғынынан шыққан Ыбырайым би. Ол кіеі ертеден бері Балық (Балхы)-Бұқар өңірінде аталық қызметін атқаратын өте беделді адам болатын. Ыбырайым бидің көмегімен Самарқанды өзіне қаратып алған Раджаб Мұқамед сұлтан көп кешікпей Соғдының көп бөлігін (Бұқар мен Самарқанд арасы) Нұрата мен Мийанкалді, Қаршы өңіріні бағындырып алды. Самарқан маңына келген қазақтар Раджабтың қамқорлығын ғана көріп қойған жоқ, оны қолдап Бұқар ханы Әбілпейізбен де соғысуға мәжбүр болды.

Бұл оқиғаларды Қожамқұл бек Балхи өзінің «Тарих-и-кипчак хани» еңбегінде келісті баяндайды:

«Қонтәжі қалмақ, Моғолстан мен Қашқардың иееі, міне бір-неше жыл болды өзінің әскерін Кухистан, Читрал, Бадахшан, Дара, Дарваза және Қаратегінге жұмсады.

Қаратегіннің халқы Алай тауының қойнауларына қашып келіп паналаған қырғыздарды қудаламады. Кейбір әкімдер жыл сайын (қалмақтарға) алым-салығын төлеуге келісімін берді...

Қонтәжі (қалмақ) өзінің ұлын қазақ жұртын бағындыруға аттандырды. Ташкент, Әндіжан, Сайрам және Сейхун дариясының жағасындағы аймақтар, қазақтың шамамен алғанда үш лек әскері ташкенттіктермен бірігіп қалмаққа қарсы тұруға белді бұды. Екі жақтың әскері шеп құрып бір ай бойы таңның атысы, күннің батысы

соғысты. Жасаған ие жеңісті мұсылманға емес, кәнірге берді. Бір лектей адам бақи дүниеге аттанып кетті. Қазақтар ауыр жеңіліске ұшырап елу мыңнан астам қазақ от басы Самарқанда асықты».

Бұл үлкен жанкешті топтың ішінде Қаз дауысты Қазыбек те болды. 1726, 1727, 1729 жылдарғы соғысқа Орта жүз жасақтары толық қатысты. Оның небір айғақтарын Бұланты өзені бойында болған Қалмаққырған соғысынан қалған белгілерден, Шұбартеңіз бойындағы қазақ обаларынан т.б. көптеген осы оқиғаларға қатысты аңыздардан да аңғарамыз. Бірақ қалмақ осал жау емес, оның қаһарынан қаймыққан қазақ жағы тарыдай шашылып Жиделі Байсын, Еділ-Жайық, Ордың қарғашы сияқты өлкелерде жүрді. Осы Орта жүз баласының қомақты тобын басқарған Қаз дауысты Қазыбек еді.

Сол эз Тәуке хан өлгеннен кейін елді меңгеріп кетуіне оның мирасқорларының ешқайсысының шамасы келді ме?! Қазақтың өзі де ру-ру болып басын қоса алмады. Мәшһүр Жүсіптің сөзімен «бақытты ханы жоқ, тайсалмас батыры жоқ, көп жаманның жиылып тобелесе бергенінен не өнеді»? Осындай себептерге байланысты Сыбан Раптаннның Аюке ханның қызы Сетержептен туған баласы Шүна Дабо (Лаузан) қалмақтың қалың қолын ертіп Түркістан-Ташкентке келгенде сол жерде отырған қазақ мардымды қарсылық жасай алмай, үркіп «Ақтабан шұбырынды» басталып кетті. Біздің қолымыздағы деректерге қарасақ жеңіліске бастаған бір себеп – сол жылғы жұт. Қазақ есінде «қайың сауған» болып қалған ауыр қыстың зардаптары 1723 жылы қалмақ әскері Сыр бойына тәніп келгенде айқын сезілді, сондықтан «жонғар жеңген жерде қазақты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып, шауып кете берген». Екіпшіден елдің басы қосылмауы, біржағы қазақтың әр жерде шашырап Сырдарияның бойында қыстауда отыруы, сайланып, сөз байласып қойған әскері және жоқ еді. «Кері кеткен елдің кеңесі көп болады», «Кедей елдің көш басшысы көп болады», деген сөз сол заманда айтылса керек.

1723-1725 жылдардағы шапқыншылықтың кезінде Ұлы жүз Жиделі Байсынға, берісі Қоқан маңына, Орта жүз Самарқанд пен Бұқараға, Кіші жүз Хиуа маңына қарап кетті. Көшкен елдің ішіндегі

ең бір намысқой, жаны сірі бөлігі Бетпақты кесіп өтіп Ұлытауға тоқтады. Олар күш жинап, жан шақырғанға дейін де бірер жыл өтті. Мәшһүр Жүсін: «Ақтабан шұбырынды-Алқакөл сұламаны» еске түсіріп «жұттан, жаудан басын алып қашқан елдің жаяу шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып, табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін ортасына алып қорғап жатады екен, басқа бөтен рулар ұрлап алып, сойып жеп қоя ма екен деп. Тобықты Әнет бабанның төбе басында қалғандығы, он алты ұлды Тілеуімбеттің қырылып, жойылғандығы сол еді. Сол күндерді қалай ұмытарсың».

Міне осындай алапат жұттан, жауғершіліктен елдің есін жинап, қалмаққа қайтара соққы беруі ғажап емес пе?! Түркістан мен Ташкентті алған қалмақ әскері енді қазақты індете қумақ болып Ұлытауға да жылжыды. Қазақ елі балға мен төстің ортасына түскен күн болды. Солтүстікте Сібірдің казактары, башқұрттар, Еділ қалмағы, оңтүстіктен Сарысуды қуалап шабуыл жасап келе жатқан қалмақтың әскері. Қазақтың тұрған жері ту тіккен Ұлытауы, ел мен жердің кіндігі. Қазақта не өлім, не өмір деген ой тұрды. Шежіреде бұл оқиғалар: «қазақ алдында сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін, іле шала қайтадан жиылып қалмақпен соғыса берді», – деп әңгімеленеді.

Іле шала болған соғыстың бірі Шұбар теңіз соғысы. Жаудың бетін алғаш рет қайтарған да осы маңайда, көл жағасындағы XVIII ғасырдың қорымдары, ол жердегі ру танбалары осы бір айтулы оқиғадан мұңды сырды шертіп тұр. Қазақ аңыздары бойынша, қазақ шежіресін қалыпқа келтірген Шәкәрім қажы мен Мәшһүр жазуына қарағанда Шұбартеңіз соғысын басқарған Қазыбек би мен Шақшақ Жәйібек батыр. Ақтабан шұбырынды апаты мен Шұбартеңіз соғысын халықтық негізде, шежіреге арқа сүйіп, әдемі жырлаған Иманжан Жылқайдаров:

*Бұл қорлық ашаршылық, жұттан да өтті,
Айрылып жер мен судан тентіретті.
Сарыарқа мен Ұлытау қайдасың деп,
Шұбырып жонмен қаптап қойды бетті.*

*Қырауда қыстың күні үсіп өліп,
Тиянақ жеткізер деп хаққа сеніп.
Телікөл, Айнакөл мен Қызылжыңғыл,
Құлады жалғыз-жарым Сарысу келіп.*

*Үш жүздің аман қалған балалары,
Жәнібек бас боп арғын келді бәрі.
Бағаналы хан Барлыбай, Жаулыбаймен,
Көрісіп жылап-сықтап амандары.*

*Қазыбек Жәнібекпен қатуланды,
Үш жүзге жар салып, жиды жанды.
Келсін деп, тірі қалған еркек кіндік,
Қалмақтың қорлығына назаланды.*

Шұбар теңізде мерейі үстем қазақ жағы қалмаққа өшіге түсті, өршеленін тағы ұмтылды. Қалмақ болса қазақты елдігінен айырып, тоздырып жіберудің жалғыз амалы Ұлытауды алу екенін жақсы түсінген еді. Евразиялық кең сахара үшін көшпелілердің соңғы екі арыстаны жан аямас айқасқа түсті. Қай жеңгені мәңгілік, елдігін сақтап қалмақ. Ертеде сақтың патшалары қоныс тепкен Ұлытау, ғұндардың көсемдері келіп басына тәуәп еткен Ұлытау, тоқсан екі баулы қыпшақ жұртының алтын қазығы болған Ұлытау осы қанжоса күрестің куәсі. Кім түркі-мұңғылдың ортақ көсемі Алаша хан қорымына, көшпелілердің соңғы империясын қолымен қондырған Жошы кесенесіне, Орда базарға не болып қалмақ?! Қазақтың үш таған ордасынан кеудесінде жаны бар, білегінде күші бар, санасында намысы бар азаматтары қан майданда қатар тұрып айқасты. Бірнеше күнге созылған алапат шайқастан кейін қазақ басына төнген қатерлі бұлт та ыдырағандай болды, сейіле бастады. Қару-жарағы толық сайлы, әдісі кемел Жоңғар әекері қазақтың жанкештілігіне шыдамады, Ұлытаудан үмітін үзді.

Осы шешуші шайқас 1727 жылы Бұланты мен Білеуті өзендерінің арасындағы кең жазықта болды. Сол жеңістен кейін майдан ортасындағы қара төбе Қалмаққырылған атанды. Қазақ жағы

қанжығалы Бөгенбай батыр бастап соғыста шәһіт болған ер азаматтарын таудың басына шығарып жерледі, оба үйді, таңбаларын салды. Жұттан-жоқтықтан, ақтабан шұбырындыдан, есенгірете тиген соққыдан шыққан қазақ елінің саны селдір еді. Қырғын соғыстан қадау-қадау ғана еркек кіндік қалды. Жаудың беті тойтарылды, батыр мен билердің жүрегінде болашаққа деген үміт сәулесі маздап жанды. Елінен, жерінен, береке-байлығынан айырылып босып жүрген елдің басын құрау керек, елдіктің туын көтеру керек. Ұлытау аман болса, – қазақ та аман болады, – «тәубә» десті тірі қалғанның бәрі де.

1731 ж. Әбілқайыр хан бастаған Кіші Жүз жұрты Ресейдің бодандығын қабылдады, ал 1735 ж. Ұлы Жүз жерін Жоңғар хандығы басып алып, өзінің саяси билігін орнатты.

Нәтижесінде, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестің бар ауыртпалығы Орта Жүзге түсті. Осы кезеңде асқан батырлық қабілетімен Абылай сұлтанның аты шықты, ал Қазыбек би қолбасшылық және халықтың жалпы патриоттық күресінің нақты көсемі болды. Сол кездегі тарихи оқиғалар қарапайым халық ортасынан шыққан Келдібекұлы Қазыбекті өз дәрежесіне көтерді. Сонымен бірге Қазыбек би бейбіт өмір үшін күрескер дипломат та болды. Ол Ресеймен екі арада тұрақты қарым-қатынас орнату ниетін қолдады.

Қаз дауысты Қазыбектің қолбасшылығы туралы айтқанда Шақшақұлы Жәнібек, қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай және қарашор Сеңкібай батырларды айтпай әңгіме болмайды. Біз бұлардың арасына 1733 жылы алғаш көзге түскен Абылай сынды көзсіз батырды қосуымыз керек. Міне, елім деген осы алты ердің бастауымен ХІVІІІ ғасырдың ортасында Қазақ елі Жоңғар басқыншыларына толық тойтарыс берін, елі мен жерін қорғап қалды. Енді осы бабаларымыз туралы қысқаша мәлімет берейік.

Шақшақұлы Жәнібек (1693, Қаратау бауыры – 1752,) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы кезінде азаттық күресте қол бастаған батыр-қолбасшысы.

Шақшақұлы Жәнібектің арғы тегі: Орта жүз Арғын тайпасы, Кіші жүз жақтағы Тоқал арғын елі. Оз әкесінің аты Кошейұлы Қошқар. Халқы құрметтеп қойған аты – «Шақшақұлы Жәнібек» немесе «Шақшақ Жәнібек», ал кейін «Жәнібек тархан» атанған.

Бабалары шетінен батыр Шақшақұлы Жәнібек 16 жасынан бастап басына дулыға, үстіне сауыт кнін, қолына шашақты найза ұстап соғысқа араласып, ал 1723 жылы Ақтабан шұбырындыда Қазыбек би мен Бөгембай батыр жанында жоңғар шапқыншыларына қарсы қан майданда қол бастады.

Шақшақұлы Жәнібек 1727 жылы Ұлытауда Бұланты-Білеути шайқасында батырлықтың, қол бастаудың ерен үлгісін көрсетіп, «Орта жүзден шыққан төрт тіректің» біріне айналды.

Кезінде Шақшақұлы Жәнібектің өз айналасындағы саяси мәселелерді шешуге араласқан. Мысалы, орыс құжаттары Шақшақұлы Жәнібектің әлемдегі саяси істермен таныс екенін жазған. Ол патша өкілі К. Миллердің ешкім білмейді делінген құпиясын ашып, оны Қалдан Сереннің қабыл алмағанын әшкерелеген адам. Орынбор шекара комиссиясының бастығы И.Н. Неплюевпен орыс-түрік соғысы жайында ой болісіп, оны өзінің саяси көзі ашықтығымен таң қалдырыпты. Осыдан кейін И.Н. Неплюев Патша үкіметіне Жәнібектің қазақ арасында беделінің ханнан кем еместігін түсіндірін, оған қазақ батырлары арасынан алғашқы болып «тархан» атағын алуға көмектеседі.

Шақшақұлы Жәнібек «Жәнібек тахан» атанып дәуірлеген кезінде 1752-ші мешін жылы дүние салып, денесі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи қасиетті қорымына жерленген.

Қаракерей Қабанбай (1684–1770) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы кезінде азаттық күресте ерекше еңбек еткен даңқты батыр. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының қаракерей руынан шыққан, шын аты – Ерасыл. Қабанбай – көзсіз батырлықпен, ерлікпен даңқы шыққан кезде халқы құрметтеп қойған лақап аты. Қабанбай жай уақытта тұңғыық, елмен көп сөйлеспейтін адам болыпты. Жанына ерткен 16-17 жігітімен ел аралап жүреді екен. Ауыр соғыс кезінде, қазақ енді қырылды деген кезде Қазыбек би мен Бөгембай батырдың ұйғарымымен Қабанбайға екі-үш кейде бес мыңға дейін таңдаулы сарбаз беріп, ең қатер деген жерге жіберетін көрінеді. Қабанбай бастаған қол жауды қақ жарып өтін, әскердің рухы көтеріліп, соғыс қайта жанданатын болыпты. Қазыбек би де, Бөгембай батырда, кейін Абылай

хан да Қабанбайды орынсыз жұмсамайтын болыпты. Оның көзсіз батарлығы, өлемін-ау деп ойламайтыны өзінің де, жанындағы сарбаздарының да өміріне аса қауіпті болған екен.

Қаракерей Қабанбай батыр көзсіз батылдығы, қазақ жағы тығырыққа тірелген Бұланты-Білеуті шайқасындағы тапқырлығы мен соңына ерген сарбаздарын ерекше үйлестіре білген батыр сардарлығы үшін «Орта жүзден шыққан төрт тіректің» біріне айналды, аты тарихта қалды.

Қабанбай зираты белгісіз, Абылай хан егер білсе денесін қалмақ қорлайды, деп шалғай үш бірдей жерге Қабанбайдікі дегізін, бейіт салғызыпты.

Қанжығалы Бөгембай (1680, Қаратау бауырындағы Бөген өзені – 1771, Ерейментеу, Қоржынкөл маңы) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы кезінде азаттық күресте ерекше еңбек еткен батыр-қолбасшысы. Әкесі Ақша батыр Бөгембай ұлын өз орнына дайындаған: Ташкентте (енді бір жазуда Иранда) әскери сардар мектебін бітірген. Сондықтан, сол заманға сай оқымысты, әскери білімі бар қолбасшы болған. 1707-ші жылы Тәуке ханның ұйғарымымен 30 мыңдық қолды бастап, орысты Еділден асыра қуған қолбасшы Бөгембай небәрі 28 жаста ғана еді. Қалған ғұмырында Жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт азаттық күресте Қазыбек бимен бірге Орта жүз әскерін басқарумен айналысты. Соңғы соғысы 1757-ші жылғы қытаймен болған Талқы соғысы. Ақшәуліде қос тіккен де, осы Бөгембай батыр.

Қанжығалы Бөгембай батыр білімділігі мен батылдығы, Ер Қазыбекпен бірге қазақ әскерін басқарып, қазақ жерін Жоңғар шапқыншыларынан тазартудағы қолбасшылық ерен еңбегі үшін «Орта жүзден шыққан төрт тіректің» біріне айналды. Абылай хан заманында XVIII ғасырдағы қазақ батырларының жасы үлкен ақсақалы әрі қолбасшысы болғандықтан, оны халқы ардақтап «Қанжығалы қарт Бөгембай» деп атаған. Бұқар жырау жырына сай, ол өлгеннен соң «Қазақтың қамал-қорғаны» атанды.

Бөгембай батыр «Қанжығалы қарт Бөгембай» атанып 1771-ші қоян жылы өз ажалынан дүние салып, денесі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи қасиетті қорымына жерленіпті.

Қарашор Сеңкібай батыр (1709, Жиделі-Байсын қонысы – 1786, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шотай өлкесі) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ұлт-азаттық күресінде ерекше еңбек сіңірген айбынды батыр.

Сеңкібайдың арғы тегі: Арғын-қаракесек Түйтеден тараған Қарашор елі. Өз әкесі – Оразғұл. Сеңкібай 17 жасынан бастап басына дулыға, үстіне сауыт киін, қолына шашақты найза ұстап, Ақтабан шұбырындыда Қазыбек би мен Боғембай батыр жанында жоңғар шапқыншыларына қарсы қан майданға жастай араласты. Тәңірдің оның маңдайына жазғаны шығар, бүкіл ғұмыры Қазыбек бимен бірге өтті. Сеңкібай батырдың өзіндік ерекшелігі, қай соғыс болмасын, мың бастап, алдымен жауды қақ айырып екіге бөлу Сеңкібай батыр бабамыздың міндеті болған. Аралық бұл міндетті Шақшақ Жәйібек батыр да орындаған. 1734-ші жылы Қарауылдың мал-жанын аман алып қалатын қырғын соғыста, жас Абылайдың «Абылай!-лап» шабатыны да, осы Сеңкібай батыр мыңының алдыңғы шебінде болатын.

Қазақ-қалмақ соғысы тиылып, бейбіт заман орнаған кейін, Қарашордың Сеңкібай батыры Қарашордың Сеңкібай биі болған. 1986-шы жылы ұрпақтары мен облыс жұртшылығы болып Сеңкібай батырдың басына күмбез орнатты.

Абылай хан (1713, Ташкент қаласы – 1781, Арыс жағасы, Отырар маңы) – қазақ халқының ұлы мемлекет қайраткері, жоңғар шапқыншылығы кезінде жеке батыр және қолбасшысы.

Абылай ханның арғы тегі – Шыңғыс хан мен Жошы хан, бергі бабалары – Қазақ Ордасының негізін салған әз Жәйібек, одан кейін еңсегей бойлы Ер Есім хан, салқам Жәңгір хан. Салқам Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болған. Уәлибақыдан Абылай, одан Уәлі. Міне, осы Көркем Уәлі баласы Әбілмансұр – Орта жүзге, жалпы қазаққа хан болған Абылай.

Абылайтанудың негізін салған профессор З.Тайшыбайдың тыңғылықты зерттеуінің нәтижесінде Абылай өмірінің талай сыры ашылды. Осыған бір мысал келтірейік. Абылайды жас күйінде киімі жыртық, көрбала, қолбала болғаны үшін «Сабалақ» аталды делінген. Шындығында мүлде басқа. «Абылай жас кезінде жетім

қалып, нағашысы Қайып ханның ордасында немере, шөбере туыс ағалары Сәмеке ханның, Болат хан мен Әбілмәмбет сұлтанның ордасында өскен. Хандар әулеті ақсүйек дәстүрінде тәрбиеленген, білім алған, соғыс өнеріне ерте машықтанған. Ал, «Сабалақ» лақап аты оған қайратты, ержүрек, амал-айлалы, әсіресе өте шапшаң батырлығы үшін қарсылас жауы қаламақ жағынан берілген», – деп жазады З. Тайшыбай. Сонымен қоса, «Әбілмансұр» деген есім Абылайға қатысты жазба деректерде кездеспейді, бұл да аңыздарға дейін қосылған – арапша «Жеңімпаз» дегенді білдіретін лақап атау. Шын мәнінде толық аты-жөні – «Абылай-Мұхаммед Баһадүр сұлтан».

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде: – «Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз деп сұрағанда, ол: – «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңқалуға болады. Оның бірі 90 туысын Қалдан Бешоқтының тұтқынынан құтқарған қаракесек Қазыбек те, екіншісі өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы өзінің аулында отырып, жауын қорқытып алды», – деп жазады. Бұл ел басшысы Абылай ханның өз заманында ақылымен қатарынан озған дана биіне – Қаз дауысты Қазыбекке берген әділ бағасы еді.

Тәуке ханның беделін беркітіп, халқының бірлігін нығайту, қаптаған қалың жоңғарға қарсы ерлік күрес ашып, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесін, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеп өткен дана басшы, салиқалы сөз, салмақты мінез танытып, жастайынан ақыл-парасатымен жоғарыдан көрінген, өзіндік жол-жосық бастаулары бар ұшқыр ойлы, жаны таза кемеңгер. Шешімсіз дау қалдырмай, қиын түйіннің жігін тауып, бойындағы сөз маржанын жеріне жеткізе, сезіндіре серігілте сөйлеп, күмәнсіз сендіре білген қызыл тілдің шебері, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелі сөздің жүйрігі, тайынбай, тайсалмай, шындықты, әділетті жақтаған абзал азамат. Халқымыздың басына қайғылы күн туып, берекесі кеткен ауыр заманында ел жұртын сақтап қалу үшін өмірін сарп еткен ардагер асқан ақыл иесі. Қара түнек қаптаған қазақ аспанына өмір сәулесін шашқан жарық жұлдызы.

Өзі Сарыарқаны жайлағанымен Түркістан мәселесі Қазыбек назарынан ешқашан тыс қалған жоқ. Қанша көшпелі тіршілік құрып сахараның халқы болғанымен, қазақтың Түркістансыз күні жоқ. Ертерек уақытта қазақтың барлық шаруасы оңтүстікте шешілетін: қысқы қонысы, саудасы, қолөнері және діні, барлығы да сол өңірге қатысты еді. Ресеймен жақындасқалы қазақтың саудасы солтүстікке ыңғайланды, шекара алқабының әр жерінен айырбас орындары, жәрменкелер ашылды.

Осыған байланысты Түркістан-Ташкент өлкесіне кім билік жүргізеді, үлесті кім көп алады деген мәселелерде төрелер Орда билерінің алдына жиі келетін.

Далба тауының қаракесектің Қаз дауысты Қазыбек биі қоныс еткен алқабы үш жүз баласының ішіндегі сорпаға шығары бас қосатын мәжіліс орны сияқты еді.

Халқымыздың дана қариялары айтқан:

Басшы жол бастайды,

Батыр қол бастайды.

Шешен сөз бастайды,

Көсем ел бастайды, –

деген аталы сөз Қаз дауысты Қазыбекке арналып айтылғандай.

Ұлағатты Мәшһүр Жүсін өзінің «Сарыарқа . . .» деген кітабында былай деп жазыпты: – «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келін ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кеше өткен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек заманында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күнітүні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбазы жау қолында оққа ұшырап өліп, сөйтін алынған жер еді».



Қазыбек би ескерткіші.
Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ кенті



Қазыбек биге ескерткіш. Қарағанды қаласы



Мəшһүр Жүсіп Көпейұлы



. Қазыбек би ескерткішіне тағзым. Қарағанды қаласы



Алдабергенұлы Төлепберген аға,
Мәшһүр Жүсіп қара жәшігін аударушы



Баймағамбетұлы Жәкеш аға,
Қазыбек би танушы, шежіреші



Қалмаққырылған төбесіндегі қазақ қорымы



Қалмаққырылған төбесіндегі қазақ қорымына
Жезқазғандық азаматтар қойған ескерткіш



Әулие Бегім шайқы оқып босатқаннан кейін,
қотан ішінен шығып бара жатқан құландар



Әулие Бегім шайқы оқып босатқаннан кейін,
қотан ішінен шығып бара жатқан құландар



Қарағанды облысының әкімі С. Ахметовпен
Қарқаралыдағы кездесу, 2010 ж.



Қазыбек би ескерткіші алдында. Егіндібұлақ кенті



Облыс әкімі Серік Ахметов Қарағанды қаласында Қазыбек би ескерткішін ашу салтанатты кезінде



Қазыбектанышы-өлкетенушы, Баба ұрпағы
Ақатай Сүлейменов жұбайы Мейрашпен



ҒАЗАЛИЕВ А.М.

ҚарМТУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты



ФЕРХО С.И.

Депутат Мажиліса Парламента Республикаи Қазақстан



ӘБЖАНОВ Х.М.
Ш.Ш. Уәлиханов
атындағы Тарих және
этнология
институтының
директоры, тарих
ғылымдарының
докторы, профессор.



ДУЛАТБЕКОВ Н.О.
Қарағанды «Болашақ»
университетінің ректоры
заң ғылымдарының
докторы, профессор



АЛПЫСБЕС М.А.
Л.Н. Гумилев атын.
ЕҰУ-нің Еуразиялық
зерттеулер
кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.д.,
профессор



Бейсетаев Р. – қазыбекетанушы,
Қарағанды қ.



АБДРАХМАНОВА А.А.
ҚарМТУ-дың аға оқытушысы



ТІЛЕУҒАБЫЛОВА Қ.С.
ҚарМТУ аға оқытушысы



**Мағдатқызы Сүйімбике – Қазыбек Баба ұрпағы,
Қарқаралы ауданы, Ақтас ауылы**

Қазыбек би шапанның жарыққа шығуына дәнекер
Ахмадия Сүлейменовтың Президенттік Мәдени Орталығы
директоры, ғалым М. Жолдасбековқа жазған хатының
көшірмесі

Үш ғасырдың үндестігі.

Асаауымға дейі күм.

Сейінше мәтесейі МЫҒАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ мырза!
Әркімі өркенеттің Зияыраң да зияы, Сіздергеі Сарыауыраңда
Етіңдібуақ Елімен Жазығуың жоңданған жедеахат.

«Егемен Қазақстанның» 14-қараша 2007 ж. №354
санындағы: «Асаауымелі, ҚАЗЫБЕК БИ атамизуық да
шапаны қазір Етіңдібуақтан табытып отыр деп бір-ақ
сөйлемге сымбатан мұқекел талабыңыз тумардай мүмінделсін.

«Қазақстан» телеарнасының Атқаласуық тұғырында
пайықтап «Атытеқ» айуарымен берілген хабары түбегейлі
тұжырым тұжығды.

Үш Ғасыр сақталған шапанның иесі, бабаның ұрпағы
Қожахметұлы АСААУЫМ Ақсақалдың алдынан өтілгім,
Президенттік Мәдениет орталығына шапанды тапсыруға
кепсілі берсі. Уәдесі уәде. Шұғыл шешім - Сіздерге серт!

Әдейекті жариялағым мен өстодайғақтары айнаы
жолдап отырмын.

АБЫСАЙХАННЫҢ қамқа тоны жаақы тұрмасын,
Әруақты БАБАЛАРДЫҢ екі дүниеде жұбы жазылтасын деген
ниетімізді АСААУЫМҒА қабил етсін.

Өзімді таныстырайын. Шежіре бойынша Қаз дауысты
ҚАЗЫБЕКТЕН - Қазымбет - Аңай - таң - СҮЛЕЙМЕН - ЫҒЫБАН - АХМАДИЯ
мен - алапышы, қозғалың қос-жанарыңдай (Мәди мен Серік есіңді
бабаларым желінші ұрпағы).

Жаңа заманның жаастары үшін туған өлкемізде шама-
шарқымша атқарып жүрген шаруаларымды атап өтсем айып
елтеміздер.

1. 2001-жылдан бері киеді шапан проблемасын көтерудемін.
2. 2002-жылдан бастап мектепте Президенттік сабақ
өткізуемін.
3. ЕЛБАСЫНЫҢ Жолдауына екі рет қолдау жаздым.
4. Етіңдібуақтың №5 орта мектебінде Күрескер-
композитор, дауыстап әнші, «Қарақесек» Әуралының
авторы, «Мәди Бәтиұлының» тұрғажәйін ұйымдастырудым.
5. Бас редактор Дүкенбай Қосжанның қолдауымен «Қазақ-
стан музейлері» журналының 2007 ж., №1 саны, 33-34
беттерінде, Мәдениет жүйесі мақаласы жарыққа шықты.
6. Қазыбек Биің 340 жылғы (1667 ж. туған - 2007 ж.)
өміріңді барасы. Әлемге ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ рухын
табытып түсу мақсатында «350 жылдық мерейтойы»
ГОҢҒА СҮКӨ арқылы атап өту жөніндегі қорамдық-
бастамашылық пікір қолдау тапса екен.
7. Осы күзде, қараша 2008 ж. «Елбасы және Етіңдібуақ»
алты шараның сәтін ХАҚТААЛАДАН тілеп
жүрген пенденің бірімін.

Жаратылыстағы Жаңа жыл - Наурызға шапаның шапағаты
Сыпайы сүйінші саналсын.

Шұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың
Білімдібұлақта болуының отыз жылдығына орай
шәшү жоралғысы деп те қабылдаңыздар.

Табигаттағы тепе-теңдіктің тәңірлігі Ұлтымызға ұлылық,
тұрғаларға толғағай табыс әкелсін.

Имандылықтың игілігіндей ісмізге сәттілік сенімдемін.

Танысу-табысу тілхатын тәмамдейын.

Жаңалық жауабын сабырсыздан сағынушы Сүлейменов

Ахмедия біғыбасуды.

Мекенжәліміз: Қарағанды облысы,

Қарқаралы ауданы,

Білімдібұлақ селосы,

Абай көшесі, н: 18 үй, телефон н: 91-6-26.

* Қосымша үш парақ жарияланым,
екі фото жіберілді: ортада
мағдас құрып отырған, тақиялы, сәуірмені
бар, шоқша сақалды ақсақал, шапан
иесі - ҚОЖАХМЕТОВ Алтын Ата.
Оң жағында қырынан түскен,
шалақ жеңді автор - Ахмедия

Сүлейменов

Сәтті сәрсенбі, 19-наурыз 2008 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ
И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПРЕЗИДЕНТСКИЙ ЦЕНТР КУЛЬТУРЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

010000, Астана, Республика даңғылы, 2
тел.: (3172) 22 33 19, факс: 22 32 90
e-mail: astana@presidentculture.kz

010000, г. Астана, пр. Республики, 2
тел.: (3172) 22 33 19, факс: 22 32 90
e-mail: astana@presidentculture.kz

Қ.С., 04 / 2008 ж. № 114/01-8

Қадірлі Ахмедия Ығыбасұлы!

Қазақ халқының ұзына-бойғы тарихында елге тұтқа болған ұлы тұлғалар аз болған жоқ, бар өкініші, солардың көбінен бүгінгі ұрпаққа ештене жетпей отыр. Біз өткен жылы үш ғасырдай Байдалы бидің әулетінде сақталып, бүгінгі күнге жеткен Абылайдың қамқа тонын Президенттік мәдениет орталығында ұлықтап, елдің есінде қалағындай айтулы шара жасап едік. Абылайдың шапанымен бірге Абылайдың Өтеген батырға сыйға тартқан тегенесі (*ас табағы*) де табылып, қазір орталықта тұр. Құдайға шүкір, осындай бабадан қалған асыл мұраны ыждаһаттап, қал-көңіріңше сақтап келе жатқан жандар бүгінде жоқ емес. Біз білетін деректерде солардың бірі – Алтын Қожахметұлы.

Былытырдан бері мен осы кісінің қолындағы Қазыбек би ағамыздың шапанына сұрау салып келемін. Бірақ, осы күнге дейін біздің қолымызға тие қойған жоқ. Сіздің ол кісімен келісім, би ағамыздың шапанын орталыққа беретін болды деп жазған хатыңыз бізді қатты қуантап отыр. Иә, шындығында мұндай мүліктер бір ғана әулеттің мүлкі емес, мемлекеттің мұрасы болуы тиіс қой.


Өзіңізге телефон арқылы айтқан, біз құдай қаласа, алдағы мамыр айының ішінде бірқатар зиялылармен, ел ағаларымен, журналист ермен барып, Алтын ағамыздың қолынан асыл мұраны қабылдап алып қайтсақ деген ниеттеміз. Оның хабарын жолға жүрердің алдында сізге жеткіземіз.

Деніңіз сау, отбасыңыз аман болсын.

Ізгі ниетпен,

ҚР Президенттік мәдениет

орталығының директоры

 М. Жолдасбеков

Қаздауысты Қазыбек би шапанның Астана төріне шығуына дәнекер Ахмадия Сүлейменовке Президенттік Мәдени Орталығы директоры, елімізгі белгілі ғалым профессор М. Жолдасбековтың жазған жауап хатының көшірмесі.

7-бөлім. ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК – ӘУЛИЕ

Қазақтың қырық жылға созылған жауғершілік заманы аяқталған, қым-қуат заманнан қазақтың еселеп ұпай жинап шыққан кезі. Аштықты да, жоқтықты да көп көрген ел енді мамыржай, байқуат тіршілік кешкен, тыныштықтың жемісін жеген уақытта қайтыс болды. Қаз дауысты Қазыбек – Орта жүздің орда биі, бүкіл қазақтың батағой әулнесі.

Иә, Әулие десек, әулие емес пе? “Қазаққа арнап жол салды”, “Ақтабан шұбырындыға” ұшырап, елдігін жоғалтып ала жаздаған қазақты, аяғын жаңа басқан жас баладай жетектеп, жаңа заманға оздырды. Сыртқы елмен тіл тапты, дегейін іететті.

Жас Қазыбек баланың әулиелігін алғаш аңғарған Тәуке хан болды. Жоңғарға баратын елшілерді шығарып салып тұрып:

*Басшыларың Тәйгелтір болсын,
Хандарың қарқаралы хан Бертіс.
Батырларың Малайсары болсын,
Атшыларың Қазыбек болсын.
Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар,
Көп ортасында Қазыбек сияқты,
Кішілердің де сөзін тыңдаңдар, –*

деп бата беріп, Тәуке ханның жіберген Елшілікке ерген жас жігіт Қазыбекке үміт артуында, елшіліктің үлкендеріне қайта-қайта тапсыруында үш себеп бар еді.

Бірінші себеп: – Қазыбектің бірнеше ата бойы үзілмей келе жатқан ұлағатты шыққан тегі: – Мейрам сопы → Болатқожа → Ақша → Бошан → Таз → Бұлбұл → Шаншар → Келдібек.

Екінші себеп: – Қазыбектің аналары – Қарқабат, Оразкүл, Әйбике, Тоқмейілдер иісі қазақ баласына ана-әже болған, қазақ топырағының киелі қыздары еді. Қазақ ішіне кең тараған, анасы Тоқмейілдің Қазыбекті алдына алып емізін отырып:

*Маңдайыңнан иіскеп, өсірсем,
Ақсүтімді кешірсем.*

*Адалдан болар нәсібің,
Тіліңнен болар кәсібің, –*
деген сөзі осының дәлелі емес пе?

Үшінші себеп: – Қазыбектің өзінің терең білімі, жас та болса көреген көсемдігі, сөз тапқыш шешендігі.

Жас Қазыбек баланың кемеңгер, әулиелігін екінші аңғарған Қоңтәжі болды. Қазақ елшілерін қабылдаған кездегі әңгімеде, ол жас жігітке қарсы сөз айта алмай жеңілді.

Барлық қалмақ жиылып, ханның қасына келіп:

– «Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеііңіз не? – деді.

Сонда Қоңтәжі тұрып:

– Сендер білген жоқсындар. Сөзін өңменімнен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып, «тыпыр етші көрейін» деп тұрды. Мінеки, мен содан қатты сескендім. Сендерге көрінбегенмен, маған көрінді. Меің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, Давууст! Давууст! Сендер мал мен жанын есептеп, алдына салып беріңдер, – депті.

Сол заманда Орта жүздің ішінде айтқаны қалт кетпейтін Бегімысық деген әулие адам болыпты. Руы қожа. Жасы бабадан он жастай кіші екен. Қаз дауысты Қазыбекке жиі келіп, әңгімелесін отырады екен.

Шежіре былай дейді: «Бегімысық деген әулие бабамен сырлас екен. Жұт жылы даладағы киікті үйде отырып, дұғасымен қайырып әкеліп, халықты сол киіктің сүтімен құтқарыпты, «бұдан бірде-бір лақ алмандар» дейді. Бір күні Бегімысық әулие Қазыбек бабаға келеді.

– «Осы сен әулиемін дейсің, мен киікті сауғыздым, сен әулиелігіңді көрсет», – дейді.

Үйіне қайтып келе жатқанда Бегімысықтың артынан жау қуады. Сонда Бегімысық: – «Иә, Қазыбек бабам қолдай көр», – дейді. Қашып келе жатып, бір шұңқырға түсіп кетеді. Сол кезде қуғыншылар ғайып болыпты.

Ертеңінде Бабаң:

– «Не көрдің»? – деп сұраса, Бегімысық түндегіні айтады.

Сонда Бабаң күліп:

– Сен менімен дауласушы едің, мен әдейі істедім, сен менің кіндігімнің шұңқырына түсіп кеттің, менің атымды аузыңа алмағанда сен шықпайтын едің, – депті.

Бабаңның әулиелігіне тағы бір мысал:

Бабаң бір күні даладан күліп келе жатыр екен.

Бәйбішесі: – «Отағасы неге күліп келе жатырсыз», – депті.

Сонда Бабаң айтады:

– «Бір ұры қашып, соңынан бір қуғыншы қуып келе жатыр.

Біреуі тұрып: – «Иә, Қазыбек бабам қолдай қор», – дегенде, екіншісі де: – «Қазыбек бабам қолдай қор», – дейді.

Сонда бәйбішесі отырып:

– «Өзіңізді қайсысы бұрын аузына алды?» – дейді.

Сонда Қазыбек: – «Ұры бұрын атады», – дейді.

Ендеше «ұрыны бірінші босатып жібер» депті. Содан әлгі қуғыншының ер тоқымы босап кетіп, ұрыға жете алмай, ал ұры соны пайдаланып қашып кетіпті екен.

Қаз дауысты Қазыбек бабамыз осылай көзі тіріде әулие атанған қасиеті бар еді. Тағдырдан тауқымет көргендер, жолы болмағандар бабаңның атын айтып, Тәңірден тілегендей, тілек етер еді. Болмаса ауырып-сырқағанда не дертке шалдыққанда бабаңның босағасына бір түнеу арман болған екен.

Қазыбек, арғы атаң, әулие еткен,

Дүниеден фәни жалған, ол да өткен,

Қиыр шеттен бір адам, бабам десе,

Аруағы сол сағатта, барып жеткен, –

деп қазақ баласы ұлы бабасының әулнелігін жыр қылып айтады. Бұл Ақылбайдың жас кезінде, Құнанбай мен Нұрғанымның кенжесі болып жүрген кезінде шешесі Ділдәға айтқан сөзі екен. Ал, есі кіріп, жігіт кезінде осы өлеңді былай айтыпты:

*Нағашым, ер Қазыбек, әулие еткен,
Дүниеден фәни жалған, ол да өткен,
Қиыр шеттен бір адам, бабам десе,
Аруағы сол сағатта, барып жеткен.*

Қазыбек бабамыз қайтыс болғанда Бегімысық әулие келіп, қолындағы қамшысымен мәйітті үш тартып жіберітті. Бекболат бастаған жігіттер қолын ұстай алады. Сонда Бегімысық әулие: – «Қап, әттеген-ай, қолымды бекер ұстадыңдар-ау, бұл сал әулие деген әулие еді, жеті рет тартқанымда қасиеті жеті ұриағына дейін даритын еді», – депті.

Бегімысықтың әулиелігі дәл келіп, Қазыбектің қасиеті үш-ақ ұриағына дарыты: Бекболат → Тіленші → Алшынбай.

Қазыбек қайтыс болғанда денесін Әзіреті сұлтанға аиарыи жерлейміз деген соң, уақытша аманатқа қойыпты. Сол маңнан (Далбаның бауыры) төрт ірі тасты әкеліп тігінен жерге бекітіп, үстінен кереге жайыи сөре жасаиты, оның үстінен алты қанат үй тігіпті. Бабаңның сүйегін былғарымен ораи қаптап сол сөренің үстінде қыс бойы сақтапты. Көктем туғанда Бекболат бастап 40 жігіт Әзіреті сұлтанға жерлеуге Түркістанға алып жүреді.

Барар жолда Бетпаққа кіре бере түнеп жатқанда, астарына мінген аттарын да, Әзіреті сұлтанға садақа деп апара жатқан қысырақтың үйірін де ұрылар айдап әкетіпті. Бірақ, олар кезеңнен шыға бере күн тұмандатып, ұрылар адасып Бабаң жатқан жерге қайта келіпті. Осылай үш мәрте қайталаныпты. Сонда ұрылардың басшысы келін:

– «Осылай да осылай болды, өздерің кімсіңдер, әкетіп бара жатқандарың не?» – дейді.

Аманат қылып алып бара жатқан Қазыбек бабаңның мәйіті екенін білгеннен кейін, «Ей аруағыңнан айналайын, тұман қылып бізді адастырып жүрген сенің қасиетті аруағың екен ғой, кешіре ғөр», деп атшапан айыбын тартып, кісілерден кешірім сұрап, аяқтарына жығылады.

Қазыбек бабаның әулиелігінің Баянауыл аймағындағы нұсқасын Мақсат Алпысбес былай жазады.

Бегімысық Әулие, Бегімсеид (Бегімшайқы) Әбілқадырұлы (шамамен 1670-1764 ж. мұғдарында жасаған) – оқымысты, әулие адам, қожа әулетінен шыққан тарихи тұлға. Шаһабзүрік бабаның Ұлан қожадан тараған ұрпағы екен. Қаз дауысты Қазыбектің замандасы, нікірлес, кеңесшісі болған. Бала оқытып, науқастарды емдеу ісімен де айналысқан.

Аңызға айналған ауызекі әңгімелерде Бегімысықты сарт баласы деп те атайды. Ел ішінде тараған әңгіме бойынша, оның атағы әулиелерге тән кереметтерімен шыққан. Бегім әулие туралы бірде Келдібектің, бірде Қазыбек бидің замандасы ретінде айтылады. Бегімысық әулиенің айтқаны қалт кетпейді екен. Бегім әулиеге байланысты шежірелік әңгімелер арқылы Қаз дауысты Қазыбек бидің де әулиелігі, оның көрсеткен кереметтері жайында айтылатын мистикалық әңгімелер бар. Осы сынды хикаялардың бірі Бегімді Қазыбектің әкесі Келдібектің замандасы ретінде көрсетеді. Ол мынадай нұсқада айтылады.

«Келдібекке өз заманында Бегімысық әулие атанған қожа кітап ашып: «Саған екі беті толған мең, екі емшегі екі сүйретпейдей толық, ал бір аяғы ақсақ қыз кездеседі. Соны әйелдікке ал! Осылай қылсаң, тұқым жұрағатыңнан құтты да туады, сүтті де туады, аруақты, бақытты, ханға бергісіз би де туады», – деген екен. Сондықтан Келдібек жасы қырықтан асқанынша қатын алмай жүріпті, – дейді. Алайда, бұл сөз шындыққа жанаспайды. Себебі Шаншар абыз ұлы Келдібек кезінде аузына ел қаратқан шешен болғанымен, отыз жасқа дейін үйленбей жүріпті. Ойткені оның түсіне бабасы Бұлбұл кіріп: «Сен ешбір қызға көзіңді салмайсың, қатын алмайсың, сен алатын қалыңдықтың сыйпаты мынадай болады: өңі ақсары, бойы ұзын қыз, оң аяғы ақсақ, оң жақ құлағының түбінде танадай меңі, екі емшегінің арасында алақандай қалы болады, соған үйленесін», – дейді.

Сол сыйпатта болған Токмейіл есімді анадан атақты Қазыбек би дүниеге келген. Қазақ шежірелері сақтаған ауызекі әңгімелерде Бегімысық әулие жайында аңыздар көп. Соның тағы бір нұсқасы мынадай: Ташкенттің бір сартында жеті ұл болыпты. Ең кішісі Бегім деген баласы екен. Өзі Қаз дауысты Қазыбек бимен түйдей

құрдас екен. Сарттың балалары хат танып, дін оқуын меңгерген сауатты болыпты. Қазақ жұрты Сыр бойынан Арқа өңіріне ауарда, Қаз дауысты Қазыбек би жеті баласы бар сол сартқа барып: «Балаларыңның бірін сұрайын деп едім, бізбен бірге Арқаға барып діннің ұрығын шашсын», – дейді. Сарт: «Кенже балам Бегімнен өзгесін ала бер», – дейді. Сонда Қазыбек би, Бегімнің бойынан бір қаснетіп қорған болса керек, сартқа: «Бегімнен өзгесі маған керек емес. Арқаға сауда қылғалы бару ойым жоқ. Өлсек басымызды оңға қарататын, артымыздан дұға қылатын ұрпақтың қамы дағы», – дейді. Сол сарт Қаз дауысты Қазыбекке Бегімді қимай, баласын бермейді. Сөйтіп Қаз дауысты Қазыбек сарттың үйінде үш күн жатады, баласын бермеген соң, қайтуға ыңғайланып, аяғын үзенгіге салғанда, сарттың бойы дір ете түскен екен. Сарт: «Апырмай, бұл қазақтың қасиеті мықты екен, бойым шымырлап кетті ғой. Балам, Бегім өз келісімін саған берген болса барсын», – дейді. Қаз дауысты Қазыбек пен Бегім бұған дейін өзара келіскен екен, сонда Бегім Қаз дауысты Қазыбекке: «Әкем: «Өлсем, сенің қолыңнан шығам», – деген, әкемнің рұқсаты болмай бармаймын», – депті. Сөйтіп, тағы екі күн Бегімді жолға қамдап, Бегімнің жылдағы тапқан табысын әкесіне жеткізетін болып, өзімен бірге Арқаға алып келеді.

Жол-жөнскей келе жатқанда, Бес Мейрамдағы қаракесек елінің Қазыбек биді сыйлайтын бір байы Бегімді аттай қалап, «Мешіт, медресе салып беремін, балаларды оқытсын, алдына мал салып, өзіне қатын әперемін, мен уәдемде тұрмасам, келесі жылы келін қор», – деп сұрап алып қалады. Екі аралықта Талды ма, әлде Нұра ма, өзен бар екен. Бір жыл өткен соң Қазыбек би Бегімнің халін білейін деп, байдың ауылына келеді. Өзімен бірге он шақты нөкер ертіп жүреді екен. Ауылға келгенде, бай Бегімнің алдына мал салған, әлпештеген біреудің жалғыз қызын алып берген екен. Мешіт, медресесі бар, үріп ішіп, шайқап төгін отыр екен. Бір жеті сол ауылда болып, бір күні Бегімге:

– «Мынау жақын тұста қасиетті бір адамның бейіті бар, адамыңды жиып атқа мін, басына барып дұға қылайық», – дейді. Бұлар келе жатқан ескі сиырдың сүрлеу соқпағында бір мысық өліп жатыр, шамасы мысықтың өлгеніне біраз уақыт болған, үстіп шаң

басқан, қабырғалары жабысқан екен. Қазыбек би жұлып алғандай:

– «Әй, Бегім! Мен жеті күн сенің ауылыңда текке жатқан жоқпын, дұға қыл да мына жұрттың көзінше бұл мысықты тірілт!» – дейді. Бегім:

– «Қазыбек құрдас, ойыныңды қойсаң нетті, мұны кім түсініп біледі», – дейді.

Сонда Қазыбек би:

– «Мен бұл жерге текке келген жоқпын. Сен бұл мысықты тірілтесің. Оған сенің оқуың жетеді. Ел болса, – «Қазыбек би оқыған деп бір сартты алып келін, бір тайпа елді аузына қаратып не ұтпақ», – деп отыр.

– Корсет Алланың берген өнерін!» – дейді. Қазыбектің қаһарланған түрін көріп, атынан түсіп дұға қылады. Олін жатқан мысық орнынан тұрып мияулап, бес жүз қадам жерге дейін барып, қайта жатты дейді. Корген адамдар зәре-құты қалмай аң-таң болды. Сонда Қазыбек би соңына ергендерге қарап:

– «Міне! Алланың құдіретін көрдіндер ме!? Бұл Бегім – Алланың сүйген құлы. Бүгіннен бастап Бегімді Бегімысық әулие деңдер! Әулиелігіне көздерің жетті!» – дейді.

Қазыбек би, ауылына қайтарда: «Бегім, биыл мен саған келдім. Келер жылы қар суы кетісімен маған кел!» – деп уағдаласады. Осы уағда бойынша келер жылы жазғытұрым жерден қар кетіп жатқанда жанына он адам алып, уағдаласқан мезгілінде Қазыбек бидің ауылына ат басын бұрады. Сең жүрін жатқан уақыт екен: «Өзеннен әрі өте алмаймыз, суға кетіп өлеміз», – деп жанындағылар Бегімысық әулиені ауылына қайтармақшы болады. Бегімысық әулие: «Мен уағдамды бұзбаймын! Қазыбек би құрдасымның алдында ұятқа қаламын! Еретінің болса жүр!» – дейді.

Сонда бір кісі: «Мен ердім, баста!» – деп атының шылбырын Бегімысық әулиенің қолына береді. Қалғандары су жағасында тұрып қалады. Бегімысық әулие қасындағы адаммен суға түскенде бұларды жүріп жатқан сең соғып ат-матымен бірге суға батырады. Сонда Бегімысық әулие:

– «Қайдасың, Қазыбек?» – деп айғайлап жіберген екен. Осы кезде ағып жатқан су піріліп тұра қалады. Бұларды бір керемет

күш жағаға атымен бірге шығарып тастайды. Осы кезде Қазыбек би намаз оқып жатқан екен, мырс етін күлін жібереді. Сонда бәйбішесі намаз оқып болған Қазыбек биге:

– «Отағасы, сіз жаңа намаз үстінде неге күлдіңіз, намазыңыз бұзылған жоқ па?» – депті. Қазыбек би:

– «Жаңа мен намаз оқып тұрғанда бір жолаушы атымды атап шақырды, соған күлдім. Қазір екі жолаушы келеді. Олардың үстібасы малмандай су. Меіің құрғақ киімдерімді керегеге іліп қой!» – дейді.

Айтқанындай болмайды, үйге Бегімысық жанына ерген адамымен киімінен суы сорғалаған қалпында кіріп келеді. Үстіндегі киімін ауыстырып, амандық-саулық сұрасы дастархан басына отырады. Ас ішіп болған соң, Қазыбек:

– «Бегімысық, сеіің қолыңның шиасы болушы еді, арқам дуылдап барады, сипай жіберші», – дейді. Бегімысық Қазыбектің арқасына көзін салса арқасында ет пен теріге дақ болып түскен аттың тұяқ іздері тұр, соны байқап қалады. Бегімысық, таңданып:

– «Ау, құрдас! Мынау тұяқтың ізі не?» – дейді. Қазыбек би:

– «Бағана суға кетін бара жатқаныңда, “Қазыбек қайдасың” деп шақырған өзің емессің бе?!» – деген екен.

Осылайша ауыздан-ауызға айтылып келген хикаяда Қаз дауысты Қазыбек би мен Бегім әулие жұртшылыққа өз бойына дарыған кереметтерін көрсеткені туралы баяндалады. Ескі сөзде Қазыбек би туралы айтушылар көбінесе оның ұрпақтары, немесе ізін басқан шәкірттері сақтағандықтан, баяндаушылар бабаң деп сөйлеуді әдет қылған екен. Сондай нұсқаның біреуі – мынау:

– Бегімысық деген әулие бабаңмен құрдас екен. Руы қожа. Жұт жылы даладағы киікті дұғасымен қайырып әкелін, халықты сол киік сүтімен құтқарыпты, «бұдан бірде-бір лақ алмандар», – депті. Бір күні Бегімысық әулие бабаңа келеді. “Осы сен әулиемін дейсің, мен киікті сауғыздым, сен де әулиелігіңді көрсет”, – дейді. Содан күндердің-күнінде Бегімысық бір жолы үйіне қайтып келе жатқанында, оның артынан жау қуады. Жаудан қашқан Бегім, қашып келе жатып бір шұңқырға түсіп кетеді. Сол кезде қуғыншылар ғайып болыпты. Ертеңінде Бабаң Бегімді көргенде

“сен не көрдің?” – деп сұрайды. Бегімысық кешегі болған оқиғаны айтады. Сонда Бабаң күліп: «Сен менімен көп дауласушы едің. Мен әдейі істедім, сен менің кіндігімнің шұңқырына түсіп кеттің, менің атымды аузыңа алмағанда, сен шықпайтын едің», – депті. Тылсым күш иелеріп оқудың күшімен өз еркіпе бағындыра білген Қазыбек, Бегімысықтай қаснет иелері өзара осылай сынасып отырған.

Бірде ел аралап ұзақ жолға шыққан Мәшһүр Жүсіп Құрманбай абыздың моласы қасынан өтіп бара жатып, абыздың аруағын сынамақшы болады. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп өзінің көшіріпе:

– «Құрманбай абыздың моласы қасынан өтіп бара жатқанда тоқтамай-ақ қой, қайта атты қамшылап тездетіп жүр», – деп бұйырады. Мәшһүр Жүсіптің өзі дұға қайырмай отыра береді. Мола сыртынан өте бергенде жылдам келе жатқан атқа жегілген трашпенкенің доңғалағы үзіліп түскенде, Мәшһүр Жүсіп:

– «Ә, Құрманбай, бір доңғалақтық шамаң бар екен әлі, жарайсың!» – деп, қарқылдап күліп, көшіріпе:

– «Ай, енді тоқтаймыз, абыздың аруағына бағыштап дұға қайырамыз» – деп, арбадан түсіп жаяулап кері жүріп, дұға қайырып екен. Дұға қайырып арбасына бет алғанда арбаның дөңгелегі мен басқа да темір саймандар шөп арасынан табыла кетіпті. Әулиелердің өзара осылай сынасқаны да болатын көріпеді:

Қазыбек бидің Бегімысық әулиеге көрсеткен керемет үлгілеріпе басқалар да көз жеткізген екен. Бұл туралы мынадай бір әңгіме шежіре болған:

Бабаң бір күні даладан күлімсіреп келе жатыр екен. Қазыбектің бәйбішесі:

– «Отағасы неге күлімсіреп келе жатырсыз?!» – депті. Сонда Бабаң айтады:

– «Бір ұры қашып, соңынан бір қуғыншы қуып келе жатыр. Біреуі тұрып “Иә, Қазыбек бабам, қолдай көр!” – десе, екіншісі де “Қазыбек бабам аруағы қолдай көр!” – дейді.

Сонда бәйбішесі отырып:

– «Өзіңізді қайсысы бұрын атады?» – деп сұрайды. Қазыбек би:

– «Ұры бұрын атады», – дейді.

Сонда анамыз:

– «Ендеше ұрыны бірінші босатып жібер», – депті. Сонда әлгі қуғыншы ұрыға жете алмай, ер тоқымы босаңсып кетін, ал ұры соны пайдаланып қашып кеткен екен.

Қаз дауысты Қазыбек би көзі тіріде осылай әулие атанып, қаспегі көрінген. Қиындық көріп, жолы болмай жүргендер, бабаңның атын айтып, жалғыз Жаратушы Тәңірден тілек етер болған. Дертке шалдығып ауырып-сырқағандары бабаңның босағасына бір түнеп, айығатын болған. Баянаула қарияларынан сақталып келген әңгімелер Қазыбек бидің кереметтері турасында осылайша баяндайды.

Айдабол бидің шөбересі Едіге би Семізбұғы тауынан сырт-қарырақ, Далба тауының етегіндегі, ол кезде Қарабие шоқысы деп аталатын шоқы түбіпде орналасқан Теректі бұлақта қыстайды екен. Білетіндер бұл жерді “Едіге бидің ошақ қазған Қарағайлы бұлағы” деп атайды. Айдабол – Сүйіндік Құлболды әулиеің баласы екен. Құлболды атымен аталған Құлболды шоқы аты осы айналада бүгінгі күнге дейін бар. Сүйіндіктің игі жақсысына бұл жер қыс мезгілінде қонысқа ыңғайлы болған соң орныққан. Сарыарқадағы шұрайлы, жайылымды жердің бірі екен. Көпке құтты мекен болыпты. Далба тауының етегіндегі осы Теректі бұлақты Едіге би мен Қаз дауысты Қазыбек би қатар қоныстаған. 1763 жылы ақпанның ақырған аязды күндерінде, қыстың бір қаһарлы, қарлы мезгілінде, Қаз дауысты Қазыбек би осы жерде дүние салған. Қыс қатты, жер қарлы болған соң, баласы Бекболат би мен Едіге би тәрізді ел жақсылары ақылдасып, Қаз дауысты Қазыбек бидің мәйітін көктем шығып, жол ашылғанша аманат етіп сөреде сақтауға шешіпті. Өгіздің қалың көк терісіне балық майымен сылап, орап, төрт таған тасты сөре етіп қойған. Көктем шыға Түркістан шаһарындағы Әзірет Сұлтан жатқан қасиетті мекенге ел болып апарып жерлеуді ұйғарыпты. Бабаңның сүйегін былғарымен орап қаптап, сол сөреің үстінде қыс бойы сақтапты. Көктем туғанда Бекболат бастаған қырық адам мәйітті Әзіреті Сұлтанға алып жүреді.

Үлкендердің айтуынша, Қаз дауысты Қазыбек қайтыс болғанда, Бегімысық әулие келіп, табыт қойылған сөре тасты қамшысымен

үш рет тартып жіберінті. Төртінші рет қамшы үйіре бергенде, Бекболат ұстай алып:

– «Марқұмда кеткен өшіңіз, яки хақыңыз болса, бізден алыңыз. Мәйітті қорламаңыз», – деген екен.

Сонда Бегімысық:

– «Балам-ай, бекер ұстадың ғой. Табытты жеті рет тартсам, марқұмның қасиеті жеті ұрпағына жететін еді. Енді үш-ақ ұрпағымен шектелетін болды ғой», – деген екен.

Шынында да, Ш.Уәлиханов жазғандай, Қазыбек бидің ел ұстаған, би болған ұрпағы тек Бекболат-Тіленші-Алшынбаймен шектеледі. Бекболат Қазыбек бидің мүрдесін Түркістандағы Ахмет Йасауи кесенесіне апарып жерлегенде, барған 40 кісінің бірі Бегімысық әулие екен. Сол сапарда бұл кісі де Алланың аманатын тапсырып, өзі мәңгілік жай тауыпты деген сөз бар. Бегімысық әулиеге қатысты аңыз әңгімелер артында қалған сөздер көбіне көп Қазыбек бимен және оның айналасымен байланысты болғанымен, заманы бір, өріс-қонысы жақын болған Бұқар жыраумен де таныс-біліс болды деуге толық негіз бар. Көзі тірісінде-ақ «әулие» атанған, аты аймақ-атырайқа кеңінен жайылған екі тұғырлы, тағылымды тұлғаның бір-бірі турасында естіп-білмеуі, қарым-қатынас жасамауы мүмкін емес.

Қаз дауысты Қазыбек би мен Бегімысық әулиеге қатысты аңыз әңгіменің енді бір нұсқасын Сәбит Тоғанбеков жазыпты. Бүгінде марқұм болған Жиенбек ақсақалдың әңгімесі.

– Бегім – Қаракесек ішіндегі Қаз дауысты Қазыбек бимен жолдас болған, бойында Алланың рахымымен дарыған қасиеті бар кісі болған екен. Ол кісі дұға оқып, адамның көзін байлап, неше түрлі таңғажайып көріністерді көрсететін, ауруды емдеп жазатын болған. Осындай адам айтса сенгісіз қасиетіне қарап ел арасында ол кісіні Бегім шайқы деп атап кеткен. Бегім шайқыны қарапайым халық өте құрметтеген, ол кісі елге сыйлы болған.

Бір жылдары Бегім шайқы келер қыстың өте қатты болатынын, қар қалың түсіп, аязды күндердің көп болатынын, елге ауыртпашылық түсетінін алдын ала біліп, жұртқа хабарлапты. Қыстығүні ағайындарының халдерінің нашарлағанын, елдің алды аштыққа ұрына бастағанын байқаған Бегім шайқы атына мініп құла дүзге

шығып кетеді де, бір үйір құланды айдап әкеліп қотанға қаматады. Ауылдағы елдің үлкендерін жинап алып: «Мына құландарды шетінен сойып тамақ қылындар, бірақ бірде-бір сүйегін бұлдірмей, етінен айырып, ит-құс тимейтіндей етін бөлек-бөлек үйіп қойындар», – деп тапсырыпты. Ел осы құландарды сойып жеп қыстан аман-есен жұтамай шығады. Көктем шыға ауылға Бегім келеді де, манағы қотанға кіріп кетеді. Сонда сырттағы ел қотан ішінен шығып бара жатқан құландарды көреді. Ең соңынан бір құлан ақсап зорға жүрін бара жатады. Сонда Бегім шайқы басын шайқап тұрып: «Қап, мына құланның обалына қалғаным-ай», – деген екен.

Заманында Бегім шайқы әулие Қаз дауысты Қазыбек бимен «қайсымыз мықтымыз», деп ойнап арбасып жүреді екен. Қазыбек сөз атасын терген шешен, ел басқарған көсем болса, Бегім шайқы бойындағы қаснетін алға тартады екен. Өсындай бір керемет: Қазыбек бимен болған бір отырыста Бегім шайқы дұға оқып, елдің көзін байлап, танауынан мияулатып тірі мысық шығарған деседі. Сонда Қазыбек: «Сенің атың бұдан былай Бегім шайқы емес, Бегім мысық болсын, – депті.

Бірде Бегім шайқы сұлу жүрісті атының үстіне күмістелген әдемі ертоқымын салып, ел аралап жалғыз өзі келе жатса, жол торыған төрт кісіге кездеседі. Төртеудің біреуі: «Өй, мынаның атының жүрісі жақсы, тұрқы әдемі екен», – десе, екіншісі: «Көсемделген ер-тұрманы да жақсы екен», – дейді. Сонда үшіншісі: «Өзінің үстіне киіген өрнектелген киімі де жақсы екен», – дегенде, төртіншісі: «Өй, онда не тұрыс бар, мұны атынан аударып, ат-әбзелін, киім-кешегін сыпырып алайық», – деп тұра ұмтылысады. Бегім шайқының үстіне қамшы жауып кетеді. Бегім шайқы астындағы атына қамшы басып жіберін, атының ширақтығының арқасында орталарынан сытылып қаша жөнеледі. Қашып келе жатып артына мойнын бұрып бір қараса, қуғыншылар сойыл сілтер жерге келін қалған екен. Өбден жаны қысылған Бегім шайқы:

– «Уа, Қазыбегім, аруақтым, қайдасың?!» – деп айқай салғанда, сілтеген сойылдары бойына дарымай, қуғыншылар кейіндеп қала беріпті.

Бегім шайқының жан дауысы шыққан айқайы Қазыбек бидің үйінде намаз оқып тұрып: «Ассалаумағалейкум Рахметолла», –

деп оң жағына қараған кезіне дәл келген екен де, Қазыбек мырс етіп күлін жіберіпті. Сонда оң жағындағы төсектің алдында жіп піріп отырған бәйбішесі Бикен:

– «Биекем, неге күлдіңіз, намазыңыз қаза болатын болды ғой», – депті.

Сонда Қазыбек би: «Е, бәйбіше, бір намаз қаза болса, Құдай кешіреді, ықыласымды қуғанға берейін бе, әлде қашқанға берейін бе?» – деп сұрайды бәйбішесінен. Бәйбішесі:

– «Қуғандікі зорлық шығар, қашқандікі жан сауға шығар, ықыласыңызды қашқанға беріңіз», – депті.

Сол кезде Қазыбек би екі қолымен ішін басып, еңкейіп тұра қалған екен. Әлден уақытта «Ассалаумағалейкум», – деп сәлем бере, үсті-басы алқам-салқам Бегім шайқы кіріп келеді де: «Уа, Қазыбегім, аруақтым, сен мықты екенсің, меімікі бос әурешілік екен сеіімен таласып жүрген, мен қойдым!» – деп Қазыбекті құшақтай алған екен. Сол кезде Қазыбек би киімін түріп, ішін жалаңаштағанда қарнының тұсында көкпенбек болып соққының ізі көрініп тұрыпты. Ол Бегім шайқыға сілтеген қуғыншылардың соққысын өз бойына қабылдап алған екен.

Қаз дауысты Қазыбек би нашарлап жатыр деген хабарды естігеннен кейін Бегім шайқы атына мініп, Қазыбектің үйіне келеді, аттан түсіп үйге кірісімен, амандық жоқ, саулық жоқ тосекте жатқан Қазыбекті қамшының астына алып, ұра жөнеледі. Жанында тұрғандар Бегімің қамшысына жармасып тоқтатқанда, Бегім шайқы тұрып: – «Апырай, бекер тоқтаттыңдар-ау, үшінші ұрпағынан кейінгілері ұсақталып кететін болды», – деген екен.

Қаз дауысты Қазыбек бидің туып өскен елі осы өзіміздің Егіндібұлақ, Қарқаралы елі ғой. Әулие Бегім шайқы да осы елде өмір сүрген. Міиеки, қарағым, біздің Арқада осындай қасиетті адамдар болған, – деп әңгімесін аяқтап еді Жиенбек ақсақал.

Әулие Қазыбек бабамыз әулие болып бақсы болып, зікір салып кісі емдеген адам болған. Әулие Қазыбектің арманы елінің болашағы болды. Бұл орайда, Қазыбек өзінің шын әулиелілігін көрсетіп өтті: елінің болашағын дәл болжап, алапат қауыпты қатерден халқын әр кезде аман сақтап отырды.

Бабамның қара тасы

*Көргенде бабамыздың қара тасын,
Қалай шықпас көзімнен, ыстық жасым.
Шыныменен келдім бе, құдай-ау деп,
Имандыққа бет бұрдым, ықыласым.*

*Әуелі Алла қолда деп, ниетімді,
Келтір деп, нұр жолынан ретіңді.
Тигізіп маңдайымды қара тасқа,
Дұға жасап, сыйпадым мен бетімді.*

*Жетпіс жыл айта алмай, есіміңді,
Тарс жауып тастағандай, есігіңді.
Тәуелсіздік келген соң зиярат қып,
Бір емес, екі аштым есігіңді.*

*Жол тартса, әлі талай барсам деймін,
Ұлылардың ақ батасын алсам деймін.
Дәм жазып жете алмасам, тағдыр келіп,
Ақ ниетті мұсылман боп, қалсам деймін.*

*Мен дағы, Ер бабамның ұрпағымын,
Сөйлесем, айқай-шуды жұтады үнім.
Қоңтәжіні он сегізде жеңіп шыққан,
Құтты болсын, Ұлы Бабам, туған күнің.*

*Үш биім, үш жүзінде, қыран болған,
Әр созі, зер салғанға, ұран болған.
Бет қаратпай, дұшпанды, «әруақ», – деп,
Сыйынып, бір Алладан, көмек алған.*

*Бақ қонған басыңызға, олеңіңмен,
Жоғарыдан көріндің, онеріңмен.
Барыңызды қолдасын қасиетті,
Бабам Қазыбек, Бегім аталарың.*

1990 ж.

8-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ЖЕТІ ЖАРҒЫ

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы әрі жүзеге асырушы – билер болды.

Би, ең алдымен – сот. Бидің өзі де, билігі де түп-тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Ал, хан билігін көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды. Қазақтың көрнекті мәдениет қайраткерлерінің бірі жазғандай: – «Мықты билер тілін алмаған хандарды бір кезде тақтарынан қуыршақша алып тастап отырған».

Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сыйпатталады. Оған дәлел ретінде билердің мына кәсіптік ұранын келтіреді: «Шыннан озға құдай жоқ», «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы». Билердің негізгі ісіне айналған бұл ұрандар бойынша адам үшін оның ар-ожданы мен намысын адамгершілік, әділдік тұрғыдан қорғауды ең жоғарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл моралдық құндылықтар әділ сот мәселесіне тікелей қатысты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» – деген нақты ережеден көрініс тапты.

Қазақ даласында би болу оңайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алды. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып қана қоймай, бір қатар сатылардан тұратын сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Далада әділеттің ақ туын желбіретер биге табиғат берген қасиеттерден басқа шешендік, сөзуарлық, ақыл-парасат, қызыл тілде ешкімге дес бермеу және де «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», «Өз Тәукенің Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгі сөзінен нәр алу секілді негізгі талаптар қойылатын. Әрине, билік шеңбері жағынан билердің елдегі беделі мен ықпалы бірдей болған жоқ; шағын ауыл, шағын ру бірлестігінен бастап жүзге, ұлысқа, тіпті қазақ еліне жүрген билер болған. Міне, осыған сәйкес билерге қойылатын талаптардың да түр-сипаты, «қаталдығы да» өзгерін отырған.

Баласының табиғи дарынын байқаған ата-анасы оған би болу жолында дұрыс бағыт-бағдардағы тәрбие беруге тырысқан. Ең алдымен, отбасында оған қазақтың айшықты сөз өнерін, әдеттік-құқықтық дәстүрлері мен ережелерін үйреткен, логикалық мәселелерді шешуді, яғни соттық қызмет барысында кездесетін сан-килы өмірлік мәселенің түпкі негізін табуды үйренуіне көмектескен, қисынды сөзбен қиоластырылған жұмбақ сөздің астарын табуға баулыған. Бұл қызметті ата-анасы үйреткен, аулына белгілі, танымал, көпті көрген, өзінің білген түйгенімен өмірлік тәжірибесі бар ауыл ақсақалдарынан тәлім алған. Мұндай жас жеткіншектің ерте бастан белгілі билердің алдын көрін, оларға атқосшылыққа жүріп, «далалық» сот ісін жүргізудің қыр-сырын жас күннен бастап игеруі өте маңызды шарт болып есептелген. Ұстаз рөліндегі бұл билер шәкіртіне кейде билер сотында каралатын істер бойынша шығаруға қатысты шешімге өзінің көзқарасын нақты білдіру мүмкіншілігін беріп, оның қабілетін сынап отырған. Кейінірек қазақ халқының ұлы ақыны, әрі Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақтың «Төбе бні» атанған Абайдың әкесі – Құнанбай да осы ескі жолдан таймаған. Құнанбай баласын 6 жасынан бастап Қазақ даласындағы атақты Қоянды жәрмеңкесіне алып баратын. Оның әкімшілік орталығы – Қарқаралыда билердің, ақсақалдардың, шешендердің қатысуымен соттар, жиналыстар өтетін. Тобықты руының өзінде де тәжірибесі мол ақсақалдар көп болған. Абай солардың мектебінен өткен. Зерттеушілердің айтуынша, 13 жасында Абай өзінің соттық шешімдерін шығара бастаған. Абай өмірін зерттеуші М.Әуезов бұл туралы былай деп жазған еді: «Руаралық күрестің дем берушілерінің арасында жүрін табиғатынан дарынды Абай қаруы – шешендік, ақыл-парасат болған сөз сайысын жүргізудің сан-қнлы тәсілдерін жіті меңгереді. Даулар патша сотында емес, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ әдет-ғұрып құқығы иегізінде шешілгендіктен, Абай қазақтың халықтық сөз өнерінің інжу-маржандарын жетік білуі қажет еді». Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Әйтеке би де (1666-1722) дәл осындай жолдан өткен. Оның ерекше талантына қауым мен ауыл ақсақалдары 5-6 жасында көңіл бөлген. «Болар бала боғынан» дегендей, Орта

жүзден шыққан атақты Шорман 13 жасында, кейінірек Сырдария (Кіші жүз) алқабындағы азаттық қозғалысты бастаған Есет (Көтібардың баласы) 20 жасында атақты би болады. Толыққанды би атану үшін жеке қасиеттері мен «Дала заңының» ережелерін білгеннен басқа «жетілгендік» белгіеі деп аталатын екі жоғарғы сыннан өту қажет болды. Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың «философиялық» сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды. Екіншіден, данышпан ақсақалдардың батасын алу керек. Сондықтан халық: «Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген. Неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да шешен бидің батасын алуға тырысқан. Мұндай жолдан «билер атасы» атанған атақты Төле би де (1663-1756) өткен. Төленің әкесі Әлібек сол рудағы ең атақты би болған. Әкесі оны «Дала заңдарының» қыр-сырын меңгерсін деп даулы істерді шешуге бірге алып жүретін. Төле 9 жасынан соттық істерге араласа бастады. Ал 15 жасында атақты би болды. Ол кезінде 90 жастағы дана қария Жетес бидің, жүз жастағы атақты Әнет бабаның батасын алды.

Халық жадында бұл жағдай былай сыйпатталады:

Әнет баба бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

– «Балам мынаны сындырып көрші» – дейді.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай ніп сындыра алмайды.

– «Енді сол бума шыбықты біртіндеп сындыршы» – дейді Әнет баба. Төле оп-оңай сындырады. Әнет баба:

– «Бұдан не түсіндің балам?» – деп сұрайды.

Төле: – «Түсіндім баба. Ынтымақты, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. Саяқ жүрген таяқ жейді» дегенді білдіреді, – деп жауап беріпті.

Сонда Әнет баба:

– «Бәрекедлі балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін елді ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. Бақ қайда барасың? «Ынтымаққа барамын», – дегеннің мәнісі осы» – деп оң батасын беріпті.

Төленің ру ақсақалынан алған тағы бір батасында: – «Үй баласы ма деп едім, ел баласы екенсің. Ауылыңның таңы бол, маңда-

йындағы бағы бол!» – деген еді. Қазақ даласының атақты бніне айналған Әйтекенің де Кіші жүздің атақты данышпаны Қосуақ биден бата алғандығы туралы аңыз бар. Ол: «Кәрі тозады, жас озады. Ендігі жерде үйде де, түзде де билік тізгінін өзің ұста!» – деп бата берген екен.

Әлі қоғамның мойындауына ие болмаған, би болам деуші адамды да сынау әр түрлі себептерге сай жүргізілген: жас күнінде – оның қабілетінің бар-жоғын тексеру үшін, есейген шағында – бидің дарындылығының деңгейін тексеру үшін, ел аузына ілініп жүрген билер де басқа ел арасында «сенімділік» сынағынан өткен. Топ алдында билер айтысында не торе-әкімі алдында өзін көрсете білу әдеті қолданылған. Мәселен, Ұрғеніштің (Шығыс Түркістан) ханы атағы шыққан Сырым бимен кездескенде оған төрт сұрақ қояды: «Дау мұраты не? Сауда мұраты не? Қыз мұраты не? Жол мұраты не?» Сырым бидің жауабы: – «Дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту, қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету», – дегенде хан ұшып тұрып, құшақтап, қонағасын беріп, ат мінгізіп шығарып салыпты.

Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен онын ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы критерий болған. Егер соттық процестің және сотқа дейінгі процестің сайысушылық, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жиналады. Бірақ би болам деген адамның өзіндік өнері жас кезінен бастап-ақ байқалуы қажет. Қоғамның қазіргі және болашақтағы билерге қоятын талабы осындай болды. Билердің ешқайсысы, тіпті есейген шағында да, мұндай кездейсоқ сынақтан тыс қаламын деп ойламаған.

Ұлы даланың Төбе билері болған үш би: Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде –Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би халықтық сот билігі мен даналығының, тұрақтылығы мен табандылығының, тұтастығы мен теңдігінің нақты нышаны болды. XVIII ғ. басында қазақ даласының аспанын ала бұлт торлап, елдігіне қатер төнгенде Тәуке хан Түркістан қаласының маңындағы Күлтөбе шатқалында бнлердің бүкіл қазақтық құрылтайын құрады.

Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын, оның әр түрлі ғасырлар үнімен әуендестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, оның консервативтік сипаты, екінші жағынан көшпелі өркениет ауданында әр кез қозғалыста, дамуда болғандығы сезіледі. Осындай өзгерісті қозғалыс барысында би қазақтың құқықтық дәстүрлерінің сақтаушысы ретінде көрініс тапқан. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар, би – Ұлы Дала құқығын еркін талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам өзгеруіне сай қолданушы.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғ. өмір сүрген, қазақтың көне үйсін руынан шыққан, Шыңғыс ханның (1155-1228) «Орда бни» атанған, Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейтін шындық. Сондықтан Қазақ құқығында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» – деген даналық сөз қалған. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып: «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі – 1511-1532 жж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі – 1598-1628 жж.) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі. Билердің және билер сотының құқық байлығына тек дәстүрлі «хан жарлықтары» жатып қана қоймайды. Сонымен қатар, атақты билердің жалпы жұртқа тараған бітім, шешім, жүгініс үлгілері де кеңінен тараған.

Ортағасырлық Қазақ даласында, тіпті жақын арадағы жаңа заманға дейін сөз құдіретінің беделді де күшті болғандығы сонша, сөз өнерін жете меңгерген жезтаңдай би алдында фактілер де тізе бүккен. Ұлы Дала мәдениетінің мұндай ерекшелігі Қазақ құқығында орын алды. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би», «Онер алды – қызыл тіл» дей келе, қазақи құқық сот әділдігінің мақсаты «Тіл жүйрік емес, бнлікте шын жүйрік» деген тұжырымды нықтап бекітті.

Қазақ құқығының ерекшелігі ол көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын иеленді. Бұл тұрғыдан ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемінен заңды түрде өз орнын ала алады, алуы тиісті де.

Қазақ құқығының мәні мен ерекшелігі оның тарихтағы белгілі бір жүйелі-институционалды құрылым екендігінде емес. Барлық

халықтар өз тарихының бастапқы сатысында ондай әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің үстемдік ету дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтардың тұрақсыз, әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуірі болды. Оларда құқық жүйесі билік үшін династикалық күрес, көшпелі және жартылай көшпелі одақтардың жаңа жерлерді іздеп көшуі сияқты ортағасырлық идеологияға сай қалыптасты. Қазақ құқығының ерекшелігі оның «еркіндік» лебі өріе алған кең аумақта қалыптасып өркендеуінде, көшпелі өркениеттің бейбіт, табиғи тұрақты қағидаларына негізделе дамығандығында. Бұл тұрғыдан ол өзінің мазмұны бойынша өзі қалыптасқан дәуірді айқындады және оның шеңберінен асып түсті. Қазақ әдет-ғұрып құдығы жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар халық санасынан берік орын алып, көбінесе оның дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құрады. Олар қысқа да, мәнді нақыл сөздерден көрінеді: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ».

Шындық пен әділдікке жету қазақ құқығын негізге алған, билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты саналған. Оған төмендегі әрі моральдық, әрі құқықтық күші бар мына ереже-мәтелдер дәлел: «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас и», «Әдет – әдет емес, жөн – әдет», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік», «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік», «Елге бай құт емес, би – құт», «Батыр дегенді екі қатынның бірі табады, би дегенді ілуде біреуі табады».

Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және пронеске қатысушы әрбір өкілдің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де, қоғам алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады. Ақырғысы соттық шешім шығару жауапкершілігін иеленген би,

жасына, жастығына қарамастан ертедегі, өз дәуіріндегі данышпан қарияларға ұқсап бақты.

Сот функциясын атқарған бидің өз пікірін білдіруінде және іс-әрекеттерінде көбіне еркіндік көп болды. Алайда оны халық жіті қадағалап отырды.

Сот жүргізудің тәртібі мен сот құрамын белгілеуде екі нәрсеге көңіл бөлінді: оған қатысатын тараптардың ықыласы мен істің күрделілігі. Дауды бір би жеке-дара өзі шешуі де мүмкін еді. Бұл – сот ісін жүргізудің ең қарапайым әрі кең тараған түрі. Ол көбінесе биден бір ауылдың адамдарының, жақын руластардың дауын шешіп беруді сұрағанда немесе тараптардың өздері, талапкер мен жауапкер, ерікті түрде өз дауларын шешуді сұрап жүгінгенде қолданылады. Егер жәбірленушінің немесе өкпелі адамның шағымы бимен туыстық байланысы бар адамдарға қатысты болса да, іс бидің ынтасымен басталып қарастырылуы да мүмкін. Бұл жағдайда би жауапкершілігі арта түседі, керекті адамдарды жүгініске өзі шақырады, ол жауапкер бұдан бас тарта алмайды. Оның келмеуі туыстары үшін барып тұрған ұят болып саналады. Егер би әрі атақты, әрі әділетті болса, оның шешіміне құлдық ұрған және оның алдына алыс рулардан жүгініске келушілер легі бір мезетте толастамаған.

Әр түрлі рулық қауымдардың арасындағы аса шиеленіскен дау-шарлар мен әрі күрделі істерді билер соты алқалы түрде қарастырады. Олардың біреуі Төбе би, яғни пегізгі би болып сайланады да, оның пікірі сот шешімін шығаруда басымдық ие болады. Билер соты – сайысушылық процесс. Әрбір тарап сотқа өзінің бнімен, кейде тіпті өз руласының мүддесін қорғайтын бірнеше бимен қатысады. Билер сотында сырттан кездейсоқ келін, бір тарапты жақтауға рұқсат етілмейді. Сот ісін жүргізу ханның отыратын жерінде, алаңында, бидің үйінде не белгіленген жерде, көбінесе рулардың көшпелі мекендерінде өтті.

Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер мен зындандар (қамауға арналған жер асты орындары), бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру қылмыстық жазалар болған жоқ. Барлық даулар, ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие

болды және ең күрделі қактығысқа жатпайтын, ұялтатын, масқаралайтын, бітімгершілік, т.с.с. өзге де жазалау нысандары қолданылды. Жазалаудың жауапкершілікке тартудың үш негізгі түрі бар: «құн төлеу», «кісі өлтіргені үшін» немесе «кісі олтіруге теңестірілген мүліктік жауапкершілік». Әрбір жазада тараптардың өзара бітімге келу шарты сақталады, кейде тіпті дау-тартыс, жауапкершілік некелік мәмілелермен бітискен. «Құнның да» (кісі өлтіргені үшін жауапкершіліктің) түр-түрі болған, ол өлген адамның қадір-қаспетіне сай: «ер құны» (әскер үшін), «сүйек құны» (кісі өлтіргені үшін), «өнер құны» (өлген кісінің өнердегі білімі мен қабілеті үшін), «ар құны» (ар-намысқа тиғені үшін). Жазаның мөлшері өлген адамның әлеуметтік жағдайына да байланысты болды.

Біздің есептеуімізше, жаза түріндегі қолданылатын «тоғыздың» 30-дан астам түрі бар. Ол – төменгі «тоғыздан» ат немесе түйе бастатқан «тоғызға» немесе қыз бастаған «тоғызға» барған. «Айып» көбінесе «ат-тон, шапанмен» шектелген. Қазақтар құқығындағы жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай әрі көп түрлі болды. Олардың түрлерінің көптігі соттар әрекетінің кеңістігін қамтамасыз етті. Сонымен қатар бұл – билерге өз шешімінің логикалық, адамгершілік негізділігі үшін ерекше жауапкершілік жүктейді. Дәл осы жерде істің мән-жайынан кем бағаланбайтын судьяның жеке қаснеттері мен ақыл-парасаты кеңінен көрінуі қажет.

XIX ғасырдың ортасын да Шоқан Уәлиханов атап айтқандай: «Билер соты, 50 жыл бойғы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім, мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол қалпында қалды». Ал сот қызметін дәстүрлі нормативтерге сай жүргізетін замандастары мен «окшесін басқан» ұрпағы үш бидің өнегелі өміріп үлгі тұтып, өсиетінен тәлім алған. Бұл үш данышпан, үш ұлы тұлға – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би! Бұл қысқаша жазба заң ғылымдарының докторы, академик Салық Зимановтан алынды.

Қазақтың шежіреші қариялары мен қазақ тарихын алғаш рет хатқа түсірген М.Тынышпаев, Н.Н.Гродеков, А.И.Левшин сияқты тарихшылардың пікіріне қарағанда қазақ халқының негізгі алтын

заңы, қоғамдық өмірінің, шаруашылық мүддесінің, от басы мен үлкен саясат тіршілігінің алтын қазығы болған «Жеті Жарғы» 1710 жылы Қарақұм Кеңесінде қабылданыпты. Бұл Кеңес Қарақұм деген жерде өтіпті. Сол себептен, бұл оқиға «Қарақұм Кеңесі» деп те аталады. Қарақұм деген жер Ұлытауға жақын, одан сәл батысқа қарай орналасқан. Бір жағы Ұлытау, бір жағы Торғай, бір жағы Арал – осы үш бұрыштың ортасында жатқан, үш жүздің қазағына бірдей кіндік ортада орналасқан, малға жайлы, шөбі шүйгін, жері бұйрат өлке Қарақұм аталады.

«Жарғы» – түркі халықтары тілдерінде бұрыннан бар сөз, заң шығаратын кеңесті, хан жанындағы билер мәжілісін осылай атаған. Қазақтың жалпы тілімен заңға, дәстүрге қатысты нәрсенің бәрін «жол» дейді. «Жеті Жарғы» «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты заң-құқық ережелерінің жалғасы, түйіні деуімізге болады.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ

(1710-шы жылы Қарақұм Кеңесінде қабылданған)

1-ші жарғы. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туды).

2-ші жарғы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл Жарғы халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

3-ші жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтіруге тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

4-ші жарғы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5-ші жарғы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттің соғыс күші ретінде бағаланды).

6-шы жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін:

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын береді;

ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7-ші жарғы. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып толеттірілсін.

Басы Шыңғыс хан, кейін Жошы мен Шағатай ордасындағы әуелден бергі бар дәстүр халықтық мәселелерді бұл мемлекеттегі ең жоғары, заң шығарушы ұйым есебінде «Жарғыға» салу. Жарғы құрамына кірген билердің шешімі заң болып есептеледі және өзгелер үшін нақты үлгі ретінде жүреді.

Тәуке хан тұсындағы – Жарғының «Жеті Жарғы» атауына бәлендей ерекше себеп жоқ. Оған қатысушы ұлыс билерінің саны жетеу болған. Жеті – қасиетті сан, тақ есебі әділ шешімге жақ – осыған байланысты қазақ елінің ең бір күрделі мәселелері ішкі және сыртқы талқыға түсетін жиында көпшілік билердің жетеу болуын дұрыс көрген. Бұл ұсыныс өз заманында Тәуке ханның ұсынысымен болса керек, делінеді бір аңызда.

Тәуке хан заманында Шыңғыс хан Жосығының жаңғырығы әлі де кошпелілердің құлағында еді. Көріп отырғанымыздай, Жеті жарғының 1-жарғысы Жосықтың 2-ші бабымен, 4-жарғы – Жосықтың 1-бабымен, 7-шы жарғы – Жосықтың 29-шы бабымен мазмұндас. Енді Білік пен Жосықтың ел есінде сақталғанына мысал келтірейік.

Халықтың салт-дәстүрін бұзғандар заңды бұзған ретінде жазаланады, Қонақ қондырмағанға айып бар. Қонақасыны дұрыс бермегендер – жазаға лайық. Тентекке әке-шеше ғана емес бүкіл ауыл, ақсақал жауап береді. Арақ ішіп өлгендерге жаназа шығарылмайды және бөлек жерленеді. Малдың өрісін, жусауын бұзғанға – айып. Күйеуі қайтыс болса, әйелі бір жылға дейін тұрмысқа шықпайды.

Жесір әйел «ерден кетсе де елден кетпейді», күйеуінің аға немесе інісіне тұрмысқа шығуы тиіс. Егер әйел басқа біреуге кететін болса, бұл «жесір дауы» заңымен шешіледі.

«Табалдырықты басу» қазақ арасында жаман ырым ретінде осы күнге дейін сақталған. Мысалы: «Табалдырықты баспа», «табаныңды тартпа», секілді тиымды келтіруге болады.

Сонымен, біз Білік пен Жосықтың қазақ елі хандарының жарғысына және еліміздің әдет-ғұрып заңдарына айналғанын көрін отырмыз. Шындығында Білік пен Жосық заңдары халық жүрегінен орын алып, дүние таным сабағы ретінде Ұлы далаға кең жайылған. Алғашқы нұсқадағы Білік пен Жосық аты ұмытылғанымен, мазмұны өмір сүріп келеді.

Бірнеше мың жыл бойы қордаланған көшпелі өмірдің заң ережелері кейіннен «Жеті жарғының» мазмұнына енді, оның негізгі арқауы болды. Қаз дауысты Қазыбектің «Жеті жарғыдағы» ұлағатты қызметі 1685 жылы басталды деп есептейміз.

Қазақтың жақын көршісі, бірде жау, бірде дос, тонның ішкі бауындай жақын қалмақ елі өзінің билер кеңесін «Найман жарғы» (Найман зарғо) деп атапты. Найман деген сөз қалмақ тілінде сегіз деген санды көрсетеді. Жоңғар қоңтәжілерінің жанындағы жоғарғы бнлік кеңесіне қалмақтың үлкен руларының ең атақты деген сегіз басшысы қатысып отырған.

1710 жылы Қаз дауысты Қазыбек барша қазаққа танымал ғана емес, алты алаштың баласынан абыройы асқан дана Көсем есебінде үштің бірі санатына ілінді. Соның дәлелі «Ормандай көп Орта жүздің» орда биі атанды. Қырық жас адамның қайраты шыңдалған, рухани кеменгерлігі толысқан кезі. «Жеті Жарғы» қабылданар тұста Қазыбек би 44 жасқа қараған шағы еді. Оның ел тағдыры шешілетін ірі кеңесте, мәмлегерлік сапарда алмас қылыш болып, жарқырап көрінетіні де осы кез еді.

Түрлі аңызға сай, Кеңесте үш жүздің игі жақсысы түгел бас қосқан. Бір мәліметтерде ең таңдаулы деген тоқсан би сөз алып, қазақтың әдет-ғұрпы, құқықтық көз-қарасы, ел болашағы туралы иікірлерін білдірген екен. Осыншама сөзге, пікірге қорытынды жасап, пісіріп шығару құрметі үш жүздің үш майталман жүйрігі,

ауызы дуалы Төле, Қазыбек, Әйтекеге жүктелінті. Осылардың қорытқан бнлік жобасын қазақ «Жеті жарғы» деп айтайды.

«Жеті жарғы» – көшпелі елдің мыңдаған жыл бойы өзінің өмірін, тұрмыс-тіршілігін, мемлекеттілігі мен рухын қамтамасыз еткен құқықтық ұғымдардың жиынтығы, мәні. Екінші жағынан, тарихи даму жолы дағдарысқа келген Орталық Азия көшпелілері, бұдан әрі қалай өмір сүреміз, деген сұрағына жауап. Бірнеше мың жыл бойы Еуропада үстемдік еткен түркі-мұңғыл енді өздерінің осалдығын мойындау керек болды. Батыстан қаһарлы Ресей, Шығыстан амалдап, айлалап жылжыған Қытай, оңтүстікте отырықшы озбек-сарт – бәрінің қызығатыны қазақтың ұлы даласы, қазақ халқының еркіндігі. Бұрынғыдай «кыл құйрық» деп аттан салып, шауып алатын Аттила мен Шыңғыс ханның уақыты өткен. Жан-жағың тұтас, – тас құрсау.

Өткен тарихи уақиғаларды жақсы білген Қасым хан, саяси жағдай шиеленіскен кезде, халық бұқарасының, билер тобының көптен бергі ойына қарсы тұрмай, қайта олармен бірігіп, шариғат заңын айтқан Бұхардың имам, ншан-қазыларының тіміскілеуін тойтарды. Халық бұқарасы Қасымның шариғатты алмай, ежелден қалыптасқан билер заңды – жарғыны жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны құрметтеп: «Қасым ханның қасқа жолы» деп атады. Бұл тарихи заңға кірген ережелер:

- 1) Мүлік заңы (жер дауы, мал, мүлік);
- 2) Қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу) ;
- 3) Әскери заңдар (аламан міндеті, қосын жасау, қара-қазан, ердің құны, тұлпар ат);
- 4) Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халық аралық қатынасында сыпайылық, әдептілік);
- 5) Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті).

«Қасқа жолдың» заңдары өзгерусіз XVII ғасырға жетін, Есімнің кезінде «Есім ханның ескі жолы» деп, Тәуке ханның тұсында бұл заң әлі де шариғат қағидасымен боялмай, ежелгі билер жасаған қалпын жақсы сақтайды. Қалмақ жортуылымен байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен қиын кезі болғандықтан, сол

замандағы саңлақ ойшыл билер (Төле, Қазбек, Айтеке) Жарғының ежелгі бес тарауына тағы да екі тарау қосып, «Жеті Жарғы» (Жеті хақиқат) деп атаған. Тәукенің кезінде қосқан екі тарау: 6) Жесір дауы, 7) Құн дауы.

Жарғының негізгі ережелерін XVIII-XIX ғғ. ел басқарған сұлтандар, билер жақсы білген және қолданған (мысалы, Абылай, Жәңгір, Ахмет Жантөрин, Құнанбай қажы, Мұса т.б.). Олардың айтуы бойынша белгілі орыс ғалымдары А.И. Левшин, А. Яғмин, И.П. Ибрағимов, В.А. Плотников, Д'Андре, Бонч-Осмоловский, А.И. Добросмысловтар жазып алған.

Көшпелілердің ішіндегі күші қазақпен шамалас қалмақпен одаққа келу, алпауыт орыс пен қытайды елшілік жіберін, алыста ұстап отыру – Жарғының жасаған басты шешімі. Сонымен қатар, «Жеті Жарғының» өмірге енгізгені – әдет-ғұрып заңының негізгі тұжырымдары, билік нұсқалары, түрлі ереже-түеініктер. Жеті Жарғының мәтінін профессор Ж.О. Артықбаевтан алдық.

ЖАРҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕГІ

1. «Жарғы» қазақ арасында кең тараған, ғасырлар елегінен өткен «Жол» («Жосық», «Жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы») негізін қуаттайды және жетекшілікке алады.

2. «Жарғы» арғы түбін Алаштан алатын қазақ елінің бірлігін, туыстығын сақтап қалуды көздейді. Қандай болмасын билік, бітім сөз қазақтың арасын ашпай «жарасуға», «қарындасқа» бастауы тиіс.

3. «Жарғы» ел басшылығына ұсынылатын хан, ұлыс сұлтаны, билердің жеке бастарының қасиеттері жоғары болуын талап етеді. Қазақ ішінде таза мұрагерлік, таза сайланбалы тәртіп жоқ.

4. «Жарғы» қазақ арасындағы билік, бітім сөзінің халықтың қатысуымен жария етілуін талап етеді. Бидің айтқан шешімін кейінге қалдырмай, ел болып бірден іске асыруы тиіс.

5. «Жарғы» бойынша екі жақ алдына келін бірдей жүгінгеннен кейін айтылған бітім сөзі заң болады. Би (кеңес, жүгііс) шешімін орындамаған адам ел ортасынан аласталады не барымтаға түседі.

6. «Жарғы» қазақ арасындағы қылмысқа қатысты шешімдердің алдымен “қанға – қан”, “көзге – көз” ережесімен шешілуін талап етеді. Кешірім болған уақытта ғана “құн” мен “айыпты” қолданады.

7. «Жарғы» қазақ атанған елдің азаматтары қару-жарағы мен жорық аты сайлы болса, дәрежесі тең екеіін және қарым-қатынас тек туыстық жолмен реттелетінін жариялайды.

8. «Жарғы» – қазақ ішінде неке мен отбасы құндылықтарын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Зорлық, ойнас, біреудің некелі әйелін алып қашу т.б. қылмысқа өлім жазасын лайықты деп санайды.

9. «Жарғы» меншікке, әркімің табан ақы, маңдай тері, еңбекпен тапқан мал-мүлкіне қарсы жасалған қылмыстың қай түрі болсын – ұрлық, тонау өте қатал жазалануын талап етеді.

10. «Жарғы» діннен безген, құдайға тіл тигізген және өзге дінге кірген, мысалы христиан, адамды қатын-баласынан, мал-мүлкінен айыруды әрі өлім жазасын беруді қуаттайды.

11. «Жарғы» өзіне-өзі әдейі қол жұмсаған адамның жаназасын шығармауды, ру қорымынан бөлек жерлеуді талап етеді.

Бірінші таған: МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ БИЛІК

§ 1. Билік деңгейлері

1. Ақсақал бнлігі – ата баласының ішінде жүреді. Отбасы мен неке, жақын туыс ағайын арасы, мұрагерлік пен енші т.б. мәселелерді шешуға хақылы. Ақсақалдар бір ата баласы ішіндегі дауда кінәлі жақты жазалауға да хақылы.

2. Рулы елдің билігі – сол елдің ішінен шыққан көсемге тапсырылады. Ол не өз басының қасиетімен, не аталарынан жеткен мұрагерлікпен билік жүргізеді. Ру биі рулы елге иелік жасайды, дау-шарына төрелік айтады, ағайынды бір-бірімен табыстырады. Сол рулы елді өзге жерде қорғайды, намысын жыртады. Жақсы би өз руын өрге сүйрейді, өз бас бұзарын өзі жазалайды.

3. Ұлыс биі – бірнеше руға иелік етеді, ұлыстың (жауғершілік жағдайында кемі 10 мың жігіт шығара алатын одақ, бас билігі, сыртқы саясаты ұлыс сұлтанының қолында) шаруашылық және әлеуметтік өміріне басшылық жасайды. Сол ұлысқа ие болып отырған ханның не сұлтанның ақылшысы, сүйеушісі болады. Ірі-ірі кеңестерде, «Жарғының» жиналыстарында ұлыс елдің намысын қорғап немесе елдің ішкі және сыртқы жағдайына қатысты қабырғалы кеңес айтады.

4. Орда биі – тұтас жүздің басшысы, кеменгер ел басының қызметі, би атағының ең биік деңгейі. Орда биі жалпы халықтық мәселелерді шешуға, өзге елдермен қарым-қатынас ісіне тікелей қатысады. Орда биі мемлекеттік «Жарғының» құрамына енеді, – сыртқы және ішкі саясатқа ықпалы мол, ханды тежеуға немесе қамшылауға, «Қазға» тартуға хақылы. Орда билері хандық биліктің осал кезінде ел татулығын, бірлігін ұстап тұруға жауапты.

5. Хандық билік – хан немесе ұлыс сұлтаны тарапынан жүргізіледі. Биліктің бұл деңгейі жауғершілік тұсында аса көтеріледі және «Жарғының» шешімімен хан немесе ұлыс сұлтаны өз бетімен сыртқы саясатты жүргізуге мүмкіндік алады. Ішкі саясат мәселесінде ел ішіндегі билердің алдынан немесе ұлыс сұлтандары арасындағы бітпеген даулар хан алдына барады. Әр даудан, хан қатыссын, мейлі қатыспасын, жауапкердің есебінен кесілген мал

мен мүліктің 10 пайызы ханға олжа («хандық»). Ханның үлесі «тоғыз» есебімен беріледі. Сыртқы елдермен арадағы елшілік пен сүйек жақындық (қыз беру, қыз алу), жауғершілік пен бітім тікелей ханның не ұлыс сұлтанының басшылығымен жасалады. Төре тұқымының ішкі әулеттік даулары хан алдында тарайды, ал қара қазақ баласы «хан баласы көйір болса, басып өтпе» деп қабыл алса, кез-келген дауды төре алдына алып барып шешуге мүмкіндігі бар.

6. Қаз – бүкіл қазақ елінің бас қосқан Кеңесі. Ел басына түскен өте ауыр, даулы, жауапты мәселелерді талқылауға үш жүздің бас көтерер азаматы (бес қаруы мен ат-сайманы бойында) түгел қатысады. Көрші елдермен соғысу, не одақтасу, не мойын ұсыну т.б. бойынша шешімді бекітуге тек «Қаздың» ғана деңгейі келеді. «Қаз» бекітпесе хан мен сұлтан болса да, елдің беделді билері болса да биліктері заңсыз деп есептеледі.

§ 2. Би

1. Би – сайланбалы қызмет емес. Елақсақалдарының ұйғарымы, өз-ара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетіні, шежіреден хабары бар, ауызы дуалы, ата-тегі белгілі және шаруасы түзу, елге беделді әрі сыйлы адам би бола алады. Осы қасиеттеріне қарай қазақ ішінде би – өте қадірлі адам.

2. Би – жас ерекшелігіне бағынбайтын қызмет. Айтқанын ел қабылдаса жас бала да елге билік айтып, даудың шешімін шығарады.

3. Би – атадан балаға қалатын мұра емес, әркім өз жігерімен, білімімен, зердесімен және әділдігімен жететіні абыройлы атақ. (Алты атасын аркалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетектеп жүрген бар ма екен?).

4. Қазақ билігі ауызша айтылатын, ауызша шешілетін билік, жұрт алдында, қалың тобыр елдің үстінде айтылады, кім қатысам, кім сөйлеймін десе де, ел келіссе, рұқсат.

5. Би – табиғи қабілет пен терең білімді ұштастырған адам болуы – шарт.

6. Би – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін табатын шешен, оның айтқан сөзінің салмағы қорғасындай болуы – шарт.

7. Би – ердің құны, нардың пұлы болса да екі ауыз сөзбен шешетін адам.

8. Би – қазақ шежіресін, ру құрылымын, олардың арасындағы жолды, туысқандықты терең айыратын жан.

9. Би – терең білімділігімен қатар, өзіне тартиайтын адам. Ол – турашыл «қара қылды қақ жарған», «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».

10. Би – өз әмірінде оз басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт:

*Би басына дау келсе,
Билігі кетер басынан.*

§ 3. Хандық билік

1. Хандық билік жүйесінде мұрагерлік және сайланбалы қызмет қатар қолданылады.

2. Хан сайлаудың шарты – елдің ең белгілі косемдерінің хан тағына үміткерді боз биінің сүтіне шомылдыруы.

3. Екінші шарты – елдің ең белгілі косемдерінің ханға үміткерді ақ кигізге көтерін, елді аралатын бір биікке шығаруы.

4. Хан сайлауға қатысушылар ақ кигізді қылдай қылып бөліп алады.

5. Ханға жақын адамдар оның киімін алады.

6. Хан сайлаудан қайтқан ел ханның мал-дүниесін бөліп, айдап алып кетеді, оның орнын толтырып еселеп мал береді (хан талау).

7. Ханның ақылшы адамдарын “нақ” дейді, баласының (мұрагер) тәрбиешісін “аталық” деп атайды.

8. Ханға қарсылық жасаған рулар “тоғыз” айып толейді (ханға қарсылық – құдайға қарсылық).

9. Ханның жеке өз басына қарсылық көрсеткен, тыңдамаған адам тоғыздан айыбын толейді. Кінәліні мойнына құрым іліп, ауыл айналдырады.

10. Ханның өзі бастап, ұлыс сұлтандары, ел басы билер мен ақсақалдар жыл сайын күз уақытында қазақ даласының орталығына қарай белгілі бір жерде ел мәселелерін талқыға салуы шарт (қазға салу).

11. Елдің бас қосқан жиынына (қаз) әрбір қазақ бес қаруымен келуі шарт. Қарусыз адам дауысқа түспейді, жасы кішілер оған орын бермейді.

12. Әрбір қару-жарағы сайлы адам (сұлтандардан басқа) ел қазынасына деп, хан елбасына және сұлтандарға өз меншігіндегі дүниенің, малдың өсімінен жыл сайын 1/20 бөлігін беруі шарт.

Хан сайлау:

Қазақ халқы ерте заманнан ханға бағынған ел. Хан қоғамдағы ең жоғарғы биліктің өкілі. Қазақ халқының үлкен хандарын “ақ кигізге” көтеру дәстүрі ел болып хан билігін мойындаудың белгісі. Барлық қазаққа ортақ билік песін “үлкен орданың ханы” деп атайды, сонымен бірге әр жүз немесе ұлыс билеушісі сұлтандарды “хан” деп марапаттау бар, бірақ түгел ел болып ақ кигізге көтермегеннен кейін олардың деңгейі төмен. Хан атағы әкеден балаға қалатын мұра емес, негізгі шарт ағадан ініге қалады. Бірақ, халықтың көңілі кетіп, өзіне жағымды деп тапса, сол адамына береді.

Шарты: негізгі өзектен – үлкен хандардың тұқымынан болуы керек. Хан болатын үміткер Жарғының алдында сыннан өтеді. Халықтың негізгі бөлігі қатынасқан жиын – “Қаз” хан сайлауға рұқсат береді. Хан болатын үміткер: ел арасындағы келіспеу болса – төрелік жасап, жауғершілік болса – қолбасшылық жасап, келіссөздер болса – ел намысын қорғап, өзін жан-жақты көрсетуі шарт. Хан атағына үміткерді ел басшылары толық жиналған соң боз биесінің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге салып көтереді. Ханды қолдайтын билер ақ кигіздің шетін ұстап ел жиынын аралайды. Ханды үш рет көтереді. Ел ханды көтерген сайын “Хан”, “Хан”, – деп айғайлап дауыстайды. Бұдан кейін сол жерде адамның бәрі жапа-тармағай жабылып ханды көтерген кигізді “тәбәрік” деп бөліп алады. Ақ кигізге көтерген соң хан киімін (алтынмен оқаланған хан шапаны мен айыр қалпақ) кигізеді. Ең жақын-жанашыр деген адамдар ханның ескі киімін өз-ара бөліп алады. Ханды ел алдына алып шығып таныстырады.

Осы жиында ханның жанына кеңесші болатын жақтарды сайлайды, ханның балаларын тәрбиелейтін, ханның тапсырмасын

атқаратын “аталық” сайлайды. Қазға қатысқан ірі рулардың билері ханға арналған тарту-таралғыларын тапсырады. Ханның туын көтереді, ту көтерін жүретін, соған жауапты батырды белгілейді. Қаздан шыққан ел рәсім аяқталған соң, ханның меншігіндегі малдың бәрін “хан талапай” деп қолына түскенін айдап кетеді. Бірақ, оның ертеңінде әрқайсысы ханға еселеп сыбаға жібереді. Қаз жиынына қазақ елінің атқамінер, қаруы сайлы азаматы түгел қатысады. Түркістан мен Ташкенттің, сол жердегі қалалардың тұрғындары түгел қатыстырылады, ғұлама моллалар, қожалар “бәтуа” береді. Қаз жиынның соңы қашанда қызық-думан той болып аяқталады. Ел басшылары оз-ара келісімге келгенінің белгісі – “аққасқа-көкқасқа” сойып (құрбандық шалу), соның бауыздау қанына бармақтарын батырып, кокке көтереді (уағданы бұзсақ кок соқсын делінеді).

Осылай оз-ара серттескеннен кейін хан билігі ел ішінде мойындалған болып есептеледі.

Хан сайлауда болған ел: “ханға қарсылық – құдайға қарсылық” деп бұдан былай оз-ара хан атағын сыйлауға бәтуаласады. Ханға қарсылық жасаған руларды “Жарғы” жазаға тартады. Ханның ірі рулардан сайланған нақтары өз күшімен кез-келген қарсылықты басып отырады, кінәлі рулардың билері тоғыздан айыптарын тартады. Хан алдында кінәлі болған жеке адамдарды жасауылдар мойнына құрым іліп, қара сиырға мінгізіп хан ордасын айналдырады.

Хан қазақ елінің бас төрешісі қызметін атқарады. Жүз, ру арасындағы ірі даулы мәселелер ханның қатысуымен шешіледі, қатыспаған күннің өзінде “хандығын” алады. Хан өз қалауымен Жарғының келісімін алса, кез-келген адамды (кінәсіна қарай) өлім жазасына кесе алады.

§ 4. Билікке жататын істер

Билердің алдына немесе “Кенес”, “Жүгініс” сияқты билердің басы қосылған ортаға түсетін мәселелердің қатарына:

1) адамның жеке басына қарсы; 2) рулы елге қарсы; 3) қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы; 4) қабылданған дінге қарсы, құдайға қарсы жасалған қылмыстың түрлерін енгізеді.

Қылмыс ұғымының орнына – қаскүнемдік, жаманат, жаман іс, күнә т.б. түсініктер жүреді. Қылмыстың түрлерін осыған байланысты “Жарғы”: 1) отбасы мен неке тәртібіне қарсы қылмыс (жесір дауы, қалың мал мен жасау т.б.), 2) меншікке қарсы жасалған қылмыс мал-мүлікті, дүниені ұрлау, тонау т.б., 3) қалыптасқан қоғамдық тәртіпке қарсы жасалған қылмыс (ру құндылықтары, тәртібі, қонақасы т.б.) және 4) Құдай тағала алдында күнәһар болу деп екішеп береді. “Жарғы” қазақ тіршілігіне қатысты даулардың бәріне қалыпты қоғамдық жағдайды, өмір салтын бұлжытпай ұстап отыру тұрғысынан қарастырады. “Жарғы” билік дәстүрін іске асыратын адамдарға, осы қоғамның ең жауапты, адал қызметкерлері ретінде шексіз билік береді.

“Жарғы” осы көрсетілген қылмыс түрлерінен туатын ең ауыр оқиға – кісі өлімі, ел тонау, ұрлық, зорлау, ойнас деп есептеп, осындай салдарға алып келген даулардың бәрінде де қатал өлім жазасының қолданылуына рұқсат етеді. Қоғамдағы қылмысты тоқтатудың, туыстықты сақтаудың негізгі жолы туысқандық деп білетін “Жарғы”, сонымен қатар қандай да оқиғаны ушықтырмаудың көзі кінәліні қатаң жазалау екенін ескертеді. “Жарғы” адам өлімінің үш басты түрін қарастырады: 1) жол тәртібін ұстап, кек қуып өлтіру; 2) әдейі, қастандықпен өлтіру; 3) абайсызда, кездейсоқ өлтіру.

1. Жол тәртібіне жататыны – қожасы құлын өлтіру, мал иесінің ұрыны, қарақшыны өлтіруі, үстінен түсіп, күйеуінің әйелі мен ойнасын өлтіру т.б. қылмыс үстіндегі өлімдер.

2. Әдейі, қастандықпен өлтіруге жататыны ұзыннан өші, қысқадан кегі бар адамды тобелес үстінде өлтіру, жолаушылап келе жатқан адамды өлтіру, ел тонап жүріп адам өлтіру т.б. өлім түрлері.

3. Абайсызда, қателікпен өлтіру – аңшылық кезінде жазым болып өлін кетсе, ойын-той, бәйге кезінде өлсе немесе күресін жүріп өліп кетсе, абайсызда ат теуін өлтіру т.б.

Осылардың ішінде “қасақана кісі өлтіру” ауыр жазаланады, егер өлген адам денесі табылмаса, кісі өлтіруші жақ екі есе құн төлейді және елден аласталады. Зәбір көрген жақ өлім жазасын талап етуге хақылы. Денесіне зақым келген адам кінәлінің дәл сол мүшесін зақымдауға ерікті.

Абайсызда болған күннің өзінде, мысалы, атты адам аяғы ауыр әйелді қағып кетсе, ол өлсе, оның ішіндігі баласына да құн төлеуге

міндетті. 5 айға дейінгі шарананың әр айына 1 жылқы, одан әрі айына 1 түйе.

Адам өлген жағдайда оның туыстары құннан бөлек “қанжуар” деп қарсы жақтан (қылмыскерлердің өзінен, не руынан) мал алуы айыпталмайды. Егер “қанжуар” алынбай қалса, билер құнның үстіне “қанжуар” қосуға ерікті.

Меншікке қол сұғудың қандай түрі болса да (ұрлық, тонау, шабу), ел “жау шапты” деп ұран көтеруге, қарсылық көрсетуге хақылы. Ұрлық жасағандар “үйірімен үш тоғыз” қайтарады, оған қосымша “мойнына қосақ, артына тіркеу” байлайды, оны көтере алмаса босағаға байланады, бұғалық салып жазаланады. Екі қылмысқа екі жаза, бір қылмысқа бір ғана жаза (бір қойдан екі тері алмайды) болады.

Ер қаруы болып есептелетін, ердің басын сақтайтын заттар (мысалы: қылыш, найза, ертоқым, шідер, үзенгі, жүген т.б.) ұрлығы өте ауыр жазаланады.

“Жеті Жарғы” қазақ қоғамының қалыптасқан саяси, этникалық, шаруашылық, әлеуметтік дәстүрін сақтау мақсатында қылмыстың ұсақ-түйегі болмайды, деп есептеп, бәріне жаза қолданады. Осы себептен қылмыс туралы дауғердің өтініші келін түспей-ақ кез-келген елге абыройлы бидің өз бетімен істі бастауына рұқсат беріледі.

§ 5. Кеңес және жүгініс

1. Даулы істің ауыр-жеңіліне қарай билік айту бірнеше жағдайда іске асады:

а) Егер іс өлімге, ел тонау, зорлық т.б. ру аралық ауыр қылмысқа байланысты болса, оны Кеңес шешеді, оған 8-ден 24-ке дейін би қатысады. Төбе биді дауғер мен жауапкер жақ өз-ара келісіп таңдайды.

Төбе би өз таңдауы бойынша алдын-ала Кеңеске билерді, құрметті ақсақалдарды шақырады. Дауғер мен жауапкердің Кеңес мүшелеріне қатысты пікірі ескеріледі.

ә) Егер іс үлкен ұрлық, тонау, жесір дауы, денеге зақым келтіру сияқты ру ішіндегі немесе көрші рулармен арадағы қылмыспен

байланысты болса, оны Жүгініс шешеді. Оған 6-8 би, бірнеше сыйлы ақсақал қатысады. Төбе биді екі жақ келісіп таңдайды. Жүгініс мүшелерін Төбе би шақырады;

б) Егер ата баласының, ру ішінің арасындағы дау болса (төбелес, боқтау, ұсақ ұрлық т.б.) бір бидің немесе ақсақалдың өзі де шешеді. Бидің ынтасына қарай көрші-қолаң ақсақалдар бұл шешімге қатыса береді.

2. Ееееін қуып жүрген жақты – даугер (даушы), ал оның қарсы жағын жауапкер (жауапты) дейді.

3. Биліктің тәртібі бойынша билер мен ақсақалдар төбе басында қатарласа отырады (жарты шенбер болып).

4. Ең алдымен Төбе би жиналған елге істің барысын баяндайды, билікке қатысып отырғандарды таныстырады.

5. Жүгіністің шарты бойынша екі жақта би алдында шарт жүгінін отырады, екі қолын салалап, тізесінің үстіне қояды.

6. Алғашқы сөзді даугер бастайды, ол сөзін аяқтағаннан кейін, оны жауапкер жалғастырады.

7. Жүгініске отырмай тұрып би екі жақтың жақсыларына, не даугер мен жауапкердің өздеріне өз-ара келісімге келу жөнінде ұсыныс айтуға хақылы (төреге барып, төбеге шықпайық).

8. Егер екі жақ та биге салса, ол даудың шешімін не өз ақылымен, не жанындағы билермен ақылдасып айтуға тиісті.

9. Билік айтылатын жерге даугер мен жауапкердің туыстары, ағайындары, жақтастары келуге хақылы. Олардың әр қайсысы талқылау барысында сөйлеймін десе ерікті.

10. Билікті бидің жалғыз айтуына мүдделі болса, даугер мен жауапкер оны алдын-ала ескертуі тиіс.

11. Егер дау бірнеше бидің талқысына түссе, онда орталарынан Төбе би сайланады (даугер мен жауапкерден ұсыныс түспесе, онда билердің өздері келіседі).

12. Би шешіміне разы болмаған жақ, екінші жақтың келісімін алып, өзге биге баруға ұсыныс жасауға хақылы. (“Үлкен қазанда, немесе босқа қазанда қайналық”).

13. Егер жолы кіші рудың биінен дау бітім таппаса, не даушылар шешімге көңілі толмаса, жолы үлкен рудың биіне баруға хақылы

(мәселен – Бай ұлының биіне көңілі толмаса, оның үстінен Әлім ұлы биіне барып шешімді бұза алады).

14. Екі жақ бірдей биді мойындаса, соның белгісі деп бидің алдына қамшыларын тастайды.

15. Жауапкер не дауғер келісімді уақытта би алдына келмесе, онда би сол елдің жақсыларына сын айтуға мүмкіндігі бар. Егер би мен оның өтініш берушілері бір рудан болса, би өз бетімен жасауыл жіберін, күшпен алғызуға хақылы.

16. Жасауыл ақы – “ат майы” жауапкердің есебінен өтеледі.

17. Егер дауласушы жақтың бірі (кінәлі) билікке келмесе, билер барымта алуға рұқсат береді.

18. Дауғер мен жауапкердің сөздерінде (мәселен мал, не жесір туралы) бірдей қисынсыздық болса, би екі жағына тең жарады. Мұны “Жарасу” немесе “Қарындас болу” дейді.

19. “Қарындас болып” бітуге ешқандай шек болмайды.

20. Би өз алдына келген қандай болмасын істі “жан бергізбей”, “антқа түсірмей”, алдымен екі жақтың өз-ара келісімімен бітістіруге мүдделі болуы керек (“жаман би жанға салады”).

21. Жауапкер де, дауғер де іс барысында куәлерді қатыстыруға хақылы. Би алдында өзінің айғағын ұсынатын адамды “бет айғақ” деп атайды, ал егер жасырын қалғысы келсе, оны “сырт айғақ” дейді. Ел алдында екеуінің де сөзі сеімді болуы шарт.

22. “Бет айғақ” өзінің куәлігі үшін “сүйінші” (табылған дүниемалдың 1/5 бөлігіне дейін) талап етуіне бөгет жоқ, егер айтқаны жалған болса, оны қайтаруы тиіс.

23. Егер “бет айғақ” би алдына келмесе, би оны жасауыл жіберін алғызуға хақылы (ақысы кінәлінің үстінен).

24. Айғақ берушілердің дауласушыларға туысқандық немесе жолдастық қатысы болмауын би өзі қадағалайды (“жан айғақтың тайғағы”).

25. Егер айғақ екі жақтың біріне бүйрегі бұратын болса, ол куәлік етуге жіберілмейді (“Жан айғақтың тазасынан”).

26. Егер айғақ елге танымал, беделді (сұлтаннан не атақты батыр-би тұқымынан) болса, оның “жан беруі” талап етілмейді.

27. “Жан беруші” таңдау міндеті дауғерге жүктеледі не бидің өзі жауапкер жақтың бір беделді адамын жанға салады.

28. Егер қылмыскердің бала-шағасы қылмысты біліп тұрып жасырса, олар кінәлі болып есептелмейді және айыпталмайды.

29. Жауапкер өзі кінә тағып отырған жақтың ішінен дауғердің сөзін бекітетін “жан беретін” адамды таңдауға мүмкіндігі бар.

30. Әйелдің куәлік беруіне рұқсат, бірақ оның сөзінің шындығына күйеуі “жан беруі” қажет.

31. Ірі қылмысты істерге немесе көп мөлшердегі мал дауына әйел адам айғақ бере алмайды.

32. Құл, күң, жас бала, есі шала адам айғақ бере алмайды.

33. Егер дауғердің істі қарау кезінде айғаққа ұсынатын адамы болмаса да, би істі қарап теңдігін алып беруі керек.

34. Жауапкер сырттан келген келімсек болса немесе азаттығын жаңа алған құл болса, оның тазалығына кепілдік ететін ешкім табылмаған жағдайда, оның кінәсін мойындатып, дауғер жақтан бір адам “жан беруі” керек.

35. Егер жауапты адамның белгілі руға бір қатысы, араластығы болса, сол рудың беделді адамынан жауап талап етіледі.

36. Егер адамдар арасындағы дау мал мен мүлікке байланысты болса, кепіл талап етіледі.

37. Егер алушының (мәселен – жүйрік атты) иесіне қайтаратынына бәсін тіккен болса, ол кепілді – “зер кепіл” деп атайды. Зер кепіл, бидің талап етуі бойынша, алушы қайтара алмаса өз қолынан, өз малынан қайтарады.

38. Өз малын кепілдікке тікпейтін, бірақ жауапкердің уақытылы қайтаратынын уағда қылған болса, оны “жай кепіл” дейді.

39. Би даудың шешімін ел алдында айтқанынан кейін, екі жақ ала арқанды тартып ара ағайынның бірі оны қақ ортасынан кеседі (“ала жіпті кесу”).

40. “Ала жіпті кесу” даудың тиянақ тапқанын білдіреді. Би алдына қылмыскер, мәселен ұры, қылмыс үстінде қолға түсіп әкелінетіп болса, ол жағдайда аяғы алажіппен шандылады. Сол қалпында би шешім айтқанға дейін жатады.

41. Билердің алатын “бплігі”, ел билеуші ханға, не ұлыс сұлтанына берілетіп “хандық” және жасаулардың ақысы Кеңес не Жүгіпіс аяқтала салысымен беріледі.

42. Дауғердің тарапынан биге, ел ағаларына арналған “тарту” болуы мүмкін (бплік соңында беріледі), үлкен дау болса “тоғыз”, кіші дауда “ат шапан”.

Жан беру

“Жан беру” – қазақтың ежелгі дәстүрі не оны “Ант беру” деп атаған. Ант беру, жан беру көбінесе үш жағдайға байланысты қолданылады:

1) алдымен болған оқиғаға, қылмысқа байланысты күмәнді сөйліту үшін, күмәнді адамның ең беделді туыстарынан не руынан бір кісі “жан беру” керек. Өздерінің билерге жасаған шағымдарына байланысты жан беретін адамды қарсы рудың ішінен таңдап, нұсқау міндетіп дауғер жақ алады;

2) екіншіден, жауапкер жақ кіпәсін мойнына алмаған жағдайда және ешқандай қосымша дәлел табылмаған кезде дауғер өзінің шағымының шын екеіін дәлелдеу үшін жан береді;

3) үшіншіден, билердің алдында болатын жүгіісте куә есебінде (айғақ) сөйлейтін адамдар жан береді. “Жан беру” арқылы бет айғақ болған адам қылмысты куәландырып, қылмыскердің мойнына салып береді. Сондықтан, ондай куә адамның орны да, сүйіншісі де қомақты, ал дәлелі негізсіз болса, сүйіншісі де, шыққан шығынды да қайтаруға тиісті.

Дауғер жақтың келісімі бойынша, жұрт алдында туысканы үшін жан беруші сол елдің беделді, абыройлы адамдары болған іске қанығу үшін бір жұмадан бір айға дейін билерден мұрсат алады, сөйтіп, ол әбден анықтап алғаннан кейін ғана туысының кінәсіздігіне көзі жетсе, оны тазалап жан береді. Ал енді туысының өтірігін, ұрлығын т.б. сезген “жан беруші” немесе “жанға ұстанған” адам биге хабар жөнелтіп, кінәлі туысына араша түсуден бас тартады.

Күмәнді туысын тексеру үшін жан беретін адам оны шақыртып алады, қара қойды сойғызып, соны айналдырып жүргізеді, мұны “құрмалдық” деп атайды.

Егер “жан беруші” азамат билердің белгілеген жеріне, ел алдына келмесе өзінен-өзі жауапкер жақ кінәлі болып саналады.

Ал, ауыр жағдай кезігіп, жан беруші адам не ауырып, не қайтыс болып кетсе “жан беру” кейінге шегіндіріледі, бір жылға дейін

күші жоғалтпайды. Мұндайда қазақ: “Жан бергенге – жай бер” деп тосып жатады. Жан берушіні таңдау: егер бір бас қой немесе бір жылқы ұрланса, күмәнді адамның үш атадан қосылатын ет-жақын туысы жан беру керек. Онға дейінгі мал ұрланса жеті атаға дейін туысатын бір ағайын ара түсе алады. Ал, егер ұрланған мал 50 басқа дейін жетін қалса, сол елдің ортан қолдай бір басшы азаматы жан беруі керек, ал 100 бастан асса, мұндай жағдайда күмәнді сейілтуді үшін рудың ең тәуір, әділ деген екі азаматы жан береді.

Бір адам екі қылмыс бойынша күмәнді болса, онда екі туысы оны ақтап жан беруі керек.

“Жан беру” ғұрпы бір биік, еңселі жерде, қырда болмаса бейіт басында, не су жанында өтеді. Жиналған қалың елдің алдында жан беруші, өз туысының ақтығын жақтай сойлеп, ант етумен аяқтайды. Көбінесе ант сөздері былайша келеді: “Егер өтірік айтсам, құдай атсын, о дүниеде иман бұйырмасын, бұл дүниеде мал-басымның игілігін көрмейін”.

Ауыр қылмыс үшін күмәнді жауапкердің ақтығын дәлелдеу үшін жан беруші ауыр сыннан өтуге мәжбүр болады. Мысалы, оқтаулы мылтық ұңғысын сүю немесе ата-бабаның бірінің көрін үш қайта айналу. Міне, бұл айтылғанның бәрі тек туысының ақтығына сеіімді қазақтың ғана жүрегі дауалайтын сынақтар. Ең сирек кездесетін жан берудің түрі мынадай: жан беруші адам үйдің оң жағына, олік шығатын тәртіппен жатады, сүйекке түсетін тәртіппен жуылып, кәбінге оранды. Сонда ғана даугер жақ күмән туғызған елдің, адамның тазалығына көзі жетеді. Бірақ, мұндай ауыр рәсім сирек кездеседі. Көбінесе жауапкер жақтың бір асыл адамы билер отырған биікке көтерілгеннің өзін қазақ ұсақ-түйек күмәнді сейілтуге жеткілікті деп санайды. Жан беру дәстүрін халқымыз өте ауыр деп қасиеттеген. Тәңірінің жазасынан құтылу үшін, осындай дауға түсетін адам бүкіл руластарын шақырып, ақсарыбас сойып, дәм береді. Ақтығын дәлелдеу үшін, кейде жас баланың ит көйлегін жүрек тұсына байлап та барады.

Сонда да жан беретін адамды жазасыз қалмайды деп есептеп, ел қауіптенеді. Оған мысал:

“Ант ішкеннің үйіне барма, айрандай жұғады”;

“Ант ішкеннің мыңы өледі, у ішкеннің бірі өледі”.

Екінші таған: ЖАРҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

§ 1. Отбасы және неке

1. Туыстық есеп өзегі атадан бастау алып, қарым-қатынастың барлық саласын қамтиды. Қоғамдық және қауымдық тіршіліктің әр түрлі туыстық ұғымы қолданылады: ұру (ру), сүйек, ұрым-бұтақ (ұрқы), жұрағат, ағайын ел – жамағайын, жеті ата, ата баласы, аталас, топ, тармақ, арыс, төбе, тайпа т.б.

Осылардың ішінде қандас туыстық жеті атаға дейін ерекше сақталды: “жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер”, “жеті атасын білмеген – жетесіз” т.б.

Қандас туыстықтық деңгейді корсету үшін мына ұғымдар қолданылады:

- 1) ата –
- 2) әке –
- 3) бала –
- 4) немере – Жеті ата
- 5) шөбере –
- 6) шөпшек –
- 7) немене –
- 8) туажат
- 9) жекжат
- 10) жүрежат
- 11) жұрағат
- 12) ұрпақ

Қазақ ішінде “үш жұрт” ұғымы қолданылады. Біріншісі – адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдің төркін жұрты деп аталады. Екінші – шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Үшіншісі – әйелі немесе күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты. Қазақ ата намысына қанша тартса да “ердің жақсы болмағы нағашыдан”, – деп нағашы жұртына аса үлкен маңыз береді.

Нағашы-жиен арасы

1. Нағашы жиеніне “40 серкеш” беруі керек. Жиені нағашысына “қырық серкешімді алуға келдім”, – деп арнайы нағашылап барғанда, оны құр қайтармай, өзінің қалағанын алып қайтады.

2. Жиені көңілі түскен нәрсесін: жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық болсын қалаған бұйымтайын нағашысы қолынан бермесе, жиені жолынан алуына хақысы бар.

3. Жиен нағашысынан үш ретке дейін қалағанын ала алады және бұндай жиендік ету үш ретке дейін айыпталмайды.

4. Төркіндеген шешесіне еріп келген кішкентай жиендеріне нағашылары бәсіре мал атап, жас төлге ен салдыртып, кейін жиені ер жеткенде енші қылып береді.

5. Нағашыларының алдында бөлелердің құқысы бірдей. Екі қыздан туған жиендердің нағашыларына барып, жиендік етулеріне тиым жоқ.

6. Бөлелер арасында неке қарым-қатынастарына рұқсат етіледі.

Ата-ана мен бала

1. Әке отбасына тиесілі мал мен мүліктің, жер мен судың, құл мен күннің негізгі пәсі болады.

2. Әйел өз жасауына өзі иелік етеді.

3. Ері қайтыс болған күнде, әйелі бүкіл дүниеге ұлы балиғатқа жеткенше ғана иелік етеді.

4. Егер ері әйелін өлтірсе, әйелінің туыстарына құн төлеп және жасауын қайтарады.

5. Егер ері әйелін ашынасымен ұстап алса, әйелін өлтіруге хақы бар.

6. Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда ол өлім жазасына кесіледі. Егер күйеуінің туысқандары кешірсе, әйел бұл жазадан құтыла алады.

7. Егер ерлер арасындағы жанжал, төбелес болып жатқан жерге әйел кірісіп кетіп қайтыс болса, онда оған ешқандай құн төленбейді.

8. Балаларының әкесіне қарсы шығуға хақылары жоқ. Әке еиші алмаған балаларына, дүние-мүлкіне ие болып, шектеусіз билік жүргізеді.

9. Әкесі баласын өлтірсе, жазаға тартылмайды.

10. Егер өзінің әкесін немесе шешесін балалары балағаттаса, онда қара сиырға теріс қаратып отырғызып, мойнына ескі құрым

іліп, ауыл аралатады немесе қамшымен дүрелейді. Ал қызды байлап, шешесінің жазалауына береді.

Енші беру

1. Отбасындағы балалар ер жетін, үйленгенде оның еншісін беріп, бөлек шығарады.

2. Кей кездері үйленген ұл ата қонысынан бір-екі жыл шықпай отырып, өзіне тиісті еншісін кеш алса ерікті.

3. Ұлын бөлек шығарарда әкесі бүкіл ағайын-туысын жинап, мал сойып, той жасайды.

4. Туысқандары өз әлінше бөлек шығаруға көмектесіп, мал-мүлік қосуға, беруге ерікті. Нағашылары тарапынан да немеруін көрсетіледі.

5. Бөлек шығып жатқан келін өзінің жасауынан бір жақсы затын, киімін атасына беріп, оның орнына атасы қойды қосақтап байлайтын арқанды береді, бата жасатады. Бөлек шыққан отаудың белгісі ұсақ малға ен салу.

6. Енші алып бөлек шыққан ұл өз шаруашылығын өзі жүргізуге хақы бар.

7. Алғашқы кезде, мысалы қыстау алып, әбден орныққанға дейін әкесінің ұлына көмектесуі шарт. Ал кейіннен ұлы әкесіне көмектесуге тиісті.

8. Егер от басында бірнеше ұл болса, онда бөлек шыққысы келген балаларына еншісін бөліп беріп, бөлек отауларға шығарады.

Әкесімен тек кенже ұлы қалып, өлі-тірісіне, ата орынына ие болатын шаңырақ песі болып есептеледі.

9. Енші алған ұл әкесі өлген соң қалған малынан ештеңе талап етпейді және оның мал-жанын сақтауға қайрат қылып “үлкен үйден қор кетпесе бәрімізге жетер” деген қағиданы ұстайды.

10. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша ұлға енші беру мен қатар ата мүлкінен үлес сыбаға алуға ұзатылған қыздың да хақы бар.

“Төркіндеу” өзінің жол-жоралғысымен жүреді. Мәселен, бір адамның екі ұлы, екі қызы болса, үлкен қызы ұзатылған, одан кейінгі ұлы үйленген де, қалған бір ұлы, бір қызы қолында. Бар

малын есептеп, бөлек шығаратын үлкен ұлына енші бермес бұрын ұзатылған қызы әлі төркіндеп келмесе, оған берілетін сыбағасы бөлінеді, ал бұдан бұрын төркіндеп келін, өз сыбағасын алып кетсе, оған ешбір үлес тимейді. Кіші қызының жасауына, кіші баласының қалың малына деп белгілі мөлшерде мал қалдырады да, қалған малды төртке бөледі. Бір бөлегін үлкен ұлына еншіге береді, ал қалған үш бөлек ата-анаға және кенже баланың үлесі болып қара шаңырақта қалады.

Мұрагерлік

1. Өр адам меншігіндегі мал-мүлікті өз туысынан басқа адамға қалдыруға хақы жоқ.

2. Кейбір жағдайда қимас досына мұра есебінде бергісі келген малын, затын өз мұрагерлеріне тапсырып кетуға ерікті.

3. Өлген адамның артында мұра есебінде мал, жер-су, үй-жәй, мүлік, ақша қалады, оған жесірімен бірге құлдары мен күндері кіреді.

4. Өлген адамның соңында жас балалары қалса әрі олардың туған шешесі болса, онда өлген әкесінен қалған мал-мүлікті мирасқа бөлшектеуге ешкімнің хақы жоқ.

5. Егер өлген кісінің енші алып кеткен ұлдары мен ұзатылып кеткен қыздарынан басқа қолында бала болмаса немесе бірге тұрған кіші әйелінен бала тумаған болса, онда өлген кісінің жылы толғаннан кейін асын береді де, ағайын-туғандары жиналып, қалған мал-мүлікті енші алып кеткен ұлдары мен қыздарына, оң жақта қалған олардың өгей шешесіне бөледі. Өл мынандай мөлшерде: туған ұлдарына – екі еседен, есігіндегі еншілес болып жүрген құлы мен күні болса оларға ширек еседен сый тиісті.

6. Егер тіршілігінде көп әйел алып, олардың еншісін әуелден бөлек ұстаған болса, әр әйелдің бөлінбеген кенже баласы иемденеді.

7. Өке жастай өлін, артында жас балалары мен жас әйелі қалса, әменгерлік бойынша өлген адамның бірге туған ағасы не інісі, ондай туысы болмаса немере, шөбере туысқандары, қала берді аталас жақындарының бірі жесірге үйленіп, балаларын өз қамқорлығына алып, мал-мүлікке заңды түрде иелік етеді.

Асырап алу

Асырап алу қазақ ғұрпында өте жиі кездеседі. Оған негізгі себеп елдің басындағы жауғершілік, қоғамды толық пгеріп отырған туысқандық байланыстар жүйесі, ру ішіндегі ер адамдар көп болсын деген мүдде.

Қазақ шежіресінің ұзын ырғасы осындай асырап алу оқиғаларын жиі баяндайды. Соған қарап қазіргі қазақ руларының көпшілігі белгілі бір тарихи кезеңде бір-бірімен саяси және шаруашылық мүдденің ортақтығы жақындастырған қауым деп есептеуге болады. Бала асырап алған кезде қазақ ешкімді де бөтенсінбейді – ағайын туыстың баласы, алыс жамағайын, колға түскен тұтқын, ат арқасына мінгесіп келген олжа – бәрі де қазақ ішінде егер пысық, еті тірі болса өз орнын, демек әкесі мен шешесін тауып кетеді.

Бала асырап алатын адам алдымен ел ақсақалдарына, ру басы көсем-бiге осы шешімін хабарлайды. Елді жиып, қазан көтереді, ақсақалдардың батасын алады. Баланың қолына қойдың не жылқының ортан жілігін ұстпатып, үйге кереге астынан кіргізеді. Ол үшін бірнеше қарулы жігіт кигіз үйді аздап көтереді, сол саңылаудан бала үйге еңбектеп кіреді. “Ортан жілік ұстады ма екен?” – деген сөз осыған байланысты қалған, ол жілікті ұстаған бала әкеден қалған жан мен малға мұрагер есепті.

Кигіз үйдің ішіне енген соң екінші бір ғұрып бар. Сол ауылдың кәрі әйелдерінің отыз-қырығы тізілін тұра қалып, асырап алынатын бала аяқтарының арасынан жорғалап өтеді. Ол да болса осы елдің баласы, ешкім бөтенсімейді деген ишара.

Үшінші бір ғұрып – бала асырап алушының әйелі, осы шаңырақтың бәйбішесі, бір үлкен көйлегін кигіз үйдің оң жағына төсейді. Бала сол көйлектің жағасынан кіріп етегінен шығады. Бұл ишара бала сол бәйбішенің ішінен шықты дегенмен бірдей (киімді бала).

1. Егер жесір әйел әменғерлікке мойынұсынбай, басқа біреуге өз еркімен тұрмысқа шыққысы келсе немесе төркініне кетпек болса, оған өзінің киім-кешек, төсек-орыны мен мінер атынан басқа ештеңе берілмейді.

2. Жесірдің тиетін күйеуінен айып ретінде үш тоғыз немесе бір қызға берілетін қалың мал алынады. Шешесі басқа күйеуге

шыққанда жас балалар әкесінің туыстарында қалып, әкеден қалған мал-мүлікке мұрагер болады.

3. Бір некеден туған балалардың мал-мүлігіне екінші не үшінші некеден туған балалардың қол сұғуына хақылары жоқ.

4. Егер бір некеден ешбір мұрагер қалмаған болса ғана әке мұрасын басқа некеден туған балалар бөліседі.

5. Асырап алынған бала оғей әкесі өлген соң, оның заңды мұрагері болуға хақы бар. Мұра болған мал-мүлікке марқұмның туыстары қол сұғуға еріктері жоқ.

6. Егер әке асырап алған баланы өзінің мұрагері еткісі келсе, көзінің тірісінде оның мұрагерлік хақын жариялап кетеді.

7. Егер әке көзі тірісінде арнайы мұрагер етпесе немесе кенеттен өліп кетсе, өсиет айтылмаса әкенің жақын туыстары әке мұрасын асырап алған ұлға билетпеуге ерікті. Өған ұлға берілетін енші мөлшерін толығымен беріп, үйленбеген болса қалың мал беріп, қалған мал-мүлікті туыстары өз-ара бөліседі.

8. Егер қайтыс болған ұлының баласы болмаса, оның дүние-мүлігіне иелік әкесіне қалдырылады.

Қыз алып қашу

1. Өзінің айттырылған қалыңдығын алып қашқаны үшін, жігіттің туыстары ат-шапан айып төлейді және бұл ауыр қылмыс болып есептелмейді.

2. Айттырылып қойған қыз, өз сүйгенімен қашып кетсе, бұрынғы айттырған күйеуіне қалыңмалын қайтарумен бірге, бір қызды айып ретінде береді немесе қыз орнына қалың мөлшерін төлейді.

Қыз әкесі айыпты болмаса, қызды алып қашушы төлейді.

3. Егер қыз әкесі алып қашушымен үндес, жымдас болса, бұрынғы құдасына қалыңын қайтарып, өз тарапынан айыбын төлейді немесе басқа қызын береді.

4. Қыз айттырып қойған жақ, қызды алып қашушы тарапынан кешірім сұрау не қалыңмалын айыбымен қоса қайтару кешіктірілсе өлім жазасын талап етуге не барымтаға шығуына ұрықсат.

5. Егер айттырылмаған басы бос қызды алып қашса, онда алып қашқан адам қыздың ата-анасына қалыңмал, түйе бастатқан тоғыз немесе қалың ретінде бір қыз беріп, алып қашқан қызға үйленеді.

Құда тарту

Ұлына жар таңдаған әке жақсы ниетті білдіру үшін қалыс адамды “жаушы” етін жібереді. Жаушы сөзін: “Сізде лашын бар, бізде сұңқар бар”, – деп бастап, құда болғылары келетінін айтады. Егер қыздың ата-анасы бұл ұсынысты қабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сойлесіп, оның мөлшерін келіседі. Жаушы “қарғыбау” кәдесін тартады, құдалықты бекітер кәдесін – ат пен шапан береді. Қыз әкесі жаушы арқылы күйеу әкесінің туыстарының “құда түсер” мезгілін айтады. Қалыңдық аулына келе жатқан құдалар, өздерінің келе жатқандығы туралы хабар береді. Қалыңдық әкесі өз туыстары мен достарына құдаларының келетінін айтып, кигіз үй тігіп, ақсарбас қой сойғызып, бата оқытады. Ең бағалы сый күйеудің әкесіне немесе оның орнындағы адамға тартылады. Уәденің белгісі ретінде қонақтардың алдына жіңішке етіліп кесілген құйрық пен бауыр қойылады. “Құйрық-бауыр” ең алдымен жігіт туыстарына, сонан соң қыз туыстарына беріледі. Құда түсу тойында құтты болсын айтып келген әйелдер құдаларға арнап шашу үстінде басы жарылып, көзі шықса да ешкім ренжімеуі керек. Әйелдер одан соң қонақтарға жеке-жеке талап қойып, ән салдырып, құй тартқызып, жұмбақ шештіріп, жаңылтпаш айтқызады. Талапты орындай алмағандар тиісті жазаларын алады: басына құрым қалпақ кигізін, бетіне күйе, ұн, балшық жағады. Немесе үстіне суық су құйып, огізге теріс қаратып мінгізеді немесе жоғары көтереді. Бұл кеште әр түрлі қиын қисынсыз талап қою, шығырға байлайды, шаңырақтан арқан салып, аяғынан байлап қарсы жақты сынау арқылы олармен өте жақындасуды мақсат еткен. Осының бәрін бір сөзбен “құда тарту”, – дейді.

6. Құда түсіп, құйрық-бауыр жескеннен кейін ғана құдалық уағда бекиді.

7. Егер “қарғыбауы” беріліп, сөз салып қойған жігіт жағы келісімді бұзып, басқа біреудің қызына құда түспек болса, келісімді бұзған кінәлі жақ ат-тон айып төлейді және бүкіл киітті қайтарады.

8. Егер алдында құдаласып, кейін басқа біреуге үйленбекші болып, келісімді бұзса, онда келісімді бұзған жақ бір түйе бастатқан

тоғыз айыпты төлейді. Бірінші құда түскен қалыңдықты алып, бәйбіше атандырып барып қана екіншісіне үйленуге хақы бар.

9. Қалыңмалдың негізгі бөлігі немесе барлығы өтелген соң ғана күйеу жігіт қалыңдық ойнауға барады (“ұрын бару”). Күйеу жігіттің бұл келуі бірінші келу болғандықтан, қалыңдық жағы той жасайды.

10. Егер күйеу қалыңмалын өтемей, ұрын бармай, қалыңдық аулына келе қалса, онда оның атын тартып алып, ісін әдепсіздікке жатқызып, озін жаяу жібереді.

11. Егер ұрын барғанда қалыңдық аулында болғысы келсе, күйеу бір апта, тіпті бір ай жатуға еркі бар. Ұрын тойдан кейін күйеудің қалыңдық ойнап барып тұруына хақы бар.

12. Күйеу жігіт қалыңдықтың ұзатылу тойына дейін жақындыққа баруға хақы жоқ.

13. Егер күйеу ұрын тойда қалыңдығын пәктігінен айырған болса, неке жаулық тосеген жеңгелерге кәдесін береді.

14. Ұрын тойға келін кеткен күйеу қайтыс болса, онда туыстары қалыңдықты марқұмның аулына қайғылы күйде аза кәдесімен бірге әкеледі. Осындай қалыңдық (жесір) күйеуін жыл бойы жоқтап, сонан соң оның іпісіне немесе ағасына, тіпті болмаса жақын туысына тұрмысқа шығады.

15. Неке қиюды қалыңдық ауылында молда өткізеді. Ол жігіт пен қыз жағынан кәде алып (алтын жүзік, сақина, садақ жебесі), оны су құйған сырлы тостағанға салады. Жігіт пен қалыңдық, туыстары неке қияр суды ішуі жұбайлық өмірдің басы болып саналады.


Неке қиярдың орнына жігіттің үлкен шаңырағында отқа май құю салтанаты жүреді.

16. Қайын енесі тірі тұрғанда келін торға шықпайды. Қайын енесі қайтыс болғанда келін отқа тағы да май құяды, одан әрі торға шығуға рұқсат етіледі.

Қаз дауысты
Қазыбек би



Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлына арналған тұлғалық
энциклопедия. Қарағанды «Болашақ» университеті



Қазыбек би шапаны. Едрей ауылы.
(Суретті Балташұлы Ермек берді)



Қазыбек би шапаны. Астана қаласы.
Республика Президенті мәдениет орталығы
мұражайының экспонанты



Құрметті Алтын ақсақал – Қазыбек Баба ұрпағы,
ата-баба салтымен баба шапанын сақтаушы



Президенттік Мәдени орталығы директоры М. Жолдасбеков
қазыбектанушы А. Сүлейменовке Алғыс хат тапсырып тұр



Баба шапанын Президенттік мәдени орталыққа
салтанатты тапсырар алдында



Баба шапанын Президенттік мәдени Орталыққа
тапсыру салтанаты



Елі құрметтеп Алтын ақсақалға Ат мінгізді



Қу тауының бауырындағы Баба тойы




А. Сүлейменов – Қазыбек Баба ұрпағы



Қалалық кітапхананың бөлімше меңгерушісі
Тоқышева Көкешпен осы кітап туралы кеңес

Қазақ үлкеннен тәбәрік дейді. Сол үлкеннен тәбәрік ретінде Бабамыздың белгілі суретші салған және ел қабылдаған суретін беріп отырмыз. Бұл суретті Қазыбек би бабамыздың түрін, дене бітімін және киген киімін білмейтін, олар туралы естін білмеген біреу салған секілді. Олай дейтініміз, Қазыбек би ұзын бойлы, шымыр денелі, денесінде артық ет жоқ, кок коз ақсары адам болыпты. Ертедегі жазба деректе осылай делінген. Қыпшақтың биі де: «Сойле Арғынның арық биі», – демей ме?



Қаздауысты Қазыбек Би
(1667-1764)

Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.



Бәтима апайдың ата-енесі – Қазыбек баба ұрпағы



Мағдат аға мен Бәтима апай – Қазыбек баба ұрпағы



Бәтима апайдың ата-анасы



Бәтима апай жолдасы Мағдат
және балаларымен дастарқан басында



Бәтима апай шөбересімен

Шөбере көрген пенденің,
Болмайды, дейді күнәсі.
Алла берген Асылайым,
Жақұтты сөздің куәсі.

Атама да бардым,
Апама да бардым.
Ауыл жақсы болғансоң,
Келмей сонда қалдым.



**Бәтима апайдың әкесі Бақриден ақсақал
– көріпкел, емші әрі ерен тақуа адам.**

Өз кезінде қазақ еліне қасырет келгенін айтып, ол сөзі өзіне қасырет болып, туған ауылынан кетуіге мәжбүр болыпты. Тар заманда намаз оқып, адам емдеп, жасырын жаназа шығарыпты.



Әнші Бәтима апай.

Қызын қорғай алмаған,
Күн етеді.
Ұлын қорғай алмаған,
Кұл етеді.

(Халық даналығы)



Мәшһүр Жүсіптанушы, шежіреші Төлепберген аға
бәйбішесі мен кенже балаларының арасында



Университет ректоры А.М. Ғазалиев, депутат С. Ферхо
Президент курстастарымен Баба ескерткіші алдында



Емші Бәтима апай

БЕЗГЕК

Әдетте безгек дегеніміз адам тәнінің инфекцияға қарсы күресі. Микробты қыратын лейкоциттер тән температурасының көтерілуіне көмектесетін ерекше зат шығарады. Жас сәби мен кішкентай балалар үшін безгек қауіпті болуы мүмкін, ал бозбала мен ересектер температурасы 38 градусқа дейін ғана көтерілсе, безгек деп шошудың қажеті жоқ. 39 градусқа дейін дәрі ішіп әуре болмаңыз, тезірек жазыласыз. Дәріні тым мазасызданып, басыңыз ауырса, дірілдей, терлей берсеңіз ғана ішіңіз. Дәрігердің кеңесі: салқын сулы ваннаға шомылыңыз, температураңыз төмендейді; жұмсақ шүберекті мұздай суга батырып, қолтығыңызды, шабыңызды сүртіңіз, температураңыз төмендейді; егер сәбидің температурасы көтерілсе, дереу дәрігер шақырыңыз.



Бәтима апай келіні Жанар және балаларымен

Ақылсызға айтқан сөз,
Ағып жатқан сумен тең.
Ақылдыға айтқан сөз,
Қолға ұстаған тумен тең.



Бәтима апай Түркістанда.

Қасиетті өмірің үлгі болған бала-қызға,
Алла қолдап, нұр құйсын, санамызға.
Сыйынып келіп тұрмын Түркістанға,
Бас піп, Қожа Ахмет Ясауи бабамызға.

Пайғамбардың жасына келгенен соң,
Ізгіліктің мәнісін білгенен соң
Отыз жыл тапжылмастан еңбек жазған,
Түр-түрінен нәпсінің безгенен соң

Қалдырған «Қырық хикмет» жазып мұра,
Мәнісін ішіндегі оқып, сұра.
Көріп білдім жер үстінде пайда жоқ деп,
Түңлің өмір кешкен, о дүния!

Өтірік деп, айта алмас, мұны адам,
Өкінішті, түсінбесе, кейбір надан.
Түркістан, куәсі ғой ғаламшардың,
Тәу етін, келін жатар, қанша адам.

Инабатпен келін тұрған, мен бір балаң,
Мұсылмандық жолды іздеп жүрген адам.
Ата жолын ұстап өткен ата-бабам,
Жер-жаһанға әйгілі Қазыбек бабам.

Әменгерлік

1. Жесір әйелге әменгер таңдау қайтыс болған күйеуінің жылы толғанда шешіледі.

2. Күйеуі өлген әйел билер (ақсақалдар) шешімімен күйеуінің жақын бір туысына шығуы керек. (“Ерден кетсе де елден кетпейді”).)

3. Егер жесір қалған әйелдің өлген күйеуінің ағасы да, інісі де болса, онда жесір әйел күйеуінің ағасына шығуы керек.

4. Егер жесір әйел қайынысын таңдаса, оған рұқсат, бірақ жеңге алған інісі ағасына жолы ретінде “тоғыз” тартады.

5. Егер жесір басқа біреуге тұрмысқа шыққысы келсе, оған рұқсат, бірақ мал-мүліктен ештеңе берілмейді. Ал тиетін күйеуінен толық қалыңмал алынады. Жесірдің есейіп қалған балалары әкесінің туыстарында қалады.

6. Егер күйеуі жас өлсе, екі жақ құдалықты үзбей, қалыңдықты марқұмның інісіне атастырып, бұрынғы келісілген қалыңмалдың үстіне бір ат үстеме төлеп, әменгерлікке алуға рұқсат.

7. Егер өлген күйеудің басы бос інісі болмай, басқа жерде айттырылған қалыңдығы бар інісіне немесе үйленген ағаларының біріне қосқысы келсе, бұрынғы келісілген қалыңмал үстіне түйе бастатқан тоғыз төлеп, некеге отырғызуға рұқсат.

8. Егер қалыңдық ер жетін қалған жағдайда басы бос, тым жас әменгері бола тұра, күйеу әкесінің еркі бойынша үйленген балаларының біріне қосатын болса, онда күйеу әкесі түйе бастатқан тоғызды екі немесе үш еселеп береді.

9. Егер өлген күйеудің өзімен бірге туған ешбір еркек кіндік болмаса, немере туыстарының бірі қалыңдықты әменгері ретінде алуға хақы бар.

10. Егер қыз әкесі бұндай жағдайда бас тартса қалыңмалды қайтарады.

11. Егер күйеу ұрын келін үлгермесе және қалыңдықтың әкесі қызын әлі үйленбеген, қыз айттырмаған әменгеріне бермей қойса, қыз әкесі қалыңмал үстіне бір тоғыз айып төлейді.

Балдыз алу

1. Егер қыз әкесіне құдасы немесе күйеу баласы ұнамаса, әсіресе өлген қызы түскен жерінде тиісті сый-құрмет көрмей, ылғи жәбірленін жүріп дүние салса, басы бос бойжеткен қызы бола тұрып бермеуге хақылы.

2. Егер марқұмның туған сіңілісі айттырылып қойған болса, немере туыстарының қызын сұрауға хақылы.

3. Өлген қалыңдықтың туған сіңілісі тым жас болса, оны күйеу жігіттің жас інісіне атастыруға болады.

4. Басы бос қызы бола тұра бермесе, әкесі алған қалыңмалын түгел қайтарумен бірге, түйе бастатқан бір тоғыз айып төлейді.

5. Егер балдызы жездесіне ұнамай, жездесі балдызын алудан бас тартса, онда күйеу жағы әр түрлі мөлшерде айып төлейді.

6. Егер балдызының жастығын ескеріп, жездесі одан бас тартса, онда қалыңмалдың үштен екісі күйеуге қайтарылып, өзгесі қыз әкесінде қалады.

7. Егер оң жақта отырған қалыңдық қайтыс болып, қыз әкесі қалың малды алып қойса, қыздың сіңілісін күйеуге беруге міндетті.

8. Қалыңдық өлісімен күйеу бірнеше жолдасымен қайын атасына келуі керек, егер ол уақытында келмесе, ескертпесе, балдыз алуға хақы жоқ.

9. Қалыңдығына ұрын барып қойған күйеу балдызын аларда “балдыз қалың” төлейді. “Балдыз қалың”-ның шамасы 1-2 түйеден, бір тоғызға дейін.

Көп әйел алу

1. Егер жан-жақты бай, тұрмысы ауқатты адам болса, бірнеше әйел алуға хақы бар, тек әр әйеліне енші бөліп, жеке ауыл етіп шығаруы керек немесе әр әйеліне жеке-жеке үй тігіп береді.

2. Әйелдердің ішінде шаруашылық жағын байдың бірінші әйелі “бәйбіше” басқарады.

3. Әр әйелдің балаларының еншісі, өз шешелеріне бөлінген мал-дүнпенің есебінен тпеді.

Ажырасу

1. Ері қаншалықты жаман, ынжық, кемтар немесе өте кәрі болған күнде де одан әйелдің айырылысуға хақы жоқ.

2. Егер жас әйелдің күйеуі өзінің күйеулік міндетін орындауға жарамсыз болса, мұндай дәрменсіздігі куәлар алдында дәлелденуі керек. Дәлелденген жағдайда айырылысуға рұқсат.

3. Егер ері әйелін жазықсыз ұрып-соға берсе, сондай-ақ ел ағаларының ескертуіне құлақ аспайтын меңіреу болса, әйел төркіні немесе ел ағалары арқылы билер алдында жүгінін, айырылысуға хақылы.

4. Егер күйеуінің ақыл-есі дұрыс болмаса, шаңырағы түгілі өз басын алып жүре алмайтын сорлы болып, бала-шағасын асырауға шамасы келмесе, ақсақалдың ескертуінен ештеңе шықпаса, әйел билер алдында жүгінуге хақылы.

5. Егер күйеуі әйеліне күн көріс (нафаха) қалдырмай, 6 ай 30 күн хабарсыз қалдырса немесе 7 жыл бойы із-түзсіз жоғалып кетсе, күн көріс болған күннің өзінде әйелі күйеуінен ажырасуға хақы бар.

6. Күйеуінің әйелін жазалаудағы себеп әйел тарапынан болса, және әйел басқа біреуге қашып кетсе, билер үкімі бойынша әйелді күйеуіне қайтарып, қамшысымен жазалайды және оны айнытқан адам айып төлейді.

7. Еркектер тарапынан әйелін тастау “талақ етуі”. Үш рет “талақ” деп айтқаннан кейін, үш ай мерзім ішінде айырылады.

8. Әйел жеңілдікке салынып, күйеуінің көзіне шөп салса және ол 4 куәмен дәлелденген болса ажырасады. Әйелге мал-мүліктен ештеңе берілмейді, қара сиырға теріс мінгізін, бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп төркініне қайтарады.

9. Егер ері әйелінің ойнасы үстінен шықса, әйелін де, оның көңілдесін де өлтіре алады.

10. Еркегін сыйламағаны үшін немесе көңілі толмаған, сыйластық болмаған жағдайда күйеуі әйелін (бәйбішені) жасау-жабдығымен төркініне аттандырады.

Қалыңмал

1. Қалыңмал мынадай бөлімнен тұрады:

а) Бас жақсы – түзу мылтық, берік сауыт, қашса құтылатын, құса жететін бір сәйгүлік, малдағы артық бір түйе немесе олардың орнына 20 жылқы береді.

ә) Қарамал – қалыңмалдың ең өзекті бөлімі. “47” осы қара мал есебіне енеді. “47”-нің ішіне – жанама жақсы, жеке ту бие, төс ат кіреді, сол есеппен аяқты малдың саны әр жастағы малдан 33. Орташа қалың мал “37” осы тәртіппен санағанда қара мал есебімен 26.

Қалың малдың құрамы орташа есеппен:

1) Бас жақсы – 10 жылқы;

2) құлынды бие – 16 бас;

3) құнан-құнажын – 7 бас;

4) тай – 7 бас;

5) жеке ту бие;

6) жанама жақсы – 1 таңдамалы жылқы не түйе;

7) аяқ жақсы – 4 бас жылқы. Барлығы 47 бас. Ірі қара саны бір 20-дан бес 20-ға дейін барады;

б) Ілу – қызын тәрбиелегені үшін ұрын барғанда берілетін кәде (қара малмен орайлас – қымбат зат);

в) Той малы – қыз ұзату тойына сойысқа апаратын мал, жыртыс және қалыңдық жасауының шығыны. Бұл 20-дан 70 бас жылқыға дейін. Жігіт жағынан отаудың кигізі түгел;

ғ) Сүт ақы – қалыңдықтың анасына беріледі – 1-7 түйе;

д) Босағаға байлау – қыз әкесінің босағасына төленетін ақы – 1-2 түйе, жылқы; қалыңмалдың көлемі 57-47-37-27-17-7 болып кішірейе береді. Ең кіші қалың “дөңгелек” – 7-10 бас ірі мал.

2. Ең ірі қара мал шектелмейді, мөлшері 57, 67, 77 жылқыға дейін. Қалыңмал мөлшері 100-ге дейін көтеріледі.

3. Қалыңмал мөлшеріне сәйкес оның құрамы малдың түрлі қасиетіне, жынысына, жасына, қоңына, қысырлығына т.б байланысты анықталады. Қалыңмал күйеу бала әкесінің талаптарына қарай малдың түлігі мен санының әртүрлі ара қатынастарында беріледі.

4. Қалыңмалға қыздың әкесінің ғана иелік етуге хақы бар.
5. Егер қыздың әкесі қайтыс болса, берілген қалың малға иелік ету тек қыздың аға-ініеі немесе әкесінің туыстарының ішіндегі ең жақын ер адамға рұқсат етіледі.
6. Егер қалыңдық жігіттен бұрын төсек көрген болып шықса, күйеу қалың малына қоса бір тоғыз айып талап етуге хақылы (қайын атасының отау алдына күйеуге деп байлаған атын пышақтап, шапанын дар айырып кетеді).
7. Қалыңдық төсек көрген болып шықса, іе билердің үкіміне түсер болса, сол іске кінәліден қыз әкесінің пайдасына тоғыз даулауға хақы бар.

Жасау

1. Жасау – жігіт жағынан келген қалыңмал мөлшеріне шамалас, кейде онан да асып түсетін, ұзатылған қызға міндетті түрде берілетін мал-мүлік; жасауға киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты мүлік түгел кіреді. Әр қайсысы 9-дан.
2. Жасау мөлшері әртүрлі болады: үлкейі 2-5 түйе, қанауыс пен жібектен тігілген 125 шапан, сәукеле, 50 кілем, шұға мен жібекпен тысталған 25 ішік, отау үйдің ағашы, 5 жылқы, күміс ер тоқым, жүген, төсек-орын, киім-кешек т.б. (“ат мініп, отауы артылған түйе жетелеп келу”).

§ 2. Меншік

1. Меншік ұғымы малға, жерге, адамға (құл не күң), пт пен құсқа, дүние-мүлікке қатысты қолданылады.
2. Меншік – мемлекеттік, қоғамдық, рулық, жеке бастың меншігі т.б. болып бөлінеді.
3. Меншік хақы – сатып алу, айырбастау мұрагерлікке қалдыру, еншіге беру, арнау (құдайы, садақа, сыйлау) арқылы пайда болады.
4. Мемлекеттік меншік жерге, малға, қалалар мен қоныстарға т.б. дүнпеге қатысты пайда болады.
5. Мемлекеттік меншіктің жауапкері мемлекеттің саяси бнлік пелері хандар мен ұлыс сұлтандары болады.
6. Хандар мен сұлтандар мемлекеттік меншіктің негізгі жауапкері есебінде Жарғының алдында есеп берін отырады.

7. Мемлекет қарамағындағы қала мен қоныстардан алым-салық жинауды хан мен ұлыс сұлтандары іске асырады.

8. Қала халқы мен отырықшы егіншілер мемлекет пайдасына, қазынасына, жыл сайын өз өімінің 1/10 бөлігін берін отыруға тиісті.

9. Даланың көшпелі, мал баққан халқы мемлекет пайдасына, қазынасына жыл сайын өз өімінің 1/20 бөлігін отыруға тиісті.

10. Хан мен ұлыс сұлтанына әр ата баласы жылына “соғым” берін отыруы тиіс (соғым әркімнің жағдайына қарай беріледі).

11. Жол сапармен жүрген ел басшысына (хан, ұлыс сұлтаны, Орда биі, ұлыс биі) әр отбасы арнайы сыбаға беруі тиіс.

12. Мемлекет мүддесі үшін ел басшылары (хан, сұлтандар, билер) ел үстінен зекет жинауға хақылы (елдің бір бөлігі жұтқа ұшыраған жағдайда, жаугершілік кезінде, елшілік аттандыру үшін, тұтқыннан өз қандастарын босатып алу үшін).

Зекет туралы

Зекет басы азат, шаруашылығы бүтін азаматтардың бәріне бірдей міндет. Егер тапқан пайдасы не болмаса шаруашылығының өімі өзіне, әйелі, бала-шағасына жетін артылатын болса, қысы-жазы киетін киімін, мінетін көлігін, жейтін тамағын, аяқ-табағын, төсек-орнын, үй-жайын ақтаса зекет беру парыз болады.

Зекетті бірінші кезекте жарлы-жақыбай, бейшараларға, науқас адамдарға, ел мүддесі үшін жұмсалатын шығындарға, қажы жолына барамын деген нашарларға, ұзақ жолда жүрін мүсәірліктен жоқшылық кешкен адамдарға беру парыз.

Әр адам өз меншігінен зекет берерде ең алдымен өз ағайыны, не көршілері жоқшылық көрсе, соларға көмектескені абзал. Жақын, көрші адамдарға қарасу дәулетті қазаққа уәжіб болмақ.

Түйе малының бестен кеміне зекет жоқ, бес түйеден тоғыз түйеге дейін – бір қой, он түйеден он төртке дейін – екі қой. Он бестен жиырмаға дейін – үш қой, жиырмадан жиырма беске шейін – төрт қой, жиырма бестен отыз алтыға дейін – тайлақ, яки бір тайлақтың басын төлемек, отыз алтыдан қырық алтыға дейін – құнажын інген, қырық алтыдан алпыс беске дейін – бір беске

шығар атан, алпыс бестен жетиіс алтыға дейін – бесті түйе, жетиіс алтыдан тоқсан бірге дейін – екі құнажын інген, тоқсан бірден жүз жиырмаға дейін – екі донезін інген, жүз жиырмадан асқан соң әр бес түйеге – 1 қой қосыла береді.

Снырдың отызынан кеміне зекет парыз жоқ, отыздан қырыққа дейін сныры бар кісіден бір жасқа толған бір сныр. Қырық снырдан – бір құнан өгіз, алпысқа толса, бір жасардан екі өгізше бермек керек. Мұнан соң әр тоғыз снырға бір жасар бір сныр, әр қырық снырға екі жасар бір сныр қосыла береді.

Қой мен ешкі қырыққа толса, жүз жиырмаға дейін – екі жасар бір қой, я ешкі бермек керек. Жүз жиырма бір болғанда екі жүзге дейін – екі қой, екі жүз бір қойға – үш қой, екі жүз бірден төрт жүзге дейін – төрт қой, мұнан соң әр жүз қойға – бір қой беріле береді.

Алтынның жиырма мысқалдан кеміне зекет парыз емес, жиырма мысқалдан жарым мысқал алтын беру керек. Күмістің екі жүз дирһәмінен кеміне зекет парыз емес. Екі жүз дирһәмге бес дирһәм зекет беру керек, демек алтын-күмістің қырық теңгесінен бір теңге тиісті болады. Мұнан кейін асыл тас, меруерт, лағыл, маржан сияқты нәрселер, егер өз тұтынуына емес сауда ниетімен сақталынса, мұнан да зекет тиіс. Бағасына қарай, ол асыл нәрселердің бағасы екі жүз дирһәмге толса, бес дирһәм зекет беру керек. Астық, егінің зекеті, егер далаға егіліп, құр қар мен жаңбыр суымен өссе, зекеті оннан бір, яки он пұттан бір пұт, егер қауғамен, шелекпен су құйып шығарылған егін болса, бірдің жартысы беріледі, – он пұттан жарты пұт, жиырмадан бір пұт берілсе керек.

13. Қалалар мен отырықшы қоныстарға “Жарғының” келісімімен қазақтың батыр-билері де иелік жасай береді.

14. Мемлекет меншігіне жиналған қазына мемлекеттік мүддені көздейтін іс-шараларға арналуы тиіс: елшілік аттандыру, өзге елдің елшілігін қабылдау, өзге мемлекет басшыларына сыйлық, жұтқа ұшыраған руларға жылу-көмек, жауғершілік кезінде қару-жарақ, мінер ат, тамақ, тұтқыннан босату (өз қандастарын сатып алу).

Жеке меншік

1. Жер мемлекеттің негізі болып есептеледі, әр рудың өзінің қысқы қонысы және жаз жайлауы анық болуы керек.

2. Отырықшы-егінші, қалалық қоныстарда егіндік, бау-бақша жері әр адамның жеке меншігінде болады. Жерді бөлу қызметін қала басшысы атқарады. Мешіттер өз иелігіне жерді халықтың рұқсатымен алады.

3. Құл мен күң өз иесінің жеке меншігі болады. Иесі оны сатамын, айырбастаймын, өлтіремін десе ерікті.

4. Қазақ қазаққа құл, күң болмайды. Қазақтың мұсылман-сүнниттерді де құл қылуға хақы жоқ.

5. Билер кеңесі құлдың өтінішін қабылдамайды.

6. Құл үйленсе, оның бала-шағасы да иесіне тиесілі.

7. Құлдың істеген қылмысына иесі жауап береді, егер құл бір адамды өлтірсе, оның құнын иесі төлейді.

8. Егер бір ру белгілі жерді 9 жыл бойы қыстаса, сол жер меншігі есепті. Өзге рулар ол жерге малын жайса тиісті айыбын төлейді.

10. Жерге (жайылым-қыстау) байланысты даулар әр рудың сол жерге қатыстылығы есептелінін шешіледі.

11. Ру арасындағы жер үшін талас-дау әр рудың жолына, ағалы-інілігіне қарап та шешіледі.

12. Жер үшін (жайылым-қыстау) дау болып адам өліміне әкелсе, дауды шешуші билер құн орнына белгілі мөлшердегі жерді кесе алады (бір қыстау – бір адамның құны).

13. Ірі рулардың арасындағы, жүз арасындағы жер мәселесін шешуде төрелікті “Жаргыға” береді.

Малға меншік

1. Мал – қазақ халқының негізгі игілік козі, өмір-салтын айқындаушы көрсеткіші болады (малың-жаның аман ба?).

2. Мал – меншік иесімен сақталады (ру – ата баласы – жеке адам), егер де ұрланған, жоғалған, барымталанған болса, би алдына түседі.

3. Мал – тұрмыстың негізгі игілік көзі болғандықтан, Жарғы ережелерінде жеке бас және қоғамдық қарым-қатынас дәнекер есебінде қолданылады.

4. Ірі малға (түйе, жылқы, сныр) меншіктің негізгі иесі ру және ата-баласы болып есептеледі.

5. Ірі малға меншік ру таңбасымен анықталады.

6. Ұсақ малға (қой, ешкі) меншіктің негізгі иесі отбасы.

7. Ұсақ малға меншік енмен анықталады.

8. Малға меншікті ерлер (ер адамдар) іске асырады (және малдың негізгі иесі болып есептеледі).

9. Өз малымен (мәселен атымен) өзгенің шаруасы үшін жүрген адам “аттың майын” талап етуге хақылы.

10. Ұрлық (соның ішінде мал ұрлығы) “үш-тоғыз” айыппен қайтарылады.

– Мал – рулық, қоғамдық байлықтың көзі болғандықтан ру ішіндегі әр адам ол меншікке қатысты.

12. Рудың ортақ мүддесі үшін (құн төлеу, қалың төлеу, ас беру т.б.) ірі (қара) мал ақсақалдардың шешімімен жұмсалады.

13. Мал ұрлаған ұры ұрлаған малын үш есе қайтарып береді:

а) Бір қой ұрласа, қойдың өз басын, екі қой айыбын;

ә) Бір жылқы ұрласа, жылқының өз басын, айыбына түйе;

б) Бір түйе ұрласа, түйенің өз басын, айыбына бір құл, күн.

14. Егер ұрланған малдың өзі қайтарылмаса, содан жағдайы кем емес басқа мал, айыбын сол малдың мойнына, құйрығына байлайды (мойнына қосақ, көгіне тіркеу).

15. Қандай да бір болмасын жер мәселесіне хан, ұлыс сұлтаны тікелей араласып отырады (көшу-қону мәселесі).

16. Жерге меншіктің негізгі белгісі – ата-бабалардың қорымы, атакты ру басы, көсемдерінің күмбез-зираты, қыстау салған орындар, не қыстаудың өз басы, құдық, ошақ қазған жер т.б.

17. Өр ру арасындағы жер шекарасы табиғи белгілер арқылы анықталады (“шекара не кезең болар, не өзен болар”).

18 Табиғи белгілер анық болмаса, тастан қалап қолдан оба (омақа) көтереді.

Көшу-қону

1. Егер көшбасшы (ру басшысы, ақсақал) ауылдың қонатын жеріне белгі қоймаса, кез-келген ауыл келіп сол жерге қона береді.

2. Қонатын жерге белгі қою: найза шаншиды, құрықты бекітеді, рудың таңбасын салады (мәселен бұлақ басына), ру басы белгілі бір затын қалдырып кетеді (мәселен шақшасын, кісенін), бнік оскен шөптің (бетеге) басын буып кетеді.

3. Егер көшбасшысы ауылдың қонатын жеріне белгі тастаса, ал кейін келген ауыл оны елемей (немесе аңғармай) сол жерге қонса, дау бірінші келін белгі қойған ауылдың пайдасына шешіледі, қарсыласы айып тартады.

4. Егер бір уақытта екі ауылдың көшбасшылары бір жерге келіп қалса, таңдау бірнеше жағдайға байланысты анықталады:

а) егер дауласушылардың бірі сұлтан тұқымынан болса, соның пайдасына;

ә) егер екі би таласып қалса, жасы үлкенінің пайдасына;

б) би мен қарапайым қазақ болса бидің пайдасына;

в) екеуі де қара қазақ болса жасы үлкенінің пайдасына;

г) екі жағының да жас мөлшері қатар болса ру (ата) жолына қарайды (жолы үлкені жеңеді).

Меншікке қол сұғу

1. Ұрланған жылқы саны 2 не 3 болса, ұры айыпты “тоғызбен” төлейді.

2. Ұрланған мал ұры қолында қанша болды (мәселен бір жыл болса) сонша өсімімен алынады (айыбынан басқа).

3. Егер ұры не арқандаулы, не тұсаулы тұрған малды (жылқыны) ұрласа, оның жазасы ауыр болады. Би ұрының мойнына арқан салып, мал иесінің қолына береді. Мал пееі өлшеулі жерге дейін сүйретеді, бірінен соң бірі үш кіеі үш басқа тартады. Өлсе өліп кетті, олмей қалғанға “Салауат” (Тірі қалған адамның мойыны кемі жарты кезге ұзарады).

4. Малдың аса қадірлі түрлерін (құт) ұрлаганда (арғымақ ат, көш басы түйе) ұры өлім жазасына кесіледі (біліп тұрып ұрласа).

5. Өркім өз меншігіндегі дүние-мүліктің иесі болып есептеледі. (Мәселен ер адам шақшасы, қару-жарағы, кісесі, әйел адам – жасауы т.б.)

6. Меншік хақы үшін белгілі жас мерзімі жоқ. Егер ен салынған малы болса, кішкентай бала да меншік иесі саналады.

7. Барымтада ауысқан малдан өсім талап етпейді.

8. Дүние-мүлікті ұрлау аса ауыр қылмыс болады. Билер кеңесі ол мәселені жағдайға қарай шешеді (ең ауыр айып “үш-тоғыз”).

9. Дүңпе-мүлік, мал ұрлаған адамды туысы ара түспесе ұрлаған нәрсесін қайтарумен бірге екінші рет ұрлықты қайталамауы үшін (және өзгеге үлгі) дүңпе-мүлік песінің қолына береді.

10. Дүние-мүлік, мал песінің қолына беруді – “босағасына байлау” деп атайды. Ол кінәсінің ауырлығына қарай бірнеше жыл қызмет жасайды. Егер өзі кісі есігінде жүре алмаса не інісі, не баласы жүреді.

11. Егер ұры көшпелі жауынгер-малшының қажетін ашатын шідер сияқты нәрсені ұрласа айыбын былай есептейді: шідердің үш балағын үш атқа салып, үш жаққа айдайды. Үш ат үзіп кете алмаса, ұрыға үш ат айып салады.

12. Егер ұры бәйге атын (елге танылған) ұрласа, айыбына сол аттың бір бәйгеде алатын жүлдесін қосып қайтарады.

13. Егер ұры бәйге ат ұрлап жоқ қылып жіберсе, қайтара алмаса, оны ат құны өтелгенше ат песінің босағасына байлайды.

14. Егер ақтөс тазы не қыран бүркіт кісі қолынан өлетін болса, иесі құл-күң бастатқан тоғыз талап етуге хақылы.

15. Егер ұрлық үстінде адам өлімі болса, кінәлі екі қылмыс үшін қатар төлейді (жазаланнады).

16. Ұрлықты біліп, бірақ елге хабарламаған ұрының балашағасы жазаланбайды.

Сауда-айырбас

1. Кез-келген қазақ саудамен айналысуға ықтиярлы.

2. Айырбасқа түсетін дүңпе-мал ұрлықтан, барымтадан келген болмауы керек.

3. Айырбас пен сауда ауызша жүреді.

4. Егер сатушы біліп тұрып, ұрлықтан не алдап алудан түскен затты сататын болса, затты иесіне қайтарып, айыбын төлейді.

5. Егер сатып алушы біле тұра, ұрлықтан не алдап алудан түскен затты алатын болса, ұрлыққа не алдап алуға қатысы бар қылмыскер ретінде би алдында айыбын төлейді.

6. Кімде-кім еркін адамды құл орнына сататын болса, билер адамды азат етін, кінәліні жазалайды.

7. Егер бір зат екі кісіге сатылып қойса, біріншісі алады, ал екіншісі сатушының үстінен билер алдына арыз түсіруге, айып алуға (тоғыз) хақылы.

8. Егер кімде-кім өз затын өзгеден танып қалса, ол затты иеленіп жүрген адам затты “хан базарда” сатып алғанын дәлелдеуі керек. “Жанга салып” дәлелдей алмаса иесіне қайтарады.

9. Егер біреуден сатып не қолқалап алған мал жеті күн ішінде өлін қалса (аурудан), мал иесі орнына басқа мал не құнын береді.

10. Қандай да болсын келісім ауызша жасалады: айғақтың (қуә) болуы шарт емес.

II. Екі жақты келісім жасалған кезде кепіл қатысуы мүмкін:

а) Тән кепіл – келісімге келуші жақтардың бірін (кінәлісін жауапқа алып келуге кепілдік етеді).

ә) зер кепіл – келісімге келуші жақтың бірі уағдасында тұрмаса, өз меншігінен қайтарады.

12. Зер кепілдің кепілдікке алған адамының қайтыс болып кетуі зер кепілді жауаптылықтан босатпайды.

13. Зер кепіл өз меншігінен кепілге алған адамның қарызын қайтарып, кейін оны билер алдына шақыруға хақылы.

14. Кез-келген қазақ руы керуенші-саудагерлердің керуенін қорғауға кепілділік бере алады.

15. Кез-келген қазақ өзінің түйелерін саудагердің керуендеріне жалға беруге хақылы.

16. Керуенге қосқан түйепі түйе иесінің өзі күтіп бақылайды. Олардың басты адамы (отагасы) тек керуен басыға бағынышты.

17. Керуен басы мен түйе иесі арасындағы келісім ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін.

18. Керуенге түйелерін берген және керуенді қорғауға жауаптылық алған ру керуенді жоспарланған жерге жеткізуге міндетті.

19. Керуеннің амандығына кепілдік беретін (жолбасшы) жол бойы кездескен кедергілерден (тонаушылардан) керуенді аман алып шығуға міндетті.

20. Егер керуен жол-жәнекей тоналған болса, керуен жолбасшысының руы және өзі айыпты болып саналады.

21. Керуенге қажетті түйе санын уақытында алып келмеген мал иесі айыпты болады.

22. Егер керуендегі түйелер салынған жүктің ауырлығынан (16 пұттан көп болмауы керек) өлетін болса, керуен иесі құнын қайтарады.

23. Біреудің дүиесіне жауап беретін адам, оның сақталуына да жауапты (аманат) және сақталмаса айыпты болып саналады.

Аңшылық

1. Егер аңға жетін жүрген ат қолды болса, күмәнді оның иесіне екі жүйрік бесті беру қажет, айыбынан тыс.

2. Егер аңға салып жүрген тазы даулы болса, оның иесіне бір тай беру қажет, айыбынан тыс.

3. Егер аңға түсіп жүрген бүркіт даулы болса, оның орнына бүркіттің бағасын беру керек не сатып алып береді, айыбынан тыс.

4. Егер ат, тазы, бүркіт аңға түсіп, атағы шықпаса оның өз бағасы ғана қайтарылады, ұрланған жағдайда айыбы қоса:

а) ат орнына бесті, ә) тазы орнына тазы не оның күшігі, б) бүркіт орнына – бір бойдақ қой т.б.

5. Аң қакқан адам олжасын маңайындағы адамдарға береді. Бұл мәселеге байланысты ескерілетін жағдай: а) аңшылықты қызықтаушылардың ішінде болса не жолда жолықса, олжаны ең алдымен қызға береді; ә) орталарында қыз болмаса, олжаны төреге (сұлтанға) береді; б) ақсақалға береді.

6. Аңшының (аңшылардың) олжасы бірнешеу болса да жоғарыда көрсетілген тәртіп сақталады, ең алдымен соларға береді.

7. Көш кезінде кездейсоқ кездескен аңды да көшбасы жоғарыдағы тәртіппен береді.

8. Егер аңды (мәселен, қасқырды) бірнеше адам атпен қуып соқса, дауласушылар аттарын жарыстырады.

9. Егер бірнеше адам аң қуып, оны інге тығып ұстаса, егер аң ұрғашы болса, інге жақын қонған аңшы ұтады. Егер аң еркек болса, алыстан қуып келген адам алады. Інге түтін салғанда да осы тәртіп сақталады.

§ 3. Қоғамдық өмір

1. “Ақ сүйек” – бұл түбі Шыңғыс ханнан тарайтын әлеуметтік топ.

Олардың халықпен қарым-қатынасы “Жарғымен” реттеледі. Әлеуметтік мәселелерді өз ішіндегі үлкендері реттейді.

2. “Ақ сүйек” өкілінің (хан, ұлыс сұлтаны) құны қара қазаққа қарағанда жеті есе жоғары.

3. Қазақ төре тұқымымен кездескенде, аттан түсіп, бір тізесін бүгіп “Алдияр (Аллажар) тақсыр” деп сәлем етеді, аттанарда да осылай дейді. Төреден жасы үлкен немесе елге өте сыйлы адамдар тізе бүкпей-ақ “тақсыр” деп амандасады.

4. Хан мен ұлыс сұлтандары қара халықтың сыйлы өкіліне қолын иығына тпгізін сәлем ишаратын жасайды.

5. Қазақтан ел қызметіне қатысы жоқ төрелерге “Аллажар тақсырды” айту немесе аттан түсіп тізе бұғу талап етілмейді, қатар замандастары қол беріп амандасады.

6. Ел жиынына төре келсе, бәрі орнынан тұрып сәлемдеседі, төрден орын береді (мысалы – кнгіз үйде болса).

7. Хан, ұлыс сұлтанының әйелдеріне де, заты төреден шықса “алдияр” деп сәлем етіледі.

8. Ел қызметіне қатысы жоқ төрелерге жеті құн төлеу шарт емес, бірақ қарапайым құннан бірнеше есе көп болуы керек.

9. Төрелер өз-ара туының түсіне қарай айырылады (қзыл тулы, ақ тулы т.б.).

10. Хандық, не сұлтандық лауазымға әкесі де, шешесі де таза төреден шыққандар бірінші кезекте ұйғарылады.

11. Әкесі төре, шешесі қара қазақтан шыққан төрелерді “қараман” деп атайды, лауазымға екінші кезекте ұсынылады.

12. Төрелердің таңбасы бәріне бір, қазақтың таңбасынан бөлек, ұраны – “Арқар”.

13. Төре тұқымының некеде “жеті ата” тәртібін сақтауы шарт емес.

14. “Асыл сүйек” – түбі Пайғамбардың (Мұхамбет ғалайссалам) жұрағаты болып келетін әлеуметтік топ. Қара қазақпен қарым-қатынасы “Жарғымен” реттеледі. Өз іштеріндегі мәселелерді үлкендері шарифат заңымен шешеді.

15. Аса беделді қожалардың құны қара қазаққа қарағанда жеті есе жоғары, “жеті құн”.

16. Қожаларға қарсы ғайбат сөз айтқан, қол көтерген адамдар “үйірімен үш тоғыз” айып төлейді.

17. Қожалардың ішіндегі таза тектілеріне – “сейіт қожаларға”, ерекше сәлемдесу талап етіледі. Қарсы кездескен адам “әзіз тақсыр” деп алыстан қолын кеудесіне басып тағзым қылады.

18. Қожалар қазақ ішінен “зекет” жинауға хақылы. Ұлыс сұлтандары мен ел басшысы билер ел үстінен қожаның шығынын көтеріп, зекетін жинауына жәрдем жасайды.

19. Қожа тұқымының бәріне бірдей ілтипат көрсету шарт емес.

20. Қожада белгілі ұран мен таңба жоқ (“Алла ұранды қожа”).

21. Қожа тұқымының неке қарым-қатынастарында “жеті ата” тәртібін ұстануы шарт емес.

22. Қара сүйек – ру болып өмір сүретін қазақтың негізгі бөлігі. “Жарғы” тәртібіне толық бағынады және күнделікті өмір салтында қолданады.

23. Қара сүйек – қазақ елі өзінің билеріне (ру, ұлыс, орда билеріне) толық бағынады және солардың дегенімен жүреді.

24. Қоғамдық қатынастарда ру аралық жол тәртібі қатаң сақталады (ата тарату жүйесіне сүйенеді, туының және жасының үлкендігіне қарай):

а) соғыс-жауғершілік кезінде ру-руды қосының әскери құрылымдағы алатын орыны;

ә) соғыстан түскен олжадан үлес алу кезінде;

б) той-думан, жиынды ашу мезіреті, сөз сөйлеу реті;

в) ортада орын алу немесе төр мәселесі;

ғ) мүше тарату кезінде, т.б. көрінеді.

25. Рулар қоғамдық тіршілікте, жауғершілік кезінде аталарының туу ретіне – үлкен-кішілігіне қарай бір-біріне бағынышты болады.

Үлкен рулардан халық ісіне жауаптылық талап етіледі.

26. Ханның және “Жарғының” ұйғаруы бойынша ұсақ рулардың оз-ара одақ құрып, туыстығын бекітуіне рұқсат.

27. Рулардың оз-ара барымтасы кезінде көрші рудың ағайындығын көлденең салып, араласуына, бітімге шақыруына рұқсат.

28. Үлкен рулардың әлімжеттігін тоқтату үшін кіші рулардың оз-ара әскери одақ құруына да қарсылық жоқ.

29. Ру ішіндегі бүкіл әлеуметтік мәселелерді реттеу (байкедей, аға-іні, құда-жекжат) сол елдің ақсақалдары мен билеріне жүктеледі, солардың жауаптылығында.

30. “Жарғы” бойынша қазақ арасында жасы кіші жасы үлкенге құрмет корсетеді. Үлкен келсе орнынан тұрады, орын береді. Үлкенге “аға”, “еке” дегенді қосып айтады (мәселен Дұраға, Дүреке).

31. “Жарғы” қазақ ішінде жасы кішінің жасы үлкенге бірінші сәлем беруін (ассалаумағалейкум) талап етеді.

32. “Жарғы” қазақ ішінде жасы үлкеннің жасы кішінің сәлемін алуын (уағалейкумсалам) және “мал-жаның, бала-шағаң аман ба?” деп оз тарапынан мезірет көрсетуін қадағалайды. Жасы кіші “құдайға шүкір, оз мал-жаныңыз есен бе?” деп жауап беру қажет.

33. Жас келіншектер үлкенге сәлем еткенде бір тізесін бүгеді, оң қолымен оң жағын (бетін) жоғарыдан томен жанайды. Сәлем алған үлкен адам басын сәл изеп, “көп жаса” деп бата береді.

34. Келіншек болып түскен әйел күйеуінің ауылындағы үлкен-кішінің бәріне (әсіресе өте жақын туысына түгел, жастарын еркелетін, үлкендеріне ізет көрсетін) ат қояды.

35. Төлеңгіттер – төре маңында әскерп-шаруашылық қызметін атқаратын адамдар. Төлеңгіттердің басым көпшілігі тұтқынға түскен өзге ел өкілдерінен құрылуына “Жарғы” қарсы емес.

36. Қазақтың төре қол астына барып төлеңгіт болуына қарсылық жоқ, бірақ ол өз руының құрамынан шығады.

37. Төлеңгіттің өз шаруашылығы, отбасы болады және оған төре (хан, ұлыс сұлтаны) қол сұға алмайды.

38. Төлеңгіт өз қамқорының (хан, ұлыс сұлтаны) бір айтқанынан қалмай әскери жорыққа, сапарға, тапсырмаға шығуға міндетті.

39. Төлеңгіттер өз қамқорының шаруашылығына қолқабыс етуге міндетті.

40. Төлеңгіттердің өтінішін хан мен сұлтан қарсылық жасамаса билер қарауына қарсылық жоқ.

41. Төлеңгіттердің өз қамқорын тастап не өзге елдің хан, ұлыс сұлтанына не болмаса қазақтың руына қосылуға хақысы бар.

42. Төлеңгіттер өз малына төре таңбасын салады.

43. Құлдар-күндер не тұтқынға түсіі, не сатылып алынған адамдар.

Өлардың қазақ болмауы – басты шарт.

44. Қазақтың сунит-мұсылмандарды құл-күнге айналдыруға хақысы жоқ.

45. Құл (күн) – куәлікке (айғаққа) тартылмайды.

46. Құл (күн) – өз пәсінің үстінен билер алдына шағым жасауға хақысы жоқ.

47. Құл (күн) – өз жасаған қылмысы үшін жауап бермейді, оның жасаған қылмысына иесі жауап береді.

48. Құлды (күнді) жазалау мөлшерін иесі шешеді (құлақ кесті құл). Құлдың (күнің) құны құдай алдында сұраусыз, иесі өлтірсе де, оған ешкім кінә арта алмайды.

49. Иесінің (бай, сұлтан, хан) құлды (күнді) айыпқа (құл бастаған тоғыз), жасауға (күн бастаған жасау – түйенің басын жетелеу), бәйгеге тігуге т.б. шексіз мүмкіндігі бар.

50. Иесі құл мен күнді азат етемін десе өз еркінде (азат құл).

51. Егер бір қазақ өзге қазақтың не жүйрік тазысын, не қыран бүркітін кездейсоқ өлтірсе, оның құнына құл-күн ұсынуға ерікті.

52. Азат құл еркін қазақ руынан қыз алып, сол руға сіңсе, оған ру және оның биі жауапты.

53. Азаттық алған құлдың баласының еркін қазақ азаматы хақы бар.

54. Егер құлды (күнді) азат етіп және асырап алам десе, ол адамға ешқандай шектеу, айыптау жоқ.

55. Өзге елден келін (саудамен, молдалықпен, хатшылықпен) қазақ арасына сіңген адам – шалақазақ атанады.

56. Шалақазақтың хақысын сол ру қорғайды. Егер ол ұрлық жасап, есе бермесе, дауғер жақ сол рудың ақсақалы, биінің малын қуып алуға хақылы.

57. Ру қорғамаған немесе “жан беретін” адам табылмаған жағдайда шалақазақтың өмірін қалай шешуді дауғер жақ өзі біледі.

Қарым-қатынас

1. Егер ұлыс сұлтанын қара қазақ сөзбен жәбірлесе – бір тоғыз (сұлтанның беделіне қарай: құл бастатқан немесе түйе бастатқан, немесе ат бастатқан).

2. Егер ұлыс сұлтанына қара қазақ қамшы көтерсе “үйірмен үш тоғыз” айып салынады.

3. Сұлтандардың өз ішінде үлкенін жәбірлесе, “ат-тон” айыппен шешіледі.

4. Егер сұлтан биді сөзбен жәбірлесе, ел алдында кешу отінеді, ал қамшы көтерсе қолындағы қамшысын береді.

5. Егер биді қара қазақ баласы жәбірлесе – бір тоғыз, жұмсаса – екі тоғыз айып салынады.

6. Әлеуметтік жағдайы қатар адамдар бір-бірін ренжітсе ел алдында кешірім сұрап бітіседі. Егер ел алдына шыққысы келмесе ғана би кішісіне бір тоғыз немесе ат-тон айып кеседі.

7. Егер күштінің бірі нашар адамды ренжітсе би алдында “азусыз ат, жиексіз тон” береді (бір қой, бір байлам мата).

8. Әйел адамды ренжіткеіі үшін (сөзбен, қолмен) әлеуметтік дәрежесіне қарай айып төленеді (ат тон – үйірімен үш тоғыз).

9. Әйел адамның немесе баланың үстінен айтылған арызды би қабылдамайды (қазақ салтында, дұрыс еркек әйелмен, баламен байланыспайды).

10. Егер екі адамның арасындағы жанжалда бір жағы жарақаттанса, оның емге кеткен шығынын кінәлі жақ өтейді. Оған қоса айыбын береді.

11. Сырттан айтылған сөз үшін билер ешкімді айыптамайды.

12. Ата-анасына, ауылдың сыйлы үлкеніне қарсы келгенді қара сиырға теріс мінгізеді де, ауыл аралатады.

13. Елді басына көтерін аттандаған және жалған хабар таратқан адамдарды (өрт, қасқыр, су тасқыны т.б) жұрт алдында қамшымен сабайды және өтірікші атайды.

14. Жиын-той, ас беру кезінде елдің шырқын бұзған адамды ас немесе той иесінің пайдасына деп қылмысына қарай айып (ат-тон) тартқызады. Ондай адамды “жиын бұзған тентек” дейді.

15. Ауылға жайшылық уақытта ат қойып келген адамды “ауылға ат жүгірту” ат-тон айыпқа тартады және сабайды.

16. Ауыл көшія келе жатқан уақытта кошке қарай ат қою үлкен қылмыс болып есептеледі (кошке тию). Егер оны көш үстіндегі жауынгерлердің бірі атып түсірсе құн төлемейді. “Көшке тиюші” аман қалса ат-тон айыбын төлейді.

17. Қаралы көшке ат қою үлкен бейбастақтық болып саналады және кінәлі бір тоғыз айып тартады. Рудың үлкендеріне абырой әпермейтін іс саналады.

18. Ауылға қарай ат қоюға тек сол ауылда адам өлсе ғана рұқсат, адам өлімінің белгісі қаралы үйде жалаулы найза (ақ жалау – кәрі, қара жалау – орта жас, қызыл жалау – жас адам) көтеріледі. Ат қойғандар “бауырым”-дап, ат жалына еңкейіп ауылға шабады.

19. Егер ойын-той кезінде немесе аңшылықта кездейсоқ өлім болса, кінәлі адам тарапынан өлімді жөнелтуге көмек көрсетіледі (“ас-атау көр-кебін”), құн тартпайды.

Егер де адамды не малды бура шайнап өлтірген болса (үйірге түскен кезде бура өте ашулы болады) би бірнеше жағдайға көңіл бөлуі қажет:

1) егер бураның мінезі бұрыннан белгілі болса, оны арқандап, не тұсап отырмаған үшін иесі өлген адамға құн төлейді (сүйек құн мен қырық байтал қосылмайды), өлген малдың басын қайтарады;

2) егер бура бұрын мінез көрсетпесе бураның иесі өлген адамның туыстарына өлікті жөнелтуге көмек жасайды (ас-атау, көр-кебін), бураны солардың қолына береді, егер малды өлтірсе ешқандай жауаптылық тартпайды.

20. Егер адам өлімі байлаулы аттың тебуінен болса, билер бірнеше жағдайды ескеруі қажет:

- 1) егер ат кигіз үйдің сыртынан белдеуге байланса, оған ат пәсі құн төлемейді;
- 2) егер ат кигіз үйдің жанына іргесіне байланса ат несі жарты құн төлейді;
- 3) егер ат үйдің кіре берісіне (босағаға) байланса, ат пәсі толық құн төлейді.

Қонақ асы

1. “Қонақ асы” тәртібі жолаушының (қонақтың) қонамын деген үйіне: 1) ауылдың сыртымен оң келуін (қотан арқылы отуға болмайды), 2) үйдің сыртынан жақындап сәлем етуін (“Сөйлес” немесе “сөйлесетін кім бар-ау?” деп дауыстайды) талап етеді.

2. Егер жолаушы ауылға қонғысы келсе, ауылдың сыртында аттан түсіп, ауылға қарап малдас құрып отырады. Ауылдан біреуі келін шақырады.

3. Егер жолаушы ауылға жақындап, аттан түсіп, оны тұсап, өзі жаяу келсе, ол да дұрыс (құрмет) саналады.

4. Жолаушының ауылға соқпай жанамалап өтіп кетуін басынғандық, сыйламау не жөн білмеу есебінде айыптап, не ұрлық жасап, тәртіп бұзып жүрген адам деп күмән тағу кінә емес.

5. Жолаушы үйге кірерде қару-жарағын босағаға сүйеп кетеді.

6. Хан ордасына енген адам қолына қамшы да ұстамауы шарт.

7. Қонақжайлық дәстүрі бойынша құрметті қонақ келсе үй иесінің өзі аттан түсіріп, не балалары, не әйелі-қызы қонақтың атын байлайды.

8. Кез-келген қазақ үйі (отбасы) жолаушыға (құдайы қонақ) тамағын беріп, төсегін жайлауға тпіс.

9. Үй пәсі (отағасы) қонақ асы беруден бас тартса, жолаушы сол елдің биіне барып арызын айтып, ат-тон айып алуға хақылы

10. Кез-келген жолаушы (қазақ болуы шарт) “атамыз Алаштан қалған болінбеген еншіміз бар” деп түскен үйінің “қонақ асы” талап етуге хақылы.

Бөлінбеген енші

1. Қазақтың түп атасы Алаш қартайған уақытында үш баласына (Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс) енші бөліп, өзіне бір бөлігін алып қалыпты. Өлім алдында балаларын арыздауға шақырып қолындағы бір бөлікті тағы үшеуіне берін “бөлінбеген еншілерің болсын” депті. Жолаушы жүрсендер, көшіп қонып жүрсендер, қиындық көрсендер аяқ-табақтарыңды, жейтін малыңды алып жүрмендер, осы үлестен бір-біріңе қонақ асы беріңдер деп тапсырса керек. Осы себептен қазақ баласы “Алаштан қалған бөлінбеген еншім бар” деп біледі.

2. Кез-келген қазақ шаруашылығы жұттан не жауғершіліктен тозса, қазақ баласынан жылу жинауға хақылы. Соғыстың кезінде жау шапқан рулар, өзге елден жылу талап етуге хақылы. Әркім өзінің мүмкіндігінше көмектеседі.

3. Кез-келген қазақ отбасы не ата баласы шаруашылығына көмек сұрап (құн төлеу, қалың беру, жасау) бірге қонып, бірге жайлап жүретін көрші ауылдан, отбасыларынан көмек сұрауға хақылы.

4. Егер кедейлеу отбасының бір үлкен малы кездейсоқ өлсе (мысалы: құдыққа құлап), онымен жақын отырған көрші ауылдас ағайындары “он екі жілік “ деп көмек көрсетуі шарт.

5. Егер бар болып отырып, алыс-жақын ағайын немесе қаймана қазақ нашарға көмек бермесе, оған кемі ат шапан айып салынады, зоры қоғамдық жпындардан шеттетіледі.

6. Жауғершіліктен келген батырлар “сауға” деп алдынан шыққан қазақ баласына (олардың ішіне жауға өзі бару мүмкіндігі бар адам енбейді) үлес беруге міндетті.

7. Бәйгеде аты озып келген адам, елдің үлкендеріне, қатарлас адамдарына сый көрсетуге, бөлісуге міндетті.

Бәйге

1. Аламан бәйгелерде үлкен сый беріледі. Әсіресе белгілі, дәулетті адамдарға ас берілгенде кемі 20-25 атқа бәйге беріледі. Бірінші келген атқа 100 жылқы, 100 қой, бір тоғыз түйе, жібекпен

жауып төрт қанат отау, т.б. тігіледі. Кейін келген аттардың бәйгесі біртіндеп азая береді.

2. Аса ірі бәйгелердің кезінде 40-100 атқа бәйге беріліп, бас бәйгеге отау үйімен, 100 жылқысымен құл не күң тігіледі.

3. Күреске түсіп жеңіске жеткен балуан ағайындарына, ел үлкендеріне сый-үлес беруге міндетті.

Сауын

1. Сауын-жағдайы келіскен, шаруасы түзу адам өзінің көрші-қолаңына, туыс-жақынына сауынға мал (жылқы, сиыр) береді. Мал иесінің жағдайына байланысты сауынды пайдаланушы не өсімімен, не өсімінсіз қайтарады.

2. Сауын уақытында пайдаланған малдың сүті, жүні, қылы т.б. мал несіне қайтарылмайды. Сауынды пайдаланудың уақыты екі жақты келісімге байланысты жасалады: бір-екі жылға немесе мал иесінің шаруашылығындағы шығынға дейін.

3. Сауын алып пайдаланып отырған отбасылар – еркегі, бала-шағасы бар, барлығы да мал несіне тілекшіл болуы тиіс. Сонымен бірге, келісім бойынша күнделікті шаруашылыққа көмектесу немесе қыста жылқы бағу т.б. шаруаларды атқаруы мүмкін (соның ішінде барымтаға бару т.б. басқа шаруалар). Егер байдың шаруашылығын жұт кедейлендірін не жау шапса, жақын туыстарына, көрші қолаңға берген сауын малын мерзімінен бұрын қайтарып алуға хақылы.

Көлік (көмек) майы

1. Ағайын-туыс арасындағы, көрші-қолаң арасындағы көмектің бір түрі. Қашанда баққан малының ыңғайымен қоныс ауыстырып көшіп жүретін қазақ елі үшін дүние-мүлкін теңдейтін, алыс жолға шыдамды күш-көлік басты қажеттілік.

2. Өз малы болмаған жағдайда немесе бала-шағасына, дүние-мүлкіне жетпеген жағдайда, көрші ағайындарынан, туыстарынан алуға хақылы. Көлікке түйе, өгіз, жылқы алады, үлкен күймелерді қозғау үшін, әсіресе өгіздердің еңбегі ерекше. Көлік майын әркім өз қал-қадірі келгенше келіседі. Оның ішінде шаруашылық мәселесіне көмектесу т.б.

Қызыл көтеру

1. Ағайынды елдің арасындағы, ауыл ішіндегі өз-ара көмек. Егер бір адамның үлкен малы аяқ астынан өліні (мәселен сауып отырған биесі), қиындық көрсе, жақын туыс-көршілері бір ұсақ малдан береді. Ол үшін мал иесі өлген малының, адал бауыздап алса, бір-бір жілігін көршілеріне таратады. Сол жіліктердің (он екі жілік) орынына жиналған малға ірі мал сатып алады.

Шүлен тарту

1. Аса байып кеткен адамдардың немесе бір себептермен құдайы деп елге көмек не мырзалық көрсеткісі келген адамдардың арасында кездесетін өз меншігіндегі мал-дүниені таратуды “шүлен тарату” деп атайды. Ағайын алыс-жақын туыстың тілек етуімен немесе бір атақты іс бітіргенде немесе жақсы бір атаққа қалғысы келгенде де, дәулетті адамдар өз ықтиярымен шүлен таратады. Елдің билерімен, ақсақалдарымен ақылдаса отырып дәулеттеріне қарай $1/5$, не $1/10$ бөлігін таратады (әр түрлі болады).

2. Егер малын шүлен берсе қалың елдің алдынан айдағып әр оныншы, не жиырмасыншы малды алдына келгендерге береді. Ол жолаушы осы елдің адамы, өзге елдің адамы болсын айырмасы жоқ. Талап – батасын беруі, ризалығын айтуы керек. Шүленге берген малды иесі қайта ала алмайды, құдай алдында (тәңірі алдында) сұраусыз деп береді. Шүленнің кезегі келген мал (жүйрік, жорға болса да, немесе атақты бәйге аты болса да) кезегі келген адамға береді. Егер шүлен малы мал пәсінің мал дәулетінің құты болса өзге малға ауыстырады.

1. Әр түрлі табып апат (жұт, өрт т.б.) салдарынан мал мен дүңпесінен айырылып, күн-көруі қиындап кеткен адамдар қазақ баласынан жылу жинауға хақылы. Жылуды ел болып та, жеке адам болып та жинайды, қандай да түрі болмасын жылу жинау туралы шешімді ел басшылары мен бплердің келісімімен алады.

2. Егер апат бір адамға, бір ата баласына ғана келген болса, рулы ел өз бетімен-ақ көмектесін, жұтаған адамдарға қарайласады. Ал жоқшылық тұтас руга келсе, онда амалдың жоқтығынан өзге елдерге барып өтініш жасауға тура келеді. Ел билері көрші алыс-

жақын елдердің басшыларынан жылу жинау үшін келісімін алады. Кей жағдайларда өз сыйласуларына қарай (құда-жекжат т.б.) көрші рулар өз бетімен көмек көрсетеді.

3. Қазақ ішінде жылуды кез-келген дәулетті қазақтан сұрау айып болмайды (егер шын жұтап отырса). Жағдайы келін отырған адам нашарға деп жылу беру тәңірі алдындағы іс болып есептеледі. Егер жылу жинаушы (адам не ру) өзінің берекесіздігінен, жағымсыздығынан не өз дәулеттісінен ала алмай өзге елде жүрсе, айыпталады – “өз ағасын ағаламаған – өзгеінің ағасын жағалайды”.

Жұртшылық

1. Көрші адамдар мен көрші рулардың арасындағы өзара көмек “жұртшылық” атанады. Бір жұртта тұрып, мәселен ел көшкен кезде, туысқанын, көршісін тастап, өзі жайлауға көшін кету – қайрымсыздық болып саналады. Мұндай адамды ел айыптайды, бплерін-байларын қоғамдық істерге қатыстырмайды, төрден орын бермейді (өзін жарылқамаған). Қыстың күні мал-жайылымы кпындап, мәселен бір жерді көктайғақ мұз басса, ол ел жұртшылық дәстүрін пайдаланып, көрші жақын рулардың жерінен жайылым сұрауға хақылы.

2. Жазды күні жайылым болғанымен, тұшты суы жоқ ауылдар малын суғару үшін көрші елдің құдығын, қонып отырған өзен-көлін пайдалануға хақылы.

Сұрап алу кәделері

1. **Немеуірін сұрау** – енші алып, бөлек шыққандар туған-туысқандарынан немеуірін сұрап (көмектесулерін сұрап) мал-мүлік алғанды айтады. Қандас туыстар әрқашанда отау тігіи, бөлек шыққан туысқанына немеуірін сұрап келсе, мал-мүлкінен қолынан келгенше көмектесуге тиісті.

2. **Сауға сұрау** – жорықтан не бәйғеден олжалы болып келе жатқандардан туыс, сыйлас жандар сауға сұрағанда, түскен олжасының бірер мөлшерін сұраушыға беруге тиісті.

3. **Сыралғы сұрау** – аң аулап, олжалы келе жатқан аңшыдан сұрап алатын сыйлық. Егер аңшы, мысалға бір киік немесе арқар

атып алса, сыралғы сұраушыға сол аңның бірін немесе бір мүшесін берін кетуі керек.

4. **Байғазы сұрау** – мінген ат, киген киім немесе жаңа мал-мүлікке туысқандарынан көрімдік сұрау. Байғазы сұраушыларға “Құтты болсын” – айтып, сыйлық беру шарт.

5. **Қолқа сұрау** – құрбы-құрдас не досына сапарға баруға жақсы атын бере тұруын өтіну. Қолқа сұраушыға сұрағанын беріп, көңілін қайтармау міндетті.

6. **Телім сұрау** – жасы келіп өлген, жұртқа қадірлі адамдардың киімінен сұрау. Сол секілді әулне, абыз атанғандардың киімін жыртып, телім ету. Ақ киізге көтеріп, хан сайланған соң, сол кигізді тіліп-тіліп телім (тәбәрік) алуға рұқсат.

7. **Бұйымтай сұрау** – келген қонағына сыйлық беру, “не шаруамен келіп едің” деп сұрап, жөнін білгеннен кейін, кетейін деп жатқан қонағынан нендей бұйымтайың бар еді, – деп, қонақжайлық көрсетуі шарт. Қонаққа барғанға әрі өзіне тиісті сыбағасын алып келгендерден, кетерінде “бұйымтайың не”, – деп сұрау міндет.

8. **Тон сұрау** – киім-кешектің тапшы кезеңінде тон, киім-кешектің сән-салтанаттысы есебінде сыйлы ақсақалдың үйінде сақтаулы тонды құдалыққа, жәрмеңкеге барғанда сол отбасы иесінен сұрап алып, киіп баруға рұқсат.

9. **От сұрау** – көрші ауыл, көрші үйлерге от (күлдің арасына көмілген қызыл шоқты) сұрай келін, тамыздық алып отыруға рұқсат.

10. **Сүйінші сұрау** – қуанышты хабар жеткізушілерге берілетін сыйлық.

Сүйіншінің мөлшері сол мал-мүліктің (егер жоғалды деген мал болса) бестен бір мөлшеріне тең.

Ас беру

1. Ас беретін ру (ата баласы) алдымен сауын айтады (шақыратын елдерге). Сауын айтылмаған (хабаршы келмеген) елге келу міндет емес.

2. Хабар жеткен ел қатысатынын, қатыспайтынын бірден анық айтады.

3. Асқа жиналған ел басылары өз тентектеріне жауап береді және астың шырқын бұзбау ата намысы болып саналады.

4. Егер ас иелері аза салып келгендерді дұрыс қабылдасамаса (тиіс деңгейде үй тігу, мүше тарату), олар ас пелерінің үстінен арыз айтуға хақылы.

5. Егер келген адамдар тәртіпті бұзса (кешігі келу, төбелес бастау), ас иелері олардың үстінен арыз айтуға хақылы.

6. Ас беру кезінде жанжал-төбелес болса, кінәлі жақ билердің шешімімен ас иесіне ат-тон айып төлейді.

7. Егер дау бәйгеге байланысты болса, бірдей келген екі жүйріктің бәйгесін ат иелері (рулар) тең бөліседі, оған көнбеген жағдайда аттарды тынықтырып алып қайта жарыстырады (дауласушылардың аттарын ғана).

Ел басшыларының, дәулетті адамдардың өлгеннен соң бір жылдан кейін жылын өткізуді “ас беру” деп атайды. Шамасы келгендер бірнеше қайтара ас береді (үш ретке дейін). Мүмкіндіктеріне қарай алыс-жақын елдерге сауын айтады (хабарлайды). Қазақ ішіндегі өте ірі тұлғалардың асына аза салып, саба жиып, жол-жоралғысымен Алаш баласы түгел келген. Сол себептен де, ас беру кезінде ел ішіндегі ірілі-ұсақты мәселелер билердің талқысына түседі, әсіресе ру арасындағы араздық мәселесі, рулардың жолы, барымта т.б. Ас беру кезіндегі төрелік “Кеңес” тәртібімен отеді.

Ас берудің шығынын тұтас рулы ел, ағайын көтерін алады: сойыс деп мал жию, үй тігу, бәйге беру. Осы шығынның әр қайсысын белгілі бір аталар немесе марқұммен сыйлас, қатарлас адамдар да көтеруі мүмкін. Марқұмның туысқандары ондай адамдарға ерекше ықылас көрсетін, жолын беруге хақылы.

Ас беру кезіндегі әр түрлі шаруашылық-қоғамдық мәселелерді басқарып отыру үшін ақ иелері елдің басшыларынан таңдаған адамына ұсыныс жасайды. Бәйгеге (ат бәйгесі) ерекше жауапты адам сайланады (билердің арасынан), онердің (күрес, ақындық т.б.) басқа түрлеріне де жауапты адамдар сайланады.

Төрелер мен қожалар, әр рудың бас көтерер адамы өздерінің жолына сәйкес ерекше тігілген үйге түседі, олардың өз жолдарына қарай сый құрмет талап етуі заңды. Жол тәртібін реттеп отыру

асты басқаратын адамның міндеті саналады. Асқа байланысты туындайтын даулардың ішінде: егер келуші астың белгіленген уақытынан кешіккен болса, өзіне тиесілі орынды талап ету мүмкіндігі азаяды. Ас бәйгесінде бірнеше ат қатар келсе, ас иелерінің талабымен бәйгеіі бірнеше күннен кейін қайта өткізуге рұқсат беріледі.

§ 4. Дін және шарифат жолы

“Жарғы” мазмұнында дінге қатысты бірнеше талап бар, оларды жеке-жеке былай талдауға болады:

1. Құдайға тіл тигізген адам, егер тіл тигізгенін жеті адам дәлелдеп, куәлік берсе, өлім жазасына кесіледі. Өлім жазасы шарифат талабына сәйкес таспен атып орындалады.

2. Өзге дінге кірген, соның ішінде христиан дініне кірген адам, өз мал-мүлкіне, қатын-баласына иелік хақынан айырылады. Себебі мал-мүлікке, адам жанына ру ортақ. Өсы себепке байланысты “шоқындының” мал-мүлкінің, қатын-баласын ағайын-туыс боліп алса қылмыс болып саналмайды.

Шарифаттың тікелей әсері “Жарғының” төмендегі ережелерінен көрінеді:

3. Өзін-өзі өлтірген, жазалаған адамдарға жаназа оқылмайды, олар ру қорымынан бөлек жерленеді:

4. Адам өлер алдындағы өсиетін ағайындар мен молданың алдында айтуы қажет. Егер де ауылда молла болмаса, өсиетті жақын ағайын, жолдас арасында айта береді.

5. Өйел адамның құны ер адамдардың құнына қарағанда екі есе кем. Сонымен бірге еркек адам әйелін өлтірген жағдайда, әйелінің туыстарына, олар талап етсе, құн төлейді, ал әйел адам еркегін өлтірсе өлім жазасына кесіледі. Өйел адам егер аяғы ауыр болса, кешірім етіледі, бірақ ағайын-туғанның алдында жазалы болып қалады (қарабет).

6. Шарифат жолы – әуелі Құран кәрімге, одан кейін хадистер мен сунналарға негізделеді.

7. Даулы мәселелер бойынша (істер) шешімді шарифатты жақсы білетін және адалдығымен елге танылған қазы мен имам айтуы қажет

8. Қазы не имам (муфты) билік ісін көпшілік алдында, ауызекі жүргізеді.

9. Даулы іс бойынша ант беретін адамды екі жақ өздері ұсынады.

Ант беретін адам ұсыныстан бас тарта алмайды, егер бас тартса: бір құлға азаттық беріп не 10 адамды тойындырып ас беруі керек.

10. Жалған ант беру тек өзге діннің адамынан өз туысын қорғау үшін ғана беріледі. Құдай алдында өзін ақтау үшін жалған ант берген адам бозқасқа шалып ақталуы қажет.

11. Қарыз беруші қарызын өсімімен алуға қақы жоқ.

12. Қарызын қайтара алмаған адам қызметімен өтейді.

13. Әкеден қалған мұра ұлдарына екі есе, қыздарына бір есе тәртібімен бөлінеді.

14. Марқұмның өз баласы болмаса аға-інісі екі есе, апа-қарындасы бір есе мұра алады.

15. Ері әйелінің мал-мүлкіне қол сұға алмайды, иелік етуге хақы жоқ.

16. Ерінен ұрпақ қалмаса, әйелі ер мұрасының төрттен біріне ғана ие болады.

17. Егер марқұм көзі тірісінде біреуге қарыз болса, балашағасы оны өтеуге міндетті.

18. Ұрлық жасаған адамның ұрлағаны 10 дирхемнен (теңге) көп болса, бір қолы кесіледі.

19. Ұсақ заттар (сабын, балық, құс) ұрлық болып саналмайды, жаза кесілмейді.

20. Шариғат бойынша алдын-ала тергеу жұмысы жүргізілмейді.

21. Тонау (Хараба) өте ауыр қылмыс қатарына жатады:

1) егер қорқытып өзгенің дүние-мүлкін алса;

2) егер алған затын таратып жіберсе;

3) егер түгелін өзі жаратып жіберсе;

4) тонау өліммен ұштастырылса, ондай ұры-тонаушыға өлім жазасы кесіледі.

22. Ерлі-зайыпты адамдар арасында кездесетін көзге шөп салу (зина) өлім жазасына (таспен атып) кесіледі. Егер 4 куә көзбен көріп мойындатса.

23. Зинаға байланысты жалған куәлік берген адамға 30 рет дүре соғылады.

24. Арақ ішіп, ләйлін жүрген адамға 80 рет дүре соғылады.
25. Діннен шығу – иртидад (ислам) өлім жазасына кесіледі (таспен атып өлтіру).
26. Қоғамдық тәртіпті бұзу, ел басшысына, үкіметке қарсы көтеріліс, өлім жазасына кесіледі.
27. Қазы немесе имамның билік кезінде шариғат талап ететін тәртіпті жазадан (хадд) ауытқуына тиым салынады.
28. Адам өлтірген қылмыс бойынша қазы қылмыскерді өлім жазасына кеседі (қысас).
29. Егер өлген адамның туыстары кешірім берген жағдайда, қылмыскер құн төлейді (дийа).
- Егер қылмыс, не дау шешімі шариғатта (құран, сунна, хадис) көрсетілмеген болса, қазы өз түсінігі бойынша жаза кеседі (тазир).

Үшінші таған: КЕК ПЕН ЖАЗА

§ 1. Кек

Қазақ ұғымында кек қайтару ғұрпы айыпталған емес, керіінше әлдеқалай бұзыққа, не келімсекке қандас туысының өшін жіберсе, не өз басынын намысын қорғай алмаса, ондай азаматты халық қор санаған. Туысын өлтірген қылмыскердің өз қанын не ағайынының қанын ішпей жіберу кешірілмес күнә саналып, ондай еркектер жұрттын көзіне шыққан сүйелдей болып, өзгелер онымен бір дастарқанға отыруға арланған.

Алаштың азаматына қас жауының кеңірдегін қанжармен орып жіберін, қанын ішу ата жолына кіретін, әдет-ғұрып алдындағы абыройлы міндет. Ер жігіт түгілі қазақтың бойжеткен қызы да беліндегі кездігін тастамайды (ер кіеесі және әйел кіеесі).

Қазақтың XVIII ғасырдағы қатал мінезі туралы А.И.Левшин (1832 жылы) былай деп жазады:

“Қандай арманшыл адам болса да, бұл адамдар қауымына қызығуы қиын, оларды не рухани табығаттың тамашасы не тұрмыс-тіршілігі қызықтырмайды. Олар қаталдыққа әбден үйренін алған және мінезді жұмсартатын нәрсенің бәрінен қашады, ұрлықты да қаталдық деп, ержүректілікті өмір бойы қан төгу деп түсінеді”.

“Өзіне жасаған қорлыққа кек қайтара алмаған қазақ, ашу-ыза үстінде құтырған қашырға ұқсас, – дейді А.И. Левшин. 1821 жылы Антонов бекінісінде сол маңда көшіп жүрген бір ордалық қазақ менің көзімше өзін пышақпен бірнеше рет тілгілеп тастады, есебі оның төбелесіп жатқан бір орысын бірнеше Жайық орыс-қазақтары арашалап алып қалып, әбден шерін тарқатуға мүмкіндік берген жоқ. Екінші біреуі билердің кесімімен жазаға бұйырылғанына күйінін, жан шошырлық кейінке түсті, қолма-қол өзін жаралап, әкесіне балта ала жүгірді, қызына жара салып, бірнеше жылқыны балталап тастады”.

“Егерде талай кедергіден өгін, көптен бері іздеп, ақырында өзінің кегі кеткен жауын тапқанда, ол тіпті нағыз жолбарысқа ұқсап кетеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Кіші жүздің Бай ұлы елінің ішіндегі Беріш руының қазақтары, өз туыстарының кегін қуып

Әлім ұлына шабуыл жасады және бірнеше жауын қолға түсірді. Қолға түскен бақытсыз жандардың, оның ішінде кінәсіздері де бар, басына түскен тағдырын адам қиялы елестетуі неғайбыл. Жедімпаздар оларды бейіт басына, өздерінің өлген туыстарының қабіріне алып келін, бір-бірлеп, сол жерде-ақ өлтіреді, үлкенінің кеңірдегін орып жіберін, аққан қанын уыстап тұрып ішкен”.

Ханда билік, билерде бәтуә жоқ кезде қазақтың рулары өз-ара да қанды кек қуысатын болған, мүмкін сондай жан кештілік заманда өзін-өзі сақтау, халық болу, қалу да оңай болмаған болар, бірақ намысты жоғары қойған, “қоянды қамыс, ерді намыс олтіреді” дейтін қазақ үшін кек қалыпты жағдай болған. Орталық саяси билік әлсіреген тұста “қанды кек” тәртібі қылмыстың алдын алудың ең ұтымды тәсілі. Әркім өзінің жазасыз қалмасын білуге тиісті.

Бірақ сөзге түсінген, сөзге жүгінген ел болғандықтан, қазақ руларының өз-ара дау-шараларын от тілді, орақ ауызды би-шешендері ушықтырмай, шешіп отырған. Қазақ “Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді”, – деп сөз өтетін жерде, шоқпарын ыңғайламаған, сөзбен қағысып барып ештеңе шықпайтын болғанда ғана іске кіріскен, әйтпесе көшпелі ыдырап жүрген елді бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратындай ұйымдасып, ынтымақтастырып отыру оңай болмаса керек.

XVIII ғасырда өмір сүрген Ақтамберді және Үмбетбай жыраулар бір дауға байланысты сөз жарыстырғанда айтқаны: Ақтамберді: Қынаптан қылыш суырмай, Қарысқан жау бұлк етпес. Жуылмай қастық қанымен, Намысқа тиген кір кетпес. Шабыссаң, қане, шығып көр, Жау емессің күш жетпес. Жеңдетті көрсет көзіме, Желіккен басты кім кеспес. Еліңді жүндей түткізін, Қанды көбік жұтқызып, Жайратамыз осы кеш. Үмбетей: Ей, Ақтамберді Суытпа босқа түсінді, Қайрама онша тісінді. Сырт тазасы не керек. Тазарт әуел ішінді, Салмақтассаң айта ғой, Хан алдында күшінді. Елімді иесіз деймісің, Ерімді киесіз деймісің? Алты арысқа білдірмей, Басып жеймін деймісің? Батпан-батпан мінің бар, Қабынбай бітім қылыңдар.

Міне, Үмбетейдің дегенімен екі ру қазақтары қанды қырғынға бармай, бітімге құн төлеп келіскен.

Ал енді сыртқы жау, бөтен елде кеткен кек іште қатқан шер болған. Жненбай іште қалған шерін былай деп айтқан: Керегеге ілінген, Шабылмаған семсер тұр. Жаудан алмай кегімді, Есіл де өмір өткен құр.

Сыртқы елмен қатынаста құн төлеу, кешу, бітімге келу өте сирек болғандықтан, не жеңу, не жеңілу керек еді. Атақты Абылай заманындағы ағайынды батырлар Жауғаш, Биғаштың Жауғашы қалмақта өлгенде (елшілікте) қазақ батырдың жолында қырылмақ болып, жеті ердің құнын алған. Сол сияқты кек қайтарушы кісіні “Қаскүнем” деп атаған, демек ол өзінің ойындағы істі көпке дейін сәті келгенше күтіп іске асырушы.

§ 2. Қанды кек дәстүрінің қолдану тәртібі

Қанды кек – қазақтың әдет-ғұрып заңдарының ішінде бірінші орын алатыны (қанға – қан, жанға – жан).

“Жарғы” бойынша өлген адамның туыстары қанішерді өлтіруге хақы бар, егер дене мүшелерінің бірі жазым болған жағдайда (мысалы, аяғы, мұрны) қылмыскердің аталған дене мүшелеріне зақым келтіруге қанды кек тәртібі рұқсат береді. Егер талапкер жақ келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жұмсартылатын да жағдай болады. Онда қанды кектің орнына талапкер жақ қылмыскерден алынған төлеммен қанағаттанады. Кісі өлтірушінің өмірін сақтау үшін руластары төлейтін төлемді “құн” деп атайды.

Ер адамның құны 1000 қой, әйелдікі – 500 қой. Сол сияқты билердің ұйғарымы бойынша, адамның дене мүшелеріне келген зақымды малмен төлеуге мүмкіндігі болады. Үлкен бармақтың төлемі – 100 қой, шынашақ – 20, т.б. Ал сұлтан, қожа тұқымдары үшін құнның төлемі 7 есе, жеті адамның құнын талап етуге хақы бар. Сол сияқты сұлтанды, иә қожаны тілдегені үшін 9 бас айып төлейді, ал қол жұмсағаны үшін 27 бас, “үйірімен үш тоғыз” төлеуі тиіс.

Кей-кейде қылмыскер жақ істелген іс үшін аяққа жығылып, құн төлеуге келісім беріп тұрса, өлген адамның туыстары көнбеуі мүмкін.

Олай болса, олардың біреуі бес қаруын асынып, сайлы атын мініп, қылмыскермен жекпе-жекке шығуы керек.

Жекпе-жекке шақырған жақ қылмыскерді өлтіре алмаған жағдайда құн орнына бір тоғызбен қанағаттанады, ал өлтірсе қылмыскердің құны сұраусыз.

Сол тәрізді күдікті адамды кектен құтқару үшін, оның руластарының ішіндегі ең сыйлы, қадірлі, елге беделді ағайындарының бірі жұрт алдында кепілдік берін, ант ету керек. Осы ғұрыпты қазақ “жан беру” деп атап, істің шешімін тауып, келісімге келеді.

§ 3. Жаза түрлері

Әдет-ғұрып заңдарының бір тармағы есебінде әртүрлі қылмысқа қатысты жазалардың ішіндегі ең ауыры – өлім жазасы, өлім жазасынан кем соқпайтын түрлері де баршылық.

Қазақ арасында жиі кездесетін жазаның бір түрі – қылмыскер адамның мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағып, ауыл айналдыру. Әсіресе, бұл ауыл ішінде тәртіп пен имандылықты бұзғанда қолданылады.

Қылмыскерді қара снырға мінгізін, бетіне қалың қылып күйе жағып, мойнына әбден құрым болып қалған ескі кпгізді іліп, соңынан жүрін қамшымен ұрып отырады және бетіне түкірін, топырақ шашып әбден қорлайды.

“Мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағу” билердің кеңесінде емес, ауыл-елдің сыйлы ақсақалдарының бұйыруымен істеледі: Себебі, ел имандылығын, жастардың дұрыстығын қадағалау ауыл үлкендерінің өз ісі деп есептеледі. Ауылындағы бас бұзар бұзығын, арсыз әйелін жазаламаған елбасы ақсақал елге сыйлы болмайды.

Нәпсіқорлыққа байланысты айтып кететін бір мәселе: қолға түскен еркектің атының құйрығын кесу, онымен бірге үсталған қыздың не күйеуі бар әйелдің бұрымын кесу. Бұл да ауыр жаза қатарында, себебі ат құйрығын кесу тек өлімде не жауғершілікте кездесетін нәрсе. Бұл қылмыскерге енді аяушылықтың болмайтындығын көрсетсе керек.

Еркек адам қайтыс болғанда міпіп жүрген атының құйрығын кесіп жібереді. “тұл ат”. Ол атты ас бергенде сояды. Бір жыл ішінде құйрығы кесілген атқа мінбейді. Озғенің жылқысының (ұрланған) құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін бнлік айтпайды. Мал иесінің босағасын күзеттіреді. Егер атының құйрығы кесілген

үйден бір жыл ішінде кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын төлеткізеді.

Ата-анасына қарсылық жасаған, ел ақсақалына тілі тиген не өз ауылын қорлайтындай, ағайынның намысына келгендей жаман іс істеген адамды мойнына қыл шылбыр іліп, қолын артына байлап, жалаңаш қылып шешіндірін, ауылды айналдыра қамшымен ұрып жүргізеді және ұрып қана қоймай, неге ұратынын жұрт айтып, балағаттап отырады. Тағы бір түрі: ат құйрығына шылбыр байлап, соны қылмыскерге тістетіп, екі жігіт екі жағынан қамшылап жүгірту.

Ел арасынан шыққан бұзақыларға қарсы қолданатын жазаның ішінде айтып өтуге тұратыны, ол қылмыскердің дене мүшесіне зақым келтіру, құлағын кесу, ернін, танауын жұлу сияқты.

Бұлар шектен шыққан қылмыскерге не әлуметтік сатыда төмен тұрған құлдарға қолданылған.

Қазақтың жауғершілік уақытта көп қолданылған жазасының бірі – қылмыскерге кісен салу, босаға күзеттіру. Жазаның тағы бір түрі – ұраға отырғызу.

Ертерек уақытта жазаның ең көп қолданылған түрі – ел алдында үш бақанның, не уықтың астына отырғызу, ол үшін қылмыскерді жүресінен отырғызып, бастыра үш ағашпен нығырлап, жоғары бастарын қосып, байлап тастайды. Жеңіл-желні аталатын қылмыстарды да билер елге үлгі болсын деген ниетпен осындай жазаға кесіп отырған.

Өсы жазаның бір түрі – керегені жалаңаштап, кигізін алып, соның ішіне отырғызып қою. Бұл да ел алдында істелетін жаза. Екі жағдайда да қылмыскердің жанында қылышын жалаңаштап алған жасауыл тұру керек.

Жеті атаға толмай көңіл қосқан адамдарды өлім жазасына кеседі. Бірақ шарият немере арасын қосатын болғандықтан, кейде билер өлім жазасына тікелей кеспегенімен де “оққа” байлайды. Соның бірі жағын (садағын) кезеніп тұрған туыстарының алдынан шауып өту. Өлсе өз жазасы, өлмесе “салауат” делінеді.

Жазаның ең көп қолданылатын түрі – ел алдында кінәлі адамды сол ауылдың үлкен кісінің немесе ағайынның біреуінің сабауы. Бұзау тіс қамшыны алып, кінәсін бетіне айтып, екінші рет қайталамайтындай қылып сабау.

§ 4. Барымта

Барымта – қылмысқа қарсы қолданылатын ұйымдық шара. Егер қылмыс жасаған жақ би үкіміне көнбесе немесе кешіктірсе, дауғер жақ өз тарапынан барымта ұйымдастырады. Барымта – ең алдымен малды айдап алу, оның талабы – белгіленген көлемнен (бидің алдында кесілген) шықпау. Осы тұрғыдан барымта қоғамдық қатынастардағы реттегіш деп есептеуге болады.

“Жарғы” бойынша егер қылмыскер би үкімін орындамаса, туыстары қорғап, өз тарапынан айыбын тартпаса, ауыл болып дауды шешуден бас тартса, зәбір шегуші жақ барымтаға барады.

Зәбір шегуші жақ ең алдымен ақсақал, билердің алдынан өтіп, ал малды айдап келгеннен кейін қанша мал әкелгенін баяндайды.

Айдап әкелінген мал үкіммен берілген айыпқа немесе құнға сәйкес келуі керек.

Барымта ашық түрде жасалады. Барымтаға қатысқан адам жорықта өлетін болса зәбір шеккен жақ құн төлеуді талап етуге хақылы. Барымтаға түскен малды билер айтып қайтара алмайды.

Барымтаның түрлері – ұрлық жасалып, ұры малды сіңірін алса, біреудің кісісі өліп, өлтіруші жақ тез арада алты жақсысын алып алдарына жығылмаса, біреудің қорық жеріне өзгенің малы жайылып, істен шығарса. Сонымен қатар неке мен отбасы мәселесінен өрбитін: қалың малын төлемей қыз алып қашу, біреудің заңды некесін бұзу, ортаға түскен олжадан сыбаға бермеу, қонақасы дәстүрін бұзу т.б.

§ 5. Өлім жазасы

Қазақ әдет-ғұрып заңдары бойынша өлім жазасына адам өлтірген, ұрлық жасаған, ел тонаған, әйел зорлаған, ойнас қылғандар кесіледі. Сонымен бірге өлім жазасына жеті ата дәстүрін бұзған, туыстың арасын ашып, қан араластырған (жақын туыстар арасындағы неке) адамдар немесе некесіз туған баласын жұрттың сөзінен арланып өлтірген әйелдер кесіледі. Зорлау кісі өліміне тең, кінәлі кісі өлім жазасына кесіледі. Егер қыз атастырылмаған болып, зорлаушы қалыңмал төлеп үйленсе, онда қыздың туыстарының шешімі, келісімі арқылы құн төлеуден де, өлімнен де босатылады.

Әйелін ойнас үстінде ұстаған күйеу, осы сәтте өлтіруге және жазасыз қалуға мүмкіндігі бар. Егер қылмыс дәлелденген (4 куә) жағдайда көзіне шөп салғаны үшін әйелі мен ойнасын билер кеңесінің өлім жазасына кесуге хақы бар. Өзгенің әйелін келісімсіз алып қашқанда өлім жазасына не құн төлеуге кеседі. Егер әйел өз еркімен қашса, оны алып қашқан адам қалыңмалын қайтарып, үстіне қыз қосып береді. Кей жағдайда ел арасындағы ұрлығы үшін өлім жазасына кесілетін де жолы болады.

Құдайға тіл тигізген адамдар, жеті кісі куәлік етсе, таспен ұрып өлтірілуі керек.

Егер кімде-кім христиан дініне көшсе, оның туыстары, не кез-келген қазақ мал-мүлкін талап алуға, қатын-баласын алып кетуге ерікті, құны сұраусыз.

Қазақтың дәстүрлі қоғамы әлеуметтік жағынан күрделі сатыланған қоғам, оның өз билеушілері мен бағыныштылары бар. Бағыныштылардың ең сорлысы, – күндер мен құлдар.

Күндер мен құлдардың тағдыры толықтай иелерінің қолында болады, олардың өз иесінің үстінен берген арызын ешкім қабылдамайды. Қазақтың не иті, не бүркіті олетін болса, иесі оның орнына құл мен күн кінәлі деп талап етуге хақы бар.

Өзіне-өзі қол көтергендер ортақ қорымға қойылмай, жеке жерленеді және жаназасын шығармайды.

Өлім жазасы 13 жастан асқандарға қолданылған, себебі “он үште отау иесі” деп, балалар үлкен қатарына қосылады. Өн үшке толмағандар “сәби” саналып жазаға тартылған жоқ. Немесе кей жағдайда баланың ақыл-есі дұрыс еместігі анықталса, ата-анасына салмақ түседі.

Мысалы: Ертеде бір ханды өз інісі өлтірін, хан болып сайланыпты, ал ағасының баласын бала қылып асырап алады. Сонан бір ойын үстінде бала пышақпен ағасын жаралап тастайды. Ағасы баланы өлім жазасына кесуді өтінеді. Баланың шешесі, бұл шешімге келіспей, ол бала әдейі емес, байқамай ойын үстінде тығып алды, – деп қарсы шығады.

Сонан би жиналған жұрттың алдында баланың істегені әдейі ме, әлде байқамай істеген іспе тексеру үшін пышақтың ұшын жоғары қаратып қойып, балаға кеуденмен пышаққа құла дейді. Бала пышаққа кеудесімен құлап, бірақ күшті бір жақ иығына сала жығылып ешқандай жерін жарақаттамай тұрады.

Міне, осыны көріп тұрған билер алқасы, көріп тұрған халық баланың әдейі істемегеніне көздері жетіп, оны өлім жазасына кеспейді. Сол сияқты өлім жазасын жеңілдетуге жастығынан басқа, ақыл-есі, психологиялық жағдайы, оқиғаның кездейсоқтығы т.б. жағдайлар әсер етеді.

Айта кететін бір нәрсе, егер қылмыс біреудің азғыруымен істелсе, мысалы өлім, азғырушы құн төлеумен құтылып, өлім жазасына қару жұмсаған адам бұйырылады. Мұны қазақ “ұр дегенге зор келмес, ұрғанға зор келер” дейді.

Билердің не хандардың ұйғарымы, халықтың келісімі бойынша өлім жазасының бірнеше түрі қолданылған. Мысалы: ат құйрығына байлау, тасиен ұру, асу, буындыру. Айталық, шариғат заңын бұзғандарға көбінесе тасиен ұрып өлтіру қолданылған. Бұл нағыз азапты өлім, себебі ұзақты күн жұрттың бәрі бір-бір тас лақтырмайынша, қылмыскер жер қойнына берілмейді.

Ертеде өлімге кесілген адамды ат құйрығына байламас бұрын, буындыратын болған. Қылмыскерді ақсақалдар, ру басшылары мен басқа халық жиналған алаңға алып келін, мойнына тұзақ салып, екі ұшынан екі адам ұстап тұрады. Осыдан кейін жиналыс басшысы қолымен белгі береді, сол белгі бойынша орындаушылар тұзақты екі жаққа бар күшімен тартып буындырып тастайды. Ең соңында оны шу асау жылқының құйрығына байлап жібереді, тұяқ тиіп, қараған, томар, тасқа соғылып, арқаннан басталған бұл шаруа аяқталады.

Кей-кейде қылмыскердің бірнеше жерден терең тіліп, сол тіліктерден қыл шылбырмен он жылқының құйрығына байлап, асау жылқыларды қамшының астына алып, жан-жаққа тартқызады.

Ал енді асып өлтіргенде қазақтар көбінесе ағашқа не зор түйеге асады. Асып өлтіру көбінесе зорлық мен ойнаста қолға түскендерге қолданылады. Бұлардың ішінде кінәліні қыл шылбырмен буындырып, суға салып өлтіретін де жағдайлар бар.

Ең ауыр өлім кісі өлтірушіге қолданылады, егер билер кеңесі қылмыскерді өлген кісінің туысқандарының қолына берсе, сонда оны былай өлтіретін болған: ең әуелі қылмыстың негізгі тамырларын қиып жіберіп, өлгеннен кейін бүкіл дене мүшелерін бөлектеп тастайды. Кей кезде қарнын жарып, ішіне бөлек-бөлек шабылған қол-аяқты, басты салады. Осы қалпында денесі туыстарының қолына тапсырады, ал іздеушісі болмаса өздері көмеді.

§ 6. Құн төлеу

Айыптың ең жоғарғы сатысынан кейінгі салынатын төлем, яки үш тоғыздан асатын төлемді “Құн” деп атайды. Қылмыстың түріне қарай: толық құн, – 500 қойдан 2000-ға дейін, 50 жылқыдан 200-ге дейін, 25 түйеден 100-ге дейін. Одан кейін жарты және ширек құн болған. Құн – қазақ әдет-ғұрып заңдарының ертеден келе жатқан ежелгі тәртіптің бірі.

Қазақтар тура және ауыспалы мағынада осы ұғымды күнделікті тұрмыста қолданады. Егер бір нәрсеге қатты қадалып, өшігіп сұраса – “әкениң құны бар ма” деп айтылатын сөздер де бар. Қазақ рулары ерте уақытта қанды кек пен құн заңдарын қатар қолданып келген, бейбіт уақытта көбінесе құн төлеу іске асып отырған. Себебі өз-ара кек қуысып, қан төгу қазақтың руларын әлсіретті, қансыратып, мықты деген батырларынан айрылып қалу оңай соқпаған. Оның үстіне әрдайым сыртқы елдермен шабуылдасып, жауласып жүретін қазақ елі үшін ішкі бірлік, тыныштық екінші кезектегі шаруа болмаса керек. Сондықтан кісі өлтірушіге, зорлаушыға ру жауап беріп, қылмысына ортақ болады. Ұлт алдына не қылмыскер үшін құн төлеуіге, не қылмыскерді ел қолына беруіге міндет алады. Кісі өлімі үшін құн төлеуіге мойынұсынған ру, қарсы жақтың бірнеше сыйлы кісісін шақырып, солардан өлген адамның туыстарына “Сүйек құн” – алты жақсы жібереді. Сүйек құнның құрамына кіретін нәрселер:

- 1) кісі өлтірушінің астында болған, оны жай бермей, құйрығын кесіп жіберетін – қанды қара шалақ ат.
- 2) суық қару – не мылтық, не бір қадірлі қылыш, қанжар – өлтіруіге қаруы болды деп, мұны қанды қару дейді.

3) өлген адамның денесін салып жерлейтіп жерге апаруға деп, мәйітті орау үшін – қара нар, қалы кілем береді.

4) өлген адамның ет-жақындары – не әйелі, не шешесі, не қарындасы бір жыл бойы жоқтауға киетін қайғы белгісі саналатын қара тон, сары жаулық.

Осы сүйек құн келісімімен даугер жақ қанды кектен бас тартып, қарулы әскерді жинауды доғарып, негізгі құнды күтеді. Өлген адамға құн төлегенде арнап үй тігіледі және союға қара қой дайындалады. Қылмыскердің туысқандары күтуші болады. Адам өлген жақ келіскен күні айғай-сүрен салып немесе қаруларын, туларын көтеріп, “Ой бауырым”-дап тігілген үйге қарай шабады, осы кезде қара қой сойылады. Шабуылдап келген бойда қылмыскердің ауылын, оның өзінің үйін шабады. Қару-жарақтарымен бір-бір салып өтеді, тіпті уықтарын сындырып тастайды. Осыдан кейін барып құн төленеді.

Қылмыскерді үйге тек қана екі жақ татуласқаннан кейін кіргізеді, ол төмен отырып, өзінің кінәсі үшін кешірім сұрайды, содан кейін “ала арқан (жіп) кесу” рәсімі жасалады, қылмыскер мен өлген кісінің ағасы жаңағы ала жіптің екі жағынан ұстайды, көлденең елдің қадірлі азаматы ала жіпті кеседі, осыдан кейін екі жақ дау-жанжалды тоқтатып, өз-ара татуласады. Ал, жіп кескен азаматқа кінәлі жақ шапан жабады.

Егер қылмыскердің өз туыстары бас тартып, керекті құнды төлемесе, қылмыскер өлген адамның руластарының қолына беріледі, олар оны өлтіреміз десе де, құлдықта ұстаймыз десе де ерікті.

Көбінесе руластары соңғы малын берсе де құн төлеуге тырысады, себебі өз туысынан басын ала қашқан руды ел төмен етіп, мазаққа айналдырады, әсіресе сол рудың байлары көз-түрткі болады. “Жарғы” бойынша құн төлеудің шарты және шығыны төмендегідей, негізінен құнға қылған кесімді үш түрге бөледі:

- 1) қара құн – 100 жылқы, он екі жақсы,
- 2) сүйек құны – 50 жылқы, алты жақсы,
- 3) өнер құны – тоғыз жақсы (тоқал құн).

Егер өлген кісі ел ортасында танымал адам болса, билер кеңесі қылмыскерлерден осы үш құнды толық талап етуге хақылы. Өнер

құны деп тілді, шешен адамға, ақын-жырауға қатысты айтады. Құнның кең тараған түрі 100 жылқы, алты жақсы. Алты жақсының құрамы: 1) Жетім (құл не құн); 2) Қара нар; 3) Ақ сауыт; 4) Тұзу мылтық; 5) Қара шолақ ат; 6) Қалы кілем. Әйел құны 50 жылқы, үш жақсы: Қара нар, қара шолақ ат, қалы кілем; 50 жылқының ішінен үшеуі – “ілу” деп қымбат затпен (кездеме, аң терісі, киім) беріледі, сонда мал саны 47. Қазақ тақ сан дұрыс деп есептейді. Сонымен қатар дауғер жақ өз туысқаны үшін қарсы жақтан құн төлетін ала алмаса, намысты қолдан берген болып есептеледі.

Әлім үшін құн төленбейтін жағдай кездеседі. Барымта кезінде қайтқан адамдар үшін құн төленеді, өз малын қайтару үшін, барымтаға амалсыз барған азаматтардың құнын билер даулауға хақылы, ол үшін 3 куә керек. Ал енді ұрлық үстінде өлген бауқеспе, тонаушы үшін құн ешқандай жағдайда төленбейді.

Зорлықшы құн үстіне қалың мал қосып төлейді, кейде өз руынан қыз береді. Кей жағдайда ер адамның құны – 1000 қой немесе 100 жылқы немесе 50 түйе делінін, осы көлемнің жартысы алты жақсы аталады, таңдаулы малдан алады, қалғанын “қара құн” атанып ұсақ, нашар малмен толтырылады. Билік жасаған бидің, ханның еңбегі деп осы құнның үстінен, кінәлі жақ 40 байтал төлейді, көбінесе құнан, дөненнен асқан жастан. Осының ішінен бөлінін осы билікке қатысқан жасауылдарға да ақы төленеді.

Өлген адамның денесі табылмаған жағдайда 1,5 есе құн төлейді. Әйел адамның құны ер адамның құнының жартысына тең, демек 500 қой немесе 50 жылқы, немесе 25 түйе, 40 байталдың да жартысы болуға тиіс.

Қазақ батырлары жауда өлсе, я тұтқынға түсіп өлсе, ел болып кек қуып, бітісетін болса, жеті ердің құнын талап етуге хақылы. Әйел құнының бір ерекшелігі, олар еркек ісіне араласып, мысалы, төбелеске кірісіп кететін болса, құны сұраусыз қалады.

Ал, егер әйел төбелес кезінде кигіз үй ішінде өлсе, онда оған толық құн төленеді.

Сұлтан тұқымының құны қазақтың құнынан жеті есе көп, бірақ көбінесе жеті – хан құны, ал қызметсіз сұлтан үшін екі есемен шектеледі, сұлтанның қалай болғанда да жай қазақтан

жолы жоғары. Егер хан болса, кем дегенде жеті тайпаға өктемдігі жетеді деген ұғымнан туған. Қожа тұқымының құны да сұлтанмен қатар.

Жоғарыда айтылған жарты немесе ширек құн адамның дене мүшесіне зақым келген уақытта алынады, оның тәртібі:

1) жарты құн – коз, тіл, еркектік мүше зақым келін, өзінің қызметінен айрылғанда;

2) ширек құн – оң қолы не оң аяғы зақымданып, мүгедек болып қалса;

3) 1/8 – сол қол мен сол аяқ істен шыққан уақытта;

4) біреудің бір көзін шығарса, құнның төрттен бірі, 2 көзін шығарса “жарты құн” толенеді.

5) бір құлағы кесілсе, оның айыбына 1 қыз береді, болмаса қыздың толық қалың малын төлейді;

6) бір қол сындырылса – бес қара, бір аяғы сындырылса – алты қара “айып” тартады;

7) әйелдің бір бұрымы кесілсе не күрек тісі сындырылса, құнның төрттен бірін төлейді;

8) 2 бұрымы кесілсе, онда толық құнның жартысын төлейді;

9) біреу ауылдан адасып аштан өлсе, мінген көлігінен жығылып өлсе, болмаса суыққа тоңып, ыстыққа шөлдеп өлсе, оның бұлай өлуіне ешкімнің қастандығы, зорлығы сезілмесе, сонда да болса, ол өлген кісіні сол бағытқа салған адамнан жарты құн алынады;

10) ат, түйе сияқты асау көлікті міінін келген біреу кірген үйінің белдеуіне байласа, сол үйге кіріп-шыққан адамға ол көліктің тепкісі тиіп өлсе, белдеуге байлаушыдан алатын құн:

1) босағаға байланса – бүтін құн,

2) белдеуге “жапсарға” байланса – жарты құн,

3) үйдің артына байланса ат-тон айып.

Құн төлеуге байланысты қазақ қоғамында жиі кездесетін жағдай – кінәлі жақтың құн орнына қыз беру (қалыңсыз қыз береді).

Сирек те болса құнға тоғыз, тоғыз-тоғыздан мал беріп (алты ат бастатқан тоғыз, төрт түйе бастатқан тоғыз), оған қосымша қыз береді (жасаусыз – “жалаңаш”). Бұл құнның түрін “жарқын” дейді.

Құн алушы жақтың бні құнға берілген мал-дүниені екіге бөледі. Бір бөлігі (жартысы) марқұмның туыстарына, отбасына беріледі, ал қалғаны ру ақсақалдарының, билердің босағасына байланады.

§ 7. Айып

Қазақ бплігінде (Кеңес, Жүгініс) ең көп қолданылатын жаза – айып. Ойткені қандай болсын қылмысты, қоғам тәртібін, адамдар арасындағы қатынас нормасын реттейтін, алдын алатын шара.

Айыптың ең жеңілі болып “ат-тон айып” немесе ат-шапан айып саналады. Айыпқа беретін аттың жасы құнаннан кем болмауы керек, сондай-ақ айыпқа аса кәрі ат беруге болмайды. Көбінесе айыпқа берілетін аттың жасына қарамай, дені-саулығына, мықтылығына қарайды. Ат-тон айып кез-келген жағдайда қолданылуы мүмкін. Мысалы, қонақты не жолаушыны жөндеп күтпеген үй иесі отағасына да салынады. Ат-тон айып отбасы, ағайын арасының қарым-қатынасында, үлкен мен жас арасындағы сыйластықты сақтау үшін қолданылады, тіпті амандасу ғұрпы сәл бұзылса-ақ осы айып қолданыла бастайды. Кейде билер артық айтылған сөз, оғаш қимыл деген сияқты істерде “азусыз ат, жиексіз тон” деген айып қолданылады. Бұл айып – айыптардың ең жеңіл түрі, жеңіл істерге кесіледі. Азусыз ат деп айыпталғанымен, оның орнына бір қой, жиексіз тон дегенге бір кнімдік кездеме жарап кетеді.

Түйелі елдерде жеңіл қылмыстар үшін “бір түйе, бір шапан” айып кесіледі. Ауырлау қылмыс, тәртіпсіздік үшін “бір түйе, бір ат” болып ауырлай береді.

Айыптың ауыры қазақтың арасында “тоғыз” деп аталады. Жалпы “тоғыз” қазақ заңында әдет-ғұрыпқа, салтқа байланысты көп қолданылатын айып түрі.

Тоғыздың үлкені “құл бастатқан тоғыз”. Жауғершілік заманда құлдар көп болған, оларды шаруаға да пайдаланған, құл базарына да шығарған. Құл бастатқан тоғыз – ауыр қылмыстарға, мысалы, адам денесіне түскен зақым үшін төленіп отырған айыптың түрі. Одан кейін “түйе бастатқан тоғыз” – құрамында үш түйе, үш ат, үш сиыр (немесе үш тай) кесіле береді. Айыптың бұл түрі ру арасындағы қатынастарда, жесір дауында жиі қолданылады. Орта

тоғыз немесе “ат бастатқан тоғыз “ үш жылқы, үш сныр немесе үш тай, үш қой көлемінде.

Осымен қатар үлкенді-кішілі қылмыс үшін “аяқ тоғыз” немесе “тоқал тоғыз” деген айыптар қолданылған, бұған 7-8 қой беріп те құтылуға болады.

“Қал тоғыз, қасқа тоғыз” аталатын айыптар қол жұмсап, қан аққанда, жаралы болғанда қолданылған.

“Қал тоғыз” дегені қатты таяқ жеп, қорлық қорғенде ұсақ малдан тоғыз беріледі, ал енді “қасқа тоғыз” дегенді ауыр жарақат алып, көп қиналған кезде айыптыға салады, үлкен малдан таңдап алады, емшінің ақысын да кінәлі қайтарады.

Қазақ ішінде жазаның бір түрі сабау екені белгілі, ал енді сабау кейде ретсіз, күші жеткен адамның әлсізге жасайтын әлімжеттілігіне айналып кетеді.

Айыптың ең ауыры “үйірімен үш тоғыз” деп аталады – бас-аяғы 27 малға жететін көлемде. Мұндай айып көлемі жағынан құнға татитын айып және жай қылмыс емес, ерекше қылмыс болып саналады. Мысалы, қалыңмалы төлеуін қойған, енді-енді ұзатылғалы отырған қалыңдықтың туыстары келісімді бұзса, одан қалыңмалын қайтарып, үстіне “үйірімен үш тоғызды” қосады. Ал егер жігіт жағы бас тартатын болса, қалыңмал қайтарылмайды. Кейде шектен шыққан, бірнеше рет көзге түсіп, алған малын сіңіріп кеткен ұры осы үлкен айып “үйірімен үш тоғызға” кесіледі. Қазақ ұрлықты жек көрген, ел есігін бекітіп, дүниесін тықпағандықтан да болар, малдан да гөрі үй затының ұрлануын қатты айыптайды.

“Сойыл айып” дегенде болады, көбінесе жауғершілікте, ұрлықта қолға түскенге қолданылады, мөлшері бір шапан, ат әбзелімен бірге ұрының, жортуылшының астындағы аты.

Ұрлыққа түскен малдың үстіне қосып қайтарылатын айыпты “мойнына қосақ, артына тіркеу” деп айтады. Егер жылқы ұрланса, қосаққа көбінесе құнан, артына тай, егер қой ұрланса, қойға қосып бір тоқты, түйе ұрланса – құнан атан мен тайлақ т.б. қосылып қайтарылады.

Ертеде билер шідер ұрлаған біреуге айыбына үш бесті ат кескен екен, билік айтардың алдында жігіттерге үш ат ұстаттырып,

бір шідермен бекіттіріңті дейді. Егер үшеуі үш жаққа тартқанда шідер үзілетін болса, дау аяқсыз қалатын болып кесіліпті. Сонда, қайыстан жасалған шідер үш атқа бола үзілмепті, би – “бұл шідер емес, бұл үш ер” деп айыпқа үш ат кескен екен.

Төле би айтыпты дейтін бір сөз бар: “шідер – қос, арқан – дос, тұсау – бос”. Шідерленген жылқы қоста тұрған малдай, арқан да сенімді, ал тұсамыс болса, бос жібергенмен тең деп айыпқа бұйырмапты, бұл да болса жау күтін, жан-таласып жүрген заманның тудырғаны. Ертоқым ұрлаған адам ертоқымның әрбір әбзеліне бір бесті ат айып төлеген: үзенгіге, тартпасына, корпесіне, терлігіне.

Айып түрінің көп қолданылып келгені денеге түскен зақым, жарақатқа кесім: “ат-тон”, не “бір тоғыз”. Кесілген құлақ, мұрын, ерін – екі тоғыз. Оң қолдың бас бармағы – бір тоғыз, сұқ саусағы – бір түйе, бір ат. Ортаңғы саусаққа түкте жоқ, ал аты жоқ пен шынашаққа – бір түйеден. Сол қолдың бас бармағы үшін – бір түйе, бір ат, сұқ саусақ – бір түйе; ортаңғы, аты жоқ пен шынашаққа – бір аттан. Аяқтың бас бармағы үшін бір түйе, қалғандарына – бір аттан. Ал енді сынған тіс, мысалы, күрек тіс – бір тоғыз, қалған азу тістен басқасы – ат-шапан, азу тіске айып жоқ.

Айыптың әлеуметтік қатынасқа байланысты кейбір ерекшелігі бар: мысалы, сұлтанға тіл тигізгені үшін жазалы – ат-тон, бір тоғыз, ал қол көтергені үшін – “үйірімен үш тоғыз” айыбын тартады. Ал, керісінше, сұлтан қарапайымға тіл тигізсе, одан ел алдында кешірім сұраумен шектеледі, қол көтерсе, қамшысын береді.

Қарапайым адам қадірлі биге қол көтерсе, қос ат-шапанмен айыбын өтейді.

Жасы қатар адамдар артық ауыз сөзі үшін бірінен-бірі кешірім сұрап бітіседі, ал енді өзінен төмен дәрежелі адамға жәбір көрсетіп, ренжіткен адам “азусыз ат, жиексіз тон” – бір қой, бір шаршы мата төлеп құтылады. Айыпты төлеуге ру көмектеседі. Руы көмектесе алмаса жазалы адам (айыпкер) айыпты еңбегімен ақтайды, ол босағаға байланады. Көрген жәбірді көтере алмай жатып қалатын болса, оны емдеу, күту жәбіршінің мойнында.

Сырттан айтылған сөз, тілдеу т.б. аяқсыз қалады, оны қазақ: “хан сыртынан жұдырық”, – деп айтады. Ата-анасын ренжіткен бала аяғына жығылады, жазаға ұшырайды.

“Хандық айып” ханның не атақты сұлтанның пайдасына бесті ат, болмаса бір түйе, аса ірі кесім үлесінен ханға тоғыз беріледі.

“Бплік айып” бидің пайдасына беріледі, хандық төлемиің жартысына тең.

“Даушыға жиі кесер” іс аяқталғанда кесіледі не қылмыскер босатылғанда істеледі. Қылмыскердің ала жіп кесілгенге дейін әлі басының бос емес екеінін білдіреді. Жіпті ара-ағайын, елдің биі кеседі, оған берілетін жолы – бір қой не бір шапан. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, қазақтың көшпелі тұрмысында қолданған айып түрі өте көп, әр айып әрдайым өзінің тиесілі орнында қолданылған.

Көшиелі тіршіліктің жемісін сақтау, мәдени этникалық жағдай, қоғамдық қатынас: ақ сүйек пен қара сүйек, әйел мен еркек, жас пен кәрі арасындағы секілді әлеуметтік тәртіп арнайы айып түрлерін қолданылуымен реттелін отырған.

Бұл – өз заманындағы ерекше жетілдірілген, көшпелі қоғам мүддесіне толық сай қызмет атқарған заң жүйесі болып еді.

Ондаған жылдар бойы иісін жетіліп, ел басы мен би-батырларының ішінде өз-ара келісіліп барып «Жеті жарғы» атанған қазақтың жаңа жол ережелері өз алдына шежіре.

Қазақтың жүздік құрылымы нақты бекітілді. Рулық құрамы орнықты, олардың арасындағы жол тәртібі нақтыланды.

Қазақтың астанасы Түркістан қаласы екендігі, оның қазақ халқына ортақ қасиетті пантеон орыны, шекара белгілері тиянақталды.

Қазақтың мұсылман дінін тұтынатындығы және оған байланысты мұсылман жолы шарифаттың ережелері әдет-ғұрып заңдарымен қатар мойындалды.

«Жеті жарғының» Хан кеңесі қызметі құпталды. Жеті жарғыға көршілес, одақтас ел есебінде қырғыз, қарақалпақ, қожадан өкіл қосу шешілді.

Мемлекеттің дұрыс өмір сүруіне қажетті алым-салық сыртқы қарым-қатынас мұқтажын көтеретіндей шамада белгіленді.

Көршілес елдермен бейбіт, елшілік қарым-қатынастарды нығайту көзделді.

Қазақ ордасының билігіне әр жүзден өкіл сайлап, оны ел ісіне жауапты қылып сайлады. Жыл сайын қазақтың барша жасаққа шығатын азаматының қазға қатысуы нақтыланады.

Заманында Әз Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» немесе Қаз дауысты Қазыбектің «Қасқа жолы» атанған бұл заң жүйесін жаңа билік дәстүріне сай жазып, жүйелеуде Қазыбек бидің ең бір жауапты адам екендігін және шешуші қызмет атқарғанын сол заманнан сақталған көптеген куәліктен белгілі. Олардың ішіндегі Би еңбегінің басты нәтижесі деп зұлмат заманның сынына төзіп, өзінің ұлттық өзегінен, тәуелсіз рухынан айрылмаған, айнымаған қазақ халқын айтамыз. «Жеті жарғыда» бас қосқан қазақ елінің кеменгерлері өз тағлымымен, үлгісімен жасампаз, мәңгілік рухтың ірге тасын қалап, халқының болашақ тағдырын шешіп кетті. XVIII ғ. жауғершілігінде, XIX ғасырдың отаршылдығында, XX ғасырдың аштығы мен қанды-қасабында қазақ елінің жойылып кетпей, аман қалуы 1710-шы жылдары көтерілген рухани қамал-қорғанның, намыс пен ұлттық сананың арқасы.

Қаз дауысты Қазыбек өзіне дейінгі түркі-мұңғыл елдерінің әдет-ғұрып дәстүрлерін жақсы игерген және сол мұраны өмірге икемді қылып қайта жаңғыртқан заңгер.

Ондаған жылдар бойы пісіп жетіліп, ел басы мен би-батырларының ішінде оз-ара келісіліп барып «Жеті жарғы» атанған қазақтың жаңа жол ережелері өз алдына шежіре.

Қазақтың жүздік құрылымы нақты бекітілді. Рулық құрамы орнықты, олардың арасындағы жол тәртібі нақтыланды.

Қазақтың астанасы Түркістан қаласы екендігі, оның қазақ халқына ортақ қасиетті пантеон орыны, шекара белгілері тиянақталды.

Қазақтың мұсылман дінін тұтынатындығы және оған байланысты мұсылман жолы шарияттың ережелері әдет-ғұрып заңдарымен қатар мойындалды.

«Жеті жарғының» Хан кеңесі қызметі құпталды. Жеті жарғыға көршілес, одақтас ел есебінде қырғыз, қарақалпақ, қожадан өкіл қосу шешілді.

Мемлекет дұрыс өмір сүруіне қажетті алым-салық сыртқы қарым-қатынас мұқтажын көтеретіндей шамада белгіленді.

Көршілес елдермен бейбіт, елшілік қарым-қатынастарды нығайту көзделді.

Қазақ ордасынын билігіне әр жүзден өкіл сайлап, оны ел ісіне жауапты қылып сайлады. Жыл сайын қазақтың барша жасаққа шығатын азаматының қазға қатысуы нақтыланады.

Қазыбектің қасқа жолы – Қазыбек бидің заң жасағанын, «Жеті жарғыны» жазғанын, оның артына қалған жеке басына қатысты билік шешімдері, өзі айтып қалдырған заң жарғыларын, басқа да нормалар жүйесін, ол құрған билік-кеңестерді, батыр мен хандарға жол тапқанын, әділдік бергенін, би ретінде көрсеткен үлгі өнегесін – бәрінің жиынтығы «Қазыбектің қасқа жолын» құрайды. Қазыбектің қасқа жолы шарифаттан да, орыс заңынан да бөлек, қазақша заң жүйесі. Бұл жүйеде құқықтық, зайырлылық, бұқаралық, ізгілік сыйпаттардың бастауын көреміз. Ол жолдан қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігін, әл-ауқатты болуын, дербес даму жолын мұрат еткенін аңғарамыз. «Қазыбектің қасқа жолының» бірқатар басты-басты сыйпаты қызы Қамқаның жоқтауында ашылған:

*– Батыр жинап, ел шаппай,
Қылыш шауып, оқ атпай,
Ақылыңмен жол тауып,
Қазақтың кегін алғаның!
– Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жол –
Артында мирас қалғаны.*

*Шарифат айтқан жол емес,
Заңның тағзы жол емес!
Дуалы ауыз айтқан соң,
Қазақша бір жол салғаны.*

*Әкемдей боп жан тумас,
Рулы үш жүз қазақтан.*

*... Ақылменен жол тапқан,
Бағыменен ел тапқан.*

*Батыр мен хандар сасқанда
Әкеме келіп жол тапқан!
– Қазаққа арнап жол салдың,
Қолайлы қылып әр затқа.*

*Жесір қатын, жетім ұл,
Аруағыңа таянып,
Ие болды мал-жанға!
Жоғалмақтай жол салып,
Үлгі болар сөз қалып,
Кеткен жоқ әкем арманда!», – делінген.*

3.Ж. Кенжалиевтің пікірінше, қазақ құқығындағы Жол («Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы») белгілі ел басқарушылар тұсындағы заң кодекстері, сонымен қатар жаулап алған жерлер, қалалар, жаңадан игерілген қоныстар, басқа да бүкіл халықтық мәні бар үлгі-өнеге, іс-әрекет салдарлары. «Жолдарға» қарағанда «Жарғыда» шариғаттың әсері көбірек болды. Бұл қазақ қоғамында ислам дінінің жайыла бастағанының көрінісі еді. «Жеті жарғыда» мұсылмандардың заңы – шариғаттың әсері – дейді С. Зиманов пен Н. Өсеров.

Жеті жарғының тәрбиелік мәніне сай тағы бір тамаша еңбек – жерлес ғалымымыз т.ғ.к., ҚарМТУ доценті С.С. Қасымованың «Даналар сөзі – құқықтық мемлекеттіліктің көзі» еңбегін тұтас беруді лайық санадық.

XVII ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның саяси жағдайы аса күрделі болды. Қазақ хандығы жоңғар шапқыншылары туғызған ауыр халді басынан кешірді. Осы кезеңде жоңғарларға қарсы ішкі және сыртқы күштерді біріктіріп, азаттық күресті ұйымдастыруда Жәңгір ханның ұлы және мұрагері, белгілі тарихшы А.И. Левшин «қазақ даласының ликургі» деп атаған 1680-1715 жылдарда қазақ хандығын билеген Тәуке хан үлкен роль атқарды.

Тәуке хан сыртқы жауға тойтарыс беру үшін алдымен қоныс, су мен жайылым жерлерге деген ішкі руаралық қырқыстарды жойып, берік мемлекеттілік құру қажет екендігін түсінді. Алайда Ертіс пен Еділдің арасында бытырай шашылып жатқан қазақ руларын жалпы басқару, біртұтас қазақ жасағын құрып күш топтастыру күрделі мәселе болды. Тәуке хан сол кездегі саяси мәселелерге байыппен қарай отырып, қазақ хандығын нығайтуда тың өзгерістер енгізді.

Тәуке ханның көрегендік саясатына сәйкес билер қазақ қоғамында ақсүйектер мен сұлтандар арасында басты және айрықша әлеуметтік ерекшелікке ие болды. Ол «билер кеңесінің» беделін арттырып, бір орталықтан басқаруды ұйымдастырды, билерді елдің ішкі және сыртқы саяси өміріндегі аса маңызды мәселелерді шешуге қатыстырды. Осылайша хан билігіне қарсы шығып, елдің берекесін кетіріп, бөлшектенуді жақтаған жеке феодалдар мен ақсүйектердің іс-әрекетіне шек қойды. Жыл сайын Ташкент маңындағы Күлтөбеде үш жүздің игі жақсыларының жиналуымен құрылтай өткізілді. Тарихта бұл «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген атпен белгілі.

Кіші жүздің саны аз және әлсіз жеті руын жетіру деген бір тайпаға, ал Орта жүздің уақтары мен керейлерін бір уақ-керей бірлестігіне біріктіруді халықтың ауызша дәстүрі осы ханның есімімен байланыстырады.

Тәуке хан енгізген өзгерістерінің бірі – «Жеті жарғы» заңдар жинағының жасалуы. Ғалым Ж. Омари өз зерттеуінде Тәуке ханды мемлекет құрылымы, ел билеу мәселелері терең толғандырғанын айтады. Кемеңгер хан монғолдың торғауыт, дүрбет, хошоуыт, чорос деген төрт тайпасынан жоңғар мемлекетінің құрылуының негізінде олардың «Ақ жол» немесе «ңааджин бічік» деп аталатын заңдар жинағының жатқанын айқын түсінген.

1710 жылдың күзінде Қарақұмда үлкен жиналыс өтіп, оған қазақтың барлық үш жүзінің өкілдері, батырлар мен аузы дуалы билер шақырылады. Жиындағы басты мәселе жоңғарларға қарсы күш біріктіру болды. Батырлар мен билер жиынында қазақ қолының жетекшісі болып Бөгенбай батыр сайланады. Кейіннен

жоңғарлармен шайқастағы қазақ жасақтарының табыстары осы Қарақұмдағы кеңестің нәтижесі екендігін дәлелдеді.

Ж.Омаридың зерттеуіне сүйенсек, осы жиында қазақ билері мен ақылғөй қариялары жаңа заң құрастырудың жобасына кіріседі. Үш жүздің басын қосқан бұл алқалы жиында қазақтың беделді 90 биі сөйлеген. Билер кеңесі үш күнге созылып, тек соңғы күні ғана Кіші жүзден Әйтеке би, Орта жүзден Қазыбек би, Ұлы жүзден Төле билердің сөзімен қорытындыланады. Озінің негізін «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолынан» алған жаңа заң «Жеті жарғы» деп аталып, жаңадан құн дауы және жер дауымен толықтырылады. Жарғының алғашқы бөлімінде жерге байланысты мәселелер талданды. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін жер ең алдымен ата-бабасы қалдырған мұрасы, тұрағы болса, екіншіден, жоңғарлардың жойқын жиі шаиқыншылығы мал жайылымын тарылтты, соның салдарынан жер үшін жиі қақтығыс, тіпті кісі өліміне дейін аиарған жанжалдар болып тұрды. Сондықтан жерге байланысты дау-дамай, қайшылықтарды реттеу және әділ бөлу ел ішіндегі ең көкейтесті шаруа деп саналды.

Екінші бөлімде отбасы мәселесі қарастырылады. Себебі отбасы – бірлік пен ынтымақтың негізі. Яғни өз елінің ұлтжанды азаматын, ел іргесін жаудан қорғайтын ұланды тәрбиелеу ең бірінші жанұя тәрбиесінен бастау алады. Бұл бөлімде үлкен мен кішінің, ата-ана мен баланың, ағайын-туыстың арасындағы мидет пен сыйластық мәселелері жан-жақты тарқатылған.

Үшінші бөлім әскери істерге арналды. Ел қорғау, әскер құру, сардарларды тағайындау секілді кезек күттірмейтін өзекті мәселелер қаралды. Ел шетіне жау тиетін болса, дабыл қағылып, бар адам бір кісідей ұйымдасып жылдам жиналуы керек болды. Айта кету керек, жалпы жыл сайын отетін құрылтайға әр адамның қаруымен жасанып келуі талап етілген. Қарусыз келген адам кеңеске жіберілмеген, дауыс беру құқынан айырылған. Мұны сол уақыт туғызған талап, жауапкершілік деп түсінуге болады. Мұндағы ұстанған қағида – сарбаз кез-келген уақытта сақадайсай дайын болуы тиіс. Ел басына күн туған сол заманда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай,

Шақшақұлы Жәнібек, Уақ Малайсары, Баян сынды батырлардың теңдессіз ерліктерінің өзегі осындай тәртіп пен ережеде жатыр деу-ге болады.

Төртінші бөлім ел мен елдің, ру мен жүздердің арасындағы дау-дамайды шешуге арналған елшілік жораларын қамтыды. Яғни, ел арасындағы сыпайылыққа, әдептілікке, әділеттілікке, адамгершілікке жат іс-қылықтарды жөнге салуды мақсат етті.

Ал жұртшылық заңы деп аталған бесінші бөлімде шүлен тарту, ұрлық, зорлық пен барымтаға байланысты ережелер тізбектелді. Заңда мұндай қылықтармен күресу жолдары, алдын-алу шаралары, қолданылатын жаза түрлері көрсетілді.

Алтыншы бөлім – құн дауы, жетінші бөлім жесір дауы деп аталған. Қылмыстық ережелерді талдағанда билер «құн» мәселесіне ерекше назар аударған. Бұған дейінгі «қанға-қан» деген жаза түрі құн дауымен алмастырылды. Мысалы, ер адамның құны мың қой болып бекітілген, тіпті адамның дене мүшелеріне зақым келтірілсе де, соған сәйкес құн тағайындалған (бас бармақ – жүз қой, шынашақ – жиырма қой).

Билер кеңесі толық құн, жарты құн, ширек құн төленетін жағдайларды сарапқа салды. Құн кесімі деп қырық байтал, жасауыл ақы деп бесті ат билікке берілетін болды. Өлген адамның денесі табылмаған жағдайда 1,5 есе құн төленетін болды. Билер әйел құнын ер адамның құнының жартысына теңгерген ескі «жаза» ережесін қалдырғанды жөн көрді. Сонымен қатар билер кеңесі төре тұқымына кесілетін «жеті есе құнға» өзгеріс енгізді, бұрын әйтеуір иісі Шыңғыс тұқымы болса құны жәй адамнан жеті есе артық алынатын, енді тек ұлыс сұлтандары, хан ғана жеті құн, себебі кем дегенде жеті руға билігі жүреді, ал қызметсіз жүрген сұлтандардікі екі құнмен шектелді.

Жарты құн алынатын жағдайлар: көз, тіл тиюға байланысты төленсе, ал ширек құн оң қол немесе оң аяққа зақым келін адам мүгедек болған жағдайда, ал құнның сегізден бірі сол қол мен сол аяқ зақымданғанда төленетін болып шешілді.

Алқалы кеңестің тағы бір қарастырғаны құн төлегенде жас айырмасын ескермеуді, яғни жаңа туған балаға да құн ересек адам-

мен тең төленуі керек деп түйді. Ал кездейсоқ, абайсызда аңшылық немесе басқа жағдайларда опат болған адамға құн төленбеді, тек өлік шыққан үйге ауыл-аймақ болып өлікті жөнелту шығындарына көмектесетін болды. Жарғы бойынша он үш жасқа толмаған балалар қылмыстық жауапқа тартылмаған. Некеге отыруға 13 жастан рұқсат етілді. Екінші шарт – бұл болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы. Дүниеге келер ұрпақтың деіінің саулығын қалыптастыру мақсатында жеті атаға дейін қыз алыспау, қан араластырмау талап етілді. Сонымен бірге атастыру, айттыру, әркімнің өз қалауымен қосылудың ережелері де айқындалды. Қалыңмал берудің тәртібі келін түсірген отбасының, рудың, елдің тұрмыс жағдайына, дәулетіне қарай белгіленді. Жарғыда егер біреудің әйелі өлсе, әйелдің сіңілісіне үйленуге рұқсат етілді. Құда түсіп, айттырған жеріне бармай, өзге жігітке тұрмысқа шығып кеткен қыздың төркіні алған қалыңмалын қайтарып, үстіне тағы та үш тоғыз айып төлеуге тиісті болды.

Академик С. Зиманов «Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдары қазақтың үш жүзінің өкілдері түгел қатысқан жиында талқыланып, қабылданған заң актісі болып табылады» дейді және билер кеңесі сол уақытта қазақ мемлекетіндегі соғыс және бейбітшілік сынды маңызды мәселелерді шешетін тұрақты басқару орғаны болды деген тұжырым жасайды.

Қорыта айтқанда «Жеті жарғы» заңдар жинағы қазақ хандығының нығаюында маңызды роль атқарды және құқықтық мемлекеттіліктің негізі қалыптаса бастады десек қателеспейміз.

Еліміздің тарихы, халықтың тағдыры ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен де және өткір сөздің күшімен де шешілген кезеңдері болған. Өсындай сөз құдіретін, тіл өнерін халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған. Елді аузына қаратқан, сөзі мірдің оғындай, қынаптан суырылған қылыштай өткір сөзге бай шешендік өнер – қазақ халқының табиғи ерекшеліктерінің бірі – ұлттың табиғи дарыны.

Халқымыз шешендік өнерді қадірлей білген, тапқырлықпен сөйлей білген шешендерімізді ерекше сый-құрметке бөлеген. Ұлы жүзде Майқы би, Төле би, Кіші жүзде Әйтеке би, Қаратоқа

би, Мөңке би, Орта жүзде Әнет баба, Қаз дауысты Қазыбек т.б. шешендер өткен. Соның ішінде, қазақ елінің тұтастығын, елдігін көксеген, жарғақ құлағы жастыққа тимей өмір кешкен айтулы шешен биіміз, асқан талант иесі – Қаз дауысты Қазыбек.

Қаз дауысты Қазыбек би – халқының бірлігін нығайтуды көздеген, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесіне шақырған, орақ ауыз, от тілді, әділдік, туралығымен қара қылды қақ жарған, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеі өткен дана басшы. Қалың еліне салиқалы сөз айтып, салмақты мінез танытқан, жастайынан ақыл-парасатымен танылған, ұшқыр ойлы, рухы мен жаны қоса таза кемеңгер би әрі Көсемі.

XVII-XVIII ғ.ғ. қазақ елінің қоғамдық-әлеуметтік өмірінде Қазыбек бидің алатын орны ерекше. Оның ерекше кемеңгерлігі пен даналығына қоса, әлемдік құқықтық ойлау жүйесі де жетіле қалыптасқан. Ойткені, тәуелсіздік жылдарына дейін беймәлім болып келген айтқандары қолымызға емін-еркін жеткен соң, оның құқықтық ой-нікірлері, біз үшін тосын әрі жаңа қырынан белгілі болуда. Соңғы жылдары Қазыбек бидің Жеті Жарғыға қатысы және Жеті Жарғыны негізгі жазушы екендігі туралы түрлі зерттеу мен мақала көптеп жарық көруде. Сол, Жеті Жарғыны қабылдаған жердің Қарақұм кеңесі немесе Қаракесек кеңесі, деп аталуының өзі Қазыбек биға қатысты екені бүгін анық болды.

*– Шаригат айтқан жол емес,
Законың тағы жол емес!
Дуалы ауыз айтқан соң,
Қазақша бір жол салғаны, –*

деп, қызы Қамқаның жоқтауында тарихи шындық айтылған.

9-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Көшпелі қазақ қоғамының басынан бақ құсы ұшқан заман XV-XVII және XVIII ғасырдың алғашқы жартысы болды. Оған себеп Евразияның ұлы кеңістігінде қалыптасқан әлемдік саяси ахуал болды. Отырықшы мен көшпелілер арасындағы күштің ара салмағы өзгерді. Батыс өндірісін өркендетін, саудасын дамытып, теңіз жолын игеріп, мемлекетін бекітіп, түрлі заң түзіп жатқанда, көшпелі жұрт «малын бағып, қымызын сапырып», әлі баяғыдай жай-барақат ғұмыр кешті. Сандаған мың жыл адамзат баласының үстінен билік жүргізген көшпелі халық, енді өз үстемдігінің қолдан сусып бара жатқанын сезбеді де.

Орта Азияның XVII ғасырдағы қоғамдық дамуы бір ерекше ауыр құбылысты, ерекше дағдарысты нұсқайды. Бүкіл ел-жұрт, – деп жазады орыс ғалымдары, – бір алапат шөл. Ескерусіз қалған су торабы, құм басып, сексеуіл өсіп кеткен арық пен құдық, тек құланның табыны мен қорқақ киякті ғана кездестіресіз. Міне, бұл 1652 мен 1680-ші жылдардың аралығы еді.

Тұтас Дешті қыпшаққа атағы жайылған өнерпаз ақын мен жыраулардың жағалай отырған батыр мен елді таңқалдырып, көзінен жасын тамшылатып қойып, жыр айтып отырғанын енді кездестірмейсіз. Алтын Орданы жоқтаған күйлер енді естілмейді, еркіндіктің заманы толық біткен. Қазақ қайта туып тірілгендей, қарақалпақ болса өшіп барады, ал көне татарлық (ерлік) ғұрып құлдырап, әлем бетінен өшіп кетуіе тақады.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Евразияның кеңбайтақ даласында екі ірі көшпелі ел қалды: қалмақ пен қазақ. Сол кезде Батыс пен Шығыс қақпасы жабылған соң, енді екі көкжал өз-ара соғысуға айналды. Ұлы майданда кездескен екі елдің тек біреуі ғана өмірін жалғастырмақ. Бұл соғыс көшпелілердің соңғы күші бір жұдырыққа жиып, көшпелі өмір салтының Орталық Азияда үстемдік сақтауына бағытталды. Арғын әулетінің Бес Мейрам, Тобықты, Қанжығалы секілді руларының басына келген зобалаң

қасірет – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл шұбырынды» оқиғасы қазақ-қалмақ жадында берік сақталуының басты себебі осы.

Қалмақтың қазақтан күші аса бастағаны Салқам Жәңгірдің кезі. Мәшһүр Жүсіп: – «Бұл кезде қалмақтың Қонтәжісі күшейді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпеді. Қысқа күнде қырық шапқан. Соғыс болса қалмақтың иығы аса берген. Жоңғар жеңген жерде қазақты тырп ете алмастай қылып ойсыратып, шауып кете берген. Қазақ сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін, іле-шала қайтадан жиылып, қалмақпен соғыса берген. Бақытты ханы жоқ, тайсалмас батыры жоқ, көп жаманның жиылып төбелесе бергеінен не өнеді?», – деп жазыпты.

Орталық Азия туралы жазылған ескі қолжазбалардан, біз Тәуке заманындағы қазақ билігі туралы аздаған мәлімет аламыз. 1697-1698 жылдары ұлы хан бастаған қазақтың 20-25 мыңдық әскері Шаш (қазіргі Тәшкент) маңындағы қытай-қыпшақтармен екі жыл бойы соғысып әрі қарай ығыстырып жібергеі, одан кейін 1708 жылы Ресейдің оңтүстік шекарасына келін, башқұрт-орыс жанжалына қатысқаны белгілі. Қазақ қаһарын 1703 жылы Ресейдің Жоңғарияға келген елшісі М.Городничийдің де әңгімесінен аңғарамыз: «Осы күнге дейін, – деп хабарлайды оған қазақ елінен келген әріптесі, – Тобылдың маңындағы қоныстарды шауып соғысып, орыс адамдарын топтап өлтіріп, тобыр қылып айдап келуші едік. Осы күні орыстар қатты қорғанатын болды. Сол себептен қазіргі шабуылда олар бір адамды жоғалтса, біз де біреуді жоғалтып жүрміз».

XVIII ғасырдың басындағы Қазақ Ордасының саяси-әскери жағдайы мығым, территориялық ауқымы ерекше кең: бір жағы Ертістен арғы Сібір даласы, бір жағы Ташкенттен де әрі Мәуреннахрдың қалалы өлкесі.

Дағдарыстың басы Әз Тәуке ханның 1718 жылғы қайтыс болуымен тікелей байланысты. Қазақ тарихын саралап отырсақ, қашанда ел тізгінін уысына бекем ұстаған хандар, ол өлісімен береке кете бастайды: Қасым хан өлгеннен кейін, қазақтың ел болуы күмәнді болды, Есім хан өлгенде сеңдей соғылып және қалды. Осы күйді қазақ енді қайта кешті. Әз Тәуке маңындағы

көп сұлтанның ішінен мемлекет іеін меңгерін кететін сайыпқыран шықпады, Тәукенің көзі тірісінде Ресеймен, Жоңғармен алыс-беріе, барыс-келіске түеіп жүрген Әбілқайыр мен Қайыптың өздері де елді билеп кете алған жоқ. Өз басының ерлігі жеткенімен, ірі-ірі рулардың қолдауы, іні-балаларының арасынан сүйеніші болмаған соң, «балапан басына, тұрымтай тұсына» деп, қараша халық бетімен кетті. Бір орталыққа негізделген билік жүйесі ыдырады.

1717 жылы қалмақ жағы қазақ жеріне екі рет жорық жасады. Аяғөз түбіндегі соғыста қазақ жағы оңбай жеңіліп, 30 мың әскер жансауғалап жан-жаққа қашып кетті. Жеңілгенде де өзінен саны бірнеше есе аз әскерден жеңілді. Әуелгі бетте Аяғөздің ар жағасына шыққан қазақтардың екніні қатты еді, қалмақтар ағаштан шеп құрып, амалдады. Бірақ аз қалмақты жапырып өтудің орнына қазақ жағы қалмақтың шебіне қарама қарсы одан да бнік қылып қорған салып, бар мүмкіндігі мен уақытын кетірді. Соның үстіне шыққан мергендер бастарын қылтитқан қалмақты атумен болды. «Сасық қамал» болып қазақ-қалмақ жатып алды. Үшінші күн дегенде қалмақ жағының тың әекері келіп, қазақтың салықшыларына, қазаншыларына килікті. Осы-ақ екен, қазақ жағы ұлы дүрмекке ілесін қашты да кетті. Қалмақтар жарты күн қуып, қолына түскен қазақты өлтірін, тұтқындап мәре-сәре болды. «Қашқан жауға қатын да ер» деген, қазақ жағының рухы қайтқаны осы болды. «Қазақтың бір төрі қалмақта кетті» деген сияқты әңгіме содан қалған.

1718 жылы қалмақтың әскері Бөген, Шаян, Арыс өзендерінің бойында қазақты тағы да ойсырата жеңді. Осыған дейін Жетісуды толық иеленіп қойған Сыбан Рабтанды енді Түркістан-Ташкент аймағы қызықтырды. 1710 жылы қазақ Қарақұмда кеңес құрып, жеті жарғыш би қазақ мемлекетінің ішкі-сыртқы саясатын салмақтап жатқан жылы қалмақтар Қашқария мен Жаркент атырабындағы қалаларды түгел бағындырып, осы бір өнерлі, еңбекқор елдің ырыс-байлығына ауыз салды. Енді келіп Шығыс Түркістан мен Сыр өлкесінің арасындағы коне Жібек жолының бойын түгел бағындырмақ болды. Ойрат-моңғолдың қауқары, әрине, Шыңғыс дәуіріндегі мұңғыл тегеуірінінен бөлек еді. Бірақ жыланды үш кессе де кесірткідей халі бар деген.

Рухы жоқ ел – бейшара ел. Іші бос, сырты қорғансыз ел. «Жуас түйе жүндеуғе жақсы» деп, айтылғандай, оған кез-келген ел қожалық жасайды, басынады. Бір рет рухынан айрылған соң, оны қалпына келтіру де оңай емес, елдің еңсесін жаңа, жас ұрпақ қана көтереді. Бірақ соған дейін қан жұтып, сорлы болып, өзгенің тепкісін көреді. Кеудесіне кек сақтап, барып-барып қана езгіден құтылады. Осындай кезде ерліктің туын көтеріп шығатын ер азаматтар өмірге көптеп келеді. Олар өз мүддесінен ел намысын жоғары қояды. Осындай ұлдардың саны артқан сайын, халықтың рухы сауыға береді. Ал ту көтерген азаматтары аз ел қойша ұйлығып, өзгеге жем болмақ.

XVIII-ші ғасырдың 23-25-шы жылдары қазақ халқына үлкен ауыртпалық әкелген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті, 27-28-шы жылдары жұт, содан кейінгі 30-шы жылдары қайталанған жоңғар шақпыншылықтарынан елді аман сақтап қалу мақсатымен Қазыбек баба (оны ұрпақтары осылай атайды) өзінің ұрпақтары және бүкіл Қаракесек әулетімен Сыр бойынан Арқаға көшіп, Ұлытау, онан соң 40-шы жылдары Далба мен Қу тауларының аралығы, Түндік бойына қоныстанған.

Бабаның ұрпағы осы алқапта бүгінгі күнге дейін мекендейді. Олардың жайлауы Баян тауының батыс бағытындағы Шідерті, Бұланты өзенінің бойы болған. Кейін келе, өрісі тарылған Сүйіндік елінің өтініші бойынша Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы Алшынбай өздерінің жазғы жайлауын оңтүстікке – Қарқаралы бағытына, Нұра өзеніне қарай ауыстырған.

Мәшһүр Жүсін жазады: «Жұттан, жаудан басын алып қашқан елдің жаяу шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып, табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін орталарына алып қорғап жатады екен, бөтен, басқа, жат рулар ұрлап сойып жеп қоя ма деп. Тобықты Әнет бабаның төбе басында қалғандығы, он алты ұлды Тілеуімбеттің қырылып, жойылғандығы осылай болып еді. Сол күндерді қалай ұмытарсын».

Қазақ қоғамы бастан кешкен дағдарыстың бірінші себебі – төрелер арасындағы бақталастық. Әуелгі басы Шыңғыс ханнан

тарағанымен, бергін келе ұлыс-ұлысқа бөлінін, ен жайлап кеткен төре тұқымы сан-сала. Өз-ара ынтымағынан гөрі, өштестігі, есебі мол екендігі анық. Өз Тәуке, Қайып, Қас сияқты ел билеушілері Өз Жәнібектің бел баласының бірі Жәдік тұқымынан, ал Әбілқайыр сұлтанның арғы атасы Өзбек, одан Бөлекей Қоян, одан Әжі (Қажы), Жәдіге тұқымының жолы үлкен. XVIII ғасыр, тіпті XIX ғасырдың басына дейін созылған төре дауының бір тамызығы, осы мәселе.

Өз Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін, билік біраз уақыт Қайыптың қолына көшті. Бірақ 1717-1718 жылдардағы жеңілісі, сәтсіздіктері, оны қазақ арасындағы беделінен айырып, ақыры өлімге душар етті. Қайыптың Орта жүз батырларының қолынан өлуі әлі де анықтауды керек ететін жұмбақ оқиғаның бірі. Әбілқайыр хан болса, Қайыптың көзі тірі кезінде-ақ оқшауланып, Ырғыз, Торғайға жақын көшіп, одан әрі Қазан, Уфа шаһарларымен қарым-қатынасын күшейтті. Қайып хан Түркістанда жалғыз қалып, пұшайман жүргенде, Әбілқайыр соңынан ерген жауынгерлерімен Еділ бойында жорықта еді.

1722-1723 жылғы қыстың қаһары қатты болып жұтқа ұшыраған ел, әлдері құрып, қайың сауып күн көрін жүргенде 1723 жылғы Шұна Дабо бастаған қалмақ шауып әбден тоз-тозын шығарды, Қырғыз шежіресі бұл оқиғаны: – «қазақ қайың сауып, қырғыз Ыссар-Күләпқа кеткен», – деп баяндаған екен. «Күнтуден туған Төлек батыр кечее казак кайың саап, кырғыз Ыссар-Күләпқа кирғинди он эки жыл туруп қалат».

Бір жігіт он бес ауылды асырауға жарады. Бір көкала бие он бес ауылды асырауға жарады. Көкала биесінің пәсі айдалаға, елсізге апарып оның бұтынан шелек айырмай сауып, сүйретпемен сүтін үйге әкелін сабаға құйып он бес ауылды тарықтырмады, – дейді Мәшһүр Жүсін шежіресінде, – Бір күні елсізде биесін сауып отырса, алыстан төрт атты кісі келе жатыр екен: тұрып кетейін десе, иіп тұрған биесінің сүті саулап ағып кете тұғын, тұрмайын десе, ана кісілер келін қалатын. Қайтерін білмей сасыпты. Жұдырықтай тасты жерден алып «кез болсаң көнекке, тіл болсаң тасқа» деп сүттің ішіне тастай беріп, көнектің бетін жаба қояды.

Төрт кісі келіп: – «Мана біз көрінгеннен биенің бұтында отырдың, сауып отыр ма едің, жоқ ұйықтап отырдың ба»? – дейді.

– Не сауып отырайын, өзінің бөтен кісі көрсе німейтіп жаман мінезі бар еді. Сендер көрінгеннен німей қойды. Бне пір ме екен деп отырмын, – дейді.

– Бәсе, солай ғой. Әйтпегенде біз көргеннен бері сауып отырған болсаң, ендігі өзен болып ағып жатарлық болды, – деп жүре беріпті.

Олар кетісімен сүтті сүйретпеге құйып қараса, кенек түбіндегі жұдырықтай тас төрт бөлініп кеткен екен дейді .

«Адам тілі тас жарады, тас жармаса бас жарады», деген сөз осындайдан қалған көрінеді».

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» дәуіріндегі бір оқиға осылайша ел басындағы жағдайдан хабар береді. Сол заманындағы қазақ басына түскен ауыртпашылық «Шақшақұлы Ер Жәнібек» жырында көркем де, дәл суреттелгені төмендегі шумақтардан керінеді.

«Әлқисса, Тәуке хан өлген соң ел басшылары алауыз болды:

*Аз елді билемекшіі, екі кісі,
Баланың біреуі үлкен, бірі кіші.
Хан болса мұратына жететіндей,
Ескермей, кетер-ау деп ел берекесі.*

Орта жүздегі Қайып, Әбілқайыр, Сәмеке хандар арасындағы жанжал елдің арасының жігін ашып, қарияға ренжу түсіп, біразы өзі тұратын үйі жоқ, малын сақтайтын қорасы жоқ Сарыарқаға тұра көшіп жүргенде жалмауыз жұтқа ұрынды:

*Он бес күн мұз жаңбыры жауды тынбай,
Сіресіп мықты тіреу тұрған сынбай.
Алдымен емен болып күшті азашың,
Жер болып құлап қалды болып жымдай.*

«Қайың сауған» жұты қазақтың барлық шұрайлы даласын жайлады. Қысы жұмсақ, жазы ыстық оңтүстік өңірінің өзі бұл сұмдықты бұрын-соңды көрмеген:

*Жып-жылтыр дүние жүзі болды айнадай,
Күз бен тау, қалың орман жал жададай.
Мешітті Түркістанның – көк күмбезі,
Көрінеді мұз қапталып таяладай.*

1723 жылғы қалмақ шабуылының сәтті болатыны да осы себептен, бас аяғы бірнеше жыл ішінде қазақтың бауырына басқан қонысы қалмаққа қарап қалды.

*Ие боп қазақ жұртын қалмақ басты,
Күн суық, жол жүруге және адасты.
Аман бол, қайран қоныс Сыр мен тауым,
Жерімен қазақ шулап амандасты.
Қазақтан тартып алды барлық малды,
Түк қоймай тартып алды Түркістанды,
Ие боп қалмақ қалды бәріне де,
Қоймады жер үстіне мұсылманды.
Қыдырып құба жонды тарап еткен,
Ауқат жоқ жеткен жерде демі біткен.
Иіріліп алқақотан оліп жатыр,
«Алқакол сұлама» осы ел есіткен.*

1723-1725 жылғы апат кезінде Ұлы жүздің қазағы Ходженттен асты. «Сонда Төле би қалмаққа бағынамын деп кіеі жіберіп алдап, өзі батырлармен кеңесіп, Шыршықтың тасып жатқан өзеііпен Қожакенттің (Ходжент) көпірімен өтіп, Жиделі Байсын, одан әрі Зерапшанға көшіп кетеді. Жалпы көшті Қаранай батыр (Сіргелі) басқарады. Үш жүздің қазағының қалғаны қалмаққа бағынып қалды. Арада алты жыл өткен соң қалмақтарға шешек ауруы тарап, олар Тәшкенттен кетеді. Оны естіп Төле би ауған елімен қайта келеді». Ұлы жүздің шежіресіне қарағанда ол ел Зерапшанға «алты рет ауыпты».

Таластан бастап Сырдың орта ағысына дейін қыстайтын Орта жүз ауылдарының Самарқан, Бұқарды сағалап батысқа ығысатын уақыты осы заман. Самарқан аймағының ол кездегі қожасы Жиделі

Байсын арғындарынан шыққан Ыбырайым би. Ол кісі ертеден бери Балық (Балхы) – Бұқар өңірінде аталық қызметін атқаратын өте беделді адам болатын. Ыбырайым бидің көмегімен Самарқандты өзіне қаратып алған Раджаб Мұқамед сұлтан көп кешікпей Соғдының көп бөлігін (Бұқар мен Самарқан арасы) Нұрата мен Мийанкалді, Қаршы өңірін бағындырып алды. Самарқанд маңына келін қазақ Раджабтың қамқорлығын ғана көріп қойған жоқ, оны қолдап Бұқар ханы Әбілпейізбен де соғысуға мәжбүр болды.

Бұл оқиғаларды Қожамқұл бек Балхи өзінің «Тарих-и-кипчак хани» еңбегінде келісті баяндайды:

«Қоңтәжі қалмақ, Моғолстан мен Қашқардың песі, міне бір-неше жыл болды өзінің әскерін Кухистан, Читрал, Бадахшан, Дара, Дарваза және Қаратегінге жұмсады.

Қаратегіннің халқы Алай тауының қойнауларына қашып келін паналаған қырғыздарды қудаламады. Кейбір әкімдер жыл сайын (қалмақтарға) алым-салығын төлеуге келісімін берді...

Қоңтәжі (қалмақ) өзінің ұлын қазақ жұртын бағындыруға аттандырды. Ташкент, Әндіжан, Сайрам және Сейхун дариясының жағасындағы аймақтар, қазақтың шамамен алғанда үш лек әскері ташкенттіктермен бірігіп қалмаққа қарсы тұруға белді буды. Екі жақтың әскері шеі құрып бір ай бойы танның атысы, күннің батысы соғысты. Жасаған ие жеңісті мұсылманға емес, кәнірге берді. Бір лектей адам бақи дүниеге аттанып кетті. Қазақтар ауыр жеңіліске ұшырап елу мыңнан астам қазақ от басы Самарқандқа асықты».

Бұл үлкен жанкешті топтың басында Қаз дауысты Қазыбек болды. 1726, 1727, 1729 жылдарғы соғысқа Орта жүз жасақтары толық қатысты. Оның небір айғақтарын Бұланты озені бойында болған Қалмаққырған соғысынан қалған белгіден, Шұбартеңіз бойындағы қазақ обаларынан т.б. көптеген осы оқиғаларға қатысты аңыздардан да аңғарамыз. Бірақ қалмақ осал жау емес, оның қаһарынан қаймыққан қазақ жағы тарыдай шашылып Жиделі Байсын, Еділ-Жайық, Ордың қарғашы сияқты өлкелерде жүрді. Осы кезде Орта жүз баласының қомақты тобын басқарған Қаз дауысты Қазыбек еді.

1731 жылы Ресейден Әбілқайырдың шақыруы бойынша елші болып К.Тевкелевтің келгені белгілі. Хан мен елші Ырғыз жағасында қазан айының 3-і күні кездесті. Мәмлелерлік келісімдер аса қиындықпен жүрді, елші тағдырының қыл үстінде тұрған уақыты көп.

Желтоқсанның 15-ші жұлдызында Әбілқайыр хан мен табын Бөкенбай батыр Орта жүздің ханы Сәмекеге Кіші жүздің жағдайын баяндап, елші аттандырды. Бодандыққа мойын ұсынғандарын, алым-шығын төлеуге келісімін бергендерін, Ресейдің сыртқы-ішкі жауларынан қорғаймын дегенін жеткізбек. Осы елшілікке Тевкелев өзінің ең сенімді көмекшісі башқұрт Таймас Шаймиев батырды қосты: «с которым послал Шемяка хану сукон кармазиновых-красного, зеленого, вишневого-каждого по 4 аршина ценою по 2 рубля по 50 коп. аршин, косяк камки семилан-ного красной, да кафтан суконной красной шитой, 8 коннов китайки, 6 кож красных, 5 выдр, 2 бобра, 2 чернобурые лисицы, да знатному старшине Қазбек бию кармазинового 4 аршина по 2 руб. 50 коп аршин, 1 бобра, 1 выдра, юфть одна красной кожи».

Тевкелевтің күнделігіне сүйенсек Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың қыстаған жерлері таяу, атты адамға төрт-бес күндік жер. Желтоқсанның 15-і көні аттанған елшілік 19-ы күні Сәмеке мен Қазыбекке кездесті. Кіші жүз Арал жағасында, Орта жүз Сырдың орта ағысында қыстап отырғаны анық.

Қасіретті «Ақ табан шұбырынды» оқиғасына қатысты тағы бір мәліметті К.Тевкелевтің «Күнделігінен» кездестіреміз: «1748 жылы 20 маусымда Ор бекінісіне (Жаманқала) Шақшақ қара балуан Бөгенбай батыр келін А.Тевкелевпен кездесті. Бұлар бірін-бірі ертеден танитын сыралғы болатын. Бөгенбайдың жанында Жәнібек тарханның ержеткен ұлы Жауқайтар, қосшы-атшылары бар, А.Тевкелевпен әңгіме дүкен құрып бірнеше күн бірге болды. Басты мәселе Ресейге бодандықты қабылдаған бұл елдің тағдыры, болашағы не болмақ!? Осы әңгіменің үстінде К.Тевкелев Қазақ ордасының бодан болу тарихының және Ресейдің оң саясатының бір көрінісі есебінде 1730-шы жылдардағы оқиғаларды баяндады. Оның бір шеті Қаз дауысты Қазыбекке де қатысты:

«И те оне, киргизны (қазақ, получали от выше показанных себе крайния разорении не по их хотению, но их беспокоиством киргизны сами всегда их задирали и неволю и с принуждения себя заставляли разорять. И от своего беспокойного жития и за непостоянства киргиз-кайсаңких худых людей принуждены были и добрые, как то есть и прочие от сей степи откочевать вдаль, а имянно: Большая Орда – за Ташкент к Ходжанту, Средняя Орда – к Самарканду (Уже по принятии их брегадиром Тевкелевым в подданство Россий-ской империи в 1732 г.). Средней Орды знатная старшина Қазбек-бий своим родом, называемой Аргын Каракисяк с четырямя тысячами кибитками уже при бытности его, брегадира Тевкелева, прикочевал в здешнюю степь, и в каком состоянии Қазбек-бий своим родом пришел, едва ли не все пешие, он Букенбай батыр (қара балуан-шакшак), сам о том знает. А Меньшая Орда отдалелася от них ото всех к Хиве и к Бухарин».

А.Тевкелев – білімді сұңгыла адам болғаны тарихта белгілі. Балуан Бөгенбайды 30-шы жылдардың нақты деректерімен мойындата сөйлеп, құптағып отырып қазақтың енді ерлікке, жаугершілікке әуестене беруінің қажет еместігін дәлелдеп-ақ бағады. Елшінің сөзінен осынау жауынгер халықтың орыстың кигіземін деген қамытына көнбей, бұлғақ жүргенін анық сеземіз. Сонымен қатар 23-шы жылдардың ақтабан-шұбырындысының ызғары да білінеді. Мәшһүр Жүсін шежіресін ақтарып осыған дәлел де тапқандаймыз:

«Ақтабан шұбырынды» Орта жүздің басынан кешкен уақиға болса керек, – дейді Мәшекең, – молшермен есептеушілердің айтуына қарағанда 1727-ші жылдар ма қалай(?). Ұлы жүз қалмаққа қарап қалды да, Орта жүз жұттан, жаудан қашып, көшіп, босып, әрі жұтқа, әрі жауға ұшыраған екен. Тамтығы Сарыарқаға келін қалған деседі. Бұлардан бұрын Арқада «Он екі Қазылық ой Түндікте» наймандар бар екен деседі. Қанжығалы, Бәсентиін бар екен деседі. Ауып жүдеп келген ел наймандардың қырық биесін бір түнде сойып алыпты. Наймандар: «қырық бие еруліктерің болсын, өзімізге рұқсат қылыңдар», – деп орға қарай көшіп кетті. Жеті момын отырып қалыпты. Бұларды шет пұшпақтап азық

етіпті. Зорлық жасамапты. Қанжығалы Абыз-Шомақтың қызын қолынан емес, жолынан алып, Қаз дауысты Қазыбектің тұңғышы Қонайға қосыпты (негізінде Қонай емес, Қанай – Қазыбектің үлкен ұлы Қазымбеттің баласы), Қонай жастайынан өліп, Шідертіні өзенінің жағасына қойыпты. Шідерті бойында «Қонай» суының аты да содан атаныпты. Қанжығалы, Бәсентіңдер Баянаулаға келін орнығыпты. Сүйіндік келіп, қоныстана бастаған соң, одан да сырғып Ақкөл-Жайылмаға түсіп кетіпті».

XIX ғасырдың соңында қазақ жерінде көптеген жыл қызмет атқарып, Құрбанғали Халид сияқты шежірешілермен жолдас болған Н.Н. Балкашин деген тарихшы 1882 жылы жарияланған зерттеуінде, қазақ аңыздарына сүйене отырып арғындардың Сарыарқаға түпкілікті қоныстануы (қыстау салуы) XVIII ғасырда болғанын және оның үш кезеңі бар екеіні жазады:

«Прежде из за Каратауских гор к р. Чу и к Улутауским горам направились момуны. В их числе были роды: атығай, бағыс, канджиғали, табуқлы, сарджетим-чакчак, басентеин, караул. Далее басентеин и табуқлы ушли к Баянаулу. После момунов, из за Каратау пришел союз кувандык, состоявший из арғынских родов алтай, калкаман, ағыс, карпык и темеш. Этот союз оттеснил момунов к северу и расположился в степях по верховьям р. Сарысу по р. Нуре и т.д. С кувандыками прикочевал еще род каракисьяк, занявший горы у Балхаша. Позднее пришел третий арғынский союз суюндук, состоявший из родов дюрть-аул, карджас с козғаном и каксалом. Дюрть-аул отличался жестокостью и отбросил момунов от Баянаула к Иртышу».

1905 жылы жарияланған Ф.Шербин экспедициясының «Қарқаралы уезі» кітабында Қаз дауысты Қазыбек бидің заманына қатысты әңгіме көп. Соның бірін Мұхамбетше Итқараұлы айтқан: «Қазақтар Қарқаралы өңірінде көптен мекен етеді, әуелде қалмақтан босатып алған. Бірсыпыра жылдан кейін Түркістанға қайта көшін, сол жақта «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген жұтқа ұшырап, көп малдан қалған бірен-саран тұяқпен солтүстікке көшіпті. Аңызға қарай алдымен келген Темеш, Алтай руы осы жерде көшін жүрген наймандардың бір түнде 40 бпесін

жеп қойыпты. Сонда наймандар «біз сендерден бұл биелерді қайта сұрамайық, сендердің еруліктерің, қонақасыларың болсын, өзіміз кетейік. «Бір адам аш болса бір ауылды аш қылады, бір аш ауыл тұтас руды аш қылады» деген, осы жерге не болып қала беріндер, тоқ бола аш баламен ойнамайды, деп көшіп кетінті.

Сарыарқа – кең байтақ өлке. Өрта жүз баласының алтын қазығы. XVIII ғасырдың 30-шы жылдары бірінің өкшесін бірі баса, Түркістаннан көтеріліп Арқа деп еңіреп келгенде жер мол еді. Бірақ малдың қамы, жанның амандығы үшін, мал баққан қазақ елі әуелі жалпақ жатқан жазықты, орман суды болген жоқ, тауды көздеді. Себебі тау мен төбе қысқы панаң, кигіз үйінді тігіп, баурында отырсаң қыстың қары мен аязы, дауылы алмайтын қорғаның. Жел қуған қарабауыры қыс ішінде малыңа жайылым. Сарыарқаның Ұлытау, Қарқаралы, Баянаула, Көкшетауы көздің сұғындай болып, қазақ баласы бірі-бірінен қызғанып жүруіне осындай себептер бар.

Найман мен Керей әуелден шығысқа бағыт алғаны белгілі. Ұлытаудаға Балталы-бағаналыдан басқа найман қалмақты тықсырып, керейге қосылып, Тарбағатай мен Алтайға өрледі. Тоғыз таңбалы найман «Қарақойын-Қашырлыда айрылыпты» деген сөз сол заманда тұған.

Момын балалары Ертіске қарай, Есілді қуып солтүстікке жылжыды. Тобықты мен Қанжығалы ғана жан-жағына қарайлап шегіншектей бергені. Өзге момынның ішінде осы екеуі бір-біріне жақын еді деседі.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда.

Өзге момын коше алмай қалған онда.

Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,

Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Ә.Бөкейханов Ақайдың Хасеіне «Қазақ» газеті арқылы бір хат жазып, қаракесектің Арқаға келуін былай түсіндіреді:

«Қаракесек Түркістанда жүріп, Арқаға бошан Қазыбек би жер шолуға кісі жібереді. Бұл кісілер Қу, Едірей, Мыржақта шалқып, байып отырған қанжығалы Абыз-Шомақты көреді. Жер жақсы:

тай құлындап, тоқты қашады. Бошан мұнда ауып келген соң... Қазыбек қанжығалыны мүйіздеп Далба, Қу, Едірейден қуған. Абыз-Шомақтың қазіргі ауылы осы күнгі Песчан қаласы тұсында он шақырымдай болады. Қарқаралы, Қара қуыс, Едірей, Қу, Баянаула тауларын Бес қазылық дейді. Бұл мал кіндігі».

Сонымен Қаз дауысты Қазыбек би бастаған Орта жүз арғын баласының Сарыарқаға келіп орныға бастаған уақыты 1723 жылғы «Ақтабан-шұбырынды»-дан бері ғана. Оңтүстікте қыстап, Арқаны жаз жайлап үйренген қазақ үшін бұл көші-қон оңай болмағаны белгілі. Әуелгі баста Бұқар жыраудың, Абылайға айтқан болып, елге үлгі шашқан толғауында:

*Қалмақтан алсаң маһи бір зайып,
Сүйегіңді жоғалтпас.
Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан,
Сегіз қиыр шартарап,
Торт құбылаңды түгел қып,
Торінде жатып салмақтан, –*

деуінде үлкен мән бар еді.

Қазақ әуел бастан Арқадан Сырға ауған кезде («бастапқы ақтабан») Қарқаралы, Баян, Қорғалжың маңын қалмақ басып қалды. Кейіннен қалмақтың торғауыт бастаған көп бөлігі Еділ асып кетті де, хошауыттар кейін қайтып, Тибетті бауырлап жайлады. Сарыарқаны қоныс қылып, қалмақтың әр рудан шыққан құрама топтары жүрді. Қазақ шежіресінде олар «Кіші қара қалмақ» деп аталады:

*Кіші қара қалмақ бұл жерде,
Бозылардың билігі.
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты.
Жамандықты іздесті,
Бірін-бірі күндесті.*

*Жаулаған ханын қара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Сүйткен қалмақ оңбаған.
Сол қалмақтың жұрты еді-ау.
Үш қарқара, Кок төбе,
Ит те ұлып қалмаған.*

(Бұқар жырау)

«Кіші Қара қалмақтың» әңгімесін Құрбанғали имам “осы толқын арасында қара қалмақ тайпасы қытай үкіметінен сырт қалып Қарқаралы-Қараөткел жағында жүрді, жалпысы 30 мың үй шамасы еді. Бұлар да өз-ара билікке таласып, нашарлап, бір бөлігі қашып Балқашқа тығылды. Сыртынан қоршауда қалған халық тұзды суды іше алмай көпшілігі шөлден қырылды. Олар өз-ара қырылысып, әлсіреген кезде қалғандарын Абылай хан қуып Тарбағатайдан ысырғанын айтқанбыз” деп жалғастырады.

Каракесек ішіндегі “тоты”, “қыз қалмақ”, “қызыл қалмақ”, “бала қалмақ” т.б. қалмақ руларының біразы өзінің түп-тегі 1630-1730 жж. Қарқаралы-Қазылықты мекендеген торғауыт, хошауыт, дүрбеттерден алады. Қазақ салты бойынша, көп әйелдің балалары шешесінің елінің атымен аталады.

Кент-Қазылықтағы «Қызыл Кеніш» сарайы сол XVII-XVII ғ. ескерткіштерінің бірі. Қазақ Арқадан ығысып кеткен уақытта, Қазылыққа бауыр басқан Күнделен тайшы дейтін атақты көсем Батыр қонтәжімен көп жауласып, сол кездегі қазақтың ханы Салқам Жәңгірді, оның одақтасы Жалаңтөс баһадүрді қолдапты. Ол заманда қалмақ елі будда дінін жаңа қабылдап жатқан уақыт. Қалмақтың ғұлама-діндары Зая-Пандита 1643 жылы (қой жылы – усунхонин) қысты осы Кент-Қазылықта (Хасулукту) өткізген. “Қызыл Кеніш” сарайы сол жылдары салынған болуы керек.

1645 жылғы Ресей құжаттарында «служилые люди Минька Семенов с товарищами, бывшие в улусе Хундулена, ему в расспросе сказали: были де они в Колмаңких у Хундулена-тайши и у лабы Ирдени Ухоева-абаши и видели а Колмаңких улусах, что

многие колмаңкие тайши со своими калмаңкими многими людми збираютна на урочише Казлык» деп жазуының себебі осы».

Қазақ шежіресі Қызыл кеніштің салынуын басқаша түсіндіреді: «Баяғы заманада, бұдан екі-үш жүз жыл бұрын, – делінеді аңызда, қазақ пен қалмақ көрші отырады екен. Сонда қазақтың Аюке деген ханы қызын Қоңтәжіге ұзатып, аттандырып жіберінті. Қоңтәжі 40 батырын жібереді, соған қырық балуан жігіт қосқан екен, оның басшысы Едіге деген батыр болыпты. Қыздың аты Етрежеп екен, сол қыз ақылды болған, халқымды құтқарсам деп қалмаққа тимек екен, оның жанына қырық қыз нокер қосыпты. Осы Кент маңына келгенде (Әкімбек, Қыз әулие деген жерге) қыс түсіп, ақ қар, көк мұзда керуен әрі бара алмай, қыстап қалыпты. «Арпа бидай ас екен, алтын күміс тас екен» деген сөз содан қалған дейді. Осы жердің пәсі Мық деген қалмақ екен, содан ас сұрайды, ол бермейді. Қыздың жанына ертіп жіберген қырық батыр тастан қалап, осы Қызыл кенішті көтерінті. Қыс өтіп көктем келгенде қыздың көші Қоңтәжінің еліне аттаныпты дейді. Сол екі арада Едіге батыр мен хан қызы Етрежеп көңіл қосып қойса керек, содан Қоңтәжіге барғанда қыз шарт қояды...». Аңыз осылай жалғасып кете береді.

Міне, осы араға 1728-ші жылдан кейін Қаз дауысты Қазыбек бастаған Қаракесек көші келін тоқтады. Бір жағы Едірей мен Мыржық, Баянаула, Ертіске қарай Қалмаққырған, Едірейдің атақты Қара үңгірі, одан әрі ұзыннан ұзақ созылып Керегетас, Қаратау, Сарытау, Үшқара тауы қатпар-қатпар болып жатыр. Асан қайғы бабамыздың өзі артына қарай-қарай қимай кеткен жері екен деседі. Арқалық, Желтау, Қызтауы (Әулие тау) атын да Асан баба берген екен деп әңгімелейді. Осының бәрінің ортасын жарып Түндік өзені ағады. Бұл Асанның «Ой Түндік – құралып жатқан қой Түндік, қой өсірер жер екен» деп баға берген өлкесі. Едірейге келгенде бұл жерде құт та жоқ, жұт та жоқ, бір қалпынан аумайтын, жоқ нәрсеге айнымайтын жер екен» депті. Қаз дауысты Қазыбек баба осынау шұрайлы, шүйгін алқаптың ортасынан ойып, өзіне жер ұйығы Далбаны алыпты деседі.

Қазақтың аңызы бойынша «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кетті» делінеді. Қазақ баласы Сырдың бойынан ауып келгенде осы

мекенде қалмақтың Едірей, Бедірей деген ағайынды батырлары бар екен. Қазақ қамап, қырғын соғысып, ақыры Едірейді қолға түейрсді. Сонда батыр «Дат» деп қазаққа өтініш білдіріті:

– «Сендер мені әйтеуір олтіресіңдер, мына жер кіндік қаным тамған жер, ең болмағанда бұдан былай осы жерді Едірей деп атаңдар», – деп арыз етіті.

Содан бері Едірей атанады делінеді.

Он екі Қазылық, Ой Түндік,

Маңырап жатқан қой түндік.

Қайран да қайран, қайран тау,

Маған пайдаң тиген тау

Әкем күйеу болған тау,

Енем келін болған тау,

Ақ бүркенішік жамылып,

Ала берен киген тау.

Кетейін деп кеткем жоқ,

Айналасы толған жау, –

деп, қалмақтың жылай қоштасатын тауы, осы Едірей сияқты Бес Қазылық Арқаның таулары.

Одан кейінгі заманда Қытай үкіметінің Қазыбек биге хат жазып, елші жіберін, қалмақтан босаған жерге шақыруы, үлес ұсынуы, ал Ресейдің сонау Тевкелев заманынан бері (1731 ж.), кашанда Қазақ ордасындағы ең ықпалды би деп танып, Орынбор мен Сібір губернаторларының Қазыбекті үнемі назарда ұстауы, оның Қазақ Ордасының ең беделді қайраткерлерінің қатарында болғанын көрсетеді.

Қазақ-қалмақ арасындағы қанқұйлы соғыстардың тыншып, екі ортада бейбітшілік қарым-қатынастың орнауы, 1756-1757 жж. қазақ-қытай соғыстарының қазақ пайдасына шешілуі, осы кемеңгер елбасының ақылман саясатының бір көрінісі.

Одан кейін кезде Қытай үкіметінің Қаз дауысты Қазыбекке хат жазып, елші жіберіп, қалмақтан босаған жерге шақыруы, үлес ұсынуы, ал Ресейдің сонау Тевкелев заманынан бері (1731 ж.),

қашанда Қазақ ордасындағы ең ықпалды би деп танып, Орынбор мен Сібір губернаторларының Қазыбекті үнемі назарда ұстауы, оның Қазақ Ордасының ең беделді қайраткерлерінің алдында болғанын көрсетеді.

Қай халық болмасын егемен ел санатына, қатарға кемеңгер ұлдарының арқасында енеді. Бұл шындыққа әр елдің тарихын зерделей отырып, қозғалысқа болады. Елім деп еңіреп туған ерлер күнделікті пендешілік тіршіліктің тұсауын үзін елінің қамын жейді, қан кешеді, аждаһамен арпалысады. Тарихты біле-білсек, осындай бір шоғыр асылзада ұлдар жасайды. Ел тағдыры таразыға түсіп тұрған сәтте халық қашанда өз азаматтарына қарайды. Нағыз ерлер осындай сын сағатта өздерін топ бастаған серкедей сезінеді.

XVII-ғасырдың соңғы ширегі – XVIII-ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің ақыл іздегенде табатын нысанасы – Қаз дауысты Қазыбек еді. Ол – Салқам Жәңгір өлген соң (1652 жыл), ыдырап кеткен қазақ мемлекетін қайта құрастырып, оның саяси құндылықтары мен құрылымдық қасиеттерін қайта жаңғыртушы ел басшысы. Екі ғасырдың жапсарында (XVII-XVIII ғ.ғ.) тағдыры тәлкекке түсіп тұрған қазақ елінің жаңа заң жобасын жасап, оны Тәуке хан билеген қазақ мемлекетінің құқықтық тұғыры есебінде өмірге кіргізген жан. Қаз дауысты Қазыбек қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-орыс арасындағы қарым-қатынастардың XVIII-ғасырда ел пайдасына шешіліп, бейбітшіліктің кепілі болуын қамтамасыз еткен даңқты мәмлелер.

Қаз дауысты Қазыбек би сөзден гөрі істің адамы. Тарихта ол айтты деген сөзден, ол атқарды деген іс көп. Оның бір саласы – Қазақ хандығының ішкі саясаты: рулардың өзара қарым-қатынасы, үш жүздің арасындағы қам-қарекет, одан қалды хан мен қара халық арасындағы үйлесім, екінші саласы – Қазақ хандығының сыртқы саясаты: іргелес жатқан қалмақ, қырғыз, естек, өзбек, қарақалпақ елдерімен, алыста жатса да айбары қатты Қытай мен Ресей сияқты алпауыт империялармен келісім-одақ, одан қалса, жауғершілік.

XVIII ғасыр тарихындағы бізге белгілі оқиғалардың қай-қайсысы болса да Қазыбектің қатысуынсыз өтпеген. Қазақ елінің, оның өзге мемлекеттермен қарым-қатынас идеологиясының өзегі –

Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты билердің, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай тәрізді хандардың ақыл-кеңеспен, ынтымақпен қабылдаған пәтуа-бітімі.

Біз Қазыбек атқарған істерден үлкен көрегенділікті, мемлекет мүддесін ойлаған ақыл мен жүректі көреміз. Ол ешқашан да албырттық, асығыстық жетегінде кетпей, барлық шешімін ақылға салып, он рет өлшеп бір рет пішіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып кеткен кемеңгер. Ресей мен Қазақ ордасы арасындағы Әбілқайыр бастап берген келісімдерден Қазыбек атын кездестірмейміз. Бірақ елшілікті бастап келген Тевкелев мырзаның Орта жүзден екі адамды ұдайы назарда ұстағаны белгілі. Оның бірі – Сәмеке хан, екіншісі – Қазыбек би. 1740-1742 жж. келісімнің сыртынан Қазыбекті көрғеімізбен, ішінде жоқ. Оның есесіне құжаттардан Әбілмәмбет ханды И.Неплюевпен кездесуге жібермей, оның ұлы Әбілпейізді Қалдан Серенге аманатқа беріп, Абылайды тұтқыннан босатушы Қазыбек екеі анықталды. Біраз жыл өткеннен кейін Қазыбек атын Жоңғария мен Қытай соғысы жүрін жатқанда кездестіреміз.

Қазақ-қалмақ арасындағы қанқұйлы соғыстардың тыншып, екі ортада бейбітшілік қарым-қатынастың орнауы, 1756-1757 жж. қазақ-қытай соғыстарының қазақ пайдасына шешілуі, осы кемеңгер елбасының ақылман саясатының бір көрінісі.

Одан кейінгі заманда Қытай үкіметінің Қаз дауысты Қазыбекке хат жазып, елші жіберін, қалмақтан босаған жерге шақыруы, үлес ұсынуы, ал Ресейдің сонау Тевкелев заманынан бері (1731 ж.), қашанда Қазақ ордасындағы ең ықпалды би деп танып, Орынбор мен Сібір губернаторларының Қазыбекті үнемі назарда ұстауы, оның Қазақ Ордасының ең беделді қайраткерлерінің қатарында болғанын көрсетеді.

1760-шы жылдары Қазақ хандығы іргелі ел қатарына қосылды. Оның ықпалы бір жағы Қоқанды, бір жағы Қырғызды, бір жағы Қарақалпақты қамтыды. Осы аты аталған елдердің бәрі де қазаққа аманатқа бай-манаптардың балаларын беріп, уақытылы үлес салып отырды. Түркістан мен Тәшкенттің төңірегі түгел қазақ шаруашылығына қызмет істеді. Баяғыша қазақ баласы Сырда

қыстап, Арқада жайлайтынды шығарды. Қазақтың малы мен басы өсіп, кең байтақ далаға сыймауға айналды.

Ресей ұзақ жылдарға созылған қазақ-қалмақ жаугершілігін пайдаланып Ертіс асып, Есілдің орта ағысына келін шекара бекітті де Абылай заманында одан бері асқан жоқ. Қазіргі Қызылжар 1751 жылы Святой Елена бекінісі болып қалмақтың ханы Лама доржы қазаққа шүйіліп тұрғанда салынды. Қытай империясы Жоңғария жерін алып қалмақ-ойратты қырып-жойғаннан кейін жемсауы толып, қазаққа қарай басқан жоқ. Шығыс Түркістан өлкесіндегі қалалардың бәрін Қытай басып қалды. 1756-1757 жж бір жарым жыл соғыстан соң қытай мен қазақ арасында бітім жасалды. Енді Жоңғариядан қалған кең байтақ өлкеге талас басталды.

Алтай мен Тарбағатайға алдымен ұмтылған қазақтың Орта жүзі, оның ішінде керей мен найман елдері. Олардың соңынан арғынның біраз рулары жылжыды. 1762 жылдың көктемінде Аяғөз асып Ерен Қабырға маңына жақындаған бұра найман Қабан бидің ауылдары мен қаракесек Қаз дауысты бидің қарамағындағы біраз ел Қытайдың шекаралық әскерінің шабуылына ұшырады.

Қаз дауысты Қазыбек 90 жасында осы оқиғалардың куәсі болды. Батыры да, биі де сайлы елдің өз туыстарын аждаһаның аузынан аман алып шыққанын көрді. Озінің еккен дәні көктеп, өсіп, тоғай болғанына көзі жетті. Қаз дауысты Қазыбектің билік, елшілік үлгісі тек қана ру аралық емес, мемлекетаралық қарым-қатынастарды шешетін құрал еді.

Оның нақты нәтижесін осы 1762 жылдың күзінде Қытайдан келген елшіліктің ұсыныстарынан-ақ көреміз: «Помянутому Казбек бию от китайского боғдыхана присланы были посланцы с немалыми подарками, кои всегда в его, Казбек бия, яко в середине и впереди состоящих улусах останавливались, покуда от Аблай салтана известия получают», «китайский боғдыхан обнадеживал отдать ему, Казбек бию, в завоеванной Зенфорской землице такое для кочевья место, где он, Казбек бий, сам с улусными своими кирғизнами выбрать желает».

Қаз дауысты Қазыбектің даңқы Қытай асып жатқандығының бір көрінісі осы құжаттар. Алдымен жанжалдасып басталған қазақ-

қытай қарым-қатынасының қазақ пайдасына шешіліп, үлестен құр қалмауына үш жүздің хандары мен билерінің ақылы мен қажыры, табандылығы мен жүректілігі себеп.

Сонымен, Абылай сұлтан қайтып келгеннен кейін қазақ жағы кеңес қылып, келесі көктемде Барақтың ұлы Шығай сұлтанды Қалдан Серенге апарып беріп Әбілмәмбеттің ұлына айырбастауға келіскен. Және де Қалдан Серенге сыйлық ретінде ақ қаршыға мен құмай тазы апаруды... ұйғарған.

Абылай сұлтанды босатқан кезде Қалдан Серен Абылайдың өзіне: Әбілмәмбеттің ұлын аманатқа бере отырып, қазақтар жоңғарға бодан болды, ал Барақ сұлтанның ұлын аманатқа берсендер, өз бодандықтарыңды онан әрі бекіте түсесіңдер деген... Бұған қоса Қалдан Серен оларға қазақ арасында өзін Шона батырмын деп жалған атпен жүрген Қарасақалды ұстап әкелін бересіңдер, деген. Абылай мен Әбілмәмбеттің ұлын алып келген Малайсары бұл ұсынысты да қабыл алған, сонан соң қалмақ ханы оларды босатқан...

Қазақ жағы Барақтың ұлын және Қарасақалды ұстап әкелін беруге мәміле қылған. Қалмақ елшілерінің келу себебі де сол екен» («Казахско-русские отношения...» 296-297 б.; «Абылай хан...» 140-142 б.)

Қорытып айтқанда, Қалдан Сереннің Абылайды тұтқыннан босатуының басты себебі, Қазақ хандығын Ресейдің құрамына қостырмай, оны өз жағына тартып, жоңғарлар мен қазақтар арасында сеіім қатынастарын орнатып, түбінде қазақтардың жері мен елін өз жағына қосып алу болған.

Бұл мәселе сонымен бірге қазақ-жоңғар қатынастары, оның ішінде Абылай сұлтанның жоңғар қалмақтарының тұтқынынан құтылу мәселесі де тарих ғылымының беттерінен көп уақытқа дейін ақиқат тұрғысынан көрсетілмей келеді.

Тарихшылардың объективті ортақ пікірге келе алмай жүрген осы тақырыпқа «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 ж. қаңтардың 28-і күнгі санында жарияланған тарих ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Нәсеновтың «Абылай хан» деген зерттеу мақаласының айтарлықтай қатынасы бар.

Мақаланың мағынасына қарағанда Абылайдың тұтқыннан босауына Қалдан Сереннің қатынасы болғанын түсінген профессор Б. Нәсенов: «Абылай ханның тұтқыннан босап шығуына үш түрлі себеп болды», – дей келе, «Ең бастысы, Абылайдың өзінің ақылдылығы, тапқырлығы, дипломаттығы. Оны халықтың сыйлайтындығы Қалдан Серенді ойландырды. Екінші себеп – шын мәнінде оған арашашы болған белді би-старшиндер. Үшіншісі, Миллердің де әкелген хаты да әсер етті», – деп жазған.

Бұл пайымды нікірде негізінен шындық бар. Профессор Б. Нәсеновтың өз ойын негіздеуіндегі себептерінің біріншісіне күмән жоқ. Екіншісіне, Абылайды тұтқыннан құтқаруда дана Қазыбек бидің қызметін де жоққа шығару орынсыз мәселе. Қазыбек бидің Абылайды тұтқыннан босатудағы қызметіне Ш. Уәлихановтың берген жоғары бағасы және Жайсақ ұлы ұстаз Қамалидденнің жоғарыда көрсетілген қолжазба шежіресінің құнды деректік мағлұматы дәлел. Қаз дауысты Қазыбектің бұл қызметі ел арасында осы күнге дейін айтылып келеді:

Ал, үшінші себепке келсек, шындығында К. Миллер басқарған елшіліктің патша өкіметінің тапсырмасын орындау қолынан келмеді (жоғарыда көрсетілді).

Бұл деректің мағлұматына қарағанда көп жыл бойы Ресей мен Қазақстан тарихнамасында негізсіз бұрмаланып келген концепция – Абылай сұлтанның қалмақ тұтқынынан босатылуы тек Ресей өкіметінің қолынан ғана келді, деген пікірге шек қойылуы тиісті.

Сол сияқты мұндай қорытынды пікірді Қазақстан ұлттық энциклопедиясында жазылған тұжырымға да қарата айтуға әбден болады. Мәселен, онда: «Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Төле би мен Әбілқайыр хан Орынбор әкімшілігінен Абылайды тұтқыннан босатып алуда ара түсуге өтініш жасайды».

Бұл деректің шындық екенін осы кезде Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюев пен Әбілқайырдың өзара жазысқан хаттары да дәлелдей түседі: Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап, 90 адам елші барып, келіссөз жүргізін, 1743 жылы 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады», – деп жазылған. (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998, 46 б.).

Қолда бар тарихи дерекке жүгінсек, Жолбарыс хан мен Төле би басқарған Ұлы жүз елін 1735 ж. Жоңғар хандығы басып алып, өзінің саяси өкіметін орнатып, халқына алым-салық салып, аманатқа кісілер алып тұрып, елді өзіне тәуелді етті. Ұлы жүздің осы тәуелділіктен құтылуына 1745 ж. Қоқан бектігімен соғыста жоңғарлардың жеңілуінен кейін ғана қолы жетті. Бұл – ақиқат. Олай болса, Қалдан Сереннің тікелей саяси қыспағында тәуелді болған Төле би 1743 жылы «Орта Жүздің сұлтаны Абылайды Қалдан Серен тұтқынынан босатып алуға барды», деген нікірді қалай түсінуге болады (Есімов Қ.А. Қаз дауысты Қазыбектің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің кейбір мәселелері туралы. // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы, №3 (43) / 2006, 19 б.).

Сонымен, энциклопедия мақаласында негізге алынған деректер күмәнді ойды туғызғанға ұқсайды. Себебі деректану ғылымы тарихи зерттеулердің ақиқаттығын, оның объективтілігін қамтамасыз етудің басты принциптерінің бірі ретінде бір-бірімен байланысты деректерді кешенді пайдалануды талап етпей ме? Мақала авторларының пікірі бұлтартпас деректерсіз жалаң сөздерге бой алдырған. Қазақ елінің мүддесін қорғап, жоңғар хандығына елшілікті бастап бірнеше рет барған Қазыбек бидің дипломатиялық қызметі (оның ішінде, Орта жүз сұлтаны Абылайды тұтқыннан босатуға арналған жұмысы) туралы ауыз әдебиетінің және Ресей сыртқы саясаты мұрағатының 122-қоры материалы қамтылған «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов. (Изд-во АН Каз ССР. Алма-Ата, 1961.)» жинағының құнды тарихи деректері қалай бұл энциклопедиядан тыс қалған?

Абылай сұлтан Қалдан Серен тұтқынынан, ұлттық энциклопедиясында көрсетілгендей, 1743 ж. 5 қыркүйекте емес, көктемнің аяғында, жаз айының басында босатылған. Оған нақты дәлел – Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің Ресей үкіметінің сенатына 1743 ж. 8-шілдедегі мәлім хатында былай: – «Орта Жүздің ханы Әбілмәмбеттен өткен маусым айының 7-де қысқаша хат алдым. Оның хабарлауынша, Абылай сұлтан мен жоңғар билеушісінде

тұтқында бірге болған Жапақ та қайтып келінті. Абылаймен бірге келген қалмақ елшілері осы күні татуласуда» – деп жазылған. (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. ..., 284 б.).

Қазақ кемеңгерінің өмірінің соңында тағы бір жасап кеткен шаруасы Ресеймен келісім.

Өз өмірінде көпті көрген, ақылға түйген, алыс болашаққа ой салған кемеңгер би қазақ тағдырының Ресейдің қатысуымен шешілетініне көзі жетті. 1760-шы жылдарға дейін Қаз дауысты Қазыбек қазақтың тәуелсіздігін, еркіндігін қорғап келді, соның негізгі ережелерін бекітті. Қазақ қайта түлесе сол мұраны кәдеге асыратынына сеніп:

Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,

Анадан қыз туса – құң боламын деп тумайды, –

деп тақпақтатып шежіреге енгізін кетті.

XVIII ғасырдың талқысынан аман шыққанымен, қазақтың бұдан әрі еркіндігі тұсалатыны, басына бұғау түсетіні анық еді. 1730 жылдардан бастап Ресеймен арадағы неше бір келіссөзге, ант беруге қатыспай өз бойын қашанда таза, сырт ұстап келген Қазыбек бұдан былай қалыс қала алмады. Қайткен күнде үлгі керек болды. Іргеден сығалап емес, төніп тұрған Қытай мен Ресейдің арасынан соңғысын дұрыс көрді:

Сарыарқа болсын қонысың,

Қалмақ, сартпен жауықпа,

Болмасын онда жұмысың.

Өнерсіз өскен ел едің,

Біреу саған жау болса,

Паналатуға жарайды,

Мына көрші орысың.

Өрыспенен жауласпа,

Есіңде болсын бұл ісім! –

деп өсиет айтатұғын да шақ келді. Кемеңгер би көріп келгендей кесіп-пішіп отыр, енді бұдан әрі орыссыз күнің жоқ, соны болжап

отыр. Осы шешім Қаз дауысты Қазыбекті қыс айында, қараша туганда баласы Сырымбетті бастатып, бірнеше адамды елшілікке Сібір басшыларына жұмсауға жетеледі.

Сырымбет пен Отарбай бастаған он адам Омбы бекінісіне желтоқсан айының (1762 жыл) 14 жұлдызында жетті. Сібір губернаторы генерал-майор Фрауендорфтың нұсқауымен Орта жүзді аралап келген беті қыпшақ Оразмәмбет тархан мен тілмәш Сафаров Орта жүз қазағы, оның ішіндегі ірі рулар, ел басылары туралы көлемді хабар жазды.

Омбылықтардың қолындағы мәліметтің жобасы мынадай: «Средняя Орда состоит в четырех главных родах, яко то найманы, аргынны, увак-кирейны и кипчаки. Но понеже из оных четырех родов Аргинский почитается пред всеми много-людней и храбрейшей, которой разделяется на десять аймаков, то есть называемых улусов, куда в летнее время из Туркестана приезжает Абулмамбет хан, ибо в ином роду имеется само-сильнейшей Каракисенкой улус, над которым ныне большую власть содержит старшина их Казбек-бий, коего в Средней Орде за главного судью почитают и к которому как сам Абулмамбет хан, так и Аблай и прочие улусов салтаны и знатные старшины для всякого совету всегда и почти ежегодно приезжают и без его согласие ничего знатного не преемлют» (фон Фрауендорфтың Сыртқы Істер коллегиясына жазған рапортынан, 1763 жыл).

1762 жылы күзде Омбыға барған Сырымбет пен Отарбайдың хабарына қарағанда Қаз дауысты Қазыбектің жасы 96-да, орысша аударма сай: «во многолюдном Аргынском роду в Каракисенском улусе отец его и предки всегда были биями или судьями и что в Аргынском роду весьма редко кто из султанов в старшины выбирается».

1760 жылдары Аргын ішіндегі Әбілмәмбет пен Абылайдан басқа ұлысқа ие болып жүрген сұлтан шамалы, оның бірі Сәмеке баласы Тәуке сұлтан (Төртуыл ішінде), Әбілпейіз Әбілмәмбеттің ұлы (Алтай-Қарпық ішінде). Олардың өзі де «кои без нево, Казбек бия, совету никаких знатных предприятий не начинают».

Қаз дауысты Қазыбек – заман сыңайын мұнартқан белгісінен танып, соған сай қимылдайтын үлкен аңғарғыш, әулие сезім иесі.

Заман тынысына сай кеңінен ойлау, ақылға салып қимылдау, – оның ойлау қабілетінің жоғары екенін танытады. Қазыбек би арманына көзі тірісінде жетті – Жоңғар мемлекеті құлады.

Жоңғар мемлекетінің жойылуы

Жоңғардағы оз-ара қантөгіс қырқысуларды қалт жібермей бағып отырған Қытай империясының сол кездегі билеушілері – Цин династиясы мынадай жарлық шығарды: «Біздің династия ондаған жылдар бойы жоңғарларды құрту үшін дайындалды: қарауыл мұнараларын салды, шекараны зерттеді, әскерді жаттықтырды, бірақ ойдағыны жүзеге асыра алмады. Енді міне ұрымтал сәт туды, қолға қару алып мұны пайдаланбауға хақымыз жоқ». Сонымен 1755 жылы Цин армиясы үлкен қолмен келіп, Жоңғарды тез басып алады. Келесі жылы Амурсананы шығарып бермедің деген сылтаумен Орта жүздің жеріне басып кіреді. Аяғөз өзенінің жанында болған шайқастарда бар-жоғы 10 мың қазақ жасағы әлденеше рет тұтқиылдан шабуыл жасап, есенгіретіп тастайды. Сөйтіп, қара құрттай қаптаған қытайлықтар қазақ қолын жеңе алмай, қақаған қыс қарсаңында елдеріне оралуға мәжбүр болады. Бұл соғыс кезінде де орыс патшасы қазаққа қол ұшын берген жоқ.

1757 жылы Қытайдың жазалаушы әскері бүкіл Жоңғарды тазалап, сүзін шықты. Қытай үкіметін қолдамағандарды қырып салғаны сонша: – «Бүкіл Жоңғар жері өліктен көрінбеді, өзен-сулары адам қанынан қып-қызыл болды, ал ауасы жанған орт пен түтінге толы болды», – деп жазды орыс тарихшы С.С. Шашков. Сонымен Жоңғар мемлекеті жойылды.

Жоңғарды қанға бөктірген Цин династиясы 1757 жылы жазда енді қазақ еліне шапқыншылықты бастады. Қапысыз қаруланған қатыгез жауға тотеп берудің өзі неғайбыл болатұғын. Сондықтан Абылай Қытайға елшілік жіберін, екі ел тату көрші болу, бейбіт қарым-қатынас орнату жөнінде келісімге келеді. Келісім бойынша қазақ жасақтары бұдан былай Жоңғар жеріне аяқ баспайтын болады.

Шығыс жақпен қарым-қатынасты біршама түзетін алғаннан кейін, Абылай басқа көрші елдермен арадағы шекараны анықтап

алуға кіріседі. Дәлірек айтқанда, қырғыздарды Алатаудан асырып Қазақ Ордасының ежелгі қалалары Түркістанды, Шымкентті, Сайрамды тазартып, олардан толық қайтарып алады, Ташкентті бодандыққа түсіреді.

1771 жылы Қазақ Ордасының ежелгі астанасы Түркістан қаласында үш жүздің хандары, сұлтандары, билері, батырлары, барша игі-жақсылары Хан Кеңесінде Абылайды ақ киізге көтерін: – «Қазақтың ханы Абылай», – деп жариялайды. Жасы ұлғайғанда Абылай хан Көкшетаудағы хан ордасын балаларына қалдырып, өзі Түркістанға орнығады.

Бұлтартпайтын осы тарихи ақиқатты патшалық Ресей мойындағысы келмеді. Себебі, қазақ даласын біржола отарлауды, ол үшін «бөлшекте де, билей бер» саясатын жүргізуді көздеген патшалық Ресей қазақ халқының қайта бірігуіне, бір орталыққа ғана бағынатын біртұтас ел болуына қайтсе қарсылық білдіріп, болдырмаудың амалдарын істеп бақты. Ресейдің Абылайды бүкіл қазақтың ханы емес, тек қана Орта жүздің ханы деп санайтынын мәлімдеуі, сондай амалдың бірі ғана еді. Сондықтан, Қаз дауысты Қазыбектің арманы толық іске аспай қалды. Қаз дауысты Қазыбек жанында ұзақ болған қанжығалы Бөгенбай мен Шақшақ Жәнібек батырлардың да арманы толық іске аспай қалды.

Абылай хан 1781 жылы алпыс сегіз жасында дүние салады. Сүйегі Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде. Абылайдың 32 әйелінен туған 38 ұлы, 40-қа тарта қызы артында қалады. Сөйтін, Қазақ еліне қырық жыл пана болған ардақты хан туған жерінің айбыны болып, тарихтың төрінен өз орнын алды.

«Абылай заманындағы жақсы дәуірді қазақ баласы кейін көрген емес», – дейді дана ата-бабаларымыз.

10-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

XVIII ғасырда қазақ көгілдір көгінде жарқыраған жарық жұлдыз көп, олардың ішінде Қазыбек жұлдызының орны ерекше. Ол өз заманының көгінен «жұпардай иісі аңқып» қазақ баласына болашаққа жол сілтеі тұр. Қазыбек салған сара жол, тағдырдың талқысына көп түскен, кеш оянған қазақ халқын жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға бастай бермек:

*Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз!
Елімізден құт береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз, –*

деп жар салады Қазыбек Бала бидің дуалы аузынан шыққан сөз. Бейбітшілік пен Тәуелсіздік – қай елдің болмасын мұраты.

*Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жол,
Артында мирас қалғаны, –*

деп Маңқанның жоқтап отырғаны – Жеті жарғы, Қаз дауысты Қазыбек би өз қолымен жазған бейбітшілік пен тәуелсіздік жолы. Қазақтың ұзын тарихында небір кеменгер ғұлама, небір дүлділ жүйрік шешен болған. Бірақ қазақтың арман-мұратын, қазақтың болашағын кеменгер Қазыбектей дөп басып айтқаны аз.

Адамның ойлаған ойын көз жанарынан таныған психолог, ойшыл-философ кеменгер Қаздауысы Қазыбек би өлең кестесінің келбеті мен ұйқасын ерекше айшықты келтірген, ал айтпақ терең ойы өлеңге мазмұн болған.

*Атадан жақсы ұл туса,
Елінің оңы болады.
Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болады.*

Ұлағатты Қазыбек бидің бір ауыз өлеңінен аңғаратынымыз: ол шумақ тармақтарының ұйқасын тұтас келтірген. Бұл – оның кемеңгерлігінің белгісі.

Қазақ халқының мұратын, болашағын дөп басып айтқан Қаз дауысты Қазыбек бидей ұлы бабаның атына аудан, көше аты берілді. Ертеден-ақ кемеңгер Қазыбек бидің құрметіне тау және жер-су оның атымен аталыпты.

Қазыбек би ауданы – кемеңгер Қаздауысы Қазыбек бидің аты Қарқаралының шығыс өңірі, бұрынғы Егіндібұлақ ауданына берілді (1993 ж). 1997 жылы Қарқаралы ауданына қосылды.

Қазыбек би атындағы аудан – Қарағанды қаласының құрамындағы Совет ауданына «Қазыбек би атындағы аудан» аты берілді (2001 ж). Бұл бұрын Кеңес дәуірінде істелмейтін шара еді.

Қазыбек тауы – тау. Сарыарқаның батысында, Ұлытау ауданының өңірінде орналасқан. Ақтабан шұбырындыға ұшырап, Қаратау бауырынан көшкенде Қаз дауысты Қазыбек би осы тауды біраз жыл мекен қылып, Алаш баласын жоңғар басқыншыларына қарсы бастап, жиын өткізген екен дерек бар. Сондықтан, тау сол кісінің құрметіне Қазыбек тау аталыпты.

Қазыбек өзені – өзен. Сарыарқаның батысында, Ұлытау ауданының жерімен ағады. Сарысу алабында. Қазыбек тауының етегіндегі бұлақтардан басталып, Қаракөңгір өзеніне құяды. Кемеңгер Қазыбек бидің құрметіне Қазыбек өзені аталыпты.

Қазыбек би көшесі – Қазақстанның үлкен қалаларының көбінде орталық көшенің бірі. Тек Қарағанды мен Қарқаралы қалаларында Қазыбек би көшесі жоқ.

Қазыбек Бала би контайшы Қалдан Бешоқтұға: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жәй жатқан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз... асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз... Берсен

жөндеп, бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!» – деп қазақ халқының атынан айтқан толғауында (Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. Алматы: Атамұра, 2003. 124-125 б.) қазақтың бейбіт өмір мен достықты қадірлей білетін, намысшыл, тәуелсіздік үшін күреске дайын, батыр халық екені айтылған.

Осы жолы кемеңгерлік пен әділдікке жығылған қалмақ ханынан Қазыбек «Қаз дауысты Қазыбек» атанып, тұтқындағы 90 адам мен шабылған мал-мүлікті алып елге оралған.

1993 жылы 28 мамырда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев XVIII ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле, Қазыбек және Әйтеке биді еске алуға арналған Ордабасыда болған салтанатта сойлеген сөзін Қаз дауысты Қазыбек бидің осы толғауынан бастауы, оның қазақ халқының тарихынан ерекше орын алатындығын көрсетсе керек (Назарбаев Н.Ә. Береке басы бірлік //Егемен Қазақстан, 1993, 2 маусым.).

Елбасы Н.Назарбаевтың бұл толғамы Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билер сияқты ұлы бабалар аманатын жүзеге асырып, бүгінде Қазақстанды әлемге танытқанын, ел бірлігі мен ұлт тұтастығын жаңа заманда абыроймен сақтап келе жатқан ұлы істерінің жарқын көрінісі іспеттес.

Облыстың әкімі Серік Ахметовтың бастауымен Қарағанды қаласында Қазыбек би, Қайыш Сәтпаев және Қасым Аманжолов сынды асыл азаматтарға ескерткіш орнатылды. Бұл үш ескерткіш қала, жалпы облыс тұрғындарының рухын бір көтеріп тастады.

*Армысыздар, жиылған, барша халқым,
Көтердік, бүгін міне, ата салтын.
Туған жер, құтты болсын, армандаған,
Алдыңыздар, ауданға, бабам атын.*

*Бұл жерде қасиетің, затың қалған,
Шартарапқа үлгі боп, атың қалған.
Зиратың әулиелі, Түркістанда,
Мен де бір перзентің, іздеп барған.*

*Туған жер бүгін бабам, атын алған,
Шартарапқа үлгі боп, даңқың қалған.
Зиратыңыз Әулие Түркістанда,
Мен де бір перзентіңіз, іздеп барған.*

*Үш биім, үш жүзіне, қыран болған,
Әр сөзі, зер салғанға, ұран болған.
Бет қаратпай, дүшпанды, «әруақ», – деп,
Сыйынып, бір аладан, көмек алған.*

Қаламыздағы Қазақстанның жетекші оқу орындарының бірі болып саналатын және жастардың болашағыма жол салатын, білім шыңына қол жеткізетін қасиетті білім ордасы Қарағанды Болашақ университетінде істеліп жатқан рухани істер еліміздің ғылыми және құқықтық саласында, рухани өмірінде анағұрлым маңызды оқиға болып саналады. Өсы жоғары оқу орнының халқымыздың құнды қазынасын құраған танымал тұлғаларының тарихтың тереңінен алып шығып, қазіргі ұрпақпен қайта табыстыруда, еліміздің мәдени мұрасын толықтыруда қосқан үлесі зор деп білеміз.

Ұлы бабаның тарихи, саяси, әлеуметтік қызметін сараласақ, ел басына күн туып, «ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубеті сол кезеңде орын алмаса да, Қаз дауысты Қазыбек би тұлғасының елі үшін сіңірген еңбегі ересен. Өйткені, Қазыбек би сынды ұлы тұлға соғыс пен бейбітшілік мәселесінде ғана емес, халық санасы, ұлт бірлігі тарапында да теңдессіз еңбек сіңірді.

Сарыарқа, жалпы Қазақстан үшін зор рухани мәні бар кітап қолымызға тиді. Қарағанды «Болашақ» университетінің ұйымы Қаз дауысты Қазыбек биге арналған тұлғалық энциклопедия шығарды. Сөзді осы университеттің ректорының аузынан естнік.

АРНАУ СӨЗ

Қарағанды «Болашақ» университетінің ғылыми-шығармашылық тобы ұлт тарихы мен руханиятында өшпес із қалдырған дала перзенттерінің өнегелі өміріпе арналған тұлғалық энциклопедиялар шығаруда жемісті еңбек етіп келеді. Солардың бірі – XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың алпысыншы жылдары аралығында ғұмыр кешкен қазақтың ірі перзенті Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлына арналған тұлғалық энциклопедия. Көлемді еңбекте ұлы тұлға өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттар кеңінен көрініс тапты. Өлай болуы заңды да, себебі, тарихи тұлғаны ол ғұмыр кешкен дәуірден бөліп алып карауға болмайды. Диалектиканың қалыптасқан қағидасы бойынша белгілі-бір уақыт аясында қоғамдық қажеттіліктің талабына сәйкес тарих сахнасына ұлы тұлғалардың шығатыны аян. Өз замандастары Тәуке, Абылай хан, Төле, Өйтеке билер сияқты Қазыбек би де тарих сахнасына жоғарыда айтылған қоғамдық қажеттіліктің нәтижесінде шыққан болатын. Егер ұлы бабаның тарихи, саяси, әлеуметтік қызметін сараласақ, ел басына күн туып, «ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубеті сол кезеңде орын алмаса да, Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Өйтеке, т.б. ірі тұлғалардың елі үшін сіңірген еңбегі ересен. Өйткені, бұл ұлы тұлғалар соғыс және бейбітшілік мәселесінде ғана емес, халық санасы, ұлт бірлігі, ұлыс тұтастығы тарапында да теңдессіз еңбек сіңірді. Ұлттық сана, мемлекеттік ұстаным ұстындарының Темірқазықтай жарқырап, биіктеуіне қызмет етті.

Аталмыш тұлғалық энциклопедияда Қаз дауысты Қазыбек бидің ата-тек шежіресі, туған, өскен ортасы, ел басына қаралы күн туған зұлмат кезеңдегі қайраткерлік еңбегі саралаудан өткізіліп, ғылыми тұрғыдан бағаланды. Өның өз замандастарымен бірге бұл тарапта сіңірген еңбегі меңгерген ілім-білімін, ислам дініндегі шариғат заңдарын, имандылық пен инабаттылықты үздік игергендігін, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа уақыт пен кеңістік сияқты философиялық ұғымдар тұрғысынан үңілгендігін талғамнан өткізу барысында тиісті алғышарттар жасағанын айтқымыз келеді.

Бұл орайда Қаз дауысты Қазыбек бидің мемлекет тарихында ауқымды орны бар аса ірі қайраткер, ел шежіресінде Ұлы Даланың арғы-бергі мәдениеті мен өркениетін және демократиялық құндылықтарын болмысына сіңірген ұлы тұлға, сұңғыла саясаткер, шебер дипломат, қара қылды қақ жарған әділ қазы, ғаламат шешен, философ, ислам дініне негізделген ілім-білімі аса жоғары ғұлама екендігіне бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасалды. Аталмыш еңбекті дайындау барысында елімізде және таяу, алыс шетелдердегі құнды жәдігерлер пайдаланылып, айналымға қосылды (Стамбұл (Түркия), Мәскеу, Омбы, Орынбор (Ресей), Улан-Батор (Моңғолия) т.б.). Сондай-ақ өңіріміздегі түрлі тарихи деректер пайдаланылды. Энциклопедияны дайындау барысының соңғы кезеңінде бір топ ғалымдарымыз Оңтүстік өңірдегі танымал перзенттер мәңгілік дамылдап жатқан жерлерге барып қайтты. Ибрағим ата, Қарашаш ана, Арыстан баб, Қожа Ахмет Иассауи басында болды, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек биге құран бағыштап қайтты.

Осынау ауқымды еңбекті әзірлеу барысында Қаз дауысты Қазыбек бабамыз ғұмыр кешкен кезеңді, оның алды-артындағы уақыттың шынайы келбетін корсету үшін кей тұстарда қайсыбір деректерге үлкен орын берілді, есеббі, бұрында бәлендей мәлім болмаған дүниелерді танымдық тұрғыдан насихаттауды мақсат тұттық. Ал, барынша танымал болып есептелетін тарихи тұлғалар өмірі, басқа да деректер талапқа сай қысқаша берілді. Сондықтан бұл жайттарға оқырман қауым түсіністікпен қарайды деген ойдамыз.

Егер бүгінгі тәуелсіздігіміздің баянды болуы әр қазақстандықтың ұлы арман-мүддесі десек, Қаз дауысты Қазыбек биге арналған тұлғалық энциклопедия сол ұлы идеямызға қосылған үлес деп білеміз. Еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығы тойланатын биылғы жылы осы еңбектің жарық көруі де барша халқымыз үшін үлкен олжа дегіміз келеді.

Н.О. ДУЛАТБЕКОВ,
Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
«Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің рөлі»
Аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕРІ
15 наурыз 2012 ж.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

ҒАЗАЛИЕВ А.М.

ҚарМТУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

**Құрметті конференция қонақтары,
қымбатты әріптестер, достар!**

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің білім ордасы – Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті ұйымдастырып отырған «Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің рөлі» атты аймақтық конференцияға қош келдіңіздер! Конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

2011 жылғы қазан айының 10 күні еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында облыс әкімінің бастамасымен қаламыздың нақ төрінен, университетіміздің бас корпусының алдында қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, көреген саясаткер, қазақ тарихында ошпес із қалдырған, халқымыздың біртуар перзенті Қазыбек Келдібекұлының құрметіне алып ескерткіштің бой көтергені бәрімізге аян.

Тарихқа үнілер болсақ, өз заманында әділдігі мен алғырлығы, асқан ақыл-ойы мен шешендігі үшін әз Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің биі етсе, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезең-

дерде ол мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырғанын жақсы білеміз.

Қазақ халқының бағына бар ұлы істердің басында ел бірлігін ту етін ұстаған Абылай хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлар сияқты көсемдер жүрді. Елдің атын шығарып, абыройын асқақтататын – қайраткер тұлғалар. Олар жеріміздің тұтастығын, елдің береке-бірлігін, ынтымағын биік деңгейге көтеруге аянбай ат салысты. Солардың бірегейі – атағы алты алашқа тараған Қаз дауысты Қазыбек би. Ол – қара қылды қақ жарған әділ билігімен, өткір сөзімен ел есінде сақталған бабамыз.

Қаз дауысты Қазыбек би – салмақты мінезімен, ақыл-парасатымен, салиқалы шешендік сөзімен, тапқырлығымен танылған ұшқыр ойлы кемеңгер. Ел басына күн туған қиын шақта тайынбай дауға түскен, тайсалмай жауға аттанған, әділдікті, шындықты жақтаған абзал азамат.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: – «... Кешегі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер көксеген... барша қазақтың басын біріктірдік. Осылайша еншісі бөлінбеген біртұтас елдікке қол жеткіздік. Жердің киесін, елдің иесін таныттық», – деген сөзінің астарында Елбасының көрегендік саясаты мен тынымсыз, жанкешті еңбегі жатыр. Сонымен қатар тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы біртұтас елдігімізді сақтап, қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған төрт құбыласы тең, шекарасы айқындалған, қазығы берік мықты мемлекет қалыптастырды.

Елінің бостандығы үшін аянбай күрескен осындай би, батыр, дипломат, асқан ақыл иесіне ескерткіш ашылуы біз үшін зор қуаныш. Ескерткіштің тұсаукесері барысында: «Осындай ұлы адамның құрметіне неге құран бағыштап, ас бермеске, я болмаса конференция өткізбеске?» – деген ой келді. Маған осы ойдың келуі Алла Тағаланың ісі деп ойлаймын. Сол ойымды іске асыру бағытына Қазыбек бабамызға арналған тұңғыш конференцияны өткізіп отырмыз.

Бүгінгі күні бастама алып отырған конференция жастарымыздың Қазыбек би бабамыз жайлы білімін одан әрі тереңдетін, со-

лардан қалған рухани мұра келер ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне негіз болып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Мұндай тәрбиелік мәні зор ғылыми шара білім ордамызда ұдайы өткізіліп тұрады. Солардың қатарында – университетімізде көптеген жылдар бойы ерен еңбек етіп, дәріс оқыған, қазақтан шыққан тұңғыш математик-профессор, қоғам және мемлекет қайраткері Әлімхан Ермековтің өмірі мен шығармашылығына арналып өткізілген конференцияны атауға болады.

Жастардың білім алуымен сабақтас тәрбие мәселесіне де Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиясында үлкен назар аударылған. Осыған орай, біздің университетіміз сапалы біліммен қоса саналы тәрбие беру мәселесін де қолға алып отыр. Бүгінде университетімізде ҚР Тұңғыш Президентінің өнегесі негізінде патриоттық тәрбие беру моделі құрылды. Бұл модель өзінің алғашқы нәтижелерін беріп те үлгерді. Аталмыш конференцияның материалдары да осы модельдің бір бөлімін құрайтын болады.

Бүгінгі атаулы шараға шақыруды қабыл алып, конференцияға тәжірибе алмасып, пікір бөлісуге келін отырған ҚР Парламент Сенатының депутаты, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Ғарифолла Есім, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Светлана Ферхо, Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ханғелді Әбжанов сынды тағы да басқа еліміздің белгілі ғалымдары мен қоғам қайраткерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Алдағы еңбектеріңізге зор шығармашылық табыстар тілейміз!

Құрметті қонақтар, қадірлі әріптестер! Бабамыздың аруағы халқымызды қолдап, жебеп жүрсін! Егеменді еліміз бейбіт аспан астында өркендеп, ғүлдене берсін! Бабамызға «Алладан рахмат, Пайғамбардан шапағат» болсын деген ізгі тілекпен, бүгінгі конференция жұмысының сәтті болуына тілектесіні!

РОЛЬ КАЗЫБЕК БИ В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА КАЗАХСКОГО НАРОДА

ФЕРХО С.И.

Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Построение высокоразвитого государства должно идти при постоянной опоре на историческое сознание его граждан, их историческую память. Величайший российский историк Ключевский как-то сказал: «История – это луч прошлого, пронзающий настоящее и устремляющийся в будущее...». Тем самым, автор слов хотел воедино связать значимость трех времен и указать на природу условного их разделения. Юбилейный 20-летний рубеж развития нашего современного государства – всего лишь небольшой отрезок времени, стоящий между богатым историческим прошлым и величественным развитием будущего.

Приобретение Казахстаном своей независимости и суверенитета дало возможность вернуть казахстанскому народу принадлежащее ему по праву, и, в первую очередь, судьбы тех исторических личностей, чьи жизни легли в основу современной казахстанской государственности. Торжеством справедливости можно назвать возврат имен достойных сынов Отечества, несправедливо забытые или заведомо очерненные в пучине советского доктринерства и пресловутого европоцентризма. Всячески принижались честь и достоинство ряда общественно-политических и культурных деятелей Казахстана. Не составляет исключение личность такого выдающегося общественно-политического деятеля Казахстана второй половины XVII – первой половины XVIII вв. как Казыбек би. Будучи прекрасным оратором Каздауысты Казыбек би внес значительный вклад в развитие Казахстана, обеспечивая его безопасность от посягательства извне и консолидируя казахский народ перед внешним агрессором.

В горнилах советской идеологии в рамках научного исследования этнографами, историками, социологами, политологами, культурологами, философами и другими учеными остались заретушированными многие традиционные социальные институты, которые

имели прогрессивное значение в рамках развития всех социальных страт казахского общества. Примером может служить такой социальный институт казахского общества как институт биев.

Однако начало 90-х годов XX столетия ознаменовало собой кардинальную трансформацию политической, экономической и социальной систем на всем постсоветском пространстве. Развал Советского Союза и обретение Республикой Казахстан своей независимости вызвали значительные изменения в общественном сознании, пробудили небывалый интерес к истории Отечества. Воссоздание картины объективного исторического прошлого потребовало от отечественных историков-исследователей переосмысления устоявшихся догм, беспристрастного прочтения исторического действия.

Целенаправленное обезличивание исторического прошлого Казахстана, умалчивание значимости национальных героев в становлении патриотизма и истинного чувства межнациональной дружбы принесли и еще приносят свои горькие плоды в изучении современниками своего прошлого. Личность трактовалась всего лишь как воплощенная в одном человеке совокупность общественных отношений того времени, которому она принадлежала.

Между тем, личность – конкретная историческая величина – константа, обладающая индивидуальными свойствами, без которой нет исторического действия. В определении необходимости, специфичности, изучения этой величины, она (эта величина) соотносима с любым другим рядом параметров, категорий и явлений, которыми занимаются исследователи. На наш взгляд, этот процесс совершается недостаточно быстро и находится на стадии возрождения. В это связи необходимо всестороннее научное проникновение в личностную проблематику.

«Нельзя правильно понять ни одну эпоху, не имея представления об ее великих людях, – отмечал глава нашего государства Н.А. Назарбаев. – Ибо сквозь человеческие судьбы мы не только видим ход истории, но и проникаемся ее духом».

Можно с уверенностью сказать, что, постигая значимость великих личностей для той или иной эпохи, мы постигаем не только

ту эпоху, в которой эта личность пребывала, но и тот мир, в котором пребываем мы сами, так как цепь развития, начиная с древности и заканчивая современностью, неразрывна, системна и логична по своему внутреннему содержанию.

Сегодня каждый молодой гражданин Республики Казахстан, как нельзя лучше, должен знать героическое прошлое своей истории. Мы должны иметь идейно-политическую подпитку, исходящую из глубины времен. И сегодня таким примером может служить такая легендарная личность как Казыбек би. Трудно переоценить место и роль Казыбек би в истории Казахстана. Его дипломатическая и правовая деятельность целиком и полностью легли в основу зарождения казахстанской дипломатии и правовой школы современных казахстанских юристов. Его ораторские способности были устремлены на защиту интересов казахского народа в войне с чужеземными захватчиками и успешному делу заключения взаимовыгодных договоров с такими великими соседями как Российская империя и Империя Поднебесной.

Гений дипломата, оратора и судьи, воплощенные в одном лице являются свидетельством незаурядных способностей Казыбек би, многогранности его характера, требующего своего скрупулезного исследования современниками. А сам социальный институт бийства, который достойно представлял Казыбек би, наряду с такими представителями казахского народа как Айтеке би и Толе би поныне является оригинальным консультативно-совещательным и судебным органом казахской степи, не имеющий аналогов в исторической ретроспективе ни у одного из этносов Центральной Азии.

Нам, потомкам великого Казахского ханства, предстоит проделать еще много работы по восстановлению в исторической памяти народа страниц выдающего исторического прошлого. Иначе, только памятью жив народ, жива современная казахстанская государственность.

ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУ

ӘБЖАНОВ Х.М.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қазақтың кең даласында адам баласы орныққанына шамамен миллион жылға жуық уақыт өткен екен. Сонан бері осынау кеңістіктегі тіршілік тынысы бір сәтке үзілмей, жүздеген тайпалар, мыңдаған ұрпақ алмасса да қазақ жерінде бой көтерген материалдық және рухани мәдениет үрдісі адамзат өркениетіне лайықты олжа салды. Үш мың жыл бұрын сайын далада ғұмыр кешкен сақ тайпаларының, одан кейіндегі түркі, үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. қауымдар мен мемлекеттер өмір салтынан, заңынан, әдет-ғұрпынан, шаруашылығынан, әлеуметтік құрылымынан киген киімі мен ішкен асынан хабар беретін грек, рим, византия, араб, қытай саяхатшылары мен ғалымдарының біздің жыл санауымызға дейін, ежелгі дәуірде, орта ғасырларда жазылған еңбектерін оқыған әрбір қазақ өзін жазбай танитынына қалайша қайран болмайсыз.

Тарихтың салқар көшіне ілесін, лайықты орнын тапқан қазақ халқы XV ғасырдың екінші жартысында сан-алуан бәсеке мен тартысты жеңе білумен Еуразия даласында өз мемлекетін құрды. Тарих сахнасына шыққан халық пен мемлекеттің өз көсемі мен шешейі, батыры мен ақыны, ғалымы мен данасы болады. Ғылым тілінде осынау қауымды зиялылар деп жүрміз. Адамзат үрдісі сан рет көрсеткендей, зиялылары мешел халық пен мемлекеттің тағдыры талқыда, болашағы бұлыңғыр келеді.

Зиялылардың сыналатын да, шыңдалатын да тұсы – ел тағдыры, жер тағдыры найзаның ұшына, қылыштың жүзіне ілініп, қалың бұқара шығарға жол таппай тығырыққа тірелген, алды-артын болжаудан айырылған шағы. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысы, міне, тап осындай мезгіл. Шығысында жоңғар мен қытай, оңтүстігінде Орта Азия билеушілері, солтүстік-

батысында орыс патшалығы мен қалмақ ұлттық қауіпсіздікке үздіксіз қатер төндіріп, қазақ жұртының, Тәуке хан тұсында кемеліне келген қазақ елінің тынысын тарылта бастады. Сол бір қатерге толы дәуірді ақын М. Жұмабаев:

*Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – қор, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ? –*

деп жырлауынан ел мен ерге түскен сынақ пен жауапкершілік жүгін көрген жөн.

Бірақ алаштың жасампаз қуатын, ғасырлар бойы қалыптасқан кадр-қасиетін бойына еңірген зиялы қауым бар еді. «Абылайлап» жас иері Әбілмансұр дараланды, жауын найзасының ұшына көтерген Қабанбай мен Бөгенбай шықты, халқына рух берген Бұқар жыраудың даусы бүкіл қазақ даласына тарады, аузымен құс ілген шешендер топқа кірді. Осылардың бірегейі Қаз дауысты Қазыбек би еді.

Қазыбек бабамыздың шыққан тегі – Орта жүзге аға болған Арғын тайпасы, оның ішінде Қаракесек руы. Бүгінгі ғылыми әдебиетте арғындарды ғұндармен байланыстыра қарау берік орнығып келеді. Ал қаракесектер тарихы да, профессор Х. Арғынбаевтың дәлелдеуі бойынша, сан ғасырларға созылады. Қазыбектің әкесі Келдібек, атасы Шаншар, бабасы Бұлбұл, ұлы бабасы Бошан – бәрі жұртты аузына қаратқан шешен, би болған адамдар. Шешесі де тілге ұста, тауып сөйлейтін, ерін құрметтеген, төңірегіне сыйлы, абзал жан екен.

Табиғатынан зерек, алғыр бала өнегелі, ұлағатты, білімді ортада кемелденіп өседі. Естігенін, көргенін зердесіне тоқып, көкірегіне құя береді. Мемлекетшілдік болмысы, елдік мүддені жоғары қою ұстанымы бала жастан тамыр тартқаны созсіз. Шешендік қабілеті ерте ашылып, айналасын ерікеіз елең еткізеді. Осы орайда айта кететін бір жай бар. Кейбір жарияланымдарда Қазыбекті бала болып ойнауды білмеген, жеті жасынан шешен, он жасынан билік айтуға араласқан деген мағынада суреттейді. Біздің ойымызша, бұл тым әсірелеу. Әрине, аумалы-төкпелі, жауғершілік заманда

бала тез есейді, ерте ширығады. Дегенмен балалық бал дәуренді бастан откермеген жан даналықтың биігіне көтерілуі де неғайбыл дүние. Сондықтан бабаларымызды зорайтамыз деп бетімізді қызартып алып жүрмейік.

XVII ғасырдың 80-ші жылдарында Қазыбек Қаракесек руының ғана емес, барша халқының ар-намысын қорғай алатын, абыройын арттыра білетін, қазақтың ұлттық санасы мен дүниетанымының үлгісіндей дәрежедегі тұлға болып қалыптасты.

Сол жылдардан қалған ауызша ұлттық тарихнама дерегіне сүйенсек, Тәйгелтір би бастаған топ құрамында қалмақ ханына барып, тұтқындағы 80 қазақ азаматын босатуда Қазыбек бабамыз айырықша тапқырлық, шешендік, бет қаратпас қайрат танытады. Қазыбектің Қаз дауысты атануы да осы шама болса керек. Бұдан кейін де бидің «қамал бұзар», «жүйке босатар», «құйқа шымырлатар» шешендік сөздері тау суындай тасқындап, айналасына інжу-маржанын шашудан бір тынбады. Сонысымен Қазыбек қазақ хандығының өміріне, ішкі-сыртқы саясатын анықтауға, қоғамның бейбіт те ырғақты дамуын қамтамасыз етуге зор ықпалы бар тұлғаға айналды. Бұл әсіресе Тәуке хан тұсында «Жеті жарғыны» талдап, өмірге енгізгенде, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды Орта жүз қазақтарын Ресейге қаратуға илкітіргенде анық көзге түсті. Қазыбек бидің мемлекеттік істерді шешудегі кемелдігін орыс патшалығы да, қалмақ ханы Қалдан да мойындаған. Оның елшілік өнерін, ақылы мен ерлігін Абылай хан өте жоғары бағалағанын Ш. Уәлиханов жазып кеткен. Тіпті тұтқынға түсіп қалған Абылайды жоңғарлардан елшілік жолмен азат еткен де Қазыбек би деген ел арасында аңыз-әңгіме бар.

Ресейге бодан болғанға дейін қазақ қоғамын басқару қатып қалған заңдар, ресми құжаттар арқылы емес, дәстүрге айналған құндылықтар, қағидалар, тәртіп негізінде жүзеге асты. Сондықтан да болар хандарымыз бен билеріміздің қолымен жазылған қағаздар көп емес. Сақталғандарының өзі сырт елдердегі архивтерден табылуда. Қазыбек бидің артында қалған мұрасының жай-күйі осындай. Ұлы бабамыз айтты деген шешендік сөздер ұрпақ жадында сақталғандықтан ғана бүгінге жетін отыр. Ал ғұлама ғалым А. Байтұрсыновтың саралауынша, шешендік сөздердің бес түрі бар: 1) саясат шешен сөзі; 2) билік шешен сөзі; 3) қошемет

шешен сөзі; 4) білімдік шешен сөзі; 5) молдалар сөзі – уағыз. Қаз дауысты Қазыбек би осылардың қайсысына болсын өзіндік үлесін, қайталанбас қолтаңбасын қалдырғанын көп дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Мәселен, саясат шешен сөздің, яғни жиынды аузына қаратып, қандырып, сендіріп мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлеген сөздің ғажап үлгісіне қалмақ ханы Қонтайшыға бозбала Қазыбектің:

*Біз қазақ деген мал баққан елміз
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Достығымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен – қалмақ, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз.
Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз.
Танысуға қонбесең, шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен – арыстан,
Алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.
Сен – темір болсаң, мен – көмірмін, еріткелі келгенмін.
Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін,
Егесетін ер шықса, иілткелі келгенмін.
Берсең жондеп бітіміңді айт,
Бермесең, тұрысатын жеріңді айт! –*

деген сөзін жатқызуға негіз бар.

Бұл жай ғана өлең емес. Онда мемлекетқұраушы ұлт қазақтың экономикалық негізі, аумақтық тұтастығы, елшілік бірлігі, халықаралық байланыстары, әлеуметтік құрылымының іргелі қауымдары, қорғаныс қабілеті, азаттық идеясы, бәсекеге төтеп беретін әлеуеті алға тартылған және осылардың әрқайсына жауап беретін тұлға екенін жасырмайды. Ендеше, Қазыбек бидің қазақ мемлекеттілігін нығайтуға тікелей қатысы барын төлтума шығармасынан көре аламыз.

Ал А. Байтұрсынов өзінің 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқышында» афоризм үлгісінде келтірген Қаз дауысты Қазыбек биден қалған мына сөздерді білімділік шешен сөзге кіргізсек, қателесе қоймаспыз.

*Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Атың жаман болса,
Шыбын жанның азабы.
Қатын жаман болса,
Бұл жалғанның тозағы.
Туған балаң жақсы болса,
Екі коздің шырағы.
Мінген атың жақсы болса,
Бұл дүниенің пырағы.
Алған жарың жақсы болса,
Мейманыңның тұрағы.*

Дегенмен ұлы ойшыл һәм қайраткер осынау қағидаларымен мемлекеттің қуаты отбасы мен тәрбиеде жатқанын мензегенді де қаперден шығармаған жөн.

Қазыбек би 1764 жылы 97 жасында дүние салды. Ұлының ұлылығын тереңнен түсінген замандастары оны әулиелі жер – Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесеисіне жерледі. Аты ұранға айналып, аруағына ұрпақтар бас иетін болды. 1909 жылы Семей түрмесіне қамалған А. Байтұрсынов былай жазған еді:

*Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған халқыңа
Тұлға болып артыңа
Кім тиянақ қазық ед?
Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек.*

Өкінішке орай, кешегі кеңестік тоталитаризм тұсында Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың өмірі мен өсиеттері, мұрасы мен тағылымы дұрыс бағаланбай келді, тіпті қызылтанау пысықайлығымыздан зираты да жермен-жексен етілді. Солақайлығымыздың салқыны әлі де есіп тұрған тәрізді. Баз біреулер заманында қоян-қолтық араласып, ортақ мақсатқа бірлесе қайрат қылған үш бидің «мықтырағын», «әлсіздеуін», «орташасын» анықтамақ болатын сияқты. Ұлттық, мемлекеттік тұтастығымыз азаттықпен енді орныққанда мұндай кесепаттың, кесірліктің алдын алуымыз керек.

ҚАЗЫБЕК БИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ. ҚАЗЫБЕК БИ ТАНУДАҒЫ ҰЛКЕН ЖЕҢІСТІК

ДУЛАТБЕКОВ Н.О.

Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры,
заң ғылымдарының докторы, профессор

Мал жақсысы ешкі болар, Екі ешкі бір бесті болар.

Ойнап жүрген жас бала, Заң білетін есті болар...

Қазыбек би

Тұлғалық энциклопедия шығару – Қазақстанда жаңа жанданып келе жатқан жанр. Осыдан біраз уақыт бұрын Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт Торайғыров жайлы энциклопедиялық кітаптардың шыққанын оқырман қауым жақсы біледі. «Болашақ» университеті

ғылыми кеңесінің шешімімен Орталық Қазақстандағы гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтын құрған болатынбыз. Сол бойынша бірнеше бағытта жұмыс жүргізін келеміз. Оның бір саласы осы тұлғалық энциклопедиялық кітаптар жасауға арналып отыр. Бұл кісілер осы өңірдің тумалары болғандықтан, материал жинау мен тақырыпты жан-жақты білу арқылы осы өңірдің тарихы мен философиясын қамтитын энциклопедиялық бағыттағы мәселелерді зерттейміз деп жоспарладық. С.Сейфуллин энциклопедиясы өткен жылы жарыққа шығып, оқырман қауымға жол тартып, жақсы бағасын алды. Қазіргі шыққан энциклопедия да қазақ халқының биі, шешені, көсемі – Қаз дауысты Қазыбек биге арналып отыр.

Егер осындай тұлғалар болмаса, бүгінгі күннің жеңісі мен жемісі де, табыстары мен жетістіктері де болмас еді. Сондықтан бұл энциклопедиялық кітаптар да Тәуелсіздік мерекесіне тартуымыз болсын деген едік. Кеше ғана өмірден өткен ғалым, академик Салық Зиманов ағамыз осы кітабымыздың ақылды етер алқасының мүшесі болып қана қоймай, алғашқы басты мақаласын жазып берді. Біз тарихи кітаптар жазуда енді қалыптасып келе жатқан адамдармыз ғой. Сондықтан кітапты шығару барысында ақыл-кеңесін айтып отырған Салық Зимановтың ролін ерекше айтқым келіп отыр. Бұл кісі – қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды билерінің сарқыты. Кітап Қазыбек биге арналғанымен, үш би – бір-бірінен бөліп алып қарайтын тұлғалар емес. Бірін-бірі толықтырып тұратындықтан, үш биді әкелін қарағанда жетімсіреп қалады. Үш тұлғаның бір-бірімен байланысын, осы кісілердің бейнесін ашу мақсатында Төле би мен Әйтеке биді барынша сипаттап жаздық. Ол үшін қазақтың жазушы ақындары Әбіш Кекілбаев, Аян Нысаналы, Софы Смағай, тарихшыларымыз Мәмбет Қойғелді, Жамбыл Артықбаев, Ханғелді Әбжановтардың осы тақырыпта жазылған мақалаларын кітапқа енгіздік. Оған қоса, үш биден бөлек, Қазыбектің заманындағы Абылайханның бейнесін ашу арқылы осы саланы зерттеп жүрген тарихшы ғалымдардың еңбегін пайдалану да біз үшін парыз сияқты болды. Кітаптың негізгі дерек көздеріне Моңғолиядағы, одан бөлек, алыс-

жақын шетелдердегі материалдарды пайдаландық, сонымен қоса, Түркістан, Қарқаралы экспедициясын жасадық.

Жалпы, энциклопедиялық кітаптың өзіндік қалыбы бар. Біз соны біле тұра, Қазыбек би және сол заманда өмір сүрген кейбір тұлғалар мен терминдерге тоқталып, тақырыпты еркін жазғымыз келді. Тарихта кейбір тұлғалар зерттелін қойғанмен, әлі зерттеуді қажет ететін қаншамасы бар. Орталық Қазақстанда Бегімысық деген әулие бар, соған тек шағын анықтама ғана беріп қоймай, тереңірек жаздық. Кейбір мақалалар энциклопедиялық шеңберден шығып кетсе, ол біздің білместігімізден емес. Керісінше, үлкен жолға шыққандықтан, осындай қажетті дүниелерге мейлінше назар аударайық деген оймен көлемін ұлғайттық. Энциклопедияны жазу ғалымның қолынан келмейтіні белгілі. Сондықтанда бұрынғы жазылып кеткен дүниелерді қолданып, сілтеме жасай отырып кітапқа енгіздік.

Университетіміздегі Орталық Қазақстандағы гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының 10-15 ғалымымен қатар, Қазыбек бидің бейнесін ашады-ау деген қазақстандық 50-ден аса ғалымның мақаласын енгіздік.

Алғашқы таралым болғандықтан, қазіргі жағдайымыз кітаптын 1500 данасын шығаруға жетті. Көмектесемін деген кісілер болса, бұл кітап кемінде 10 мың дана таралыммен шығуы керек деп ойлаймын.

Қаз дауысты Қазыбектен қалған мұралардың көбі фольклорда, яғни ауыз әдебиетінде сақталған. Осы жағынан келгенде көп деректер әсіресе Қытайдағы қандастарымызда, сол елдің мұрағатында сақталған деп естідік. Бұл кітапта биге қатысты барлық деректерді қамтыдық десек, жалған сөйлеген болар едік. Осы тақырыпты кейін қолға алған жас буын Қытай мен Моңғолиядағы қандастарымыздың қолындағы, сол елдің мұрағаттарындағы тарихи құндылықтарға мән берсе екен дейміз. Келесі энциклопедиялар Бұқар жырау, Ә. Бөкейханов секілді бірегей тұлғаларымызға арналмақ.

Қазыбектің ұрпақтарын талдауда, бидің жақын туыстары, өскен ортасы жайлы әлі қағазға түспеген, ел аузындағы әңгімелерге де тоқталып өттік. Қаби Есімов атты профессор ағамыз – бидің тікелей ұрпағы. Осы кісі Қазыбек бидің ағайын арасындағы

қарым-қатынасы, ауызекі тілде қалған әңгімелері жайлы біраз деректер берді. Қарқаралыдағы Егіндібұлақ жеріне барып, біраз ақсақалдармен сөйлестік. Ол да бір тың дүние болып шықты. Содан кейін зерттеуіміз – қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы сот жүйесі. Қазіргі заңдарымыз Қаз дауысты Қазыбектің мұраларынан қандай нәр алды деген тақырып аясында да өз талдауларымызды кітапқа енгізіп отырдық. Қазіргі Конституциямыздың приамбуласында «Біз, Қазақстан халқы» деп басталатын сөздің өзінен Қазыбектің «Біз қазақ деген елміз» деген сөзінен ұқсастық байқағандай болдық. Яғни сөзі басқа болғанымен, мағынасы жағынан бірізділік болғаны бізді тандандырды.

ТАРИХИ ШЕЖІРЕЛЕРДЕГІ ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

АЛИЫСБЕС М.А.

Л.Н. Гумилев атын. ЕҰУ-нің Еуразиялық зерттеулер
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор

Шежіре – шежіге біткен, яғни жадыға тоқылған, есте бар білім. Шежірелік дәстүрді сақтаған тұлғалар туралы пікір білдірген әулие, Мәшһүр Жүсіп: – «Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған», – деді. Шежіре – жадыдан берілген ақпарат немесе жады субъектісінің өзі. Ата дәстүріне сүйенген қауымдардың басты ерекшелігінің бірі жады қызметін ерекше жетілуінде байқалады.

Шежірелік мәліметтің негізгі өзегі қоғамға, әсіресе әлеумет пен жеке тұлғаларға қатысты тарихи құбылыстар болып келеді. Өртүрлі қауымдар өздерінің мәдени дамуына қарай өзіне ғана тән тарихи таным жүйелерін қалыптастырған. Далалық мәдениеттің де осындай ерекше қалыптасқан қырлары бар екені анық. Шежіренің пайдасын, шежірешінің қадірін білген әрбір қазақ адамы оның айтқан жақсы өнегесін үйреніп, жақсы сөзін жаттап, қиын сөзді хаттап жататын болған.

Тарихтың есте жоқ ескі заманаларынан жалғасқан бұл дәстүр, негізінен ұрпақтар тегі туралы қысқаша мәліметтен, арғы дәуірде өткен ата туралы аңыздан, сөз, өнер, білім қабілетімен, адами қасиетімен танылған қайраткер бабалардың іестері туралы айтылатын генеалогиялық әңгіме деректерінен құралады. Тарихи шежірелерде, ескіден есте сақталған, қазақ ортасында айтылатын әңгімеде, ішінде ертегі, жыр, хикая, толғау, ата туыстығы, олардың үлкенді-кішілі реті, жолы, аңыз, афсана, діни рауаяттар, хикметтер, тәмсіл сөз, мақал, мәтел, үлгі, бата, шешендік сөздері өзара аралас түрде болған.

Көшпелілер өздерінің көнеден жалғасқан тарихын хаттап жеткізгені аз болған. Ата-бабаларының өміріне байланысты әңгімелерді әрбір ұрпақ ауыздан-ауызға алумен, ескі сөз үлгілеріне айналдырумен сақтаған. Шежірелік дәстүр де, жазу-сызу өнері де тек қана арабта емес, түркінің өзінде ескі уақыттан келе жатқан өнер. Қазақта жазу болмады деген сөз де бекер. Жазу дәстүрі қазақта ерте дәуірлерден-ақ бірден-бірге сақталып келген өнер түрі. Қазақтың байтақ өлкесінде төрт түрлі жазу үлгісі сақталғанын өз кезінде «Таңбалы тас» жазуы атты еңбегінде Әлкей Марғұлан дәлелді айтты. «Бұл тасқа, не мавзолейдің қабырғасына жазып қалдырған тарихи сөздер қазақ мәдениетінің орта ғасырдағы бір үлкен белгісі, қазақта жазу болмаған, шикі, тағы ел деп айтушылардың сөзін теріске шығаратын ашық белгілер; осындай тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке бір кітап етіп шығарса, қазақты білмейтіндер өзінен өзі таң қалып жүрер еді» – деді Әлкей Марғұлан.

Адамның қалыптасуы отбасынан басталады. «Әкеден ақыл, анадан – меңір» дейді халық даналығы. Әкенің міпезі, тәлімі, өнері, білімі ұл балаға үлгі-өнеге. Соған қарап ұл (түркілерде – оғлан) өсіп жетіледі. Сондықтан «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон нішер» деген. Ұрпағының ата өнерін қууы, ата жолын ұстану қазақтың байырғы дәстүрі. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық. Әр адам өз ата-анасы мен туған туыстарын артық біледі, олардың өмірбаянына қатысты уақиғаларды керек қылып есте сақтайды. «Ата – асқар тау, ана – бауырдағы

бұлақ, бала жағасындағы құрақ» (халық даналығы). Қазақта туыстық реті: ата – бала – немере болып жүреді. Бұрынғы рулық құрылым болып тұрған қазақ қауымының іргесінің бүтін болуына жақсы ықпал еткен жағдайдың бірі осы шежірелік өнегенің жетік болғанынан деп білеміз. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік өнер әкеден балаға беріліп, жеті атасына дейін жалғасқан. Әке – отбасының сақтаушысы, қамқоршысы, иесі, әулет тірегі. Қазақ тілінде әке сөзінің ауыспалы мағынасы зор, үлкен деген мағынаны білдіреді. Ата жолын қуған бала әкеге жақсы мұрагер болмақ. Ата жолын қумаған бала – опасыз. Бұл туралы Көтеш ақын: «Ата тілін алмаған арам ұлды, аузы түкті кәшірден кем деменіз. Ата тілін сыйлаған халал ұлды, хұтпа ұстаған молдадан кем деменіз» – деген нақлия айтқан. Ал Қаз дауысты Қазыбек би:

Атаның өсиетін балаға,
Баланың өнерін атаға,
Айтып, тарата білген елміз, – деді.

Қазақ халқы тіршілік істеріне шежіре қазынасын жарата білген, оның он бойында үнемі жүретін мақал-мәтелдер, шешендік үлгіні өмірде қолданған, жүріс-тұрыстарында бабаларына ұқсауға тырысатын болған. Шежірелік қазына әр адамға үлкен рухани тірек бола алады. Бұл тірек мағынасыз, мәнсіз емес, шынайы, тәлімі мол басты рухани құралдардың бірі болған. Қаз дауысты Қазыбек бидің қаһарын төккен дұшпан алдында, және жай ғана дұшпан емес, ноянына ал деп бұйырса иықтан басты да қағып жіберуіге үкімі жететін жоңғар қонтайшысы алдында көптің құлағына жатталып қалған сөзді айтуының өзі кездейсоқ құбылыс па екен?!

Бұл тұста Қазыбек әлі би емес, жайғана бала болса да, аталы сөз айта білген тұлғаға айналғанын көреміз. Осы жерде, біздер қазақтың жалпақ тілінде айтылатын «аталы сөз» деген ұғымға тереңірек үңілуіміз қажет. Аталы сөзді ата тәрбиесін, яғни әке тәрбиесін көрген ұл ғана айта алады. Сондықтан, Қазыбек би бала кезінен-ақ кәміл данышпанның тәлімін алған, әке тәрбиесін көрген, қарияның қазынасын санасына тоқыған, арқалы батырлардың қайсар рухынан күш жалғастырған аса ірі кісі.

Бұқар жыраудың: «Әкелі бала жаужүрек, әкесіз бала сұм жүрек. Жиын болса бара алмас, барғанмен орын ала алмас. Екі көзі жәудіреп, тұлымшағы салбырап, күнінде, соның не болғанын білмеймін. Әкелі бала жаужүрек, жиын болса барады. Барса орын алады. Бітірер сенің дауыңды. Қайтарар сенің жауыңды. Күнінде тастан отер жебесі» – деген толғау сөзі бар. Байқап отырсақ, Бұқар абыздың бұл жиынға барға, жай ғана барып қоймай, төрден орын алып, ата дауын бітіріп, жебесін тастан откерген жаужүрек батырдың сыны Қазыбектің сол бір әрекетін сипаттағандай.

Қаз дауысты Қазыбек би туралы сөз қозғағанда, біздері оның қасиетті бабасы Шаншар абызды қозғамай өте алмаймыз, әкесі Келдібек би, оның өміріне қатысты хикаяларды еске алмай аттап кете алмаймыз. Қазыбекке қонтажы: «Өй, өзің жөніңді айтшы, атың кім?» – дегенінде, Қазыбек: «Атым Қазыбек, әкем – Келдібек. Халқым – қазақ, руым – Қаракесек» – деген.

Абыздың бүгінгі асыл біткен ұрпақтары да әлі өз ортасында ата-бабаларының әңгімелерін айтып бере алады. Бұрынғы уақытта халықтың тарихи шежіреге деген сенімділігі патшаның жарлығындай, әкімнің мөрмен бекіткен шешіміндей болғаны анық. Ал оның басты себебі көшпелі тұрмыс кешкен қазаққа тән ар ілімімен, иман беріктігінде жатыр. Қазақ халқының өзіндік ұлттық мінезіне тән болған осы қасиетті Қаз дауысты Қазыбек би қонтайшыға айтқан сөзінде бір ауыз сөзге де іліктірген.

Адалдық пен ар – адамға тән жоғары адамгершілік қасиет. Намыс, ұят, ар көру, намыстану, ар сақтау біздің халыққа ерте дәуірлерден тән асыл қасиеттің бірі болған еді. Тарихтан белгілі қазақ жұрты арланғыш келетін. Арланғыш дегеніміз намысқор, ұят санағыш адам, ар сақтағыш кісі. Қазыбек би:

Жау аяғына басылмаған елміз,

Дұшпан аяғына жаншылмаған елміз, – деді.

Қаз дауысты Қазыбек би жоңғардың қазақтан басым кезінде, оның ел басқарған жауыз қонтайшыларынан қорықпай, басына төнген қатерден жасқанбай, өзіне төнген найзаның бетін қайтаруға шамасы келген ер жүрек адам болғанын осы тарихи шежірелер баяндайды. Өзінің қаһарлы әрі тапқыр, алғыр әрі батыл

қимылдарымен Қаз дауысты Қазыбек би дұшпанды икеміне қалай келтірген көреміз. Қазыбек би: «Алтын ұяң – отаның қымбат, құт береке – атаң қымбат. Мейірімді анаң қымбат, асқар тауың – әкең қымбат. Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пен ар қымбат, өзің сүйген жар қымбат» – деп айтқан сөздерімен әр нәрсенің орнын көрсетін, даулап тұрған дау құнын бағамдап, анық талаптарын қоя білгенін байқауға болады.

Үш рет елін тонап кеткенде оның есесін қонтажыдан осы арланғыш қасиеті арқылы түгел қайтарған. Қара күшке қасқайып қарсы барып жеңіске жеткен. Арлану – ар қору, намыстану, ар сақтау, ар тұту. Арланғыш – намысқор, ұят санағыш адам. Арланғыш адам ар-ұятына кір келтірмейді. Арланғыш адам «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» дейді. «Иманы бардың, ұяты бар». Ар, ұят бар жерде намыс болады. Қазақ дінді діни фанатик, нмесе көкірегі соқыр адамдай ұстамаған, бірақ иман кемелдігін жеткерген халық. Несібесін адал еңбегімен тауып, біреуді алдап, алдындағысын тартып алып жемеген, обал мен сауапты, адал мен харамды жақсы айыра білетін халық болған. Жоғары гуманистік принциптер, адамгершілік, мейірімділік, имани келбет пен кісілік – қазақ қауымына, қазақ халқының мінезіне ата-баба ұстанымдарынан дарыған, қанына туа біткен өзіндік ұлттық қасиеттері болып табылады. Біздің халық бұл қағиданы өзі ғана тұтпай, сол қасиетті бүкіл әлемге жеткізуге ұмтылыс танытқан халық қатарында. Қазақ халқы осы өзінің ұлттық жақсы қасиеттерін адамзат өркениетіне әдебиет, өнер, білім мен ғылым арқылы үлестірген, өзіндік философиясы мен мінез-құлқы өнегесімен іске асырған. Қазақ халқының және жалпы түркі әлемінің тарихы осыны көрсетеді. Жоғары адамгершілік қоннептілер қазақ жырауларының толғауларында, дұғағөй абыздардың батасында, әулиелердің лепесінде, діндарларының уағызында, діни қолжазбаларында, ғылыми туындыларында, ақын шығармаларында, би-шешендердің сөзінде орын алады. Бұл саладағы жасалған ең ұлы мұра – Әл Фарабидің әлеуметтік-философиялық трактаттары. Әл Фараби зерттеп жазған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» туралы жазылған трактатында: «Адамның қайырымдылық жаса-

уы бұл – бірінші кемелденуі. Ол осындай әрекет жасамай тұрып рақымды бола алмайды, өйткені: кемелдену оның алған қасиеті салдарынан әрекет көрсетуіне емес, әрекетті орындауында» – деп жазған. Бұл турасында айтылған асыл дүниелерді біздер Қаз дауысты Қазыбек би айтқан сөздерден де табамыз. Қазақ халқы өзгеге жақсылық келтіре алмады десек те, ең болмағанда зиянын тигізбегені анық. Жер бетінде ешбір халық қазақтан теперіш көрдім деп айта алмас. Сол тұрғыдан, расында, қазақ халқы өзінің өткен тарихы үшін ешкімнен ұялмай тура бетігне қарай алады. Қаз дауысты Қазыбек бидің: Біздің қазақ елі, мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, – дегені де осыған саяды.

Қазақ халқы мұсылмандық жолды пайғамбардың сүннетімен, имам ағзамның мазһабымен ұстанған, пайғамбардың “нәсібіңізді таныңыз” деген бір сөзі, туысыңызды анықтап біліңіз деген мәнінде айтылған. Осы қағидатты жүзеге асыруды Қаз дауысты Қазыбек би: «тату болса – ағайын жақын, ақылды болса – апайын жақын. Бауырмал болса – інің жақын, инабатты болса – келінің жақын. Сыйлас болса – нағашың жақын, алтын ұяң – әйелің жақын. Құт-береке – атаң қымбат, аймалайтын анаң қымбат. Еркелейтін немерең жақын, өз ұрпағың шөберең жақын» – деген сөз бен жеткізген. Ал халық даналығы: «Ата – құт, ана – береке» деген.

Қаз дауысты Қазыбек бидей әулие бабамыздың осындай сөзін біздер зейін қойып, ұғынып, осыған қатысты шежірелік ескі сөзді еске алып жүруіміз абзал. Әрбір жақсы мәжілісте, әрбір жиын, орынды отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетпен ойға түсіп, келешек ұрпаққа жалғастыру біздерге парыз. Өйткені шарапатты бұл іс көнеден келе жатқан біздің ата дәстүрлер санантындағы нәрсе, ұлттық құндылық. Бірден-бірге хикая, әңгіме ретінде айтылған, жадыға тоқылған осындай сөзді – «ескі сөз», «шежіре» деп атаған. Ғалым аға Қаныш Имантайұлы, ел аузындағы «ескі сөздер» қағаз бетіне түсіруді қисапсыз қажет деп білген. «Ел аузындағы ескі сөздер ғылымға үш негізден маңызды», – дейді Қаныш аға. «Біріншіден – олардың ішіндегі қазіргі буынға мүлде жат көрінін, ұмытылып бара жатқан қазақтың ескі сөздері көп кездесіп отырады – бұл «тіл сақтау», «тіл байыту» жақтарынан үлкен бағалы нәрсе;

екіншіден – ескі сөздердің ішінде келетін толғаулар көбінесе шебер, кестелі түрмен жасалады – бейнешілдік, кеңдік, суретшілдік жақтарынан алғанда қазақ ескі толғауларының кейбіреулері әлі күнгеше жаңа ақындардың көбіне үлгі болуға жарамды; үшіншіден – ескі сөздердің ішінде қазақ жұртының өткен кездегі тұрмысы, салт-санасы, әдеттері көп суреттелін отырады» – деп жазды Қаныш Сәтбаев. Шежірелерді құнттап жинаған, қарияның ескі сөзіне ден қойып тындаған, қолжазба мәтініне үнілген, тапқан деректерді ретке келтірген, сызба, кестелерді құрастырған, баспадан шежірелерді көпшілік назарына шағырған авторлар, ұлт тарихы, тіл, әдебиеті мен өлкетану ісіне қызмет ету мақсатында еңбектенеді. Бұрынғы қазақ қариясы салиқалы әңгіме айтып, сабырлы, тілеуқор, мейірімді, жаңа буын ұрпақтардың дүниесіне келуін тілеп, риза болып, олардың өткен бабалармен өзара жалғастықта болуына қызмет ететін еді. Бұрынғы дәстүрдің сақталуына, ұлт қайраткерлерінің есімі тарихтан өшпеуіне еңбектенін, үлкенге тән дұрыс сөз сөйлейді. Ескі қазақ дәстүріндегідей әңгіме айтатын қариялар, кәрі құлақ ақсақалдың насихаты тартымды, терең мағыналы, тарихи дерегі мол, рухани тұрғыда құнды, астарлы тұсы көп. Қазақ халқы: «Әңгіме білген бір адам, кәңгүр-күңгір елдей. // Әңгіме білмеген жүз адам, ел қонбайтын шөлдей» – дейді екен.

Шежіре сақтаушы қазақ қариялары озықтар қатарындағы тұлғалар болған. Олар құлақпен қабылдаған ескі сөзді жадында сақтай білген. Ата тарихын ауызша әңгімелеп, ата ретін бұзбай сөйлеген. Ақсақалдық белгілері өз алдына тұр. Бірден бірге айтылған сөзде, қате айтылып, жаңылысып айтылған сөз де болуы әбден мүмкін. Мұндайда, шындығы беймәлім, тіпті күдікті сөз болған жерде, оның ақиқатына көз жеткізе алмайтын болғандықтан, бірақ айтылып отырған сөздің өзі бар болғандықтан, Мәшһүр Жүсін сияқты қариялар «не нәрсенің болса, хақтығын Құдай біледі. Қазақтыкі – ұзын құлақтан естілген сөз», немесе «Естіген құлақтың жазығы жоқ» деп ескертетін болған. Жалған сөйлеу, әлбетте, үлкен күнә. Даналық қазақтың өзінде аз емес. «Қазақтың әулиелігі – тілінде» деп Мәшһүр Жүсін сөз қасиетін білу, сөзді қасиеттеу туралы айтылған бағамы. Қазақта қағида сөздің бәрі

ұрпақтан-ұрпаққа айтылып келе жатқан сөз. Бұрындары дәйекті, тиянақты білім ауызекі дәстүрмен жалғасқан. Даналық мұрасы бай, өнерлі келген қазақ халқы «өнердің алды қызыл тіл» демеді ме?! Осы айтылған нақылға орай, қазақтың шежірелік тарихи білімі осы қария сөз үлгілерінде төлтума қалпында сақталған.

ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН РӨЛІ

АБДРАХМАНОВА А.А.

ҚарМТУ-дың аға оқытушысы

Ұлт болып ұйығаннан бері берік қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесін би деп атаған. Қазақтың үш жүзін бір хандыққа қаратып, оның орта жүзінің тізгіінін берік ұстаған беделді биі, әділ қазы – Қазыбек би.

Қазыбек би – қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері, Өз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» аталатын заңдар кодексіні шығарушылардың бірі.

Қазыбектің анасы Токмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек би», «алты алаштың ардағы» деген атаққа ие болады. Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батыры бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Қалдан

Бешоқтұға барғанында 18 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім жігіт Қазыбек: «Дат, тақсыр!» деп жұлқынып алға шығып:

*“Қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға жылқының қылын таққан елміз.
Дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп
отыра алмайтын елміз.
Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз,
Танысуға конбесең – шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз,
Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.
Бітім берсең – жөніңді айт,
Бермесең – тұрысатын жеріңді айт!” – депті.*

Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай

қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төгеді. Абылай сұлтан жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға белсене араласады. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхара, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, бейбітшілік пен достықты дәрінтеуші мәмілегер болған, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған. «Елдестіремек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деп, ол елшілік қызметті де мінсіз атқарған тұңғыш дипломат. Оның тұңғыш рет он сегіз жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге аңыз болып айтылады.

XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Циң империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберін, мол сыйлықтар тартады. Бірақ ол Қытайдың қол астына қарауға қарсы болады. Сөйте тұрып, Абылайды Чиң империясымен тығыз қарым қатынас жасауға шақырады.

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы қасында жүрін, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз бні болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген. Әбілқайырды өлтіріп, ел бірлігіне сызат түсуіне себепші болған Бараққа: «Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың, екінің бірі, Барақ» деуі, ақыр соңында оны мойындатып: «Уа, би аға! Айттың сен, көңдім кебіңе» деуіге мәжбүр етуі тек Қазыбектей айбыны ай жасырған текті бидің қолынан ғана келсе керек.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – “Жеті жарғыны” жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтін, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемле-

кет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде: «Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз деп сұрағанда, ол: «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңқалуға болады. Оның бірі 90 туысын Қалдан Сереннің тұтқынынан құтқарған қаракесек Қазыбек те, екіншісі өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы өзінің аулында отырып, жауын қорқытып алды» деп жазады. Бұл заманында ақылымен қатарынан озған дана биіне ел басшысының берген нақ та әділ бағасы еді.

Тәуке ханның беделін беркітін, халқының бірлігін нығайту, қаптаған қалың жоңғарға қарсы ерлік күрес ашып, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесін, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеп өткен дана басшы, салиқалы сөз, салмақты мінез танытып, жастайынан ақыл-парасатымен жоғарыдан көрінген, өзіндік жол-жосық бастаулары бар ұшқыр ойлы, жаны таза кемеңгер. Шешімсіз дау қалдырмай, қиын түйінің жігін тауып, бойындағы сөз маржанын жеріне жеткізе, сезіндіре серігілте сөйлеп, күмәнсіз сендіре білген қызыл тілдің шебері, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелі сөздің жүйрігі, тайынбай, тайсалмай, шындықты, әділетті жақтаған абзал азамат. Халқымыздың басына қайғылы күн туып, берекесі кеткен ауыр заманында ел жұртын сақтап қалу үшін өмірін сарп еткен ардагер асқан ақыл иесі. Қара түнек қаптаған қазақ аспанына өмір сәулесін шашқан жарық жұлдызы.

Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы Алексей Левшин, Шоқан Уәлиханов, Шаһабуддин Маржани, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төрехұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел

ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

ТІЛЕУҒАБЫЛОВА Қ.С.

ҚарМТУ аға оқытушысы

Қазыбектің анасы Тоқмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ер жете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Осы өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаз дауысты Қазыбек би», «алты алаштың ардағы» деген атаққа ие болады. Содан болар Тәуке хан мемлекет тұтастығына жарықшақ түсірмей, халықты бірлікте ұстау үшін үш жүзді өзінен шыққан үш биге билету арқылы басқарғанда, Орта жүзге осы Қазыбек биді тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырады.

Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған Қазыбек би елдің азаттық алуы жолында аянбай тер төгеді. Абылай сұлтан жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға белсене араласады. Сондай ақ ол Ресей, Бұхара, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, бейбітшілік пен достықты дәрінтеуші мәмілегер болған, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған. «Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деп, ол елшілік қызметті де мінсіз атқарған тұңғыш дипломат. Оның тұңғыш рет он сегіз жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге аңыз болып айтылады.

XVIII ғасырдың алпысыншы жылдарында Чиң империясы Қазыбекті өз жақтарына тарту мақсатымен оған елші жіберіп, мол сыйлықтар тартады. Бірақ ол Қытайдың қол астына қарауға қарсы

болады. Сөйте тұрып, Абылайды Чиң империясымен тығыз қарым қатынас жасауға шақырады.

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез батыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай ақ ақылымен жол тауып, ел бірлігінің емшісі бола білген. Әбілқайырды өлтірін, ел бірлігіне сызат түсуіне себеп болған Бараққа: «Сылтауратып сытыла алмайсың, не өлі тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың, екiнiн бiрi, Барақ», – деуi, ақыр соңында оны мойындатып: «Уа, би аға! Айттың сен, көндiм кебiне» деуге мәжбүр етуi тек Қазыбектей айбыны ай жасырған тектi бидiң қолынан ғана келсе керек.

Қазақтың тұтас бiр елдiгiн көксерп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, өле-өлгенше ұзақ та нәтижелi өмiр кешкен аты шулы шешен биiмiз Қаз дауысты Қазыбек. Қазақтың үш жүзiн бiр хандыққа қаратып, оның Орта жүзiнiң тiзгiнiн берiк ұстаған беделдi биi, әдiл қазы, асқан талант иесi. Тәуке ханның беделiн бекiтiп, халқының бiрлiгiн нығайту, қаптаған қалың жоңғарға қарсы ерлiк күрес ашып, ер жүрек қазақ ұлдарын ел мүддесiн, ұлтының ар-намысын қорғауға үндеп өткен дана басшы, салиқалы сөз, салмақты мiнез танытып, жастайынан ақыл-парасатымен жоғарыдан көрiнген, өзiндiк жол-жосық бастаулары бар ұшқыр ойлы, жаны таза кемеңгер. Шешiмсiз дау қалдырмай, қиын түйiнiң жiгiн тауып, бойындағы сөз маржанын жерiне жеткiзе, сезiндiре сергiлте сөйлеп, күмәнсiз сендiре бiлген қызыл тiлдiң шеберi, айтыс-тартыста озып шыққан жүйелi сөздiң жүйрiгi, тайынбай, тайсалмай, шындықты, әдiлеттi жақтаған абзал азамат. Халқымыздың басына қайғылы күн туып, берекесi кеткен ауыр заманында ел жұртын сақтап қалу үшiн өмiрiн сарп еткен ардагер, асқан ақыл иесi. Қара түнек қаптаған қазақ аспанына өмiр сәулесiн шашқан жарық жұлдызы.

Жоңғардың басым кезiнде, оның аузынан от шашқан қонтайшыларынан жасқанбай, ешбiр қатерден қорықпай, өзiне төнген найзаның бетiн қайтарар қаһарлы тапқыр, алғыр, батыл қимылдарын, өжет сөздерiн қоя бiлген ер жүрек адам. Қонтайшылардың үш рет тонап кеткен елiнiң есесiн ол осы бiр қасиеттi iстерi арқылы түгел

қайтарған екен. Қара күшке қасқайып қарсы барып жеңіске жеткен. Бүгін біз үш ғасырға кейін шегінін, бабамыз алдымызға келгендей жайда отырмыз. Абылай хан айтқан екен: «Осы бес мейрамның баласы деген ел – адамның бұлбұлы мен дүлдүлі туған ел» – деп. Бабаларымыздың бұл айтқан сөзін тарих өзі дәлелдеп келеді. Орта жүз елі жаны қысылғанда бабамыздың аруағына сиынып жүргенде оның иығына жапқан, пісі сіңген шапаны табылды дегенде бөркін аспанға лақтырып, бабамыз қайта тірілгендей қуандық. Осы шапанды бізге жеткізген, басын қатерге тігіп, 300 жыл сақтап келген ата-бабаларымыздың алдында бас иеміз. Бала кезімізде әкей өз арманын бізге былай деп жеткізетін: «Қазақстан жеке мемлекет болады, өткеніміз жанады, бабамыздың аруағы бізге тірек болып атағы шығады» – деген сөзі бізге ертектей болатын. Ол сөздердің сол кезде байыбына бармасақ та бір асқақ арман екенін сездік. Жеке дербес мемлекет болмасақ, осындай күнге жетуіміз екі талай еді. Осы бір арманға толы бақытты шақтар мол болсын деп, Қазыбек бабамыздың мына бір аңыз сөзін естеріңізге салғым келеді:

*Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз,
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.*

Бабамыздың шешендігі мен адамды тани білетін қасиетін сол заманда өмір сүрген замандастары, би мен шешендер жоғары бағалаған. Қазыбек ақ сақалы алқымын жапқан, маңайына сергек қарап отыратын көзі өткір, өңі сұсты келісті қария екен.

Тарих тереңіне үңілер болсақ, өз заманында тапқырлығы мен алғырлығы, асқан ақыл-ойы мен көсемдігі, әділдігі мен шешендігі үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің төбе биі етсе, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңде ол мемлекет басқару ісіне толық араласып, оларға ішкі және сыртқы саясатта ақыл-кеңес беріп отырғанын бүгінгі ұрпақ жақсы білеміз. Бұл – өткеннің болашағына ескерткіш, бұл – ұлт тарихы. Сол тарихты осы атаулы конференцияға қатысқан Қазыбек бидің өз ұрпағы Мағдатқызы Сүйімбике де өлеңмен жазды.

**Мағдатқызы Сүйімбике – Қазыбек Баба ұрпағы,
Қарқаралы ауданы, Ақтас ауылы.**

БАБАҒА

*Қазыбек би ұрпағының мекені,
Айрық, Едірей, Арқалық, Қу етегі.
Билік айтса бабамыздың әр сөзі,
Желдей есіп, ұран болып кетеді.*

*Сарыарқаның көсемі әрі шешені,
Оған құд, тарих өткен кешегі.
Даналығын ұлықтаған ұрпағы,
Мүсін қойып, шежіре жыр шертеді.*

*Жау алдында түспеген еш еңсесі,
Тауып айтып, кетпеген еш есесі.
Найзасына үкі таққан, елміз деп,
Қантәжіні сөзбен жеңген елшісі.*

*Айтқан сөзі ұтқыр әрі салмақты,
Елдестірген неше мәрте қалмақты.
Азат етіп, ұл мен қызын қазақтың,
Қан төккізбей, бейбіт өмір орнатты.*

*Бала биден дана биге айналған,
Қаз даусына қалмақ ханы таң қалған.
Қаз дауысты Қазыбек би атанып,
Қонтәжіден бала бабам бата алған.*

*Қонтәжі хан, жасырмаған арманын,
Қалап жүрген, онымен туыс болғанын.
Тағы шауып, Қазымбетті тұтқындап,
Шарт қойған ол, қайтсе құда болғанын.*

*Қызым жоқ деп беретін, қызын алған бабамыз,
Даудың артын қызбен бітеп, бітім еткен бабамыз.
Достығының белгісі ғып, тауды да Едірей атады,
Ата жауы жоңғардан, тапқырлықпен бата алды.*

*Аян беріп, тас та өзіне орнатты,
Үшқараның басын да өзі таңдапты.
Қасиеттеп, қадір тұтқан ұрпақтың,
Бойындағы рухы өшіп қалмапты.*

*Бір-екі ауыз сөз жазсам,
Оны да өзі жазғызды.
Бабамыздың қаны бар,
Тамырында бұл қыздың.*

**Бейсетаев Р. – қазыбекетанушы,
Қарағанды қаласы**

ҚАЗЫБЕК БИ МЕН АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚОСЫМША АТТАРЫ ТУРАЛЫ

Бұл әңгіменің мағынасы мен өзіндік шығу тарихы бар. Қазақта – «Жақсыдан шарапат», деген сөз бар. Озіміздің ауылдан шыққан сыйлы ағамыз, ғылымда Абылайтанудың негізін салған профессор Зарқын Тайшыбай Абылайдың өмірін, еңбегін және заманын зерттеу үшін ортағасырлық орыс тілі мен қалмақ тілін білуге міндетті болды. Онсыз түпнұсқаны оқу мүмкін емес, ал ғылымда түпнұсқасыз зерттеу – мардымсыз дүние екені белгілі. Еңбек қалмақ тілін жетік білетін Зарқын ағамыздың айтуы бойынша [1], Қазыбек би мен Абылай хан туралы айтылған қалмақша сөздің мағынасы біздің қазақта бар ауызша-жазбаша дерекпен салыстыра отырып жазылды.

1-бөлім. Қазыбек бидің Қаз дауысты атануы туралы

Ел арасында кең тараған аңыз-әңгімеге сай, Қазыбек бала жеті жасынынан-ақ алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түсе бастапты. Ол осы жасынан «Бала би» атанып, ерекше шешендік дарын біткен делінеді. Десек те, Қазыбектің көзге түсе бастауы, әсіресе қалмақ қонтәжісіне бару мерзімі туралы жазба бірізді емес. Міне, осы оқиғалар туралы дерек бермекпіз.

Қазақ шежіресі бұл жағдайды былайша түсіндіреді: «Бір жылдары қалмақ ханы Қонтәжі қазақтың малын, малымен қоса ұлы мен қызын тартып әкетеді.

Ел ағалары мен азаматтары: – «Қызымызды күң, ұлымызды күл қылып отыра алмаймыз», – деп соғысқа дайындалады.

Сонда Тәуке хан:

– «Алдымен елші жіберейік, жүз кісіні бастап қаракесек Келдібек қалмақтың ордасына барсын», – дейді.

1684 жыл Келдібектің егде тартпаған кезі (1636 жылы туған), ұлының болашағын ойлады ма, әлде тарихтың қалауы осылай болды ма:

– «Өзімнің орныма балаларымның бірін жіберейін», – деп рұқсат сұрап, ауылына келінті.

Содан үйіне келген соң Қазыбекті сынамаққа шақырып алып:

– «Балам, осы сен кімнің баласысың», – дейді.

Сонда Қазыбек:

– «Әкемнің аты Келдібек, Шаншардың немересімін», – деген екен.

Келдібек тұрып:

– «Балам, ат міпіп, атақ алу», – деген немене десе, Қазыбек:

– «Ағаларымның атын ерттесем де, атым шықпайды ма», – деп, әкесіне қарсы сұрақ қойыпты.

Әкесі: – «Сенің ат міпіп, тай үйретін жүргенің жақсы ма, әлде ел танып, жер танып, ағаларының соңынан жүргенін жақсы ма?», – депті.

Қазыбек сонда:

– «Балалық шіркінді де тастағым келмейді, бірақ үлкендерге еріп ел танып, жер танығаным іс болар», – деп далада бозбалалармен ойнап, ат жарыстырып жүрген жерінен қайтыпты. Бұл Қазбектің он жетіден он сегізге шыққан жасы. Қызы Маңқан жоқтауында «әкекем сонда он сегізде», деп жырлауы дұрыс дерек.

Әкесінің Телқоңыр деген аты бар екен, Қазыбекті соған мінгізіп, батасын берін, Кеңгірде Тәукенің ордасына жібереді. «Телқоңырды мін» деуінде ерекше себеп бар екен. Ертеде бір күні Келдібек жылқысын қаптатап келе жатып, қара жал, құла құлықтың іші жер сызып, жылқыға ере алмай, ептеп басып келе жатқанын байқайды: «Мынаның ішінде тас бар ма, тұлпар бар ма? Бір құлынды мұнша неге ауырлайды жануар», – дейді. Күндердің күнінде бие құлындап, құлын биенің мойнына артылып ойнап жүреді. Келдібек: – Бұған бір құлықтың сүті не болады дейсің, екі биенің сүтін емсін, қызыл тарланбас сүтті мама бие еді, соның құлынын өздерің сойып же дағы, соған теліп жібер, – дейді жылқышыға. Құлын сол екі биенің сүтін емгендіктен «Телқоңыр»

атаныпты. Тағы Келдібектің тауға-тасқа салса қайтпайтын бір жарамды жігіті бар екен. Ат-тонын сайлап, кісісін онға толтырып, сол жігітті Қазыбекке қосып беріпті. Жүретін кезде:

– Қанша айтқанмен мынау бала ғой, бақылап жүрерсің, – деп баласын бұл жігітке тапсырыпты.

Тәуке ханның көзі ең алдымен кермеде байлаулы тұрған жеті жасар Телқоңыр атқа түсіпті дейді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап, елеңдеп тұр екен. Содан кейін барып, жанына келін сәлем берген Қазыбектен:

– Сен басшы болғың келе ме, жоқ, қосшы болғың келе ме? – деп сұрапты. Хан сұрағына Қазыбек:

– «Мен ағаларыма атшы болсам да жарар», – депті. – Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын, – деп келдім. Телқоңырға мінін тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім, – дегенде Тәуке қарқ-қарқ күлін:

– Жарайды балам, жарайды, барсаң бар. Атың да жақсы екен, озың де жақсы екенсің! – дейді.

Сонымен хан: – «Жүріңдер, мен сендерді біраз жерге шығарып салып қайтайын», – дейді. Қоштасарда Тәуке хан:

*Ал, азамат жолдарың болсын,
Алдарың олжаға толсын.
Басшыларың Тәйгелтір,
Хандарың қарқаралы хан Бертіс.
Батырларың Малайсары болсын,
Атшыларың Қазыбек болсын.
Үлкендеріңді кішілерің сыйлаңдар,
Коп ортасында Қазыбек сияқты,
Кішілердің де сөзін тыңдаңдар, –*

деп бата беріп, елшілікті жолға аттандырып салыпты.

Тәуке ханның жап-жас жігіт Қазыбекке үміт артуында, елшіліктің басшыларына осыны қайта-қайта тапсыруында үлкен мән бар еді. Оның бірінші себебі – Қазыбектің бірнеше ата бойы тектіліктің

қорындай болып келе жатқан шыққан тегі – ұлы Бабасы Мейрам сопыдан бастап, Бошан, Таз, Бұлбұл, Шаншар, Келдібек. Екінші себебі – Қазыбектің өзінің білімі, жас та болса кореген көсемдігі, сөз тапқыш шешендігі. Бұл – Қазыбектің он жетіден асып, он сегіз жасқа тақап қалған кезі, 1684 жылдың жазының ортасы (түрлі дерекке сай, шілденің 25 шамасы). Сол жылы жас Қазыбекті аруақ қолдап, елі құрметтеп, Тәуке хан назарына іліккен кезі еді.

Тәуке хан елшілікті шығарып салып тұрып төбеінің басында нірілген жұртқа тағы да айтты дейді:

– «Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрындар, қалмақтың ханы Қоңтәжі тасып жүрген хан еді! Қол бастайтын – батыр, жол бастайтын – көсем! Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің дәрменсіздіктеріңнен болады. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз, атылған оқпен бірдей, кері қайтып ала алмайсыңдар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек», – депті.

Сонымен, қазақ елшілігін қалмақ Қоңтәжісі ашулы жүзбен, түсін суытып, айбатпен қарсы алып:

– Иә, қазақ, неге келдіңдер, айтатындарың болса, айтыңдар, – депті.

Бұлардың басшысы Тәйгелтір би асып айтпайтын сыпайы кісі екен, «о» дегеннен шарқылдасып, шаңқылдасып қайтеміз деген кісіше:

*– Өлеңді өзгеге бердік,
Өрлікті төменге бердік.
Алдияр тақсыр,
Алдыңа келдік.
Берсең алдық,
Бермесең қалдық,
Сөзді өзіңе салдық!* –

деп, үш-төрт ауыз тақпақпен айтыпты.

Сонда асып тұрған тәкаппар Қоңтәжі хан Тәйғелтір бидің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып:

– Олай болса, кешке дейін бір жауап қайтарармын, жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да теріс болмас, – депті. Сөйтін, Тәйғелтір үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді бастап беріп еді, оны хан екі ауыз сөзбен үзіп тастады. Қазақ жағынан үзілген сөзді жалғап, ешкім ештеңе дей алмайды. Міне, қазақ-қалмақ таразыға түскендей болды. Қазақ елшілері тығырыққа тірелді. Сонда есік жақта өзінің жігітінің жанында сүйенін отырған Қазыбек, айнала бір қарап, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан атып тұрып, жүрерде Тәуке ханға ағыл-тегіл уәде берген хан Бертіске жетін барып:

*Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық,
Малдан – малдың несі артық,
Бір-ақ асым еті артық,
Жерден – жердің несі артық,
Бір-ақ уыс шөбі артық,
Міндетіне алған сөзден,
Шегінген жігіттен,
Өлген аюдың өті артық, – депті.*

Содан кейін, Қоңтәжіге жетіп келіп, қарсы тұра қалып:
– *Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат тақсыр!* – деді.

Сонда хан:
– *«Өй, өзің жөніңді айтышы, атың кім?»* – депті.
– *Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым Қаракесек,*
– депті.
– *Ал датыңды айтышы!* – депті Қонтайшы.

Сонда бала Қазыбек:
– *«Біз қазақ деген, мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.*

Елімізден құт-береке қаишасын деп,
Жеріміздің шетін жау, баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәмі тұзын ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын, деп тумады,
Анадан қыз туса, күң боламын, деп тумады.
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
Сен қалмақ та, біз қазақ,
Қарпысқалы келгенбіз.
Сен темір де, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз,
Екі еліктің лағын,
Теліткелі келгенбіз.
Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
Қазақ-қалмақ баласы,
Табысқалы келгенбіз.
Танысуға келмесең,
Шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан да, біз арыстан,
Алысқалы келгенбіз.
Жаңа үйреткен жас тұлпар,
Жарысқалы келгенбіз.
Тұтқыр сары желімбіз,
Жабысқалы келгенбіз.
Берсең жондеп бітіміңді айт,
Бермесең дірілдемей жөніңді айт.
Не тұрысатын жеріңді айт! – депті.

Сонда Қоңтәжі не дерін білмей сасып қалыпты.

– Давууст! Давууст! Озің жөн білетін бала екенсің, отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары! – деп жанына шақырыпты.

Қазыбек сонда тұрып:

– «Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлейді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей», – деп жалт бұрылып, орнына барып отырады.

Сол заманда Қазыбектің сөзі ханның басынан асып, хан не дерін білмей қалады.

– Осылардың өздері келгелі әр үйде қонақтап жүр, алыстан келген елші ғой, ашулары бойында тұр екен, қонақ үйге алып барып, бір жерден күтімге алындар, – депті.

Сонда хан нөкерлері:

– «Ал, қазақтар, қонақ үйіне жүріңдер, бір жерден күтім көріңдер, – деп ертіп кетінті.

Қазақ жағы шығып кетеді, қалмақ бірыңғай қалады. Сонда барлық қалмақ жиылып, ханның қасына келін:

– «Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не? – деді. Сонда хан тұрып:

– Сендер білген жоқсындар. Сөзін өңменімнен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып «тыпыр етші көрейін» деп тұрды. Міиеки, мен содан қатты сескендім. Сендерге көрінбегенмен маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, Давууст, Давууст! Сендер олардың малы мен жанын есептеп, алдарына салып беріндер, – дейді.

«Давууст» сөзінің қазақша мағынасы – Керемет кемеңгер! (қалмақша сөздікте: Давууст! Давууст! сөзінің орыс тіліндегі мағынасы – Превосходно! Мудрең! Превосходно! Мудрең! Қара: Русско-калмыцкий словарь. Москва).

Ал, Қазыбек бала бидің он сегіз жасынан «Қаз дауысты» атануы сол Елшілікті бастап барған Тәйғелтір бимен байланысты әңгіме. Ол – былай.

Сонда, мал-жанын түп-түгел қайырып алып, Тәйғелтір би бастаған, Қазыбек жігіт қостаған елшілер көшкен елдей гулеп жүрін

кеткенде, қасында бір топ кісісі бар Қоңтәжі тоналғандай мең-зең болып, төбеінің басында қала беріпті.

Қоңтәжіден қайтқан ел қарашаның аяғы – желтоқсанның басында Созақтан Қаратау жетін, Түркстанға бет алғанда, олардың алдынан шығып Тәуке хан бастаған елі қарсы алыпты. Аруақ қонған Бала би Қазыбекті «Тәңірім, тіл-көзден сақтай ғор», – деп елі аттан көтеріп алыпты. Бұл туралы тарихшы профессор Ж. Артықбаев: – «Ол Қазыбек інісінің мақтауын келістірді. Әсіресе Қоңтәжінің алдына барғанда Қазыбектің мысы басып, қалмақтың аузынан ұйқасты сөз шықпай қалғанын қайта-қайта айтып, Қазыбектің аузынан шыққан, шегелеп айтқан нақылдарын тиянақтап ханға жеткізген де, осы Тәйғелтір шешен болып еді» [2, 32], –деп жазады.

Дегенмен, тарихтың қалауы осылай болған шығар, Тәйғелтір би қалмақтың аузынан шыққан «давууст» сөзінің мағынасын қазақша ұғып, Тәуке ханға, елге «Дауысы қаздың дауысындай қаңқылдап тұрды», деп «Қаз дауысты» қылып айтса керек. Демек, Қоңтәжінің бала Қазыбекке айтқан сөзі: «Керемет», «Керемет кемеңгер» ал, жас Қазыбекті тарих төріне «Қаз дауысты Қазыбек» қылып шығарған өзінің жақын ағасы Айдабол ұлы Тәйғелтір би. Сондай-ақ, қалмаққа барған Елшіліктің нәтижесі туралы Тәуке хан өткізген Хан кеңесінде де осы Тәйғелтір би Бала би Қазыбектің ерен еңбегін толық талдап баяндапты [3]. Сонымен, Қазыбек Бала би он сегіз жасқа толмай Тәйғелтір бидің айтуымен «Қаз дауысты Қазыбек би» болып атанып, қазақ тарихының төрінен лайықты орын алды.

Жас Қазыбектің Тәуке ханға: – «Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім» [3], – деген сөзінен, оның бала кезіндегі кемелденуінің төрт кезеңінің бәрі анық аңғарылып тұр. Кемелденудің төрт сатысынан кейін шын Кемеңгер әрі Көсем болды.

Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп былай жазады:

*Ойдың қозғап, тасының,
Қайта туган, гасырым.*

*Төле би мен Қазыбек би,
Әз Әйтеке би, асылым.
Айналайын, үш биім,
Пана болған, жеріме.
Елдің туын ұстаған,
Ел намысын ұштаған.
Қалың қазақ, пір тұтқан,
Қасиетті үш бабам,
Әз Әйтеке би, асылым [3].*

Көсемдік туралы Мәшһүр Жүсіп тағы былай жазады:

*Қазыбек, әз Әйтекедей көсем өткен,
Әлдибек, Айтбай, Майлы шешен өткен.
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің,
Әз Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен.*

(Даналар өлеңінен)

2-бөлім. Абылай ханның Сабалақ аталуы туралы

1734 жылы арғын Қарауылдың көп малы мен жанын қалмақ жағы тартып алып, қарауылдың батырлары жауға шабуға батылдары жетпей тұрады. Екі жақ тартысып тұрғанда Қазыбек би мен Бөгембай батыр бастаған көп адам келеді. Арасында 21 жасар Әбілмәнсүр де болатын. Қасқайып тұрған қалың қалмақ қолына Қазыбек бимен бірге келген Сенкібай сарбаздары лап қойғанда, ең алдында «Абылай!, Абылай!» – деп ұран салып 21 жасар Әбілмәнсүр болды. Жай уақытта сабырлы, арықша келген, екі ұрты суалыңқы жігіт. Көзі қырағы, өзі алғыр дала баласы Әбілмәнсүр алдында, Сенкібай батыр бастаған көп әскер азғана уақыт ішінде қалың қалмақты қақ жарып өте шығыпты. Алдында мен-менсіп тұрған қалмақ жағы қатты сасып қалыпты. Осыған дейін, бата алмай тұрған қарауылдың батырлары ұялғандарынан ұрысқа араласыпты.

Соғыстың барысын толық қадағалап тұрған қалмақ Қонтайшысы көзсіз батыр, ержірек жігіт Әбілмәнсүрді көріп: Уа, Са-

валах!, Савалах!, – депті. Қалмақтың «савилх» сөзінің қазақша мағынасы – Ерен шапшаң сарбаз (Қар.: қалмақша сөздік бойынша «савилх»-тің орысша мағынасы – Взъершенный боец! Қараңыз: Русско-калмыцкий словарь. Москва).

Осы жеңістен кейін Қарауыл елі Қазыбек бидің ұсынысы бойынша Әбілмансүрді өзіне сұлтан сайлап, бірақ ел қарауылдың ханы Абылай деп атапты. «Абылай 21 жасында хан сайланған», – деген сөздің мәні осы.

Десек те, Әбілмансүрдің алғашқы көзге түскені бұдан бір жыл бұрынғы (1733 ж.) Бұланты соғысы болатын. Сол соғыста Әбілмансүр Шарышпен жекпе-жекке шығып (Үмбетей жырау), аты тарихта қалды:

*Жиырмаға жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда.
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда.
Қанжығаға басты байлап ап,
Абылай-лап шапқанда,
Ұмыттың ба, соны Абылай!*

Осы екі соғыстан кейін елі Әбілмансүрді Абылай атап, оның ерлігі артқан сайын, бұл ат оған лайық болып, таңылып қалды. Азан шақырып қойған аты Әбілмансүр қалып, Коркем Уәлі ұлы Абылай хан аталып, Қазақтың ханы Абылай атанып, қазақ тарихының төрінен орын алды.

Бұқар жыраудың Бөгембайдың қазасын Абылай ханға жеткізуі:

*Қазақтың ханы Абылай!
Ақиықты аспанға,
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай!*

«Уақыт алшақтығына байланысты түпнұсқа тілін түсіну қандай қиын болса, мұрағаттарда жатқан құжаттардың әлібін ажырату да оңай емес. Оған арнайы дайындық, білім керек екендігін басынан кешкен зерттеушілер жақсы біледі» [1, 4], – дейді профессор Зарқын Тайшыбай. Ғалым дұрыс жазады, ғылымда түпнұсқасыз зерттеу – жалған дүние, жас және келер ұрпаққа теріе тәрбие.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы еңбекті жазуда алға қойған мақсатымыз – қазақ елінің ұлы перзенттері Қазыбек би мен Абылай ханның қалмақша қосымша аттарының бүгінгі қазақ тіліндегі мағынасын ашу еді. Қолымызда бар жазба дерекке сүйеніп, интернетті пайдаланып, шамамыз келгенше еңбек еттік. Нәтижесінде, Қоңтәжінің бала Қазыбекке айтқан «давууст» сөзінің қазақша мағынасы – «Керемет», «Керемет кемеңгер» ал, жас Қазыбекті қазақ тарихының төріне «Қаз дауысты Қазыбек» қылып шығарған өзінің жақын ағасы Айдабол ұлы Тәйғелтір би. Сол секілді, Қоңтәжінің көзсіз батыл жігіт Әбілмәнсүрге айтқан «савиліх» сөзінің қазақша мағынасы – Ерен шапшаң сарбаз. Қазір бұл сөз Төле би айтыпты делінін, «Сабалақ» түрінде беріліп жүр. Жалпы, осы бір-ақ еңбектің аясында З. Тайшыбай қойған үлкен тарихи мәселені толық шештік деп айтудан аулақпыз. Мақсатымыздың орындалу нәтижесі туралы, жалпы осы мәселе туралы зиялы қауым өз пікірін әлі де айтады деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Абылай хан. /Құрастырған З.С. Тайшыбай – Перопавл. ЖШС «Астана» баспасы, 2005. – 477 бет.
2. Жамбыл Омари. Бұқар жырау. Он екі тарих /XVIII ғасыр. 1 кітап. Қарағанды, Обл. Мәдениет басқ., 1994, 333 бет.
3. Мәшһүр Жүсіп «Қара жәшік» жазбасы. /Мәнәулы Иманғали қол жазбасы. Жазбаны бүгінгі әрікке аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Баянауыл кенті.

ҚАЗЫБЕК БАБАМЫЗДЫҢ ШАПАНЫ ҚҰТТЫ ОРНЫНА ҚОНДЫ

Бүкіл елді елеңдеткен Қарқаралы-Қу өңірінде айтулы бір шара өтті. Ол ұлы бабамыз қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына өзіндік із қалдырған кемеңгер ойшыл, тарихи тұлға, қабырғалы би Қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың иығына ілген жасыл-көк түсті оқалы шапанының құтты орнына аттануы еді.

Егіндібұлақта ғасырлар бойы ұрпақтарының қолында сақталып келген қастерлі дүние – Қаз дауысты Қазыбек бидей ұлы баба иығына жамылған, зерделі шапанның Астанадағы ел Президентінің Мәдени орталығына салтанатты түрде табыс етілуінің рәсімі болып өтті.

Бабамыздың иығына ілген шапанының бар екендігін бала кезімізден еміс-еміс естуші едік, бірақ тотолитарлық кезең кезінде оның жарыққа шағуы мүмкін емес еді. Оз қолымыз өз ауызымызға жетіп, еліміз егемендік алған жылдардан бастап бұл әңгіме қайта қозғала бастағанды. Яғни, бұл әңгіме осыдан 5-6 жыл бұрын басталған болатын. Ұлы бабамызға тиесілі шапанның бар екенін, оны өз қолдарында сақтап отырғандары туралы бидің тікелей ұрпақтары, Едірей ауылының тұрғыны Алтын Қожехметов ақсақал мен оның балалары ел егемендігі әбден нығайған кезде бір айтып өткенді. Оның жарыққа шығуына алғашқы себепкер болған адам да баба ұрпағының бірі село тұрғыны тарихшы-мұғалім Ақатай (Ахмедия) Сүлейменов. Шапан туралы, оның Алтын ақсақалдың қолына қалай келгені, адам құқығы белден басылған заманда шапан үшін жазықсыз құрбан болғандар жайында, қадірлі дүниенің қасиеті хақында журналистер сол кезде жарыса жазып, республикалық «Хабар» агенттігі бейнетаспаға түсіріп, елден сүйінші сұралды.

Шапан төңірегінде түрлі әңгіме өрбіп, ол алыс-жақынның құлағына жетіп көпшілікті қызықтырды. Соның біразы мұражай өкілдері болды. Былтыр сонау Түркістаннан, Қазыбек бабамыз жерленген қасиетті Қожа Ахмет Яссауидің кесене-мазарынан ғылыми қызметкерлер келіп, шапанды сонда мұражайға апарып қоюға рұқсат сұраған еді.

– 1933 жылы ашаршылық тұсында әуелі анам, 1934 жылы әжем қайтыс болып, жетім қалдым. Әкем Қожахметтің қолында өстім. 1936 жылы осы Едірейден жеті шақырым жердегі Шаңбұлақта қаза болған Жәулет пен Талғат ағаларымды Төлетастағы бейітке ат арбамен апара жатқанда сол мәйіттердің үстіне жапқан жасыл-көк түсті оқалы шапанды көрген едім. Сонда мен небәрі 13 жастағы баламын. Кейіннен білдім ғой, Оның түп бабам Қазыбек бидің шапаны екейін. 1937 жылғы зобалаңда мұндағы 23 үйден 12 адамды алып кетті. Олардың арасында Абайдың шөбересі Тоқташ та бар. Әкемиң інісі Құлахметті де бір түнде әкетін атып тастады. Бар кінәсі: – «жуанның тұқымы» болғандығы. Ауылдағы бір жансыз мұғалім партия жиналысында: – «Мына Құлахмет осы күнге дейін Қазыбек бидің шапаны мен алтын сақинасын сақтап келеді», – деп көрсетті ғой.

Сөйтін, біз бір шаңырақта Құлағымның перзенттеріп қосқанда бес бірдей жетім бала қалдық. Сол бесеуіміз бірде ақылдаса келіп, есік алдынан тереңдігі үш метрдей шұңқыр қаздық. Қазыбек бабамыздың шапанын жақсылап орап, сонда көмдікте үстіпе мая тұрғыздық,

Артынша сойқанның көкесі болды. Жанағы бес бала күздің күні үй алдында асық ойнап жүргенбіз. Құлахмет ағамның үйіндегі жеңгем ойбайлады да қалды. Сөйтсем, үш салт атты келіп тұр. Қолдарында бншік қамшы, арқаларында шолақ мылтық. НКВД-ның адамдары. Ойран-топан. «Шапан қайда?» –деп жан алқымнан алып жатыр. Әбдірелерді ақтарып тастады. Біз: – «Білмейміз, көрген жоқпыз», – деп шырылдап жыладық. Олар: – «Онда жуанның тағы бір тұқымын әкетеміз», – деп, Құлахмет ағамның бір баласын безектетіп сүйрей жөнелді. Кейін оны да атып тастады қанышерлер...

Кейінірек Хрущевтің «жылымағы» келгенде мая астындағы бабамның шапанын қазып алдық. Сыртына оралған ақ дәйегі дымқылданып сарғайып қалыпты. Содан бері өзім әр жерге тықпалап, ешкімнің көзіне көрсетпей сақтап көлген едім, егемендік алғаннан кейін ол үрей сейілді.

Халқымыздың шежіре-тарихын айтқанда тілге еріксіз оралатын сол ата-бабамызға тиесілі асыл заттарға қызығушылық басыл-

маса, қайта күн санап көбейе түссе ол да көпшіліктің назарында жүрген үлкен әңгіме екеіі белгілітін.

Қазыбек бабамнан қалған шапанға ел қызықтап, тәберік ретінде етек-жеңінен қиып алып, ырым көріп әкетін жүрді. Кейінгі жылдары баба шапанына «құда түсушілер» көбейіп кетті. Біреуінде бергенім жоқ. Өткен жылдан бері Астанамыздағы Президент мәдениет орталығының директоры Мырзатай Жолдасбеков қайта-қайта сұрау салғаннан кейін, ағайын туысиен ақылдасыи, жасымда келін қалғандықтан сонда беруге шешім қабылдадық, – дейді Алтын ақсақал.

Міне, көзі қарақты оқырман шаианның қысқаша сақталу тарихы осындай. Биыл осынау тақырыи қайта қозғалыи, оған Президенттік Мәдени Орталығының директоры белгілі ғалым, профессор М.Жолдасбеков себепкер болып, ал шапанның сол Президенттік Мәдени Орталығының төрінен орын алып, жарыққа шығуына дәнекер-тірек болған Ахмадия Ығыбасұлы Сүлейменов туысы Алтын ақсақал мен балалары арасында ой туғызып, пікір қосқанды. Оқыған тарихшы, ауылдың сыйлы ұстазы Ахмадия Ығыбасұлы Сүлейменов туысы Алтын ақсақал мен балаларын көндіріп, аяғы Қу тауының бауырында үлкен тойға ұласты.

Ата-бабасының мұрасын үйінде ұстау, оны өзгемен бөлісу әрине әркімнің өз еркінде. Оның бір себебі, ұлы баба аңсаған Тәуелсіздікке бүгінде қол жетті, ол баянды болғай, еліміз өзге мемлекеттермен терезесін төң ұстайтындай биік дәрежеге жетті, Елордасы Астана Сарыарқаның нақ төсіне орналасты, биыл 10 жылдық мерейтойы аталып өткелі отыр, ақыры аяғында Қазыбек би бүкіл қазаққа ортақ, ол жамылған, арқасын қыстың ызғарынан қорғап, жаздың аптабынан сақтаған, көктем мен күздің суық жаңбырынан ықтасын болған шапан қадірі қасиетімен астаса келіп Елорданың төрінде тұрса одан артық арман бар ма?! Мәдени орталықта қазақтың бірегей ханы Абылайдың қамқа тоны тұр. Абылай мен Қазыбек би бабамыз кезінде замандас болған, қазақ халқының жауымен бірлесе күрескен, сол кезеңде ақылдас болып ой-іікірлері бір жерден шыққан, бірі арқалы батыр екіншісі аузы дуалы би болып тізе қосқан, айналасына үлгі-өнеге таратқан, алты алаштың басын

қосқан адамдары екені белгілі. Ендеше сол шежіренің желісіндей болған қамқа тон мен зерделі шапан бірге тұрса ол да қазақтың рухының асқақтығын білдірмей ме?! Қасиетті бабаларымыздың рухы киелі жерді мекен еткен ел-жұртына қамқор болары сөзсіз.

Қазақта «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген сөз бар. Мәнін ашып, мағынасының астарына үңіле қараған адамға аз ұғым емес. Қазыбек би бабамыз осынау жүйріктер мен тұлпарлардың бапкері, көрінкелі болған жан. Зерделі шапаны зергерлік ғана бұйым емес, теңдесі жоқ текті дүние. Төбесі көкке сәл ғана жетпей тұрған алын мемлекеттің ірғетасын қалап, қабырғасын көтеруші. Ал оның көк күмбезді төбесі таяуда ғана жабылды, сөйтін аталарымыз айтып та аңсап кеткен азаттықтың, оны пір тұтқан көк бөрінің ұрпағының панасына айналды. Оның шуағы бізге де жетсе екен. Осы бір өрілген ой өрнегін біздің айтқанымыз ғана емес шапан табыс ету рісімінде сөз алған оның күні кешегіге дейінгі несі, жасы 90-ға таяған Алтын ақсақалдың отбасынан бір елдің қамқорлығы мен көз қарақтысына айналуына себеп болған ұстаз А.Сүлейменовтің, мыңдаған өлке тұрғындарының аманаты деп қабылдандыздар.

Баба шапанын қабылдап алуға келген делегацияны еліміздің белгілі қайраткері, Республика Президенті мәдениет орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков бастап келді. Сондай-ақ, жазушысы, сенатор Әбіш Кекілбаев, қоғам қайраткері, меценат Аманғелді Ермеғияев, сенатор Қуаныш Сұлтанов, ақын Жүрсін Ерман, айтыскер Аманжол Әлтаев, ғалым Рымғали Нұрғалиев, жазушы Қойшығара Салғара, республикалық конституциялық Кеңестің мүшесі Қабылсаят Әбішев, Мәжіліс депутаттары Сағымбек Тұрсынов пен Ержан Исақұлов, ғалым Ақселеу Сейдімбек, «Нұр-Астана» мешітінің бас имамы Қалижан Заңқоев, Қарағанды мешітінің бас имамы Наурызбай қажы, облыс әкімінің бірінші орынбасары Берік Кәмалиев, облыс әкімінің орынбасары Асқар Базарбаев, облыстық Мәслихаттың хатшысы Бейсембай Жұмабеков, журналист Әбдірәлі Белебай, белгілі азаматтар Р.Омарбекова, Р.Жұмашев, Е.Аймағанбетов, Д.Қарасартов, Т.Шахарбаев, Т.Мажитов, М.Сембай, Б.Дүйсетаев, В.Рыжков, тағы басқа азаматтар Қарқаралыға ат басын тіреді.

Қонақтар қаламен танысып, Құнанбай қажы мешітіне тәу еткеннен кейін Егіндібұлаққа жол тартты. Республика Президенті мәдениет орталығының директоры Мырзатай Жолдасбеков өз сөзінде: – Мұражайда Абылайханның қамқа тоны бар, тек ол жалғыз тұр, күні кешеге дейін оның жанында кезінде үш жүздің басын қосқан билердің бірі Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың шапаны ілінсе деп армандап едік бүгін міне ол арман да орындалды. Алтын аға, халайық, бұл шапанды сіздер қалай сақтап қастерлесеніздер біз ол құрметті асырмасақ түсірмейміз, оған осы сәтті төбемізден үнсіз бақылап тұрған ұлы баба рухы куә боларына үлкен сөйім артып, нық уәде береміз, – дей келе шапан иесі Алтын Қожахметов ақсақалға мәдени орталықтың алғыс хатын және арнайы құжатын табыс етіп, иығына шапан жапты. Осындай алғыс хат рәсімнің ұйытқысы қазыбектанушы Ақатай Сүлейменовке де құрметпен тапсырылды.

Келесі кезекте сөз алған ұлттық өнеріміздің жаншыры әрі қамқоршысы, меценат Аманкелді Ермағияев ағамыз жүрекжарды тілегінен кейін ата дәстүр бойынша деп Алтын ақсақалға ат (ГАЗ-3110) мінгізін, құрмет көрсетті.

Белгілі қоғам қайраткері, сенатор Ә. Кекілбаев: – Осынау қасиетті дүниеге қол жеткізген сәтімізде алған әсерден жүрегіміз түгілі сүйегіміз балқуға таяу тұр. Елдерің жерлеріне, жерлерің елдеріңе лайық екен. Бүкіл қазақты жинаса жатырқамай бауырына тартатын далаларыңыз, хан көтеретін еңсесі биіктер тауларыңыз, елімізде әрісі әлем жұртшылығының аузында есімі түспей жүрген ұл-қыздарыңыз бар екен. Бұл қалыпқа аты аталып жатқан ұлы бабалардың рухы әрдайым разы болады екен деді.

Қасиетті бабамызға деген осы құрметтің ұйымдастырушысы қазыбектанушы-өлкетанушы Ахмадия Сүлейменов болды.

Қазыбек би – ерен салмақты мінезімен, ақыл-парасатымен, салиқалы шешендік сөзімен, тапқырлығымен танылған ұшқыр ойлы кемеңгер. Ел басына күн туған қиын шақта тайынбай дауға түскен, тайсалмай жауға аттанған, әділдікті, шындықты жақтаған абзал азамат. Елінің бостандығы үшін аянбай күрескен осындай би, батыр, дипломат, асқан ақыл иесіне ескерткіш ашылуы біз үшін

зор қуаныш. Баба ескерткішін салтанатты ашу барысында: «Осындай ұлы адамның құрметіне неге құран бағыштап, ас бермеске, немесе осы ұлағатты жұмысты ұйымдастырып жүрген бауырым Ақатай туралы неге жазбасқа?» – деген ой келді.

*– «Арқасында әкемнің,
Отырған жоқ бұл қазақ,
Ешкімнің кейін тобынан».*

Рәсім соңында Астанадан арнайы келген, Ел Ордасындағы «Нұр-Астана» мешітінің бас имамы Қалижан Заңқоев Қазыбек би бабамыздың аруағына арнап дұға бағыштады.

*Бисмиллаһи ир-рахмани ир-рахим!
Зер салсын, осы сөзге, менің халқым.
Алтын ата, тығып тастап, шапан жоқ деп,
Котерген енді қазір, бабам даңқын.*

*Мырзатай, бүгін бабам, шапан алған,
Шартарапқа үлгі боп, даңқың қалған.
Шапаныңыз енді Елорда, Астанада,
Мен де бір перзентіңіз, іздеп барған.*

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпағы қолында сақталып келген кастерлі дүние – Қаз дауысты Қазыбек бабаның иығына жамылған зерделі шапаны Астанадағы Президенттік Мәдени орталығына салтанатты түрде табыс етілуінің рәсімі Қарқаралы аулынының Егіндібұлақ кентінде үлкен той болып өтті.

11-бөлім. ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ҰРПАҒЫ

Өзіне дейінгі және өз дәуіріндегі болып өткен ірілі-ұсақты оқиғалар, оған қатысты тарихи адамдар Мәшһүр жазбаларында кездеседі. Қазақтың арғы тегі, үш жүзге бөлінуі, елдің мекендеген жер атауы жинаушы назарынан тыс қалмаған. Қазақ хандығының пайда болуы, хандар шежіресі, Абылай хан дәуіріндегі болған тарихи жайларға қатысты мол мұра жинады. Өсындай шежіреі ұлттың ұлы перзенті Шәкәрім Құдайбердіұлы да жазды.

Қазақ халқының қастерлейтін қазынасының бірі – шежіре. Басқада халықтар секілді рухани жылнамаларымыз бір кезеңде ауызша айтылып, ұлтымыз жеті атасын білуді қағида тұтқаны мәлім. Ата дәстүрдің бұндай бұлжымас заңдылығына селкелу түсіп, селсоқ қаралған тұстардың болғанын білеміз. Бұны күні бұрын болжап, қағаз бетіне түсіруге әрекет жасау қамы Мәшһүр Жүсікке дейін де болды. Алайда, туған халқының тайға таңба басқандай тарихы шежіреде екендігін ескеріп, қазақ халқының ру шежірелерін ерінбей жазып қалдырған Мәшһүр екендігін зиялы қауым мойындаған. Мәшһүр Жүсін пен Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасындағы шежіреде тайпалар шежіресі, рулар шежіресі, жеке адамдар шежіресі, хандар шежіресі жинақталған.

1. Қазақ шежіресіне сай, Қазыбектен бес ұл туған.

Қазыбектен → || Қазымбет, Базарғелді, Барқы, Сырымбет, Бекболат ||.

Ел берекесі, ырысы мен ынтымағы қашанда билерінің қолында болған. Аузын айға білегін жаудың өзіне қарсы тұру үшін де етек жеңін жинақы, бес қаруың сенімді, бала шағаң күтімді болуы шарт. Азамат ат үстінде жүрген 50-ші жылдары ел тыныштығын, сән салтанатын ұстаған, азулыларын тұзақтап, әлсізін сүйеп, хандарына ақыл-кеңес беріп отырған Қаз дауысты Қазыбек сияқты данағөй ақсақалдар еді. Қазыбектің екі әйелінен бес ұл, бір қыз туады:

Қазымбет, Базаркелді, Барқы, Сырымбет, Бекболат, Маңқан.

Қаз дауысты Қазыбек қартайып отырғанда Сүйіндік Едіге би, Сырым Малайсары батыр тағы басқа халықтың игі жақсылары жиналып Қазыбекке:

– Сіз қартайдыңыз, орныңызды кімге бересіз? – дейді.

Сонда Қазыбектің айтқан сөзі:

– Менің балам бесеу еді. Бекболатты бірге есептеуші едім, есептейтінім бойындағы қасиеті сол, қара бурасы бар еді. Шөккен жерде тұра алмаушы еді. Бір сөзді екі қайтара айтпас деп сенемін. Сырымбетті жартыға есептейтінім: қолға қалмас батыр болар деймін. Енді ел ұстауға Орта жүздің баласы ел шауып батыр болмай-ақ, елге ие болар деген үмітім бар. Сіздер баталарыңызды осыған беріңіздер», – дейді.

Сонда Едіге би бастатып, Бекболаттың қолын көтертіп, батасын беріп, жүрпін кетеді. Мұның тұсында Орта жүздің баласы, бұрынғы Сыр бойы Жиделі-Байсын деген жерден Сарыарқаға келіп орналасыпты. Ханы Абылай, бні Бекболат болыпты. Абылай ел шауып, батырлық корсете беріпті, Бекболат ел билеп халықты орналастыра беріпті, Қазыбек бұл кезде Бекболат пен Абылайға батасын беріп отыра беріпті.

Бір кеңесте Абылай: – «Мен алмаған жер жоқ – қырғызды Алатаудан асырдым, қалмақты Ертістен асырдым. Мен алмаған жалғыз-ақ Сарыбел қалды» деп.

Басқалары сұрапты:

– Сіз аспаған Сарыбел не? – деп сұрапты.

Сонда Абылай:

– «Басқаның бәрінен ассам да, Бекболаттан аса алмадым. Мен аса алмаған Сарыбел осы Бекболат», – деп жауап беріпті.

Абылай мен Бекболат арасындағы керісу 1760-шы жылдары басталды. Оған себеп болған бірнеше жағдай бар сияқты. Біріншіден көшпелілердің арасындағы хан бплігі қашанда ру басы, орда басы билердің қолдауына ие болса ғана билік болады. Қолдауынан айрылған уақытта «мен салар да, сен салар» болып мемлекет ыдырап кетеді. Осы себептен көшпелілер мемлекетін басқарам деген адам ірі-ірі, белді деген рулардың билерімен, батырлармен келісімге келіп, олжа бөліп, қыз алысып, қыз берісіп құдандал болады. Әйтеуір, бейбіт қарым-қатынастан айырылмауға тырысады. Бейбіт заманда рулардың басын бір орталыққа, хан қарамағына жинау қиын, ал жауғершілік заманда басын қосу

жеңілірек. Қалмақ-қытаймен, өзбек-қырғызбен соғысып жүрген кезде Абылайды Орта жүз түгілі, қазақтың үш жүзі де толық мойындаған, айтқанынан шықпаған екен.

Қазақ жаудың бетін қайырды, көптен күткен бейбіт заман да орнады. Абылайды төбесіне хан көтерін, атын ұран қылып жүрген елі осы уақытта сыр бере бастады. Оның бірталай себептерін біз 1762 жылғы күзде Омбыға барған Сырымбет пен Отарбай бастаған елшіліктің деректерінен де кездестіреміз.

Қаракесек елшілері Абылай хан қарақалпақпен соғысуға әскер сұрады, оны бермедік дейді. Қытайдан елшілік келін еді, оны Абылайға жібермедік дейді. Ел мен елдің не арасын ашатын, не басын қосатын мәмлелерлері. Бұл шаруаның өзіне тән құпиясы мен қисыны аз емес. Қаз дауысты Қазыбектен тәлім алған, жолын ұстаған Сырымбет Ресейге бар шынын жайып айтпауы да мүмкін, дегенмен әңгімеің сыңайынан ел арасында бір жарықшақ бар екенін сезгендейсің.

1764 жылы Орта жүздің кемеңгер биі, қазақ баласы қасиетті пірі санаған Қаз дауысты Қазыбек қайтыс болды. Бұл кезде оның бел баласы Бекболаттың 50-ден асқан шағы. «Сарыбел оқиғасы» болғанда Бекболаттың жасы 65-те. Бекболаттың қыстауы Жаман Далбада – осы күні Батырдың Бейсеі қыстап отырған жер екен. Едігеің қыстауы Жақсы Далбада Теректі бұлақта болған.

1780-ші жылдарға дейін Орта жүздің ұсақ дау-жаңжалға қарамастан ынтымағы кетпегенге ұқсайды. Бұл ұзақ жылдарға созылған жауғершіліктен кейінгі жаймашуақ заман еді. Қазақтың шаруасы ойып, малы өсіп, саясаты күшті болып тұрған уақыт. Ойда Орыс, Қырда Қоқан қазақпен санасып тұрады екен.

Және бір ақынның Абылай хан хақында айтқан бір ауыз өлеңі:

Абылайдың әкесі Әбілпейіз,

Хан баласы төсенбес ескі кигіз.

Аузы түкті орыстан алым алған,

Абылайға шығып па екі мүйіз.

Абылай хан қалмақтан, қырғыздан, сарттан ақ үйлі алып, дәуірі жүрін тұрған уақытысы болған екен».

Бейбітшілікті бұзған осы «Сарыбел оқиғасы» 1779 жылдары болса керек. Абылай хан мен Бекболат арасындағы келіспеудің тамыры әріде. Үш жүздің баласына талабы жетіп тұрған хан өз билігінің қалтқысыз қабылдануын Орда билерінен талап етуі заңды. Бірақ, заман өзгерді де аян. Баяғыдай жауғершілік, ірғеден төнген жау жоқ, ел мимырт тіршілік кешіп жатыр. Оның үстіне Кіші жүз бен Ұлы жүз ішінде Орда бні атағы келмеске кеткен уақыт, хан билігі де татымсыз. Береке-бірілікті ұстап тұрған тек Орта жүз – не өзінің хан билігін, не Орда билігін жоғалтпады.

Әуелде Бекболаттың інісі мөр таңдайлы Балапан бір ұлы жорықтан қайтып келе жатып Есіл бойында жатқан Абылайдың жылқысынан бірер үйір айдап келді. Жылқы болғанда қандай ханның асылдың сынығындай қылып баққан арғымақ-шұбар тұқымы.

«Жүйрік арғымақ алуға қазақ ештеңесін де аямайды. Жақсылық-жамандық жолмен де, бар аяласын салады. Абылай хан күнінде Алатаудағы қырғыздарды өзіне қаратқанда он үйден бір жақсы тұқымнан не арғымақ айғыр, не арғымақ бие берсін деп бұйырыпты. Абылайдың бұйрығын олар қалпына келтіреді.

Сол жиналған арғымақтарды хан өзге жылқыдан бөлек бағуға бұйырған. Қырдағы жақсы арғымақтың басы сонан шыққан, қазақтардың айтуы бойынша, 1840 жылы Кенесары орыспен соғысқанда көп батырларының астында арғымақ болған хәм жоқтарына керек болды» деп баяндайды қазақ аңызы.

Бұлоқиғашежіреде «Қаракесек Бекболат бидің інісі Абылайдың қысырақтарын айдап әкетеді. Хан бидің інісін ұстап алап, байлап қояды. Бекболат інісін босатып алды», – деп суреттеледі.

Ханның алдында кешірім сұрап, осы дауды шешу үшін Бекболат өз баласы Тіленшіні ханға жіберіп «не мені алсын, не сұраған жігітті алсын» деп сәлем айтады. Абылай хан:

Бұл, Бекболат мені қазақтың бір баласы құрлы көрмеді ғой, десе Тіленші:

– Түйенің өзі түйе, құмалағы түйе бола ма, – деп қарсы сөз айтқан екен, – дейді.

Ханның Тіленшііі жібермей қоюы, оған Бекболаттың баруы, Абылайдың Бекболатқа өкпесі мұның бәрі «Сарыбел» оқиғасына дейін болса керек. Осы оқиғаға байланысты Үмбетей жырау айтыпты деген ел арасында бір толғау бар:

*Мен пайғамбардан бастасам,
Әңгімеге кетермін.
Едігеден бастасам,
Ертегіге кетермін.
Келтесінен қайтарсам,
Соз түбіне жетермін.
Енді сізге не дермін
Бай болмаған бай болса
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса,
Айтылмаған соз қалмас.
Хан болмаған хан болса,
Тонамаған ел қоймас.
Баласын мақтар бас жаман,
Қатынын мақтар қас жаман.
Алыстағы дұшпаннан,
Аңдып жүрген жау жаман.
Бір бие бітпей бие болмас,
Бір түйе бітпей түйе болмас.
Өз малын кізнеген,
Кісі малын іздеген,
Түбінде оз малына ие болмас.*

Осы бітім сөзден кейін Абылай хан мен Бекболат жарасыпты дейді шежіре.

Екінші оқиға Абылайдың артындағы ұрпақтарының бірінен тақ мұрагерін сайлау кезінде туындаса керек:

«Абылайдың баласы Қасым хан деген хан болыпты. Абылайдың қонысы Қызылжар деген жер екен. Абылайдың Қасымнан бұрын екі баласы өліп әбден зәрезап болған әйел Қасымның кіндігін

ырымдап орысқа, Абылайдың досы Павелға кестіреді. Қазақ дәстүріне қанық Павел кіндік кесер сұрайды. «Қалағаныңызды ал» деген әйелден өгіз терісіндей жер сұрайды.

Сонда Абылайдың әйелі «ал» дейді. Сонда Абылай:

Енді бұл жер біздікі емес, енді бізді бездіреді ғой, деген екен. Кейін бұл жер Қызылжар емес Петропавл болып аталыпты».

Ресейдің жазба деректеріне қарасақ, Петропавл бекінісі әуелі қасиетті Елена бекінісі деп аталып, құрылысы 1751 жылмен сәйкес басталады. Қасым сұлтанның туған жылы осы құрылыстың басталуына келеді.

«Абылайдың жазғы қонысы – Қылшақты өзеінің бойы. Абылай енді бұл жерден кетін Көкшетауға қоныстаныпты, – дейді шежіре. Кейін Абылай Қасымды хан сайламақшы болып Бекболатқа хабар жіберінті. Сонда Бекболат «Кіндігін орыс кескен иттен не шығады дейсің, бұл ұл туғанда Абылай жерінен айырылып Көкшетау кетті, меің өз хандығым өзіме жетеді» депті. Сонда Едігеге хабар жібергенде Едіге «Бекболат не деді» депті. Сонда шақырушы «Бекболат Қасымды хан сайлауға құмар емес» депті. Едіге де «мен де құмар емесің жүре бер» депті.

Бұл дерек Абылай ханның заманында Бес мейрам аталатын Арғынның басты бөлігін билеген екі бидің, Едіге мен Бекболаттың, хан билігінің сол қалпында сақталуына қарсы екеінен хабар береді. Бірі қаракесекті, бірі төртуылды меңгерін отырған Орта жүздің аса ірі ықпалды екі биі хан билігінің Абылай балаларының ішіндегі ең намысқойы және бітімсізі Қасымға өтпеуін қадағалаған және оған қарсы шыққан. Абылай мен Бекболат арасындағы дүрдараздықтың бір себебі осы.

Үшінші себебі ел арасында сан саққа жүгіртіліп айтады. Біздің салыстыра отырып шежіре арасынан ең сеімді деп тапқанымыз:

«Кейінде Қасым ханның елге орнатқан тәртібі: Ақбоз атқа мінеді екен, айыр қалпақ киеді екен, жолдастарының бәрі бірыңғай боздан мінін, ақ киім киін бір байдың аулына келеді. Байдың ауылына сауын айтып «Бізге үй тіксін, қыз-келіншектің әдемісін дайындап қойсын» деп келе жатыпты. Бір мезгілде қара керей Қабанбай ауылына келмекші болыпты. Сол ауылға да шапқыншы

жіберген, үй тігіп, қыз-келіншек дайындасын дейді. Бұл ауылда Қазыбектің қызы Маңқан бар екен. Қазыбектің інісі Бөдене батырдың қызы Нәуетек бар екен. Бұлардың әйел болып орта жасқа келін калған шамасында бұл екеуінен туған ер жеткен екі қызы болуы керек. Мұның бет алып келе жатқаны осы болса керек. Сол кезде Қазыбектің екінші баласы Қазымбеттің Құлтеке деген батыр ұлы болыпты. Сол Құлтеке сол ауылдағы апа-қарындастарымен амандасып жатыр екен. Апа-қарындастары жаңағы Қасым ханның беталысын арыз қылып айтып, сауға сұрап қор, бұл сенің екі жиенің ғой, атаңның аруағы бар ғой, бұл екеуі ондай тәртіпсіздікті көрген жоқ» дейді. Сонда Құлтеке атына мінін Қасым ханның алдынан шығады да, көлденең тұра қалып, «сауға» дейді. Бұлар Құлтекеге жауап бермей жүре береді. Құлтеке үш рет қайталайды, үш жолы да сұлтан тоқтамайды. Соған ызаланған Құлтеке:

– Бекболатпен араздығыңды осы арада өтеуші ме едің, – деп Қасым ханның басынан қамшымен тартып жібереді.

– «Мен қарадан хан болып туған Қазыбектің немересімін, ал істейтініңді істеші», – депті.

Қасым сұлтанның айыр қалпағы жерге ұшып түсіпті, ол қалпақты алуға жарамады. Ауылға жібермейтініне көзі жеткен соң, ат басын кері бұрады. Еліне барған соң Абылайға:

– «Өзімді басқа ұрып ауылға жуытпады Қазымбеттің баласы, жерге түскен қалпағымды алуға арланып, сол жерде тастап кеттім», – дейді.

Сонда Абылай:

– «Қап, бәлем! Кісім түгілі атымды ешкім ұрып көрмеген еді», – деп тісін тістеніпті.

Ол кезде Семей қаласы, яғни басқа қалалар Ертіс бойына орналасқан жоқ екен. Бұл ел Қараөткелге қала шығады екен, сол Көкшетауды басып Қараөткелге бара жатқан қалашыны ұстап алыпты. Бекболаттың, Қазыбектің тұқымынан кімдер бар деп сұрап Бекболаттың баласы Тіленшіні алып барып суық үйге отырғызып қойып, екі күннен кейін барып тамақ әкелін беріпті. Тамақ берсе Тіленші ішпепті:

– «Мен тамақ ішпеймін, осылай жатып өлемін», – деп әкелген тамақты төгіп тастапты, «әрі әкет деп» безерленіп отырып алыпты.

Сонда Абылай:

– «Бұл қаракесек тұқымы осылай жатып өліп қалар, босатып жіберіндер», – дейді.

Шәкәрім қажы Абылай хан мен Бекболат би арасындағы араздықтың себеп-салдарын, барысын сәл өзгеше сипаттайды:

– «Қазымбет баласы Жанайды ұстап алып Тіленшіні қоя береді. Сөйтіп Жанайды бір күн ашықтырып тамақ берсе ішіп қойыпты.

Сонда Абылай:

– «Бұл асырауға келеді екен», – деп ұстап отырады.

Жанайдың тұтқында екеніп естіп Бекболат:

– Сенің күліңді кокке ұшырайын, қазаныңды төртке бөлмесем Бекболат атым құрысын, әкем Қазымбектің әруағы өзімді ұрсын», – депті.

Мұны Абылай естиді.

Мәшһүр Жүсіп:

– «Абылай аспас Арқаның Сарыбелі» аталатын, XVIII ғ-дың 70-80-ші жылдары қазақ баласын үлкен алаңға салған оқиғаны толық баяндайды. Сонда қаракесектен алып қалған кісісі Қаз дауысты Қазымбектің немересі Қазымбеттің баласы Жанай екен. Төртуылдан алып қалған кісісі Ботақан екен.

Абылай хан екеуін тірідей көрге салдырып, үйіне келді. Ханым айтты:

– Төре, көп кешігіп қалдыңыз, қайдан келдіңіз? – дейді.

– Ботақанды тірідей көрге салдырып келдім, – дейді. Ханым айтты:

– Бұл Орта жүзден бізге дәм бұйырмаған екен. Шығарыңыз көрден Ботақанды, – дейді. Абылай бір кісіні жібереді, – Көрден шықсын, – деп. Бұл кісі барып Ботақанға айтып еді, Ботақан:

Шықпаймын, – деді. Жіберген кісісі Абылайға қайтып келді. Ботақанның шықпаймын дегенін айтып келді.

Абылайдың өзі келді, нінінен тартып, еді шық деді.

Сонда Ботақан:

– Олғенде жататұғын көріме тірімде жаттым. Осы менің өлгенім, енді тірі болып жұрт көзіне көрінгеннен, өлгенім артық, – деп, ыза бойына сыймай, долданып, жүрегіннің басы тарс етіп жарылып, өліп кетті, – дейді.

Бұл хабарды естіген соң Орта жүз намыстанды. Сол кезде Қазыбек өлген екен де, Қазыбек баласы Бекболаттың алпыс бестегі күні екен.

Бекболат пен Едіге атқа мініп, Бес Мейрамды жиды дейді. Абылайды шабамыз деп үш мың кісі жиылып, жүруге бет түзіпті. Ішінде алтай Жанатәлі батыр бар, айдабол Олжабай батыр бар. Тағы сондай атақты батырлар деген соң керей, уақ үркін ішке түсіп кеткен екен...» түтігіп келе жатқанын естіп Абылай көшін кетеді. Төртуыл мен қаракесек келін қараса жұрт жаңа ғана көшкен екен. Жұртта он шақты сиыр мен бір мыс қазан қалыпты. Жігіттер қуып жетін қырайық депті. Сонда Бекболат ат үстінен асулы қазанға найзасын шаншып тұрып сөйлейді: «ол дұрыс болмайды, осы араға қонайық, мынау сиырын сояйық, аттарды тынықтырып, ауқаттанып алайық» дейді. Бекболат пен Едіге хан хандығын істеген екен. Қазанды төртке бөліп күлін шашамын дегенді естіген ғой. Күлімді көкке ұшырсын деп жұртын тастап кетті, қазанын төртке бөлсін деп қазанын тастап кетті. Халық ашықпасын деп сыйырын тастап кетті. Енді қандаспай-ақ бітіреміз депті.

Қош, Бекболат пен Едіге Абылай ханға елшілікке орманшы ақсары Шотананы жіберді. Саған сөзді үйретейік пе, өзін сөйлеймісің, дегенде Шотана батыр айтты:

– Екеуің көп болса отыз ауыз сөз үйретерсің. Ол таусылған соң не қылмақшымын. Аузымнан не шыққанын айтып келген соң, өздерің естірсіндер деп жүре беріпті. Шотана батыр Абылай ханға барып аман-есен айтып, Бекболат пен Едігенің алдына келді.

Не дедің, – дегенде айтқаны:

– Бекболат пен Едіге жіберді. Мейрам болып атқа мінді. Үш мың кісі қол келді. Бұрынғы әулие ата-бабамыз айтқан екен: дүние бұзылса Бұқарға сияды, Бұқар бұзылса дүниеге сыймайды деп. Бұқарға сыймай жалаң аяқ, жалаң бұт келген сарт Сарыарқаға сыйамын деп жүр ме, Ботақанның құнын берсін, Жанайды байлаудан босатсын. Мың кісінің жолына жетім бас татқан тоғыздан берсін, мың кісінің жолына түйе босатқан тоғыздан берсін, мың кісінің жо-

лына мың ат-шапан берсін. Айыпты хан боламын десе, тұрысатын жерін айтсын, ұрысатын ерін айтсын. Айыпсыз хан боламын десе хан жар емес пе, қараша деген лақ емес пе? Лақтың ойнағанына жар шыдай алмай, құласа неге пана болмақшы, дедім, – дегенде Бекболат сүйсінгеннен:

Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтерін тапқан қатыннан айналайын, – депті.

Абылай не деді, не дейді, – дегенде:

– Ертең Жолдыөзектің бойына келсін. Екеуіміз екі жағына түйісейік дейді, – депті.

Шежіре сөйлейді: Сонда сөйлесуге Бекболат өзі шыққан екен. Бекболат бара жатқанда Абылай өзі оңаша шыға берінті. Сонда Бекболат атының артын ханға қаратып қойып, теріс қарап тұрып былай депті:

– Мен Орал таудың ор түлкісі айнала қусаң пт жетпес,
Сен бір Алатаудың ақ иығы тепкілеп келсе тек кетпес,
Келгенмен тепкілеп беруді біреу мерт етпес,
Әуелі баланы жіберіңіз, Сонан соң сөйлесерміз,
– деп жүрін кетінті.

Абылай ауылына қайтып келіп баланы қайтарып жіберейін десе, бала кісенін алдырмай «кім кісендеді сол алсын» деп ешкімді жолатпапты. Бұл кісенді Қасым сұлтан салдырған екен. Қасым сұлтанды еңкейтіп, аяғына жығу үшін баланың әдейі істегені сол екен. Содан соң Бекболат пен Абылай бітімге келіпті.

Абылайдың айтқаны «мен хан болғалы қазақ-қалмақ баласы бала түгілі, атымды басқа ешкім ұрып көрген жоқ, Құлтекенің кісімді ұрғанына не дейсің, бплігін өзің айт» дейді.

Сонда Бекболаттың айтқаны:

– Жеті атамнан бері қарай кісі түгілі жылқыма ешкім сауға бермей кеткен жоқ. Қасым сұлтанның о жарлығымен Құлтекенің о жарлығы бірдей келді: Сіздің жасыңыздың үлкендігі үшін Құлтеке аяғыңызға жығылып келіп қайтсын, – дейді.

Сонда Абылай:

– Жарайды, солай болсын, тек басына құрым кигіз кніп келсіп, – дейді.

Бекболат сонда:

– «Бекболаттың келіп кеткені де жарар, біздің тұқымға құрым кніз жазбаған нәрсе», – деп жүріп кетіпті.

Сонымен Абылай ауылына қайтып барыпты. Бірер жыл Сарыарқаны дүрбелеңге салған «Сарыбел» оқиғасы осылайша бейбіт аяқталған екен. Бірақ бұдан әрі қазақтың өзара ынтымағы, халқының бірлігі бұрынғыдай болмасы да аян. Абылай заманымен бірге тылсым тарих құшағына қазақ көшпелілерінің тәуелсіз, дара мемлекеті де сіңіп кетті. «Сарыбел» әңгімесі де осы жағдайды баян қылады. «Бекболат үнемі шабыншылықта жүреді екен, – дейді қаракесек ішінде сақталған шежірелер. Солай жүргенде әйелі босанып, ұл тауып, абысындары – көрші әйелдер сүйінші сұрап, қой терісіне орап, атын өзің қой деп Бекболатқа әкеліпті. Сонда аты Тіленші болсыншы, алла-тағаладан тілегенім осы ғой» депті.

Бекболаттың қартайған шағында Қабанбайдың ағайыны Жәнібек би, Едігенің баласы Шоң би, тағы басқа ел жақсылары басын қосып Бекболаттың үйіне келеді.

Келіп Бекболатқа:

– Сіз қартайдыңыз, енді орныңызды кімге бересіз, – депті. Еиді ел билейтін таяғыңызды кімге ұсынасыз, – депті.

Бекболат түсі суық, қалың қабақты кісі екен. Біраз ойланып отырып қалады. Тіленші тоқалдан туған бала екен. Онымен қатар туған қыз шымылдықтың ішінде отырады екен. Қыз түрекеліп шымылдықты қайырып тастап:

– Ағалар, тыңдасаңыздар менің бір сөзім бар, – депті. Арғынды әкем билейді, әкемді шешем билейді. Әкем шешемнен қорықпаса, Тіленшіні ұсынбайтын несі бар, Тіленшіжанға ақсақалдар батасын бермейтін несі бар» дейді. Бекболаттың тоқалы қалмақ қызы екен.

Сонда бәйбішесі:

– Менің қарағым дұрыс айтады. Бекболаттың бойында қара бурасы бар еді. Шөккен жерінен тұра алмаушы еді. Тіленшінің бойында ақ тайлағы бар еді. Бір тұрып, бір жата беретін, елін бір жиып, бір бұзып отыратын шығар, бір қасиеті сол еді, – дейді.

Бекболат сонда: – Бәйбішем мен менің сөзім бір жерден шықты, сол шіркін бірдемеге жарайды ма деймін, атасының қойнында бір түнеп шығып еді, – дейді .

Бекболаттан бастапқыда төрт ұл туған екен. Бұлардың бет-ауыздары Бекболатқа ұқсамай «Мен тұқымсыз кетемін ғой» дейтін. Бабаң бұрын қалмақ ханына бара жатқанда бір қыз «егер сапарыңыз сәтті болса, мені есіңізге ала жүріңіз» деген екен, қайтарында өзімен ала келін Бекболатқа қосады.

Тіленшінің шешесі қалмақтың белгілі тайшысы Эринңиннің (Еренші) қызы Кичиғ (Кішік). Әкесін қытайлар 1756 жылы тұтқындаған. Әмірсана алғаш қазақтарға келгенде Эринңин соның жанында болды, кейінен жауласты. «А Эринңин, қоғда бежал от казахов, то ранил болылое количество их», – дейді қытай дерегі.

*Қазақ арасында мынандай сөз бар:
Сіз Бекболатұлы Тіленші,
Сіз аларыңа келгенде,
Ана тегің болмаса,
Ел бұзушы Еренші.
Ататегің жақсы еді-ау...*

Сол қызды Бекболатқа табыстайды. Сол қыздан туған ұл Тіленші – өте сыпайы, елге жайлы адам болыпты. Ес жия бастаған ұлын Бекболат әйеліне айтып «мына ұлды әкеме апарып таста, тәрбиесін берсін, бермесе әрі әкетсін» депті. Сонда әйелі ұлын Қазыбекке әкеліпті. Ол баланы қасына алып түнетінті. Ертеңінде Бекболатғы шақырып алып: «Мына балаға жақсы тәрбиенді бер, түбі бұдан бірдеме шығады», – деп өзіне қайтарып береді.

Сөйтін жаңағы Орта жүздің ең беделді, ақылман ақсақалдары Тіленшіге бата берейік деп іздеп келеді. Сонда іздеген Тіленші балалармен асыр салып, су жағасында жылқы ішінде жүр екен. Ақсақалдар осының ішінде Тіленші бар ма? дейді. Сонда Тіленші «менмін» деп ортаға шығады.

Оған: – «Сені біз елге ие болады деп, бата беруге іздеп жүрсек, сенің шаң-топырақта аунап жүргенің қалай?» – дейді.

Тіленші тұрып:

– «Баталарыңызды берсеніздер де, бермесеніздерде де бұл ойнап жатқанымның мәнісі бар. Әкем Бекболат түсі суық адам еді. Хан-қара, кедей-момын арызын алдына келін айта алмай кері

қайтушы еді. Күндердің күнінде қолға бірдеме тие қалса, өзіміз кешегі күні ойнап жүрген Тіленші ғой деп қорықпай, үстіме кіріп, арыз айтуға бойымды үйреткеннен басқа жазығым жоқ», – депті.

Сонда ақсақалдар:

– Жарайды, сенің айтқаның да дұрыс екен, қолыңды көтерші, – денті. Тіленші қолын көтеріпті.

*Алдыңнан ай тусын,
Артыңнан күн тусын.
Қанқұмар болмай,
Халқың бағынышты болсын» –*

деп, ақсақалдар жүріп кетіпті.

Сонда әкесі Бекболатқа келіп:

– «Кәне халықты қалай билейін», – депті.

Бекболат ұлына:

– Саған халықты қалай билеу керек екенін атаң айтқан шығар, бірақ мен саған мынаны айтамын. Қаракерей тұқымы ер Жәнібек деген Орта жүздің қара қабаны бар, соның бетіне келме, өзі сенің бетіңе қарсы келуге жарамас, – деген екен.

Жәнібекке қатысты ел арасында әңгіме көп.

«Найманнан шыққан Сары Шуаш би шешен болыпты. Бірақ түсі сиықсыз, қортықтау кісі екен. Сол кісі бір уақыт керей Жәнібектің ауылына күн даулап келінті.

– Оны Жәнібек қомсынып, былай депті:

Сен кемсек ауыз, жарғақ құлақ, жылқыға суат болмас ылайсың, астыңа ала шолақ ат берсе, алты ай мініп арытпассың, қолыңа қырық кез оқ берсе, дұшпанға бірін атып дарытпассың, сен би болып та жарытпассың. Ал менің дауысым Қазыбекке тартқан, сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан, сен мына түріңмен не үміт қылып келдің, – дегенде,

Сары Шуаш би:

*Сен де құдайдың құлы екенсің,
Керейден мойның асып тұр екенсің.
Дауысың Қазыбекке, сүйегің Жәнібекке тартса,
Өзіміздің Арғын атаның ұлы екенсің, – депті.*

Жәнібек «жарайсыз» деп арқаға қағыпты. Сөзден жеңіп Сары Шуаш би бітім алып қайтыпты.

Жәнібектің дауысым Қазыбекке тартқан дегені нағашысы қаракесек болса керек, сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан дегені өзі Жәнібектен тудым деп жүреді екен».

Бірде Жәнібек батыр қартайып жатқан Бекболат бидің хәлін білуге жолға шығады. Мұның келе жатқанын ел естіп, Тіленшіден басқасы, алдынан шығып қарсы алады. Жәнібек үйге кіргенде Тіленші ұшып тұрып, сәлемдеседі. Сонда Жәнібек:

– Сен неге алдымнан шықпайсың, тоқалдан тудым деп жатырсың ба? – дейді.

Соған Тіленші:

– Бір атым оқтан қалып, сізде адам болып ел аралап жүрсіз ғой, – десе керек.

Тоқалдан туғанын бетіне салық қылды дегендей Тіленшінің «бір атым оқтан қалдың» деуі мынау еді:

– Қазыбектің кенже інісі Бөдененің қызы керей еліне ұзатылыпты. Бұрын Қазыбектің заманында Шақшақұлы Жәнібек, Тоқтарұлы Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай деген төрт тіреу өз заманында теңдес болып өткен.

Шақшақ Жәнібек бір жорықтың кезінде керей елінде болып, бітім мәселесін сөйлесіпті. Бір күні Қабанбай ауылымен қабаттас бір жас отауға келіп қоныпты, қонақ болыпты. Түнде Бөдененің қызы Нәуетек қойнына келіп «бата бер» деп батырдан тілек қылыпты.

– Мен перзенттен кем болып жүр едім, мен сізді арам қылдым, қолыңызды көтерсең, шындап кетерші, – депті.

Сонда Жәнібек құдайдан шын тілегендей қылып:

– Мені де адам қылып тұр ғой, иә құдай, мені де ұятты қыла көрме! – деп бата беріпті.

Сол күні қонып, ертеңінде Нәуетекке:

– Сен де тіле, мен де тілейін, егер бала бола қалса, менің өз атымды қойшы, аты Жәнібек болсын, – депті.

Кейін бір ұл тауып, атын Жәнібек қойыпты. Жұртшылық өсек қылады екен «бір күн қонып, қасына жатып, бір бала берін кетті» деп. Сонда Тіленшінің «менің тоқалдан туғанымды айттың деп, ел өсеғін растап, бір оқтан қалдың ғой» дегені осы екен.

Сонда ер Жәнібек ашуланып былай деген екен:

*– Өзенді олке тұрғанда,
Өзге жерге қонған ит.
Өзі болған кісінің,
Ата тегін қазған ит.
Мен жаралы арыстан,
Жаулассам жармай кете алман.
Кекті болған жауыммен,
Кескілеспей біте алман.
Қара бұлтты дауылмен,
Қар боратпай ашылман.
Көзіме кердең кездесе,
Сазайын бермей басылман.
Наданнан қорқып, қаймығып,
Аруағымды қашырман.
Басымнан сөз асырман.
Тантырақтап сәйлейсің,
Талға жалған қайықты,
Арда күрең астыңда.
Өйлайтпайды-ау арыңды.
Бекболаттан мен тусам,
Бердәулеттен сен тусаң,
Қызыл бетті қалмағым,
Корер едім-ау жайыңды.
Мен жаманнан жақсы туған оқ емесің бе,
Сен жақсыдан жаман туған боқ емесің бе,
Мен кімнен тусам да,
Аспанға біткен шынармын,
Бұл елге сірә, ұнармын, –*

деп ақырып, ұрсып тастапты.

Осылай деген соң Тіленші жеңілгендей болып қалады.

– Әкем Бекболаттың ер Жәнібекті Орта жүздің қара қабаны дегені рас екен ау, – депті.

Сол Жәнібек Бекболаттың үйінде он-он бес күн жатып, Бекболаттың қапаста отырған көңілін жұбатыпты. Қайтар кезде Жәнібек Тіленшіге:

– Біз Бекболатпен құда едік, апаларың қартайып өліп кетті, сүйек үзілмейді, қайта сүйек жаңғыртайық. Қазымбеттің Қанайының бір қызы бар дейді ғой, соны маған бер, – дейді.

Бұрын Жәнібектің үш әйелі өліп, төртіншіге тоқалдыққа сұраған екен. Сонда Тіленшінің айтқаны:

*– Сен бір жалпаққа біткен шынарсың,
Ажал кеп бір күн құларсың.
Айнала іздеп шабармын,
Қайдан іздеп табармын.
Мен бір қалың қара тоғаймын,
Табылуга оңаймын,
Болмаса үлкен терекпін,
Әр нәрсеңе керекпін, – дейді.*

Сонда Жәнібек «жарайды» деп ызаланған кіеіше, атын бұрып, борбайға тартып жүріп кетеді. Келееі бірде ел тағы «Жәнібек келе жатыр, Қанайдың қызын сұрамақшы» дейді.

Сонда Қанай:

– Осы бізден Бекболат артық білсе керек еді, осының бетіне келме деп еді. Егер қызымызды бермесек тіеінің қанын сүрткелі жүр ғой. Қызға бола осынша лаңға салдың, ел арасы ірісе менен көріп жүрер ме екен, бір қызға татымай ма, осы қызды берейін, – деп Анай биді Тіленшіге жұмсады сәлеммен.

Сонда Анай Тіленшіге айтқанда, Тіленші келіседі. Ауылына келген Ер Жәнібекті құшақ жая қарсы алады. Сұрай келген қызы Қазымбеттің үлкен баласы Қазымбеттің бірінші ұлы Қанайдың қызы екен.

Қанайдың әйелі бірталай жасқа келгенше бала көтермейді.

Сонда Қанай:

– Әй, өстіп жүре береміз бе, құдайдан бала тілеп, – дейді.

Әйелі бір қойды сойып алып, етін пісіріп, қайын ағасы Жанайдікіне әкелінті. Тамақ алып жайғасқан соң, Жанай бәйбішесіне:

– Келін не шаруамен келген екен, шаруасының бетін айтсын, – дейді.

Сонда келіні:

– Осы уақытқа дейін бала көтермей жүрмін, атама айтып сәукелеме ие сұрап келдім, – депті.

Сонда Жанай:

– Сұрағаны осы ма, енді қайталамасын, – депті.

Келіні:

– Сәукелеме ие берсін, – деп қасарысып отырып алыпты.

Сонда Жанай:

– Жарайды айтқанын ала берсін, иә құдай ұялта қорме, – деп бата беріпті. Үйіне келген соң, не сұрай бардың, деген күйеуіне әйелі осылай да осылай сәукелеме ие сұрадым дейді.

Сонда күйеуі:

– Сәукелең адыра қалсын, шаңырағыңа ие сұра, – деп қайыра жіберінті.

Келіні қайта келген екен «мен қателесіпін, шаңыраққа ие керек екен», – деп.

Сонда атасы:

– «Әнеукүні менің ескерткенім ешкімнің саудасына көнбейді, атқан оқ қайтып келмейді» дейді. Салы суға кетіп келіні қайтып келеді. Сол атасынан сұрағаны қабыл болған әйел бір қыз көтереді. Аты Қадиша екен. Жәнібектің аламын деген қызы сол екен. Осы қыз өз ықтиярымен бармақшы болыпты. Сойтін Жәнібек бір ай жатыпты. Қайтар кезде Тіленші:

– Сіздің қайтатын уақытыңыз болды, бір ай ішінде сіздің әңгімеңізден көп нәрсе үйрендім, енді кетер шағыңызда атасыз, анасыз әңгіме айтып беріңізші, – дейді.

Сонда Жәнібек:

Енді Бегімысықтай қожа тумайды, Қыдыр қонған аты бар, жері жұтаса халыққа көмек берген, суы жұтаса сүтке ет пісіріп берген Қанжығалы Абыз-Шомақтай ер тумайды, Батырдың арты Абылай, халық үшін қасық қанын қиған Абылайдай хан тумайды. Бидің арты Қазыбек. Ұл сұрағанға ұл берген, қыз сұрағанға қыз берген, кара қылды қақ жарған енді Қазыбектей би енді тумайды. Атасыз, анасыз әңгіме сұрасаң сен осыны біл, – деген екен.

Сонда Тіленші: Бегімысық қожа болса өз жөнімен, Абылай батыр болса өз жөнімен. Қазыбектің артында өзіндей болып мен отырған жоқпын ба, – дейді.

Осылай дегенде Ер Жәнібек:

– Тәйіт, сен өзіңді ұлмын деп жүрмісің, сен әншейін қуынғанның жауапкері емессің бе, – депті. Сол Тіленші арғынды билепті, дейді шежіре. Сарыарқада төре тұқымына бағынбапты. Қазақтың өзінің билігі өз қолында болыпты, өзге елге мойын бұрмапты. Бірақ Ертістің өн бойына орыс келіп, егіс еге бастаған екен. Бұның да жасы келіп, қартайған шағында, ел жақсылары жиналып келіп «сіз қартайдыңыз, болсаңыз, елге кімді ие қыламыз?»¹ депті. Сонда Тіленші «Кімді қылғыларың келеді, ел ұйғарса хан түйесін сояды деген, қаласаңыз Алшынбайдың атағы шыққалы тұр, жауы қорқып бұққалы тұр, елге осы ие болар, екніні өзгесіпе қарағанда басым» депті. Сөйтіп Тіленші ұйғарған соң, ақсақалдар батасын беріп Алшынбай әкесінің орнында билік айтады. Алшынбай атқа мінген кезде бұл Сарыарқаға орыс келіп шеп құрып, үй тігіпті. Қазақтың билігі шектеліп, орыстың жандаралына бағынышты болыпты.

Мәшһүр Жүсіп бұл оқиғаның қисынын былайынша табады:

– «Тіленші би өлгенде Шоң би орнына дуа қыла барып, Жаман Далбада бір күн, бір түн жатып қайтқан екен сонда. Бұл кезде Алшынбайдың жиырмаға жетпеген уыз жас күні екен. Шоң биді шығарып салу үшін еріп шығып Айыркезен деген таудың түбінде аттан түсе қалып ұлықсат сұрап: – «Кеше бесінде барып түскеннен бүгін бесінде аттандыңыз. Сіз түскеннен бастап аттанғаныңызға шейін алдыңызда жұлдыздай ағып сөйледім де отырдым. Бір қақпадыңыз, сіздей кісі қақпайтұғын менің сөзім сонша мүлтіксіз болып кетті ме, болмаса мені де ақымақ көріп, әуейіленіп кетерсің дедіңіз бе?», – депті.

Сонда Шоң би айтыпты:

– Сенің ана бір сөзіңнің анадай бір сөлекеті бар еді, мына бір сөзіңіздің мынадай бір сөлекеті бар еді деп жұрт алдында, топ ортасында пәлен-пәсуан демегенім қарадан хан болды деген Шоң да бұған бір ауыз бір нәрсе айтуға жарамды деп елің қатықтай қатып, сүттей ұйып қалтия қарап қалсын дегенім ғой», – дегенде Алшынбай жылап жіберген екен.

Сонда Шоң би: – «Айыр кезенді ұмытпассың, бір қарауын қайтарарсың, балам», – деп жүре берген екен.

Алшынбайға келіп Қаз дауысты Қазыбек басына қонған дуа таусылды. Бегімысық әулие біліп айтты ма, әлде елдің өзінің түйген ойы ма қазақтың бақуат заманы Қазыбектің үшінші ұрпағының заманында бітті. Орта жүздің нақты мағынасындағы соңғы Орда биі Тіленші еді, оның заманында алты ұлыс ел – арғын, найман, керей-уақ, қоңырат-қыпшақ болып бір бірімен аралас-құдандас, таныс-біліс еді. Орта жүз алты қанат ақ ордадай болды, сол орданың төбе биі Тіленші еді.

Алшынбай заманында қазақ біржолата орысқа бодандыққа мойынсұнды. Жерді алды дегенше, елді алды. 1822 жылдан бері «Жарғы» тәртібіне сәйкес Орта жүз әкімшілік округтерге бөлінді. Төрелерден аға сұлтан сайлады, қара сүйектің әлдісіне болыстық та тиіп қалды. Осыдан жүз жыл бұрын Үш жүздің баласына билік айтқан Қаз дауысты Қазыбек заманы оның шөберелерінің тұсында қисынсыз ертеқ көрінді, ол түглі Бекболат пен Тіленші дәуірі де аңыз сияқты еді.

Орта жүз жерінде 1824 ж. ашылған алғашқы округтің бірі Қарқаралы. Осы жерде баяғыда Нұралы биге еріп келетін Бөкейдің балаларын аға сұлтан сайлап, хан деп марапаттап қойып Алшекең қаракесек баласын ақылға салып бағып отырды. Бірақ отырықшылыққа бет алған, әр жерде төрелер мен билер өз-ара жанжалдасқан қазақ жерінде дәстүрлі саяси құндылықтар, мемлекет деген мүдде өше бастап еді.

*Жайлауы салқын, қысы жылы,
Бес Қазылық Сарыарқа.
Шыңғыс, Машан тұтасқан,
Едірей, Мыржық, нуды ойла.
Малға шүйгін ой Түндік,
Маңырап жатқан қой түндік
Жер кіндігі Үшқара
Ықыранған тол, Шуды ойла
Берекеге әрекет,
Жетім жесір басына,*

*Қара күн туды оны ойла.
Боқты, Кент, Талдыөзен,
Қарақуыс, Жарлы өзен
Мал кіндігі жерлерді,
Одан да құтты Қуды ойла.*

(Бұқар жырау толғауы)

Қаз дауысты Қазыбек ұрпағы ел мен жердің тарихын ойламайын деген жоқ, ойдағысын іске асыруға заман мүмкіндік берді ме?! XX ғасырдың басында азаттықтың таңы атып келе жатыр деп, дабыл қағып, ұран салып Алаш азаматтары осы Бес Қазылық – Сарыарқада ту көтеріп шықты. Олар тәуелсіздікке конституциялық жолмен, бейбіт, заңды түрде жетеміз деп ел жігерін азаттық күресінің жаңа сарабына салды. Қазақ жерінде тың қоғамдық ақуал, күрестің жаңа әдіс-тәсілдері қалыптасты. Қарқаралыда жазылған петициялар, ел талқысына түскен мәселелер Алаш Орда бағдарламасының негізін салды. Біз қазақ халқына тәуелсіздік жолын нұсқаған осы үлгілердің қайнар көзі Қаз дауысты Қазыбектің өнегелі өмірі, қасқа жолы, рухани мұрасы деп білеміз.

Ақтанберді жырау:

*– Уай, Қазыбек, Қазыбек,
Ел сыйлаған ағасың.
Қызыл тілмен келтірдің,
Ойрат-қалмақ тәубәсін.
Басын қостың қазақтың,
Болсын деп әр-кез азат күн!*

Бұқар жырау:

*– Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Орманнан көп Орта жүз,
Содан шыққан торт тірек, – дейді.*

ҚАЗЫМБЕТ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Қазымбет Қазымбекұлы 1685-17?? ж. Қазыбек бабаның бәйбішесінен туған тұңғыш баласы.

Орта жүз **Арғыннан** → Құтан. Одан →→ Ақжол. Ақжолдан
→→ Мейрамсопы.

Мейрамсопыдан → || Қуандық, Сүйіндік, Беғендік,
Шеғендік, Болатқожа ||.

Бұларды қазақ – Бес Мейрам, – деп атайды.

Әділов Хамит Шәкімұлы 17.11.1978 жылы жазған «Қазымбет шежіресінде» Қазымбет ұрпағы төмендегідей таратылады.

Қазыбектен → || Қазымбет, Бекболат, Базаркелді, Барқы,
Сырымбет ||.

Қазымбеттен → || Қанай, Жанай, Атымтай, Анай ||.

Қазымбеттен → || Қаруссен, Жанұзақ, Құлтеке ||.

I. Қанай әулеті

Қанайдан → || Байтөбет, Бәзіл, Омірқұл, Құлманбет, Қасабай,
Мұңайтпас ||.

Бәзілден → || Жылқыбай, Саржан ||.

Саржаннан → || Есмағамбет, Қабыл ||.

Қабылдан → || Садық, Қасым, Шаман, Шайман, Қайпалан ||.

Қасымнан → | Мұрат |.

Мұраттан → | Мейрам, Сапар, Асқар |.

Шаманнан → | Мағдат |.

Мағдаттан → | Ермек, Жаңғұтты |.

Ермектен → | Қасст |.

Жаңғұттыдан → | Рүстем, Дастан, Әлішер |.

Шайманнан → | Бағдат, Көшербай, Бекен |.

Бағдаттан → | Айғұл, Дина, |.

Көшербайдан → | Жақсылық, Бақытжан |.

Жаксылыктан → Беғарыс, Шерхан.

Бақытжан → Бейбарыс, Тамырла.

Бекеннен → |, |.

Қайпаланнан → | Әнес |.

Әнестен → | Жанғелді, Төлеу, Нұрбек |.

Жанғелдіден → | Ерасыл |.

Төлеуден → | бес қыз |.

Арғын → → Құтан → → Ақжол → → Мейрамсопы →
Қаракесек (Болатқожа) → Ақша → Бошан → Таз → Бұлбұл →
Шаншар → Келдібек → Қазыбек → Қазымбет → Қанай → Бәзіл
→ Саржан → Қабыл → Шаман → Мағдат → | Ермек, Жаңғұтты |
→ | Қасет, Рүстем, Дастан, Әлішер |.

II. Құлтеке әулеті

Құлтекеден → || Бабажан ||.

Бабажаннан → || Тілеуқабыл, Жанаберген ||.

Тілеуқабылдан → || Әбдіқалық ||.

Жанабергеннен → || Ыбырай ||.

Әбдіқалықтан → || Мұзапар, Әлиакбар, Жағапар, Қалиакпар ||.

Мұзапардан → || Мәулетбек, Ризабек, Ақылбек ||.

Мәулетбектен → | Ермек, Сәтбек |.

Ермектен → | |.

Сәтбектен → | |.

Ризабектен → |, |.

→ |, |.

→ |, |.

Ақылбектен → | Асылбек |.

Асылбек → |, |.

Ыбырайдан → || Сағымбай, Ағымбай, Мұса, Сұлтанбек ||.

Сағымбайдан → || Нұрыш ||.

Нұрыштан → | Мұрат, Қыйзат, Нығымет |.

Мұраттан → | Ерлан, Еркнат, Сарқыт |.

Ерланнан → |, |.

Еркнаттан → |, |.

МЫНА СӨЗГЕ ТАҚЫРЫП КЕРЕК

Қаз дауысты Қазыбек би 1764 жылы қаңтар айында Далба тауының етегінде, Қарабие шоқысы, Теректібұлақ деген жерде, өз қыстауында қайтыс болыпты. Кейін келе ол жер Қара шоқы, Қарағайлыбұлақ атанып кеткен болуы керек. Бір жағы сүйіндік елі, бір жағы жалпақ қаракесек иемденген қысқы қонысқа ыңғайлы, Арқадағы жанға жайлы бір құт мекен.

Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың сүйегі 1764 жылы көктем айында қасиет дарыған Қожа Ахмет Яссауи күмбезінде жерленді. Қазақ елінің даңқты ханы мен бнлері, дүлдүл азаматтарының сүйегі жерленген киелі қорым тағы бір кемеңгерді қабыл алды. Бұл – сол XII-XVIII-ші қасіретті де даңқты ғасырдың ең айтулы, данышпан биі Қаз дауысты Қазыбек еді. Тағдыр талқысына түсіп, өмір мен өлім таңдауы тұрған алмағайып тұста ел тізгінін ұстаған адамдардың жауаптылығы көп. Тар өткелден алып шыққан ел басшысының жақсы атағы мәңгілік. Құлама құздан өте алмай, халықты азапқа, дозаққа түсірген ел басшысының жаман атағы мәңгілік. Түбінде бәріне де халық жады таразы.

Шешендік қабілеті ерте байқалған Қазыбек бала билікке жеті жасынан араласыпты. Өзіне әкесі Келдібек, кемеңгер Тәйғелтір би, ұлағатты Өнет бабан секілді билерді үлгі тұтып, олардан тәлім алған. Қазіргі Баянауыл ауданы Кіші Далба тауының етегінде, Теректібұлақ басындағы өзінің қыстағында 1764 жылы 97 жасында қазақтың әулие көсем-биі Қаз дауысты Қазыбек дүниеден өтті. Халқым, деп 97 жыл үзбей соққан ұлы жүрек соғуын тоқтатты. Осы қаралы күндерде оның қасында өмір серігі әрі жақын інісі, Бес Мейрамның енді бір әулие перзенті – Бұқар жырау толғап отырды:

*Асқар тауды құлатып,
Тоқсан жеті жасында.
Арыстанды сұлатып,
Отырмыз біз қасында.*

*Сыйапатын жіберген,
Хан Абылай асына.*

*Үйірлеп жылқы айдатқан,
Соғылсын деп басына.
Шыдап қалай тұрайын,
Егіліп мен жылайын.
Зарым шықсын ішімнен,
Біраз енді жырлайын.
Түсіріп еске өмірін,
Қауымға баян қылайын.*

Қазыбек бидің қызы “Маңқанның жоқтауы” деген жоқтау, ел жадында сақталған Қазыбек би тұлғасының көркем бейнесі. Осы жыр жолдарында данышпан бидің елімен бірге жүріп өткен жолы да, атқарған қызметі де, оның болашақты меңзеген көреген ойы да айтылған. Маңқан жоқтауында:

*– «Арқасында әкемнің,
Отырған жоқ бұл қазақ,
Ешкімнің кейін тобынан», –*

деп жырлайды.

Оған осы сөзді айтқызын отырған Қазақ елінің XVIII ғасырдың 50-70-ші жылдарындағы Орта Азиядағы ағалық орны, деуіміз керек. Маңқанның сөзі кестелі әрі ерекше ретті. Ойы ірі. Ойткені, ол рухты елдің, зерделі қызы еді.

*Бісмiлләдан бастайын,
Шаригаттан аспайын.
Ішім толды қайғыға,
Азырақ козім жастайын.
Алаштан озған әкекем,
Жоқтаусыз қалай тастайын.
Алатаудай әкеме,
Ажалдың сыны келгені.
Жылаганды не қылсын?
Көздің жасын көрмеді.!*

Қазақ болып зарлады,
Тілеуді құдай бермеді.
Кешегі жүрген әкекем,
Жоқтаусыз тастар ер ме еді?!
Шаншар Абыз нәсілінен,
Алтау едің анадан:
Сәдібек, Асан, Бодене,
Үсен менен Балапан.
Бесеуіне аға боп,
Алашқа әкем қараған.
Жолбасшысы кеткен соң,
Айрылды қазақ панадан.
Торт тіреудің бірі едің,
Қиын қыстау іс келсе,
Бәрінен де ірі едің.
Енді қазақ не болар,
Асқар тауы құлаған?!
Белгілі шығар Алашқа,
Қоңтәжіге барғаның.
Он сегізде сол күнде,
Қалмақты сынға алғаның.
Қазақты жоқтап қалмақтан,
Араға сөзді салғаның.
Қалмақтың ханы Қөнтәжі,
Жауаптан ұтып алғаның.
Босатып едің, жан әкем,
Тұтқында қазақ қалғанын.
Талап алған шабынды,
Қайырып алдың бар малын.
Ұлықсыз тоқсан жесірді,
Сол жерде анық алғаның.
Қазақ пен қалмақ бас қосып,
Екі ұдай болған тобында
Алдыңа бір жан салмадың!

*Батыр жинап, ел шаппай,
Қылыш шауып, оқ атпай,
Ақылыңменен жол тауып,
Қазақтың кегін алғаның!*

*Туғаннан-ақ, жан әкем,
Жолыңды құдай оңдады.
Қасиетің тағы мол,
Қас қылған саған оңбайды.
Қазаққа деп заң жасап,
Қазыбектің қасқа жолы,
Артыңда мирас қалғаны.
Шаригат айтқан жол емес,
Законың тағы қол емес.
Дуалы ауыз айтқан соң,
Қазаққа бір жол салған.
Әкемдей болып жан тумас,
Рулы үш жүз қазақтан.
Батырларша ел шауып,
Бір күні жаудан жеңіліп,
Қалған емес мазаққа.
Тақта отырған хан болып,
Өзіне дұшпан кобейіп,
Қалған емес азапқа!
Ақылыменен жол тапқан,
Бағыменен еп тапқан.
Батыр мен хандар сасқанда,
Әкеме келіп жол тапқан.
Құдайдың берген бағында,
Талай ханмен қарысқан.
Елді шауып, қан төккен,
Талай ермен салысқан.
Бәрін де жеңген әкекем,
Ақылмен орап алыстан.
Қазақ, қалмақ бас қосса,
Сан жүйрікпен жарысқан!*

Алдымен келіп бәйге алып,
Олжасын қазақ үлескен.
Орынсыз жерде қан тогіп,
Қас қылған емес бір жанға.
Басын иіп, құл болып,
Бағынған емес бір ханға.
Қазаққа арнап жол салдың,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл,
Аруағыңа таянып,
Ие болды мал-жанға!

Жоғалмастай жол салып,
Үлгі болып, сөз қалып,
Кеткен жоқ әкем арманда!
Өз басында бағы жоқ,
Сүйеніп тұрар ханы жоқ,
Болды зой қиын қалғанға!
Қара қылды қақ жарып,
Әділ өткен, әкекем,
Байытсын құдай иманға.
Үш жүздің ұлы жиналса,
Алдыңнаң кеңес тарқаған.
Ақылың, бағың мол еді,
Айдын көлдей шалқыған.
Сырдың бойын жаратпай,
Мал өсірер орын деп,
Қазақтың ұлын өрдіріп,
Қоныс әпердің Арқадан.
Орыс, Қазақ, Қалмаққа,
Жұпардай ісің аңқыған,
Аруақты туған жан әкем,
Озып артық даңқыңнан.
Өсиет қылдың қазаққа:
«Сарыарқа болсын қонысың!

Қалмақ, сартпен жауықпа,
Болмасын, – дедің, жұмысың.
Өнерсіз өскен ел едің,
Біреу саған жау болса,
Паналауға жарайды,
Мынау көрші орысың.
Орыспенен жауласпа,
Есіңде болсын бұл ісім!»
Ақылың, бағың молынан,
Елің ерді соңыңнан.
Арқасында әкемнің,
Отырған жоқ бұл қазақ,
Ешкімнің кейін тобынан.
Он сегізде сөз бастап,
«Қазыбек би» атандың,
«Болар бала бозғынан»,
Қайран сабаз, әкекем.
Мақтауыңа жете алмай,
Қызыл тілім қырқылды,
Білімімнің жоғынан!
Өнерсізім болмаса,
Қалай айтсам жараспас.
Қазақта сенен кім озды,
Жұлдызы туып оңынан?!
Байлығың несін айтайын?
Кедей деп адам айта алмас.
Мырза деп несін айтайын?
Әркім-ақ қонақ қайтармас.
Сөйлеуге тілім сөз тапса,
Мақтауыңнан тайсалмас.
Өмірімше жырласам,
Мінезіңнің, әкекем,
Мыңнан бірі таусылмас.
Сусыны қанар қазақтың,
Ағар бұлақ суалды.

*Сіз осылай болды деп,
Естіген қалмақ қуанды.
Қасиетті туған, әкекем,
Ешкімнен қазақ кем болмас,
Шын беріп кетсең дұғаңды.*

Ел аузында кең тараған осы жоқтауды Қазыбек бидің қызы Қамқа шығарғаны белгілі. Қамқа жас күнінде маңқиып отыра беретін, өте сабырлы болыпты. Сондықтан, ел аузында Маңқан атанып кетінті. Қамқа апай мен күйеуі Шөрек батырдың бейіті Семейге таяу Қызыл судың бойында көрінеді.

Ұрпағының мына өлең шумағы Баба аруағына бағышталды.

*Қазыбек би Қаз дауысты Бабамыз,
Он сегізде қалмақ ханын созбен қысты.
Шығармай қан түгілі, жалғыз оғын,
Құтқарған Қонтәжіден ұл мен қызды.*

*Бабамыз заманында, зерек екен,
Оқ отпес құрсау киім керек екен.
Ағайын, бізге шындық, бірлік керек,
Дегені әр уақытта, керек екен.*

*Жиналды ел, Қу тауының бауырына,
Қарар емес, носерлеткен жауынына.
Өлгеніміз тіріліп, ошкен жанып,
Қызық бүгін, «Қаракесек» ауылында.*

*Қасиетті, Қаз дауысты бабам болған,
Қарқаралы-Далба-Қу, мекен қонған.
Сыйынған пенде, қатты қысылғанда,
Согыста да, жауға мылтық ұсынғанда.*

*Тарихтан, белгілі зой, косемдігі,
Дара туған, тілі өткір, шешендігі.
Жетпіс жыл жер астында жатқандай ғып,
Жариялап жатыр бүгін, кешегіні.*

*Хан да бар, би де бар, батыр да бар,
Орақ тілді ақындар, ойшылдар бар.
Ағасына атишы болып, ерген сәтте,
Сөйлегенде қолдаған, аю-арыстандар.*

*Қөңтәжі хан болса да, қалмағына,
Он сегізде түсті бабам, қармағына.
Аталы созге арсыз да, таласпас деп,
«Қаз дауысты» атағын алмады ма.*

*«Бесігіңді түзе», – деп жол салғанда,
Тәржімалап тарихты, қолға алғанда.
Аруағын бабамның, жаңғыртсақ деп,
Қозғау салды, ауылым, Алла қолда.*

*Білсін деп, кейін ұрпақ, жаңа жеткен,
Тараймыз, біз көбіміз, Келдібектен.
Алсақ деп, бабам атын Қу тауына,
Ақылдасып, сол кезде, елім-көппен.*

*Орындалды, бұл күнде, асқақ арман,
Мүсіні де, ортадан, орын алған.
Ат шаптырып, ас беріп, дұға жасап,
Азаматтар, жан ашыр, сауап алған.*

*Келсе де, қыйындық, заман-нарық,
Қанатымен, су септі, барша халық.
Бабам үшін, не берсек, көп емес деп,
Жетіп келді, ағайын, – ел қуанып.*

12-бөлім. ҚАРҚАРАЛЫ ЕЛІНІҢ ХІХ-ХХ ҒҒ. АЙТУЛЫ АЗАМАТТАРЫ

Сарыарқаның кіндігі – Қарқаралы исі қазақ ұлысының ірі тарихи және мәдени алтын ордасы, рухани Қағбасы секілді жер. Ертеден ел тағдыры, жер тағдыры – егіз. Жер тарихы аңызға, ал ел шежіресі ерлікке толы. Қарқаралы тарихы – тереңнен тамыр тартқан таусылмас жыр, сарқылмас сыр. Қарқаралы шежіресі мәңгілік махаббат киесі «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында, белгілі «Сұлушаш» дастанында жарқын жырланып, ұрпақтан ұрпаққа үлгісін дарытып келеді. Жоғарыдағы ғашықтық дастаны Баянның Жанақ ақын жырлаған нұсқасында:

– Қыз берген қарқарасы түсіп қалып,
Тау атын Қарқаралы қоя сапты, – деп келеді.

Киелі Қарқаралы топырағы – Ұлылардың алтын бесігі.

«Қарқаралы, Қу – Қазалақ, Бес қазылық» аталған осы оңір заманында ырыс пен ынтымақтың, байлық пен бақыттың, береке мен бірліктің құтты мекені болғанын ақын Күдеріқожа Кошекұлы «Қарқаралы, қазылық» өлеңіне арқау етіпті.

*Қарқаралы, қайран тау,
Тиюші еді пайдаң тау.*

Туған жер толғауы

*Ыстық маған Қу тауы, әрбір тасың,
Таста жазып қалдырған әркім атын.
Көзім көріп тұрса да етегінде,
Шың басына шамам жоқ шыға алатын.
Талай жастар басыңнан ариша алатын,
Шаршап келсе, ата-ана қарсы алатын.
Маужыраған кеуің де әлі есімде,
Алтыбақан басында ән салатын.*

*Шәкірті едім мен-дағы, бір мектептің,
Етегінде Қу тауы, шаңғы тептім.
Ержеткен соң табиғат заңыменен,
Елден ұзап бірер жыл, аулақ кеттім.*

*Теруші едік қарақат, бүлдіргенін,
Достармен алаңсыз, бір жүргенмін.
Саған келсем туған жер, анда-саңда,
Коз көрген қарттарыма, бас иемін.*

*Туған жер, мені өзіңе, жетеледің,
Баурайында балаң боп, еркеледім.
Жастықта тым алысқа, кетсем егер,
Өмірден өкінішпен, өтер едім.*

Киелі Қарқаралы топырағы – ежелден-ақ алыптардың алтын бесігі, аймаңдай асылдардың құтты қонысы. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары осы өлкеде өздерінің жарқын күнін, жұлдызды сәтін өткізді. Қарқаралы Алаш абызы Ахмет Байтұрсынұлы (Ақтерек), Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбайұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Әлімхан Ермеков, әншілер Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Бибігүл Төлеғенова, Қалибек Қуанышбаев туып, өмір жолын бастаған мекен.

Солардың бірі – халықтың бабасына, қазақтың данасына айналған көсем, парасат иесі Өскенбайұлы Құнанбай қажы.

Құнанбай Өрта жүздің тұзы емес пе?

Жақсының артта қалған ізі емес пе? –

деп ақын айтқандай, деғдар бабамыз даналықтың дарабозы еді.

Құнанбайдың анасы Зере айтыпты: – «Түсімде Өскенбай кең алаша үстінде малдас құрып алып, алтын сақаны иіріп отыр екен. Алтын сақа – ғайыптағы аңның құлжасынан алынған білем. Алашаның үстіне тәйкесінен түскен сайын маңайына жарық сәуле шашатын көрінеді». Түсін жорыған адам: – «Бойыңа біткен

кошқардай ұл, сол ұл есейе келе елді соңына ілестіреді», – депті. Осы жорудан туған ұл – атақты Құнекен! Сол Зере анамыз бертін келе әңгімелескенде айтады екен:

– «Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргенім жоқ және омырауымды тазалап жумай, бисмилла деп айтпай емізген мезгілім болған емес», – депті.

Сөйлесе – сөздің шешені, бастаса – елдің көсемі, ұлағатты Құнанбай қажы ғұмыр кешіп, елге имандылық нұрын шашты. Қажы атамыздың тікелей басқаруымен Қарқаралының ортасында ғибадат мекені – мешіт тұрғызылды. Бабамыз салдырған құдайға құлшылық үйі бүгін де имандылық ұясы болып тұр.

Қазақтың ақыл-ойының алыбы, данышпан Құнанбайұлы Абай Қарқаралыны жанындай жақсы көрді. Әкесі Құнанбаймен осы шаһарға сан мәрте келіп, от ауыз, орақ тілді Балта мен Шөже шайырлардың сөзін, тамаша өлеңін тамсана тыңдады. Абайдың азаматтық болмысын, адамгершілік келбетін кестелі тілмен керемет келістіріп сипаттаған кемеңгер Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы»-нда: «Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды. Қазірде қыс әбден түсіп, қар бекін алғанды. Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы, үлкен ағаш үйді жатақ еткен. Қазағуар, қонақшыл татар саудагерінің үйі» деп, ерекше ықыласпен суреттейді. Даңқты жазушының әспеттеп айтқан көркем ғимаратының сыртында бүгінгі күні: «Бұл үйде 1850 жылдары Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы болған» деген ескерткіш тақта тұр. Атақты ақын Қарқаралыға жиі келген, қаланың белгілі саудагері Қалнолла Бекметовтың үйіне тоқтаған.

«Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан», «жүрегі қырық жамау» жұмбақ жан, хәкім Абай – қазақ руханияты әлемінің теңдессіз, қайталанбас ұлы тұлғасы. «Абай сөздерінің бұл дүниеде қалғаны қазақ үшін зор бақыт» деп, Ахмет Байтұрсынұлы әділ атап көрсеткендей, Абай адамзат ақыл-ойының Хантәңірісі. Абайдан үйрену, Абайға жүгіну, Абайдан дәріс алу – әрбір қазақ баласының өмірлік мұраты. Шертпе күйдің шебері, бармағынан күй төгілген домбырашы Тәттімбет Қазанғапұлы да осы Қарқаралы өңірінің перзенті.

Олардан кейін шыққан – Алаштың кемеңгер көсемі әрі ірі оқымысты Әлихан Бөкейхан, Алаштың арысы Жақып Ақбайұлы, қайраткер Нығмет Нұрмақұлы, Әлімхан Ермеков, әйгілі әншілер Әсет Найманбаев, Әміре Қашаубаев және Бибігүл Төлеғенова, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Ұшқыш XX ғасыр адамы, КСРО батыры, Қазақстан Халық Қаһарманы Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров – ұлт мақтанышы.

Қарқаралы туралы айтқанда Қоянды жәрмеңкесінсіз әңгіме болмайды. Сол кезде жәрмеңке әрі өнер мектебі болды. Кербез Көкшеден ат терлетін, арнайы келген Біржан сал:

– *«Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды – ту көтерген думан жерім.
Қарқаралы, сұлу Көкше жер шоқтығы,
Сарыарқа – алтын асу, асқар белім», –*

деп жәрмеңке шымылдығын ашушы еді, дейтін қарияларымыз.

Қазір тәуелсіздіктің шуақты шапағатымен шырайланған кербез Қарқаралы шалқар Сарыарқаның рухани шамшырағына айналып, еліне – береке, жеріне – ырыс ұялады.

Құдайбердіұлы Шәкәрім (24.07.1858, Қарқаралы округі, Шыңғыстау болысы – 2.10.1931, сонда) – қоғам қайраткері, ғалым, ойшыл, ақын, композитор, қазақ философиясының негізін қалаушының бірі. Құнанбай қажы немересі, Құнанбай мен Абай тәрбиесін көрген адам.

Осы ортада туып-өсіп әлем мәдениетін, әдебиетін игерген. Араб, парсы және жалпы түрік тілдерін меңгерін, өз бетімен классикалық еңбек оқу дәрежесіне жеткен. Шығыс және Батыс ғұламаларының шығармаларын оқып, тың толғаулар жазады. Оның дін білімі мен философияға құштарлығы жоғары болды.

Шәкәрім жазған философиялық толғанысында: – «Мен жетііс екі жасқа келгенше: Адам өмірін қалай түзеуге түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Ойлы, саналы адамның ғасырлар бойы миын тыныштамай, өмірін сарп еткен, әлі де сан адамның арын қозғап, ойын тыныштатпайтын осы сұрақтар», – дей келін: –

«Біздіңше, адам өмірін түзеуге, барлық адам тату тұру үшін негіз – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласының тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ», – дейді.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897, Қарқаралы округі, Дегелең болысы, Бердіқожа ауылы – 1961, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ғалым, ойшыл, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушының бірі. Филология докторы, профессор, академик, Лениндің және КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

М. Әуезовтың басты шығармасы – «Абай жолы». Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қаз дауысты Қазыбек бидің билік, шешендік сөздеріне талдау жасап, кең тоқталған болатын. Озінің үлкен қайын-енесі – Ділдә, – Қазыбек бидің ұрпағы, ал әйелі Кәмилә – жиені еді.

Қарқаралы өңірінің белді азаматы, бауыр Бошан елінің биі әрі көсемі – Тіленшіұлы Алшынбай, – Қазыбек би ұрпағы.

Тіленшіұлы Алшынбай (1785, Баянауыл дуаны, Далба тауы – 1870, Бұқар жырау ауданы) – қоғам қайраткері, би, шешен.

Арғы атасы – Шаншар. Кейінгісі – Қазыбек би → Бекболат → Тіленші өз әкесі. Өз заманында Қарқаралы округіне қарасты Әйбике-Шаншар болысын басқарып, Ресей үкіметінен поручик шенін алған. Кезінде елін шашау шығармай, өз уысында ұстаған, ықпалды әрі беделді би-көсем болды. Әкім ретінде замандастары, ел билеген игі жақсылар – Құнанбай қажы, Шалғынбай, Қисық, Тілеуберділермен араласып, от ауызды, орақ тілді Шөже, Жанак, Балта сынды ақындармен сөз қағыстыру арқылы тарихта қалды. Өз кезінде Алшынбай би ел ішіндегі жер дауын, жесір дауын, екі рулы елдің арасындағы түйіні қиын мәселені әділ шешіп, үлкен абыройлы болды. Омбы губернаторының шешімі, Сүйіндік елінің өтініші бойынша Бауыр бошан елін шығысқа қарай ығыстырып, қазіргідей орналастырған көсем – осы Алшынбай би болды.

Мәшһүр Жүсіп бұл оқиғаның қисынын былайынша табады:

– «Тіленші би өлгенде Шоң би орнына дуа қыла барып, Жаман Далбада бір күн, бір түн жатып қайтқан екен сонда. Бұл кезде Алшынбайдың жиырмаға жетпеген уыз жас күні екен. Шоң биді

шығарып салу үшін еріп шығып Айыркезең деген таудың түбінде аттан түсіп, қол аласып қоштасыпты.

Алшынбай атқа мінген кезде бұл Сарыарқаға орыс келіп шеп құрып, үй тігіпті. Қазақтың бплігі шектеліп, орыстың жандаралына бағынышты болыпты.

Алшынбайұлы Қақабай, – Алшынбай бидің екінші ұлы, Әйбике-Шаншар елінің соңғы билеушісі, ел ішінде оғаш қылығы жоқ, орнықты әрі әділ адам болыпты.

Алшынбай-Қақабай заманында қазақ халқы орысқа біржолата бодандыққа мойынсұнды. Жерді алды дегенше, елді алды деңіз. 1824 жылдан бері «Жарғы» тәртібіне сәйкес Орта жүз әкімшілік округтерге бөлінді. Төрелерден аға сұлтан сайлады, қара сүйектің әлдісіне болыстық та тиін қалды. Осыдан жүз жыл бұрын Үш жүздің баласына билік айтқан Қаз дауысты Қазыбек заманы оның шөберелерінің тұсында қисынсыз ертек көрінді, ол түгілі бүгінгіге Бекболат пен Тіленші дәуірі де аңыз сияқты болып еді.

Тұрпанқызы Ұлжан – Абайдың анасы, Нұрбике-Шаншар елі тумасы, Бертісұлы Бектемірдің ұрпағы. Шаншар → Бердібек (Бертіс) → Бектемір → Битен → Тұрпан → Ұлжан. Ұлжанға ел ішінде белгілі адамнан Тәттімбет туыс болып келеді.

Алшынбай немересі, Түсішмырзақызы Ділдә (1843-1924) – кемеңгер Абайдың бәйбішесі. Әкесі Түсіп кеңпейіл, жомарт адам болып, сонысымен Түсіп Мырза атаныпты.

Ділдә апамыз кемеңгер Мұхтар Әуезов жазған «Абай жолы» кітабына мол дерек берген адам – Мұхтардың үлкен қайын енесі. Жаратылысында тума дарын Ділдә апамыз сөз тындай білетін, есте сақтау қабілеті өте жоғары адам болыпты. Абай өлген соң, Шәкәрім қағаз жазамын-ды сылтау қылып, тауда жалғыз тұрып, Құнанбай ауылын өл-өлгенше Ділдә апамыз билепті.

Қазанғапұлы Тәттімбет (1815, Қарқаралы округі, Нұрбике-Шаншар болысы – 1862, сонда) – қоғам қайраткері, болыс билеушісі, өнекәсін дамытушы, күйші-сазгер, шертпе күй мектебінің негізін қалаушының бірі.

Қазанғапұлы Тәттімбет жас кезінен ел жақсылары – жездесі Оскенбайұлы Құнанбай, Тіленшіұлы Алшынбайлармен жақсы

қарым-қатынаста болып, ел басқару ісіне ерте араласты. Елмен қатынаста ерекше сыпайы Тәтекенді ел іші ерекше құрметтеп, Нұрбике-Шаншар еліне бірнеше рет болыс болып сайлайды. Қарқаралы кәсіпкері Поповпен бірге елде мыс кенін іздеу, Түндік бойында мыс қорыту зауытын салуға үлкен үлес қосыпты.

Десек те, Қазанғапұлы Тәттімбет қазақ тарихына атақты күйші-сазгер әрі керемет орындаушы болып енді. Күйші-сазгер ретінде шертпе күй мектебінің негізін қалаушының бірі болды. Оның ел аузындағы қырық күйі күні бүгінге дейін өз мағынасы мен мәнін жоғалтқан жоқ, орындаушылық шеберлігі әлі аңыз. Қазанғапұлы Тәттімбетке арнау!

*Мекеніміз, Сары-Арқа, Түндіктің жағасында,
Мен жүрмін, туған жердің, саясында.
Дұға жасап, келдік біз, Тәттімбетке,
Өнері асқан, күйшіміз, Қазанғаптың баласына.*

*Тұрысбек жүр, қырық күйін, күнде шертін,
Тарихшы, ғұламалар ақын жазушылап.
Ұстаздар – шәкірттерін жылда ертін,
Тыным таппай, уағыздап кетер жөңкіп.*

*Жиенімін Қаз дауысты бабаның деп,
Басына Тәтекеңнің барайын деп.
Қолқа салды, апай бірге жүріңіз деп,
Берлібек пен Қожамсейітұлы Назарбек.*

*Сауап іздеп барамыз біз, басыңызға,
Жырдан шашу шаштым мен, асыңызға.
Өмір бойы өлмейді, күйлеріңіз,
Ұрпақтарың тартып жүрсе, қасыңызда.*

*Жарамас бос жүріс деп, інілерім,
Жас жағынан уағыздап күйлерін.
Қажымай еңбек жасап жүр,
Түсіпбеков Тұрысбек інілерің.*

Ақаев Қасен (1859, Семей облысы, Қарқаралы ауданы, Қу болысы – 1931, Қызылжар) – қоғам қайраткері, ел көсемі.

Ақайдың Қасені 16 жыл Қу елінде болыс болып, Семей мен Омбыда беделді адам болған. Ел арасында жаңалық енгізуші, жастарды оқу мен білімге баулып (соның бірі – немере ағасының ұлы Нұрмақов Нығымет), ел арасында өнерді қолдаушы болған. Қазаққа етке жұқа нан салдырып, туратып жеуге талап қойған. Бұл таза дәстүрді Қызылордада Нығымет Нұрмақов, ал Алматыда Сәкен Сейфуллин орнықтырған. Ақайдың Хасені Қу өңірінде егін егіп, мал тұқымын жақсартумен айналысқан. Дүкен ашып, ұста ұстап, қыр қазағының қажетін шығарып отырған.

Еуропалық үлгіде қазақ-орыс мектебін ашып, оны бітірген жасты өз қаражатымен Қарқаралы, Семей, Омбыда оқытқан. Осы ортадан шыққан көп азамат астанамыз Алматыда ғылым-білім пгеріп ғалым болып және үлкен лауазымды қызметте болды. Ел қажетіне деп әнші, күйші, балуан мен дәрігер, ісмер адамдарды аулында ұстаған. Айналасында өзі жинаған әнші-күйшісімен, жүйрік атымен, мықты балуанымен ел ішінде аты шықты.

1905-ші жылы Ахмет Байтұрсыновпен бірге Қарқаралы хұзырхатын (петпциясын) ұйымдастырушының бірі болды. Ол 1910-шы жылы қазақты патша үкіметіне бағынбауға, Ресейден көшіп келгендерге жер бермеуге, Қазақстанды Ресейден бөліп алуға үгіттегені үшін әкімшілік айыпқа тартылды. 1918-1920 жж. Алашорданы ел ішінде қолдаушының бірі болды. Байтұрсынұлы Ахметпен жақсы, силы қарым-қатынаста болды. Кеңесе кезінде мал-мүлкі бірнеше рет тәркіленді, ал өзі 1927-ші жылы алдымен Қызылжарға, кейін Башқұртстанға кетінті.

Нұрмақов Нығымет (25.04.1895, Қарқаралы ауданы, Қу болысы – 27.09.1937, Мәскеу) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Алдымен Ақайдың Хасенінің мектебін бітіріп, одан кейін Қарқаралыда екі сыныптық орыс-қазақ училнщесін (1911), Омбы мұғалімдер семинариясын бітірді.

1915-1916 жылдары Қарқаралыда мұғалімдік қызмет істеді. 1917-ші жылдан Кеңес жағына шығып, Қарқаралыда, Семей губерниясында түрлі қызмет атқарды. Қазақ АКСР Жоғарғы

ревтрибуналының (1923 жылдан Жоғарғы Сот) төрағасы, әділет халық комиссары және республиканың прокуроры қызметтерін атқарды. 1924-1929 жылы БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісі, Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болды. Қазақстан үкіметінің басшысы болып Нұрмақов Нығымет Республика жерінің аумақтық тұтастығы, өнеркәсін саласы, қазақты жерге орналастыру, оқу-ағарту және мәдени даму, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, қазақты басқару секілді негізгі мәселермен шұғылданды. Ф. Голощекин мен Н. Нұрмақов арасындағы пікір алшақтығы оның үкімет басшысы қызметінен кетуімен аяқталды.

Н. Нұрмақов 1929 ж БК(б)П ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны бітірген соң 1961 жылы БОАК төралқасының мүшесі, төралқа хатшысының орынбасары және төралқаның ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Н. Нұрмақов 1937-ші жылы 3 маусымда жалған айыппен тұтқындалып, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Ақпаев Жақып (7.11.1876, Қарқаралы ауданы – 1934, Алматы қ.) – көрнекті қоғам қайраткері, заңгер-ғалым.

Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медалмен бітірген (1903). 1903-1905 жылдары Омбы, одан кейін Семей, Сырдария округтерінде ғуберниялық соттарында қызмет атқарды. Алаш партиясын, Алашорда үкіметін құруға белсене қатысты және Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. XX-шы ғасырдың басындағы ұлт азаттығы мен теңдігі жолындағы саяси күреске белсене қатысты, халыққа ең ықпалды рухани жетекшілердің бірі болды.

Ақпаев Жақып өз көз-қарасына сай, саяси-таптық күреске, қоғамдық құрылыстың алмасуына тек қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қарады. Қазақ халқының тәуелсіз ел болуы үшін күресті. Сондықтан, Ресейдегі өз-ара алмасқан төрт үкімет: Патшалық үкімет (1905-1917), Уақытша үкімет (1917), Колчак үкіметі (1918-1919) және Кеңес үкіметі (1920-1934) тарапынан да қуғын-сүргін көрді. Қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы ұзақ күресі соңында, 1934 жылы қызыл қырғынның құрбаны болды.

Байтұрсынұлы Ахмет (01.01.1873, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Сарытүбек ауылы – 8.12.1938, Алматы қ.) – қазақ халқының XX-шы ғасырдың басындағы Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет және қоғам қайреткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы.

Байтұрсынұлы Ахмет бала күнінде ауыл молдасынан тәлім алып, Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін бітіреді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынборлағы 4 жылдық мектепке түседі. Оны бітіріп, 1895-1909 жыл аралығында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде орыс-қазақ мектебінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. 1902 жылдан бастап Қарқаралы жанындағы Ақтерек ауылында мектеп салынып, сонда сабақ беріп, Ақанның ұстаздық-ғалымдық өмір жолы басталды. Байтұрсынұлы Ахмет Қарқаралы жерінде ағартушы, әдебиетші, ғалым және қоғам қайреткері болып қалыптасқан.

Ақтерек ауылында қазақ зиялылары Алаш мемлекеттілігінің жаңа жобасын жасады және болашақ Алаш партиясының негізін салды. Ақаң осында бастап, 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылып бітіп, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясының (хұзырхат) авторларының бірі әрі оны өз қолымен жазған адам. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру ісінде қазақ елінің мүддесіне сай өзгеріс енгізу, ар-ождан бостандығы, нензура-сыз ғазет шығару және баспахана ашуға рұхсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Сонымен қоса, онда орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілді. Ақаң осыдан бастап жандармдық бақылауға алынып, ақыры 1909 жылы ел адамының «Донесениесі» бойынша І-ші шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйырығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ол осы ауылда жүрін Ә. Бөкейханов, Ә. Ермаков сынды Қарқаралы азаматтарымен танысып, өзі қоғамдық-саяси қызметін бастады. Сондықтан, Ақтерек – Алашорданың асыл бесігі.

А. Байтұрсынов 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында тұрып, сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, зия-

лы қауымының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Алаш партиясының бағдарламасын дайындаған шағын топтың құрамында болды. Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2-ші жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп А. Байтұрсынов бекітілді. 1920-21 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары болды.

Заманында: – «Бүгін ұрпағым деген ел болмаса, Ертең елім дейтін ұл қайдан шығады», – деген Байтұрсынұлы Ахметтің өмірі мен атқарған қызметі туралы жазсақ, бір кітаптың колемі аздық етеді. Сондықтан шағын баянымызды осымен аяқтаймыз.

Бөкейханов Әлихан (25.03.1866, Қарқаралы округі – 27.09.1937, Мәскеу қ.) – қоғам қайраткері, Алаш ардагер-Косемі.

Ә. Бөкейханов – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымынан. Қарқаралыдағы Бөкей хан ұрпағы.

Алдымен Қарқаралыда молдадан білім алды. Кейін қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке өз еркімен ауысып, білім алды. Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды (1879-1886 ж). Одан кейін Омбы техникалық училищесінде (1866-1890 ж), Санкт-Петербург Орман институтының экономика факультетінде білім алған (1890-1894 ж).

Қоғамдық іске ерте араласып, саяси-элеуметтік мәселелерде қазақтың ұлттық мүддесін қорғады. Ф.Щербин экспедициясына қатысты (1896-1903 ж), Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты (1905 ж). Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Саяси көзқарасы үшін Павлодар, Семей абақтыларына жабылады. 1906-1908 жылдары Санкт-Петербург, Омбы қалаларында шыққан қазақ басылымына редактор болып, 1908 жылы саяси ұстанымына сай Самараға жер аударылады.

Қарқаралы құзырхатын ұйымдастыруға, «Қазақ» газетінің жарық көруіне еңбек етті. Саяси-элеуметтік мәселелерге арналған мақалаларымен отаршылдық саясатты айыптап, ұлттың ояну ұранын көтерді. Алаш идеясын қалыптастыруға көп еңбек сіңірді. Қазақ мемлекеттілігінің тарихи маңызы бар мәселесін көтерді.

1917-ші жылы 5-13 желтоқсанда Қазақ мемлекеттілігінің мәселесі қаралған жалпы қазақ съезінде баяндама жасады. Съезде

Алашода үкіметі құрылып, оның төрағасы болып Ә. Бөкейханов сайланды. Ұлт тәуелсіздігі, қазақ жерінің тұтастығы жолында өшпес тарихи қызмет атқарды.

Большевиктік саясатқа ашық қарсы саяси ұстанымы үшін 1927 жылы 1 қазаннан бастап Мәскеуде ОГПУ мекемелерінің бақылауында тұруға тиіс болды. 1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының үкімі бойынша ату жазасына кесілген. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысымен ақталды.

Тума дарын иесі әрі сол заманда жеткілікті білім алған ғалым Әлихан Бөкейханов қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті және тарихын тануда шындық сыйпаттағы ерекше құнды мұра қалдырды. Оның «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества», деген көп томды алманахтың 17 томына еніп, Санкт-Петербургте жарық көрді. Келесі «Киргизы» еңбегі алғаш рет «Формы национального в современных государствах» атты жинақта 1910 жылы Санкт-Петербургте жарияланды. Ұлт руханияты, Отан тарихының сан ғасырлық шежіресін терең зерттеп, Абай өмірі мен шығармашылығынан жазылған еңбектері өте құнды. Абай мұрасының тұңғыш жинағын редакциялап, 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көруіне ықпал жасады. Абай шығармашылығын алғаш бағалап, өмірбаянын «Семипалатинский листок» газетінде (1905 ж), «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского географического общества» (1907 ж) аталатын кітапта жариялады.

Халық ауыз әдебиеті үлгісін (Ер Тарғын, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу) жариялап, тарихтағы айбынды тұлға хан Кене хақында (Материалы к истории султана Кенесары Касымова, Мәскеу, 1923 ж) еңбегін жарыққа шығарды. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Қалқаман-мамыр» дастаны, «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырына жазылған рецензиялары Әлекеңнің сындарлы әдебиетші тұлғасындағы сыншылдық-эстетикалық көзқарасын танытады.

Оның өзі жазған «Бас қосу турасында», «Сайлау», «Тағы да би һәм билік» секілді мақалаларында қазақ ішіндегі сайлау, жер дауы мәселелері қамтылып, әділ би сайлау қажеттілігі көтерілді. Ә. Бөкейханов: «Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын», «Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздену мақсат», «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден», «Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік болмайды», «Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек», секілді қанатты сөздер қалдырды.

Бөкейханов Әлихан – қазақ халқының рухани әрі саяси көсемі, қазақ елінің тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы.

Алғаш Алаш арыстары жеке автономия құрып, ел боламыз деп атқа қонғанда, мемлекеттік шекарамыз белгіленгенді. Сонда, алашордашылар арасынан шығып «Алаш» автономиясы, оның шекарасы жайлы баяндама жасаған Әлімхан Ермековтің жасы небары 29-да екен. Кеңес үкіметінің көсемі Ленинмен еліміздің шекарасы жайында бес сағат сөйлесіп, Ресей империясының аумағына откелі тұрған Қазақстанның бес облысын аман алып қалған. Халық комиссарлары кеңесіне салсаңыз, қазақтың ең шұрайлы – Шығыс Қазақстан, Ақмола, Семей, Қызылжар, Көкшетау Ресей аумағында қалуы керек болатын. Астрахандық делегацияның сөзіне сенсек, қазіргі Орал, Атырау, Маңғыстау облыстары Ресей құрамына енбек. Дау-дамай ұзаққа созылады. Сонда Әлімханның мәжілістен шығуын асыға күтіп отырған Алаш ардагерлері арасынан Ахмет Байтұрсынов:

– Біздің Әлімханмен бес сағат сөз таластыруға шама-шарқы жеткен орыстың мына сақау адвокаты Владимир Ульянов адамзаттың төресі екен! – деп айтқан екен.

В.И. Ленин мен Әлімхан Ермековтың көзбе-көз тілдесуінің нәтижесінде бүгінгі Атырау, кәрі Каспий өңірі Қазақстанның құрамында мәңгілік қалды.

Автономия мен территория мәселесі 1920 жылдың 14, 16-17 тамызда талқыланып, 24 тамызда тағы да Лениннің қатысуымен өткен ең соңғы шешуші мәжілісте түбегейлі бекітілді. Осы мәжілістерде жанын үшкіріп Әлімханның жанына қосып, мысымен де, демімен де демеп отырған Әлихан Бөкейханов:



Далба тауының етегінде – Баба ескерткіші



Далба тауының етегінде – Баба ескерткіші.



Далба тауының етегінде – Баба ескерткіші.



Жыр арқауы – Шайтан көл. (Ақселеу Сейдімбек суреті)



Ку тауының басында Ғұндар заманында
орнатылған ескерткіш – Тас мүсін.
(Ақселеу Сейдімбек суреті)



Қарқаралының ортасында Құнанбай қажының басқаруымен салынған ғибадат мекені – мешіт.



Өскенбайұлы
Құнанбай қажы.
(1804-1885)



Құнанбайұлы
Абай Қарқаралыда



Құдайбердіұлы Шәкәрім
– қоғам қайраткері,
ғалым, ойшыл, ақын,
қазақ философы



Әуезов Мұхтар
Омарханұлы – кемеңгер



Арқаның ел басқарған, айтулы азаматтары Омбыда.

Суретте солдан оңға қарай бірінші қатарда:
Сандыбай Ерден, Уәлиұлы Шынғыс төре, Шорманұлы
Мұса, Малғелдіұлы Секербай, Құсбек төре.

Екінші қатарда: Өскенбайұлы Халиұлла, Қазанғалұлы
Тәттімбет, Алшынбайұлы Қақабай, Боштайұлы
Құсайын, Құлмағамбет ұста, Байдалыұлы Мұстафа,
Аққошқар болыс (Байдалы-Сайдалы).

(Омбыда түскен сурет)



Нұрмақов Нығымет
Қызылордада



Байтұрсынұлы Ахмет
Қарқаралыда



А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов Орынборда.



Алаш ардагері Ахметтің Ақтеректегі мектебі.



Бөкейханов Әлихан –
Алаш Көсемі.



Ермеков Әлімхан –
Алаш ардагері



Найманбайұлы Әсет –
төрт октавадан асатын
лирикалық тенор –
сирек табиғи дарын.



Қашаубаев Әміре –
төрт октавалы
лирикалықтенор –
сирек кездесетін
табиғи дарын



Қазақтың күміскөмей бұлбұлы Төлегенова Бибігүл



Абылайтану ғылымының
негізін салушы
профессор
Зарқын Тайшыбай



Қазақтың тұңғыш ғарышкері, дүниежүзіндегі таңдаулы
бірегей ұшқыш-сынақшы, XX ғасыр адамы,
Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровпен бірге

– «Мен сен сөйлеп отырғанда көтеріліп-басылған жанартаудың үстінде отырғандай болдым. Сөйлегендегі жалының бетімді шарпыды», – деп баға беріпті.

А. Байтұрсынов пен Т. Рысқұлов Ө. Ермековке:

– «Автономия құру жөнінде И. Сталинмен ақылдасу керек», – дегенде, Ө. Ермеков: – «Сталин не шешер дейсің? Оның не ойы, не білімі көлемді емес. Онда қанша бір жетіскен жоба бар?» – деп жүре беріпті. Туысы бекзат төре тұқымының аузынан мұндай баға алған адамды дәріптеп жатудың өзі артық.

Ермеков Әлімхан (1891, Қарқаралы округі – 22.06.1970, Қарағанды қ.) – көрнекті қоғам қайраткері, математик-профессор.

Алаш ұранды Қазақ елі азаттық құшағында осымен 22-ші жаңа жылды қарсы алды. Тәңірге тәуба! Алғаш Алаш арыстары жеке автономия құрып, ел боламыз деп атқа қонғанда, мемлекеттік шекарамыз белгіленгенді. Сонда, алашордашылар арасынан шығып «Алаш» автономиясы, оның шекарасы жайлы баяндама жасаған Әлімхан Ермековтің жасы небары 29-да екен. Кеңес үкіметі көсемі Ленинмен еліміздің шекарасы жайында бес сағат бойы сөйлесіп, Ресей империясының аумағына өткелі тұрған Қазақстанның бес облысын аман алып қалған. Халық комиссарлары кеңесіне салсаңыз, қазақтың ең шұрайлы деген – Шығыс Қазақстан, Ақмола, Семей, Қызылжар, Көкшетау жері Ресей аумағында қалуы керек болатын. Астрахан делегацияның сөзіне салсақ, онда қазіргі Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары да Ресей құрамына енуі тиіс еді.

Қазақ жеріне күштеп қоныстанған орыс-казак мұжықтарын көрген ақын-жыраулар да қарап қалған жоқ.

*– «Еділді тартып алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,
Жазаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны,
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек,
Оны дағы алғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны?»*

*Самарқан мен Бұқарға,
Арбасын сүйреп барғаны.
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да,
Бір қырсықтың шалғаны».*

(Мұрат Мөңкеұлы).

Халықтың осындай ашу-ызасы мен зарын өктем елдің шамына тимейтін саяси ой, саликалы тілмен жеткізін, дипломатиялық жолмен шешкен Әлімхан Әбеуұлының рухына қалай тағзым етсе де, қарыздар қазақ жұрты. Соның аз ғана өтеуі ретінде, осы аймақтағы ордалы оқу орнының біреуіне Ермеков атын берсе, жетін жатыр... Одан мәртебесі жоғарыламаса, түспек емес. Халық комиссарлары кеңесінің мәжілісінде баяндама жасаған алашордашы Әлімхан Ермеков Қазақстан территориясын белгілеудегі пікірлерін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп шықты. Бірнеше күнге созылған даулы мәселеге төрағалық еткен Ленин қайта-қайта комиссия отырыстарын өткізіп, бақылайды.

Алаш ардақтысы, осы Қарқаралы аймағының топырағында туған еліміздің тұңғыш математигі әрі сол саланың бірінші профессоры және қазақ тіліндегі «Ұлы математика курсы» атты алғашқы оқулық кітаптың авторы.

Найманбайұлы Әсет (1867, Қарқаралы округі, Найманжал ауылы – 22.03.1923, Қытай ҚР) – ақын, атақты әнші, сазгер. Заманында Әсеттің әкесі мезгілсіз ерте өліп, шешесі ұлы Әсетті алып төркініне (Семейдің Бақты ауылына) қайтып кетінті. Әсеттің сүйегі Арғын қаракесек әулеті, Шекшек руынан болады.

Әсет жастайынан ән салып, халық аузына іліккеннен бастап, өзі де ән шығара бастапты. Ал, Әсет шығарған «Інжу-Маржан» – қазақтың ән өнерінің үздік үлгісі болса, оны келісті орындаушы – Бибіғұл апай енді қайтып қайталанбас үздік әнші аталды.

Әсет әндері аса биік, аса ырғақты, қайырымы күрделі келеді. Ол Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдан кейін өзінің туған жері Арқа ән өнерінің дәстүрін жалғастырды әрі дамытты.

Қоянды жәрмеңкесі – Әсеттің халыққа өз өнерін танытатын, тарататын негізгі ортасы болды. Қоянды көтерілісінен кейін,

халық алдында беделді Әсеттің өмірі патша үкіметінің арнайы бақылауында болды. Содан ақын Шығыстағы нағашы жұртына, Қытайға барып жүріп, ақыры біржола қоныс аударды.

Әсет ақын 1923 жылы Құлжа қаласында қаза болды. Кейін жарияланған дерекке сай, сол кезде қастандық құрбаны болыпты. Әсеттің Әсет, Мақпал, Қоңыр қаз, Інжу-Маржан т.б. әні қалды.

Қашаубаев Әміре (1888, Қарқаралы округі, Сегіз Тарақты ауылы – 6.12.1934, Алматы қ.) – атақты әнші әрі актер.

Жас Әміренің өнер оқуы Қоянды жәрмеңкесі. Әз заманында А. Затаевич пен Ж. Шанинның назарына іліккен қазақтың басты әншісі Әміре болыпты. Төрт октавалы лирикалық тенор – сирек берілетін табиғи дарын. Осы дарын арнайы музыка оқымаған Әмірені Париж сахнасының төрінен бірақ шығарды. Париж газет-журналдары Әмірені сирек кездесетін дарын екенін мойындаған. Париж университетінің (Сорбона) профессоры Перно Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алыпты.

Әміре арнайы шақырумен Москвада ән салып, Германияның Майнадагы Франкфурт қаласында өткен Халықаралық музыка көрмесіне қатысып, қазақтың халық әндерін әлемге танытты.

Төлегенова Бибігүл Ахметқызы (16.12.1929, Қарқаралы округі, Кнікқашқан елді мекені) – атақты әнші (төрт октавалы лирикалық колоратуралық сопрано), Қазақ КСР-нің (1958 ж), КСРО (1967 ж) және Социалистік Еңбек Ері (1991ж).

Бибігүлдің үлкен атасы Тілеген бай (атасын елде осылай атайды) беделді әрі ауқатты адам болып, Қаракесектің Бәйбөрі әулетінен тараған Кешубай руының Көсемі болыпты. Қарқаралы округі Семейге қарап тұрғанда немересі Ахметті елде, одан кейін Семейде оқытыпты. Ахмет Әскемен жақта партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарып жүргенде 1937 жылы қызыл қырғынның құрбаны болды. Содан кейін Ахметтің әйелі екі қызымен Семейдегі төркінінде тұрып қалыпты.

Бибігүл апай бала кезінде Семейге айдалып келген орыстың атақты жазушысы Г.И. Серебрякованың назарына ілігін, ол адам Бибігүлдің өнер жолына түсуіне бағыт беріп, музыкадан дәріс беріпті. Сол Галина апайдың кеңесімен Бибігүл апайым Алматы мемлекеттік консерваториясын ән класы бойынша бітірген.

1982-ші жылы 17 июнь күні Бибігүл Апай Егіндібұлаққа арнайы концерт бере келді. Жаздай жаумаған жаңбыр сол күні сел болып құйды. Сонда Бибігүл апай сахнаға жылап шығып: – «Туған еліме жаңбыр ала келдім», – дегені әлі есімізде.

Табиғат берген теңдесі жоқ дауыс, өзінің еңбекқорлығымен келісті тәрбиеленген орындау шеберлігі Бибігүл апайды қазақтың ән өнерінің көгілдір когіне көтерді, елі де сыйлап келеді!

Тайшыбаев Зарқын (1942, Қарқаралы ауданы, Ақтас ауылы) – белгілі ғалым, профессор, Абылай ханның өмірі мен қызметін зерттеуші, абылайтану ғылымының негізін салушы.

XX-шы ғасырда қазақ ішінде жалпылама сөйлеу дағдыға айналды. Біреуге айтылған мадақ сөз екіншіге айтылды, екіншіге айтылған сөз үшіншіге айтылды. Бір ұлы адамның айтқан сөзін екіншісі айтты қылып, немесе бір ұлы адам істеген ұлы ісін, көңілі ұнаған басқа біреу істеген қылып айту да дағдыға айналды. Бұлай сөйлеу тарихта да қалыптасты. Десек те, туа дарынды, өзі еңбекқор З. Тайшыбай қалыптасқан бұл сарынды бұзды. Абылай хан туралы сөйлеу үшін, Абылай хан туралы жазу үшін ұзақ жыл Омбы, Орынбор, Мәскеу мұрағаттарында отырып, еңбек етті. Еңбегі жанды, ұлы хан туралы жеткілікті шынайы дерек жинады. Бірақ, ғылымда Абылайтанудың негізін салған Зарқын Тайшыбай Абылай ханның өмірін, ерен еңбегін және заманын зерттеу үшін ортағасырлық орыс тілі мен қалмақ тілін білуге міндетті болды. Бұл тілдерді білмей түпнұсқаны оқу мүмкін емес, ал ғылымда түпнұсқасыз зерттеу – мардымсыз дүние екені белгілі.

Профессор З. Тайшыбайдың тыңғылықты зерттеуі арқылы Абылай ханның шынайы бейнесі ашылды. Абылайдың ұлылығы – қазақ ұлтының бірлігін, жерінің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған сындарлы саясаттан ауытқымауында. Орынборда, Омбыда сақталған құжат Абылай билігіне ешкім таласпағанын көрсетеді. Егер жекелеген сұлтан өз еркімен көрші мемлекетпен тікелей қарым-қатынас жасайтындай болса, оған тыйым салмады. Себебі, бәрі – Абылайдың бақылауында.

XVIII-ші ғасырдың ортасына қарай, әлемдік бәсекеде қару күшіне дипломатия шеберлігі қосылды. Бұрын жауласқан, жер

үшін қырқысқан мемлекеттер келісім, тіпті ұтылыс үстіндегі мәміле жолын да таңдай бастады. Бұл – мемлекеттердің қатар және корші бейбіт өмір сүруінің өркениетті, мәдениетті жолы еді. Абылай ханның көп салалы сыртқы саясаты арқасында соғыс қауінінің беті қайтып, бейбіт еңбекке үйрене бастаған халықтың дәулеті өсті, жаны сауығып, намыс-жігері оянды.

Жаратылысынан әділдік жақтаған турашыл, қанағатшыл, досына адал, жауына қатал, табанды да ұстамды мінез хан Абылайға тән екендігі сақталған құжаттардан, көптеген тура және жанама мағлұматтан көрінеді. (Бұл деректер профессор З.Тайшыбайдың көп жылдық еңбегінде жан-жақты талданған). Абылай Қазақ елін билеген кезде Ресей мен Қытай бірімен-бірі іштей бақас, күшқуаты жағынан санасатындай дәрежеге жеткен. Сақталған деректер Абылай ханның білікті мемлекет басшысы, көреген, ашық саясаткер екенін айғақтайды.

Көрші бір елмен байланысын екіншісінен жасырмайды. Бір күнде Ресейге де, Қытайға да елші де атандырады. Оларға бас имей, өз ойын бәлік деңгейде түсіндіреді. Ал оның ұстанымы – қазақ халқының мүддесі. Абылайдың хаттарын оқып, ол айтыпты деген пікірлерді саралағанда, Абылайдың досы да, қасы да жоқ, тек қазақтың мүддесі ғана бар екеніне көзіміз жетеді. Мысалы, «Қырғызды шапқалы отырмын, олар сіздерге қараушы ма еді?», – деп Қытай патшасына, «Хиуаны шабамын деп отырмын», – деп орыс патшасына хатпен хабарлайды. Себебі, «Олар менің қазағыма зәбір көрсетеді», дейді. Демек, Абылайды түсіну үшін құжатта келтірілген, тіпті көпе-көрінеу бұрмаланған шындықты тереңірек зерделеу қажет болды. Екінші, Абылай заманын жақсы білмейінше, бүгіннің терезесінен қарап, баға беруге де болмайды. Осының бәрі З. Тайшыбайдың ғылымдағы тыңғылықты еңбегі.

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы (27.07.1946, Қарқаралы ауданы, 1-Май ауылы) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, техника ғылымының докторы, профессор, Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры (1992), XX ғасыр адамы, КСРО батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы

(1995). Әлемдік деңгейде танымал, еңбегін дүние жүзі бағалаған Қарқаралы топырағының тумасы – Тоқтар Әубәкіров.

Ресей Федерациясында Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітірген (1969). Өмірінің ең қызықты әрі жауапты кезеңі – 1976-1992 жылдар аралығында Мәскеу маңында А.И. Микоян атындағы КБ-да ұшқыш-сынақшы болды. Осыдан кейін космонавттар дайындау отрядіне алынды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан союз ТМ-13 ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты. Ол Жерге 10 қазанда оралды. Содан бері туған еліне еңбек етуде.

Өлең жолдары Тоқтар бытырдың туған ауылы М.Мамыраев мекенінде өткізген 50 жылдық мерейтойына арнап шығарылды.

*Шыңдалған білімменен ақыл-ойың,
Ойыңа жарасып тұр, сұңғақ бойың.
Мәңгілік мақтанышы, қазағымның,
Тоқтаржан, құтты болсын, мерейтойың.*

*Әуелі сыйынып ап, Алласына,
Қолда дейтін Қаз дауысты бабасына.
Досқа күлкі, дұшпанға таба қылмай,
Қорған болған бәрі, Әубәкірдің баласына.*

*Қажыр-қайрат, талаптың арқасында,
Үлгі болдың, басқа елдің баласына.
Одақтан атақ алдың, Батыр деген,
Қазақтың аты шықты, сеніменен.*

*Бағың мен денің сау боп, жүзден де ас,
Тәжім етсін өзіңе, иіліп бас.
Халықтың қаһарманы атала бер,
Тілеуіңді тілейік, кәрі мен жас.
Жер жаһаны қазақтың, Қарқаралы,
Қаз дауысты бабасын, білген бәрі.
Шартарапқа аты шығып, қыранымен,
Қызықтасын туған жер, сені мәңгі.*

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Дәстүрлі қазақ ауылы – ел алдында атқаратын міндеті бар сыйлы ақсақалы, жат қаймығатын батыры, өнер иесіне айналған зергер-ұстасы, бала оқытатын молдасы бар қоғам. Қазақ ауылы – саяси әрі шаруашылық ұйым болды. Бұл – елдің қасиет иесі болған кемеңгер абыздарымыздың жақсылыққа шақыруымен әрі тәрбиелеуімені қалыптасқан қоғам. Бұл жүйе құлдырауға түсті. «Ауыл болсаң қауым бол, бірің оған болсаң, бірің бұған бол», деген ауыл өмірінің ұйым-берекесіне билік өзгеріс кіргізді.

Қазақты «өзіндік даму» жолынан айырып, патша билігі орнатқан отаршыл жүйеге қарсы шыққан ұлт-азаттық көтеріліс болып, Кенесары ханның соғысы өткен заманда, қалыптасқан, дамып жетілген әлеуметтік-саяси, мәдени-шаруашылық тұрмыс өзгеріске ұшыраған заман келді. Үлкен әлеуметтік-шаруашылық дағдарысқа түскен Ресей, империалистік жолмен дамуға жол ашқан капиталистік нарық экономикасына көшті. Оның барлығы басқа жұрттарды отаршылдықты қанауға түсіру жолымен іске асырылды. Бірақ орыстың отарлау саясаты экономикалық мүдделермен ғана шектелген жоқ, басқа халықтардың үлесіндегі ұлттық байлығын тонауды қанаған қылған жоқ, халықтың өзін жою, өзіндік болмысын жою, құлға айналдыру, шоқындыру, орыстандыру әрекеттерін қатар жүргізді. Ресей саясатта зымиян, дипломатиясында аса әккі болды.

Әр халыққа тән өзіндік мәдениет, әлеуметтік ерекшеліктерін тегісінен өз пайдасына айналдырудың жолын тауып отырды. Қазақтың рулық құрылымын да қажетінше әлеуметтік жік түсіру, қазақ рубасыларының өзара тартысын қоздырып отыру мақсатына қолданды. Қазақ ұлтына тән мінездерін де байқап отырып, өз ыңғайына бұрып отырды. Керек жерінде қолпаштап, ұлықтары арқасын қағып, соған мәз болғанын желіктірін отырды. Қазақтың бойына бұрын жат көрінген мінездің әртүрлі үлгісін тәрбиеледі. Қазақтың ойшыл, елге тілеуқор болған адамдарының көзін жойып отырды және мүмкіндігінше тектілерді ұрпағымен бірге жойды. Елде әлеуметтік ахуалды шиеленістірін, қоғамда қарама-қайшы пиғылды топтың пайда болуын көздеді.

Кеңес заманында қаснетті бабамыздың атын атауға тиым салынды, одан қалың қазақ елі жапа шекті – ел көсемсіз қалды. Бірақ, халық қаснетті бабаларын оңашада қастерлеуін ешқашан тоқтатқан жоқ. Соның бір дәлелі, ұлтым деген қазақтың үйінің төрінде құран ілулі тұрды, «Ата-баба аруағына», – деп ас беруін еш уақытта тоқтатқан жоқ.

Шежірені көкейіне тоқыған қаншама қария бұл дүниеден өтті, – деп жазады Мақсат Алпысбес, – «Алып туса, анадан» демекші, тарихи тұлғаларды тудырып отыратын әр өңірдің суы мен топырағының құнары екені сөзсіз.

Қазақта шежіренің атқарған қоғамды ұйымдастыру қызметі ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға өткен ұрпақтың шаруашылық пен тұрмыс үшін аса маңызды тәжірибесін жеткізген. Ұрпақ тәрбиесінің негізі де, басты бағыты да өткенде болған өнегелі істі үлгі ету, бүгінгі тілмен айтқанда, тарихпен тәрбиелеу болыпты. “Ата-бабаның аруағын” құрмет ете білмеген ұрпақтың болашағы қараңғы. Бұхар жырау былай жырлаған екен:

*Әкелі бала жау жүрек,
Әкесіз бала су жүрек.
Жиын болса бара алмас,
Барғанмен орын ала алмас.
Екі көзі жәудіреп,
Тұлымшағы салбырап,
Күнінде соның не болғанын
білмеймін.*

*Әкелі бала жау жүрек,
Жиын болса барады,
Барса орын алады.
Бітірер сенің дауыңды,
Қайтарар сенің жауыңды,
Күнінде тастан өтер жебесі.*

Атақты жырау, дұғағөй абыздың осы сөзінде мазмұны терең дүниетаным жатыр.

*– Ата көрген оқ жонады,
Шеше көрген тон тігеді, –*

деген ғой.

Осы даналылықтың өзінен-ақ ата-баба тәрбиесін таратуда шежіренің, тарихтың әлеуметтік-қоғамдық, әлеуметтік-тәрбиелік

мәнін көруге болады. Осыдан барып, аруаққа деген сый-құрмет, ерте дәуірдегі түріктік діни наным-сенімнің шежіре дәстүрімен етене байланысын байқаймыз.

Қаз дауысты Қазыбек би аталып, бүкіл қазақ даласына атағы жайылған Қазыбек бабамыз 1764 жылғы қысында Далба тауында, Теректібұлақ басында өзінің қыстауында 97 жысында дүниеден қайтқан. Ел-жұрты бірнеше күн аза тұтқан. Әсіресе, жалғыз қызы Маңқанның жоқтауы ел жадында сақталып қалған:

*Бісмiлләдан бастайын,
Шаригаттан аспайын.*

Кенже баласы Бекболат би бастаған үрім-бұтағы, елі-жұрты, атақты батырлар ақ жуып арулап, Түркістан қаласына әруақты Қожа Ахмет Яссауидің қасиетті қорымына апарып жерлеген. Басына арнайы құлпытас орнатқан. Мешітке зиярат ете барғандар оған тағзым етін, дұға оқып тұрады.

Қазақтың туған жері қандай салмақты да сабырлы, ойлы да момын болса, туған жерінің табиғаты да сондай салмақты да сабырлы, ойлы да момын. Осы топырақ пен табиғаттың перзенті қазақ ұлтының ұлдары мен қыздарының салмақты да сабырлы, ойлы да момын әрі ерекше төзімді болуы осы себепті шығар.

Қаз дауысты Қазыбек – заман сырын мұнартақан белгісінен танытын әулие, соған сай қимылдайтын ұлттың ұлағатты көсемі. Заманның тылсым тынысына қарай қимылдау, Қазыбектің ойлау мәдениетінің жоғары екендігін танытады.

XVII-XVIII ғ.ғ. қазақтың көгілдір көгінде жарқырап шыққан жарық жұлдыз көп, бірақ солардың ішінде Қазыбек жұлдызының орны ерекше. Ол өз заманының көгінен «жұпардай иісі аңқып», иісі қазақ баласының болашағын болжап, тура жол сілтеп тұр. Қазыбек баба салған сара жол тағдырдың талқысына көп түскен, кеш оянған, қазақ халқын болашаққа бастай бермек!

«Халық қамын, ел тағдырын» өз мүддесінен жоғары қойған азамат қана, – деп жазады Мәшһүр Жүсін, – тәуекелге барып, айта алар еді. Ер азамат өзінің қасықтай қанын, шыбындай жанын халқына арнайды:

*Күдер үз, тірімін деп, жүрген жаннан,
Бір тілім, құны аса алмай, қара наннан.
Білімді өліп көрде, мың жыл жатса,
Шықпайды сондадағы, кісі саннан.
Жолыңнан, сыбағалы, құры қалма,
Жақсыны, аты естілген, естен алма.
Жұртыңның қамы үшін, қайрат қылып,
Айдалып, атылсаң да, арман бар ма?*

Қандай да болмасын таланттың бойындағы дара қасиетінің тұнық тұмасы – туған жері, өскен ортасы. Қазақтың алып даласы елге тұтқа болған талай хан мен бидің, бек пен сұлтанның әрі әлемге ғылым-білімнің нұрын шашқан ұлы ғұламаның құтты мекені, ырысты өлкесі болған. Тектілікке тән жасампаздық ғұмырын өмірінің асқақ тұғыры, деп білген ұлт зиялылары, елге қызмет студің құтты білігін рухани жарасымда өркендеудің күре тамырына айналдыруда өшпес із, мәңгілік өнеге қалдырды. Қазақ руханиятының көгілдір көгіндегі сондай ұлы қасиеті бар дара тұлғаның бірі және бірегейі – Қаз дауысты Қазыбек би.

Өз ұлтының ұлылығын қанына сіңірген асқақ тарландар: – Өз Тәуке хан, Әнет баба, Тәйғелтір би, өз әкесі Келдібек би және дұшпаны қоңтәжіден де бата алған Бала би, осе келе кемеңгер Қаз дауысты Қазыбек би, дипломат, көсем болып қалыптасты, қолбасшы Ер Қазыбек болып тарихқа енді, аты мәңгілікке қалды.

А. Байтұрсынов 1909 жылы Семей түрмесінде былай жазды:

*Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған халқыңа
Тұлға болып артыңа
Кім тиянақ қазық ед?*

*Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек.*

Бүгінде Қазыбек би туралы тың ой, жаңа сөз айту да қиын. Өңгіме Қазыбек би туралы жазуда немесе Қазыбек би жайында сөз айтуда емес. Қазыбек биді оқып, ұға білуде, сөзіне құлақ аса білуде, оны бойға сіңіре білуде, оны іеке асыра білуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Абылай хан. /Құрастырған З.С. Тайшыбай. – Петропавл: ЖШС «Астана» баспасы: – 2005. – 477 бет.
2. Алпысбес Мақсат, Аршабек Т., Қасен Е., Кейкі Е. Көне Көктау, Байырғы Баянаула байтағының тарихы. – Астана: «Парасат Әлемі» баспасы. – 2005. – 480 б.
3. Альджанов О. Предания об Алаша-хане и об его сыне Джочи-хане. Дала уалаяты газеті: «Киргизская степная газета»: 1895-1898. 1897, №№ 13, 14, 18. /Құраст. Ү. Суханбердиева. – Алматы. – Ғылым. – 1990. – 584 бет.
4. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші. – Алматы: Заң әдебиеті. – 2005. – 150 бет.
5. Артықбаев Ж.О., Елешова З.Е. Алаш һәм Алашахан. ҚазМУ-хабаршысы. Тарих сериясы: 1999. – 11. – 191-202 бб.
6. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: 1991. – 189 б.
7. Әбуталиев Н. Сегіз сері. – Алматы: Жалын. – 1991. – 224б.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 152 б.
9. Бейсетаев Р., Жақия Д.Т. Шыңғыс хан империясының мемлекет және құқық жүйесінің тарихы: бастауы мен айтулы кезеңдері. //В сб.: Материалы международн. научн. конференции. «Кипчаки евразии: история, язык и письменные памятники». Астана, 29-30 мая, 2013г. –Астана: Изд. ЕНУ. – 2013. – с. 321-334.
10. Бейсетаев Р., Бақриденқызы Б. Өз Әйтеке, Қазыбек би және Бұқар жырау жайында тың деректер туралы. //«Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің рөлі»: Аймақтық ғылыми-практ. конф. еңб., 15 наурыз 2012 ж. – Қарағанды: ҚМТУ басп. – 1985. – 62-77 бб.
11. Билер сөзі. – Алматы: Жалын. – 1992. – 23-47 б.
12. Бұқар жырау. Энциклопедия. – Қарағанды: “Болашақ-Баспа”. – 2013. – 600 бет.
13. Бұланты шайқасы /Ред. басқарған проф. Артықбаев Ж.О. – Қарағанды: Полиграфия. – 1998. – 63 бет.
14. Диваев Ә. Қазақтардың шығу тегі жөнінде аңыз. //Тарту. –Алматы: 1992. – 223-226 б.

15. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі. – 1994. – 143 б.
16. Жамбыл Омари. Бұқар жырау. Он екі тарих /XVIII ғасыр. 1 кітап. – Қарағанды: Обл. Мәдениет басқ. – 1994. – 333 бет.
17. Жамбыл Омари. Қаз дауысты Қазыбек би. – Астана: Фолиант. – 2000. – 135 б.
18. Жандарбек З.З. “Насаб-нама” нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: 2002. – 168 б.
19. Зиманов С., Осеров Н. «Жеті Жарғы» жайлы //Проблемы казахского обычного права. – Алма-Ата: Наука. – 1989. – 144 с.
20. Едіге батыр жыры. Қ. Сәтбаев жариялаған нұсқасы. – Алматы: 1996. – 351-361 б.
21. Есимов Қ. Қаз дауысты Қазыбек би – Ұлы би, дипломат, ойшыл (1667-1764). «Қазақ мемлекетін құрудағы Қазыбек бидің ролі» //Аймақтық ғыл.-практ. конф. еңбектері, 15 наурыз 2012 ж. – Қарағанды: ҚМТУ басп. – 1985. – 27-40 бб.
22. Есламғалиұлы М. Әйтеке би. – Алматы: . – 1998. – б.
23. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. – Алматы: 1961. – Наука. – 40 б.
24. Көктәнді Х.Қ. Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы. – Москва: Қасиет. – 2001. – 465 бет.
25. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын. – 1993. – 74 б.
26. Көпеев М.Ж. ҚР ҰҒА ОҒК қолжазба қоры. Алматы, Инв. № 1176-1177.
27. Көпейұлы М.Ж. Адам мен жұлдыздардың арқатынасы. // Қазақ тарихы. 1995. – № 6. – 27 б.
28. Көпейұлы М.Ж. Екі томдық. 1-том. – Алматы: 1992. – 125б.
29. Көпейұлы М.Ж. Екі томдық. 2-том. – Алматы: 1992. – 125б.
30. Көпеев М.Ж. Абылайдың қалмақтың ханы Қалдан Серенге тұтқын болған хикаясы. /Абылай хан. – Алматы: Атамұра. – 1993. – 305-306 бб.
31. Көпейұлы М.Ж. Мес (қолжазбалары); Жүсіпов Естай. Мәшһүр-Жүсіп жазбалары және Алаша хан. Қазақ тарихы. – 1998. – № 3. – 53-58 бб.

32. Кумеков Б.Е. Чингис-хан: история, личность, время. – Алматы: Аруна. – 2003. – 96 с.
33. Қаз дауысты Қазыбек би шежіресі: Орынбек Жәкешовтың қолжазбасы, Ахметбек Әрінов, Алтын Қожахметов, Мұқан Сағатов т.б. жинаған аңыз-шежірелер.
34. Қаз дауысты Қазыбек би, Бекболат, Тіленші, Алшынбай туралы әңгімелер. //Қарқаралы, Егіндібұлақ, Баянауыл шежіреші ақсақалдарының әңгімесіне негізделіп жазылған.
35. Қаз дауысты Қазыбек би. Энциклопедия. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа». – 2012. – 654 бет.
36. Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. Т. 8. Арғын. – Алматы: Алаш. – 2010. – 409 б.
37. Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер институтының қоры: Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов. «Керей шежіресі». Қаратай Биғожин тапсырған.
38. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Дуани лұғат-ат-түрік) 3 томдық шығармалар жинағы. /Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Қ. Егеубай, 3. т. – Алматы: Хан Тәңірі. – 1998. – 600 бет.
39. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Ол-Жас басп. – 2004. – 80 бет.
40. Құрманәліұлы Зейнолла шежіресі. //Қолжазба түрінде сақталған. Ерейментау кенті.
41. Левшин А.И. Описарие кирғиз-кайсаңких или кирғиз-кай-сачьих орд и степей. Изд. 2-е. – Алматы: 1996. – 161-165 с.
42. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. // Жұлдыз. – 1993. – № 12. – 129 б.
43. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Ғылым. – 1985. – 176-177 бб.
44. Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы //ҚСЭ. – Алматы: 1975. – Т. 6. – 541-542 б.
45. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из песидских и тюркских сочинений. – Алма-Ата: Наука. – 1969. – 385 с.

46. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Қара жәшік» қолжазбасы. // Мәнәңұлы Иманғали жазбасы. Бүгінгі жазба жүйесіне аударған Алдабергенұлы Төлепберген. Баянауыл кенті.
47. Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы: Өнер. – 1998. –
48. Нұрғожа молда жазба-шежіресі //Баянауылдық шежіреші Алдабергенұлы Төлепбергеннің аудармасы, қолжазба түрінде сақталған. Баянауыл кенті.
49. Омаров И. Арғын ұруларының қысқаша шежіресі. – Қарағанды: 1991. – 16 б.
50. Радлов В.В. Алтын сандық. – Алматы: Ана Тілі. – 1993. – 256 бет.
51. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Джами-ат-таварих. Т.1, кн.1. – Москва-Ленинград: Изд. АН СССР. – 1952. – 326 с.
52. Сағатова Г. Ата-баба, ел, жер тарихы. 2-ші кітап. – Қарағанды: Қазақстан-Ресей Университеті басп. – 2012. – 194 бет.
53. Сейдімбек А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы: Жалын. – 1981. – 239 б.
54. Сыздықова Р., Қойғелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті. –1991. – 252 б.
55. Тарақты Ақселеу (Сейдімбек А.) Балталы, бағаналы ел аман бол! (Шежіре). – Алматы: Жалын. – 1993. – 86-87 б.
56. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қазақстан. – 1992. – 144 бет.
57. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2 кітап. – Алматы: Жалын. – 1993. – 395 б.
58. ТынышпаевМ. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). – Алматы: Наука. – 1992. – 88 б.
59. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казаков и история образования казахского ханства. //История казахского народа. – Алматы: 1993. – 100 б.
60. Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар. – Алматы: Жалын. – 1993. – 64-90 б.
61. Үш пайғамбар. – Алматы: Дәуір. – 1992. – 184 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-бөлім. Қазыбек бидің туып өскен ортасы	15
2-бөлім. Қазыбек бидің өмір мектебі	54
3-бөлім. Қаз дауысты Қазыбек – Би	91
4-бөлім. Қаз дауысты Қазыбек – Елші	121
5-бөлім. Қаз дауысты Қазыбек – Көсем	144
6-бөлім. Қаз дауысты Қазыбек – Қолбасшы	175
7-бөлім. Қаз дауысты Қазыбек – Әулие	193
8-бөлім. Қазыбек би және Жеті Жарғы	207
9-бөлім. Қазыбек би және Қазақ елінің сыртқы саясаты	294
10-бөлім. Қазыбек бидің бүгінгі қазақ өміріндегі орны	320
11-бөлім. Қазыбек бидің ұриағы	373
12-бөлім. Қарқаралы елінің ХІХ-ХХ ғғ. айтулы азаматтары	404
Қорытынды сөз	423
Пайдаланылған әдебиет тізімі	427

Қазыбек Би Келдібекұлы
аңыз-әңгіме/жинақ

Реттеп, компьютерге түсірген: **Бейсетаев Рысбек**
Көркемдеген / Беттеген: **Қасымов Сержан, Тұрар Айда**
Қатеін оқыған: **Айтмукушева Шарбан**

Басуға 16.06.2017 қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$,
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 27 баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс №16.

ЖК «БАЛАУСА»
Байланыс тел.: 8 702 109 94 49, 8 705 325 72 79,
E-mail. Kasim_ser@mail.ru